Кәмел ЖҮНІСТЕГІ

ҚҰБА БЕЛДЕР

трилогия

1

Кәмел
ЖҮНІСТЕГІ



трилогия

ҚҰБА БЕЛДЕР

НҰРА-АСТАНА
баспасы
Астана-2009

УДК 821.51
ББК 84 Қаз 7-44
Ж 88

Жүністегі Кәмел.
Ж 88 Құба белдер. ***Трилогия.*** **Аңыз мезгіл.** ***1 – кітап.***
Астана: Нұра-Астана, 2009. - 400 бет.

ІЗВЫ 978-601-7101-15-2

"Аңыз мезгіл", "Апат", "Замана желі" атты үш кітаптан тұратын "Құба белдер" атты трилогиясы қарымды қаламгер Кәмел Жүністегінің күрделі еңбегі. Бұл - қазалы да азалы жылдарда ел басынан өткен шындық, еліміздің өміріндегі алмағайып ауыр кезең шындығы. Тәтті түстей тамылжыған қазақи қоғамның соңғы ғасырларда іргесі шайқалып, XX-ғасырдың дауылына бірте-бірте аяқ басуы көркемдік шеберлікпен суреттелген. Кітаптың кейіпкерлері - көркем әдебиетте әлі күнге дейін шынайы бейнесі толық көрінбей келе жатқан тарихи тұлғалар. Әрқайсысы бір-бір шыңның құлжасындай Абылай, Жидебай, Ағыбай батыр, аға сұлтан Құнанбай, Шортанбай жырау, жайсаң Жаңғұтты би, абыз Абай сияқты бүкіл Алаш жұртының ардақтылары кітап беттерінен өзіндік қадір-қасиетін жоғалтпаған іріліктерімен ұшырасып, жаңаша қырынан көрінеді.

Шығарма тілі шұрайлы, қазақтың көне сөз саптау өнерінің лебі айқын байқалады.

Ж 4702250201-15
00(05)-09

УДК 821.51
ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 978-601-7101-15-2 (1 - кітап)
ISBN 978-601-7101-14-5

©Жүністегі Кәмел, 2009
© "Нұра-Астана", 2009



АҢЫЗ МЕЗГІЛ

Осы кітапты шығаруға қамқорлық жасаған парасатты азамат, 18 ғасырда Арқада өмір сүрген атақты Үкібай мен Жидебай батырлардың ұрпағы Несіпбек немерелері Меруерт пен Медетке зор алғысымды білдіремін.

Бабалар аруағы желеп-жебеп жүруіне шын жүректен тілектеспін.

Автор

Қаракөк аспанда шөкімдей бұлт жоқ. Көгілдір тұңғиықтың әлдебір тереңінен сүңгіп шыққандай шапағын ерекше шашқан күн айналаға нұрын мол шашып, таңсәріде болып өткен жаңбыр суын енді бу етіп, будақ-будақ көкке көтерген. Тамылжыған аспанның шырқау биігіне жеткісі келгендей, көзден қара үзе, шырқай көтерілген бозторғай әлдене сәтте дүниенің тылсымын енді ғана білгендей соңғы рет таңдай қағып барып, бусанып жатқан Тесіктастың төбесіне қонған.

Тас етегіндегі басын қырау шалған карт кәрі күшігендей қомданып, мойнын бұрса да, тас төбесіне күн салып қарамады. Айналаның аптабы енді жетті ме, мол пішілген шапанын қайыра желбегей жамылған. Бүгінгі күнде бар етінен айырылған қарияның денесі әлі де алқам-салқам. Адырайған бұғанасы баланың білегіндей. Қоңырқай жүзіне жараса қалған қыр мұрны да, бүгінде бозқырауланған түкті қабағы да кешегі айбатын, әрі ендігі шағындағы қария мейірімін танытқандай.

Жидебай карт мойнын бұрса да тесірейген жанары бір нүктеден айырылмай, кірпігін де қақпай, жас ботаның көзіндей мейірім шуағын шашты да тұрды.

Сонан соң қария жүзін сонау етектегі Көктал бойынан ескен керімсал желге тосып, бас айналдырған бал қымыздай самалды құшырлана жұтты.

— Иә, — деді күбірлеп. — Жазы-қысы түсін бір бермейтін құба белді дала тап бүгінде сағым ойнап, селеуі

желкілдеп, теңіздің толқынындай аунап түсіп жатыр ғой, шіркін. Кім қызығына тойған, кім өтпеген бұ жалғаннан.

Анадайда асығын шиырып, жалғыз ойнаған бала атасының сөзіне селт етпеді. Әлдене бұйырмас па екен деп анда-санда көз қиығын тастағаны болмаса, қарт кісінің әр қимылы етене дүние сияқты.

Жидекең селдірлеу шоқша сақалын сипап, әлдене ойлап кеткендей сипат танытса да, іле тағы күбірледі.

— Сонау шетте Тағылы жатқан болар сағымға оранып. Оның тасын баспағалы не заман. Тап ортасында Апар асуы бар еді-ау. Апардың кім екенін біле ме екен осы жұрт? Иә, иә, ол да бір өткен заман-ды. Мына алдыда Бесшоқы. Онан әрі, түу қиянда Найзакескен. Найзакескен...

Қарияның ойын айнала ұшқан сары ала қаздың қаңқылы бөліп жіберді. Шіркіннің даусының әсемін-ай. Қаң...қ! Қаң...қ! Желкілдеген балалық шағында да, желбіретіп ту ұстаған тұсында да сары ала қаздың үніне тоймапты. Енді, міне, жер тіреген кезінде де құмартып отыр. Әлде, бұл өмірге деген құштарлық па екен. Өмір тәтті ғой, бірақ қатарың таусылып, қадірің кеткен соң шіркіннің несі сән. Сірә, қаз үніне құштарлық балалықтың — жетсем екен, жігіттіктің сұлуды құшсам екен, қарияның ұрпаққа деген мейрімімен ұштасып жатқан болар.

Айнала ұшқан қос сары ала қаз қонуға қия таппағандай Тесіктас үстін әлденеше сүзіп, біртіндеп алыстай берді. Үні үзілген сайын мойнын созған қарт қолын маңдайына апарып, күн сала қарағанын өзі де байқамаған.

— Ата, — деп қалды таңданған бала. Атасында үн жоқ.

— Ата, — баланың даусы әлденеден сескенгендей үзік-үзік.

— Ата, бірдеңе көріп тұрсыз ба?

Қария енді ғана өзінің оқыс ісін сезгендей селк етіп, қолын түсіріп, басын шайқады.

— Үміт үзілмейді де, — деді.

Неден үміт үзілмейді, кәрінің өмірден бе, жастың тілектен бе, әлде әсемдік әлемінен бе, онысына өзі де жауап іздеген жоқ, балаға да түсіндіріп жатпады.

Кенет әжімді жүзін мұң торлап, жағын сүйеп, тесірейген көзін алысқа тастап ойға батқан. Кәрі құлаққа енесін іздеп

боздаған ботаның үні біртүрлі жағымды тиіп, жүрегін елжіретіп, қай-қайдағы алысқа шақырғандай. Мал қайырған малшының һай-һайлағаны да жетті. Өз аулы, өз тірлігі. Еңістегі алқақотан ауылдың тап ортасында өзінің ақбоз ордасы тұрғанын көңіл сезді. Осы ауылдың күнделікті тірлігінен қол үзсе де, кешегі айбарынан, бүгінгі аруағынан сескенетін ел әлі сөзін жығып көрген емес. Бұған да шүкіршілік.

— Иә, Құдай, бұған да шүкірлік, — деп қалды.

— Ата, не?

— Қолтығымнан демеп жіберші, тастың қуысына қарай басташы мені.

Тесіктастың қуысына көз көріп, құлақ естімеген заманда әлдекімдер салып кеткен не қилы сурет, беймәлім таңбаларды бала жасынан сан көріп өскен. Сұңғыла кәрі көңілі бүгінде түртінектеген қолын алжастырмай бағыштап, сол сырлы бейнелерді тап басты, Дойырдың сабындай жуан саусақтары көне бояудан ерекше жылуды сезгендей суреттің бейнесін жиектей жүгіріп барады. Жанындағы бала аң-таң. Осы атасының, көзі соқыр, су қараңғы дегенге сенер-сенбесін де білмейді.

— Көріп тұрсың ба, балам?

— Иә, иә. Мынауы кәдімгі бұқа, ешкілер тәрізді. Әнебір айқыштары не екен? Ал мына шеңбердің іші толған шимай-шатпақ, арбаның сынық доңғалағы ма, тіс-тіс бірдеңелер.

— Солай, балам, бұл суреттерді мен бала кезімде көрген едім. Сол кезде жүз жасаған қариялар да мұны қашан, кім салғанын айтып бере алмаған.

Бала таңдана ішін тартты.

— Сан ғасыр бұрын өмір сүрген белгісіз жұрттан қалған белгі тәрізді. Адам ұрпағы үшін өмір сүреді, балам. Ол жұрт та келер қауымға бір сөзін айтқысы келді ме, кім білсін.

— Сонда бұған мың жыл болған ба, ата?

— Мүмкін. Мына суреттердің сол қалпы сақталуына қарағанда Тесіктастың қорамы бұдан да үлкен болған шығар. Не қылса да берік те, жұрт өтетін, қоныс тебетін жерге салыпты ғой. Міне, атадан балаға үзілмей келе жатқан мирас осы, балам. Дүниеде мәңгі тірлік жоқ, мен де енді

ұзамай кетемін. Сен үлкейіп, ел бастар азамат болғанда жұртқа айтар үлгің осы болуға тиіс.

Күн қыздырған тасқа арқасын сүйеген қарт бір сәт үнсіз қалып, жүзін алысқа тастап, ойға шомған. Ой-хой, дүние, десейші, кім өтпеген бұ жалғаннан. Кешегі ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан бұрын қазақ елі де жазусызуға бет түзеген жоқ па еді. Әр ұрпақты қауым боп бірлік-тірлікке, сыйластық-ізетке шақырған үн болған екен. Сол үннің сол кездегі иесі, қолында қаламы бар қожа ұрпағын әр ел жөн-жобаға нұсқар өзінше пір тұтып жатты.

Елге ілім, жұртты ізеттілікке тәрбиелесем екен деген ақ ниетті талай пірдің ішінде Бегімсақтың алар орны ерекше еді-ау. Кешегі қазақ елінің ар-намысының жоқшысы қаз дауысты Қазыбектің өзімен сыйлас, дос болған Бегімсақтың аты бүгінгі ұрпаққа да аңыз екен. Баланың ертегіге емінетіні сияқты, халық аңызға сенеді. Аңыздан ел жоққа медеу, көңілге демеу жақсылық күтетін сияқты.

— Қазыбек осы жолы бітімге бармасын, қатер бар депті Бегімсақ, — дейді аңыз. — Ел арманын көксеуші Қазыбектің жеке басына деген жау оғы да әрқашан әзір болса керек. Бегімсақтың қолмен ұстатып «міне» дер нақтылы ештеңесі болмаса да Қазыбекке төнген әлденені жүрегімен сезсе керек.

Қайтар жолда соңына ергендерді біртіндеп тастап, енді еліне жалғыз беттеген шешеннің жолын торыған жау төтеннен қосылыпты. Соңында — қанішер жау, алды — буырқана тасыған тар өзен, Қазыбектің жаны қысылып, өтеріне көңілі сенбесе де ордан қарғытыпты дейді атын.

— Я, аруақ-пірім, — деген даусы да шығып кетсе керек.

Ат ырғып өте алмас ордан Қазыбек қанат байлағандай қалықтап өте шығыпты дейді аңыз. Араға күн салып, досы Бегімсақ та ордасына ат басын тірепті.

— Қатты батты-ау қиналғаның, Қазеке. Аруақ қолтығыңнан демесе де, атыңның тұяғы ойсыратып кетті. Міне, қарашы, — деп жалаңаштап арқасын көрсетіпті. Қазыбек қанталаған қос жаурынынан ат тұяғының ізін таныпты-мыс.

Ой-хой, дүние. Сол Бегімсақтың ұрпағынан нелер жақсы шықты емес пе. Ел тірлігінің көзі бірлікке шақырып, көңіл кірін Алланың атымен тазартар дінін уағыздай отырып,

көне ғылымның пәлсапасын жеткізуді мойнына алған да солар. Түсінгені оны сыйлаған, бітеу көңілдісі сан-саққа жүгіртіп, өсек таратқан. Ізгілікті көксеген ниеті жалпы халыққа ұнаған олар ел құрметіне шексіз ие еді. Соның бір тұқымы — Қос қожа.

Атасы тағы да күбірлей бастады. Соңғы кезде ойға батса ылғи солай. Онысы несі екен? Бала құлағын түрген. «Осынша жасқа келгенім, қайран елдің алғысы, су қараңғы болғаным, аруақтың қарғысы». Қарғысы несі? Не деп отыр осы кісі?

Шоқша сақалын тарамдай сипаған Жидекең ойға батып отыр. «Осынша жасқа келгенім, дін мұсылман...» Бала ар жағын ести алмай дал болды.

Өкіне күрсінген Жидекең басын шайқады. Өкінішсіз өмір бар дейсің бе, болса оның да сәні неғайбыл. Тәтті түсте із бола ма, тәйірі. Бұл күнде мұны айнала жұрты өлмесе де аруақ санап, табына келіп, бір ауыз сөзін естіп кетуге құмартқан екен. Бір кезде қол бастаған батыр еді, енді дуалы ауыз қария атаныпты. Жауын аямас жекпежектің батыры деп мұны бүгін кім таныр.

Әй-й, дегенмен бекер жасады. Несі бар еді. Бегімсақтың ұрпағы қос қожада. Әлдекімдердің сөзіне азып... Сөзге азбайтын пенде болар ма екен, шіркін. Кейде жүректі шайтан түрткісіне беріп қоя беретінімізден де бізді пенде дейтін шығар. Пенде... пенде...

Бірақ мұның пендешіліктен жоғары болуы керек еді. Кешегі ел басына күн туғанда ел қорғаған батыр емес пе, қалай азды жел сөзге. Бегімсақ ұрпағы елге ілім таратсам, ізгілік дәнін салсам деген жоқ па, несі бар еді соларға қол көтеріп. әй...й, пендешілік-ай. Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ дейді қазақ. Оңбай жаңылды, тұрмастай сүрінді.

— Ehe...he...hей, — деп айқайлады жанындағы бала. — Ehy...he! E... ей! Қозың қараған түбінде бөлініп қалды. Ehe...he...hей! Бөлініп қалды.

Атасы үндемеген қалпын бұзбаған.

— Әй, ананың естімеуін қарашы, ата. Ehe...hей! Бөлініп қалды, қозың!

— Тапты ма?

— Сипақтап жүр. Eһей! Әне, ана жақта.

— Iһм! — деп жөткірінді ақсақал.

— Қарашы өзін. Қозы бақса ылғи осы. Өткен жолы да біреуін далаға тастап, ит-құсқа жем еткен.

— Тапты ма?

— Бара жатыр. Тіпті, басқысы жоқ, қадамы кері кетіп. Жидекең баланың сөзіне мырс етті.

— Иә, иә, ата, тура біреу өлімге айдағандай зорланып барады.

— Ә, солай ма?

— Зәртабанның нақ өзі.

— Олай деп сыртынан сөгуге болмайды ғой.

— Шыны солай болса да ма?

— Кісіні сыртынан жамандауды ғайбат дейді. Ол күнәнің ең ауыры.

— Неге, ата?

— Адам бірін-бірі сыртынан сөге берсе, оған тыйым болмаса, жақсы істі де жаман деп айтуға кейбіреудің аузы қисаймас еді. Ағайынның арасында өсек жүреді, араздық туады, елден бірлік кетеді. Ел бірлігін кетіру — тек жаудың ісі, балам.

— Тегі ыза болған соң айтам, ата.

— Оны өзіне айту керек. Онда да ашу шақырудың қажеті жоқ. Мірдің оғындай ащы сөзді сылап-сипап отырып жеткізу де өнер. Ал біздің ел ешкімнің бетін тырнап айтпаса да, тура билігін айта білген, балам. Осыны ұқ. Шайпау сөз қан төгілер жекпе-жекке шыққанда ғана айтылар, не үлгісіз көк долы қатынның ғана аузынан шығар. Соны біл, балам.

Жидекең ақсақал тұқырайып тағы да ой тұңғиығына сүңгіген. Тәтті түс көргендей өткеннің елесін қуалап, үнсіз сырғып алыста қалған күндерді еске түсіруден басқа не қалды. Қос жанары суалғаннан бері дүние ісінен қол үзгендей еді, тек анда-санда өзін көруге ме, сөзіне зәру ме, біреулер келіп пәни жалғанға қайта сүйреп әкелгендей болады.

Қария тәтті малта сорғандай тамсанды. Иә, қалай-қалай болып еді уақиға. Сексеннен асқан шағы емес пе еді сонда. Қалмақ шапқан қырғыннан құтылған ел, әлі де талай уақыт

бойы көне дәстүрдің ізімен, жылына қазақ елінің кіндігі — қасиетті Қаратауға бір рет жиналып, үш жүздің талай шаруасын тәмамдап, исі қазақтың көксегенін сөз етіп қайтып тұрған шақ. Ой-хой, дүние, енді ұрпаққа бұл да аңыз. Ендігінің жақсысы Түркістанның атын естігені болмаса, сыртынан өтіп көрді дейсің бе. Семей, Қарқаралы дегенді тауып алыпты. Үш Жүздің ел мүддесін көздеген игі жақсысы түгілі, осы маңның аталы руларының өзі быж-тыж, бірін Ақмоладан, бірін Қарқаралыдан адасып жүріп зорға табасың, осыны да ел бүтіндігі дейді-ау.

Ащы ой мазалаған қария тамағын кенеді. Әр кезеңнің сұрқылтайы бөлек-бөлек, қай іске қай түлен түртті дерің бар ма. Өзін де шайтан түртіп, кез келген жоқ па. Иә, сол жолы тағы да талай адаммен Қаратау жақтан Арқаға келе жатқан. Ішіндегі жасы үлкені өзі, онан соң он шақты жас кіші бір-екі шал бар. Бетпақтың ми қайнар аптабы менен киік қана жортқан шөліне соқпай, Балқашты жағалай жүруге шешкен. Көл суына дейінгі аралық атшаптырым жер, ну қамыс. Іші толған тағы қабан менен қорқау, жолбарыс. Талайды жарып кетіпті, ат-матымен опат етіпті деген сөз көңілге оралып, үрей кірген жүргіншілер ұйлығыса топтасқандай.

Бір тоқтаған жерде осы Балқаштың ну қамысын Бегімсақтың қос оқымысты ұрпағы мекен ететіні сөз болған.

— Қалай қорықпай тұрады екен, — деп таңданысты.

— Үйренген де.

— Адам тозаққа да төзеді деседі ғой.

— Өздері малды деседі. Талайлар сол малына қызығып алайын деп келсе де нар қамыстан өте алмай әрі қос оқымысты тұман түсіріп жіберіп, адасып, өздері шәт-шәлекейі шығып, бас сауғалайтын көрінеді.

Жүрген сайын жұрттың қос оқымыстының малына қызығуы, тамсана түсуі көбейе берген. Тап былтыр осы тұстан өтіп бара жатып Жидебай пышағын түсіріп алып еді. Кенет ат басын қиыстай бұрған батырдың соңынан сәл аңырысқан топ та ерген. Осы тұс болуы мүмкін, әне бір топ қамыс пен жарыса өскен қоға да соны меңзегендей. Шөбі неткен қалың, пышақ түгілі, селебе жоғалтсаң таптырмас.

— Әй, біреуің қараңдаршы мына жерді, — деді батыр. — Былтыр пышағым түсіп қалған еді.

Батырдың найзасын қадаған жерге секіріп түсіп, қалың қауданды аударысқан екеу жарыса жамырады.

— Міне жатыр, міне.

— Мен таптым.

— Қалай ұмытпағансыз. Мына қараңғы кеште тап басу деген не керемет.

— Жидекең емес пе.

— Аруағы.

— Жол бастап.

— Тегін еместігін тағы көрсетті ғой.

— Мына апақ-сапақ кеште қарауытқанның бәрі қасқыр, теңселген жау боп көрініп тұрғанда.

— Түу, аруағыңнан айналайын.

Асыл темірден соққан пышақ жүзін тат шалмапты, тек сүйек сабы ғана ептеп ескіргендей ме, қалай. Қошеметшіл жұрттың мадақтауын тыңдағаны жалғыз бұл емес қой. Дегенмен де қартайып қалған ба, әйтеуір, жүрекке жылы тиіп жатыр.

Қамыс ішіндегі ашықтау алаңқайға тоқтаған жұрт айнала маздатып от жағып, жыртқыштан қорқып, аттарын шылбырдан шым-шымдап ұстап, түнімен әңгіме соққан. Не айтса да сөздің бір ұшығы қос оқымыстының малына кеп тіреле беретін сияқты. Тегін мал, оңай олжа әрі талайларын да сынап көргісі келе ме, сөз сыңайлары осыған бастар ер болар ма дескендей.

— Ой, оның жөні бола қоймас.

— Неге? Жидекең...

— Қамысы мынау, жыртқышы анау.

— Былтырғы кездігін биыл кеп қараңғыда жазбай тапқан жолбасшы тұрғанда қамыс та сөз боп па?

— Айтарсың. Оқымыстылардың тұманын қайда қоярсың. Батыр оған не істей алады?

Манадан бері талай сөзді үнсіз тыңдап жатқан Жидебайға тұман дегені шамына тиді. Не дейді осылар? Ендігі жұрт ез боп бара ма, қалай өзі.

— Тұман түгілі ақ сайтанын қаптатса да, — деген сөз аузынан шығып-ақ кетті.

Ертемен атқа қонған жұрт «баста» дегеннің ыңғайын танытқан.

Ну қамыстың ішіне бойлап енген сайын ат сүрініп, жүрісті мандытпай-ақ қойды. Оның үстіне әр жерден көзге шалынған жолбарыс ізі де жұртты ұйлықтырып, үркек көңілге үрей енгізгендей.

Күн найза бойы көтеріле айдын көл жақтан бері қарай сырғыған тұман бірте-бірте қоюлана түсіп, қарыс қадам жерді шолу мұң болғандай жасады.

Әлдекімнің астындағы жастау жылқы шәңгірлей кісінеп жіберіп еді, дүйім жұрт селк етіп, бір-біріне қарасты.

— Ойпырмай, әлгі пәле ізімізден аңдымаса игі еді, — деді біреу.

— Қайтсақ қайтеді?

— Қай жаққа қайтасың? Адасып жүріп те танти береді екен-ау, — реніште дауыс «қайдан келіп екті?» сездіргендей.

— Әне, ананы қара. — Ақсұр атты бала жігіт әлденені нұсқап тұр. Даусынан қорқыныш та, қуаныш та сезілмейді. Таңданыс басым.

— О не?

— Қарасайшы көзіңді ашып. Түлкі.

— Кәне?

Қамыстың бір шетінен үркіп шыққан түлкі олай-бұлай секіре қашқандай еді, қалың нуға оратылып, амал жоқ алға түскен. Жабыла қуған ешкім болмаған соң қамыс арасындағы аң жымымен еріксіз ілгері тарта берді. Бұлаң қағып жалтақтай жортқан түлкіге қарап, аттылардың да көңілі жайланып, өзара сыбырға көшкен. Ел арасында Жидебай батырдың аруағы бар екен, ол түлкі болып көрінеді екен деген қауесет бұрыннан бар еді. Енді, міне, соны көзімен көргендей болған жұрттың есі шығып кетті:

— Аруақ.

— Түлкі деуші еді, рас екен.

— Тап өзі ғой, тап өзі. Жалтақтауын қарашы.

Ну қамыстың аң ғана жортар сүрлеуімен жүгірген түлкі әлдене уақыттан кейін қамысы сиректеу алаңға шықты да, жалт беріп бір жағына жоқ болды. Осы жерден айдаған малдың шұбырындысы да кез келген.

Көп малдың сарыны құлаққа тиген аламан жігіттер қарқындай түсіп, сойыл-шоқпарын білемдеп, жылқы үйірінің шеті көріне:

— Қапта! Қапта!

— Ұрып таста!

— Соғып жібер, — десіп ұмтылған.

Мал ішіндегі жалғыз жылқышы безіп барады:

— Аттан! Аттан! Жау шапты! Жау!

— Әй, ананы бекер қоя бердіңдер-ау, қуғыншы келетін болды.

— Лақша бақыруын өзінің.

— Басып қалу керек еді жаңа.

— Жеткізе ме бізге, ол жер ыңғайын біледі, біз болсақ ат бүлкілдесе сүрініп, мазамыз кетіп келеді.

Малды қақ жара айдаған жігіттер мәре-сәре. Көңілде қауіп жоқ, ел таладық деген еске де келмей, тас қорғанды бұзып олжалағандай аңқылдасқан.

Осы жұрттың алдын ала желе жортқан Жидебайдың көңілі алаң, уақыт озған сайын қапа. Әуелі бейбіт жатқан елдің малын неге алғанын түсінбеді. Кеше шашақты найза қолға алған батырдың мұнысын ерлік деп, әй, ешкім айта қоймас. Ел-жұртқа қадірі бар екі ақсақалдың малын алғаны тонаушылық болғаны да. Естіген құлаққа ұят екен мұнысы.

Қысылғанынан маңдайынан шып-шып тер шықты. Желөкпе жұрттың бір ауыз сөзіне ерегісіп қылған ісіне енді өкінген. Мына соңына ілескендерге не дауа, ерлік етсе шашбауын көтеруге жарағанымен, ездік етсе, ар-ұяттың отына жалғыз тастап жүре бермей ме? Қол бастаған да, ел бастаған да өзі екен, осыны неге ұқпады?

Сонадайдан мұнарта көрінген Бектауатаның биігіне түс ауа зорға іліккен. Арттан шаң көрінді. Дос келіп табаласа да, дұшпан жетіп бас салса да мейлі дегендей Жидебай аттан түсіп отыра кетті де, басқаларына ишара жасады. Түйдек-түйдек шаң тастаған жалғыз-ақ атты екен. Еті қызып, көзі от шашып жарқыраған кеуделі торының бұлшық еті бөлек-бөлек, еркін сілтеп, уыс-уыс топырақ шашып, қоянша ырғиды.

Сақал-шашына жаңа ғана ақ кірген қуғыншы алқақотан жұртқа таяй ат басын тартты. Қолындағы бар қаруы жалғыз

қамшысын ер қасына тіреп тұрып айналаны отты көзімен шолған.

Әлдекімнің:

— Ассалау.., — деген міңгірі жетпей, орта жолда қалды. Бәрін де қуғыншының келбет-мысы, жұқа шапанды желбегей жамылып, қияңқы балаға жекіп алардай келіп тұрғаны басты.

— Жидебаймысың? — дауыс саңқ етті.

Жидебай өмірінде алғаш рет жүзін жасырып, төмен қарағаң. Үнсіздікті жанында отырған екі шалдың бірі бұзды.

— Иә, не айтайын деп едіңіз?

Ат үстіндегі ақсақал кекете мырс етті.

— Сөзіңе болайын сенің.

— Ihм, — деп жөткірінді сасқалақтаған Жидебай серігі.

— Әй, Жидебай, сені батыр деуші еді, — деп бір тоқтады ат үстіндегі кісі.

— Иә, иә, — деді тағы бір шуылдақ.

— Қол бастаған батырым, сәл тыныштық орнап еді, қорқау болдым де. Батырдан шыққан қарақшыны көргенім осы, азғаны да мына елдің.

— Не деп тантып тұр? — деп шаңқ етті бір дәйексіз.

— Сойылмен итеріп тасташы өзін.

— Сақалыңды...

— Әй, Жидебай, тоқтат мыналарыңды! — деп қалды қуғыншы.

Ұяттан өлердей болған Жидебайда үн жоқ еді.

— Қартайған бүркіт тышқаншыл деген, ел намысын тонаушылыққа айырбастайын деген екенсің. Қате болды деп бетіме бір қарауға жарамадың, көзіңді жасырып. — Қуғыншы ақсақалдың даусында әзіл жатыр. — Ендеше ендігі жүрем деген арам жолыңды көрме сен. Көзін шықсын.

Ат үстінен еңкейіп бір уыс топырақ алған оқымысты шал шашып жіберген, жалғыз қиыршығы Жидебайдың көзіне түсті. Қуғыншы сырт айналып жүре берді. Мекенінен қуып айдаған жылқы да бытырай жайылып, бетін кері бұрған екен. Атына қонған Жидебай қатты жорта жөнелген, батырдың көңіл-күйін енді түсінгендей болған серіктері де олжалаған малға енді қарайтын емес, қалмай шоқытып келеді.

Естіген сөзден батырдың жүрегі шаншып, басы айналып, ат үстінде әзер келе жатқан. Оның үстіне біраздан соң екі көзден бірдей жас парлады. Манағы көзге түскен қиыршық жаспен шығудың орнына шым-шымдап көз ұясына кіріп бара жатқандай.

— Уh, — деді ат тізгінін тартып бір жерде.

— Не болды? - десті серіктес екі шая

— Көзім.

Сонан елге келе Жидебайдың көзін қаратпаған бұл маңда емші, тәуіп қалмаған. Жылға жетпей екі көзі бірдей су қараңғы болып қалды. Міне, сүрінбейтін тұяқтың тұрмастай болған жері осы еді.

Сонан бергі өмірі пәни дүниенің ісінен аулақтау, көп ортасынан алшақтау күн кешу. Тыңдайтын құлақ болса, өткенге көз жіберіп, бүгінгіні ойлар көкірек табылса , ата сөзін, көне шежірені жыр ету ғана ендігі күнін қысқартқандай. Өзі бұ жалғаннан өтіп кетсе, енді кім айтар ескінің сөзін деп қам жейді. Кім айтар?

Бұрынғы өткен заманда ел жақсысы сөзге үйір, жазылмаған тарихтың бұлыңғыр бетін қарияның аузынан жаттап өсетін. Жеті атасын білмеген жетесізге ешкі бақтыруға сенбейтін, қырық рулы елдің өткен-кеткенінен хабарсыз болса, біліктінің қатарына іліге алмайтын. Бала жастан келген қонақ не айтар екен деп аузына қарап, тәлім қуалап өсті. Ендігі ше?

Байқап отырса, бұ күнгінің жақсысы жағымпаздықты жаттағандай. Ел сөзі іске алғысыз, көне шежірені қалғып отырып тыңдап, «әринелеп» қойса да жетерліктей. Билік біліктіден кетіп, бұралқы иттей патшаның бір қарғылы тәбетіне, жарамсақ болысқа ауысқан. Енді не қалды? Ендігіге кім үлгі айтар? Ата жолын көрсетіп кім жөн сілтер? Өткенін білмей өскен ұрпақтың қай тұйыққа тіреліп, қай жарға барып құларына көз жете ме?

Ой-хой, дүние. Немере, шөберелеріне алты алаштың талай сөзін жаттатқан сияқты. Соны тыңдар жұрт, кәдесіне асырар ел болса. Арғы атасы Майқының немересі Әлтеке жылт етіп жаз шыға ел шетін қараған, мезгілсіз қатерден халқын аман сақтасам деген жан болыпты. Жау шекарасында жүріп ғұмыр кешіп, уақтылы үйленбесе керек.

Өзі жауырыншы болған дейді аңыз. Аңызға сенеді де. Күндердің күнінде жар шетіне от жағып, жауырын ашса, олжа түсіп тұр екен дейді. Әлдене уақытта жау жақ елден бері қарай арғымаққа мінген қара жігіт келіп қапты. Әлтекеңнің сұр жебесі қадалған жігіт төңкеріліп ат бауырына түсе бере ол да ат шылбырына қолы тиіп үлгерген. Жігіттің желбегей шапанын жамылып былай шыққан. Тізгіні мен үзеңгісін түрген өз атының басы босаса елге тартарына кәміл сенген.

Алыстан түйе мойнына таққан қоңыраудың сыңғыры естілгендей еді, енді белден бері асқан көш те көрінді. Қорамы аз көштен ұзатылған қыз екенін де аңғарды. Көштен қара үзе ұзамай да, келбет танытып жақындамай да жол бастап жүре берген. Ел орынға отырар тұста қарағанды өзекті айналып, «осы жерге қон» дегеннің ишаратын жасап, өзі сонадай биік төбенің басына шығып, түннің бір уағына дейін қарауыл қараған.

Ұзатылып келе жатқан қыз қойнынан таң қараңғысымен тұрып, тағы биікке шығып кеткен.

— Шеше, осы жерден елге қайт, — депті қыз анасына.

— Неге?

— Байқамадың ба? Көштің кеше түс ауа беті де өзгерді, жігіт те басқа. Мен енді не де болса осы жігіттің етегінен ұстап, тағдырымды бақталайымнан көремін.

Әлтекеден туған үлкен әкесі Достың Жәмші өзені бойына тоған салдыруымен осы елге аты шыққан. Кешегі қалмақ шапқанынан бұрын көшпелі ел егінін салып, күз қайтар жолда астығын жинап, мәре-сәре еді. Бүгінде Достың кәрі тоғаны аталған сол байлам әлі ел кәдесіне жарап тұр.

Аң қағып жүріп Дос баласы Қожаназар екеуі қалмақ қолына түскен. Әлденеше ай байлауда ұстап, айтқандарына көнбесіне көзі жеткен Қонтайшы өлтірмекке бекінген.

— Әкелі-балалы екеуіңнің біріңе - бостандық. Ажалды бірің таңдап ая

Әкесі баласына, баласы әкесінің бетіне қарады.

— Әке, сіз болмасаңыз дүниеге мен келмес ем, өмір беруге себеп сізсіз, сіз босаңыз жау қолынан. Әлтекеңнің ұлы жау қолында әліпті деген ат та жаман.

— Дұрыс айтасың, балам. Сөзіңде қателік жоқ. Мен бірақ асарымды асап, жасарымды жасаған жанмын. Өмірдің қызығын бір кісідей көрдім. Енді не арман? Сен болсаң жассың, інілерің Мәптен, Жәптен тым момын. Өмірді жас жасауы керек, ажал кезегі ләйім кәріге келгені дұрыс.

— Әке...

— Тыңда мені. Сен мен үшін жаудан кек алам деме, ол сенің қолыңнан келмейді. Кеудең жасық болғанмен, бөксең асыл сенің. Сенен бір ұл туар, түбі сол ел мұңын жоқтап, ата кегін ала білер. Сен азатсың, ұлым, елге қайт, бердім батамды.

Көңілдегі көне шежіренің қоймасын ақтарып отырса, сайын даланы мекен еткен арғы-бергі ата бабаларының тыныштық өмірінен арпалысы, ұрпақтан ұрпаққа кеткен қанды қырғыны көп. Сан тайпа тып-типыл жоғалып, сан ұрпақтан қадау-қадау кісі қалған кез аз емес. Аталары ғасырлар бойы мекен еткен даласын жаңа ұрпаққа толтыруға тырысқан сияқты. Өші кеткендей қатын үстіне қатын ала беріпті. Қазақ байыса қатын алады, өз ағам байыса там салады деген сонан қалды ма екен?

Қос қатын алған қазақтың бірі — өз әкесі Қожаназар. Бәйбішеден алты ұл, тоқалдан бұл жалғыз. Тоқалы да біраз ұлды ызғытып берер ме еді, ажал шіркін дүниеден жетелеп әкетіпті. Анадан жас қалған бейбақтың шешесінің түс-келбеті жадында қалмапты. Әйтеуір, сол күні зарлап жылағаны есінде.

— Зарлауын, — деген Апар бәйбіше.

— Е, — деп күрсінген бірі, — жетім қозы тасбауыр, отығар да жетілер. Жетім кекшіл деген рас па, бала кезіндегі көрген азды-көпті құқайы жадында жатталып қапты. Қасақана ма, әлде шыны солай ма, кей үлкендер оспақтап отырып жағдайын көп сұрайтын.

— Шешең қалай, күте ме өзіңді? Тамағың тоқ па?

— Күтеді.

— Онысы жақсы екен. Кей-кейде астан құр қалмайсың ба ?

— Көп ойнап кеткенде...

— Е-е.

— Сүт тасығанда өз баласына қасық береді, жалай бер деп, маған тезек береді, қалай бер деп.

Баланың өткір тіліне біреулер ішек-сілесі қата күлсе, енді бірі тауып айтқанына таңдана бас шайқасады. Қаршадай баланың тақпақтай жөнелгеніне риза боп:

— Әй, осыдан бірдеңе шығады. Осыны... Осыны күтіңдер, — дейтін кей үлкендер.

— Әй, Апар-ай, бойың тым қысқа ғой, қай жеріңе кісілік сыя қойсын, әйтпесе осыны ана алтауынан бөлектейтін не бар, бәрі де бір нәсілдің баласы емес пе, — деп реніш айтушы да баршылық.

Апар шешесін Құдай бойға жарытпапты. Саңлақты орданы тігерде уық шаншуға бойы жетпей тырмысып, қайындарының әжуасына ұшырап жүретін. Бері келе оған да әдіс тапқандай.

— Әй, Мәнәт, сен үзікті жаза бер.

— Мен бе? — дейтін таңданған ерке ұл

— Иә, сен! Әй, Түкібай мен Үкібай, сендер маған уық әперіп тұрыңдар! — деп өзінен туған алтауға жұмыс тауып берген еді. Шолжың өскен олар әбден титықтатып барып зорға илігеді.

— Ой, жүгірмек, сен бос қапсың ғой, — дейді енді Жидебайға. — Кел! Келе ғой, мынаған бойым жетпей жатыр, арқаңды төсей қойшы.

Төрттағандап жонын тосқан арқасына шығып, уық шаншады. Әуелде мұнысына көнгенсіген бала кейін «өкшеңіз батып кетті», «қытығым келіп қалды» деп шоршып, бәйбішені сан құлатып, ақыры ол тауқыметтен де босаған.

Ой-хой, дүние! Өткен күннен не белгі? Бәйбішеден туған алтау — бір төбе, тоқалдың жалғызы бұл бір төбе боп өсті. Тілі мірдің оғындай, әрі қайратты жастың келе-келе бетіне ешкім келмеген. Сол күндер де бүгін елес. Шынашақтай Апар шешей қайда, бір әкенің ұрпағы ана алты бауыры қайда? Ғасырдан аса жасап, сол күндердің куәсіндей жалғыз қалғанына не заман. Мынау жұрт бұған жат, олардан бұл бөлек тәрізді. Заман озды, бұл тозды. Әлде, заманнан бұл озып жүр ме? Өзін қайдам, елім болса екен, ұрпақ өссе екен деген тілегі, жақсылық деген ниеті қала қоймаған шығар. Әй, Үкібай-ай, сенің мерт болуыңа да елім деген көксеуі себеп болған еді. Үкібай...

— Ата! Ата деймін. - Шөбересі жеңінен жұлқылап ой құшағынан шығарып алды.

— О не?

— Ата, анау жақтан осылай қарай кісілер келе жатыр.

— Ауылға түсіп шықты ма?

— Иә.

— Кімдер сияқты? Бұрын көрген адамың ба?

Анау ала аттағы кісіні танитын сияқтымын. Әлгі Қояншының байы.

— Ботпай ма?

— Сол сияқты.

Қояншының Ботпай байында жиырма отар қой бар деген Жидекеңнің кәрі құлағына да жеткен. Бақ шіркін адам таңдап қона ма, қалай өзі. Ескі мәтелдегі «бақ қонбайтын жігіт болмайды, басып отырар бөксе болсаны» да сан естіген. Рулы елдің ортасына біткен нәсібі де, бірлігі бүтін, ниеті түзу болса, шыр бітпеген жарлыға да, жетпеген жетімге де жетерлік екен.

Кешегі айбының, бүгінгі батасы мен ақылын ел сыйлаған.

Қызылтаудың тасына қонған айдынды кәрі бүркіттей Жидекеңе Ботпай аттан түсіп, сонадайдан жаяулап келе жатқан. Бала жасынан құлағына құйылып, қанына сіңген, батыр туралы сан аңыз да мысын басып, тізесі сәл дірілдегендей. Аруағы түлкі деуші еді-ау, соны көзі шалғысы келгендей Қызылтаудың Тесіктасқа қараған жақпар-жақпар тасын сүзген.

Сонау жігіт шағында Жидекең Абылай қолының қарауылшысы болыпты дейді аңыз. Жидебай барда жаудың қапыда баспасына Абылай да қатты сенсе керек. Бірақ қай заманда да көреалмаушылық, ғайбат, өсек болған-ды. Қуыс кеуде біреулер ханға: «Жидебай былай шығады да ылғи ұйқы соғады, бір күні жау қырып кеткенін білмей қалып жүрмейік», — деп айта берсе керек.

Қайта-қайта қаңқу сөз шыға берген соң анық-қанығына жету үшін бір күні Абылай жалғыз ғана серігін ертіп, жау жақ беттегі қарауылшыны тексеруге шығыпты.

Жау жақ шетті күні-түні бағдарлаған Жидебай батыр құс ұйқылы кісі екен, тас жастанып мызғып жатса да құлағы, бір сезімі ашық болса керек. Қаймағы бұзылмаған

ауа, денесі тітіркеніп көрмеген жер бері қарай жүрген ат тұяғының дыбысын көз жетер жерден жеткізген.

Абылай таянған соң атын тастап, еппен-ақ жылжыған екен дейді аңыз. Бір жотаға шықса, келесісінің үстінде Жидебай жатыр, жанындағы тас үстінде түлкінің екі күшігі ойнап жүріпті-міс. Абылайдың жылт еткен төбесін көре екі күшік ұйқыдағы батырдың қолтығына тығылыпты-мыс. Енді басын көтерген батырдың көзіне түспес үшін:

— Шегін, — депті-міс серігіне. — Осымыз да жетер, дос көңіліне қаяу салмайық. Көрдің ғой сақшының сенімділігін.

Аңызға сенбейтін қазақ бар ма, Жидебайдың түлкісін де, Абылайдың тексерісін де кім көрген? Ел басына көтерген батырының абыройы менен аруағына кімнің шүбәсі бар дейсің, ондай күпірлікке ешкімнің көңілі дауламас.

Тесіктастың етегіне іліге Ботпай:

— Ассалаумағалейкүм, — деп даусын созып, қос қолын ұсына ұмтылды.

— Уағалейкүмассәлем! Ботпаймысың?

— Мен ғой, мен.

— Ел-жұртың аман ба?

— Шүкір, — деді Ботпай отыруға ыңғайлы жер іздеп, әрі-бері қозғалақтап.

— Қай жерден жол түсіп жүрсің?

— Сізге сәлем берейін деп.

— Рахмет оныңа, үлкенді сыйласаң, сені Құдай сыйласын, еліңе береке болғай. Тіріміз әзірге. Ескі жұрттың желкесінде көшкен елдің белгісіндей оба қалушы еді, сол ізім-ғайым жоғалған көп елдің артындағы тірі аруақ бөп отырған жайымыз бар. Заман енді басқанікі, жылан қайтіп күнелтер, құлан қайтіп күн көрердің уайымы басқа оранса да, қолдан келер дәрмен аз.

— Ел сыны сізге деген басқа ғой, сөзіңізді жерге тастамас.

— Ой-хой, дүние. Кәрі көңілде исі қазақтың қасқа жолы сайрап жатыр ғой. Тыңдай білер ұл болса, керегіне жаратар ел болса. Ендігі арман да, мұң да сол. Ендігі жұрт түзу жолдан таймаса екен дегеннен басқа не қалды бізге.

— Біреу батаңызға, кейбірі қатесін көруге сізге ағылып кеп жатпай ма, тегі. Ата жолынан әзір тайған жоқ сияқтымыз.

— Ім. — Қария шоқша сақалын тарамдады. — Сөзіңде шындық болар. Кейде ой таразысына сала алмасаң, кәрілік болар. Бақ ниетке бітеді, Ботпай. Осыны ұғасың ба?

— Ниетім таза сияқты.

— Өз басыңа болмаса да айналаңа шүбәм бар.

— О не дегеніңіз? — Ботпай жылан шаққандай шоршып түсті.

— Үрікпе босқа, бұзығыңды тый демекпін саған. Бірлікті бұзба, бақты теппе.

— Қатты кеттіңіз ғой, Жидеке. — Ботпай пұшпақ бөркін бір шешіп, бір киді.

— Ел ауылдан басталады. Ауылдың береке-бірлігі — елдің татулығы, мықтылығы. Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді дегенді естіген боларсың. Момындау қонағыңды ауылыңдағы желөкпе жігітсымақ біреу ренжітіпті деп естідім. Момындық — иманның белгісі, ниеті түзуді жәбірге беріп қойып неғып жүрсің, түге. - Жидекеңнің ренішін дір-дір ете қалған сақалы ғана сездіргендей.

— Қап, — деп қысылды Ботпай, естіген екен ғой ел қамын жеген кәрі құлақ. Осы күнгінің тентегіне не айтарсың? Әзірге беттен алмаса да, өстіп діңкеңді құртатыны бар-ау.

— Ә, ол әлгі Қайбайдың жұмысы ғой. Елдің бір тентегі еді, сізге де жеткен ғой.

— Тый! Жөнге сала біл ондай-ондайды. Қоңсының абыройын сақтай алмаған азаматқа жараспайды.

— Сөзіңізді құп алдым, Жидеке, тыйылар, не елден кетер.

— Ата! Ата деймін. — Шөбересі жеңінен тартып қыңқылдады. — Күн еңкейіп барады, ауылға қайтайық та.

— Ә, солай ма? Болсын онда.

* * *

Тірліктің дау-шарынан қашып, тас арасын пана еткендей болған қамкөңіл дана қарияның сөзі Ботпайдың шымбайына батты. Ел құлағы елу деген, бұл сөз бір мен

бірге айтылса да, ертең-ақ айналаға тарайтынына күмән жоқ. Ботпай Жидекеңе жай барып па екен, Жидекең не депті десіп, қарияның әр сөзін қалт жібермей отырған жұрт қайтсе хабардар болмақ. Қызыр жанап, Құдай бақ берген екен, енді соны кері тебуге бола ма. Кері теппесе енді не істеуі керек?

Бүгін қоңсыңды өкпелетсең, ертең халқыңа шет боласың. Мына малға да ие сол ағайын, бұзығың, бүгін қатыныңызға маза бермесе, ертең басымызды жарса, оны тыя алмасаң, сенен не пайда десіп, кең даланы мекен еткен ағайын басқа ауылды паналап кетсе, жауға жем болмай ма. Несі қалады мына малдың ертең? Бақты тепті деген осы да.

Естуінше мына орыстың байының жағдайы басқаша, малайының бәрі басыбайлы, өз бетімен кетуге хақысы жоқ. Астапыралла, адам баласын тұқым-тұқымымен, ұрпақ-ұрпағымен құл қып қойды деген не сұмдық, қайдағы күпірлік те осындайда ойға оралады екен. Біздің қазекең даланың киігіндей еркін халық, ашуланса:

— Сенен кетіп аштан өліп, көштен қалмаспын. Аштан өлген қазақтың моласын көрсетші маған, кәні? — деп тепсініп шығады да, өз бетімен кетеді. Ал, қылып ал. Ауыл сайын не байы, не байшыкеші бар далада бірер күн таршылық көрсе де аштан өлген ешкім жоқ. Бай—байшыкештің бәрі де мал иесі Қызыр, қымыз-қатығы, пісасы ағайынның бөлінбеген еншісі санайды. Көптің бірін Қызыр санаған ел жүргінші мен қоңсыға ас бермеуге дәті шыдамас, Құдайынан қорқар.

Іштей өзін-өзі жеп, қынжылған Ботпай жақын туысы Елшібекті шақыртты. Қайбай бөлек ауыл боп отырған байшыкеш. Елшібектің әй дер әже, қой дер қожасыз бетімен жіберген жалғызы. Жасында көгенді кесіп, қозы жамыратып, малшыны ығыр қылып, жерошақтың отын шашып, ас пісірген әйелдерді діңкелетіп маза бермеуші еді, өскеннен соң да ақыл тоқтатпады. Енді, міне...

— Ұлың қайда? — деді сәлем беріп төрге өрлеген Елшібекке. Осы сұрақ туғанда Елшібектің арты қоныс тауып та үлгерген жоқ еді, қайта қопаң етті.

— Жүрген шығар. — Жүзінде «оны менен несін сұрайсыз, жынды неме лағып жүр денің» табы шыққан.

— Сенің де бірдеңе білер күнің болар ма екен, — деп күңіренді Ботпай. Сонан Жидекеңнен естіген сөгісін айта келіп, — мына қоңсы Мизамбайдың жазығы не еді, қатынын Қайбай ала қашатындай. Бұл не басынғандық, не көргенсіздік? — деп бір түйді.

— Көргенсіз боп... Не, мен оған сөйт деппін бе?

— Демесең тыймайсың ба оныңды.

— Жастық желең...

— Әй, осы сенің бұзығың осы елді шулатып біткен жоқ па? Күпір болсам тәубе, үлкеннің айтар сөзі емес, бірақ сенің балаң емінбеген осы айналада қатын қалды ма? Ол ала қашып, таяқ жеп, неше жесір әйелді еліне қайтардық, осының есебі бар ма? Ол текешігіңнің бір қатыны бар, аз десе тағы алсын, ел бүлдіргені сүйекке таңба, бетке шіркеу болып бітті.

Елшібектің жайбарақаттығына Ботпай ыза боларын да, күлерін де білмеді. Япырмай, осындай жер қозғалса «бұ не» демейтіндер болады-ау, сабырлылық па, әлде ездік пе. Қазақта ағайынның арасын бүлдірген даудың басы жесір дауы емес пе, ендеше Елшібектің мына саспастығына жол болсын. Қызымды қайда жібердіңдер деп қыпшақ шыға келсе, күйеуінің көзі тірісінде әйеліне көрсеткен бұ не зорлық деп Мизамбайдың ағайыны сойыл сүйретіп келе қалса не демек? Мына істің беті шешілгенше екеуіне де басу айта түру керек екен.

Мизамбайды қоңсы еткен де тағдырдың ісі шығар. Әнебір жылы тәп-тәуір шаруалы, мұрты жаңа тебіндеген біртоға жігіт көрінген. Жыланның жұтында бір қыста ақ сүйек боп шыға келіпті. Қай қазақ қысына деп пішен жинаған, болса қорығына салып, болмаса Құдайына тапсырып, соза тартып жүре беруге әбден үйренген. Қас қылғандай Мизамбай қоныс еткен маңға текебұрқыл алдында көк мұз жауып берген. Ашыққан қой қолма-қол іш тастап, бірінің жүнін бірі жұлып, үш-төрт күн бойғы жауын-шашыннан жаңа қонысқа қарай айдауға шыдамаған. Жол үсті теңкиген-теңкиген өлексе, құрығын сүйретіп жеткен тек өзі.

Сонан осы ауылға кеп паналаған еді. Жалға жүрді. Үлде мен бүлдеге оранбаса да, бірер қабат ішкиім, тоқтысымақтың терісінен кенде емес. Әйтеуір, не ішем

демейді, келіншегі Ақыш бай ошағының басында. Келімді-кетімді кісісі арылмайтын бай үйінің сойылған малының онықы-мұнықысы бұған тиесілі. Апыл-ғұпыл асайтын талағым қайда, ұңғыл-шұңғылын мүжитін мойным қайда деп бір ашқарақ құл айтыпты дейтін мәтел жиі есіне түседі, түскен сайын ендігі халіне іштей мүжілуі ұлғая берген.

Өзі сияқты терезесі теңдес орта шаруалы жерден әкесі құда түсіп алып берген Ақыш қараторының әдемісі, менің-ақ жұбайым болар ма еді дейтін келіншек. Еріксіз кеп қоңсы боп қонған жат ауылдың бозбала-жігіттерінің келіншегіне көзін сатқаны да көңіліне ауыр тиген. Ауырлағанмен әзірге қолдан келер не бар?

Бай үйдің қазан-ошағының басында өзі сияқты келіншектермен ас пісіріп-түсіруден ертелі-кеш қолы босамаған Ақыш ұзақ уақыт бұл күйіне іштей көндіге алмаған. Келген кеткеннің бәрі «әлгі мынау ма?» дейтін сияқты қысылып, өзін күң санап, жат көзден сырғақтап жүрді. Кеше ғана от басы, өзінің қанағат тұтарлық жай-күйі бар еді, бәрі ізім-ғайым. Үш күннен соң дозаққа да үйренеді демекші, көндікпеске енді не шара.

Кеше біреудің мандайындағы жалғыз қызы, ерке өскен бұла, сол күндерін іштей сағынуы бір басылмаған. Ерте кетіп, малмен бірге кеш қайтатын күйеуінің салп-салп халінен түңілгендей, түн баласы дөрекілеу мекіренгені болмаса, іштей берер жылуы жоқ. Жақсылық енді қайтып қашан келеді, оған сенім аз, бірсыдырғы мұңлы күндер. Тұман арасында адасып жүрген сияқты.

Қоңыр төбел тіршіліктен жұлқынып шықсам дейді іштей. Оған дәрмен жоқ сияқты, сүйретіп шығарар Мизамбайдың түрі анау, күн сайын езіліп, үнжырғасы түскен. Осының несі өмір. Жылт еткен бір сәттік қызығы болсайшы.

Өстіп жүргенде Қайбай кездесе кеткен. Сұрастырса, осы үйдің туысқаны Елшібектің жалғызы. Алғаш қазан-ошақ басында көргенде сұқтана көз тоқтатып:

— Мына кісі жаңа адам ғой, — деп өткен.

Келесі жолы:.

— Байқаусызда адасып кеп қонған аққудың сынарындай екенсіз, замандас. Әзіл-қалжыңымды артық көрмеңіз, — деп қақты.

Соңғы кезде келуі тым жиі. Келген сайын ауыз сөзбен болса да тиісіп, жалын отын көзбен сездіріп, қызықты дәуренге шақырғандай. Сол қызықты аңсап, мына күнін аз уақыт болса да ұмытуға тырысқан Ақыш ол кеткен соң тәтті қиялға батып, бойжеткен қыздай елітетінді шығарды. Әуелде мұның бәрі көңіл көтерер ермек тәрізді еді, енді ойыннан ойын асып, құмарлыққа жетелеген сияқты.

Күні кеше өз қатарынан кем емес, тәп-тәуір азамат па деп жүрген күйеуі Мизамбайдан да кемшілік деген өріп шыға келді. Қалай көрмей жүрген. Жастықтың басылмаған буы екен ғой онысы. Үсті-басына салақ, жүрісінің өзі сөлекеттеу, бірдеңе айтсаң, асықпаған салқын үні жеті қат жердің астынан шыққандай. Қайбаймен қалай салыстырса да ең болмаса итжығысы жоқ. Бар боп өскен бай ұлын айта бер. Барлық, шіркін, қызықты дәурен, жұрт бетіңе келмес бедел ғой.

Іштей тамсанып, әзілкеш жігіттің тіліне елітіп жүргенде Бастанбайдың Ақыметі осы ауылды қыз ұзату тойына шақырды. Қайбайдың сен де жүр дегенін қас-қабағынан ұққан Ақыш тойшы жұртқа ілесті. Мизамбай келер-ау, іздер-ау деген қаперіне де кірмепті. Тойлы ауылдың біреуді-біреу біліп болмас ығы-жығы халқының арасында Қайбай екеуі еркін табысты. Жұрт көрген қызық өз алдына, бұлардың күйі жеке-дара. Аужарда, айтыс та да, күресте де бір кісідей қауышып, айырылмастай сүйене жабысқан екеу жұрт көзінен тыс қалмаған.

Сыртынан баққан ауыл жігіттері күлкіге кенелген.

— Қайбайың тегін емес, тағы да бір құмырсқа бел, қаракөз айымды тапқан екен.

— Енді одан көз жазбайды ол

— Бетім-ау, күйеуіне не дейді? — десе, жүз таныстығы жоқ ел:

— Шіркін, мына келіншек неткен көрікті, жесір-ау, сірә.

— Әй, кімнің қатыны болса да қыздан қылықты, наздануын қарашы, — деп жатыр.

— Малының буымен байдың есерсоғына жығылған сормаңдай жалшының кереметсінген қатыны да, — деп сөгушілер де баршылық.

Қайбай жымыңдасқан жұртты көрсе де көрмегендей, елдің мазағына да, сөгісіне де құлағы үйренген, еті өлген.

Әттең, жұрт көзінен жырыла кетуге жер тар. Ар-ұятты белге қыстырып қойса да біреудің некелі қатынын дүйім елдің көзінше оңашалап әкетуге ескенетін сияқты. Барлықты Құдай берді деп сыйлаған ел болғанымен, жастық наздануын көтергенімен, зорлығына жол бере қоймас.

Ертемен басталған той күн еңкейе тарауға бет алған еді. Құбыладан ойнап шыға келген бұлт қаракөк аспанды лезде бүркеп, лебін ішіне тартты. Жаңа ғана той-думанның қызығындағы жұрт бәрін тастап, бет-бетіне жосылып, ауылды күйбең тірлік басты. Егде әйелдер тезегін жауып, жаулықтар желпілдеп, үй бастырып әуре. Сол әурені молайтқысы келгендей бірді-бірге ұра итермелеп, жолай жұлқып жел де жетті.

Бір-біріне қарамай аттанған Ботпай аулының адамдары былай шыға араларында Қайбай мен Ақыштың жоқтығына көздері жеткен. Шоқыта шауып біраз жерді қусырып та тастапты, әрі жел айдаған бұлт қиыстай тартып, қалың нөсердің шеті ғана жанап өтті. Сонда да үстері малмандай су-су киімдерін ат үсті сілкіп, әлденеге ыржаң-ыржаң.

Қиыстау тұстағы қалың қарайғанның үстін айнала ұшқан ұзын құйрық сарыбауыр бектергінің шырылдап кеп жерге қайта-қайта шүйілуі еріксіз мойын бұрғызған.

— Әй, ана жерде аң жатыр. Анау тегін шүйіліп жүрген жоқ.

— Қасекеңнің өзі болмасын.

Жұлдыздай ағып, қараған басын сипай көтерілген бектергіге қарай асаулау дөнен мінген жас жігіт төпей жөнелген. Қараған жете бере жарлауытқа жиналған судан жалт бере секірген ат үстінен тымақша ұшты.

— Ойпырмай, анау оқыс құламаса игі еді.

— Аты үркек екен ғой, бекер шапты.

Үріккен атты қуып екеу кетті де, қалғандары жігіттің құлаған тұсына қарай лап берді. Аман екен, саз-саз қолымен бетін сүрткен боп айғыздап отыр. Аман екеніне көзі жеткен жұрт мына қылығына күлді.

— Әй, ана жерде отырғандар кім? — деді біреу мойнын созып.

— Әй, мынау Қайбай ғой. Жанындағы...

— Әй, Қайбай, сен неғып отырсың?

Сүметіліп орнынан тұрған Қайбай бері беттеген, елге қарауға ыңғайсызданған Ақыш бір қырындай берді.

— Жаңбырдан паналап ек. Күн шатырлағанда ат үркіп, шылбырды үзіп кеткені, — деп құлаштай қыл шылбырдың қалдығын көрсетті.

Әйел затын сыйлаған тойшы жігіт Ақышқа ерінің қасын босатып, аттың мықтысы осы деп, Қайбайды желісі жаман тоңқылдақ торының артына міңгестіре елге қайтқан. Лоқылдақ аттың жүрісінен Қайбайдың іші-бауыры үзіліп түскендей еді, оның үстіне жануардың қасы да пышақтың қырындай екен, екі жаққа кезек ауып отырса да жаны шыдамады. Ақыры өз аулына қозыкөш жерден ойылған артын сипалап, жаяу тартты.

Өсек жатқан ба, сыпсыңдаған суық сөзді Мизамбайдың да құлағы шалған. Әйеліне бұ не дегенді білдіріп еді, әйелі азар-безер болып, тіпті сөз үдей берген соң:

— Ұстап алсаң мойындаймын, — деп бір-ақ кесіп безерді.

Анда-сандағы әдетімен жалшысының қабағынан малының жай-күйін байқайтын Ботпай бүгінде Мизамбайдың өтер жолына малдасын құрып, шақшасын суырып отыр еді. Амандықтан соңғы сөз от жайы, мал күйі туралы боп кеткен. Соңғы кезде қабағы жараспаған Мизамбай кенет:

— Осы біреудің жүрісі... — деп қалды.

— Кімнің?

Мизамбайдың иегімен нұсқаған жағына төңкеріле бұрылған Ботпай бұйра торысын елпілдете аяңдатып ауылдан шығып бара жатқан Елшібектің Қайбайын көрді. Бай тілін тістей алды. Ел аузындағы өсектің бір ұшығы бұған да жеткен.

— Есті адам әйелдің әбүйірінен бұрын ауылдың абыройын ойлаушы еді. — Тұрып кетіп бара жатқан Мизамбайды Ботпай қайта тоқтатты.

— Қарағым Мизамбай, мына сөзің маған да ауыр тиіп тұр. — Дөңгелек жүзді шалдың бет аузын әжімнің торы басып, жұқалау ернінің бір бұрышы реніштен дір-дір еткен. — Бәріміз де тағдырдың билігіндеміз. Құдай айдап қоңсы қонған екенсің, сені ренжітіп мен де отыра алмаспын.

Елшібектің өзіне есігім ашық, ана әумесері енді бұ жаққа аттап баса қоймас.

Ботпайдың сәлемі Елшібекке де, Қайбайға да сол күні жеткізілген. Қатты кететін ағаның мінезінен қаймыққан Елшібек сұрап алған жалғызына ұрысқан болды. Тыңдағандай үнсіз салбырап отырып-отырып енді шығып бара жатқан ұлының сонынан:

— Әй, тыйыл! Ағай мойныңды үзеді, — деп айқайлады.

Қызыл көрсе күжілдеп күл шашар өкірек бұқадай беті жылтырдың етегіне оралып үйренген қайбай тыйыл дегенмен дегеніне жетіп, көңілі басылған соң әке айтты деп қоя қоймады. Ауыл арасының қатынасқандарынан, бала-шағадан сәлем жолдауы қалмаған. Ақышқа жеткен сәлемнің бір шеті Мизамбайды да шарпитын. Мизамбайдың үйі жағынан кей-кейдегі ащы дауыс, жылаған әйел үні жиі шығатын болып барады.

— Мен не жаздым? — дейді әйел. Бар боп отырып жуадай солған аз-мұз дәулетіне, тағдырына налиды. Озінше жетем бе деген жақсылығы, көрсем дейтін қызығының несі күнә? Озекті пенденің өзім дейтін тілегі басқа емес пе?

— Ә, әлі мен не жаздымда жүрсің бе? — деп кіжінеді ері. Бір шаңырақты көтеріп, бір төсекті бөліскен соң пенденің жеке-жеке тілегі жоқ. Үміт те, ұят та, өлім де бір.

Кешіндегі төңтерістен кейін бөлек жатқан әйелін Мизамбай ертемен көре алмады. Іштей «көршінікінде боларсыңға» сайып, азығын алып, малына кеткен. Малды ертеректеу айдап келген сияқты еді, алдынан ешкім шықпады, есігін ешкім ашпады. Көршілері Ақышты көрмепті, бала-шағаның көзіне түспепті. Тал түсте кісі жоғалтып ауыл дүрлікті.

— Реніш көріп көрші ауылдың біріне немесе төркініне кеткен болар, — десті.

Ертеңіне көрші ауылдарға жіберілген бозбала жігіт, қатын-қалаштың соңы жиналғанша кеш түскен. Көрген-білген ешкім жоқ. Елшібектің аулына барған кемпір отырып-отырып:

— Әлгі Қайбай ауылында жоқ көрінеді, — деп көңірсітті бір кез.

— Қап, — деп санын соқты Ботпай. — Күн аралатып алды-ау. Енді ізді қайдан табарсың. Қап, ит-ай, ел бүлдірді ау.

Ботпайдың үлкені Құтымбет ауылдың өсекке үйір, ала қашпа, жұла қашпа дегендерін тегіс сабап шықты. Қамшысының да, тілінің де ұшында бір-ақ сөз:

— Шыныңды айт! Сен білесің олардың қайда кеткенін.

Бұзау тіс қамшы майлы бөксесін сипап өткен бір әйел:

— Ойбай-ай, ойбай! Мен қайдан білейін! Әлгі Қайбай бір тілім қағаз беріп жіберіп еді менен, — деп жанын арашалап шықты.

— Сен білмейтін не бар, әзәзіл. Жаның көз ұшына көрінгенде пәк, әулие боп шыға келесің. Абыройыңды неге ойламайсың, ей?

— Көкетай-ау, маған олар айтып па? — Тілге келген соң енді қамшы сілтемесіне көзі жетсе де Құтымбеттің білемдеген қолына үрке қараған әйел сырағақтай берді.

Қатынымды тауып беріңдер деп беттен алмай, не кек аламын деп қақ сойыл сүйретіп із кеспей ертемен қойын айдап, кеш қарая кештей түнеріп қайтып, үнсіз күн кешкен Мизамбайдың жүрісі таңдандырғандай. Момындық па? Момындықтан гөрі сабырлылық, ағайынға зіл жатқандай. «Тағдыр кімді қайда қумайды, пенденің басына не түспейді, жеңілтек әйел азаматтығымды сыйлай алмаған екен, жығылған үстіне жұдырық дегендей, бұл не қылығың, ағайын» дейтін сияқты.

Ауыл иесінің тапсыруыменен Мизамбайдың ішер ас, киер киімін түгендеп, үйіне қарайласып, осы ауылдың екі әйелі жүр. Қашқындардың кеткен жағын сұрау салу да тоқтаған емес. Ақыры осы ауылға жиен, Хантауы жағын мекен еткен Сиқа болыстың еліне қарай беттегені белгілі болды. Біреулер сыртынан көріпті, сәлемдескендер де бар. Айтушылар көліктерінің түр-түсін, салт аттылылардың тұлға-пішімін, киім үлгісіне дейін жеткізіп, көңілде еш күдік қалдырмаған.

Ендігі мәселе «тап сол ауылда болса кім барып әкеледіге» сайды. Көптің ұйғарымы сұр жаяу атанған Тойшыбек пенен құралайды көзге атады деген дақпырты бар Әбдірахманға тоқтаған.

Еліне беделді Сиқа болыс қонақжай пейіл танытып, жақсы қарсы алғанымен, маңайына жуытпады.

— Немене, қашқан-пысқаныңды маған бақтырып қойып па ең?

— Із осылай шығыпты. Көргендер де бар.

— Осы бізді елдің де, жердің де шеті, ар жағында жалпақ жерді көтерген көк өгіз бар деп естігендейсіңдер ғой.

— Бұдан асып қайда барады?

— Аулақ, ағайын. Дауыңды әрі тарт. Байын менсінбеген байтал, мекіренуі басылмаған текеден де басқа шаруа жетерлік.

Сөз осымен бітіп, келген екеуі салы суға кетіп кері оралды. Дегенмен қазан көтерген қатындардың сыпсыңынан құлақ шалған өсекті де ала келген.

— Әй, сол ауылда сияқты, — дейді екеуі де жамырай.

— Жасырып отыр Сиқа.

— Бір есебі бар секілді.

— Енді кімді жібереміз бұл Сиқаға, — деп ақылдасқан үлкендердің тоқтамы Жапақтың үлкені, іске қабілетті, мінезді деп танылып жүрген Баспалдаққа ауды.

— Ең болмаса атағынан сескенеді ғой, — десті кейбірі.

— Былтыр Мұңлы-Құлыдан келе жатқанда жалғыз өзіне бес салт атты жабылып, соның екеуін түсіріп алып қалғанын естіген шығар бұл маңай.

— Дұрыс, жанына тағы екі жігіт қосайық.

Нағашы жұртынан келген сыйлы қонақтарды Сиқа қол қусырып, қойын сойып қарсы алды. Іздеп келгендеріне риза-ақ сияқты. Сөз арасында туған нағашысы Қашқынбай батырды қайта-қайта сұрай берген.

— Қайратты ғой ол кісі, әлі тың, — дегеннен келушілер де аспаған.

Дәмнен кейінгі сөз Қайбай менен Ақыштың төңірегіне ауысқан.

— Елден ұят болды өзі, қоңсысының шаңырағына қобыз ойнатып, мына жынды Қайбай бізді масқара етті, — деп салды Баспалдақ.

— Ә, солай ма? — Сиқа мүлде хабарсыз адам сияқты. Келген үшеуі бір-біріне қарасты. «Мынау тіпті естімегендей ғой. Ана жолғы екеу келмеген бе?»

— Ана жолы да саған осы іспен біздің ауылдан екеу келіп кетті ғой.

— Е, келгені рас. Бірақ сөзін жөнді ұқпадым.

— Ұқпағаның не?

— Қашқын дей ме, Қайбай-Ақыш деп бірдеме көңірсіткен.

— Беттері осы жақ көрінеді олардың.

— Келгендерге «келме» деп айта аламыз ба?

— Келгені рас па?

— Қайбайды көргенім бар осы жақын шамада. Жалғыз. Жөнін айтпады. — Сиқа күміс шұқығышпен тісін тазалап, қалыс әңгімедей мән бермей отыр.

— Әй, сен тым күлтілдетіп кеттің, — деді Баспалдақ.

— Ойбай-ау, Бәке-ау, маған неғыл дейсіз. Мен не біліппін? Келем десе нағашыларым келеді, кетем десе кетеді. Үй қорыған ит бола аламын ба, тегі. Кетпе деп шөгеріп тіздеп тастайтын тайлақ емес, адам ғой.

Айтары таусылған Баспалдақ бір жағына қисая кеткен. Ертеңіне Сиқа болыс нағашыларын бір-бір шапан жауып, көш жерге шығарып салды.

Қарарсыз іні, қайырусыз келінді алып келмек түгілі жөні түзу хабарын да біле алмаған соң намысына тырысқан мына ел тығырыққа тірелді. Оның үстіне Сиқаның ауылымен хабарлас жапсар ағайын қос қашқынның сол ауылда екенін үсті-үстіне жеткізіп жатқан. Сиқаның мына қылығына шыдамаған кейбіреу:

— Шауып аламыз. Жиен болса қайтейінге,— де барысты.

Ақыры көп кеңесіп, «жиеніне Қашқынбай батырдың өзі барсын» дескен. Сиқаның барғандардан туған нағашысын қайта-қайта сұрауы да тегін емес сияқты. Нағашылы-жиенді екеуінің араласпай кеткеніне де талай жылдар өтіп кетіпті. Өткен уақытта Сиқа нағашысы Қашқынбай батырдан Көкжайдақтың тұқымы Көкшегір жүйрікті сұраған.

— Мына малдың бәрін алсаң да қолыңнан қақпаймын. Мұны сұрама.

— Сырты түкті, іші боқты мал өзімде де жетеді. - Түксиген Сиқа қамшысымен етігінің қонышын сарт еткізіп,

қоштаспастан шығып жүре беріпті. Сол өкпелі беті десетін кейін барғандар.

— Япырау, мұндай іс кез болады екен-ау, — деп назаланған жолға жиналған Қашқынбай. — Ауа жайылатын мал емес, жігіт таңдап қашар қыз емес, із-түзсіз қызық екен. Осы келіншектің жоғалуы маған да бір сын болмаса игі еді. Адамды адам ұрлау — не өзімсініп сенгеннің, не тірегі күштінің ісі. Қайсысы дедік мұны? Қашқындардың Сиқаны барып паналағанын жүрегі сезеді. Қайбай «бір қорғаса осы Сиқа қорғар» деп барғанына еш күмән жоқ. Іздеп барушыларды ол ұзынсонар сөзбұйдаға салып қайырып отырғандай, сонда о неме Қашқынбайға да сиқыр мінез танытпақ па? Қосағыңмен қоса ағар деп қол ұстастырып қоя берер қыз-жігіт емес, ер намысы, ел дауы жатқан жоқ па соңында. Оны білмес Сиқа да бала емес. Сонда мұнысы қай ісі. Ағайынның атынан ауылдастың тайы дейтін қоңсы Мизамбай туғаны болмағанымен осы елдің адамы. Қияметте көршіден деп түсінетін қазақ жалғыз үйге осынша жәбір көрсеткенін естісе не демек. Естіген елден ұят-ты. Мизамбайдың намысын өз мүддесінен бөлуге болмас, жалғыз атты жарлы ма, жанап жүрген Қызыр ма, оны кім білген.

— Әй, балалар, атты ерттеңдер, — деп бұйырған Қашқынбай.

Баяғы өткен бабалар батырға лайық ат туады дейді екен. Ұзақ жүріске таңдап мінген Қашқынбайдың қарагері мүшелері кесек-кесек еді, алқымды, сауырына бала бөлегендей дөп-дөңгелек құйма тұяқ жылқы.

— Шапқанда аттың салмағы төрт тұяғына түседі деуші еді, үстіне батыр мінгенде шым жерге қаққан қайың қазықтай шашасына дейін кіріп отыратын шығар, — деп тамсанатын былайғы жұрт.

Қарагердің күшіне шабысы да сай, жануар қара көріп қуғанда алыс-жақын демей, қанша жерден көрсең, соншалық ұзатпай қасына ентелеп алып жететінін айтсаңшы. Алдыңғы жылы қарагердің дөнен шығар кезі, қыс қатты, малға маза бермеген қасқыр да көп. Малы шығынға ұшырай берген ағайынның қасқырды да бір қуып тастаңдар деген өтініші де жетерлік. Кеше жауған жұқа

қарды пайдаланып із кесіп келуге Жапақ пенен Ботпай келе қалған. Ерттеулі жарау дөненнің қасындағы Қашқынбайға сәлем берген екеуі келіскендей бір-бір жолдан:

Ад батыр, мін атыңа дайын тұрған,
Мазаны алды көкжал Құдай ұрған,
Қой-қозы, тай-жабағы демей жеді,
Әперсін ел есесін, құнын содан, —

деп өлеңдетіп қоя берген.

— Жә, өлеңіңді қоя тұр, — деген екеуінен де жасы үлкен Қашқынбай. — Шай ішіңдер деуге мен үйден біржола шықтым. Ішем десеңдер үй міне, жеңге әне. Мен жүре берем.

Қашқынбай жезбен әшекейлеген шақшасын қонышынан суырып, алақан аясын насыбайға толтырып, танауына кезек-кезек тосқан да, алақанын қағып, екеуіне ал кеттім деп атына қонған. Былай шыға жеке жортқан көкжалдың өзіне кезіксек, оның да жүгірісі менен күшін көрелік, ал тобына кездессек, бөліп-бөліп жеке-жеке қуалық деп келіскен.

Күн сәскеге таяса да не ізі, не өзі көзге шалынбады. Насыбайды тағы бір атып, шырт түкірген Қашқынбай жасы кіші Ботпайға:

— Сен анау көлденең биікке шық, із көрсең, қол бұлғарсың, — деген.

Ботпай шақырымнан аса ұзай бергенде алдындағы иірім-иірім жүн қарағанның ішінен тайыншадай көкжал атып тұрып, суық қарап, алдағы жартасты бетке алып бұлкілдеп берген. Айқаймен қоса өзіне қарай салған екі аттыны көрген соң серпіле қашты. Әуелде Жапақтың астындағы құралайсұр қапталдасып бағып еді, еті сәл-пәл қыза қарагер оған сипатпай кетті. Ботпайдың дәмелі деп жүрген қарақасқасының жанынан атқан оқтай өткен. Алдағы қиын жартасқа жанталаса барын салып ұмтылған көкжалды қақпайлап, бел асып барып, еркін қайырған.

Арттағы екеу ентелей жеткенде желкеден тиген сойылмен бірге жер тістей құлаған көкжал танауынан қанды көпіршіте бырс-бырс дем алып, екі езуі ыржың-ыржың етіп, қып-қызыл көзін ашып-жұмып жатыр еді. Атын шалдыруға жіберісіп, асықпас рай көрсеткен екеудің кішісіне қарап:

— Мына сұмырай өлсін деп тоссақ күн батады, әрі-беріден соң есін жиып тұра қашпасына кім кепіл, онан да құйрығынан сілки тартып, жұлын тамырын үз де, терісін сыпыр, — деген.

Жанына жолдас ертпей, алды аяңдап, арты бұлаң-бүлкек қаққан қарагердің жүрісімен атты бабында ұстаған Қашқынбай жолай кездескен ауылға түнеп, ертеңіне тағы жолға шықты. Ұшы қиырсыз сары дала жеткізбейді. Анда-санда тышқан, түлкі, жем іздеп шүйілген бөктергіден басқа көзге ілігер ештеңе жоқ. Сағым ойнаған ұшы-қиырсыз сары дала қиялға жетелейді, өткен күнге сүйрейді. Жұрт дақпырт қып жайып әкеткен батыр атағы кейде қарапайым тірліктен, қара қазақтың қазан-ошағының қамынан да туып кеткен екен. Сондай бір...

Басқаны қайдам, ұлы далада қақтығыссыз өмір болмаған сияқты. Біреу басынғысы, өктемдігін жүргізгісі келеді, басқасы пайда қуады, өзі жетіспей отырған елдің селін алуды ойлайды. Момын елдің тоқтысын тиынға алып, тайыншасына тарақ бергісі келген саудагер жұрт жетерлік. Әрине, бәрі сондай деп Құдайға күпір болары жоқ, бірақ іштерінде не сұрқия бар ғой, бар.

Арқаға жол тартқан сол саудагер сарттың бірі кедейлеу ауылға келіп, қымызын ішіп, асын жесе де аз-маз аялдап, елдің жоғын түгендеп, көйлек-кеншекке сауда жасағысы келмейді.

— Бай ауылға жетіп бір-ақ тоқтаймыз, әлекей-шүлекейге кідірер жайымыз жоқ, — деп тартып отырады.

Көрші ауыл еді. Көрші ауылдың селкілдеген шалы жылармен боп айтқанда Қашқынбайдың зығырданы қайнады. «Қайтыңыз да, сен тұр, мен атайын бес жігітті атқа қондырып, маған жіберіңіз» деген. Көрші ауылдың жігіттері келгенше он шақты адамын да дайындап қойған. Әлденеше бел асып бай ауылға енді іліктік пе деп келе жатқан саудагердің тоғанағының жолын кескен сойыл-шоқпарлы жігіттер үн-түнсіз таяй берді. Арқаға іліккеніне май бидайға қолы жеткендей боп келе жатқан саудагер тобы түйелерін тастап, сауға сұрап, сұрқы кете кейін шегінген.

— Әй, — деп санқ етті Қашқынбай, — мынау көрсеткен астамшылығыңның төлеуі. Жол торығаң қарақшы емеспін, атым Қашқынбай. Түйелеріңді келіп алып кетерсің.

Жаяу-жалпы шұбаған саудагерлер көрініп тұрған Көппай болыстың аулына жетіп, көрген қорлығына шағым еткен. Заманы түлкі болса, тазы боп Көппай орыс патшасының далаға орнатқан билік заңы бойынша болыстыққа қолы жеткеннің бірі. Тірегі ояз, ар жағы алтын таққа дейін кеткен соң даланың ғасырлар бойғы заңы бұзылып, мықты мықынымен диірмен тартады дегендей, жаңа билеушілер, әуелі жем тастаған шегір ояздың қамын ойлады.

Болыс шақырған соң жанына жан ертпесе де, арты не болар деп қам жеп, жігіттерін де сайлап қойып, болыс үйінің есігін ашқан. Көппай болыстың жанында ала тақиясын қисайта киіп, сарыала шапаны жарқырап басшы саудагер отыр екен. Көппай Қашқынбайдың сәлемін алар-алмастан:

— Мына сауда адамдарын не жазығы үшін таладың? - деп түсін суытты. Ар жағында «Біздің ауылға келе жатқанын біле тұра» дегені де жатқан.

Қазақ рәсімімен жайласып отырып, бір аяқ сусын ішкізбестен жалшысындай бас салғаны Қашқынбайдың ашуын келтірген. Сонда да даусын көтермеген қалыппен, сабыр сақтап, бір тізерледі.

— А, Көппай, сен мені сарттың түйешісі, дүниесінің күзетшісі етіп қойып па ең? Болмаса кедей елді көзіне ілмегені үшін ерегіспен алған мүліктен сен де дәметіп отырсың ба? Өз боғың өзіңе жетерлік еді ғой.

— Ей, Қашқынбай, сауда істеген жалғыз сарт емес, қазақтан да бар ғой. Зарлатып тонай берсең, түбінде қазақты да түбірімен құртатыныңды білемісің?

— Әуелі мен сарт-қазақ деп бөлерім жоқ. Саудагерге әркімнің бергені де, алғаны да адал емес пе, кісіні көзге ілмеу — астамшылық, ол қорлау.

— Сен өзің қалай-қалай сөйлейсің? Сені қорламақ түгілі көрген де жоқ қой. Тонап алып, атыңды айтқан және өзің. Сөзді қысқартып, дүниесін түйемен жеткізіп бер.

— Әй, болыс, мен бір күн дүниенің дидарын көріп көзім тойсын, тоғыз түйесіне көңілім толсын деп алғам жоқ.

Болыс айтса, әкеп берем деп сартыңа және уәде еткен емеспін. Аталы сөз естимін бе деп едім, ендігінің би-болысы көк долы әйелдей ғана екен. Аталы сөзге орын қалмаған соң мәселе күшке кетеді. Күш көрсетіп алып берем деген біреу болса, күшіне де тұрам. Ол құқайын да көрелік.

— Батыр, батыр дегенге асқан екенсің. Батыр бір оқтық дегенді естіп пе ең? Баяғының далақтаған батырының заманы өткен. Сен түгілі хан Кенені де ұмар-жұмар еткен орыспен ойнамақсың ғой. Айтқаныма көнбесең, ояздың алдында жауап бересің. Әуселеңді сонда көрелік, шық та үйіңе жата бер. — Сөз бітті дегендей Көппай орамалын алып желпініп, бір жағына қисая кетті.

— Тұрысар жер осы болса, сен де шыда. Қамыс сылдырынан қояндай үркер мен емес. Жұрттан тиын жеген саудагер үшін ояз алдын көретін болсам, сені де шығындатпай кетпеспін.

Өңі бұзылып, лып етіп көтеріліп, киіз есікті серпе ашып шығып бара жатқан Қашқынбайдың соңынан ызалы Көппай:

— Түбінде өкінішке кім ұшырар екен? — деді.

Көкала аяқ атты желпи аяңдатып аулына келген Қашқынбай төбе басындағы топ адамды көрсе де ат басын үйіне бір-ақ тіреген. Төбедегілердің көбі іркіліп, төрт-бесеуі ғана үйге ілесе кіріп, жайласа отырды.

— Не үшін шақырыпты болысың?

Арадағы сөздің сынын бұзбай айтып берген Қашқынбай.

— Әр заманда бір сұрқылтай деген, арқасын оязға тіреген ендігінің сұрқылтайы осы да. Елмен санасу, жұрт қамын ойлау деген де осымен біткен шығар. Кісімсіген саудагерге мені сөзге жығып бергісі келді,—деп түнерді.

Әңгімені үнсіз тыңдап, жер шұқыған шалдар амал таппағандай сулы жанарларын жерге қадаған. Әлдене уақытта біреуі тамағын кенеді.

— Ойпыр-ай, Қашкен-ай, тым қатты айтып болысты қарайтып кеткен екенсің, түбі қайырлы болғай-ды, орыстың қаламынан сақта деуші еді. Дегенмен түйесін апарып беріп, аужайын байқағанымыз жөн болар. Сақтансаң сақтармын деген де бар.

— Оу, қария, саудагер мен болыстан сескенген секем алар істі өз қолымен істемес. Төре төбемді ояр, болыс белімді үзер деп қорықсам, дүниенің кеңдігінен не опа көріп өтермін. Тал бесікте өскен пенде жер бесіктен қашпас болар. Тіршілігімде достасқанмен достасып, қастасқанмен қастасып, тіке қарап, әділ басып өтсем деп ем. Екі рет келіп, екі мәрте дүние қызығын кім көрер? Мен де, Көппай да сондай пендеміз. Ендігі жерде ол да, мен де ойға алған істі тоқтатып, орта жолда қала алмаспыз. Ақ пейіл байға да, ақ ниетті тақыр кедейге де жасаған астамшылығым жоқ. Асқақтап аспанға қараған тәкаппарға да бас иіп көрген емен. Сол беталысым — беталыс. Ақырын енді тәңіріден күтемін. Сөз аяғы осы.

Аңтарылған шалдар бір-біріне қарасты. Сонан соң үһлесіп-аһласып, тәңіріден медет сұрап, бірін-бірі сүйеп есіктен шықты.

Арада бірер күн өткен. Кешкі апақ-сапақта бусанған аттарын көрмеге байлай салып, екі жігіт үйге кірген. Асығыс секілді. Төрге шығар-шықпастан жөндерін айтты. Қашқынбайдың жортуылдас серігі Андас пенен Мәжі сәлем жолдапты. Қашқынбайдың мойынсұнбай кеткеніне іштей қаны қатқан Көппай оязға «халық арасында іріткі шығаруға сылтау іздеп жүрген адам, кешегі Кенесармның қолында болған кісі, деп ұстаттырмақ боп жоғарғы жаққа қағаз айдап жатса керек. Ел — құлағы елу, осыны естіген қос серігі «қапы қалмасын» депті.

— Жақсы, інішектерім, хабарларыңа рахмет. Болыс көкірегіне құрт қайнатып, деміне ет пісіргендей екен. Запы көрген қарға да қарсылық жасайды. Іс аяғы насырға шапқандай. Ояз алдында ең болмаса тең түсерлік етермін. Мен де анадан ел үшін тудым деген еркектің бірімін. Қолдан қайрат келмесе, өз болғаным да. Достық достығы осындайда білінеді. Екеуіне көңілім өсіп отыр. Ал енді екеуіне айтар сәлемім бар, оны жақсылап айтарсыңдар. Андас пен Мәжі жанына қос-қос жігіт алып, бүрсігүні мені Жүндіден күтсін. Жүрістерін ешкім білмесін.

Суыт келгендердің аттанып кетуін күткендей ауыл ақсақалдарының бірі кірген. Оның да төрге озып, жайласып отырар жайы жоқ сияқты. Жан-жағын тінте қарап шықты да, айтары барын білдірді:

— Шырағым, мен ауыл арасы тақау болған соң болысты ренжітпей, ала қоржын саудагердің түйесін апарып беріп ем. Түйелерін алып, енді дүниесінің құнын бірер аптадан қалдырмай, саудагер не сұраса, соны беріп бітісіңдерге келтірді. Ал жол тонаушылар ояз алдында жауапта, құтылса да, тұтылса да сол шешеді деді. Мен «саудагер көлігін алды ғой, енді дүние құнын алса бізді ояз алдына сүйремей, өз әділдігіңе сал» деп ем, «онда шаруаңыз болмасын, ал мүлікті төлемесеңдер, сендерді де көремізге» басты.

— Әй, қария-ай, имансыздан иба сұраған екенсіз. Көппай сіздерге ештеңе істей алмайды, ол үшін зәредей күдік келмесін. Тағы айтарым, дүние құнын төлейміз деп екі оттың ортасында қалып қоймаңдар. Мен жол жүрем, не істесек те келген соң ақылдасып істейміз. Осыған тұрыңыздар.

Кешегінің жалаңтөс батыры еді деп Көппай қадірлемей, ит те болса бүгінгінің болысы, билікті шайтаннан алса да елге ие деп Қашқынбай қадір тұтпай, ерегіс орши берді. Өршіген ерегіс Көппай аулының ырысы есепті малына жау боп тигізген. Бұл малдың сол ауылдың бар азаматының ырысы екеніне Қашқынбайдың күмәні бар. Ендігінің байы да қайырымсыз боп бара жатқандай, оның үстіне өзіне бақты Құдай мен Қыдыр емес, патша мен ояз берген соң басқаға деген мейірім қайдан келсін. Тиіп алса, жаудың малы есепті екен, бұған да көңіл жұбаныш.

Іңір қараңғысында Андас, Мәжі, Қашқынбай және соңдарына төрт сойылгер қарсы шыққан төрт жылқышыны тізеден ұра қағып, аттан түсіріп, хабар бермесін деп қол-аяқтарын байлап, алдындағы малды қақ жара айдаған. Беттері — Бетпақтың шөлі.

Зырылдауық тартып, үркіте айдаған жылқыға ілесе алмаған кәртаң бие, тай-жабағы, арық-тұрықты жол бойы тастай берген. Таң ата Шажағайдан суарып алып, Қызылсүйірге қарай із тастады да кілт шығысқа қарай салды. Түс ауа Батпақсудың аяғынан өтіп, Балқашқа қарай бет түзеді. Қуғыншының бетін алдаған жортуылшылар ертеңіне малды көлдің көп аралына бөліп-бөліп жасырған да, төрт жігітті күзетке тастап, еліне қайтқан.

Кашқынбай ерегістің осымен өшіп, кектің қайтпасын, Көппаймен шарпысудың оңай емесін жақсы түсінген. Таң қараңғысымен үйіне ат үсті соғып, бір кәдеме жарарсың деген тамыры Апанасіпке тартқан. Қанша айтқанмен бұлқынбек шені бар, сарыала киім бастық емес пе, Көппай тәріздіге әлі келер деп сенген.

Е, өмір, кіммен дәмдес дос етіп, төс түйіскен қай досыңнан айырмайды. Тағдыр ісі болжаусыз. Кеше Кенесары қолы қаша ұрысып, күші басым дұшпаннан жеңіліс тауып, шегінгенде орыстың бір қолына жолбасшы керек болған-ды. Белсеніп ешкім шыға қоймады. Белсеніп шығар бір әңгүдік табылып, атты жауыр, елді ығыр қып, жау деп жақынын шабақтата ма деп Қашқынбай да қауіп ойлаған. Бір ұрыста жаралы боп, енді ғана түзелген шағы еді, жолбасшылыққа өзі тіленді.

— Ә, жарайды, — деген тұлғасына риза болған бұлқынбек Апанәсіп.

Табан астында «патша ағзамның армиясына өз еркімен көмек етті» деген мөр басқан қағаз ұстатты. Жолбасшы шақырым алда жүріп, қауіп-қатер, ендігі бетті білдіріп отыруға тиіс еді. Өз еркімен дегенімен, өз қандасының қамын ұмытпады, ел болар-ау деген тұстан көбіне айналып өтіп, патша әскерін Кенесары қолының сүрлеуіне қайта салып, не қылса да өз міндетін де адал орындады.

Сүйреткен зеңбірегі, артқан оқ-дәрісі бар, жүрісі баяу полкке хан қолы жеткізбеді. Бетпаққа сіңіп алып, мысықтышқан ойнағандай бұралаң жүріске салып, ай бойы әуре етті. Патша қолы әбден қажыған, оның үстіне аптап ыстыққа үйренбеген солдаттар кез келген судан ішіп, іш ауру тарады. Ауырғандарды топ-тобымен кері қайтарып, әуелгі қолдың жартысы ғана қалған.

Соңғы үш күн бойы хан қолы өзі өткен жолдағы құдық біткенді таза бітеп барады.

— Қайту керек, — деген қауіп ойлаған Қашқынбай.

— Не? — деп ашу шақырды бұлқынбек.

Шөлден қаны кепкен аттар ми қайнаған ыстыққа шыдай алмай бірінен соң бірі үшып түсіп жатты. Қос зеңбірек жолда қалған, оқ-дәріні әуелі әркім көтергенше алып еді, біраздан соң ол да шашылды. Құм қауып, шәлден

есеңгіреген солдаттарда ұсқын жоқ, талайы қаруын жоғалтқан.

Ертемен тағы жол байқауға шыққан Қашқынбай Найзатөбенің дәл ұшар басында хан қолының қарауылшысымен ұшырасты. Қапылыста кезіккен екеу бірін-бірі таныса да сүзіле қарап, қаруға қол созбай ұзақ тұрды.

— Мені ханға апар, — деген Қашқынбай.

Абылайшаның төріне малдасын құрған хан түсін жылытпай, сол жақ тізенің тұсынан орын көрсетті. Сол ызғарлы қалпымен келген азаматқа сусын әкелуін бұйырды. Аяқтағы сусынды аузына апара берген Қашқынбайдың қолы сәл дір етті.

— Қашқынбайым, сені батыр деуші еді, қолың неге қалтырады, — деген қомақты хан үнінде мысқыл бар еді.

— Абылайдың шаңырағын ұстаған қазақтың ханының алдында отырмын ғой, мысы басқан шығар.

— Дәл айттың, қазақтың намысы үшін шапқан жан едім. Бірақ саған не жаздым? Солдаттарды сүйретіп, ізімнен бір қалмайтындай кінәм не?

— Жау емес екенімді түсінбедің бе? Мен сіздің кешегі қонған жұртыңызға солдатты бүгін әкеп қана жүрмін. Жолыңызды кестім бе?

— Бәсе, өзім солай ойлап ем. Тілегіңді сұра!

— Солдат қолының жағдайы өзіңізге мәлім. Қайтайын деп едім, анау Бұлқынбегі антына берік екен, көнбеді. Бірақ өзі ақпейіл адам тәрізді, кезіккен ауылды тонап, қорлық етуге жол бермеді.

— Иә, сонымен.

Солдаттарды басып қалуға дайындалып жатқандайсыз. Сол Бұлқынбекті маған олжа етіп байлаңыз.

— Болсын.

Лап қойған хан әскеріне бірен-саран атылған оқ болмаса, солдатттар қарсылық көрсете алмады. Тұтқынға түскен солдаттарды айдағандар қолдың басшысы Апанәсіпті жеке қалдырған. Жеке тастағанына таң әрі тағдырына не боларына көзі жетпей тұрған полковникке жетек аты бар Қашқынбай келіп:

— Сіз маған берілдіңіз, — дегенде ашу кернеген полковник құр жанын сипалады. - Саспаңыз, мен сізді құтқарам. Міниңіз атқа!

Сенер-сенбесін білмей, буын-буыны дірілдеген полковник үзеңгіні таба алмай біраз әуре болды. Сонан соң тершіген маңдайын сүртіп, енді не істейміз дегендей Қашқынбайға жалтақтаған.

— Ендігі қолдан келгені осы. Бұған ұшырамас үшін анада мен айтқанда қайтып кету керек еді.

Дуанда Апанәсіп тамыры Қашқынбайды жарқын қарсы алды. Көппайдың Қашқынбай үстінен жасаған пригауары да қолына тиіпті. Дау-жажалдың неден басталғанын тәптіштеп сұрап, саудагердің ісіне наразылық білдіріп отырды.

— Вот, сайтан саудагер, кім берсе де ақшаның бәрібір емес пе, кісімсуін. Ыза болған Қашқынбайдың саудагер қосын тонап алғанын естігенде төмен қарап, басын шайқап, жанындағы тағы бір сарыала киімдіге кез қиығын тастады.

— Мұның енді артықтау болған. Қажет емес, Ресейде бұған заң қатты. Ә, Иванович, мына кісі тура даланың Робин Гуді.

— Тура, тура, — деп күлді жанындағы.

— Жарайды, өзің келіп айттың, іс орнына келді.

Апанәсіп осы жолы достығын істеп бақты. Қашқынбайдың басынан бір талы түскен жоқ, ал Көппай елге ие бола алмады әрі жалақор ретінде көрініп «дуанға дейін жаяу келсін» деген қағаз кетті. Бұл маң көрмеген сұмдық еді, дәреттен басқаға жаяу жүрмейтін қазақ елі шеті қияндағы дуанға Көппайды жаяу айдамақ екен дегенге жау шапқаннан кем дүрліккен жоқ.

— Ойбай, болысты онан әрі итжеккенге айдайды екен.

— Саудагермен сыбай болып несі бар.

— Обал-ай, қанша айтқанмен қазақ баласы ғой.

— Итжеккеннен кім қайта келер дейсің.

— Мейлі, ол да обыр ит боп бара жатқан. Ояз өзінікі ғой, бірін-бірі сөйтсін.

— Бәсе, Қашқынбайдың дуанда Бұлқынбек орыс тамыры бар дейтін. Сол ғой.

— Болса, сол

Сөйтіп жүргенде Қашқынбайды Жидебайға шақыртқан хабаршы келді. Дуалы ауыз қария ордасының кең төрінде есіктен жанарын алмай, тіке қарап отыр екен. Оң жағында Жанқұтты, сол жағында Дүйсенбай. Онан төмен қарай, Жанқұттымен тізерлесе Көппай отыр. Қашқынбай сәлем соңынан Дүйсенбайдың жанына жайғасты.

— Е, солай деңдер, — Жидебай мазасыз көңіл танытып, өз-өзінен сөйлеп кетті. - Осынша жасқа келгенім, қайран елдің алғысы... Ал, айтыңдар енді, түге. Намыссыз-жетесіз, жетесіз-некесіз. Некесіз түбі ел бүлдіреді деген.

Қарияның сөзі шымбайына батқан ел жақсылары үндей алмай жер шұқып, бір-біріне ұрлана көз тастаған.

— Ендігінің басшысы елінің қамын ойламай, өзін-өзі күптеген, ендігінің батыры өзін-өзі тонаған. Екі көзден айырылғаным, қос әулие қарғысы...

— Ел бүлінер іс болды, Жидеке, — деді Жанғұтты.

— Аз ағайын едік, күлкі болдық, — деді Дүйсенбай.

— Бес атаның баласы ек, азып барамыз ба? - деп сұрады Қара.

— Ел бүтіндігін ойламай, өз түтініңді ойлап неғып кеп отырсың, Көппай? Мал байдың ғана емес, сол елдің ырысы. Оны шауып алғаның қай батырлығың, Қашқынбай? Әлде еліңе жау аз ба еді? Әлде бала-шағаны қырайын деп пе едің? Жаман нышан екен. О, Тәңірім. - Жидекең қолын көкке көтерген. — Мыналардың ісінің артын қырсықсыз қыла гөр.

— Шешімін өзіңіз айтыңыз, Жидеке.

— Бір тоқтам болсын.

— Кейінгіге үлгі болсын.

— Кейінгі алар сөз болса, атадан талай үлгі бар. Құлағы керең, көкірегі бітеу болса ше? Осыны ойладыңдар ма? Мал жинаған, ақша қаттаған дүниеқоңыздықтың сасық иісі шығады, шашыла ма деп қорқам.

— Бітімін айтыңыз мына даудың, Жидеке.

— Бітім!.. Көппай саудагердің шығынын өзі төлейді. Ел қажетін өтер саудагер керек-ақ, бірақ о неме елге бірдей пиғылда болсын. Қашқынбай Көппай ауылының малын өзі тауып әкеп ортаға салсын. Көппай Қашқынбайға ат-шапан айып береді, бірақ ауылды шапқаны үшін ат Көппайға қалады, Қашқынбайға шапан.

— Көппай не болды? Көппай...

— Қашқынбай біз өзара келістік деп тамыр орысына хат жазады.

Осыған "әмин" десіп қол көтеріскен еді. Ол да бір өткен уақыт екен. Анау алдыдан сағымға оранып, мұнартып көрінген Хан тауының бесігіндей бұлдыр-бұлдыр өткен шақ.

* * *

Қашқынбай Ақыш пенен Қайбайды іздеп пәленінші күні шығады екен деген ұзынқұлақ хабар тез-ақ жеткен.

Нағашысының еріксіз келе жатқанына Сиқаның қыбы қанды. Шешесіне сүйінші сұрағандай қуанып барса да ішін білдірмегенсіді.

— Ау, апа, анау сіздің туыстарыңыздың қойшының қашаған қатыны деп осынша сүріне жығылуы қалай?

— Оның несін сұрадың?

— Тіпті, нағашымның да сол іздеп атқа мінуіне қайранмын. Осыны сіз дұрыс дей аласыз ба?

— Е, шырағым, қоянды қамыс, ерді намыс өлтіредінің кері дағы. Екі туып, бір қалғаны болмаса да, есігіндегі қойшының намысын жыртып, былайғыға басындырмайын дегені де. Оның несі сөкет?

— Ім.

— Тілімді алсаң, осы екі қашқынды енді жасырма. Ол елде «туған жиені» деп отыр ғой. Осы алдыңғы келген екеуіне-ақ беріп жібермей неге сандалттың нағашыңды?

— Анау жылы өкпелеп кеткен соң есігін ашпап едім. Өзі де бір келуге жарамады. Шынымды айтсам, сағындым, өстіп те бір келтіріп көргім келді. Көрсін де біздің шаңырақты.

— Балам, солай де, — кемпір кимешегін оңдап, жаулығын түзеді. - Қашқынбай оспадар кісі емес, кең ойлап, шиені шешетін кісі. Бірақ, бір ашуланса, көрместей іс істейтіні тағы бар. Ана қашқындарды бірден көрсет.

Анасының сөзімен басқа ауылда жүрген Қибайды тез алдыртқан.

Қашқынбай батырдың іздеп келе жатқан хабары Ақыштың да құлағына тиген. Мойнына түсер бұғалықтың

кең, тар екенін кім біліпті, әйтеуір, бүгін сол дұзақтың дайын, қашып құтылғысыздығы даусыз. Үлкендердің жазмыштан озмыш жоқ, тағдыр ісіне көнесің дейтіні осы да. Осы ауылға келгеннен бері Қайбаймен анда-санда жүздесуінің өзі мұң боп еді, ендігісі мынау.

Ақыш күрт сынды. Әйел жолы жіңішке, енді қалған не амал бар, тәуекелге бел байлап, Мизамбайға қайта барады да. Әттең, дүние, Қайбайдың жылтыр бетіне неге емінді, сылдыр сөзіне неге сенді. Жылы ұясын бұзған да өзі, тағдыр тәлкегіне түсетін де өз басы.

Қалай алас ұрса да қашаған құлындай құтылмасы өзіне аян сұлу Ақыш көңіл бөлу үшін тезек тере шыққан қыз-келіншектерге ілескен. Кірбің келіншектің сарытап боп жүзіне, қайғы боп қабағына қонған.

— Ақыш, сен мұңайып, қайғыға бата берме. Уайым түбі — тұңғиық, батасың да кетесің, тәуекел түбі желқайық, мінесің де өтесің деген. Істің қайырын сұра, — деген келіншектің бірі.

Ақыш күрсініп іштегі шерін тарқатты:

Дариға-ай, не болады келешегім,
Тағдырым таусар ма екен берешегін.
Аяққа тұсау түсіп жүргізбейді,
Ұстаған секілденіп еріншегім.
Тәуекел не береді, замандасым,
Қазір-ақ у болып тұр ішкен асым,
Қайғыны Құдай салған көкірекке,
Көтеріп жүре берер ғазиз басым.

— Жә, — деді Сиқаның келіні Нұрбибі. — Өзіңді-өзің бас енді. Ежелден әйел басына жазу солай да, кім арманына жетіп жатыр дейсің. Қайғы менен уайым енді саған дос болмайды, ендігі жолыңды ойла.

Көзіне жас алып теріс айналған Ақыш:

Басымнан сипар жан жоқ тұрсам жылап,
Секілді сыртта қалған жаман тулақ,
Тістеп ап тірсегінен иыққа сап,
Ұқсадым бөрі әкеткен жетім лақ, —

деп өксіді.

— Ақыш, сен қадірсіз адам болсаң, артыңнан осыншама адам әлденеше рет іздемес еді, ақыры өзім тауып әкелем деп нағашым өзі шығыпты. Батыр іздеген адам қадірсіз болмайды. Онан да сол кісі келгенде ілтипатпен сәлем беріп, дұрыс көрініп, кешірім сұраудың жөнін ойла.

— Құрбым Нұрбибі-ау, батыр атам басқаға қаһарын тігіп зекісе зекір, өзімді кездескенде өз келініндей аялайтын. Ауылдағы қартаң әйел, қатыбас шалдардың өзін тиып отыратын. Ең ұяты, сол кісінің сондай пейілін ақтамағандығымда болып отырғаны ғой, өлсем етті.

— Өткен енді қайтып келмейді, өмір де бүгін бітіп тұрған жоқ, алдыңды ойла.

— Өкінем де тегі. Мен сорлы Қайбайға елітсем де, жан садаға етер ғашық емес едім. Басқа түскен қиындыққа көндікпеген әумесерлік болды, оның үстіне күні-түні маза бермеген Қайбай «батыр да бізді қорғайды» деп қоймады ғой. Табыннан тұра қашар шыбындаған ешкі құсап жөнеп бергеніме ұялам да. Енді батырдың алдына жалғыз қалай көрінерімді де білмеймін.

— Ақыш, сен оған саспа. Өзім ертіп барып, сөз бастап беруге мен кепіл, ар жағын өзің аяқтарсың.

— Нұрбибі-ау, мені ертіп барсаң, соның өзі кешірім сұрап әпергендей емес пе.

— Ал, енді қайталық. Кешкі мал келе жатыр, биыл пісас та аздау болып тұр. Енем де соған ренжитін сияқты. Қысқы тамақтың қадірлісінің өзі пісас қой. Нан өне бойы жетпейді, шайды қуырдақпен ішу де жалықтырады, сондайда құрт-ірімшікке не жетсін.

Сауыншы әйелдерге көмектесіп қой ішінде жүрген Ақыш көзіне сонадайдан лыпыл қаққан қарагер аттылы жылы үшырап, жүрегі қақты. Басты шұлғып тастап, жер апшысын қуыра аяңдаған қарагер менен үстіне құйған шойындай нығыз отырған кісіні Қайбай да жазбай таныды. Сиқаның шешесінің кеңесімен бұл өзі барып сәлем беруге, иілуге, кешірім сұрауға тиіс еді. Ойпыр-ай, көптің көзінше мес қып тепкілеп масқара ете ме. Қап, әлгінде жас ірімшікті жегенін-ай, пырсылдатып жел шығарып, таза ұят болар ма екен.

Қарагер ат жанында төрт-бес шалы бар, төбе басында әңгіме құрған Сиқаға тура беттеген. Нағашысының

келетінін естіген соң, осы маңның жөн біледі, сөз айта алады деген шалын жиып, Сиқа бүгіндер әдейі жол тосқан. Қара нардай денелі, аттан түсе берген нағашысын құшақтап, амандасып, шалдар қол ұстасып сәлемдесіп, төбе басына қайта жайғасқан. Бұл күнде денесі ауыр тартқан Қашқынбайдың бір отырса анау-мынауға тұра қоймайтынын білетін Қайбай тепкіден біржола құтылғандай уһ деп дем алды.

Талайдан бері еті үйренісіп қалған Сиқаны жағалап кеп Қайбай батырға сәлем беріп еді, түсі жылымаса да:

— Амансың ба? - деп қалды ол

Қамшымен жосылтып өтеді-ау деп арқасы қиқаңдаған. Құдайға шүкір, онан аман құтылғандай. Салқын болса да сәлемін алып, жазадан қағыс қалғанына төбесі көкке жеткендей қуанды. Сиқаның «ағаңның атын баптап суыт. Тез мал сойсын, үй-іші қамдансын» дегені құлаққа жетісімен қарагерді жетелей жөнелген.

Қатар-қатар қосақ арасында сырттай бағып тұрған Ақыш пен Нұрбибі емпеңдей кері қайтқан Қайбайды қосарлана шақырды. Есі шығып кеткен бе, Қайбай бөркіменен терін қайта-қайта сүртіп, екі келіншектің даусын естімей өте шығып, осы ауылдың сойылар мал, беретін жылқысына ие боп жүрген жігітіне тура жетті. Онан Сиқаның шешесіне жолығып, ас қамдайтын келіншектерді шақырып берді де, қарагер атқа қайта оралды.

Қашқынбайды сонадайдан көріп көңілі күпті болған Ақыш Нұрбибіні ертіп, қарагерді шыр айналған Қайбайға келген.

— Әумесер-ау, жаңа біз шақырсақ та, сәйгел тиген өгіздей оқалақтап, бұрылмай кеткенің не? - деп тиісе келді Нұрбибі. - Сонша неге есіңнен адасып жүрсің, жақсы хабарың болса айтпайсың ба?!

— Ойбай-ау, батыр ағам келді ғой.

— Нағашының келгенін біз де көрдік. Енші алатындай арсаңдап төөеге өрмелеп бара жатқансың.

— Нұркеш, мені сөзбен шаласың, ол кісі маған енші беруге шықты деп пе ең? Айыпты болған соң кешірім сұрай... тірі қалғаным да олжа.

Етегінен ұстаған азаматтың өз басын арашалап, жіңішке жолды әйелдің ендігі жөні не деп қам жемегеніне Ақыш қатты тіксінді. Етегінен ұстадым дегені ез екен ғой, бауырынан отырғанның бәрін еркек деп келіпті, сөйтсе кейбірі төмен етекті өзінен төмен, сүрлеуден шығып қалса, бетімен лағатын кәрі атандай бейшара болар ма.

— Ап, сонда, сәлемнен соң не деді? Ызғар білдірген жоқ па? — деп Нұрбибі әлі тәптіштеп сұрап жатыр.

— Келмей жатып не десін, онысы ішінде шығар. Әзірше сәлемі түзу сияқты. Тепкілей ме деп қорқып ем.

— Тірі қапсың ғой. — Нұрбибі кекете мырс етті.

Онан арғысын естуге Ақыштың шыдамы жетпеген, бұрыла жөнелді.

Төбе басындағылар қопарыла көтеріліп, Сиқаның ақ ордасына қарай беттеген. Сиқаның шешесі інісін тыста қарсы алды. Әуелі сыңсып кеп құшақтап, елді-жерді сағынғанын білдіре айтып, сонан соң кемсеңдеп, жаулығының ұшымен көзін сүртті.

— Ий, қайтсін-ай, — деп жатыр үлкендер жағы.

— Туыс ішінде ата жолын қуған бауырым, аман-есен жүрсің бе? Мен енді көрмеспін деп едім, ат ізін салмай кеттің.

— Шүкір.

— Әлгі маңғаз келін қартая қойған жоқ шығар. Домбырасы қолында, әні аузында ма әлі?

— Е, одан қалғалы қашан.

Ақ орданың оң жағындағы Нұрбибінің отауы ішіндегі Ақыш құрбысы екеуі тыстағы әңгіменің біразын естіді. Сам жамырай ақырын басып, орданың сыртына келсе де, аттап кіруге бата алмаған беттері бар.

- Ж ү р .

— Сен баста, — десіп, сыбырласып біраз тұрды.

Іштен Сиқаның:

— Ол екі қашқынның екеуі де осында. Қайбайды көрдіңіз, қанаттыға қақтырып, тұмсықтыға шоқыттырған жоқпын. Біреудің некелі әйелі болған соң бір сұрауы болар деп Ақышты осында ұстап, ана жігітті басқа ауылға жібергенмін. Жолда табысса өздері біледі, мұнда келгелі күнәдан пәк, — дегені жетті.

— Жә! Қазбалай берме. — Жуан үн Қашқынбайдікі тәрізді. — Шалыс басқанды түземесек, елдігіміз қайсы.

— Мен де соны ойлағанмын.

Манадан бері Ақыштың тағдырын шешіп қойғандарына күмән қалған жоқ. Мейлі, деді іштей Ақыш, ана табанының бүрі жоқ Қайбаймен қосақталғаннан үйірін тапқаны дұрыс. Лыпып келген өксік тамағын буып, қайта-қайта жұтынды. Әттең, дүние-ай, қолдағының қадірін білмепті. Таяққа жығар. Мейлі. Ерінің қамшысы тиген жер дозақ отына күймейді деген бар ғой деп өзін тағы жұбатты. Ел бетіне қалай қарайды, сонысы тағы қинайды.

Үйге кірген Нұрбибі мен Ақышқа Қашқынбай жылышырай танытып, үстел шетінен орын босаттырды. Сиқаны ірі денелі кісі деп есептеуші еді, мынау тау басына үйілген тас обадай батырдың жанында бүгін көзге қораш. Әлденені айтып күлген тізерлес шалды батыр ризалықпен арқасынан қағып еді, ол бейшара ұзын сақалы селтең-селтең етіп, өзі сәждеге бас қоярдай еңкеңдеді.

Келген екі келіншек үкідей үлпілдеген жас келін құйған шайдан ауыз тиіп, кесесін төңкерген. Өзара өткен-кеткенді әңгіме қылған үлкендер оларды сөзге тартқан жоқ, тіпті осы Ақышты іздеп келмегендей, оның есебін таппай екеуі қарадай қысылды.

— Ойбай, шапты, шапты! - деді сырттағы дауыс.

Үріккен қой отарының мың сан тұяғының дыбысы дүрліге жетті.

— Айт, ей, айт! Мына иттер неге ұмтылмайды.

— Қырды-ау мынау, қырды.

— Ойбай-ай, өзі қой ішінен шықпайды.

Далаға ытып шыққан Ақыш пен Нұрбибінің көзіне қолына от алып, әлденені қой ішінде қуып жүрген жігіттер мен қатын-қалаш түсті.

— Өй, мынау не? — деген таңданған үн жетті.

Артынан «ха-ха-халаған» күлкі басты.

— Мынау бөрте ешкі қой, басына шелек іліп алыпты.

— Көтек, о пәле жаңа жуындыны тіміскілеп жүр еді, — деген әйел үнінде қапылыстық бар.

Үріккен мал тез жуасып, ыңырси күйіс қайырып, пысқырып, әдеттегі тірлігіне кірісті. Анадайдан отарды айналған күзетшінің сұлбасы көрінеді.

— Ей, hайт!

Ес білгеннен бергі тірлік, етек жапқаннан бергі көрген қызығы да, шыжығы да осы тауқыметке байланысты. Сонда қайда барып бақ-дәурен сүремін дегеніне Ақыштың өзі де таң.

* * *

Таңғы алакеуімнен оянған Жидекең күн шығуын күтіп ұзақ жатты. Жаздың қысқы таңы десе де, күннің көтерілуінің өзі мәңгілік сияқты. Мамық төсек жамбасына батып шыдатпаған. Ұйқысының мұнша қашқаны несі? Тыста ерте тұрып, мал айдаған малшының дабыр-дұбыры естіле көтеріліп біраз отырды да, қолын шайып, ірге жақтағы өзіне ғана арналған сусыннан жұтып, уылжыған жас ірімшіктен ауыз тиіп, қалтасына бір-екі құрт салған. Сонан соң шөбересін оятып, асықпай Тесіктасқа жылжыды.

Тастың күнгей жағы әжептәуір жылып қапты. Құбыладан ескен ерке самалға көкірегін тоса жайласып, баланы «асыңды ішіп, асықпай кел» деп ауылға қайтарды. Келер күннен жақсылық тілеп, өткен күнді еске алудан басқасы қалмаған қария желдей ескен ғұмырының елесіне тағы кіре берген.

Ой-хой, дүние, десеңші. Жау қолына түскен үлкен әкесі Достың баласы Қожаназарға уайыммен қарап:

Сыбыр-сыбыр етеді,
Сөз құлақтан өтеді.
Сыр алмаған жау еді,
Әлде не ғып кетеді,

— деген сөзін кәрі құлақтардан ес білгеннен бері естіп, тізесі батқан жаудан кек алсам сезімі ертеден оянған. Сонан бері, міне, қырық жыл өтіпті десіп отыратын қариялар.

Айтса сөзі, алса қайраты кем емес Жидебай он алтыға келгенде қалмаққа қарай шеру тартқан Абылай қолы өткен. Алыстағы ағайынға шаруамен кеткен Жидебай қайта оралғанда, сол екі ортада апта болыпты. Ілесе алмағанына қиналып, бұрын мұндай шабысты жолды көрмеген басы қуа жөнелудің ебін таппай біраз дағдарады. Атын ерттеп, айналсоқтап жүрген жас жігітке:

— Шырағым, осы жолды қойсаң қайтеді, — деген ауыл ақсақалы.

Бұл да бір бөгесін болды. Қайта айналып үйіне кірсе де дәйек таба алмай, ақыры желісті торы аттың тізгініне ерік беріп, шу деп жөнелген. Бар азығы өреден алған қос уыс құрт, жанторсықта шайқалған айран. Ұлы атасы Достан қалды десетін шолақ найзаны тақымына қыстырып, селебені беліне байлаған. Қамысты нудан да, қу тақыр шөлден де өтті. Талай құба белдің желбіреген көдесіне атын жайып, жалғыздықтан елегізсе де, үмітке емеурін артып тарта берген. Әйтеуір, қол өткен сораптан жаңылған жоқ. Үшінші күні кешке ну орман ішінде адасты. Айнала жартасты тау. Орман ішінің әлдебір аңының ащы даусы жартасқа жаңғырығып, төбе құйқаңды шымырлатады.

Ат тұяғы белгісіз сүрлеу тауып жүріп кетіп еді, онысы тығырық шаттың аузындағы қараша үйге әкеп тіреді. Аттың пысқырығы, өзінің қақырынғанына ешкім шықпады. Сескенсе де сыр бермегенсіп үйге енген. Ошақ астындағы отқа үңілген аппақ құдай қария көз қиығын болмашы жүгірткені болмаса, сол міз бақпаған қалпы жалынға тесірейген де қалған. Анда-санда әлденені күбір еткен ерні жыбыр-жыбыр. Сарғайтып барып бетін сипаған шал бір тізерлеген Жидебайға үнсіз үңілді де:.

— Ал, балам, жайласып отыр, — деді.

— Жүрісім тығыз еді.

Шал мырс етті.

— Жөніңді айта отыр.

— Достың немересімін.

— Ә, солай де. Білуші ем арғы атаңды. Баласы Қожаназарға өзің жасық болсаң да бөксең асыл, кек алар бір ұл туар деп айтыпты деген сөз бар еді. Жеткен екенсің ғой. Келер уағың болған еді.

Үйысқан аппақ қабағын ашып-жауып, асықпай сөйлеген қарияның қарлыққан үнінен мәңгілік тынысы келгендей. Кішірек қазанның бетін ашып сапырды да:

— Асыма ортақтас бол, бүгін қонып кет, — деді.

— Жоқ, ата, кетемін.

— Мені естуің бар шығар. Атым Сарқожа. Қанға неге асықтың? Асықпа. Жауласқан адам ұрпағының қияметінің басы мен соңы бұл емес шығар. Жүргіншің енді алыс емес.

Сөзден тосылған Жидебай қарияның қара көжесіне ортақтас болып, көнекөздің өзіндей кәрі мұңын тыңдап таң атырған. Жүрерде қария:

— Ұлы атаңа борышым бар еді, аманатыңды ал, — деп түлкінің тірі күшігін қоржынына салып береді. Туғаннан бері екі аяқты адамнан басқа тіршілік иесін көрмеген күшік Жидебайға бауыр басып, талай уақытта бірге болған кәрі жолдасы еді.

Қолдың алдын барлатып, соңын шолытып, сақтықпен жылжыған Абылай соңынан ерген жалғыз қараны күні бұрын білген де, «кеш қалған батырым жоқ еді, жау болса бүйтіп тапырақтап бой көрсетпес, сонда кім?» деп дағдарған. Түнемекке тоқтаған қолға бір бел жетпей аттан түсіп жата кеткен қуғыншыға тағы таңданды. Неткен бейқам жан? Әлде, бала ма? Жіберген шолғыншысы «қорылынан айнала үріккен біреу, кеудесі бүлк-бүлк етеді» деп келді. Таң ата ұйқыдағы қуғыншыға Абылайдың өзі келді. Көнетоз тонын жамылып, бөркін жастанып бала жігіт жатыр. Кеуде тұсы ерекше бүлкіл қағады. Қақырынғанына ояна қоймаған жігіттің найзамен тонының кеуде тұсын сәл көтерді де, жылт етіп, әрі қарай жасырынған түлкі күшігіне көзі түсті.

—Ойбай, — деп баж етті нөкерлерінің бірі, — аруақты бала.

Сыбыр-күбір күшейе түскен, бұған Абылай да пәлен деп басу айтпады. Несі бар, соңынан қуып келіп қолға қосылар балаң жігіттің де аруағы болса, оған жұрты сенсе, бүкіл қолдың жеңіске деген сенімі артпай ма. Жеңіс кілті жүректе.

Басын көтерген жас жігіт ханға сәлем берді.

— Қай туысқан боласың, шырағым?

— Есімім Әлмұхамбет. Жұрт қойған атым Жидебай.

Жас жігіттің үнінде байсалдылық, өңінде парасат бар секілді. Мығым біткен дененің бұлшық еттері шиыршық атып, жейдесін жыртып жіберердей. Елпілдеп тұрмағанмен, өңі жылы, кішіпейіл жігітті Абылай іштей ұнатты.

— Жау қолынан қаза болған атам Достың кегін алам ба деп едім.

— Міне, жігіт, — деп шу етті айнала тұрғандар.

— Тұлпар тайдан, батыр баладан еседі деген осы.

— Талабыңа нұр жаусын.

Абылай бүктеулі қамшысын көтерді. Қошеметшілер енді хан айтарынан күтіп жым болған. Әлдене дейді деген сұрау Жидебайдың да жүзінде.

— Жауабың дұрыс, шырағым. Жауда кеткен есені желкілдеп өскен жігіт қайырар. Біраз уақыт жорыққа машықтан, әзірше қолға қазаншы бол.

Ұзай берген топтың соңынан аңыра қараған жас Жидебайдың есіне Абылай туралы ел аузынан естігені түсті. Абылай да өзі сияқты жетім екен деседі. Жау жайлаған шаһардан қашып шығып, Төле биге түйеші бопты. Бидің бәйбішесі ақылды адам екен, баланың өр қасиетін бағып жүріп:

— Осы бала тегін жан емес, тектілік негіз бар. АЙран ішсе, түбін тауыспайды, ит емеспін аяқ жалар деп. Отырса дым болмаса тақиясын бөксесіне басады, осыны таза жұмысқа шығар, — дейді.

— Иә, тағы не қасиетін байқадың? - дейді Төле.

— Сен ол кіргенде селк ете қаласың.

— Қой, оның артық. Жаудан сесекенбеген басым баладан шошып не көріпті.

— Нанбасаң сол бала үйге кірерде шара толы сусын ұстап отыр.

Кешінде малдан қайтқан балаға сусын іш деп кейуана үйге шақырды. Бәрін біліп, естіп отырған Төле бидің шара ұстаған қолы дір етіп, ыдыстағы сусын етегіне тырс-тырс тамған. Сонан Төле би Сабалақ атты жалшысын жылқы бағуға шығарған екен.

Несі бар деп жұбатты өзін-өзі Жидебай. Өз көңілі «құрсанған жаудың шебін бұза кіріп, қирата бүлік салсам еді». Өз қатарынан да, өзінен үлкеннен де әзір ешкімнен жеңіліп көрген жоқ. Жаратушысы қолдаса, жауға үлес бермесіне көңілі кәміл сенеді. Несі бар?! Абылай бір кезде түйешіліктен бастаған екен, бұл, Құдайға шүкір, қалың қолдың қазаншысы. Әйтеуір, мал соңында ертелі-кеш мәңгіру емес, жау іздеген жасақ ішінде. Қан майданда мұның қолын ешкім байлап отырмас, кімнің кім екенін сонда көрсетер. Әзірше іздегенін тапқандай екен.

Қазаншы жалғыз бұл емес екен. Тап өзіндей бес-алты жас жігітке басшылық берген ақсақал жүр. Жидебайды жақтырған-жақтырмағаны белгісіз:

— Е, сен де келдің бе? - деген. - Қол-аяғың балғадай екен, тезек теріп жарытпассың, онан да таудан қу ағаш жұлып әкел.

Онда-мұнда жұмсаудан шал жалықпайды. Ара-тұра бәрін жинап әңгіме айтады, дүниенің опасыздығын еске алады.

— Мен де кезінде жорықшы болғам. Жығылған аттың астында қалып, аяғым сынып ақсақ, қолым қисайып бітіп, кемтар болып қалдым.

— Е, онда біз қолбасшының қарауында екенбіз ғой, — деп қуланады жігіттің бірі.

— Қысқарт, — деп жекіреді шал.

Қылжақой жігітті кәртамыш жауынгердің қамшысынан құйғытып өткен аттылының екпіні құтқарды. Бас қазаншы тобылғы сапты қамшысын селтитіп, ат тұяғынан ұшқан топыраққа көміліп, аңырыпты да қапты. Аттылы біреу емес, әр тұстан анталаған әлденешеу. Бәрінің қолында қапы кетпес қыл бұғалық, қақ сойыл Қаумалап қуғандары көзі тостағандай, жалы желбіреген қоян жон қызыл айғыр. Тегі тағы ма, әлде тағы боп кеткен жылқы ма, адам көрсе айбат шегіп, жекеге алдырмаған соң қуған екен, кеше бәріне шалдырмай кетіпті. Сонан бүгін сан тұсқа тоспа қойып, ұтылап қуып, сан жүйрікті болдыртып жүріп, бірнеше бұғалықты тастап үлгеріпті.

— Жануар тұлпар пішіндес екен, — деді бас қазаншы.

— Санап үлгердім, мойнына алты бұғалық түсіпті, — деді қылжақой жігіт.

— Жігіттің арманы ғой мынау.

— Әй, ұстатпас.

— Мана бір бұғалықшыны ат үстінен тымақша жұлып әкетіпті. Осы үшін бүгін босқа еру боп жатырмыз.

Тағы айғырдың қарқыны бәсеңдеді ме, әлде жабыла қуып, жолын бөгей берді ме, жиі-жиі ортаға қарай бұра берді. Кім ұстаса, ат сонікі деген хан жарлығы жеткен соң үміткер де көбейе түскендей, ептімін, мықтымын дескеннен ат үстіне мінбегені шамалы сияқты.

— Әй, мыналар бірін-бірі соғып, босқа кісі шығыны болмасын, — дейді үлкендер.

— Атқа алғаш мінуі ме? Жоқты айтасыздар, тақымы бос епсізі өзінен көрсін, ертең жауға шапқанда ондай немеден не үміт? - десті жігіт ағалары.

Тықсыра қуған тағы жылқы қақ ортадан өте бергенде бүйірден қосылған алпауыттай жігіт сарт еткізіп бұғалық тастап үлгерді де, мұндайды сан көрген аты аспанға секірді. Ар жағына көз ілеспеген, ат та, адам да шаң қауып қала берді. Жетінші бұғалықты сүйреткен тағы қазан -ошақтың жанына жете ескі жерошаққа сүрініп, қайта тұрғанша Жидебай қыл құйрықтан орай ұстап, тұра қалған. Босанып кетпек боп аспанға секірген жануар теңселтіп жіберсе де, ышқына тартып қайта түзелді. Тағы мен адам кезек жұлқысып тұрғанда қалған ел де жеті бұғалыққа құмырсқадай жабылған. Дір-дір еткен жануардың жонын өзі сипап, өзі алғаш рет жүген салды.

— Бәрекелді, тусаң ту, — деген хан үні тап желкесінен шықты.

Жайшылықта еңінен өжеттік есіп, көзінен уайым кетпейтін Абылайдың жүзін қуаныш кернеген екен. «Уа, халқым, осындай ұлы бар ел басқаға құл болмас» деген ризашылықты айнала үнсіз ұққандай.

— Хан, мен осы тағы тұлпарды сізге тарту еттім, — деп қалды Жидебай.

Абылай әлі іс көрмеген, жол танымаған жігіттен мұны күтпеген сияқты, сасқалақтап жан-жағына қарағыштады.

— Жорытқанда жолың болсын, Жидебай.

Хан жарлығымен Жидебайға тор сауыт берліп, ақтабан жүйрік сыйға тартылды.

— Не қалауың бар?

— Қолдың қарауылшысы етіңіз.

— Болсын тілегің. Жау қас маңдайдан ғана ұрмайды, ұры иттей тірсектен де алып, қапылыста көк желкеден де соғады. Артқы жақтың шолғыншысы боласың.

Соңғы жақтың шолғыншысы үш адамнан екен. Бұрыннан басшы есебінде келе жатқан шегір көз Көктұқыл батыр, екіншісі, көп жүргіншінің кейпіндегі елеусіз селдір мұрт шал. Кезек-кезек қосқа келіп ас әкеткендері болмаса,

сауысқаннан секем алып, қашқан аңның жүгірісінен сезіктеніп күн кешкен ғұмыр.

Көктұғыл қосқа кеткен күн еді. Әлденеден жүрегі тулап, шыдам кеткен Жидебай бекінісін тастай беріп, алдағы белге жортып шыққан. Арғы беттен бері беттеген екеудің бірі садағын асығыс тартып қалды. Жидебай ат бауырына түскен қалпы қарсы шауып, өлдіге санап тұрған жауын жақындай бере найзамен түйреп түсіріп кетті. Жанындағы тұра қашқанын ақтабан ұзатпады. Сонадайдан осының бәрін бақылап тұрған шал да жетті.

— Жарадың, балам. Жауды жасқанбаған жеңеді.

— Мыналарды не істейміз?

— Жаны кеудесінде болса, ханға апарамыз.

Жарақаттысын сауына қосақтап, ат арқасына таңып жатқанда Көктұқыл да келген. Мелшие қарап, дәрменсіз жауды қамшымен тартып өтті.

— Олжалы екенбіз.

Хан алдында Көктұқыл батыр жаудың екеуін де өзім түсірдім дегенге келтірген. Атын тебініп, қамшысын шошаңдатқан шал:

— Жалған айтады, мынау, — деп қалды.

Жалт бұрылған Көктұқыл ішіне қорғасын өзек салған он алты өрім дойырымен шалды тартып жіберген. Қамшы шалдың қаудыраған тонын тіліп түсті.

— Сен емес, жауды түсірген Жидебай, — деп шал көзі шатынай айқай салған. — Мақтаншақсың.

Екінші ұруға Жидебай жібермеді. Кектұқылдың қолынан қамшысын жұлып әкеткен. Ашудан түтіккен Көктұқыл Жидебайға найзасын ала ұмтылды. Бір-бір қабат сарт-сұрт соғысып өтіп, найза ұшын тор сауытқа тірей күш сынаса шіренісе кеткен. Қарсы жүрген екі аттың бірінің иесі, кеше абыройы асып жүрген Көктұқыл батыр сыпырылып түсіп, шаң қапты.

Қол бастаған жорық үстіндегі хан алдында бейбастыққа жол бермеуге тиіс еді, қас қағым сәттегі уақиғаға ешкім кедергі келтіре алмады. Ханның абыройы ғана емес, қолдың бірлігін ойлаған Жеті жарғының бұл үкімі аяққа басылды. Ескінің жолы бойынша екеуі де жазаға тартылуы тиіс.

— Шалдың айтып тұрғаны рас па? - хан үнінде кешірілмес зіл жатқан.

Әлі өзіне келе алмаған Жидебай бас изеді.

— Қанда найзаңды, — деп хан Жидебайға тұра алмай жатқан Көктұқылды нұсқады.

Айнала сілтідей тынған. Көбі хан шешіміне риза сияқты, біразының жүзінде «пендешілік кімде болмайды» деген Көктұқылға аяушылық бар. Хан үкімін естіген Көктұқыл Абылай алдына кешірім сұрай жата кеткен.

— Хан, найзамды алғаш рет елдің ақымағы менен адасқанына емес, жауыма сілтесем деп едім, — Жидебай ханның екі бұйрық етпесін білсе де «осыған тоқтадымға» сайып, найзасын тақымына қыстырған.

— Жігіттің сөзі толық, — десіп хан кеңесшілері қозғалақтады.

Іштей тынған сарбаздар арасында да құптаған гуіл жүгіріп өткен. Болсын дегенді білдіріп Абылай орамалын сілтеп еді, риза болған кепшілік «Абылайлап» әруағын онан әрі кетеріп әкетті.

Кезінде Абылай да пендешілікті, көреалмаушылықты аз көрмеген деп еститін Жидебай. Желкілдеп өсіп, жұрт арасында беделінің көтерілуін талайлар қызғанса керек. Жастың абыройын төгіп, қатты сүріндіруді ойлаған қаскөйлер қатал сынақ еткізбек екен. Ел сенімінде жұрт бастар көсем менен қол бастар батырда аруақ болуға тиіс. Бірақ күні бүгінге дейін онысын не көсем, не батыр дабырайтып жаппай жұртқа көрсеткен емес.

Ел «көрдік» дегеннің сөзіне ғана сенетін. Дұшпандары дүйім жұрттың алдында Абылайдың аруағын, бар қасиетін көрсетуін талап етіпті.

— Сен қаңғыбас, халықты босқа алдама, — десіпті-міс. Сәскеде ақ үйінен шыққан Абылай қорамсақтағы жалғыз жебесін алып «бисмиллә» деп ауаға қоя салған екен, сұр жебе әлденеге қыстырылғандай қалықтап тұрып қалыпты-мыс. Сонан бері «сағымға сұр жебесін ілген» Абылай атаныпты деседі.

Көктұқыл батыр шолғыншылықтан шығарылып, сарбаздар қатарына жіберілген. Жидебай ханның сеніміне, қараның көңіліне ие болғандай. Алдыңғы шепті

барлаушылыққа қосылды. Жау еліне таянған сайын жүріс те қилы-қилы. Анық бет шығыс түс болса да, тіке терістікке салып үдете жүріп алады да, тағы шығысты ұстап, сақтықпен жылжиды. Бір орыннан айналып кері шегінетін, не түстікке қарай тартатын кездері де аз емес. Бұл не деп жатқан да ешкім жоқ.

— Абылайдың айласы, — дейді де қояды.

Қолдан күншілік жерге ұзап кетіп, жау елінің тынысын аңдыған Жидебай тобы жасақты жаудың үстінен шыққан. Алыс-алыс күзет қойып, қаперсіз бейбіт жатқандай.

— Бұл жаудың бірінші шебі, — деген ақырын ғана кәрі жауынгер.

— Соғысар жер осы ма? — деп сұраған әлденеге делебесі қозған Жидебай.

— Оны мен қайдан білем. — Кәрі жауынгер «сен әлі бала екенсің ғой» дегендей Жидебайға барлай қарап, мырс етті.

— Жау болған соң тимейміз бе?!

— Біз барлаушы ғанамыз. Сыр беруге хақымыз жоқ. Дұшпанға білдірсең, құрығаның.

— Күш атасын танымайды деген қайда?

— Батыр бір оқтық дегенді де ұмытпа. "Тоз-тоз болған еліңнің бала-шағасының көз жасы біздің мойнымызда. Біреуден өлгеннен, не өлтіргеннен келіп-кетер шамалы.

Бейқам жатқан қалмақ қолының хабарын естісе де, Абылай бұйрық бермеді. Сақтықты күшейте түсіп, күндіз ну орман, қиын шатқа жасырынып, түн баласы үдете жүруге кіріскен. Күндіз жарым жортып, жер байқап, түнде тағы қолға ілескен барлаушыларға қиындық түскен. Бұралаң жүріспен жау ішіне ендеп еніп, үшінші күні садақ тартып, күш сынасқан ерулі қалың елге жолыққан.

— Жаудың алтыншы қабатына іліктік, бұл құба қалмақ, — деген кәрі жауынгер.

Барлаушының хабарын естіген Абылай атақты батырларын шақырып кеңес құрған. Көпшілігі жедел тиісуді жақтайтын сияқты.

— Жау елінің жүрегіне ендік, жан-жағынан көмек күтуге үмітсіз еттік. Бізді бейбіт жатқанда шауып, шұбырынды етіп еді, біз әуелі үркітіп көрейік. — Абылай қатуланып,

жанары сұп-суық от шашып, жауын сықырмен арбағандай далаға тесірейе қалған.

Жеті жерден ту көтерген қазақ қолы жауды орағыта айналды. Қазақ туын көрген жонғарлар у-шу. Қас қағымда мыңдаған үй үрке көшті. Көк темірге құрсанған қарулы жасақ топ-топ боп сап түзеп, мал мен жанды ортаға алып үдере жөңкілген. Иен далаға қарай бет түзеген көшті биенің екі-үш сауымындай уақытта еркімен жіберген Абылай, енді тағы бір қолдың алдынан шығып тоқтатуына бұйырған.

Қалмақ қолы соғыспай бериспеймізді танытып шеп құрай тоқтады. Әскери кеңесті тағы ашқан Абылай:

— Енді жауды алудың тиімді жолын айтыңдар, — деген. Сабырлы, салқын жүзінде іштей есебінің мол екені сезілгендей. Кеңес ашуы — қол бастаған батырлар соғыс өнеріне шыңдала түссін, озық ойлысын танып алайыны сияқты.

— Жау әлі өз-өзіне келмей тұрғанда тию керек.

— Жекпе-жек сұрайық.

— Үстінен малды қаптатып жіберіп, есін шығарайық.

— Мейлі, қазір демалсын, түнде тиіп, тоз-тоз етейік.

— Бәрекелді, түнде өзіңді-өзің де соғып өтпейсің бе?

Қол бастағандардың ойы бір жерге тоғысар емес. Әркім өз дегенін дәлелдеп, осы қалай дегендей Абылайға жалтақтаған. Хан сыр берер емес, шоқша сақалының ұшынан ұстап, асықпай тарамдап, бәрін үнсіз тыңдаған.

— Дат, тақсыр.

Манадан босағада отырған жас барлаушыға бәрі жалт қарады. Бүктеулі қамшысын жерге тіреп, бір тізерлеп отыра қалыпты. Өңі бал-бұл жанады.

— Айтарың болса айт, Кәне!

— Қалмақ қолы көкбекті жерге тоқтады. Бата алмаған боп кейін серпіліп жатайық. Сонда олар аттарын отқа жібереді. Ертең осы уақытта көкбек жеген ат тегіс тышқақ боп, мінуден қалады.

Отты жанарын табалдырықтан алмай мелшиген Абылай кеудесін көтере түзелді.

Өне бойы уайым мен мұңнан арылмайтын кезінде қуаныш оты жылт-жылт.

— Міне... — Жан-жағына масайрай қарады. — Асыл тастан, ақыл жастан деген осы. Осыған тоқтайық. Аруақ қолдасын сені, Жидебай.

Ертеңіне сәске түсте аты мінуге жарамай жаяу қалған жау қолы жөнді қарсылық ете алмады. Бірен-саран жаяу соғысқан жау тобы жер жастанды. Олжаға кенелген қол енді жау қамауына қалмас үшін тез кейін серпілген. Ішкі жағынан дұшпан күтпеген жолдағы шептер де ұрыса алмай быт-шыт боп қашып жатты.

Олжа бөлісерден бір күн бұрын Жидебай түс көрген. Түсінде мүйізіменен көк тіреген Зеңгі баба:

— Ой, Жидебай, мені қорсынба, халқың сыйлаған төрт түліктің бірімін. Түбі ырыс болармын, мені ал, — деген.

Абылай:

— Әуелі қалағанын жас батыр Жидебай алсын, — деген.

Жидебай оқшау тұрған тоғыз бұзаулы сиырды алып, еліне қайтты. Аулына батыр атағы, олжалы хабары жеткен екен. Өгей шешесі Апар күншілік жерден «құлыным» деп жылап қарсы алды.

— Апа, мынау сізге деген тартуым, — деп Жидебай тоғыз сиырдың бас жібін шешесінің қолына ұстатып тынған.

Қазақ-қалмақтың шабысуы ұзаққа созылып кетті. Ашық айқаста әлденеше жеңіліс тапқан жау енді жеке-жеке бейбіт ауылды кенеттен тонауға көшкен.

Соны қонысқа жаңа қонып, көңіл жетермен жас марқаның етіне ортақтасып, кештетіп барып жатқан. Алыстан жеткен қарлыққан айқай түн ортасында жұртты дүрліктіріп, шал-шауқан дірдектеп далаға шыққанша иесі де ат сабылтып жетті.

— Алып кетті.

— Уай, не айтып тұрсың?

— Бәрін түре қуып кетті. Сытылып шыққан мен ғана.

Қандай күн болады деп Жидебай бір топ саяқты бөлек жайдырушы еді. Аттарды сайға бекітіп тастап, қаннен-қаперсіз жатқан баланы тауып, қуғыншы шыққанша сәске болды. Түс ауғанша соңынан қуғыншы келмеген соң жау да жайбарақаттыққа салынған сияқты. Сойылдап қуып айдаған із енді жайыла түсіп, әр жерде жылқының тұрып тезек тастағаны көзге шалынады. Қуғыншылар жауға бесін

шамасында жетті. Алпыс шақты екен, есік пен төрдей торы атқа мінген еңгезердей басшысы көлденеңдеп, жекпе-жек сұрағанын танытты.

— Аруақ!

Әлдебір үлкеннің шын көңілден шыққан сиынуымен Жидебай да ортаға шыға берген. Алғаш кезекті алған жау батыры Жидебайды найзамен шірене шанышқан, қапы кетті ме, өкіне бас шайқады. Найзасы сауыттан өтпеді. Жидебай найзасы да дұшпанының сауытын жыртса да денесіне дарымады. Қарсыласы ес жиғанша шапшаң қимылмен атынан аударып еді, бір тізерлеп барып, тез тұрып үлгерген жау батыры Жидебай атының шаужайына жармасып, ат үстінен өзін жұлып алмақ болып, онысынан ештеңе шықпаған соң қылышына жармасты. Үлгертпеді Жидебай. Атқа еңгеріп әкетіп, кеудесіне қанжар салып, қайта лақтырып тастаған. Батыры өлген жау, серкесіз табын, дүрліге қашты.

Малын оңай қайтарып, оңай жеңіске жеткен Жидебай да, соңына ерген азғантай топ та желпініп, олжалы жорыққа белді бекем буған. Ауылға мал менен екі-үш отағасы қайтты. «Бәрінің іздейтіні - олжа, батырдікі - намыс» дейді екен, сан жеңіліп үріккен жау алысқа шырқап кетіпті, тап-тұйнақтай бекініпті. Ай жүріп шалдығып, енді елге қайтсақ деген жолда ойда жоқта адасқан. Айсыз қараңғыда жол іздеген Жидебай пілте тұтатып, топты соңынан ертті. Таң ата ат суытып жүрмек еді, белден аса жайылған қалың малға, сәнімен жылжыған кешке көзі түсті де, ұры сайға қайта кірді. Ұзап кеткен көш соңында тігулі ақ шатыр қалған.

— Мұнысы несі? — деп бәрі таң.

Таяй берген белгісіз топты көріп шатырдан шыққан үшеу лып етіп атқа қонған. Атына сенімді ме, әлде дос-қасын білгісі келді ме, қашпады. Қазақ екендерін танып үлгергенше Жидебай тобы да қоршап қалған. Үшеудің бірі шал, қалған екеуі жасөспірім қыз. Шал басындағы бөркін жерге бір-ақ ұрған.

— Кешеден бері мен көрмеген бір жұлдыз батыстан батпап еді, сен екенсің ғой. Осынша қапы қалғаным. Ең болмаса ныспыңды айтшы.

— Құдайға айта барайын деп пе ең? Жидебаймын.

— Ә, солай де. Естіп едім қазақта соңдай біреу бар деп.

— Естісең сол

Шал түсініксіз тілде қыздарға бірдеме деп қалды да, аңдаусыз тұрған жігіттер арасынан сытыла қашты. Аты ерен жүйрік екен, сипатпай кеткен қалпында ұзай берді. Айнала қашқан екі қызды ұзатпай ұстап әкелген. Көзінде жас мөлтілдеп, ендігі тағдырына еріксіз мойынсұнған екеудің үлкенінің аты Құлғана, кішісі Бөдене екен. Бөденені Жидебай Әлтекенің бір ұрпағы Жарасқа сыйлап, өзі Құлғанаға иелік еткен.

Ой-хой, дүние! Жазғы күнгі қызғалдақтай құлпырған Құлғанамен отасуы ұзаққа бармапты. Тағы бір жорыққа кеткенінде мерзімді уақытында оралмаған Жидебайды ел қазаға ұшырадыға жорыпты да, жап-жас Құлғана сұлуды Мырзағұлға қосыпты. Кейін іште кеткен балаға Құлғана Қазақпай деп ат қойғызып, оның Жидебайдан екенін жасырмаған екен. Татамын деген дәміңді, көрер қызығыңды, сүйер ұлыңды басқаға бұйыртқан тағдыр ойынына не айтарсың.

Жидебай әйелсіз емес еді. Айттырып әперген бәйбішесі, осым қалай деп алған тоқалы кезек күтіп-ақ қарсы алған. Әуелде жорықтағы олжасы есепті Құлғананың орны бөлек екен, бірдеңесін жоғалтқандай шырқ айналып, қоңылтақсып қалды. Қызғаныштан қуып тындың-ау деп бәйбішесімен де алакөздеу. Қоңылтақсып жүргенде хан тағына біржола отырған Абылайдан шақыру жетті. Үйге де сыймай, түзден де жеріп жүрген шағы еді, сылтау айтып бармады.

Үйде жатып та барқадар таппай, күзде керней кәрі Есей батыр бастаған топқа ілесіп кеткен еді. Ауылдан шыққан түні-ақ аңдыған жау жоқтай-ақ қаперсіз ұйықтаған қырық жігіт ертемен жаяу қалғанын бір-ақ білген. Із жобасына қарағанда жиырма шақты кісі сияқты.

— Бетке шіркеу, сүйекке таңба болды, — деп күйзелді кәрі Есей. — Алдырып қайтқаннан өлгенім артық. Мен ізбен қуамын.

— Мен сізбен біргемін, — деді Жидебай.

— Жә! — Тағы шошаңдаған біреулерді Есей тыйып тастады. — Сендер елге қайтыңдар.

Жау соңынан кеткен екеудің артынан қарап біраз тұрып, найзаларын шолтита кесіп таяқ еткендер кері бұрылды. Бұ жердің кейін Найзакескен аталарын олар біліп пе. Өзегі талып ашығып, қаны кеуіп шөлдеген жаяулар кештете жеткен белдің тап етегінен тігулі ақша отауды көрген. Иесіз үй, дайын дәмге кезіккендер елге тіке жетуге асықпай осы жерде жауды қуа кеткендерді біраз күтуге шешкен. Ақша отаулы жердің кейінде Ақшатау делінерін кім білген.

Қос жаяудың алдыңғысы Жидебай кәрі Есейді аяп, жалтақтай берген. Намыс буған кәрінің жүрісі ширақ, қабағы қату.

Найзасын беліне көлденең ұстап, өкше ізінен бір қалар емес.

— Шират жүрісті, — деді.

Біраздан соң:

— Осы жүрісім қалай? — деп сұраған Жидебай.

— Мұның да аз, аяңшыл аттың жүрісіндей ғана.

— Ал, ендеше.

— Міне, мұның тәуір аяңнан артық, желістен төмен. Бүйтпесек қуып жете алмаймыз. Жидебайды ерткен кәрі Есей келсін деп олар бізді күтіп жатпас.

Көз қиығын Есейге тастаған Жидебай бал-бұл жанған түрінен, ашылған қабағынан ризашылығын сезді. Тоғыз қой терісінен бір тон ғана шығады десетін Есейге. Ат көтере алмайды екен, жатаған торы биесін ғана мініп, болдырса, өзі арқалайды деген де сөз бар. Осы елдің бар тәуіріне бала жасынан көңілі ауған Жидебай Есейге де құлағы түрік. Кәрі батыр артына талай аңыз тастаған.

Шығанға шығып, жалғыз жүре беретін батыр жаяулықтан шаршап қыс ішінде қалың қараған ішіне қисая кетсе, жау жылқысы үстіне кепті. Бір ту биені тоқтыдай алып соғып, арқалап әкетіпті. Ертеңіне ізімен жеткен тоғыз жылқышы түндегі ісінен, көз көрген пішінінен қорқып, тіл қата алмай кетіпті десетін.

Жорыққа шығарда жалаңаяқ Әз деген әулиеге бал аштырады екен.

— Барасың, шабасың, аласың, — деп қысқа қайырған Әз аз ойланып, — сонда жабағы жүні түспеген буырыл тай бар, түбі маған бересің, — депті.

Сол Әзге берген тай тоғыз жылда биік шарбақтан байлаулы тұрғанда қарғыған ат бопты. Әлдебіреулердің азғыруыменен соны мінуге сұраса, әз бермепті. Шарбақтан рұқсатсыз шығарып әкетіп бара жатқан Есейдің жолын кескестеген Әзді қағып жіберген екен, назасы қатты Әз әлденені күбірлеп отырып қапты. Үйіне келсе тоғыз ұлы тегіс сұлап жатыр-мыс.

— Ойбай, не істедің? — деп жылайды бәйбішесі.

Әр уақыт өзіне тілеулес әулиені ренжітіп, қателік еткенін енді білген Есей Әздің аяғына жығылған екен, жалғыз аттан басқа дүниені төрік қылған қария:

— Менде енді не ерік? Атқан оқ қайтпайды, бірақ ұрпақсыз болмассың. Әй, бекер еттім-ау, — деп өкініп қала беріпті.

Жорыққа Қабанбаймен аттанбақ екен. Қолды түгендесе, Есей жоқ. Іздеу салса, әзбенен әуреге түсіп, кешігіп, түйеге мініп, Қарауылшоқыда жалғыз тұ.

— Неге келмедің?

— Осы жақтан жау өткізбесем болмас па? Әрі Әз әулие үш түнде екі қатер бар деп еді. Ұйықтама. Бір жарық көрінер, ол дәу. Екіншісі адам бейнелі Жезтырнақ сол аңдиды деген.

Ел қорғаны болған батырының абыройын асыра сөйлейтін жұрт Есей тасты тасқа ұрып дәудің көзін шығарып өлтіріпті, қосының ішіндегі өз орнына ағашты жатқызып, жезтырнақтан құтылыпты десетін.

Әр жерде ат суытып, аз-мұз аялдағаны болмаса, үрдіс жүріске салған жау жеткізер түрі болмады. Қалтадағы жалғыз малтаны ас етіп, өзек жалғаған екеуі қауданы қалың қараған ішіне құлай кетіп, түн өткізді. Ертеңгі сәскеге дейінгі жүріс те жаудың асығыс жүріп бара жатқан нышанын танытқан. Жау жұртындағы ыстық қоламта, шала мүжілген сүйек, апыр-топыр асығыстық.

— Ә, — деді Есей. — Ішінде жауырыншысы болды. Ол қуғыншы барын айтып, дегбірлерін алып келеді. Ендеше біз де айла жасайық.

Кәрі Есейдің ұсынысымен екеуі тымақтарын теріс айналдырып, көйлек-шалбарды, шапанды алдын артына қарата киіп, етік ұлтарағын өкшеге қарай салған.

Кейін ел арасына тараған аңызда жау жауырыншысы бал ашып:

— Екеуі соңымызда, киімдері әрі қарап, беттері бері қарап тұр депті-міс.

— Сен не сандалып отырсың? Етігі әрі қарап, өзі бері қарай жүретін кісі бола ма екен. Алжиын деген екенсің, — деп ұрысыпты басшысы.

Қайта-қайта екі-үш мәрте бал ашқан жауырыншыға осы көрініс түсе берген соң, жау қуғыншы кеттіге санап, олжа малдың ішінен семізін таңдап сойып, еру жасапты. Бұл әңгімені кейін өзі сан естісе де, мынасы дұрыс, не бұрыс деп Жидебай түзету енгізген емес. Құмалақшы-жауырыншыға сенетін қалың елдің көңіліне шүбәлану пікірін тастағысы келмеді ме, әлде шын солай ма, ол арасы бүгін де құпия.

Бесін шамасында жүгіріп дөң басына шыққан жау шолғыншысын көріп, екеуі де жалп етіп ши түбіне құлай кеткен.

Әрлі-берлі күн салып қараған шолғыншы атын тебініп қайта асты.

— Енді алыс емес.

— Иә, сәт.

— Бізді қайтып кеттіге санап, еру жасап жатқан сияқты.

— Шолғыншысы да бейқамдау сияқты. — Жидебай осым дұрыс па дегендей Есейге қараған. — Ең болмаса қайта айналып бір көрініс бермеді.

— Оның рас. Бірақ істі енді бүлдіріп алмайық.

Жалп еткен жапалақ көрсе жер жастана кетіп, сақтықпен бүкеңдей жүгірген екеу әлгі біразда шолғыншы тұрған дөңнің қырқасына шығып, жатаған обадан әрі қарай сығалады. Болжамдары дұрыс екен. Аламан жаудың көңілі енді орнығып, ақ май, қызыл етке енді ғана еркін араласқан сияқты. Сол жақтан ескен жел лебі кей-кейдегі көңілді күлкіні де жеткізіп қалғандай. Бейқам. Кейбірі тоқымын жастанып, тәтті ұйқыға да кеткендей. Сірә, басшысынікі болар, жараулы қақ торы атты ғана ұзын арқанмен ұстап, қалған жылқыға тұсамыс салып, өріске жіберіпті.

— Мыналар тура той жасап жатқандай ғой.

— Үндеме, бәрінен қызығы кейінгі той. — Есей басын обаға тіреп шалқалай жатты. — Енді асықпалық.

— Мен елеусіз барып бар атын қуып әкетейін бе?

— Асықпа, Жидебай. Қақ торыны да алу керек, ол үшін түн жамылғанымыз дұрыс.

Қарауыта кеш те батты. Жұлдыз туа, алакөбең шақта көлеңкедей жылжып етекке түскен екеу тағы ақылдасты.

— Сіз, — деді Жидебай, — ана тұсаулы малды қазір босатқан соң біріне мініп, бетін бұра беріңіз. Мен қақ торыны айналдырып көрейін.

— Жарар, — деді құптаған Есей. — Бірақ әуелі бар малды босатып, алға салып алайық. Сонан соң қақ торыға барарсың. Менен гөрі жүрісің ширақтау ғой, бірақ байқа, қолға түсіп қалмасты ойла.

Өзек жағалай тұсаулы жылқыға жеткен екеуінің малды босатып, бетін бұруы ұзаққа созылмады. Қақ торыға қайта айналып келген Жидебай қыл арқанды шешіп «осы жау не деп жатыр екен» деп, тың тыңдауға аз-мұз аялдаған.

Кейінгі айтушылар онан арғысына тағы аңыз қосқан. Жау басшысы:

— Әй, манағы екі қазақ қайда екен, соны байқашы, — деп бұйырыпты.

Қу жауырынды отқа әрлі-берлі сүйкеп өткен балгері қарап жіберіпті де:

— Ойбай, алып қойды — деп баж етіпті.

— Не дейсің?

— Алып тұр ғой, қақ торыға аяғын салып тұр ғой. Тартшы ана арқаныңды.

Қақ торыға қарғып мінген Жидебай тура орталарын жара ұрандап, кес-кестегендерін атпен қағып, найзамен жасқап өте шыққан. Әттең, сол, күндер қайтып келер ме.

Хан шақыруын құп алмай, өз бетімен тағы жол таппай, ауылын айналсоқтаған Жидебай өзін торыған жаудан сескеніп, жартылап бекініс үйшік салдырып еді. Күндізгі мекені сол жер үйі болғанымен, түнемелікке ағаш ішіне кетіп, арғымағын бәйтерекке байлап, жыраққа жібермейтін.

Хан тағына біржола отырған Абылай ұнаса тыңдап, жақпаса жөңкіле көшіп, жөніне кете беретін елдің басын біріктіру үшін ел жақсысын маңына топтауға тырысқан. Шақырғанда келмеген соң Жидебайдың бір өкпесі болар деп топшылады. Айбыны асып тұрған Абылайдың

шашпауын көтеруші кейбіреулердің әпербақан ұсыныстары да кезіккен:

— Хан сыйламады деген не сұмдық?

— Қол жіберіп, айдатып алу керек.

— Бір жеңнен қол шығарамыз дегенде, осындай қыңырлар да қажытып бітеді. Жалпы жұртқа бір сабақ жасау дұрыс.

«Бір жеңнен қол шығарамызы» көкейіне қонып, бола алмай жатқан іс қынжылтса да, қыңырды бүйтіп тізгіндеу басқа елде болса да, бүгінгі қазаққа жөн емесін Абылай жақсы түсінген. «У ішсең, руыңмен іш» деген ұран байына да, басқасына да бірдей. Өзім араз болсам да намысым бірге дейтін руласы сойылын көтеріп, шадырайып шыға келеді. Ресейдің байлап қойып сабап, матап айдатуы, бұл жұртқа, тап бүгін қазаққа жат Құдайдан басқа сіңіре алмас салт. Ендеше бүгін шаңырағын көтерген мемлекеттің іргесі әбден бекігенше дала заңын бұлжытпай орындап, қыр көкжалын ақылмен үйіре білгеннен басқа не жол бар.

Жеті жарғының үлкені Бұқар жырау да Абылайдың қол жұмсамағанын қалайтын сияқты. Тіс жарып үндемегенімен емеуріні солай. Емеурінін танығанмен, тағы қосары бар ма екен ниетімен:

— Не айтасыз? — деп сұраған.

Бұқар ақ жібекпен таңулы жағын сәл босатып, сүзе қарады:

— Не айтайын, қазақтың ақылсыздықтан бірін-бірі қырғаны аз ба.

— Не істе дейсіз?

— Тілдес.

Келер жылы көш-қонын Арқаның төріне қарай бұрған Абылай Жидебай ауылы мекен еткен тұсқа жақындап кеп тұрақтаған. Көрші ауылдан Жидебайдың үйшігінің тұсын анықтап алып, жанына жалғыз нөкерін ерткен хан жер үй маңын білдірмей шолып өтіп, өз шатырын ғана осында әкелуін тапсырған.

Таң ата екі адамын Жидебайдың жатағына жіберіп еді, кешікпей қайта оралды. Аты отта, өзі кеуектастың алдында ұйықтап жатқан батырдың сұсты өңінен оятуға батпаған.

— Не көрдіңдер?

— Тым сұсты екен. Қыбыр етсем, көк сүңгісінің өзі шаншатын көрінді.

Абылай мырс етіп күлді.

— Шабу қашпас. Аз ғана қазақты құрай алмай құртып алмайық. Шабылған ел — ел болмас.

— Енді не істейсіз? — деп сұрады нөкерлері.

— Тиіспеңдер, өзі оянсын.

Кісінескен ат даусынан оянған Жидебай атына ұмтылмады. Хан шатыры көзіне жылы ұшыраған. Япырмай, Абылайдың жүрісін сезер ешкім болмас деді іштей. Жаяулап кеп шатыр ішіне бас сұғып.

— Ассауламағалейкүм, хан алдияр, — деп сәлем берген. Сәлемін алған Абылай: — Ә, Жидебайым, жоғары шық, — десе де, онан әріге бармай, барлай қарап, қабағын қарс жауып, біраз отырды. Хан ниетін тани алмаған Жидебайда да үн жоқ. Қырдың көкжалы менен сан жауға ойран салған сайын даланың арыстаны үнсіз арбасты.

— Шақырғанға неге келмедің? — Хан үнінде зіл де, наз да жатыр.

— Талай хан өтіп еді, азулы ма дегеннің талайы үміт ақтамапты. Ел бүлінді, жау басынды. Сенің де атың дардай. Ісіңді жақсы бастағаныңмен, әрісі не болады десті бірінші соған көзім жетпейді.

— Екіншісі...

— Екіншісі, хан сайланып, Көкшеге кетіп бара жатып жол үстіндегі біздің ауылға ат басын бұра кетпедің. Бұған өкпеледім әрі тәкаппар ма деп қалдым. Орынсыз тәкаппарлық ел үркітеді.

— Жақсыны жағадан алмас болар, қолтығынан демеу — жақсының ісі. Жақсы жақсы істің сыртынан қарап сын айтпайды, тер төгіп жүріп шын айтады. Бұл біріншіңе. Аулыңнан аттап өткенім не аңғалдық, не асығыстық болар. Оған кешірім ет. Бұл екіншіңе, — деді сабырмен Абылай.

Сөз төркінін түсініп, жүйелі сөзге тоқтап үйренген Жидебай шын пейілімен разы боп қалды.

— Мен сендік, тақсыр, — деп хан алдына жүгінгенін өзіне мін санамаған.

Жорыққа дайындалған Абылай үш жүздің келмек әскерінің басын қоспаққа біраз аялдаған. Қаракесектің

кейінде енді аты шыға бастағаны Жарылғап пен Деріпсалы да осында. Күні бойы найзаласып күш сынасып, садақ тартып жаттыққан жігіттерде дамыл жоқ. Кей-кейде жанына жалғыз ғана жолдас ертіп, көптің біріндей елеусіз киініп, жасағының тірлігін байқайтын Абылай айнала қамысы кісі бойы тұңғиық қара суда жалғыз жүзген жігітті сонадайдан байқап, Жидебайға иек қақты. Хан көзі жоталы жауырынды қақ бөле біткен ұйысқан қара қылға түскен сияқты.

— Тұлғалы екен мына жігіт, атын білші, — деген.

— Біздің елдікі, аты Жарылғап.

— Ә, дұрыс.— Абылай Жидебай үніндегі мақтанышты танып, жымың еткен. — Өзіңнен кейін шыққанға көңіл толып, сүйінесің.

Жидебай жас Жарылғаптың биыл ғана он тоғызға толғанын, туғандарының рұқсатынсыз осы қолға кеп қосылғанын да білетін. Жас жігіт бар қазақтың намысын жыртқан дуалы ауыз қаз дауысты Қазыбек биден бата алуға да өз бетімен барған. Жігіттің бітімі, сөз саптауы ұнаған қарт баба майданға мінсін деп Қылышқыр атты ат ұстатып, батасын беріп аттандырған еді.

Қазақта кеткен есесін аламын деп Қаратауға қайта сұғына кірген қалмаққа «мен бара жатырмын» деп күні бұрын хабар салған Абылай бұл жолы тайсалмай, айла-әдіс те жасамай тура келген. Майдан алаңына кештетіп жеткен қазақ қолының шамасын білмеген жау жағы да тарпа бас сала алмады. Жолдан шалдығыңқырап жеткен қол түніменен алау жағып, кезек демалып, ертеңгі ұрыс қамын жасап жатты. Мұндайда жатпайтын барлаушылар жау қолының орналасуын, сан жобасын мөлшерлеп, ханға хабарлап, омартаға бал тасыған арадай бірі келіп, бірі кетіп жатқан.

Күн сәскеге таяй дабыл қағылды. Біреуге үміт, біреуге үрей ала келген дабыл үні екі жақтың да сарбаздарын аяғынан тік тұрғызып, қан майданды сезіп арқыраған арғымақтардың арқасына қондырған. Бір сәт кісінескен ат, қару сыңғыры әуеде тұнып, әзір басталып кеткен ештеңенің жоқтығы ғана басқа шапқан қанды басқан.

— Жекпе-жек!

— Жекпе-жек!

Көзіне қан құйылып, жауыға қараған екі жақтың әскері де қан аңсай қалған. Алғашқы қан-қан майданның ашу қыздырары сияқты.

— Жекпе-жек!

Ортаға қалмақ жағынан мұздай құрсанып, күрең атқа мінген ала көз дәу шыға берді. Ол жақтан шуылдасқан қошемет үні де жетті. Қазақ жағы тосылғандай. Өлімнен қорыққандық, қашқандық та емес, мына дәуден мерт болса, ұрыс алдында жасақтың сағы сынады-ау дегендік еді. Сан шайқасты бастан кешкен батырлар мына ала көздің жекпе-жектің албастысы екенін, сан боздақтың қанын ішкенін жақсы білетін.

— Кім шығады? — деп қалды тосылған жұртына Абылай. Қолдың орта тұсына қимыл еніп, мұрты тебіндеген жас суырыла берді.

— Мынау біздің Жарылғап қой.

Жарылғаптың атын естіп нағашысы Байқозы батыр жанамалай жетті.

— Алла жар болсын, жиенжан.

Қолдың алдына шыққан Жарылғаптан Абылай:

— Шығасың ба? — деп тағы сұрады. Сірә аяйтын сияқты.

— Шығамын, алдияр. Жер өзімдікі.

— Ендеше Жарылғапқа Дәлекудың кер атын беріңдер, — деп бұйырды Абылай.

Жер тарпыған керге көз қиығын салған Жарылғап:

— Тақсыр мынаны қоя тұрайық. Бұл аттың алды аласа, шоқтығы биік, ұрысуға ыңғайсыз. Өз атым жақсы, — деді.

Жас жігітке батасын беріп, ортаға шығарған Абылайды үміт те, үрей де билеген. Қазақтың намысын қолдан беріп қоймаса игі еді.

Жекпе-жекке шыққан Жарылғап қалмақ батырынан көк сауыт жаппаған алақандай жер таппады. Япырмай, қайтпек керек? Жалғыз күшке алдырмасына көзі жеткендей. Таяна берген қалмақ найзасын ыңғайлап, өлім мен өмір алдында қарсыласына сәлемдеспек боп иегін көтерген. Иек астында тор сауыт жаппаған көздей тесік бар екен, көздей тесікті

сол бетте дәлдеп ұрған Жарылғап жауын көз ілеспестен шаншып түсірді.

Лап қойысқан қол миқы-тиқы араласып, шаң-шұң қағысқан қайқы қылыш, өкірген дауыс, шошына шыңғырған ат үні басып кетті. Көппен бірге жауға тиген Абылай да жас батырдың аруағын көтеріп «жас Жарылғаптап» шапқан. Жарылғап есімі көптің аузында, бүгінгі жетер жеңістің аруақты кілті тәрізді. Батыры өліп, рухы сынған жаудың бұл екпіні алғаш лебі ғана екен, кешікпей тайқып шыға берді. Қашқан жауға қатын ер, аты жүйрігі болмаса құтыла алмай не найзаға ілігіп, не жан сауға сұрап қолға түскен. Жаудың ту тіккен шатырына бұрын жеткен Жарылғап қарсыласпақ болған дұңкиген біреуін қағып жіберген, екіншісі мұрты шықпаған жас жігіт екен, жығылған жолдасына сүріне құлаған. Ұшып түскен бас киімнің астынан шекелеп өрген қос бұрымы төсін орады. Қыз. Үлбіреген қалмақ қызы. Жас қыз көп тұтқынның бірі болды.

Қашқан жауды қуған жігіттер жау жолында қалып қираған қазақ аулының үстінен шықты. Өлгенін жоқтап азынған ел, өксігін баса алмаған тұл жетім бала, өртенген күл-қоқырдың арасында үй орнын сипалап екі бала жүр:

— Атың кім?

— Ораз.

Жарылғап қара торы балаға үңіліп:

— Қай елсің? — деп сұраған.

— Әкем молла еді. — Бала жылап қоя берді. — Әке-шешемді бірдей өлтіріп кетті.

— Мінгес артыма. Енді жылама, өзім тәрбиелеймін.

Екінші шаңырақтың орнындағы быт-шыт дүниені төңкеріп, қолына ескі кітап ұстаған бала жалғыз қалғанын айтып, көзін сүрткен.

— Әкең кім еді.

— Сүйегіміз қожа. Молла еді.

— Кел ендеше, сен де мінгес маған. Бұйырса талай жаудан әлі кек аласыңдар.

Кешінде қуғыннан қайтып оралған сарбаздар қолға түскен олжаны бөліске салған. Бүгінгі жеңіске жол ашқан Жарылғапқа ең таңдаулысы лайық болмақ.

— Жарылғапқа жас сұлу берілсін, — деген Абылай тұтқын қыз Шағанды нұсқап.

— Дат тақсыр! — Тұтқын қыз хан алдына жүгіне кетті. — Батырыңызға бармаймын. Менсінбегендік емес, әкемнің қаны мойнында, мейірленбеспін.

Бір аттап ілгері шыққан жас Жарылғап:

— Мен де бұл қызды алмаймын. Еншіме өз елімнің жетім қалған екі баласын аламын. Бағам, қағам, ел етемін.

Керней ішіне сіңген Айтпай Ораздың бұл қасіретін де, Жарылғаптың кең көңіл, адал жүрегін де ендігі ұрпақ білер ме.

— Ой-хой, дүние, — деді іштей қарт Жидебай. Жарылғаптың көз көрген, құлақ естіген сан ерлігін енді ұрпаққа кім айтар? Өткенін білмей өссе, келер ұрпақтың келер күні не болмақ.

Ел шетіне жау келді десе Жарылғап кірпік іліп көрген емес. Найзакескенде жасанған жау бекініпті дегенді естіп, қол жиған батыр дереу аттанып, барлау жасап көрсе, қалың қол жатқаны рас екен. Тегі жау ма, ел ме белгісіз. Сонан Жарылғап жаман ат, ескі киім кигізіп, бейсауат жүрген адам қылып Жарқынбайды жұмсаған. Әккі Жарқынбай жансыздап білсе, жасанған қол қанжығалы Бөгенбай батырдың жасағы екен. Мұны естіген Жарылғап Бөгенбай батырға сәлем бермек боп, кісі шаптырады.

Қарт Бөгенбай менен Жарылғап ағалы-інілідей шұрқырасқан. Осы тұстан жүрісін сездірмеген жау қапылыста өтеді дегенді естіп, қарт батыр жау жолын тосып шыққан екен. Қатер білінбеген соң екі жақ та мал сойысып, кішігірім той жасап, өткен-кеткен әңгімеге, шежіреге жол тиген. Ертеңінен найзагер, сайысшы жігіттерді сынаспақ боп, екі батыр да кеш жатып, дамылдасқан.

Таң атып, асықпай тұрған қол азанғы ас-суын ішуге отырғанда қисықтың суынан асып, тура тартып келе жатқан қалың әскер көрінді.

— Қапыда қалдық, — десіп жаушы-жалам атқа қонған. Бұларды көріп, жау ат басын еркін жіберісіп, лап қойған.

Көлденең тартқан Көкмойын атқа ұмтылған Жарылғапты Бөгенбай:

— Отыр, — деп етегінен басты. — Қол бірер түрпісіп шықсын, біз оған дейін дәмді аяқтап, дастархан жиғызалық, ұрысқа көз қырын сала отырармыз.

— Кеш соғып жүрмесін. — Жарылғап тықыршығанын жасыра алмады.

— Ұрыста асығыстық жарамайды. Сабыр. Ұрыс күштің ғана емес, ақылдың ісі.

Ұрыс қыза түскендей. Үйме-жүйме топ, ойнап шыққан аттар. Жау екпіні басым сияқты. Қазақ сабының жігі сөгіліп, бері лықсығандай.

— Ал, Жарылғап, мін атыңа. Оң қанаттан Жарылғаптап кірерсің. Бөгенбайдың атын естіген жау не бөлар екен.

Бірсыпыраға созылған ұрыс алма-кезек ауысып, ақыры қалмақ қолының қашуымен аяқталған. Жауды өкшелеген даланы кезіп, сарбаздар топ-топ боп Қарабұлаққа жиналып, екі күн еру етті. Тыңайып, ес жиған соң Жарылғап қарт Бөгенбайдан кетуге рұқсат сұраған.

— Рұқсат, Жарылғап. Қия шабар қауырт қимылың көз алдымда, сен келмесең саны басым, сайланған жауды ала алмағандай екенбіз. Қайда жүрсең аман бол, алапатың арта берсін. — Осыдан соң қарт батыр басын шайқап, өкініп:

— Әттең, алды-артыңа бірдей болар ма ең, — деген.

Ұрыс үстінде Жарылғаптың сыртынан келген жауды ұрып жаттықпағанын байқап қалса керек, қапылыста қала ма деп сақтандырғаны еді.

Рахметін айтқан Жарылғап та қарт батырды қия алмай айналшақтай берген.

— Жиірек кездесудің жолы табылар ма еді, — деп қалды.

Әлденеге ойланған қарт батыр табалдырыққа көзін сүзіп біраз отырды.

— Ендеше құда болайық.

— Менде қыз жоқ еді. — Жарылғап қуанышын жасыра алмай, қозғалақтап кетті.

— Бізден табылар.

Бөгенбай батыр Жарылғап ұлдарын біртіндеп алдынан өткізуін тілеп, күйеу баланы өзі таңдап алмақ болған. Қарт батырдың көрегендігін тағы бір сынағысы келген Жарылғап өз баласынан бұрын ауылдастың төрт ұлын жақсылап киіндіріп, бірінен соң бірін әкеледі. Жарылғапқа

тән пішін, мінезді ешқайсынан көре алмаған Бөгенбай түңілгендей боп өкініп сәл отырды да:

— Мені әурелеп қайтесің, болса өз балаларыңды көрсет, — деген.

Қарт жауынгердің сыншылығына қайран қалған ел де, Жарылғап та кешірім сұрап, өз кіндігінен тараған ұрпақты келтірген. Әуелі көрген Жәнібекке барлай қарап:

— Е, міне, өз балаң осындай болу керек, — деген.

— Дәл! Дәл! — деп қопаңдасты айналадағылар. Сірә, Бөгенбай сөзін Жәнібекті ұнаттыға баласа керек.

— Әй, бұл ұлың беті жылтыр, сынаптай сырғанақ неме екен. Сөзінде байлау жоқ, ешкімге ұстатпас. Мұныңды қоя тұр.

Бесікте жатқанда Сарым Бөрінің қызын айттырып қойса да «бұған не дер» деген ойымен Сәдібекті кіргіздірткен.

— От басы, ошақ қасы ғой мұның орны. Тірі болса мал ішіндегі малма етектің өзі болар. Қызыма күйеу боп жарытпас.

Әке балаға сыншы деген, өзіме тартып ту ұстар ма деген кенжесі Баубекті қарт батырдың алдына келтіріпті. Сәлемнен соң бала ежірейіп, қас қақпай қарады да тұрды.

— Е, сауыткиерім десейші. — Бөгенбай батыр аяғын жазып, шалқалай отырды. Шақшасын өкшесіне қағып, тығынын ағытып аузынан иіскеді де қойды. — Жолымды қуар деп сенгенің болар. Дұрыс. Жолы шаңды болар. Әттең ақылынан ашуы басым, періпкетпе бірбет екен. Басқасын көрсете бер. Маңайындағы елге де, ел ырысы малға да ие бола ма деген үлкені Қырбасты көрсеткен.

— Етек-жеңі кең екен, елге жайсыз болмас. Дауға да бермес, жауға да бермес алакөз ғой мұның. Жарайды, басқаң жоқ болса, осы алсын қызымды.

Сөйткен Бөгенбай да, жалын атқан Жарылғап та елу бір жасында дүниеден өткен. Айыртаудың бойында жалғанды тастаған Жарылғаптың сүйегін Жәнібегі қазақтың бар беткеұстар жақсысы жерленген Әзірет Сұлтанға апарып жерлеп еді. Осыны білер ме екен осы ұрпақ?

— Бөгенбай менен Жарылғаптың нәсілінен жаралған Қырбас ұлы Байсейіт қазірде осы ел аузына іліккендей.

Ақылына күші сай көкжал

Жеріне емінген патша отаршыларына ебін тауып, ұлтарақтай жер бермей жүр, — дейді.

Өткен ғұмыр — көрген түс. Қазақ елінің намысы үшін соңына ерген Деріпсалы батыр да дүниеден көшіп, не қатарласы, не үзеңгілес болған інілері жоқ, жалғанда жалғыз қалғандай екен.

Кешегі сағымға сүр жебесін ілген, қазақ елінің қара шаңырағын көтерген Абылай қайда? Кенет қарияның есіне өткен күннің тағы бір шытырманы, ат ойнақтатқан майдан, сүргін жорық түсіп кетті.

Иә, онда қазақ-қалмақ тағы бетпе-бет келген. Япырмай, шежіреде осы қазақ-қалмақ бірге туысқан дейтіні қалай екен? Екеуі де киіз туырлықты халық, әні де, сәні де ұқсастау. Ес біліп, етек жапқалы Жидебай осы екі елдің тартыспай өткенін көрмепті, не үлкендерден естімепті. Сонда бұнысы несі?

Көзін қан жапқан қарама-қарсы екі сап.

— Жекпе-жек!

— Жекпе-жек! Дүрлігісе көтерген ұрандары мәңгі самарқау маң даланы сілкіндіргендей еді. Қалмақ жағынан қоңтайшының күйеу баласы қандыбалақ Шаршы шыққан. Қазақ батырларының бірде-бірін місе тұтпай, тұрып алды.

— Ер болса Абылайдың өзі шықсын.

Жаңа ғана атағы дүрілдеп, жас басшыға жан-жағынан, қазақ елінің түкпір-түкпірінен елін-жерін азат етуді көксеген жауынгерлер жиналып, енді ғана жау бетін қайтарып, текетірес боп тұрғанда Абылайдың нақ ажалға бас тігіп шығуы елі үшін қатер еді.

— Шықпа, — деді көбі.

— Абылайлап шауып, басқа батыр шықсын.

Шықпай қалса, көзсіз батырлықты іздеп келген мына қолдың ертең-ақ пышырап кететінін Абылай жақсы түсінген. Ендеше елінің басын қосам деген мұраттан бұлт жуық. Бұғып тірі өлгеннен, қан кешіп жүріп ажал тапса не арман.

Сұлтанның сән-салтанатын тастамай, ат ойнатып ортаға шыққан Абылайдың қолында жалаң қылыш. Жалаң қылыш күнмен шағылысып, сүйсіне жалт-жұлт еткен.

Майданға шыққан Абылайды байқап, жемін көрген бүркіттей алпамсадай Шаршы қорбаң етті. Казақ жағы

аруаққа сиынып, іштей тынды. Жалаң қылыштар қағысып бір етті. Абылайдың үстіндегі желбегей жібек шапаны сыпырылып түскен де, астынан ақ берен сауыты жарқырап, сұсты жүзі жауына ызғарын шашып шыға келген.

— Аруақ!

Аржағы көзді ашып-жұмғандай. Жарқ еткен қылыш көзді қарықтырған. Іле Шаршының бассыз денесі төңкеріліп бара жатты.

Шаршының кегін Абылайды өлтіріп барып алмаққа бекінген жау қапылысын аңдыды. Кей-кейде у-шудан аулақтанып, жалғыз жортып құлан атып, көкейін тырнаған әлдене ойдың шешуін іздеп кететіні болушы еді. Жансызынан соны білген дұшпан ерін жастанып, тоқымын төсеп, қапысыз ұйықтап жатқанда байлап алып. Қоңтайшының алдына әкелген.

— Абылайым, өлетініңді білесің, не арманың бар?

— Бір атадан жалғыздығымды айтпайын, ең болмаса дұшпаным жеңіп ұстап алмады, қапыда кеттім. Иен далада еркін жайлап өскен елімнің айнала торыған жауға қарсы басын қосып, іргесін бекіте алмадым.

Қоңтайшы қазақтың маңдайына ұстаған Абылайын өлтіріп жіберуге жоқтауынан қорықты ма, әлде ұрлықпен кісі өлтіріп, өз елінің алдында беделім түседі деді ме, әйтеуір, белгісіз себептермен ажалын кешіктіре берді. Жау қолында жылдан аса отырған Абылай қоңтайшыға:

— Мен бір жұмбақ беремін, егер шешсендер, мен құл болып алуға көнейін, шешпесеңдер азаттық беріңдер, — дер шарт қойған.

Өзін не данышпаннан кем емеспін дейтін әрі сан ақылгөйіне сенген қоңтайшы бұл шартты ермек санап көнген. Абылай саусақтай салалы ағашты қиюын келтіріп құрастырып, осыны енді еш күш жұмсамай бұзуын талап етті.

— Осы ма? — деді мазақ қыла күлген қоңтайшы қарқылдап.

— Иә!

— Әй, ақымақ қазақ. — Қоңтайшы саусақтай алты ағашты олай тартты, бұлай итерді, болмады. Бие сауымындай уақыт әуреленіп, ештеңе шығара алмай, терін сүрткен. Қоңтайшының әмірімен келген не білгіш, не

батыры үй айналған күшіктей тіміскіленіп, дал болып, иесіне жапақтасқан. Күн батты, мезгілді уақыт өтті. Жеңілгенін мойындаған қоңтайшыға Абылай өзі тиегін ағытып көрсетіп, бостандық алған еді.

Кейінгі шамада сан ұрыста жеңіліп, бір жағынан шүршіт шауып қырғын тапқан қалмақ елі бас көтере алмай қалған. Кезінде Абылайдың маңына тастүйіндей жинақталған батырлар жер жеріне, мекен-суына тараған. Қызылтас, Кернетай-Нұртай маңын мекен етіп, Арқаның сауырын жайлап Жидебай жатты. Хан ордасынан анда-санда келетін хабардан басқа байланыс та шамалы. Сөйтіп жүргенде атын зорықтырып, шабарман да жетті.

— Тез жетсін, — депті. Хан науқас көрінеді.

Қос-қос атын жетектеп, атсоқты боп зорға жеткен. Хан мамық төсекте өңі қашып, шалқасынан жатыр екен. Берген сәлеміне иегін ғана қаға алды. Иықтары салбырап, жерге үңілген Жеті жарғы да, таспиғын тартқан имам да осында. Бәрінде үн жоқ. Күбір-күбірден білгені ханның кіндігінен төмен жан жоқ, онысы өрлеп бара жатқандай. Тіл-аузын да қойыпты.

Абылай жай ыңыранды. Бірдеме айтар ма деп бетіне үңілген Жидебайға домбырамды өнер дегендей ым қақты. Сағымға сұр жебесін ілген, шешендігімен елді үйірген, тапқыр дана Абылай күйші де еді. Сонау Бұқар жырау заманында Абылай түс көріпті. Арыстанға қарғып мінген екен дейді, енді бір сәтте онысы жолбарыс, бір қараса қасқыр, бұ қалай дегенше онысы түлкі боп, ақыры тышқанға айналып жүре беріпті. Түсінен шошыған хан Бұқарды алдырып, оңаша жорытыпты. Дана жырау күреңіткен жүзін қабағы жауып, түйіліп отырып қалыпты. Сыңайы жорығысы келмейтін сияқты. Хан қайта-қайта сұрай берген соң:

Ей, Абылай, Абылай,
Сұрмасаң не етеді?
Сұраған соң айтпасам,
Кісілігім кетеді,

— деп бастаған жоруын айтқан.

Адамның білер болашағы, білмегені жөн келешегі бар екен.

Еттім деген еңбегің құмға сіңген судай жоғалар болса, өмірің өксіді деген емес пе. Арыстан жауды жапырған өзің, жолбарыстай жұлқынған немерең болар, кейінгісі қасқыр-түлкі, соңы қазақ баласы өзінен басқаның бәрінен қорқатын тышқандай болар деп кәрі жырау сылқ етіп жата кеткен.

Түніменен түсінен түршігіп отырған Абылай домбыраға қол созып, бір шерменде күйді шегін үзе шерткен еді. Абылайдың «Дүние ғапыл», біреулер айтатындай «Дүние қалды» атты күйі осылай туған.

Басын сәл көтеріп, домбыраны шерткен Абылайдың салалы саусақтары сағаққа зорға жүгіргендей. Белгісіз күй, беймәлім мұңды, жетпеген арманды көксеп, ауық-ауық өксиді. Шым-шымдап жүрегіне сіңген саз жаң-жүйеңді билеп, егіліп, өз соңынан ертіп әкеткен. Күй сөйлей бастағандай.

Төсектегі ханның екі көзі Жидебайда. Мұндай тесіле қарағанын бұрын-соңды көрген емес.

— Сен ұқ! Сен де домбырашысың. Тілім келмегенін қос шектің бебеуімен жеткіздім. Ендігісі сенің мойныңда.

Қайта-қайта екі-үш айналып тартып, хан күрсінгендей ыңырсып, домбыраны тастай берген. Екі көзі Жидебайда. Төсектен сырғып бара жатқан домбыраны ұстап Жидебай отырып қалды.

— Хан не деді? — деп сұрасты айнала.

Жидебай құлағында ызың қағып, көкірегінде күмбірлеп тұрған әуенді жай шерте бастаған. Әрі-беріден соң ханның жаңа күйін сылқылдатып тарта жөнелді. Екі қайырып тартып, домбыраны сүйеген еді, хан көзін жұмып жатыр екен.

— Әй, айтсайшы, хан не деді?

Жидебайдың жүзі күреңітіп кетті. Абылайдың соңғы арманы тебірентіп, жүрегі езілгендей. Иегі кемсең етті.

— Хан «Айналаң торыған жау, қыспақта қалдың-ау, халқым. Қайтіп те аман қаласың? Туған жерді тастап, қаны бірге түрікті пана етесің бе? Атамекен, туған жер, ата-баба аруағы онда саған лағнат айтпас па. Қайран елім, шаңырағыңды көтерсем де, іргеңді түрілместей бекітіп, жау алмас қорған жасауға қысқа ғұмырым жетпей кетіп барамын» деп жатыр.

Отырғандар іштей өксіді. Байқатпаған болып, сулы көздерін сүрткен, теріс айналып жөткірінсіген. Тәспиғын тартып, күбір-күбір дұға оқыған имамның аппақ сақалынан күміс жасы домалап түсіп жатты. Хан да қайтпас сапарға аттанып, мәңгі ұйқысына кетіпті.

Аза тұтқан ел Абылайдың мүрдесін ақ жуып арулап, Әзірет сұлтанға, қазақ елінің көне астанасы, түркі жұрттарының қадір тұтқан жері Түркістанға әкеп жерлеген. Жидебайдың әкесі Қожаназардың да сүйегі осында еді. Әкесінің басына дұға оқытып, ендігі тірліктің бетін ойлаған Жидебай іздегенін таппағандай, барын жоғалтқандай қармана берді. Көңілі алаң боп, әлденеше күн Түркістанда жүріп алған. Қалмақ соғысы біткен сияқты, тертістіктен орыс патшасы орап бара жатыр. Енді елдің күні не болады деген уайым көңілге кірген.

Байқап отырса, ұзаққа созылған ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламада қазақ жұртының өнер қуған, білім іздегені таусылуға шақ қалыпты. Ендігі жастың хат танитыны да сирең кеткен. Жаугершілік заманда ел қаламнан гөрі тірлігі үшін қан төгіп айқасар найзаға ұмтылған. Ендігінің жөні не? Көне шежірені хатқа түсірмесе, ғылым-білімнен там-тұмдаған хабары болмаса, жерін қорғай білсе де мына халық ертең әркімнің жетегінде кетіп, тоз-тозы шығып, құрып кетпей ме.

Әкесінің де дүниеден қайтар шағында «елге білім берер адам іздерсің түбі» дегені есіне енді түсті. Қайтпек керек? Қасиетті Қаратауын тастап, ақ түтек қысы бар Арқаға бара қояр кісі табыла қояр ма? Жидебай Қаратауды мекендеген ауылдарды аралап, елге білім берерлік керекті кісісін байқап, тағы он шақты күн аялдады. Ақыры тапқандай болды. Жидебайдың өтінішін дұрыс санаған қасиетті ақсақалдар өзара қауқылдаса кеңесіп, Төлеген мен Нұралы деген Бұхар оқуын тауысқан екі жасты орталарынан шығарып берген. Жидебай жаңа үйленген екеуін басына тіккен үймен, мал-мүлкімен біржола кешіріп, Арқаға ала келген еді.

Ой-хой, дүние, сонан бері қаншама уақыт өткендей. Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ. Жаза басып оқымыстының көріне ұшырамаса... Жидебай енді өзінің

бүгінгі мүшкіл халін, зағиптығын ойлап кетті. Дүниенің жарығын көріп, әлемнің әсемдігіне сүйсінгенге не жетсін. Көзден айырылғаннан бері соның бәрі ғайып. Тірліктің сол бейнесін аз да болса көрсем бе деп жасамағаны жоқ. Ең ақыры Дембі бақсыны да алдыртқан. Дембі кешегі соңынан ерген батыры Деріпсалының баласы есепті еді. Талай ауыл шабылып, талай жұрт қаңырап бос қалғанда жау қайдалап күні-түні жортқан Деріпсалы қираған елдің орнынан жылай-жылай қалжыраған құндақтағы баланы тауып алып, биенің сүтімен асырап өсіргенін білуші еді. Кейін сол бала бақсылық құрып, жүріс-тұрысына аңыз қосып алғандай. Әуес жұрт тіпті көптіртіп, бақсының атын бұлтқа мінгізе шарықтатып әкеткен. Он үш жасында есік алдында ойнап жүрген Дембіні алабөтен құйын көтеріп әкетіпті-міс. Сол құйын алыс-жақынын кім білсін, бір байдың есігі алдына әкеліп тастапты. Мына кереметті байқап қалған шал сал ауру жалғыз қызына ем етуін сұрапты. Әлдебір күш Дембі балаға «емде» деп бұйыратын сияқты. Сонан бала ауру қызды көріп шығып, жас ботаны сойдырып, ортан жілігін қыздың ауру жілігінің орнына салыпты. Бірер айда тәуір болған қызын шал Дембіге қосыпты.

Ауру-сырқаулы елдің Дембіге көрінуі көбейіп, аз уақыт ішінде бала бақсының атағы айналаға тараған. Дембіні көрген жұрттың айтысынан өзінің жоғалтқан баласы екенін білген Деріпсалы іздеп барған. Күйеу баласын іздеушіге жолықтырмай шал біраз әуре етсе керек. Ақыры дәм үстіне шақырттырып Деріпсалы:

— Өз балам, — деп антқа Дембіге асықты жілік ұстатып, шалға бармағын берген.

Сол Дембіге Деріпсалының інісі Шәндіген ауырып барса:

— Сұр биенің ішінде сұр қылыш бар. Соны ат болғанда маған бер. Бермей кетсең қайта ауырасың, — депті-міс Дембі.

Бір жолғы науқасынан жазылған Шәндіген «бақсы сандалыпты» деп сұр атты кейін бермей кетіпті. Қайта ауруы сонан деседі ел. Емдесін деп шақырса Дембі де бармапты. Ауруы жанына батқан Шәндіген.

— Ұлың емдемейді, — деп Деріпсалыға арыз еткен.

Дембіні іздеуі іздеп келсе де Деріпсалы оның бақсылығына сене қоймайды екен. Әрі Шәндігенді емдемеген, қыжылы бар, мұқатпақ болып:

Кәне, көрсетші кереметіңді, — депті.

— Ендеше тысқа шығалық.

Тысқа шықса әлгінде жоқ бір жағы қызыл, бір жағы көк шатырлы көше пайда бопты-мыс.

— Осы ма барың? Өзіміз көріп жүрген жай ғой.

— Ендеше үйге кіріп төрлетіңіз.

Малдасын құрып жайғаса берген Деріпсалыға табалдырықтан домалай түсіп, тайқазандай аузы-мұрны жоқ, түкті бірдеме пыс-пыс етіп жақындай беріпті-міс.

— Әй, тарт мына пәленді, денем сескенді-ау өзінен, — депті Деріпсалы.

— Бұл перілердің басшысы Қарамес деген болады. Бізді билейтін осы депті, — Дембі. — Мұның рұқсатынсыз емдеуге болмайды. Ал енді Шәндігенге әуре болмаңыз, оның күні санаулы.

Жігіт ағасы болып қалған Дембі Жидебай батырдың су қараңғы көзін айналдыра қарап, қобызын тарта бастаған. Әуелде баяу ызың қаққан қобыз бірте-бірте жылдамдап, кейін асығыс арсы-гүрсі күйге түскен. Қобызбен бірге тербелген Дембі де аласұра билеп, аруақтарын шақырып, бірде ошақтағы отты жалаңаяқ таптап, бірде қарғып шаңыраққа асылып, әлемтапырық халде. Осының бәрін сезініп отырған Жидебай өзі шаршағандай еді, бір кез қобыз қылы шарт үзілді. Аласұрған Дембі де тоқтады.

— Рұқсат жоқ, әлім келмеді, — деп Дембі шығып жүре берді.

Ой-хой, онан да бері не заман. Ой қалжыратқан қария жып-жылы тасқа арқасын сүйеп отырып ұйықтап та кетті. Ұйқыдағы қарияның бетін ескен қоңыр жел сипап, әлдилей түскендей. Қария бұйығып, түшіркене қорылға басты.

* * *

Құба белдерден аса соққан баяу жел ғасырлар бойы мал жайылса да мұрты сынбаған, тізеден келер көдені желпи тербеп, ауық-ауық тыным тауып, қайта есіп, маң даланы маужырата түскендей. Баяу желмен сылбыр қозғалып,

әредік жалқау ауналған қаңбақ малға ұрлана жақындаған қатер сияқты. Жылқы осқырынып, қой елегізіп, дүркірей қашатын сыңай танытады.

Даланың жұпар иісіне көкірегін тосқан қария тыным тапқан жел қайта есіп, жаңа бір хош иіс әкелген сайын қопаң-қопаң көтеріліп, желпініп қояды. Осы уақтағы осы бір даланың бейнесін жан-тәнімен сезінген қарт:

— Оу, дүние, ғажапсың-ау, — деп қалған.

— О не, ата? — Таңданған бала атасына ұзақ үңілді.

— Жай, әшейін. Мына дала ұйқыдағы арудай кеудесі бір көтеріліп, бір басылып жатыр-ау. Кей-кейдегі қаңбақ мазаны алған шығын тәрізді.

— Осы атамды неге соқыр дейді. — Өзіне өзі сөйлеген бала шеттей берді.

Қария бетін құбыла тұсқа, сонау Мәшүріп жерленген төбеге қарай бұрды. Жазуы солай болса өзіне де сол жерден топырақ бұйырмақ. Бұл өз қалауы. Мұнысы ағайын-туғанына ұнамаған да.

— Оныңыз не? Жидебай атыңыз бола тұра Мәшүріпке жармасқаныңыз жөн бе? Ел Жидебайды Мәшүріптен іздей ме енді?

Қария мырс еткен. Күлкісінде «О, тоба, осыларға да ақыл кіре ме, ол маңда Майшора да жатыр, бірақ біз барсақ» дегендік бар. Аржағындағы келген сөзді жасырмай айтып қалды:

— Біз барсақ, Мәшүріп артын қысар.

Сөз осымен тәмам. Дуалы ауыз қарияның айтқаны аз уақытта елге тарап, бала біткен бірін-бірі «мен барсам, сен артыңды қыс» десіп, нақылға айналдырып кеткен.

Нұрадан тағы керімсал жел есті. Тұнық та, тұщы да судың лебі жеткендей Жидекең серпіліп сала берді. Ұзақ жылдар бойы көзі көрмегендіктен естімпаз болған құлағына күміс судың сылдыры да естілгендей елегізді. Оу, шіркін, Нұра, Нұра! Сенің суыңа балық боп жүзген балалық шақ қайда? Ол түгілі қоян-қолтық келген жауды Нұраны кеше қуып жетіп, Рыспай жекпе-жекте өліп, Абылайдан қорыққан Үсен-серен қарындасын беріп құтылған шақ та өте шыққан елес. Сол қыздан Қасым хан туды емес пе?

Оу, дүние. Енді Нұраның басын мекен еткен бес ата баласының да соңғы кезде басынан біраз хикаят өткен

сияқты. Кене ханға еріп, енді қайта оралмақ болған Жанғұтты да сәлем айтыпты.

Қарияның есіне кешеден бері ауылда қонақ боп жатқан Дүйсенбай келді. Қырықтан асып, ел ағасы болған жігіттің көкірегінің саңылауы бар сияқты, кешеден бері айналдырғаны Жидебай. Талай жылдардың астына көміліп, көмескі тартқан сан уақиғаны тәптіштеп сұрап, өзінше түйін жасайтын сияқты. Иә, Алла, осыған да шүкіршілік. Елдің басынан кешкенін бірен-саран болса да біліп қалса, түбі оңалар. Өзі жас та болса осы елге басшы болғандай екен, айналаға сөзін өткізе алатын сияқты. Міне, міне! Осыған тапсыру керек Жанғұттыны. Оның да соңынан ерген жұртының көрмегені бар ма, еліне оралғанда ең болмаса жылы қабақ көрсетер ағайын табылсын.

— Әй, — деді Жидекең немересіне, — бар, шақыр ана Дүйсенбайды осында. Атамның айтар сөзі бар де.

Ауылға қарай жалғыз аяқтап секіріп, дедектей жүгірген баланың соңынан қарап тағы да өзімен-өзі боп қала берді. Біреу орысқа бағынып, бірі қарсы соғысып, олқын-толқын заман да өтті. Не елге басшы бола алмай, не жөн айта алмай күні біткен кәрі күшігендей сол уақытта отырып қапты. Қарсы болғанның біразы енді елге қайтатын сияқты. Ел де келер-ау аман болса. Орыста патша, қазақта хандық бар деуші еді бұрында. Екі қошқардың басы бір қазанға сыймас деген тегі рас та болар, сары сақал патша хандықтың тағын бір жола қиратып, қазақтың туын ұстамақ болғанын тұқым-тұқымымен тоздырып жіберді. Кешегі Абылай көтерген шанырақ емес пе еді, сол іргесін қалаған хандықтың быт-шыт болғанына іші ашиды. Бағып отырса, Абылай сол хандық ұйытқысы, ал іргетасын қалаушы кеше төсін оққа төсеп, елін қорғап қалған қазақ батырлары екен. Есіл еңбек еш болды деген осы да.

Келер-ау ел, келер-ау. Сол елге енді жөн сілтеп, басшылық етер ұл туа ма? Енді ел өлмес күнін көрер, бірлігін де, тірлігін де ұмытпас болар ма?

Қарияның жүрек тұсы шым етіп шаншып, көзі қарауытып кетті. Есі ауыңқырап бара жатқанын сезіп, сәл шалқалай түскен. Сәлден кейін сипап өткен қоңыр желмен бірге қайта бойын жиды.

— Бұнысы не екен? Соңғы кезде осындай бірдеме айналдырып жүр өзін. Қария күрсінді. Тағы ой құшағына сүңгіді. Жаңағы үзілген ойдың желісін қайта сабақтаған. Ел қайта оралар, маң дала елге де, малға да толар. Бірақ патша ағзамы қоқаңдап қылыш көтеріп, темір тәртібіне қазақ баласын сығымдап сыйғызып бара жатқандай екен. Бас бірлігінен айырылған елін мына заманың шіл құмалағындай шашыратып, торғайдай тоздырып әкетпей ме?

Есіне ағасы Үкібай түсті. Өгей шешесі Апардан туған ағасы Үкібай, кеше қанды көйлек киіп, қалмақпен қырғын соғысқа шыққанда үндемей қалған Үкібай. Ана жылы қазақ даласына орыс енді кіре бастағанда табан аузынан ақылгөй бола қалып, елге жөн айтатынды шығарған. Абылай дүниеден қайтып, ендігі бет әрі-сәрі тұрғанда ақыл айтуға келе қапты:

— Орысқа бағынайық.

— Уай, не үшін? Әйтеуір біреуге бағынатын болсақ, қалмақпен қырқысып не бар еді, соған мойынсұна салмадық па?

— Міне, сен сөйтесің. Есіл-дертің қантөгіс.

— Елімді қорғағаным да қанішерлік пе?

— Қан көрген қан ішпей тұрмайды.

— Сонда көйлектің көлеңкесіне тығылып, қалың қатынға бала таптырған сенікі ғана жөн екен ғой. Әй, ел қорғаған ерлік қайда? Ерлік болмаған жерде көп қатынның көп баласы шетінен ез болады. Ездің артында сатқындық жақын. Сенің балаң осы елге ел бола ма, әлде жау бола ма, соны бақтың ба? Меніңше жау болады.

— Тарт тіліңді.

— Тартарым жоқ. Сені көрген олар не оңады деп ең?

— А... — боқтап жіберген Үкібай Жидебайды қамшымен бастан тартып жіберіп, далаға ытқи шыққан да, атына міне сап, сойылмен үйді сабап, уықтарын сындыра жөнелген. Далаға жүгіре шыққан Жидебайды жауырын ортадан періп өтті. Жидебайдың да көзіне қан толды. Белдеудегі атына міне сап, найзасын ала ұмтылған еді, ет жүрегі шым етті. Көк найзаны кеудесіне сүңгітуге ағасын қимай, Үкібайдың тақымының астына тығып жіберіп, шірене көтерді,

қапылыста. Үкібай тастақ жерге төбесімен шаншыла құлады. Жарты сағаттың ішінде Бала Аюлының бауырында отырған ауыл «ой бауырымдап» шапқан аттылының тозаңының астында қалды.

Онан да әрі не уақыт өтті. Кімдікі жөн, кімдікі теріс — уақыт шешер. Әзірге көз жеткен еш шындық, көңілге қонған іс шамалы.

Ой-хой, дүние! Байқап отырса Ұлы даланы мекен еткен жұрттың тыныш өмірі ауық-ауық соғыспен, қанды қырғынмен кезек алмасып отырған тәрізді. Маң даланы дүрліктіріп, дүрсілдеп, ұйықтап кетпесін дегендей не жаудың, не достың қолы дүркірей шауып өтіп жатқан екен. Кәмпитін ұсынып, қамшысын жасырып келген патшаның саясатын да қазақ ұға алмай, секемденіп бақты. Кәмпитіне тәтті екен деп алданса да, қармағы жоқ па дегенді дұшпаннан запы болған ақсақалдар айта берген.

Сөйтіп жүргенде қазақ даласының төріне, Сарыарқаның шұрайлы аймағына орыс патшасының бекіністері салына бастады. Бекініс-бекіністің арасын шекарамен бөледі екен, онан әрі қазақтың малы мен жанын өткізбейді екен деген қауесет тарады. Қу тақыр шөлге айдап тастағанда не боламыз, мал қырылған соң бізден де ұрпақ қалмас деп дағдарды. Кейбіреулер «бұл жерді қазақтан тазартып алу үшін өкіметтің жүргізіген қасақана ісі» деп соқты. Ел үһіледі, азаматтар толқыды.

Бұл аздай қазақты мұжықтандырады екен деген де сөз шықты. Басына шаш, аузына түк қойып кәпір боласың. Ой, сұмдық-ай, ата-бабаның өсиеті, салған жолы қайда? Ана ішкері жақтарындағыдай бір-бір жуан орысқа бүтін ауылдан басыбайлы құл етіп береді де.

Арты ор, алды өрт боп көрініп, қыспақта қалған ел ат ойнатып көтеріліске шыға келген. Көтерілістің басында елдің басын қайта біріктірмек болған Кенеш жүр. Кәрі Жидебай бұларың не дұрыс, не теріс деп айта алмады, талай жылдан бергі зағиптық халі айналадан қол үздіріп, болып жатқан уақиғалардан алыстап, дұрыс байлам жасауына бөгет еткендей. Сонда да ат ойнатып жүрген азаматтарға іші бұрып, апта сайын кісі жұмсап, тыным таппай, жағдайларын біліп тұрған. Көтерілістің басында Кенеш...

...Саңғырудың биігіне шығып, терістік жаққа көз тіккен Кенеш әзірше дұшпанның еш қимылын сезе алмады. Оның үстіне сонау Ақмолаға аттандырған Мәжіннен де еш хабар жоқ. Қиыннан қиыстырып, жол тауып шығатындай-ақ жігіт еді, кешіккен сайын жүрегі күпті.

Қасындағы жігітіне атты тұсап жібер деп әмір етті де, өзі айналаға бағдарлай үңілді. Кенет шоқ талдың арғы жағына жүгіре шығып, артына үрке қараған құлжаны көрді. Дөнен өгіздей құлжаның мүйізі құлағын орап, сүзеген бұқаның мүйізіндей едірейіп алға шығып тұр. Жортақтап қашқаны болмаса, аса жүгіріске жоқ, майдан шөгіп қалғандай екен. Тығырық сайдан шыға келген арбаның артында отырғаны садағын шірей тартып қалған еді, асып кетті. Жортақтаған құлжаның беті Саңғырудың биігі. Алдын орамақ боп, шу-шулеп барып, садақшы тағы атты, дарымады. Түгі күнмен шағылысып жылт-жылт еткен сары құлжа қылтадан өтердей-ақ төнген. Басын қатерге де тіккен сияқты.

Екі талдың ортасындағы ойға түсіп, арбасын тарта алмаған көлігін шу-шулеп анау екеуі әуреленіп, оны тастай бере өкпесін қолына алып жүгірген еді. Кенет құлжаның аман кетуін тіледі. Жүрсін. Бір тойған ет қай мұратына жеткізеді. Тірі жүрсін, көзге қуаныш.

Аман құтылған құлжа осында жүздеген жылдар бұрын әлдекімдер кен шайған шатқалды саймен бері өрлеп келеді. Орнынан сәл қозғалған Кенешті сезіп қап, пысқырынып, бір бүйірлей жөнелді. Енді әне, тас-тастың қалтарысымен сырғып, бел асып барады.

Кең далада киікше жөңкіліп соғысқанша, табан тірер тұрағы, қайта айналып келер қазығы болар бекініс салып алуды жөн көрген. Мына қазақ даласын дұшпаны да бекініс-қамалға толтыруға айналыпты. Мұның көздегені сол жерін қыспаққа алып, мойынға түскен тұзақтай тынысын тарылтқан сол бекіністерді жою, мал өрісін кеңейтіп, елінің өмірге тұяғын бекіту. Сол үшін де бір бекіністі өзі үшін салса, екіншісін талқан етіп құлатады. Әрі-беріден соң өз бекінісің болуы туының астына жиналған мына жауынгерлерінің де көңіліне медеу емес пе.

Патшаның қыспағын жанымен де, тәнімен де сезініп жан-жақтан ағылған азаматтарды топтастырып, осы

бекіністі салуға кірісті. Қамалдың түстік беті өзеннің жарқабағына тіреліп, қазылған терең ор суға толтырылған. Сонан кейінгі жақтары қатар жарысып барып доғаша иіле түйіскен қос жалдың қырқасын бойлап, кісі бойы қол созым биіктен артығырақ етіліп, таудың жақпар тасынан өрілді. Жаяу мергендердің оқ атуына ыңғайлы әлденеше мүйістер істелген. Қорғанның ішіне бірер кірпіш үй ғана салынды. Қорғанысқа түсетіндей күн болса, қамал сыртындағы киіз үйлер тегіс ішіне көшіп кірмек.

Бекініс салып алғанмен, бұл жиын топ патша әскерімен ашық қақтығысуға барған жоқ. Дұшпан жақ әуелде сескенгенімен, кейін жөңкілісі көп көшпелі елдің бір қоқан-лоқысы санап, мән бермегендей. Кенеш болса әскерін жаттықтыра берді. Осыдан жүз шақырымдай жердегі Манақа бойындағы дұшпан бекінісіне жансыздарын кезек-кезек жіберіп, жау қамалының егжей-тегжейін әбден біліп алған. Мидай жазықтағы жалғыз дөңнің үстіне орналасқан жау бекінісі аса мықты. Айнала орының тереңдігі үш-төрт құлаш, бекініс іргесі қызыл кірпіш, тас, топырақ араласқан қалың қамал. Әр жеріне екі-үш зеңбірек қойылған. Сартылдап шауып барғанымен, қан төгіп, қайта серпілерің анық. Не істеу керек?

Кенештің өмірімен аттылы-жаяу әскер қамал алуды үйренген. Ор аттылы оқ өтпес үшін аттың алқымына бір қолтық тобылғы буып, өзін сақтау үшін бір арқа қарағанды алдына кесе көлденең ұстауға тиіс.

Тау басынан дүрбі салып, әскер дайындығын бағдарлады. Сонан соң көзі кен алған ескі үңгірлерден қалайы, қорғасын кенін алып, қай заманғы екені белгісіз, көне пештерге салып қорытып жатқандарға түсті. Міне, бұл да керек іс. Аздаған шиті мылтыққа оқты өздері жасамаса кім дайынын бергендей. Тіпті, әлдебір шөптерден дәрі дайындап жүргендер де бар. Азамат ұрандап шыққан екен, енді қан төгіссіз болмайды. Орыс патшалығы сияқты жарты әлемді жаулап алған мықты мемлекетті талқан етем демейді, ең болмаса зорлығын азайтар. Мынау да ел екен деп сескенер. Ертеңгі күні іште тағы бір жерде бұқараның көтерілісі шықса, бір-бірімен қосылып, қанат жайып кетер деп қатер ойлар.

Әттең, дүние, мына жүрген көзсіз ерлердің көпшілігі оққа қарсы жалаңтөс шауып, қайтсек жеңеміз деген үмітте ғой. Мынау елдің мойнына түскен бұғалықты алып тастауға әлі тағдыр жазбағанын, уақыт келмегенін айтсаң да ұқпас. Қайран көзсіз ерлер, шейіт боласыңдар-ау.

Шабуыл жасар мезгіл де жақындап келе жатыр. Манақа бойындағы бекіністі алу үшін Кенеш бір шарт қойған. Осы бекініс пен Ақмола дуанының арасында хабар тасып бір боз атты жүретін. Кейде бекіністе бір қонып аттанса, кейде апта жатып кетеді. Бәрі ат иесінің өз шешіміне байланысты сияқты. Міне, осы екі қамал арасындағы байланысты үзу керек. Жау Манақадағы бекіністің жайын болары болғанша білмегені, көмекке келмегені, өкшелеп қумағаны жөн. Ол үшін ақбоз атты қолға түсіру керек.

Естуінше Ақбоз кезінде бәйге бермеген бір қазақтың малы екен. Сонан оязы бар, басқасы бар қолға түсіріпті. Ендігі салып қойған жұмысы мынау. Бекіністен шығып, Ақмолаға тіке тартқан хабаршыны ұстап қалу үшін екі-үш жерден тоспа қойып, қуып та көрді. Ақбоз сипатпады. Шаңына ілестірмей кеткен Ақбоздың жолшыбай қай араға түнейтінін де ешкім біле алмаған.

Жол біледі, епті, батыл деген жігіттердің алдына осы Ақбозды қолға түсіру мәселесін қойған. Әркім әртүрлі айтқанымен, көңілге қонары жоқ.

— Мені жұмсаңыз, — деп шықты Мәжін.

— Қайда барасың?

— Осы істі тындыруға.

Жас батырдың ұсынысына сәл таңданған Кенеш ішінен осындай біреудің шыққанына да қуанды. Ел ерсіз болмас деген осы да.

— Қалай?

— Әзірге бүйтем деп айтарым жоқ. Бірақ бір ебін табамын. Оған қам жемеңіз.

— Не тілейсің?

— Жаныма бір жігіт қосып беріңіз.

— Болсын.

Қиын жұмысқа аттанып кеткен Мәжіннен хабар жоқ. Апта өтті. «Япырмай, не болды» деген Кенештің көңілінде маза, түн баласы ұйқы жоқ. Қозғалған сайын «ә, не болды»

деп Саңғырудың басынан дүрбі салған Кенештің көзіне бір қалтарыстан шыға бере бері қарай заулатқан екеу түскен. Жүрістері тым асығыс. Енді байқады, қапталдасқан жетегі бар. Иә, сөт. Сыртынан талай сұқтанған Ақбозды жүрісінан жазбай таныды. Шаншылған биіктен сырғып түскенше атты етекке тастай салған Мәжін де қарсы шықты.

— Сәті түсті.

— Жолымыз болады екен, Мәжін. Ісіміз ақ қой, аруақ қолдап тұр екен. Ал енді айтшы бәрін рет-ретімен.

Ақбозды қуып мән шықпайтынын түсінген Мәжін серігі екеуі әр шоқыдан кезекпен қарауыл қарап, қарасынан көз жазбапты. Түн бола бір бай ауылға қонған Ақбоз иесі атты үйдің ішіне алып, сыртқа қабаған ит байлатып, сақ түнеген. Ертеңіне күн шыға тағы жолға аттанған. Кешеден мінген жүйрік қос аттың бірі сәскеге жете болдырып, жолда қалды. Ақбоздың сылаң жүрісінің өзі шоқытқанға бергісіз. Бесін ауа Ақмола дуанының алыстан мұғдары да жобаланды. Әлі де болса көз жазып қалмауын серігіне тапсырып, Мәжін орай шауып, қала шетіндегі жатаққа бұрын кіріп, Ақбоздың ендігі бетін аңдыды.

Дуанға кеш түспей жеткен ат иесі Ақбозды өзенге шомылдырып, суарып, оттатып апарып, бекініс қақпасымен жапсарластыра салдырған әлдебір тас қораға кіргізіп, кілтін күзетшіге тапсырған. Күзетші екеу және бөтен адамды көрсе шақырым жерден шабаланған дәу төбет. Бәрінен осы ит қиын сияқты. Өзінің иісін алдырмас үшін серігін сонадайдан бір-екі өткізіп көріп еді, арсылдаған ит тіпті болмаған соң шынжырын қауып, босанбақ боп жанталасып, есі шықты. Бір адамды жазым етер қанды көздің өзі.

Қараңғылық түсе екі күзетшінің бірі самбырлай сөйлеп, кілтті беріп, қолын сілтеп кетіп қалды. Сірә, қатынына барар деп қорытты Мәжін. Үйіне кетсе, тап бүгін келуі неғайбыл. Бұл да сәтінен екен.

Серігін өзен ішінің шілігіне тастап, аяқ киімін шешкен Мәжін түн ортасы бола жалаңаяқ қамал қақпасына қарай көлеңкелей сырғыды. Аяқ басысынан шырт еткен дыбыс, тырс еткен тысыр естілмеген, құдды жер баспай жылжитын сияқты. Таянған сайын жиі-жиі тоқтап, тың-тыңдап, тағы ілгерілейді. Бір кез ат қораның есігі алдына көлденеңдеп

жатқан күзетшінің қорылын естіді. Бере көр деп сиынып, қорыл үдеген сайын іші жылып, қуана түскен. Ендігі қауіп дәу төбет. Не иісін, не жүрісін сезсе, бұл маңайды дүрк көтеретіні хақ. Онан соң бәрі бүлінді дей бер.

Қорылдаған күзетшінің жанына іліккен Мәжін бір демалды. Әзірге еш дыбыс жоқ сияқты. Күзетші жағынан еппен жылжып ит жатқан үйшіктің дәл төбесіне шығып сәл тұрды да, жай ғана тепті. Не екенін түсінбей ит шынжырын сүйретіп шыға бергенде күні бұрын дайындаған қыл тұзақты тастап жіберіп, үнін шығармай тұншықтырған. Әлсіреген иттің жүрегі тұсына қанжарын сұғып жіберіп, біржола жайлы етті де, әлі де болса қорылынан жазбаған күзетшінің аяқ-қолын тұсап тастап барып, өзін бас салды. Итіне сенген сорлы айтақтамақ боп ашқан аузына шүберек асатып, өзін сүйреп әкеп ит үйшігінің ішіне тастады.

Ақбоз кісінемес үшін тас қораның ішінде оның да тілін бір түп қылмен байлап тастаған. Былай шыға түнімен заулатты. Таң біліне адам аяқ баспас шаттың қуысын паналап, қас қарая қайта шығып, үшінші күні жетіп отырған беттері.

Ақбоздың әкелінген хабары қол ішіне тез тараған. Атақты жүйрікті көруге құмартушыларда шек жоқ. Сан сәйгүлікті көрген қазақ баласы емес пе, сонда да көбі таңдай қағады.

— Жануар, тура мүсін екен.

— Несін айтасың.

— Тұрысын қарашы, тұрысын. Ешкімді менсінбеген паңдық бар.

— Жалт етіп қарағандағы жанары неткен суық. Қасқыр коз.

— Сен де айтасың-ау. Оны жылан көз дейді. Мал көріп пе ең?

— Енді... — деп күмілжіді алғашқы.

— Шіркін, тақымға түссе ғой.

Кенештің байқауынша бәрінің көңілінде «шіркін, тақымға түссе» деген үміт бар сияқты. Ортаға түскен олжаға деген қызғаныш оты талайдың көңілінде тұтанғандай. Қызғаныш бірге туғанды да аздырады, ал

мұндайда батырлар арасында іріткі тууы мүмкін. Кімге сыйласа да «мұны бізден артық көрді» деген алакөздік боларына көзі жеткендей. Мәжіннің де еңбегі мол, бірақ талай еңбегі сіңген Қашқынбайды, Ағакеңді қайда қоясың? Не істегені жөн? Не істеген жөн деген сауал ұйықтаса да түнімен көңілінен кетпеді. Ертемен аттанатынын күні бұрын біліп, буынып-түйініп, сап түзеген қолдың алдына келгенде де толқуы басылмаған. Іштей бекінген шешіміне қия алмай тұр Ақбозды. Бірақ бәрінен де бірлік керек. Алғашқы олжаның басын өзі алса да қолдың талайының наразы боларын білді.

Жуас жануарды қыл шылбырынан жетелеген атқосшы жігіт ортаға әкеп тоқтаған. Жиынға бұрыла-бұрыла қараған жануар құлағын тігіп, күрсіне дем алды. Сарбаздардың ішкі кейпін танып, ендігі тілегін білемін де дегендей Кенеш те үніле қалған: «Әй, жоқ. Кебінің көзінде маған бұйырса деген үміт тұр. Болмайды екен».

— Уа, халайық, мынау боз ат бір жігіттің мақтан тұтқан сәйгүлігі екен. Оған да опа бермей дұшпан пейілдінің қызметіне жарапты. Енді біз де жау мінген жарақты тақымға басып жарқырамай-ақ қоялық. Уа, халайық, жақсы істің алдында құрбандық шалайық.

Халық құрбандықтың не екенін түсініп те үлгермеді. Күні бойы Кенеш қолында жалаң тұрған қылыш найзағай отындай жарқ етті. Қақ желкеден қиылған ат басы атқосшының аяғына тарс құлап, шатқаяқтаған денесі шалқасынан түскен.

Кенеш басқа шешім таппағанына да өкінді. Шіркін-ай, осындайда жетектеп жібере салатын бір дуананың да келмеуін көрмейсің бе. Онымен ешкім араз боп жатпас еді. Ағакеңнің әмірімен сан-сақа тараған батырлар жүзінен не қызғаныш, не өкініш аңғара алмады. Тас-түйіндей болып аттанып бара жатқан жауынгерлерде де ләм-мим үн жоқ.

Сол күні Манақа бойындағы бекініске кештете жеткен қол қамалды кеңінен қоршап, ешкім қорғаннан кіріп-шықпас үшін мықты күзет қойған. Табан астынан келе қалған қалың қолға үрке қарасып, әрі таңданысқан бекініс халқы да қорғанның басына шығып алыпты.

Осы маңдағы бір төбешікке шығып Кенеш айналаға дүрбі салған. Алыс-алыстан торуыл күрған топ көз жетер жерді қамтып болған сияқты. Ендеше сездірмей келер де, кетер де жау бола қоймас. Сонау Желітау, Алабастар жаққа да шолғыншы жіберілген. Әріректе батып бара жатқан күн сәулесімен шағылысып, сан реңге боялған Ор тауының жалаңаш тастары дүрбімен тіпті әсерлі. Түү баяғы өткен заманда осының құзынан Жошы ылғи бүркіт үстатады екен. Сонан сонау бір түнерген қия шың Жошы қиясы атанып кетіпті. Қазір де қырансыз емес сияқты, сонау биіктегі қос бүркіттің солай қарай бейім айналуы мекен-жайының анық белгісі емес пе. Әй, Арқа-ай, әр жотаңда бір-бір тарих жатыр-ау, ат үсті селкілдеген жаугершілік заманда сол шежірең үмыт болмаса.

Ұйқысы келмеген Кенеш қара көк аспанның жымыңдаған сансыз жүлдызына қарап біраз түрды да бөлек-бөлек орналасқан қолды жаяу аралап кетті. Әрқайсысы аттарын жекелеп отқа жіберіп, күзетші тағайындаған екен. Әр түстан:

— Әй, бү қайсың? Неғып түнделетіп жүрсің? — деген естіліп қалады.

Ашық аспан астында жайласқан қолда дің үйқы шамалы сияқты. Тоқымын төсеніп, ерін жастаған жігіттер аунақшып, шала сөнген отты қағыстырып, жанынан өтіп бара жатқан бүған бағжия қарасады.

— Демалыңдар, жігіттер.

— Е, бүйырса...

Сондай бір түстан домбырасын безілдеткен сері Науанның даусы жеткен. Әнге әбден қызған ба, серпіле сермейді.

Құба бел,
Қуалай соққан қоңыр жел

Түу, шалқытуын-ай шіркіннің. Қай-қайдағыны еске түсіріп, алыста қалған қызықты шаққа шақыруын. Жо, жә! Көңіл сап! Ертеңгі күнді ойла. Көптің ертеңгі тағдыры да сенің қолыңда. Қарулы жауға қарусыз соқтығысуының да бастамасы тап ертең. Гүрс-гүрс атып, жауған оққа мына жігіттер шыдай ала ма? Кейін бір серпілсе, беті қайтып

беттей алмасы да хақ. Ендеше алғашқы серпінмен не болса да қолдан келгенін жасау керек.

Күн шыға сылбыр қимылдап, аттарын ертгеп, асықпай асын ішкен қол берік бекініс пенен жасаулы мылтықтан сескеніп қайтып кететіндей-ақ былайғы көзге енжар. Ұйқысынан ерте тұрған қала халқы да жапан дүздіктер шабуға батпас дегендей еді. Кенет қамалға қарай кішігірім шөмеледей-шөмеледей қаңбақ аунай бастады. Жел дүниенің төрт бұрышының бәрінен де қаңбақты бекініске қуғандай. Қаңбақ біткен жақын келгенше аңтарылған бекініс тұрғындары не екенін аңғармаған. Әр қаңбақтың аржағынан кей-кейде адам басы қылт етіп көрінген соң әскербасының шаңқ еткен ащы даусы да, гүрс-гүрс мылтық үні де жетті. Бір сәт тоқтай қалған қараған-тобылғының артына жасырынғандар оқ өтпесіне көздері жетіп, тап іргедегі орға таяй берді.

Гүрс-гүрс мылтық атылғанмен, зіркілдеген зеңбірек даусы жоқ. Сірә оқ жетер жерге жақындап кеп тоқтаған атты әскерді көздейтін сияқты. Кенеш дұшпанының бар қаруы бір-ақ жақтан шығып, маңдайға ұрмас үшін қамалды жан-жақтың бәрінен шабуылдауды қосқан. Енді, міне, оры терең болғанымен, іргесі аттылы адам бойындай қорғанның әр жерінен шапқылап жүрген қолбасыны танып, іштей риза.

Қорғанның дәл іргесіне жеткен жаяу әскер тең-тең қараған-тобылғының біразын орға тастап, аттылы да өтер көпір жасады да, скі-үшеуден қалған теңдердің артына жасырынып үлгсрді. Атқан оқтан әзірге оларға келген зиян жоқ.

— Иә, сәт.

— Аруақ.

— Алла жар болсын.

Жаяу әскердің осы соңғы қимылын күткендей атты әскер лап қойған. Аузы үңірейген зеңбіректен жалтарып бүйірлей шапты. Зеңбірекшілер асығыс-үсігіс қаруын бұрғанша екінші жаққа жалт беріскен. Гүрс еткен зеңбірек оғы лағып барып, жер қапты. Асығыс атылған екінші оқ та нысанасына тимеген. Сатырлаған мылтық даусы қуырған бидайдай бытырлайды. Алдына өңгерген құшақ-құшақ

қарағаны бар сарабаздар да дін-аман сияқты. Әредік оқ тиген аттардың шырқырап кісінегені естіліп, төңкеріле құлағаны көзге түседі. Лап қойғандардың атына ие бола алмай орта құлағаны да бар, қараған көпірден өтсе де, топырақ үйіндінің үстіне шықса да, кісі бойы қол созым бекініс іргесінен аса алмай бірін-бірі таптап, оққа нысана боп жатқандар да жетерлік.

Бекіністің түстік жақ бетінен шабуыл жасаушы топ Науанның жігіттері еді. Қараған көпір бұл тұста орды бекітіп, бекіністің тас іргесіне де түйетайлана үйіліпті. Бұл тұста жаяу әскер бекіністі қорғаушылармен қол шайқасқа да кіріп кеткендей.

— Міне, табылған ақыл, — деді Кенеш өзіне өзі. — Иә, сәт. Сонадайдан жалаң қылышын басынан асыра үйіріп ұрандай шапқан топтың алдындағы Науанды және таныды Ақауыз аттың тізгінін еркіне жіберіп шапқан жігіт іргеге жақындай бере бір қолтық тобылғысын лақтырып жіберіп, қараған көпірден сүріншектеген атына қамшы басып, ырғып бекініс ішіне бір-ақ түскен. Мылтықты найзасын ала ұмтылған сарыала киімдіні атымен қағып, қылышына жармасқан бір-екісіне наркескенін бұрын сілтеп үлгеріп, қан-қан картүзін сонадайға ұшырған.

Тағы екеуі жүгіріп келеді екен. Екі тілде де боқтықты аямай сілтесіп ұмтылысқан. Бұл кезде Науанның артынан қамал ішіне түскен Қашқынбай мен Мәжін қарсыласқан екеуді атпен қағып, ұшырып түсіріп өтті. Бекіністің жол ашылған бұл тұсынан қаптап кірген аттылы-жаяу қол қарсыласқанды жапырып, қол көтергенін тұтқындап, ендеп кетті.

Патша үшін, — деп қалған қолын жинап, қарсы ұмтылмақ болған әскербасы соңғы сөзін айта алмай жер құшты.

— Аруақ!

— Ата-бабамнан айналайын.

Айналадан шаттанған жеңіс үні келіп жатты. Шалқасынан құлаған қамал қақпасынан асықпай аяңмен кірген Кенешке бекіністің орта тұсына жиналған бір топ тұтқын түнере қараған.

Қамал ішін аралап жүріп, әлдебір әйелдерді бажылдатып, әлденесін тартып ап жатқан қос жігітке

кезікті. Таяй тоқтаған Кенешке «еңбегіміз бар емес пе, олжамыз» дегендей ыржыңдай қарасқан. Бұл жөн болмас деді іштей Кенеш, тонауға бүгіннен жол берсек, жолымызда әлі талай ауыл кезігеді, сонда не болмақ. Ел үркер, досыңнан дұшпаның көп болар. Екеуін де сәл дүрелетіп алды.

Қайта айналып, манағы тұтқын топқа келген, жараларын таңып, оңалып қапты.

Тірі қалатындарына көздері жеткендей өңдері де жылыған.

— Іштеріңде қарапайым шаруа бар ма?

Өзді-өзі күбірлескен тұтқындар неге сұрағанын түсінбей, әлдене істеп қалады дегендей жалтақтасты. Ортадағы көнетоз көйлегі қақ айырылып, онысын қайта-қайта қолымен қымтаған дәу мұжық сөйлер пейіл танытты.

— Жоқ деуге де болады.

— Е, сонда бәрің әскер боп қалай күнелтесіңдер?

Екі қолын жайған мұжық халіміз осы дегенді ыммен танытса да, тағы үн қатар алдында жыртық көйлегінің етегін шалбарына тықты.

— Барымыз осы ғой. Әрі әскерміз, әрі өзіміз егін егіп отбасын асыраймыз.

— Бұл қып-қызыл тозақ қой. Соған көнесіңдер ме?

Мұжық тағы да қолын жайды.

— Енді не істейміз? Көнеміз де.

Мынау не деген темір тәртіп деп ойлады Кенеш. Ор адамының мойнында патшасы үшін асынған мылтық, қолында кетпен. Сорлылардың көзін тырнап ашқаннан көрге кіргенше көретіні осы екен. Думан, қызық дегендер түсіне де кірмейтін шығар. Бір ауылдың малын біреуіне тапсырып, қалғаны қымыз деп қаңғып, үйіне аптасына бір оралмайтын қазақ жігіттерінің қайсын бүгін көндіресің. Бүгін ертеңіңді ойлап, бұған көнбесең болашағың не болар? Мынадай бекіністермен даланы құрсаулап тастаған соң шырық бұзуға шамаң келмей, құл боп кетесің де. Тіпті, ырқына көнбес болсаң, малыңды сыпырып алса, босқа қырылмайсың ба. Болашақ бұлдыр-бұлдыр, не болатынына көз жете ме.

— Сендерде тәртіп қатты екен. өз беттеріңмен үйленбейтін де шығарсыңдар?

Дәу мұжық басын шайқап күлді. Біреулері онда несі бар дегендей тыржыңдасқан. Тағы өзара күбір-күбір.

— Менің күлгенім — болжамыңыз дұрыстау. Анау ішкергі жақта помещик деген байымыз бар, сол кімнің кімді алып, кімге тиетінін де кесіп қояды.

Кенеш тұтқындарға зәбір көрсеттірмеді. Қамал ішіндегі оқ-дәрі қоймасын аман-есен қолға түсіріп, бар қару-жарақты әскеріне бөліп берді. Сонан соң тұтқындарды топ-топқа бөліп:

— Өздерің іргесін қалаған екенсіңдер, біздің ризашылығымыз жоқ еді, енді өздерің бұзыңдар, — деп бекіністі бұздырта бастады. Бұған өз жігіттерін де кезекпен салып тұрған. Бұзылған тас-кірпішті аулақ-аулақ шаштырып жіберді. Бұрын шаң-тозаңды қол жұмысын көрмеген ел жігіттері қабақ та шытқан:

— Денеңе қадалған шөгірді алып тастамасаң, ол іріңдеп, ауыртады. Сыртынан сипағаннан пайда жоқ. Мына бекініс — сол шөгір. Қақпасын бұзып, қамалын тастап кетсек, ертең қайта орнығады. Кәне сонда төккен теріңнің ақталғаны! — деген Кенеш.

Үш күнде қамал бұзылып, ертеңінде қамал ішіндегі үйлер талқан етілді. Керек-жарағын алып шыққан отбасылы мұжықтар енді не істейміз дегендей аңтарылды.

— Осылармен әуре боп қайтеміз, Хиуаға сатып жіберейік бәрін, — деді кей пысықай.

— Тәйт, әрі. Жауыңа жау қосайын деп пе ең. Бұлар да айдаумен жүрген халық. Не жазығы бар? Ханымен соғыссақ та, халқымен жауласпа.

— Елге кірген жау — үйге енген жылан. Осыны ұмыттың, Кенеш. Бәрін олжа көріп, көзі тоймайды, азады. Түбі осылардан көрерсің.

— Түбі не нәрсенің қайырын тіле.

Бостандық алған мұжықтар жаяу-жалпы, оны-мұнысын алып, Ақмола дуанына қарай жолға шыққан. Үш-төрт күннен бері ел жігіттерімен еркін танысып, көңіл қосып қалған кей қыздары ілесер емес.

— Марфа.

— Мария.

— Дуня, қу салдақы, жүр.

Жігіттердің мойнына асылған қыздарда барар ниет жоқ. Қазақ қызындай емес, жұрт көзінше жігітті құшақтауға ұялмаған қылық танытты. Айнала қарқ-қарқ күлген сайын мойнына асыла түседі. Қыздарын шақыра-шақыра түк шығара алмай даусы қарлыққан әйелдер қарғап-сілеп ұзай берген.

Жалғыз бекіністі алып, жаудың бетін қайтарғандай желпінген жігіттердің онан әрі жолы болмады. Көк темірге құрсанған шеріктер атой салып шапқан сарбаздардың басына оғын да, добын да бүркіп, тоздырып жіберді. Көбі қорыққанынан жерін тастап, елінен безіп кетті. Дұшпан біржолата жеңіп, Қарқаралыдағы дуанның билігі өсіп, ақ дегені алғысқа, қара дегені қарғысқа айналды.

Бағынбаған жалғыз Құдайменде еді. Ата-бабамның, кешегі азаматтардың аруағы риза болсын, ноқталы басқа бір ажал деп, маңайына ел жимаса да жалғыз шауып, енді тізгінді мықтап қолыма алдым деген ұлықтардың берекесін ала берді. Ұлықтың поштасын тонады, қарсылық көрсеткенін өлтіріп жіберуден тайынбады. Пәлен жерде түген деген патшаның сенімді адамын сабап кетіпті деген хабар дүңк-дүңк. Үстінен түскен арыз да бар.

Бір жағы елінің ендігі тыныштығын ойлап, жауласым босқа құрып кете ме деген Құнекеңе екінші жағынан «бандитті өрбітіп жібердің, нығыз ұста» деген әмір де батқан. «Бір шіріген жұмыртқа» деп Құдайменделеден Жамантай да безген.

— Болмас, ұстап берелік, — десті ел жақсылары.

— Оған кім батып бара алады, жанкешті емес пе.

Дағдарған топтың аузына Мәнжол түскен. Өз дегені болмаса көне қоймайтын, әрі көтерілген жұртқа тілектестігі бар оны көндіру де қиын. Оның кілті Орманбетте десті.

Орманбет бірер жыл бұрын Мәнжолмен араз еді, кейін бірі аға, бірі іні болысқандай. Оның себебі Әлгі қырмызы сұлуға байланысты. Өзі сері, өзі балуан Мәнжол Бөрібай ауылына жиі барғыштап жүріп, қырмызы қызға көзі түскен. Жаз бойы алтыбақаннан жаңылмайтын ауыл жастарымен аралас жүріп, қырмызымен әлденеше оңаша кездесіп, ақыры сөз байласқан. Қазақтың ертеден атастырып қойған

қызының бірі қырмызы. Қыздың әкесіне батпай ағаженгесіне сөз салып көріп еді, ат-тонын ала қашты. Тіпті, осы қайтеді, қапылыс қалмайық дегендей соңына аңду салып, кездесуін мұң еткен.

Әлденеше күн қыз аулында жатып, елдің саябыр бір күні кеште:

— Ал мен біржола қайттым, — деп ат үсті қызды қоштасуға шақырды.

Дүңкілдесе де ағалары «қой, ақырғы жүз көрісуі ғой» деп екі ғашықтың арыздасуына жол берген. Ат үстіндегі Мәнжолды ауылдан шығарып сап, енді қолын беріп тұрған қызды жігіт алдына өңгере қашты. Не болғанын түсініп, аттандасып ат ұстап, жиылып қуғанша қашқындар түн қараңғысына сіңіп те үлгерген еді.

Таң біліне ауылына жеткен Мәнжол Орманбеттікіне кісі жіберіп еді, ол үндемепті. Сонан ғой қырмызыны жетек атқа мінгізіп. Өзі Орманбет үйінің тұсына келіп:

— Орманбет, мен теңізге қаштым, өлсем сүйегім сол жақта шірір, жерге ие бол, — деп тебініп берген.

— Тәйт, — деді далаға шығып үлгерген Орманбет. — Араз болсам сенімен өзім аразбын, намысым араз емес. Түсір келінді үйге.

Шапқылап кеген Бөрібай Орманбеттен аса алмады. Қыздың өтіп кеткен қалың малы төленіп, жол жасалған. Міне, сонан бері Мәнжол Орманбеттің айтқанын екі етпейтін.

Орманбетке кісі шаптырған құнекеңдер.

— Мына Құдаймендеге Мәнжолдан басқаның әлі келмес.

Жалғыз жаяуды солдатпен іздеп және таппаспыз. Мәнжолды келістірсін, тонаушының ізін өзі табар, — дескен.

Орманбеттің тілегін естіген Мәнжол жер шұқып, ұзақ отырды:

— Не айтасың?

— Не айтайын, қиынға салдыңыз. Күш жетер-ау, бірақ Құдаймендені қууға ат жетпес.

— Не тілейсің?

— Байжомарттың Сырлыжақ жүйрігін бергізіңіз.

— Болсын, тағы не тілегің бар?

— Бір ұстауын ұстармын, артынан немен бітерін тағы өзіме салыңыз. Мен де сіздің сөзіңізді жықпай барамын ғой.

Ойлану кезегі Орманбетке келген. Нені меңзеп тұрғанын іші сезеді. Бірақ бұ Мәнжол зорлығыма көне берер жан емес. Мейлі, онысын өзі көрер.

— Өзің біл. Ұятқа қалмасақ...

Жанына он шақты адам ерткен Мәнжол көп кешікпей-ақ Құдаймендеңің ізіне түсіп, жақында ғана жанына ерген екі-үш жігіті бар оған Ақшатау маңында кезікті. Қақтығыста Құдаймендеңің жанына ерген үшеуі де қарсылық көрсете алмады. Жалғыз бәріне шамасы жетпесін білген ол сытыла жөнелген. Жабыла қуғанмен жеткізер емес, әрі-беріден соң Мәнжолдың жолдастары да үздіксоздық қала берген. Енді біразда жеткізбеген ол, жетем деген бұл екеуі ғана шаңды шаңға ұластырып, даланың төсіне ат тұяғымен дабыл қағып ұзақ шабысқа салған.

Кіші бесіннің шамасында Мәнжол Құдаймендеге Бектауата баурайында зорға жетті. Онда да аты сүрініп құлаған Құдайменде төбесімен шаншыла түсіп, есеңгіреп отырып қалған еді. Келе аттан секіріп түсіп, қолын байлай бастаған Мәнжолға қарсылық етпеді. Тек Бектауатаға қарап:

— Ә, әулие ата, бұйрығың осылай ма еді, — деп мұңайды. Қолы байлаулы Құдаймендеге бір кез сусын сұрады.

Қанжығасындағы жанторсығын аузына төсеген. Бір жұтты да:

— Ә, Мәнжол, бір кезде тілеулес, серіктес едік, енді сен де маған жау болдың ба? Сендерге ұқсап патшаға берілсем, төбемнен алтын құяр еді, өзекті пенденің бір тілегі сондай-ақ болар. Байлыққа батып өмір сүру — талайдың тілегі. Мен болсам елім деп, намыс деп шапқылаған жалғыз едім.

Сөз таппаған Мәнжол теріс қарап жөткірінді. Құдаймендені аяған іші удай ашиды. Айтып тұрғанының бәрі рас.

— Сонымен сен де мені орысқа қиясың ба?

— Иә, апарамын. - Мәнжол Құдаймендеңің бетіне тіке қарай алмады.

— Әй, шының ба?

— Солай деп шықтым.

— Пендеге пенде етем де. Олай болса ноқталы басқа бір ажал, бәрібір мені өлтіреді. Ит қорлықпен өлгенше осында-ақ қазам жетсін. Құдай алдында күнәңді де, қанымды да кештім, өзің өлтіріп жерлей сал. Ең болмаса жерімнің топырағы бұйырсын.

— Өйте алмаймын.

— Әй, кәпір ұлығына күнімді саласың ба? Қай қазақтың баласына жаманшылық етіп ем? Қанымыз бір қазақ емеспіз бе?

— Сонда не қыл дейсің?

— Босат қолымды. Сырлыжақ атты маған бер. Өзің өлтіре алмасаң, ит ұлыққа олжа етпе.

Мәнжол Құдаймменденің қолын байлаған қыл шылбырды қиып жіберді. Қош-қош айтысқан екеуі ат алмасып мініп, екі жаққа кеткен. Құнекеңе енді қалай көрінерін білмеген Мәнжол, осы маңға аты шыға бастаған Жанғұттыдан ақыл сұрай барды. Мән-жайға қанған Жәкең:

— Құнекең Құдайшыл еді, не айтса да «Құдайдан да» дей бер, — деген.

Араға ай салып барып Мәнжол Құнекеңе келді. Босағаға отыра кеткен балуан жігітке жалғыз көзімен ата қараған Құнекең әлдене уақытта:

— Ә, жеттің бе? — деп мырс етті.

— Құдайға шүкір.

— Жол торығаң, кісі өлтірген қарақшыны ұстап әкел деп жіберіп ек сені.

— Құдаймменденің орысты өлтіруі де Құдайдан да.

— Соған сені жұмсадық қой.

— Мені жұмсауыңыз да Құдайдан да.

— Астыңа жүйрік мінгіздік.

— Сырлыжақтың тақымыма түсуі де Құдайдан да.

— Әй, мен естімеді деп пе ең, неге босаттың Құдайммендені?

— Естуіңіз де, менің оны босатуым да Құдайдан да.

Ұрдажық әрі балуан жігіттің табан астынан диуана бола қалғанына таңданған, әрі өзі Құдайға сенгіш Құнекең сөзден тосылып үндей алмады. Ойланған жазасы да жайына қалды.

— Бар, шық!

Жазаламаса да құнекең Мәнжолды кешірмеді. Мәнжол да еліне бірден тартып кетпей айналсоқтай берген. Құнекеңнің Қарқаралыда салдырып жатқан мешітінің жұмысын бар жақсы күнара кеп көріп тұратын. Жұмысшылардың бес-алтауы жабылып, төбеге шығарар бөренені көтере алмай жатқан. Құнекеңнің келгенін көріп әрі кешірім ете ме деген Мәнжол шапанын лақтырып тастап, бәрін кейін сырып:

— Әуп, — деп көтере жөнелген.

— Пәлі.

— Уа, жаса, — десіп жұрт шу етті. Құнекеңде үн жоқ, жалғыз көзі тесірейген қалпы бұрылып жүре берді.

Жұрт болып қолға алған мешіт құрылысы тез бітті. Діндар қариялар, ел билеген үлкендер жақсы ырым десіп, ат шаптырып той жасамаққа бекінген. Ат жаратушы да көп еді, соның бірі боп Мәнжол Құдаймменденің қасқасын баптаған. Елу шақырымдық бәйгеге кетіп бара жатқан баласына Мәнжол:

— Атың озса қарақшыға дейін Қараменде деп сиын, еліңнің аруағы көтерілсін. Қарақшыға келе Құнанбайлап шап, мына жақсы істің көшбасшысы ғой, оның да абыройы ассын, — деген.

Ат айдаушы жетпістен аса атты соңына ертіп кете берді. Мұндағы ел балуан күрестіріп, ақындары айтысып, күй тартып, неше алуан өнер көрсетіп, жұртшылықты мәз еткен. Мәнжол көп жұрттың сыртында, екі көзі алыста.

— Сен неге күреспейсің? — дегендерге.

— Бұл жолы реті келмей тұр, — деп құтылып жүр.

Көп өнердің ішінен көңіліне қонғаны Шөженің шаншып айтқан сөздері. Әлдебір есерсоғы болмашыдан дүрілдесіп, шу шығарған еді, соны ақын ащы тілімен түйреп тастады.

Дауа жоқ ағайынның мінезіне,
Ашуы қаратайдың тежелімде.
Қотыр санға қосылмай, қор болып жүр,
Жетеді Итекеңнің жыны өзіне.

Жаңа ғана шыққан шу ақынның ащы даусынан соң су сепкендей басылды. Артық кеткенін, ащы мысқылға ұрынғанын білген жаңағы тентек топ:

— Осы сен!

— Жоқ, сен бүлдіресің бәрін.

— Сүйекке таңба түсірдің.

— Атадан балаға кететін сөз естідік.

— Айнала ағайынға қарар бет қалмады-ау, — десіп, өзара бірін-бірі мүжіді. Жаңағы бір әзірдегі ашу, ата-ата боп намыс қуып, тиісу жайына қалған.

— Пәлі, Пәлі! Айта түс, — деп жаны кіргендер Шөжені шаптаса да, есті ақын онан әріге бармады, бір атаның баласын басқасына біржола жығып беруді мақсат тұтпайтын сияқты.

Енді бір жерде басында пұшпақ бөркі бар дөңгелек жүзді жігіт ағасы боп қалған Шортанбай ақ сақал, қара сақалдар ортасында домбырасын іліп шертіп:

Кейін келер заманда.
Ұл сыйламас атасын.
Қыз сыймаламас анасын, —

деп тәлімі төмендеген елдің мұңын өлең сөзбен жеткізіп отыр.

— Рас-ау, рас, — деседі үлкендер мұңайысып. — Осы күнгінің жасы тізеңді қағып өтеді.

— Жастан ізет, қыздан инабат кеткендей.

Мәнжолдың айналсоқтап бір тоқтаған жері сылқылдағын аса бір әсем күй төгілген тұс. Қиық мұрт жігіт өңі жүз құбылып, күймен қоса балқып, жан-тәніне сіңген бір сазды шертіп отыр. Бұрын көрмеген кісісі тәрізді. Өзі сияқты шетқақпайлау тұрған біреуінен:

— Мына кісі кім? — деп сұраған.

— Білмеуші ме ең?

— Көрмеген кісім.

— Е, онда біле жүр, осы Қарқаралы қазағы. Аты Тәттімбет.

Есімін сырттай сан естісе де, жүзін көргені осы, енді тіпті тәнті боп, құшырлана құлағын түрген. Күй әлдеқайда сүйреп әкетіп барады. Жасыл желекті алаң, күміс сулы

бұлақ, сол бір жайқалған төрден наз күлкі естілгендей. Домбыра онан кейін тағы бір өксікке басты. Мұны бұрын естіген. Ұмытпаса аты «Бес төре» болуы керек. Наурызбай батыр дұшпанының тұтқынында отырып, енді айналып сары даланы көрмесіне көзі жетіп, сағынышын, арманын осылай білдіріпті дегенді де құлағы шалған. Күйде бес адамның үні бар. Бірінде арман, екіншісінде тығырықтан шығар ма еді деген шешеннің үні, онан кейін өкініш, ұмтылыс боп келеді де, соңынан әлдебір коңыр үн басу айтқандай күңгірлейді.

— Уай, шаң көрінді.

— Аттардың келіп-ақ қалғаны ма?

— Солай болғаны да.

Орындарынан дүрк көтерілген жұрт қарақшыға қарай жүгірісіп, биік-биік жерлерге шығып, енді будақ-будақ шаңға көз тіккен.

Көз ұшындағы бірінен бірі озған, кезек-кезек суырылған аттардың ішінен бір кез жеке шаң көтеріп екі сәйгүлік ойнақтап шыға берді. Жануарлардың денесі енді қызғандай, жебенің оғындай сырылдап, соңынан қуғандардан біржола ұзап, құлаш ұрып келеді. Бірі баран, бірі қылаң.

Төбе басы қым-қиғаш шу. Мұндайда есі қалмайтын қазақ құлақшынын атып, бір-бір қамшысымен саптама етігін сабап, есіріп алған.

— Әй, анау баран кімдікі?

— Қылаңы боз ба, құла ма?

Әлдебір уақытта қылаңның басы озғандай еді.

— Әкетті, әкетті! Құла шықты. Күржібайдың құласы. Айтқанша баран ат та қояндай ытқып қатарласып, көз ілеспей зымырап жанынан өтті де, уыс-уыс топырақ шашып оза жөнелді.

— Ойбай-ау, мынау қара қасқа ғой.

— Әй, бұл кімдікі?

Қасқаның үстіндегі баланың айқайы үзік-үзік естіледі.

— ... менде ... де ... Қа.а... де!

— Ой, ана бала деп келеді?

— Мен білсем Қараменде дейді.

— Қараменде! Қараменде!

Баланың айқайы енді анық еді. Озып келе жатқан атты Құнекең де, басқалар да таныды. Жүйріктің түбі кімдікі

екені де белгілі, біраз үлкендер тоқырасып қалған нышан танытты.

Қарақшыға оқ бойы қалған бала кенет.

— Құнанбай! Құнанбай — деп ұран көтерді.

— Не дейді мынау?

Қарақшыдан «Құнанбайлап» өткен баланың соңынан ырғызбайы да, басқа тобықтысы да аруақтасып шапқан. Сонадайда тұрған Құнанбай:

— Мына Мәнжол мені екі рет орап кетті. Тауып кетті жолын, — деп келіп Мәнжолға құтты болсын айтып, ризалығын білдірген де, арқасына шапанын жапқан.

Алғашқы күнгі құтпан намазына жиылған жұртқа сонау шет жатқан Тағылыдан келген Жәнібек имам боп, мешітте алғаш аят оқылған. Жан-жақтан келгеннің көбі қайтып кетті. Екінші күнгі намазға имам болуға талайдың дәмесі бар. Мешіт салдырған Күнекең де, атақты Аққошқар мен Саққұлақ та, бір дуанға ие Ыбырай да елге абыройлы болғысы келеді. Ішіндегі осалы Мүсет. Шыққан тегі де шикілеу, қашқан солдаттың тұқымы деген қауесет бар. Онысы үшінші әкесі болса керек. Ел жолына салсаң бұған сен бола ғой деп айтпасы анық.

— Ал бүгінгі намазға имам кім болады? Жәнібек еліне қайтты. Атақтылар бір-біріне қимайтын сияқты. Мені атаса екен деп іштей тілеп, бірін-бірі көз астымен баққан.

— Менде бір сөз бар, — деді Мүсет.

— Иә, айт!

— Айтсам жөні былай. Шариғат жолымен келсек, Құнанбай соқыр, кемтар адам, басқа барда имамдыққа жарамайды. Ыбырай алыстан келген қонақ, сыйлауымыз керек, Жол сонікі болғанымен, ол патшадан шен алып, мойнына қарғы таққан шала кәпір. Оған ұюға болмайды. Ал осы жиналған қауым ақырзаманда абалаған ит пен секектеген қошқарды қайдан іздейді? Сол себептен мұсылманша біраз оқуым бар, енді имам мен болам.

Сөзден жеңілген басқалар еріксіз мойынсұнып, Мүсет имамдық етті. Намаз соңынан алыстан келген қонақ Ыбырай тамағын кенеп, айтары бардай ыңғай танытты. Бәрі соның бетіне қарасқан.

— Уа, халайық. Осы тыныштық кетті. Бір емес екі дуанның бейбіт елін тонап жүрген бар. Ол әлгі Құдайменде

соққан. Жоғарғы ұлықтардан бізге де «тыймадың» деген сөз түсіп жатыр. Осының ебін табуды ойласайық.

— Дұрыс.

— Сөз-ақ, — десті әр тұстан.

Намазға жиналған жұрттың көбі үнсіз. Іштерінде бір қимастық, бір өкініш бар сияқты. Не қарсылығын, не құптауын тіс жарып білдірген ешқайсысы жоқ. Сол бетінде тарасқан.

Ұлықтардың шешімімен шыққан қарулы отряд Құдаймендені Үштөбенің маңында қоршауға алған. Жанындағы жалғыз серігі екеуі ұзақты күн атысып, ыңғайлы орыннан көздеп, шеріктерді жолатпады. Оқ шіркінде талғау бар ма, ох деп қалған жолдасы тіл қатпай кетті. Онан кейінгі бір оқ Құдайменденің ішін жарып, ішек-қарынын бір-ақ түсірді.

— Уа, дүние, ол да бір өткен күн екен ғой. Кәрі құлаққа соның бәрін заманнан үміті де, түршігуі де көп елі жеткізген. Кәрі көңіл бәрін түйіп, ендігіні болжап, елінің ендігі мұңын өзінше жейді.

Орнынан тұрмақ боп үш ұмтылған Жидекеңнің көзі тағы қарауытып, мең-зең күйге түсті. Енді бірде үстіне төніп тұрған немересіне ауылдан кісі шақыр дегенді ыммен ұқтырған.

* * *

Қарт Жидекеңнің қайтыс болғанына да жылдан аса уақыт өтті. Кәрі айбынның туы болған көне жолдың ендігіге нұсқаушысы есепті қарияның орны ел ортасында омсырайып бос қалды. Ресей патшасына бағынып, күнде өзгеріп жатқан өмірдің екпініне ілесе алмаған көп ақылгөй ақсақалын іздейтіндей. Жидекең жарықтық солай деуші еді деп тамсана еске алып, тым болмаса ол кісінің жасына таласушы еді. Біреулері жүз онға келді десе, көбі жүз жиырмадан кемге көнбейтін де, бірен-саран қарт «батырдың шіркін сүйегі асыл-ақ еді ғой, жүз отызға да мойымай тік кетті дүниеден» деп шалқитын.

Ел сыйлы қариясынан айрылғаннан бері жыл аса уақытта кезінде Кенесарының қасына ілесіп кеткен

Жанғұттының елге оралып келе жатқаны да ұзынқұлақтан жеткен.

— Елге оралғаны несі? — деді талай таң.

Көбінің көкейінде бұл сөз рас болса, ұлықтың тырнағына іліккен Жанғұтты жазалануға тиіс. Олқын-толқын заманда ел намысы деп шауып, кейде адасса да тура жолдан таймаған азаматын ел кешер-ау, діні басқа, бөтен елдің жандаралы басынан сипай қояр ма екен. Жалғыз Жанғұтты емес, соңынан ерген елінің халі нешік.

— Әй, талайды түп-тамырымен құртады ғой.

Арқа жеріне іліге көшін тоқтатқан Жанғұтты бірде араз, бірде тату күн кешіскен Құсбек пен Алшынбайға жігітін жіберген. Тапсырған жұмысы «ендігі бет не болмақ? Мынау елді әкім орысы итжеккеніне айдап жібермей ме? Жоқ десе, берер қонысы қай тұс?»

Қарқаралы дуанына баруға шынтуайтқа келгенде, жүрегі дауаламаған жігіті оны-мұны айтып бұлтарып еді, Жанғұтты көнбеді.

— Мен ол кісілерді танымаймын ғой, — деді амалы таусылған жігіт.

— Танымасаң біреуінің бетінің ұрасы бар, екіншісіне Алланың басына салған мұрасы бар. Барасың, табасың, танисың.

Даланың ашулы халқының ішінде Ресейдің әміріне алғаш мойынсұнған Құсбек пен Алшынбайдың жандарал алдында беделі зор. Жандарал отырған кеңсенің төрі болмаса да, бір бұрышы тиген. Сыртқы есіктегі күзетші урядниктер сырттан осы екеуінің амандығын ерекше бақылағандай. Мұндайды көрмеген дала жұрты үшін мұның өзі ертегі қиял, қонған бақ.

Жанғұттының сөзі-сөз, ақ дегенін алғыс деп үйреніп қалған жігіті үшін мына дуанда да Жанғұттыны білмейтін жан жоқ сияқты еді. Есіктегі екі урядникті қаға-маға кірмекші еді, өзін шалқасынан түсірді.

— Әй, мені Жанғұтты жұмсады.

— Пошел вон.

— Жанғұтты деймін.

— Что он болтает?

— Э, бог его знает, о чем он лопочет.

— Мыналар Жанғұттыны білмейтін бе еді?

— Еще раз полезет, дай ему как следует.

— Да, да. Чтобы запомнил раз и навсегда.

— Әй.

Айғайласып тұрған жігітті Құсбек көріп, ішке кіргізіп алған.

— Ал жөніңді айт.

— Жанғұтты жіберді.

— Бізге ме?

— Иә, тап солай.

— Бізді қалай таныдың?

— Біреуінің ұрасы бар, екіншісінің Алла салған мұрасы бар деген.

Кемістігін естіген Құсбек түксие қалған. Талай сөз қағысын басынан кешірген Алшынбай қарқ-қарқ күлді.

— Тілінің қыршаңқысы қаңғыса да қалмапты ғой.

— Қотанаяқ неменің сөзінің түрін, — деп қыжыртты Құсбек.

Ел шетіне келіп, ендігі ел жайын ойлап, сөз салып отырған Жанғұттыны кешегі Кене ханға ергені үшін жақтыра қоймаса да «кет әрі» деп кеудесінен тағы итермеді. Жалғыз-жарым жан емес, соңына ерткен елі бар, ол халқы бір бүліншілік шығарса, басын ноқтаға енді тыға бастаған мына жұрттың талайы мөңкіп шыға келмесіне кім кепіл. Өзі келгенді бауырына тарта алмаса, орыс жандарал да ісін құп алмас.

— Қай жерді береміз? — деп дағдарды екеуі.

— Осы Ақши дұрыс па деймін.

— Онда Ағыбай қоныс тепкендей ғой, — деді Алшынбай.

Құсбектің емеурінін еркін таныған. Баяғыда Кенесарыға еріп, тіпті оның бас батыры болған Ағыбайға іштей кегі бар еді. Өз бетімен келіп орын теуіп жатқан Ағыбайды жақсы сылтаумен, жандаралдың мөрімен жайлы қонысынан бір қуып жіберсе, жер қылғаны емей немене. Көрсін кімнің қолында билік барын. Осы ел Ағыбай, Ақжолтай деп тым дәріптеп жіберіп еді. Сондай ата жауын мұқатқаны үшін сары ала жандаралдың да қыбы қанар.

— Иә, сол Ақшиді Жанғұтты алсын. Тап іргеден Ағыбай сияқты сенімсіз кісінің орын тепкені де күмәнді. Қаланы

бір күні бас салса не істемекпіз? Мына істің реті кеп тұр екен. Әрі Кенесарышыл екеуінің арасына да шоқ тастайық.

Сол күннің ертеңіне жандаралдың алақандай мөрін басқан табақтай қағазын алып, Ағыбай ауылына дуаннан жігіттер де жеткен. Қасынан орта шаруалы батыр көп жортуыл, тынымсыз ұрыста жүремін деп дәулетін тіпті шашып алғандай екен. Батырдікі анау қоңыр үй дегенге көңіл сенбегендей. Желідегі қос құлыннан басқа маңайда мал да көрінбейді.

Үй сыртына түсіп жатқан үш-төрт аттыны әуелі көзі шалған бәйбішесінің көкейіне әуелі ас қамы түсіп, соя қояр малдың тағы реті жоғын біліп сасқалақтаған. Есіктен басын қайта ішке сұғып.

— Мына кісілерге ағаларың үйде жоқ еді десем қайтеді, — деді. Кейуананың ас үшін сасқанын іштей түсінсе де аулының үстімен кісі түсірмей өткізбейтін батыр налып қалды.

— Уа, бар болғыр, мені тірідей жоқ дегенің асыққаның ба? Түссін үйге, — деп қайта қатуланып, тысқа өзі шықты. Жапатармағай сәлемге өлеңмен жауап етті:

Сәлем ап алдына тұр ағаларың,
Қиында іздеп келіп сағаларың.
Көп болды ауылыма мейман келмей,
Қуандым көрінгеннен қараларың.
Етім аз, бірді-екілі таба наным,
Бұрында қонақ күткен бабаларым.
Пейіліме тоярсың аш болсаң да,
Ренжімей үйіме түс, қарақтарым.

Мына келгендердің Ағыбайды көргендері де осы еді. Үйге тіреу болғандай бойына шалқақ төсі менен таудың жотасындай кең жатқан иығы жарасымды үйлесім тауып, сымбатын асырғандай. Меймандарға қанша пейіл бергенімен от шашқан көзі қаһарлы, түсі суық. Келгендер «ойпырмай, мына кісі келген жұмысымызды білген соң, жазым етпесе игі еді» деп қам жегендей.

Қонақтардың есіне осы елге аңыз боп кеткен Ағыбайдың немере інісінің ынжықтығы еріксіз оралған. Батырдың дардай атын сырттай естігені болмаса, жүзбе-жүз көрмеген,

көрдім дегеннің өзі таңсық бәтен елге сол інісі бара қалса керек. Батыр аулынан екенін естіп, тіпті Ағыбайға аталас екенін білген соң жат ел жігітті жақсылап қарсы алып, мал сойып, үлкен-кішісі жиналып, тамаша етісіпті.

— Япырмай-ә, батырдың жақын інісі, — дейді деген сөз көбінің аузында.

— Болса болар, өзі денелі екен.

— Өзі қара жер қозғалса қозғалмас маңғаз сияқты.

Жігіттің бір басын олай да бұлай да айналдырып көрген қызықшыл топ енді батыр туралы қанша сұраса да жартымды жауап ала алмай пұшайман. Тіпті, сөз ала алмаған соң ежіктеуге кетті.

— Батырдың бойы қандай?

— Нарды көтеріп кетеді дейді, рас па?

— Бір ішкенде қанша тамақ ішеді?

Ел нанымында қол бастаған батыр басқадан ерекше. Оның халық көңіліндегі өлшемі де басқа, басқаны таң қалдырғандай. Әрі-бері сұрап мазасын алған соң батыр аулының жігіті:

— Қайдам, сол кісіні ел батыр дейді, өзім әлі көз тоқтатып бетіне қарағаным жоқ, — деп жұртты түңілдіріпті.

Аулына келген соң ақсақалы не көріп, не білдің десе, елдің таңсығы мен өз жауабын айна-қатесіз жеткізсе керек.

— Әй, маубас-ау, — депті күйіп кеткен шал. — Ең болмаса бойы толысқан нардай, құдыққа құлаған түйені жалғыз суырып алған, ерегіссе тайдың етін жеп, бір саба қымыз ішеді демейсің бе?

Қонақтарының асығыс екенін естіген соң Ағыбай тәптіштеп отырып жұмыстарын өзі сұраған. Қабағын сәл түйгені болмаса, ішкі сырын білдірмеді. Тіпті, жандаралдың мөрлі қағазы қолына тигенде ішін алдырмады. Сол жайбарақат қалпы келгендермен қоштасып, жастығына сүйеніп отыра берді.

Жандаралдың мөрлі қағазын жеткізген Құсбектің жігіттері кеткеннен кейін де Ағыбай сол қалпын бұзбай ұзақ отырды. Кірген-шыққан үй іші менен ауыл адамдары суына қалған жүзіне қарап ерекше жайсыздықты сезгендей үнсіз кіріп, дыбыссыз шығып жатыр. Ағыбай іштей өкінеді.

Құсбектің емеурінінен бір басына емес, соңына ерген еліне деген қыспақты анық таныған. Осы қалай болады деп өзіне сенген ауылдастарының қамын жете ойламапты. Өкінішке толы қырғыз жорығына да көз жұмып қатынасқан осы сенген азаматтары. Несі бар еді қырғызда? Бір жағы патшамен тынымсыз айқасқан Кене хан қырғызға тиісуін жұрт көзінше ақтай алған. Мен жаумен соғысып жатқанда бауырым қырғыз манаптары алдап, көкжелкемнен соқты, орыс патшасының алдауына түсті, елін емес, манабын жазалауым керек деген. Соғыстың аты соғыс. Жазықсыз ел арада босқа күйеді. Патша мен манаптың жасырын одақ болғанын қарапайым ел түсіне ме? Соры қайнаған қос бауыр қырғыз-қазақ қан төгісіп шыға келді. Қамауда қалған Науанның:

— Ағеке, бізді тастап кеткенің бе? — деген даусы әлі дәл құлағының түбінде.

Е, өтер іс өтіп кетті. Өткен күнді қайта оралтып әкелер күш болса жазмышының бетін басқаша толтырар ма еді, қайтер еді? Әй, қайдам. Әркімнің өз тағдыры екен, өзі көрер қызығы да, татар шыжығы да өзінікі. Біреу бітеу, бүгінгі күні не айтса да құлдық ұрып жүре береді, оған жақсылық-жамандық бірдей, арасын айырып бас қатырар да ол емес. Қарны тойса, әйтеуір біреудің жанына жатып тұрып, мекіренсе боп жатыр. Дүние түгел, бақ-дәреже орнында.

Ал намыс буып жатса, қайтер ең? Ә, деп жаратқанда сенің балшығыңды намыстың шоғына салып суарса, көкірегіңді әділдік деген уыстап ұстатпас ұғыммен толтырса ше? Әділдік іздеп жүріп кейде алжас басарсың, әйтпесе соған қолың жетпей, жаудың торында шірірсің. Соған да сен кінәлісің бе? Уау, жақсылыққа ұмтылмаған өмір де кешкен ғұмыр ма. Ал адастың? Тағдырдың кей-кейдегі аласапыран бораны кімді қайда әкетпей жатыр. Қарсы тұрғанның талайы үсіді, ықтаған жаурайды. Сол ықтағандардың қоқиып қатып қалмауына себепші де сол бірен-саран қарсы жүргендердің айқайы, сесі емес пе?! Мейлі, мейлі! Бүгін қаскөйлердің күні туды, қарақаттап қалсын, түбі қайыр заманда келер ұрпақ жазғырмаса, басына тоқтап, ризалығын білдірсе болады да.

Тап бүгін қайта айналып кеп Арқадан қоныс тепкеніне өкінгендей. Ата-бабамның мекені, туып-өскен жерім

дегенмен де өгейсіп жатқан хал бар. Кейбіреулер мұның намысқа шауып, ат ойнатқан күндерін кешірмейтін сияқты, реті келсе аяқтан шалып, басқа ағайынды құс қып салып, кек алғандай. Тынар деп еді, басылар деп үміт етіп еді, жаулық үстіне жаулық өсіп бара ма, қалай?

Бұл ауылдың шашау шыққан малын қуып кету, жалғыз-жарым жолаушысын тонау деген енді сіңісті хал. Ағыбайдың басына қастық істеп, өзін не жоюды, не біржола жер етуді көздегендей. Өткенде ауылға елеусіз келіп, асығыс аттанған жолаушы қырғиқабақ танытып жүрген тайпалы елдің Ағыбай аулын шабуға дайындалып жатқанынан хабардар еткен. Жолаушының сөзіне сенбеске де амал жоқ, бір кездегі үзеңгілес көп серігінің бірі. Күні-түні ортадағы азын-аулақ малдың күзетін күшейтіп, сақ отырғаннан басқа жол жоқ.

Ақыры дұшпан ниеттінің ісі расқа айналады. Жеті қараңғы түнде ауылды жау боп кеп қоршаған өз бауыры, қаны бірге қазақ. Өрісте жатқан малда да жұмысы жоқ, ауылдың әр үйін жеке-жеке қоршап, жүгіре шыққаны болса сойылға жығып, ойран сап жатыр. Ер азаматтың көбін Ағыбай сақтық істеп, талай уақыттан бері тау арасына түнетіп жүр еді, енді, міне, мұнысы ақыл болған. Уық сабап сындырып бара жатқан соң аттанын салып шыққан талай қазан иесі әйел сойқандардың сойылына жығылды. Жылаған бала, қарғаған қатын, ұлыған ит, жосылған дұшпаннан ауыл азан-қазан.

Жабықтан сығалап байқап еді, келгендердің көбі Ағыбай үйінің есігі алдында. Көтерген сойыл-шоқпар, ұмсынған найза, жүзі аймен шағылысқан айбалта жақсылықтан жоба жоғының куәсі. Үйден қылт еткенді кім де болса жер қаптыратындай.

— Уай, шық үйден.

— Сені батыр деуші еді ғой.

— Не қылған? Кісісіне кезікпей жүр де.

Бірін-бірі шаптап елірген жұрт айқай-сүреңге салып тұр. Жабыққа қол жүгірткен біреуінің білегін дырау қамшымен осып жіберіп еді, онысы балтамен шапқандай шыңғырды. Қатты айқайдан әрі батырдың атағынан шошынған топ кейін бір серпіліп, өзара күбірлесіп, есік алдын бұрынғыдан жаман қоршады.

— Үйде екен.

— Енді аяспау керек.

Ағыбай асықпай киінді. Өзінің айқайы шықпай жігіттерінің де қимылдамасын біледі. Я, сәт! Осы үйден аман шығарса, онан арғысы тағдырдан да. Осындай бір хал бола ма деп үйдің қақ төріндегі екі керегенің арасын қостырмай тігіп, есікше жасап, туырлықпен ғана жаптырып қойған. Шабады деген жау хабары жеткеннен бері Көкбестісі де түн баласы үй ішінде. Есікшенің тұсындағы киіз біткенді қақ айырып жіберіп, сауыт-сайманы жарқырап, ақырып шыға келген. Теріс айналып тұрған әлдебір салтатты сасқанынан атынан ауып түсті. Көктен түскен әзірейілдей ақыра тұра ұмтылғанда, не көп болғанын түсіне алмай есінен адасқан жау тоз-тоз боп қашты.

Оның үстіне батырдың даусын естіп, «Ағыбайлап» ат қойған ел жігіттері жан-жақтан андыздағанда мұндайды күтпеген дұшпан пейілділер таза састы.

— Айрылмас! Айрылмас! — дейді тобын жинауға далбаса қылып.

— Ағыбай! Ағыбай!

Ағыбай «қан жүктемеңдер» деп тапсырған. Жеткенін тізеден сойылмен қағып тастап, қашқанын күн шыққанша қуды. Таң ата сыр берген Көкбесті күн көтеріле сілейіп тұрып қалды да, Ағыбай секіріп түсісімен теңселіп барып, күрт құлады. Атының сыры өзіне мәлім батыр не болғанын түсіне алмай дал.

— Не болды батыр?

— Өзім де түсіне алмай тұрмын.

Жылқымен көзі шыққан тоқтасқан қара мұртты кісі жығылып жатқан аттың ішін сипап.

— Боғы ауған, енді мал болмайды, — деп бір-ақ кесті.

Тап сол күні Көкбестіге бапкердің де, баласының да бірін-бірі білмей үстемелеп жем бергенін Ағыбай сезбеп еді. Талайдан тақымына басқан, талайлы күн болғанда құтқарып шығарған Көкбестіден Ағыбай ел ішіне келіп айырылып, өкініші кетпей жүрген.

Ендігі күн тағы мындай боп тұр. Арқаның бір шоқтығына сан жорыққа қатынасып шалдыққан елінің иегін

артып, қатын-баланың аузын аққа еркін жеткізсем бе деп еді, ол үмітінің де ақталатын түрі жоқ. Мынау беріп кеткендері мөрлі қағаз емес, зәрлі қағаз. Ендігі билік құрғандардың «ашсам алақанымда, жұмсам жұдырығымдасың ей, ел, тірлігіңе түнегімді де орната аламын» деп шашқан зәһәрі.

Жазылған бұйрық екі жақты. Оның бір басы Ағыбайға «еркінсіме, Арқадан кет» десе, екінші ұшығы көшіп келе жатқан Жанғұтты еліне тиеді. Оған да сын. Бұрынғы Ағыбаймен достығына қарамай, берген жерге орналассаң, өткенменен ат құйрығын шорт кесіскенің, болмаса патшаға деген пиғылыңның әлі дұрыс еместігі. Ендеше сен де қуғынға түсесің. Сенің соңыңа ерген азғантай жұртыңды тоз-тоз етуге шама жетеді.

Қайтпек керек? Ағыбай түніменен дөңбекшіп шықты. Мыналар Жанғұтты мен екеуінің арасына да шоқ тастап отыр. Мен келіп орналасып қалдым, Жанғұтты енді бізді қозғамасын десе, тағы бір сұмдығын шығарып, көңілі бір-екі рудың арасына араздық туғызбақ. Әйтпесе Шұбыртпалы-Сарым боп екеуін де қуғын зобалаңына салмақ. Жоқ! Өйтіп екі елді бірдей қасіретке түсірмеген жөн. Онсыз да көрген қиямет, шеккен азап аз емес.

Ертемен мән-жайды сырттай біліп, көшін тоқтатып отырған Жанғұттыға кісі шаптырды.

— Келе берсін. Баяғы көңіл — көңіл. Енді де ел арасына араздық тудырмағанымыз жөн. Мен әзірше Ақирекке тоқтармын, ар жағын тағы көре жатармыз.

Ағыбайдың сәлеміне Жанғұтты да көп ойланған. Дос тілегіне қабырғасы қайыса отырып көнді.

Сол күні таң біліне батыр қармыс бойындағы анасының тамына дұға оқытамын деген сылтаумен аттанып кеткен. Он бір жасынан анасынан жетім қалса да басына қиын шақ туғанда өстіп бір келіп, тағзым етіп, тәңірден жол тілеп аттанатыны болушы еді. Күмбез ішіне кіріп, ұзақ отырды. Сонан соң күбір-күбір етіп бетін сипап, сыртқа шығып, атына қонды да, тура шығысқа қарай бір-ақ тартты. Жанындағы жігітіне де жөнін айтпаған. Жолда ат шалдырып, өздері сәл дем алған да, ертеңіне сәскеге таяй Қаркаралыға келген.

Сұрай-сұрай Шорманның Мұсасы жатқан үйді де тапты. Естуінше оны Қарқаралының оязы түгілі Омбының жандаралы да сыйлайтын көрінеді. Мына еліне осының ғана қолынан келіп, септігі тиер. Нар тәуекел, оның да алдын бір көрген жоқ.

Ауызғы бөлмедегі ағаш төсекте сұлап жатқан шал келген кім деп басын да көтермеді, берген сәлеміне ерінгендей қол созып, таяғының ұшын ұсынған. Ағыбай қаны басына шауып, зығырданы қайнаса да, онысын байқамағансып, қолымен кейін сырып өте шықты.

Бірде тату, бірде қату кешегі өткен заманда Мұсаменен бірер кездескені бар. Жүз шайыспаса да, араларында жылы қабақ та жоқ-ты. Еңгезердей біреу келіп тұр дегенге төргі бөлмесінен шығып, сәл-пәл таңдана аялдаса да, сәлемін түзу алды. Бірін-бірі қабақ астымен аңдысып және отырған.

— Иә, сөйле, Ағыбай батыр, — деді Мұса. «Батыр» дегенін шегелей сөлеп.

— Өзіңді іздеп келім ем. — Ағыбай үнінде шаруасы бар кісінің ерулігі болса да шарасыздығы сезілмейді. Жағасы жайлаудағы адамның кең пейілі. — Арқаға оралып, қоныс тепкендей жайымыз бар еді.

— Иә, естігем.

— Сол қоныстың өзі баянды болмай тұр.

Мұса оны да естіген. Бірақ бәрі маған белгілі деп тіс жарып, баян етпеді. Ағыбайдың ендігі айтпағын байқап, сөз саптауын аңдып отыр.

— Осы күнгінің үлығы ортаға сүйек тастаса таласа кетер бізді ит дей ме екен. Жем тастағаны да менің бір елім.

Мұса Ағыбайдың ел тұтастығын, бірлігін сақтағысы келетіндігін анық түсінген. Елдің қол ұстасып, қапталдаса беруі деген де патша елі үшін қолайлы жағдай емес. Оның арты ұшқын түссе өрт қаулайды деген сөз. Ендеше Ағыбай сияқтыларды қолға ұстай білу керек, кеудесінен итерсе, қынабына түскен қылышының қайта суырылуы қиын емес. Ағыбаймен бітімге генерал-губернатордың да тым ықыласты болуын, реті келсе тартуын тапсыруын да осыдан түсінген жөн екен. Даланың мына жолбарысы өзі келгенде маңдайынан шертсе, әлі де бір қауып тастауы мүмкін екен.

- Патша ағзамның қолтығы кең, шәлкес басқан ұлдарына кешірімі де мол

- Е, біреуге кіріптар болған соң мойныңдағы бұғауды тартып қап буындыру да, қыл шылбырды ұзартып ұстау да соның қолында. — Ағыбай сәл ойланғандай иегін сипады.

— Босқа арандай беру халықты жақсылыққа апармайды. Осы қазақтың жайын біз де бір кісідей ойлаймыз. Ресей — ұлы ел Оған бағыныштылықтан ұтылмаймыз.

— Сорлы қазақтың ноқтасын әйтеуір біреуге беру керек болса, кеше қырып-жойылып жоңғармен бекер-ақ соғысқан екенбіз. Аржағында шүршіті тұр, солар иелік етсе де болмас па.

Мұса сөздің бұлай бет аларын күтпегендей еді, ретті жауап таба алмай маңдайы тершіді. Мына даланың көкжалы қалай-қалай сөз саптайды, қаз дауысты Қазыбектің ұрпағы да, өнері де әлі тірі екен ғой.

— Ресей патшалығы бай ел, оның бізге мол жақсылық әкелетінін сіз түсінбей отырсыз.

— Жақсылықты кім әкелері Аллаға аян, оған біздің көзіміз жете ме. Бірақ өз қолыңмен, өз бейнетіңмен орнатпаған зейнеттің түбі қайыр болады дегенге мен сенбеймін. Татқан дәнімнің әр түйірінде оз терім болуы керек.

Мұса сөз сайысынан Ағыбайды ұтпасын анық білді. Алпауыттай денесіне қарап ойға орашолақ, сөзге сылбыр біреу ме десе, мынаның көксегені тым терең сияқты. Тіпті, тұжырымымен өзінің де ішін қылп еткізіп, «ой, осының арты не болар екен» деген, патша ағзамның ісіне шүбә келтіргендей.

— Батыр, дегенменде енді райдан қайтқан шығарсыз.

— Батыр бір оқтық дегенді баяғыда ұққанбыз.

Мұса Ағыбай елінің бүгінгі халін өз аузынан тағы да естіп, ішіне түйе берді. Патшаға қызмет етсе де мынау ел өз елі. Тіпті оның қызметінің керектігі де осындай азулы елінің барлығында. Әйтпесе жалғыз атты қаңғығанды генерал-губернатор есігінен де қаратпас еді.

Ендеше мынау елге қол ұшын беру — шарт. Онысы әрі патша үкіметі алдында «бұзық елді тыныштандырушы ретінде беделін көтермек». Мұса осыған бекіген.

— Қазір патша ағзамға мойынсұнған ел тайпа-ру боп, ұлықтан қағаз алып, құтты қоныс алып жатқан жайы бар. Сіз баяғы батырлығыңызға салып еркін қоныс тепкен екенсіз, оған ұлықтар көне алмайды ғой.

— Иә, ит қосып қуғандай жағдайын бастан кешіп отырмыз.

— Оған ренжімеңіз, бұ күнгінің тәртібі солай.

— Кең даланы еркін жайлап өскен ел едік, ақыры сол даланың шет пұшпағы да бұйырмай жүр.

— Тәртіп...

— Сөзіңіз аузыңызда, бүйте берсе соңы не болады деп жүрек шошиды. Анау татар-башқұрт жұртының ең шұрайлы жерін тартып алып, өзінің сүйеуші мұжықтарына патша үлестіріп беріпті дегенді де естиміз. Түбі соның кейпін киіп жүрмесек де.

Батырдың сұңғыла ойына Мұса таң қалды. Қолына шоқпар ұстап, жау қайдалаған даланың далақпайы емес, жалаң төсін оққа төсеп, елінің болашағын ойлаған көсемі екен ғой. Түбі қазақ жерін патша өкіметіне сүйеніш болар ішкергі жақтан қоныс аударып келуші мұжықтарға үлестіріп бере ме деген ой өз көкірегін де тырналаушы еді, шала сауатты дала тұрғыны осыны айтқан соң да түбі қатер болмаса игі еді деп шошынды.

— Біздің елімізге де, жерімізге де тимеске берген уәдесі бар.

Оны қоя тұралық. Онан да мына сіздің ауылдың ендігі мекен-жайы туралы сөзді түптегеніміз жөн болар.

— Менің де сіздің алдыңызға келіп арылайын дегенім осы ғой.

— Сіз сияқты кешегі қолбасы болған адамға кешірім етіп, жер кесіп беру Қарқаралы ұлығының қолынан келмейді. Ол үшін Омбы бару керек.

— Омбы барып опқа түсіп кетпесем.

— Оған саспаңыз. Арада мен жүрермін.

— Әй, қайдам, сол жандаралың «қолыма түстің бе» деп шыға келер.

— Жандаралдың ендеше бір сырын айтайын. Ол кісі енді сіз тағы бүлік шығара ма деп сескеніп отыр. Бітімге өзі құштарлық танытқан, реті келсе сізбен сөйлес деп маған да тапсырған.

— Ә, солай ма?

— Сөзіме сеніңіз.

— Ендеше айтқаныңыз болсын.

Арада ай өтті. Келісілген күні Омбыға жетуге асығып Ағыбай жанына он шақты жігіт ертіп, жолға шыққан. Мұса қанша сендіргені-менен де патша жандаралының мұнымен тілдесіп, еркіне жібере салады дегеніне шүбәсі мол. Алдын ала топ-топқа бөліп, кездесетін жерін келісіп, тағы жүз шамалы жігіт аттандырды. Қалада сауда істеген, не теңселіп бос сандалған қыдырымпаз қазақ боп аңысын аңди беруді, сол күні «әртүрлі себеппен жандарал үйінің маңында болуды мықтап тапсырған. Бәрінің де бешпент, шекпен-дерінің астында суық қаруы жасырулы, нар тәуекелге бел буған азаматтар.

Мұса жылышыраймен қарсы алды. Үйге жалғыз кіргеніне көңіліне күдік алған сияқты.

— Жалғыз келдіңіз бе?

— Жоқ, жанымда он шақты адам бар. Дуалдың сыртында қалды.

— Жақсы, — деді Мұса. — Бұлар демалып жата берсін. Көшеде кестеңдеп көзге түспегені де жақсы. Ертең генерал-губернаторға екеуміз ғана барамыз.

— Болсын.

Ертеңгі шайын қанып ішкен Ағыбай мен Мұса жандаралдың сарайына бет алған. Еуропа үлгісімен әдемі киінген Мұсаның жанындағы түйе жүн шекпенді күжірейген дәуге жұрттың бәрі айналып қарайтын тәрізді. Сарай маңында еріккен адамдар сияқты оны-мұнымен айналасып, күзетшілерге әлденесін беріп жүрген жігіттерін Ағыбай көз астымен шолып өтті. Өзінің шекпен ішінен буынған сапысын ышқырын көтергенсіп ыңғайлап және қойған. Мына жігіттері іштен айқай шықса-ақ ана аңқау күзетшілерді қағып өтіп, өзімен жан берісуге бар. Қиын күні Құдайдың осындай азаматтарды бергеніне де шүкіршілік.

Генерал-губернаторға жиі келетін Мұсаны жақсы танитын күзетшілер ішке тоқтаусыз өткізді. Ағыбайдың байқағаны ішкі баспалдақтардың әр жерінде, сонан соң жандарал есігіне кіре берісте сары ала киімді әскер бар

екен. Бірақ бұл деген бұзып шығуға кедергі жасарлық күш емес. Иә, сәт.

Иығынан бастап бақайына дейін алтындатқан киім киген, омырауы салпыншаққа толы кәрі жандарал Мұсаны орнынан тұрып кеп қарсы алып, шынтағынан ұстаған қалпы қарсы алдына отырғызды. Мұсаның меңзеуімен Ағыбай да бос орындыққа жайғасқан.

— Жолыңыз сәтті болған шығар, Мұса мырза.

— Сіздің көмегіңізбен, ұлы мәртебелім.

— Айта отырыңыз, құлағым сізде.

Мұса Қарқаралы дуаны жағынан өзінің де кеше келгенінен бастап, көрген-білгенін, тапсырылған істің орындалысын егжей-тегжейлеп баяндаған. Кәрі жандарал көзін жұмып үнсіз тыңдап, әр жерде сұрақ беріп, ризалығын да білдіріп отыр. Сөз соңында Мұса:

— Ұлы мәртебелім, осы жолы сізге үлкен өтінішім бар, қабыл алсаңыз, — деген.

— Мұса мырза, біз сіздің көңіліңізді қалдырған жеріміз жоқ шығар. Патша ағзам өзіне берілген ұлдарын құрметтей де біледі.

— Әлбетте.

Кенет жандарал Ағыбайды жаңа көргендей ежірейе қалды. Мұрты жыбырлап, мына дала тағысы қайдан отыр дегендей тікірейген.

— Мұса мырза, мына дәуіңіз кім?

— Ұлы мәртебелім, бұл Кенесарының қолбасшысы Ағыбай батыр.

Орнынан атып түрегеліп, үстелінің ар жағына жүгіріп өткен кәрі генералдың қолы қалтырап, тапаншасын шеше алмай әлек.

— О, Мұса, сен де сатқын екенсің ғой, жауды әдейі елеусіз әкеп, менің көзімді жоймақ ниетің бар екен дегенін Ағыбай сасқалақтаған жүзінен, қатулы қабағынан таныған.

— Ұлы мәртебелім, — деп жымиды Мұса, — бұл кісі бітім сұрай келіп отыр. Өзіңіздің тапсырмаңыз да солай еді ғой.

Жандарал есіне әлдене енді түскендей аңырып, шаршаған рай танытып отыра кеткен. Қалтыраған саусағымен темекісін алып тұтатып барып басылды.

— Ә, солай ма? Бітім дейсіз бе?

— Тап солай, ұлы мәртебелім. Енді тыныш өмір сүрсем дейді.

— Не қалайды екен?

— Соңына ерген елімен бейбіт өмір сүру үшін жер бекітіп беруді сұрайды.

Жандаралдың «қай жер» дегеніне Ағыбай соңына ерген шұбыртпалы қыпшақ рулары үшін Тайатқан-Шунақ маңын сұраған. Әрі дуаннан алыс, әрі екіталай күн болса сіңіп кетер Бетпақдала тиіп тұр. Мына заманның қалай-қалай өзгереріне сенім бар ма, не қылса да шеткерірек қоныс тепкені жөн. Батбақсу-Шажағай бір елге құтты қоныс болатын жер.

— Мейлі, — деді жандарал — Бүлікшілдің басы тыныш жүрем деп ант берсе, онан соң өзі дуаннан шет алыс аймақты сұраса, тіпті жақсы емес пе.

— Фотографты шақыр, — деп әмір етті жандарал. - Мұндай қонақ күнде келмес, мұндайды әр уақыт көре бере де алмаспыз.

* * *

Нұраның бойын тұтаса жапқан қалың шиден өзен жағалай қонған ауылдың киіз үйлерінің төбесі дөңгеленіп-дөңгеленіп әдемі күмбездей шошайып қана көрінеді. Кісі бойы қолсозым ши ішінің бойлай өскен қияғын еріне суырып жеген қозы-лақ ауыл іргесінен аспай, сонадай жерде ғана жатыр. Ауыл бүгін абыр-сабырлау, кісі күткен ыңғайы бар.

Ауыл желкесіндегі тақиядай төбеге шыққан Жанғұтты көзкөрім жер баяу желмен тербелген шилі далаға қарап ұзақ үңілді. Онан арғы дала мұнар боп көтерілген бумен сағым ойнап ұласып жатыр. Қарап көңілі тоймаған Арқаның бір сұлу бейнесіне тағы құмарта көз тігіп, сүйсіне берді. Сонан соң айналаға жіті көз тастап, көз жетер тұста жүргінші бар ма деп шолды.

Осы Арқаға келгеннен бері де он шақты жыл өтіпті. Сол уақыттың ішінде талаймен жүздес, дәмдес болса да, Дүйсенбаймен сыйластығы ерекше екен. Ағайынның

арасында туған мына бір дауға да ақыры Дүйсенбай араласатын болып отыр.

Нұра бойына қайта көшіп келіп алғаш үй тіккенде араға апта өткізбей құтты болсын айта келген де осы Дүйсенбай еді. Жанында осы елдің болысы Кәдір, жас жігіт Жәнібек бар бір топ адам сау ете қалғанда туысқандығын білдірген елге қатты риза болған.

— Жанғұтты, қонысың құтты болсын. Елден ел кетсе — сор, елге ел қосылса бақ деген, аман-есен елге оралғаныңа қуаныштымыз. — Сөзді түптеп көп сөйлемейтін Дүйсенбай осыменен ағайынның ақ тілегін білдірген де тоқтаған. Сонан кейінгі Кәдір аумалы-төкпелі заманның лебін айтып:

— Осы елге септігіміз тие ме деп болыс боп жатырмыз. Дәреже қуып жүрген жағдайым жоқ, ағайынның түзу ісіне мұрындық болсам деп ем. Енді бақсам, ендігінің кейбір қушыкеші болыстықты сауып пайда тапқандай. Осы бір болмашы дәреже үшін айтыс-тартысқа түскендей, — деп көңілдегі қызылының да шетін шығарған.

Әзірге ұзап кетпесе де жаңа тірлікте жаңа даудың, бұрын бұл ел естіп-көрмеген бақталастықтың ауруы ене бастағандай ма деп түйген іштей Жанғұтты. Оның түбі не болар екен деп, тағы бір уайым көңілге кірді.

Дүйсенбай мен Кәдір ертіп жүрген жігіт Жәнібек Бұхар жағынан дін оқуын тауысқан екен. Бұл маңға ағайынымен көшіп келгелі де көп болмапты. Қаратау жағы жазда жаңбырсыздықтан шөп шықпай, қыс түсе мұз жауған соң, ағасы Асан бар малын Арқаға шығарып, Кәдір болыстың жеріне қыстатыпты. Жаз шыға енді еліне бет түзеуге шақ отырғанда ел аралап Құнанбай келе қалса керек. Не арабша, не орысша оқуы жоқ, көненің дәстүрінен мақрұмдау боп, жаңаның жолынан үріккен елінің жағдайын ойлаған Кәдір осы кісіні молла қылып ұстасақ қайтеді дегенді Құнекеңе білдірсе керек.

Құнекеңнің жандаралдың тыңшысы боп, қазақ даласына патшаның әмірін жүргізуге атсалысатын қазаннан келген кей моллаларға көңілі толмайтын. Түбі қазақты патша өкіметі шоқындырып жібере ме деген де қаупі бар. Кәдірдің мына ұсынысы көңіліне қона кетті. Қазақтың бір жақсысы

келіп жатыр дегенде сәлем беріп, жүздесейінші деген оймен жеткен Асанға Құнекең мен Кәдір тілегін айта отырып.

— Шариғат үйрету — ата жолы, міндетің. Елдің елдігін қайтіп қана сақтаймыз деп жатқанымызда білген оқу-біліміңді еліңнен аясаң, түзу жолға түсуге септігің тимесе, екі дүниеде елдің қарғысына қаласың деген.

Сөзге тоқтаған Асан жанына Қояншытағайдан жігіттер алып, ағайындарын көшіріп келген екен. Мына Жәнібек інісі Темірбектің үлкені көрінеді. Дүйсенбайдың Жәнібекті ертіп жүруі де ел танысын, ағайын-жұрттың мұңы мен тілегін біле берсін дегені, үміт күткені сияқты.

— Ау, ей, — деп айқайлады ауыл жақтан біреу.

— О не? — деген қозышы баланың даусы жетті.

Жерошақ маңында күйбеңдеген әйелдердің көңілді күлкісі де естіледі. Жанғұтты айналаға тағы көз тікті.

— Түссіз келе қоймас, — деді өзіне өзі.

Арқаға қайта оралып, ел жер алып, мәре-сәре болысқанымен де патша өкіметінің шүбәсі әлі басылмапты. Арада бірер ай өткеннен кейін көшіп келгені, оларды бауыр тұтып қарсы алғандары бар біраз жұртты Қарқаралыға дуанға шақыртқан. Омбыдан жандаралдың өзі келіпті, осы елді өзім көрем дейді екен деген сөз дүңк-дүңк. Қарқаралыға жиналған топқа жүзін көрсетпей жандарал үш күн жатты. Олай-бұлай шықса күймесін қоршаған ылғи сары ала солдат. Түсе қалса тағы қарсы алған ылғи алтын иық дәулер. Мынаның қайсы деп дала жұрты дал. Төртінші күні жиналған жұрттан ант алады дегенді Құсбек таратқан. «Е, мейлі» десті жұрт.

Сол екі ортада «жоқ, ант алу аз дейді, патша үшін мына жұрт екі рекәт намаз оқысын, сонда сенеміз» деген сөз шықты. Ел бүлінді.

— Тірі адамға ұюға болмайды.

— Кәпірге ұйып, енді күнәкар болар жайымыз жоқ, атып, аса берсін.

Кейбіреуінің аузынан мұндай қыспаққа көнгенше ауып кетейік шығып қалған. Оған қарсылар ата-бабаның жерін, аруақтар жатқан мәңгі орынды тастап кеткенше соғысайық деп дүрлігісті. Бұл сөздің ұшығы ұлықтарға да жеткен

сияқты. Байқаусызда өзі дайын жағдайға от тастап алдық па дескендей әрі кім біледіге басып кенет қару-жарағын сайлай бастады.

Тығырыққа тірелген жұртқа Дүйсенбай:

— Мен бір ақыл таптым, тыңдап көріңдер, жақпаса алмассыңдар, — дейді. — «Дінім үшін емес, күнім үшін, кінәлама мұным үшін» деп намаз соңында айтайық. Әрі үйтіп-бүйтіп күн аударып, бесін уағына дейін апаралық.

Басқа жол таппаған жұрт осыны қабыл алған. Ел жиналмай жатыр, молла жүріп қапты деп түс аударды. Қалай болса да хаққа бәрі аян деп моллалар біраз шатақ шығарды. Ақыры әр сөзді құлағына үш айқайласа естімейтін, шала керең дүмше шалды басына сәлде байлап, үгіттеп-үгіттеп, көндіріп алып келген. Ел алдына шыққан шал жаңа шапан киіп, аппақ сақалына сәлде жарасып, әжептәуір кейіп алған. Ол білгенін өзінше зарлаған, жұрт өз бетімен аятын оқып, «кінәлама мұным үшін» десіп сәждеге қайта-қайта бас ұрып түрегелген. Мұқаттық ұлықтарды деп жұрт мәз, бір пәле шығып кетпегеніне олар риза. Намаз біткеннен соң да бұларын әлі де күпірлікке жорыған ел үш күн ораза тұтысып, ит тиіп кеткендей болған көңілдерін құлшылықпен жуысқан. Бір пәлелі жағдайдан шығарды десіп, бәрі Дүйсенбайға ризі Көбінің аузында Дүйсенбайдың ата-бабасынан келе жатқан ізгілік, кеңпейілділік. Бұл жөнінен Жанғұтты да хабардар еді.

Мәмбеткұлдың үлкені Төбетке он екі мың қой, екі мың жылқы біткен екен. Төбет мейлінше кеңпейіл адам бопты деседі. Қойы ұрланса:

— Жесін, ол да бір малы жоқ бейшараның нәсібі ғой, — деп жоғын іздемеген.

Құрттаған қойды малшы боп жүрген өз ағайындарына беріп кетеді де және онысын олардың алар ақысына жатқызбаған. Өзінен туған екі ұлы менен әлденеше немерелеріне әр жазда еш рұқсатсыз әрқайсысының он қойдан кәріп-қасерге таратуына рұқсат еткен.

Қой бағып жүрген өз ұлы Ерназарға бір тақырда көк шалбар киген, өзі таз нашар бала кезігеді. Қойшының қойыртпағынан ішіп, әлденген жаңағы бала:

— Шіркін-ай, ең болмаса қойыртпағын ішер бес ешкім де жоқ.

Мендей сорлыға Қызыр жолығады деуші еді, ол да кезікпеді, — деп мұңаяды.

— Торықпа, — дейді іштей жаны ашыған Ерназар.

— Ысқыртып мал айдап жүрсің, ең болмаса маған нәпақалық бірдеме бермейсің бе?

Әке үлгісі бойына сіңген Ерназар малдың бір шетінен санамай бөліп беріп кетіпті. Кешке қой санаған әкесі жүз шақты қойдың жоғын біліп, жағдайды естіп:

— Ештеңе етпес. Басқа аға-ініге айт, биыл олар кәріп-қасерге берер үлесін сен беріпсің, — депті де қойыпты.

Сонан тоғыз жыл өткен соң астында сумаң қаққан жүйрік, әбден киінген сол бала енді үлкен жігіт боп іздеп кепті. Сөз арасында баяғы уақиғаны еске алып, «сонан тараған мал қазір мыңнан асады, құт-берекем сізден болды, мына жүйрікті әдейі сізге тартуға әкелдім» депті.

— Рахмет, шырағым.

— Әкей, тағы бір сұрағым бар, осы малды бергізген сіз жомарт па, әлде балаңыз батыл ма?

— Әй, шырағым-ай, мал деген елдің ырысы. Оны елден аяғанның түбі қайыры болмайды. Өзіңе де аздаған дәулет біткен екен, осыны мықтап зердеңе сақта, — деген қарт Төбекең.

Мына Дүйсенбайға жұққан ізгілік те сол ата-баба нышаны десіп, жұрт талай уақыт гуілдескен. Сонан бері бес атаның баласы ішінде Дүйсенбайдың абыройы асып, беделі артып, сөзін ел жерге тастамастай еді.

Елге қайта оралғандардың көбі патша өкіметінің сенімсіздігіне ұшырағандай. Сонау Ақмола дуанына қарасты Қуандықтың талайына ұлығы зорлық көрсетіпті дегенді естіп жатты. Соның бірі кешегі қиыспас дос Нұрбай Шөмішбай еді, тұрақтай алмай сырғып жүр дегенді ұзынқұлақтан естіді. Кешегі үзеңгілес достың біразын Ақмолаға шақыртыпты деген хабар жетіп, бір септігіміз тиер ме деп Көппай мен Есбергенді ілестіріп Жанғұтты да жеткен.

Ақмола дуанына әмірі жүрген Ыбырай көрген кісісі емес. Ақбоз үйдің терінде қос-қос жастықты құшақтай шынтақтаған Ыбырай басқа дуанның адамдары деген соң кірулерін өтінген. Сәлем соңынан төрге өрлеген үлкені

Есберген, оған жақын Көппай, төменіректе Жанғұтты, отыра бергендері сол еді, Ыбырай арадағы жігіттен:

— Бұлар кім? — деп сұрайды.

— Кәрсөн Есберген.

— Е, Есберген, Есберген, енең сені кеш берген, — деп сөзбен тұқыртады.

— Мынау Көппай.

— Көппай, Көппай. — Ыбырай үнінде мысқыл жатқан. - Отыр былай оппай.

Ыбырайдың мысы басты ма, тілге шешен, сөзге жүйрік деген екеуі де жауап қата алмай тұқырайды. Жалпақ басында бөстек, бұты талтақ Жанғұттыға Ыбырай тесірейе қарап:

— Бұты талтақ, беті жалпақ, бестек киген қалмағың кім? — деді. Жанғұтты Ыбырай сөзінің артын айтқызбай іле жөнелді:

Қалмақ емес, қазақ едім,
Араласым жоқ таза-ақ едім,
Бұл күнде тұлпардан мәстек озды,
Қазақтан естек озды, —

деп салды.

Ыбырайдың шешесі бұғы жеккен естек елінен екен дегенді Жанғұтты еститін. Әкесі бір жорыққа шыққан батырына «осы жолы бір сұлу қыз кездесер, соны маған олжа ретінде сыйларсың» деген аңызды ел көп айтатын. Жанғұтты да соны меңзеген. Сөзін жұтқызбай іліп түскен адамға Ыбырай бүкіл денесімен бұрылып бажайлай қарап:

— Мында шық, сенің орның міне, — деп дәл жанынан орын берген. Өзі де ешкімнен сөз сұрамайтын шешен Ыбырай сөз атасын жұмсай білген Жанғұттыны іштей ұнатқандайталай күн жібермей қонақ етіп, келген жұмысының да бетін жөндеген.

Сол Ыбырай былтыр іздеп келген. Іштей ұнасқан достар қауышып керісіп қарсы алысты. Алыстан келген көңілдесін жібермей Жанғұтты Ыбырайды жарты ай жатқызды. Қызық-думанмен күндер өтіп жатқан. Кіріп-шыққан сайын Ыбырайдың көзі ерекше күтімдегі бір бүркітке түсе берген. Бәрінен мәпелеуі ерекше, сірә бір қимасы болса керек.

— Бұл не құс? — ақыры жөнін сұрады.

— Балалар ұстап жүрген бүркіт еді, әнеугүні Құнанбай сұратып кісі жіберіпті. «Құнанбай әр жерден алды ғой, біздің балалардың бір торғайына қызықпасын» деп бермедім.

Жарты ай жатып, енді қайтуға рұқсат сұраған Ыбырайға Жанғұтты бар малы мен жиһазын алдына салып:

— Ал, Ыбеке, осыдан керегіңді ал, керексізін маған таста, — деген.

— Жәке, маған сенің достығың жетеді, ештеңеңді алмаймын. Ал деп Жанғұтты, алмаймын деп Ыбырай үш рет қайтарысты.

— Жоқ, бос кетпейсің, — деді тағы Жанғұтты.

— Қоймадың ғой, Жәке, ендеше ана бүркітіңді алайын. Бүркітті бесігіне бөлетіп, Жанғұтты қонақтарды көш жерге шығарып салып тұр еді, ат басын тартқан Ыбырай:

— Әй, Жәке, тоқташы, — деді. — Көріскен боп, жылаған боп, сағынған боп Құнанбайға қимаған қимасыңды алып кеттім бе? - деп күлді.

— Е, — деді Жанғұтты. — Несін айтасың, жылаған, сағынған, көріскен боп келген қонақты екі қанат бір құйрықпен шығарып салу үрдісіміз еді.

Ыбырай санын бір-ақ ұрды.

— Әй, Жәке-ау, ең болмаса естіп сені бір жеңем бе деп едім, жеңдірмедің. Алмаймын енді құсыңды.

Сынасу мен сөз сайысын бәрінен де жоғары санаған екі шешен аттан түсіп қайта көрісіп, қоштасқан. Дос пейілі деген сондай-ақ болар. Мына Дүйсенбайда Ыбырайдың шешендігі болмаса да, аузы дуалы, елге әділдігі бар.

Қояншытағай менен Сарымның арасында қызылтау үшін өрши бастаған дау шегіне жете бергенде, Дүйсенбайдың бір ауыз сөзі тыйым болғандай еді. Әр нәрседен үміткер боп, маңайына топ жинаған Көппай Қызылтауды шуашқа алып беремін деген. Көппай ояздың атұлтаны. Жанғұтты аулына келгіштеп, оңаша сөзді үдете бергеніне ел ақсақалының біразы разы емес.

— Әй, Жанғұтты, оңаша сөзің көбейіп кетті, осыдан не күтуші ең?

— Пәлі, Көппайдың ақылының бір ұшы жерде, бірі кекте. Соны бақпадыңдар ма?!

Көппайдың ақылымен шуаш Қызылтауға күзек салмақ. Бұрын екі ру арасында алакөздік қана болса, енді ол айтысқа, ұлыққа шабысқа айналған. Шабысуға дейін барысқан екі ел Дүйсенбайдан жөн сұраған.

Даудың басы Қызылтау,
Шұбатылған ұзын тау,
Арамға салса шуаш алар,
Ағына барса елінікі болар, —

деп айтқан билігі екі жақты да біраз тоқтатқан. Шуаш та Дүйсенбайдың бөтені емес, қыз алысқан бел құда әрі ұлы нағашысы. Мына келісінің өзі көңілде қалған кірбің, ағайынның өкпесі болса айықсын дегенге ұқсайды. Әрі осы дауды біржола түптемек.

Түс ауа келген Дүйсенбайдың ас соңынан оңаша қалғанда айтары да қысқа болды:

— Сен, Жанғұтты, осы жолы адасып отырсың. Елге қазылық деген билік шыққанын, оның биыл жаңа сайлауы екенін естіп пе ең? Күржібай болса кәрі, Көппайдың сонан дәмесі бар. Былай келсе ағайын сені сүйейтіндей. Сондықтан араға от тастап, Қояншытағайды сенімен айтыстырғанын сезбей де қалдыңдар.

— Осы орыс заңының қазылығының елге берері не?

— Елге әуелі әділдік керек, сызат түскен талай ағайынның арасын жамау үшін ақпейіл адам қажет. Қояншытағай-шуаш дауы тыйылған сияқты, енді мені әділ тұтқан жұрт саған дауыс береді.

Ей, дүние-ай, келесі сайлауда Жанғұтты абыройға ие боларын, кейін қазылықты інісі Малыбайға берерін, не уақыттан кейін Көппай, Бөде, Адамбай жылжымалы баққа ие боларын біліп пе.

Бір қонып аттанып кеткен Дүйсенбайдың көңілінен ушығып барып тынған даудың салқыны кетпеді. Арқаға орын тебе бастаған халықтың жерді керексінуі асқынып бара жатқандай. Түстіктен терістікке жөңкіле көшіп, мыңғырған мал айдаған қазақтың жолын бекет-дуандар, орыс поселкалары шектеп тастаған. Оның жеріне таяп келсең штраф, айналып өтуге бұрынғы көш жолы. Малдың барар өрісі азайған соң өзі де өсуден қалар деген қауіпті әркім айтып жүр.

Жер тапшылығын сезе бастаған ел арасында өрістеген пәле — жер дауы. Кешегі Жұмабай батырдың баласы Қалжан да жер үшін ағайын арасына сыймай жүр. Жау оғынан үзілген аяғын қанжығасына байлап қойып осы елі үшін соғысқан Жұмабай батыр ұрпағы өстір деп кім ойлар. Найзакескенді ұнатып, сол жерге қос тіксе, бұл жерге сырттай ие Құттымбет қол жиып келіп, баласы Бейсен екеуіне жабыла түскен екен. Қаша ұрыс салған Қалжанның мойнына тоғыз бұғалық түсіп, сол бетінде Қарқаралы дуанына шағым етіпті.

Ояз қосып берген урядникке Қалжан:

— Біз кедейміз, осы таудан жылына қырық түлкі алып сатушы едік, соны да өндіріп бер, — дейді.

Ояз өкімінің міндетіне бұл кірмеді ме, әлде тағы не пәлесі деді ме, үндемеді.

— Әй, бастық, сол қырық түлкінің жартысын саған берем, енді әпересің бе?

— Әперем, — деп жымың етті урядник.

Қалжан орыс әкеле жатыр екен, қолына түскенін айдайтын бопты деген қауесеттен үркіп, кешегі таласқан Құттымбет отырған мекенін тастап, Балқаш бойына сырғып кетіпті.

Ағайынның жерге таласы бір бұл дейсің бе, «ру-ру боп өмір сүрген ел жеке басы болмаса да у ішсең руыңмен деп талай жерде көші-қон, мекен-жай үшін айқасып қалып жатыр. Сонда осы елдің мына заманда барар жер, басар тауы не? Әділдікті кімнен күтпекші. Қазақ жерін бекініске деп, Ресейден келген қоныстанушыға деп тартып ала берсе, ендігі халі не болмақ? Онда да кетіп жатқан жер ыңғай бір шұрайлы өлке, жайлы қоныстар. Жеті атасынан бері мал бағып, күнкөріс тіршілігі, өмірінің қызығы сонымен шектелген елді енді алдынан не күтіп тұр деген сауал еріксіз кеп көңілді шырмаған.

Кешегі Күржібай қазы, Кәдір болыс, Қашқынбай батыр боп, өзінше сүттей ұйыған аз уақыт өте шығыпты. Заманның ендігі ауқымы қол ұстасып тұтасып, ел боп бірігіп өмір сүруді көтермейтін сияқты. Ұлыққа арқа сүйегендердің дәуірлеп жүргенін көрген ауылдағы ағайын сондай болсам екен деп тілесе, жасы кіші үлкен сөзін

тыңдамауға айналған. Дуанға барып, зауыттың жасаған затбұйымын сатып алғысы келген кейбіреу бір-бірінің малына көз аларта түскен. Ендеп кіре бастаған сауда-саттық жері тапшылықтан барған сайын кедейлене түскен жұртты енді ұрлыққа апарғандай.

Кәдір болыс Қарқаралы дуанына барып қайтқанша жапсарлас елдің ұрысы ауылды тік көтере шауып әкетіпті. Ізіне түсе қуған. Лоқылдақ қара атқа мінген Мыңмешкей қайта-қайта аттан түсіп әуре:

— Уа, шіркін, жау Айнабұлақта сары ала атты сойып демалып жатса, біз жетсек, қазан пісіп тұрса, — деп армандап, тамақсау сорлы жұртқа еріксіз езу тартқызған.

Жаманның сандырағы дегендей, аламан ағайын сол бұлақта семіз атты сойып, дамылдап жатса керек. Мал ашуы — жан ашуы деп жекеге шыққан Кәдір қарсыласын түсіріп, басқасының берекесін қашырған. Бие сауым уақытта қырық шақты жау адамы қолды боп, күні бойғы ұрыста қажыған қақ торыны тастап, бедене көк байталға ауысып мінген біреуі ғана қашып құтылған.

Жау жұртына келсе, асулы қазанды ортаға қойып, жалғыз өзі аспен емін-еркін айқасып Мыңмешкей отыр.

— Әй, сен қашан келдің?

— Кәдекең тұрғанда жаумен соғысып не бітірем, мана осы жерге түсіп қалғам.

— Уай, — деп біреу баж етті. — Мына соғынды бір аттың жарты етін жеп қойыпты.

Мыңмешкейде үн жоқ, ағыл-тегіл терлеп, мешел баладай талтаңдап, әркімге бір жалтаңдап, ырсың-ырсың.

Қолға түскен олжа жау мінген қырық аттан басқа тағы жүз шамалы жылқы. Кәдір «ешкім бұл малға тиіспесін, кейбірдің бұ заманда бір адасуы болар, ертең араағайын жүріп, малын түгендескенде керек» дегені араздық қозбасын, атадан балаға қалар жаулық тумасыны еді.

Кешегі болыс Кәдірдің аузынан дуа кетіп, елге тілі өтпейтін де уақыт кепті. Өзінен шыққан зор, өз баласы Әшентай ел ырысы малдың іздеушісін күтпей, дуан маңындағы орыс поселкасына айдап апарып, кәкір-шүкірге сатып жіберіпті. Кәдір жерге қарап қалды. Ешкімді

қабылдамай жеті күн жатқан да, сегізінші күні болыстықтан бас тартқан. Ел арасына келе қалған Шөже ақын:

Өкпелеме көбіне,
Жау жан түсті шөбіне,
Үргіш иттей шіңкілдеп,
Әшентай жетті түбіңе, —

деп Кәдірге басу айтқаны ел арасына тараған.

Дүйсенбайдың астындағы жолжорғасы бар көк дөнен иесінен емеурін болмаған соң біржола аяңға көшіпті. Енді талтайып тұра қалып су төккен соң ғана Дүйсекең ой шетіне шығып, атын қайта тебінді.

Байқап отырса ел қамын ойлар жалғыз бұл емес екен. Күржебай қазы:

— Төресіз ел болмайды, — деп Бөкейхан тұқымы ағайынды Сығай, Санқайды шақырып, жер шұрайлысы Айтқантауды мекені етіпті.

Басына аздап бақ қонған, болыстың канделеті атанған Саңқай олай өткен, бұлай өткенге билік жүргізіп қалуға тырысты. Айтқантаудың басында отырып, көк құраққа дәрет сындырған жүргіншінің соңынан қуғызып, айып алдырып, жұртты дүрліктірді.

Кедейліктен өне бойы Ташкенмен араға кіреге жолға жүріп, артын арқан кескен Берлібай атанған жоқ-жұқана жұрттың бірі Өгенбайға қысасы елді шошытты.

— Түйеңнің өркеші тік екен, қаршыға қондырып, құс аулаймын, — деп тартып алыпты. Қәріп-қасерлінің жоғын жалғыз түйесінің бел күшімен шешіп жүрген Өгенбай ара ағайын Жанғұтты, Дүйсенбайға келген. Арғы атасы жиһангер Шыңғыс, бергісі ел қамын ойлаған Абылай болса да төренің бәрі өрге отыруға жаралмаған екен. Төренің мұндайы ел бақпақ түгілі қой қайырып та жарамас. Елге басшы бола ма деп ақ ниетпен-ақ әкеліп еді, бүлдіріп тынатын түрі бар.

— Қой, — десті ел ақсақалдары.

Өрепкіген неменің болыстықтан кандидаттығынан алып, есірген көңілін басты.

Байқаусызда түскен бір жыртығына жамау табылған сияқты-ау, түбі мұнымен ел түзелсе.

Жидебай батырдың тамынан сәл төменіректе шаңырағын қағып, үзік-туырлығын тең-тең буып жатқан шағын ауыл Дүйсенбайдың көзіне түсті. Қанат жайған елдің көші-қоны да бірге, айнала сіресіп отырғанда жеке көшкен мына ауылға таң. Еріксіз ат басын бұрған. Таяй келе ауыл үйдің арасында майпаңдаған қара жорға көзіне оттай басылды. Кешегі Қапсаланның атақты жорғасы, ауыл да сонікі.

Әлі түгі таймаған жайлаудың көгалына Көжек бәйбіше кілем төсетіп, пейілін жайып қарсы алды. Буулы қаптың аузы ашылып, артулы саба жерге түсірілді. Дүйсенбай байқап отыр, көшкен жұртта әзіл-қалжың, шырқалып салған ән болушы еді, ол сәннің бірі жоқ, жым-жырт, жастардың қабағының өзі жабыңқы. Мына елге бірдеңе болмаса игі еді.

Сырлы аяқтағы қымызды асықпай ішіп, ірімшіктің шетінен ауыз тиіп, айтарларың бар ма дегендей ақсақал-қарасақалының бетіне аңтарыла қарады. Бірінде үн жоқ, тымақтарын баса киіп, қайта айтарың болса естиік дегендей бір жақ құлақтарын ішіне жымырайтыпты.

— Ел аман ба? — деді ақыры Дүйсенбай.

— Құдайға шүкір.

Сен не дейсің дегендей онан әріге барыспаған тағы біраз тым-тырыстық. Жаңа ғана аттан түсіп, сәлем беріп, бір тізерлеп отырған Қапсаланның баласы, жас жігіт Байпақ шешесі мен қонаққа жалтақ-жалтақ.

— Ал мына мезгілсіз көш жөні не?

Көжек бәйбішенің беті ду етті. Кимешегінен шығып тұрған бір тал шашын саусақ ұшымен жасырып, түзеліңкіреп отырды.

— Шаңырақ иесі кеткен соң ел басынады екен.

Қапсалан дүниеден өткелі бірер жылдан асып еді. Жас кетті демесең кезінде азулы бидің бірі болған. Кей мінезіне қарап әуелі жеңгелері, сонан ауылдастары қара Қабан да атаған. Жетерлік дәулеті де бар.

— Анығырақ айтшы.

— Әркімнің сөзі де тиеді екен, малыңа ұрының құрығы да түседі екен.

— Соңда не істемекшісің? — деп сұрады Дүйсенбай.

Көжек бәйбіше қатулы мінез танытып, келгеннен бері алғаш Дүйсенбайдың бетіне тіке қарады. Сонан соң екі жақтағы бүріскен екі шалға көз тастаған.

— Қапсаланнан қалған күшіктерге қарар ағайын, демер жанашыр таппай, төркінім Енең тоқасына кетейін деп едім.

Дүйсенбай бойын түзеді. Е, тәңірім, бұ жалғанның ісі де қилы-қилы. Ел болса дейтін бір ағайындары жерге таласып ырду-дырду, енді, міне, мынаусы туысқанның арасына сыймай қаңғып кетем дейді. Қайсысына демеу, қай қасіретіне пана боларсың. Елден ел кетті деген не сұмдық. Жесірі мен жетіміне ие болар біреу табылмапты десе, дүйім елге таңба.

— Көшпе! Түсірт жүкті. Балаң болыс болады.

Атына ауырлап барып мінген Дүйсенбай кеше ғана қонып аттанған Серіктің ауылына қарай ат басын бұрды. Әкесі Бөденің сұрауымен мінезі олқын-толқын Серікті мүмкін түзелер деген үмітпен болыс сайлауға уәде беріп еді. Серік азамат қой, жүре тұрар, бәрінен мына істің бетін түзеген дұрыс болар.

Сайлаутастың желкесіндегі төбеде отырған Серікті алыстан жазбай таныды. Күн салып қараған Серік те:

— Әй, анау Дүйсекемнің қара ала аты ғой, неге қайтты? - деп біраз толқыды... — Тегін болмады жүрісі, бұл жолы мен болыс болмаспын.

Серіктің сәлемін алған Дүйсенбай аттан түспеді, мән-жайды түсіндіріп, келешекке уәде етіп, аулына қайтып кетті.

Айға жетер-жетпес уақытта өткен сайлауда ел ағасы Дүйсенбай, Кәдір, жас имам Жәнібек қолдап, Қапсалан ұлы Байпақ болыс болып шыға келді. Сайлаудан соңғы думаннан ел тарап жатқан. Орнынан көтеріле берген Серікті етегінен басып Дүйсенбай қайта отырғызды.

— Әй, Байпақ, қара жорға атты Серікжанға көлденең тос. Өзің қолтықтап аттандыр Секенімді.

Қара жорға атты ер-тұрманыменен сыйға алған Серік болыстың ең жақын адамы ретінде мәртебесі өсіп, теңселтіп бара жатқан.

Жаңа болысқа құтты болсын айтып келгендерде де жік жоқ. Соның көбі болыстың дәрежесінің қалай келуін анық танып, Дүйсенбайға:

— Құтты болсын.

— Ұзағынан болсын, — дескен.

Көңілі орныққан Көжек бәйбіше:

— Рахмет, қайнаға. Мұныңызды еш ұмытпаспын, — деп Дүйсенбайдың алдында құрдай жорғалап, бар сыйын көрсетіп баққан.

* * *

Кеше аға сұлтан болып тұрған заманында Арқаға қайта оралған Жанғұттыға Құнанбайдың әр жерде көмегі тиген еді. Тілге шешен, мінезге бай Жанғұттыны жанына жақсыдан топ құра білген Құнанбай бауырына тартқан, кейін бұл екеуінің арасындағы жақындық достыққа айналып кетіп еді. Қаракесек, тобықтының арасында сонау Қараменде заманынан келе жатқан ескі өкпе, жер дауы болатын. Құнанбайдың аға сұлтандығын арқа тұтқан тобықтының кей білгіші:

— Болып тұрған уақытында сол жерді қайта алып бермейсің бе? — деп әр жерде сөз ете беретін.

Өспес бітпес дауды қуады дегенді қатты ұстаған Құнанбай бұған аяқ басқысы жоқ әрі біте дайнасып отырған екі ел арасына от тастағысы келмеген. Бірақ әр уақытта әркімнің аузынан осы ескі дау шыға берді. Мұның шетін Құнанбай Жанғұттыға да жеткізген. Тобықтының ендігі жуанының көмейін де, досының қиналысын да түсінген Жанғұтты берерім жоқ деп кеспесе де, мынаны ала қой деп және айтпаған.

Қар кете барып қайтам деген Құнанбайдың сәлемін естіп, Жанғұтты мынандай уақытта оның тегін келмесін іші сезді. Ескі досы бүгінде аға сұлтан болмаса да Батыстаудың түстік жағындағы ұсақ адырға үй тіккізіп, қол қусырып қарсы алды. Биыл қыс қатты, наурыз аяқталып қалса да, қалың түскен қар ілі сөгіле қойған жоқ. Іргесін қармен көміп, қалың төсеніш салған жиһазды үй Құнанбайға Жанғұттының пейілін танытқандай. Есіне сонау жылдардың бір уақиғасы түсе кетті.

...Керней ішіндегі бір астан топтана қайтып келе жатқан. Жанында Алшынбай, оның тілмар жігіті Қарақобыз, ел ақсақалдары. Күн кешкіріп, іңір тарта бастады. Жолда сәл

қиыстау отырған Жанғұтты ауылына Құнанбайдың бүгін ат басын бұрғысы жоқ еді. Сөзден сөз шығып, жақында айдалып кеткен жігітектің азаматын бетіне баса ма деп қауіптенетін. Және оны бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ дегенді катты ұстанған көне жолшыл Жанғұтты айтып тастауы мүмкін. Әрине, дос көңіліне қаяу түсірмейін деп үндемес те, бірақ кейде тым кең көсіліп кететін мына Алшынбай қытығына тисе, кім біледі. Айттың деп және өкпелей алмайды.

— Уау, күн кешіріп кетті, қонбаймыз ба? — деді Алшынбай.

— Әлі ерте ғой. Бөргездерге ілігіп қалармыз.

Атын тебініп қайта жақындаған Алшынбай:

— Ат та қажыған сияқты, жүрт та шаршады, қонайық, — деп тағы қайталады.

— Болмадыңыз ғой, түсейік ендеше ана ауылға.

— Кімнің аулы?

— Жанғұтты дегенді естуіңіз бар шығар. Тек сізден өтінерім, бірінші боп сөз бастамаңыз, тегі ауызға қақпақ қойған мақұл

Елдің алды жатып қалғанда рұқсат, сұрап кеп түскендерді Жанғұтты үй ішінде қарсы алды. Ұзын пішілген ақ көйлек-дамбалдың сыртынан шапан жамыла салған екен, өлеусіреген май шамменен түр нұсқасы тым жұпынылау көрінді Алшынбайға. Үй ішінде де аса көңіл аударарлықтай жылтыраған ештеңе көрінбеді. Япырау, осы аузынан жалын атқан орақ тілді Жанғұтты дейтіндері осы ма? Құнанбай да кейде кейбірді босқа дәріптегіш. Басы жап-жалпақ, беті табақтай, мешел баладай біреу ғой. Осыны есін жидырмай сөзбен қағып тастаған жөн.

Жақындау отырған айтқышы Қарақобызға бірдеңе де дегенді емеурінмен білдіріп, етегінен тартқан. Қарақобыз қақырына бергені сол еді, жаңа ғана ұйықтаған үкідей салбырап отырған Жанғұттының даусы саңқ етті:

Қарақобыз сөйлейді таз тартқан соң,
Жалғыз жұлдыз жарқырайд ай батқан соң,
Орныңып көңілдерің жай тапқандай,
Жігітін жігітектің айдатқан соң.

Алшынбайдың менсібей отырғанын қас-қабағынан таныған Жанғұтты ауыз аштырмай іліп тастады. Тазы Алшынбай, жалғыз жұлдызы бір көзі соқыр өзі. Енді айтылмаған не қалды, сірә, тағы біраз қояларын ақтармай тұрғанда кеткен жөн шығар.

— Алшеке, алар сыйды алған сияқтымыз, киген шапан да кейіпке дәл, ішкен ас, көрген қызық осындай-ақ болар. Ауызға ие болмағанның арты осы болады. Жүріп кетелік.

Құнанбай бастап бәрі шыға жөнелген. Шылбырларына жармасқан және ешкім болған жоқ...

Сол бір іс есіне түсіп, Құнанбай мырс етті. Мырс еткенімен Құнанбай көңілі мәз емес. Сонау Қараменде заманында сол ақсақал Шоладыр-Қаратоқтыға қыстаған екен. Қаратоқты қысы жеңіл, қары жұмсақ мәйекті жер болса керек. Қараменде ақсақалдың сол жылы тоқтысына дейін қоздапты. Қар кетіп жатқанда қой сүтінен қатық ұйытып ішіпті. Бір жолы ақсақал көрші ауылға кетіп, әйеліне:

— Кім келсе де бар асыңды бер, бірақ қатықты көрсетпе, — деп тапсырыпты.

Шығып кеткен қысырақтың үйірін іздеп шыққан Жарылғап батыр сәскеде сол үйге кеп ат басын тіреген. Үй иесі жоқ үйге орныгып отырмай, кетуге бет алады. Бәйбіше қанша айтса да, не асқа, не шайға қарамаған. Қуыс үйден құр жіберме дегенді ұстанған ас иесі бәйбіше қатты қысылып, дірілдеп тұрған бір шара қатықты ұсыныпты. Арқа жерінде қатық ұйытуға әлі ерте. Жарылғап таңдана отырып ауыз тиіп, жанынан кездігін суырып қатық бетін айқыштай тіліп, қайтарып берген деседі.

Иә, кім келді? — деп сұрайды қайтып келген Қараменде бәйбішесінен.

Бәйбіше көрген-білгенін тегіс айтып, Жарылғаптың ең соңғы қылығына таң қалғанын жеткізді.

— Ә, — дейді Қараменде. — Мына жер қалың кернейдің ортасы еді. Осы жердің қасиетін олар енді таныған екен. Қатықтың бетін тілгені «жерімді босат» дегені ғой, бәйбіше, енді бұл маң бізге қоныс болмас.

Кернейден жер даулау әділетсіз екенін, қол жетпесін білсе де, тобықтының күңкілінен басын ала қашқандай боп

келген жайы бар. Адам айналасынан аса алмай қалады деген осы да. Өз ниеті алайын деп келген жоқ, кей жебірді ретін тауып, біржола түңілдірейін деген ойда. Бұл бүйтпесе кейін тағы бір әумесер шығып, екі елдің арасын бұзып жатпасына кім кепіл

Құнанбай бастап келген тобықты жуандарының ниетін қаракесек жағы сылап-сипап, тігісін жатықтыра сөйлеген Жанғұттының аузынан естіді. Әзірше бетке кеп, жүз шайысып жатқаны және жоқ. Сыйы-сый, құрметі-құрмет. Жақын ауылдар бірінен соң бірі шақырып, аламан емес, аңсаулысы келгендей мәре-сәре. Біреулері:

— Құнеке, ат ізін салмай кеткеніңізге талай жылдар өтіп кетті, — десіп базына айтса, керней жағы:

— Біраз қызығын көріңіз, — деп Сарықұс атты бүркітін сыйлады. Сарым жағында қонақтап жүріп Жібекжал деген атқа көзі түсіп еді, ертеңіне ол да белдеуіне байланды. Қонаққа шақырған әр ауылдан таңдап-таңдап он екі ат беріпті. Мұнысы несі деп те таң. Бір жағынан Жанғұттының ел арасындағы абыройының белгісі деп те іштей түйеді. Тек бір жерде Дүйсенбай:

— Осы біздің Байсейіт көрінбейді-ау, — деп қалды.

— Иә, Бәжеңнен хабар болмай тұр. - Кәдір үнінде әлденеден күткен үміт бар сияқты.

Жанғұтты сыр бермей төмен қарап, саптамасының қонышын тарта берді. Бәжең келсін, арада бір ұсақ дау бар деп сәлем айтқалы қашан, сонан бері хабар жоқ. Осындай тығырыққа тірелгенде ебін тауып кететіні беттілігі болушы еді. Кешегі Кенесарының жорығынан кейін елге оралғанның талайын қудалау да болған. Балта Тықыш сол уақытта приставты сабағансың деп итжеккенге айдаған жерінен қашып кеп, осы Байсейіт ауылдарының маңын паналаған.

Әлдебіреудің көрсетуімен тағы ұстап, жол бойы Жарлы өзенінің бойында кісенін үзе қашып, қара судың ішінде құраймен дем алып күні бойы жатып құтылып, қайта келген.

— Саған бұ жер әзір пана болмас, тірі болсаң із суытып қайта соғарсың, — деп Байсейіт Тықышты Алатау асырып жіберген.

Иманбайдың ауылында түбі нұрбай Қасықбай, Шөмішбай деген екі азамат он екі жан адамымен паналап жүретін. Қашқын екен деген сыбыс талайға тарап жүрсе де, бірер жыл ешкім көрсетпеді. Ақыры жаңа ұлыққа жағынуға тырысқан әлдекім:

— Иманбай Кенесарының қуларына пана боп жүр, — деп жазып жіберіпті.

Иманбайдың иманы қасым болды. Басына іс түскен соң қазақтың бір-екі азаматына пана болғаны да рас, енді онысы өзіне пәле болмаса игі еді. Өзі түгілі бала-шағасының мына ұлық дәм-тұзын аударып жібермесіне кім кепіл. Ұстап беруге дәті шыдамай, басқа жолдың қисынын таппай қиналып жүріп Байсейіттен ақыл сұраған.

— Бөже, не істесем құтыламын?

— Өрте.

— Не сұмдықты айтып отырсыз? — деп Иманбай шошып кетті. — Мен саған кісі өрте дедім бе?

Бөженнің ақылымен мал-мүлкін тастап, тірі жанға көрінбей бір түнде қашып кеткен Қасықбай, Шөмішбайдың үйін таң ата бас салып бекітіп, сыртынан отын үйгізіп, өртеп жіберген де, адамы қоса кетті деген сөз шығарған. Тек Шәмішбай ғана үйде жоқ екен дескен. Себебі батыр тұлғалы елге танымал Шемішбайды жасыру мүмкін емес еді. Иманбайды осылай құтқарып, Шәмішбайды Шоңнан пана сұратқан да Байсейіт.

— Осы ел Шөмішбайды ұстатып, қазы жеп, қымыз ішіп жай отырмыз дей ме екен, — депті Шоң да. Шөмішбайдың басын оязға хат жазып беріп, өзін жіберіп арашалап қапты Шоң би.

Арыз-құрыздан Байсейіттің де аулы аман қалмаған. Көші-қонның уақыты келсе де пристав келе жатыр дегенді естіп, ескі жайлауда, Толағай түбінде отыра берген. Күн көтеріле киіз үйдің есігін аштырып тастап, Толағайдың көкке емінген ұшар басына қарап отыруды Бөженнің жаны сүйетін. Бүгін де солай. Көгінде қыран ойнап жүрген шаншылған биікке қарап, шіркін, осының басына тағы бір шығар ма еді деп тамсанды. Төрт аяқты мал түгілі бұтасы мен бөтегесіне жармасып, адам зорға өрмелейтін биігіне бозбала шағында бір көтеріліп еді, көңіл соны аңсайтындай.

— Кеп қалды! Уай, кеп қалды, — деп боз төбенің үстіндегі бала айқай салды.

Кеп қалды деп дүрлігісуі — пристав. Арыз тексереді екен дегенді де ұзынқұлақ жеткізген. Тізесін қаққан қылышын сүйретіп, мылтығын ұмсына ұстап, соңына ерткен тағы әскері бар пристав төрге өрлеген.

— Здәрәсти, — деді Байсейіт те.

Қымызға зорға қарағаң приставтың жұмысы да шұғыл болды. Қашқын жасырасың, сол себептен балаң Нұрланды түрмеге аламыз. Жеті атасынан бері қарай абақты дегеннің не екенін естіп білмеген бұл маңның қазағына мұнан шошырлық іс бар ма. Ел болып шуласып қоя берді.

— Қарағым-ау, Құдай сенің пейіліңе мұндайды көрсетпеуге тиіс еді ғой, — деп зарлады кемпірлер.

— Есіміз едің, панамыз едің, — деп көзін сүрткен шалдар.

— Берген қол қайырың алдыңнан шықсын, — деген кәріп—қасерлер.

Байқап отырса, ел Нұрланды, жас та болса жомарт атанған жігітті қимайтын сияқты. Баласының қолы ашығын Бәжең де білетін. Соғым сұраған кей жоқ-жітікке беріп жіберген малына тап келіп:

— Сен Нұрланнан аласың, мен кімнен алам? — деп сан қайтарып алғаны есіне түсіп, іші езілген. Өз ойынша осы жалғызы тым көпшіл, ешкімнің көңілін қалдырмайды, әй, түбі ғұмыры қысқа боп жүрмесе.

Алды-артына қаратпай ала жөнелген Нұрланның соңынан Байсейіт те барған. Берген парасы да өтпей, жұмысының реті кетіп кеп жүрді. Әйтеуір, көңілге демеуі Нұрланның амандығы. Жұрттың оған тілектестігі. Қарқаралы маңының елі де Нұрланның жомарттығын жырдай қып айтады екен.

— Бір жылы, — дейді біреу, — Нұрлан жәрмеңкеге келе жатып шөліркеп, шеп шауып жүрген әлдекімнің қосына тап болады. Шай қайнағанша қалғып кетсе керек. Шөлін басып, енді жүрейін десе, үй иесі:

— Дәм татыңыз, — деп жібермейді.

Жұпыны үйді көзімен шолған Нұрлан жағдайын сұраса, жалғыз сиырынан басқа малы жоқ тақыр кедей. Оның бұзауын жаңа сойып тастапты.

— Мұныңыз қалай? Енді балаларыңыз ақсыз қалды ғой.

— Сендей азамат өмірде шаңырағыма бір-ақ түсер. Оған жөнімен дәм бермеген тірлігім құрысын. Бала-шаға өйтіп-бүйтіп ілдебайлар, — деп қарап отыр.

Өзі жәрмеңкеден қайтқанша осы жерден көшпеуін өтінген Нұрлан қайтарында жоқтың жомарты кедей жігітке қысырақтың үйірін беріп кетіпті деседі Қарқаралы жағының қазағы.

— Уай, несін айтасың, мына қуандық жағынан бір жесір әйел келіпті Нұрланжанға. Үйі күйіп кеткен әйел екен. Соған Нұрлан өзі жатқан үйді жиһазымен беріп, біреу жолда тонап кетпесін деп он жігітін қосып аттандырыпты, — дейді сырттан келгендер.

Даланың да, қаланың да адамының ықылас-тілегі Нұрлан жайында екен. Әттең, даланың дауын бір ауыз сөзбен бітіретін Бөжең қалада адасқан баладай жөн таппай жүр. Дуанда не Құнанбай, не басқа сөз таныр біреу жоқ. Сөйтіп жүргенде қалаға Алшынбай келіпті, ойбай жүрісі қатты көрінеді, қос-қос ат жеккен күйме, жолда тұрғанды қағып өтеді екен деген гу-гу сөз тараған. Айтса айтқандай, көшенің бір шетінен шыға келген Алшынбайларды көргенде қала жұртты тым-тырақай қашып, жоя босатып, әбігер боп қалады екен. Бөжең не болса да осы Алшынбаймен бір тілдесіп қалуға бел шешкен. Бұрын көрген де адамы емес, мейлі, тонын шешіп алып қалмас. Жалғызы үшін бәрі садаға. Сол жалғызына себі тисе, кімге болса да кіріп, нені болса да беріп кетуге даяр. Тек Алла сәтін салсын де.

Алшынбай жатқан үйге жақындай бергенде пар ат жеккен жеңіл косаяқ арба айналымнан шыға бере заулаған. Жаңа ғана бірен-саран жүргіншісі бар көше жым-жырт. Байсейіт состиып көшеде жалғыз қапты. Екпіні қатты ат арба соғып өтер демей, жол ортасында тұра берді. Әлдене жұмысы бардай жеке қалған кісіні Алшынбай да көрген тәрізді, айдаушыны иығынан қағып, тіл қатқан. Арындаған аттарды айдаушы Байсейіттің жанына жете бере шірене тартып тоқтатты.

— Кімсің? Жөніңді айт. - Мәуіті шапанын серпіңкіреп тастаған Алшынбайдың жүзі суықтау, алалау көзі ішіп-жей қараған.

— Арғы атам Жарылғап, өз атым Байсейіт.

— Тағы, тағы.

Байсейіт үндей алмай төмен қарады. Сәл еңкейген бойын түзеген Алшынбай болар-болмас мырс етті.

— Тағы, тағы.

Қайырып үн қатпаған Байсейіттің бетіне тағы бір барлай қарап, атшысына ым қақты. Желігіп тұрған қос жирен ала жөнелген.

Тілегін айта алмай қалған Байсейіт көзбен ғана шығарып салды.

Жақын үйдің қалтарысында тұрып екеуара қысқа сөз қайырымды естіген жанашырдың бірі:

— Бөже-ау, неге тағы, тағылап тұр Алшынбай, — деп сұрады.

Байсейіт бажырая қарады. Осы жұрт шын түсінбей ме екен, әлде әдейі оспақтай ма? Жоқ, мынаның шыны сияқты.

— Тағы, тағысы қалған ата-бабаны айт дегені. Жарылғап ұрпағы екенімді естісімен-ақ ол қу бәрін ұққан. Үсіп өлген Қырбасты, не қатынға өкпелеп кеткен Қоңырбай мен Түйтені айтайын ба оған. Соны айтқызғысы кеп қазбалап тұр.

— Ім, — деді жанашыры.

Қапылыста кездесіп, әрі әркімге кіріптар боп жүргенде жер етіп кетті-ау мына Алшынбай. Ең болмаса бір ауыз дұрыс жауап таба алмағанына өкінеді де. Таңдамахшарда күнәкардан да жөн сұрайды деуші еді, ең болмаса не тілегің бар демегені батады. Қазақтың кісісі өліп жатса сөзбен сойып өтетін тіліне не дауа. Ол жеңді, бұл жеңілді боп қала берді енді.

Білетіндерден сұрастырып көріп еді, Алшынбай енді бір жарты айсыз дуанға соқпайды десті. Сөйтіп жүргенде Шорманның Мұсасы келіпті деген хабар дүңк еткен. Жүрісі тығыз екен, бүгін-ертең осында, онан әрі Баяндатып Омбыға тартады десті. Тілдесуге Мұса тағы қолға түспеді, ылғи сарыала киімнің ортасында, бірер сәтке көшеге шыққаны болмаса, көбіне анау мылтығы шошайғандар қоршаған сырлы есіктің аржағында.

Мұса ертең қайтады екен деген күні таңнан тұрып, жол торығаң. Қоңыраулатқан күйме дуаннан түске жақын

шықты. Сонадай жерде жол кескен Байсейіт жұмысы бар, тілдесуге мұқтаж адамның белгісін жасаған. Жасы келіп қалған үлкенге Мұса күймеден түсіп өзі сәлем берді.

— Ә, Мұсажан, жақсылығыңды Баянауылға ала кетпе, — деді де Байсейіт атын тебініп жүріп кетті.

— Бұл кісі кім? — деп сұраған Мұса жанындағылардан.

— Жарылғап тұқымы. Жалғызы жомарт Нұрлан жаламен түрмеде деп еді, соны шығара алмағанын айтқаны болар.

Омбыдағы генерал-губернатордың ерекше тапсырмасымен келген Мұса ат басын кері бұрғызып, дуан ұлықтарына қайта жолыққан. Нұрлан түрмеден кепілге босап, арыздың анық-қанығын пристав ел ішіне барып тексеріс жүргізетін боп келісілген.

Абақтыдан арыңқырап шыққан Нұрлан ауылына тіке қайтып кетпеді. Өзі сияқты нақақтан жапа шегіп, шындықтың ұшына жете алмай, түрменің қандаласына жем болғандарға ай бойы тамақ тасып әуре. Тар қапаста өткізген аз уақыттың өзі жігітті көпке өзгерткен сияқты. Жылдан-жылға қысылып, апшысы қуырылып бара жатқан өмірдің өзі туғызған қаланың баукеспе ұрысы да, бір жағы сауда-саттық көбейіп, есесіне малы азайып бара жатқандықтан тақымы кеппес болған даланың жортуылшысына да кезігіп, өмір мұңын тәнімен танып, жанымен ұққандай.

— Қайталық, — деп Байсейіт айта берген.

— Аз шыдайық, әке, ең болмаса өстіп септігіміз тисін.

— Әй, шырағым-ай, мұнымен қай жетімге пана, қай сорлыға аға боласың.

— Әке, үлкендер осындайда «кембағалдың батасы тисін» демеуші ме еді, бізге болмаса да олардың басқаға септігі тиер. Абақты бәрін жеп қоймас, ертең соның бірі бағы жанып шыға келсе, өткен күнгі қиындығы да, елден көрген жақсылығы да есінде жүрмей ме. Адамнан қайырым кетпесін де.

Баласының көңілін қимай дуанда ай жатып барып еліне оралған Байсейіт ертеңіне-ақ ауылдасты жинап, ағайынның жауабын сайлап қоюға тырысқан.

Ел ішінде Жәмші атты қашқынның барлығы да рас, бірақ енді осындай қиын іс түсті деп оны елден аластап,

сырғытып жіберсе келешекке жаман үлгі бола ма деп түршікті. Ағайынның бір-біріне деген қайырымы кетер, әркім өз басын қарақтаған жағдай туар деп сескенді.

Жақсы-жаманның талайын жинап, бәрінің тілін «көрмедік, ондайды естімедік» дегенге келтірді. Сонда да бірен-саран ағайыннан сескенісі бар, кім біледі деп іш қыпықтайды. Соның бірі самырза Мәтіш.

— Уай, Мәтіш, осы сенің аузың жеңілдеу еді, бірдемені былықтырып алып жүрме пристав сұрағанда, — деп Байсейіт тікесінен кеткен.

— Бөже, бір саспа. Өзіңді састырармын да, көңіліңді тындырармын да.

— Мына ит не дейді, — деп Байсейіт қала берді.

Ауыл Көкаласақалда отырған. Жайлаудың тұнық ауасына көрінбес жіппен іліп қойғандай сыңғырлаған қоңырау үні жұртты елең еткізген. Кешікпей оның иесі, күйме де көрінді. Ауылға қарай жау шапқандай арындатып келеді.

— Осы орыс өз ауылына да шауып кіре ме екен, — деді біреу.

— Әр елдің заңы басқа, иті қара қасқа деген. Қазақтың аулына шауып кіруді жаулық деп ұғатынын, ауылдан ұзамай шапса тағы жаманшылыққа жоритынын ол қайдан білсін.

— Е, бәсе.

Сөз осымен тыйылып, ақ көбікке малынған аттарды үстіүстіне айдаған айдаушының шу-шуіне ғана жол тиген сияқты. Деміккен аттарды бөлектеу тігілген боз үйдің жанына бір-ақ тоқтатты. Күймеден аса жуан болмаса да жуандық ызбарын сездіргендей күшене түскен пристав мұртын сипап, жан-жағына алара қарады. Сонан соң мынаны көрдің бе дегендей, санын соққан қылышының тұтқасын ұстап қойды. Жанына ерген екі стражник сарт-сұрт. Олар сарт-сұрт еткен сайын былайғы дала жұрты:

— Мына тобық қағыстарына етік шақ келмес, — деседі.

— Е, оларға табылмай бара ма, сенікін тартып алса да.

Атын доғартып, арбасының жетегін көтертіп қойған пристав осы жолы асықпайтынын танытты. Қымызға шөлмектерін қосып, жаңа сойылған малдың бауырын шала

пісіртіп, бір-бір қарбытып жіберіп ұйқыға кеткен. Сол күні кешінде халыққа бір көрініп, түнімен картасын соғып, өздерінше демалысқан. Ертеңінде осы маңдағы Балта, Түйте, Шаң, Балапан, Самырза ауылдарының естияр ер кіндіктісін жиюға бұйырды.

Мұндай пәлені көрмеген қыр қазағына сұсын асырғысы келе ме, тіпті үйден шықпай, бірен-саран амандаспақ болғанына ақырып қап, біраз мінез танытып жатыр. Түс ауа ел жиналып та қалған. Соларды көргісі келді ме, тысқа шықты.

— Здәрәсти.

— Здәрәсти.

Әр жерден шыққан амандыққа көз қиығын ғана салып қайта кірді. Сөзімді естіп, куә болсын деп ішінде Байсейіт бар бес-алты ақсақалды үй-ішіне кіргізген. Қаһарына мінген пристав жиналған жұрттан жеке-жеке жауап алуда. Әзірге жауаптан қателескен, сөзден шалынған ешкім жоқ. Байсейіт көңілі соған тоқ. Тергеу жиналған елдің ортасынан аса бере Мәтіш кіргізілді.

— Әй, Жәмшіні білесің бе?

— Білемін.

— Көрдің бе өз көзіңмен?

— Көрдім.

Байсейіттің де, шалдардың да амалы таусылып, салдары суға кетіп, жер шұқып отырып қалған. Қуанғанынан бусанған пристав алая қарап, орнынан тұра берді.

— Кәне, көрсет бізге соны.

- Ж ү р .

Көптің арасында тұрған Жәмшіні ұстап береді ғой, Нұрлан қоса кетті-ау деп сасқалақтаған Байсейіт орнынан зорға көтерілді. Көз алды бұлдыр-бұлдыр, аяғы әнтек-тәнтек. Ең болмаса бүгінше Жәмшіге жасырына тұр демегеніне өкінді. Болар іс болды, енді амал не?

— Ал көрсет.

— Мына тауды Алтынсандық дейді, — деп көрсетті Мәтіш. — Осыдан Қарасай өзені ағады. Мына жатқан Жәмші өзені, ана жатқан Тоқырауын кеп қосылады. Осының бәрін Жәмші дейді, ол Балқашқа құяды.

— Мынау не деп тұр, өзінің есі дұрыс па дегендей, шегіншіктеп барып қараған пристав жүзінде ашу да, сасу да бар.

— Не оттап тұрсың? — деп ақырып жіберді. — Мен сенен өзен Жәмшіні сұрадым ба? Қашқынды көрсет маған.

— Ой, отағасы-ау, осындай жерде қашқын бола ма? Оны осы көптен іздетіп жүргеннің де есі дұрыс емес шығар.

— Қысқарт.

— Ә, мақұл - Мәтіш бүкеңдеп топ ішіне кіре берді.

Күн кешкіріп те бара жатыр еді, онан арғы жауаптың мәнісі кеткенін сезген пристав тергеуін тездетіп бітіріп, ертеңіне қайтып кеткен.

Жер даулай келген тобықты жуандарының бетін көне жолмен қайтарудың әзірге ретін таппаған қаракесек жағы босқа аңтарылып, әркім әртүрлі ұсыныс етсе де, көптің көңіліне қонбай, ақыры Байсейіт келсінге сайған. Ұзаққа созылған қыстың соңы тағы екі күндік жаяу борасынға ұласты. Киіз үйдің есігі алдындағы аршыған қар кісі бойына жақын. Соны ермек еткендер айнала аққала соғып, кірер ауыз жасаған.

Боран ашылғанымен, терістіктен соққан ызғар бүрсеңдетіп бой жидырар емес. Сәске көтерілмей жеткен Байсейіт үй-үйдің арасының қарын көтеріп салған аққаланың есігінен кірмей Қайықсұр атын қабырғасынан бір-ақ қарғытқан. Төрдегі жер даулағыш жуандар да, Құнанбай да бас көтеріп үлгермеді.

— Қиямет-қайым боларда жел терісінен шығады, шығыстан жалғыз көзді тажал келеді деуші еді. Ол бір қауып жерді құртады деген қауесет бар, жерге тоймаған тажал сен емессің бе? — деп сырт айналып шыға жөнелді.

Құнекеңе осынша ауыр сөз айтқан адамға жөні түзу жауап қата алмай жерге қарап жуандар қалды. Желдің терісінен есіп тұрғаны да рас, Құнекеңнің бұл елге шығыстан келгені де рас, жерге тоймай ел арасына пәле әкелгендері де анық, не демек керек. Құнекең ғана басқаға сездірмей бір ұртынан мырс етті. Байсейіттің батылдығы да, тапқырлығы да ұнады. Есіне ел аузындағы Байсейіттің тағы бір ұтымды сөзі түсті.

...Қуандық Арыстанбектің малынан үш-төрт байтал жоқ боп шығады. Із кесіп қараса, қаракесек жағына кеткен тәрізді. Іздетіп барса, ел ұстаған азаматтың, не ел ақсақалының малын тауып беретініне кәміл сенген Арыстанбек жанына жігітін ертіп жүріп кетеді.

Жоқ малдың ізі Байсейіт аулының маңына келіп тірелген. Арыстанбекті Бежең ауылы күткен қонағындай кең пейілмен мал сойып қарсы алған. Ас-суын беріскен Байсейіттің бәйбішесінің өзі. Ауыл иесі келген қонаққа әлі көрінген жоқ. Ел жатар шама да жақындап қалған.

— Отағасы, — дейді бәйбіше, — мына Арыстанбек маған емес, саған келіп отыр ғой, барып жүз көрсетпейсің бе? Келген ісінің мән-жайын сұрамайсың ба? Мен дәмімді бердім, міндеттен құтылдым, ендігі сенің ісің.

— Байтал қуып жүрген Арыстанбекке де сәлем берем бе?

Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды деген, Байсейіттің мына жауабы бірден бірге өтіп, Арыстанбектің құлағына жеткен. Байтал қуып жүрген дегені батып кетті, ертемен тұра сала ауылына аттанған. Еліне келген бетте бір ширақ жігітті таңдап:

— Сен Байсейіттің ауылына бар". Оның үш жүзге танылған Қарабурыл, Бопай деген екі жүйрігі бар, соны ебін тауып алып кел, — деп жұмсаған.

Талай аста бар жүйріктің алдын бермеген қос сәйгүлікке тіпті Байсейіттің өзі де таң. Бір жолы «япырай, осы екеуі арасына ылғи ат салмай келеді, бауырлары жабысып қалғандай» депті. Ат үй жанындағы кермеде, түнде кісендеулі. Ауылы аралас, қойы қоралас қазақ Арыстанбек ауылының жігітін жатсынбаған, бозбалалығы болар дескен. Өз қатарының үйіне кезек түнеп, түні думан, күндізі той боп жатқан ауылға жігіт әбден сіңісіп, Байсейіттің өз үйіне де етене боп кеткен. Бір күні екі аттың кісені алынған әрі мал келген абыр-сабыр шақта сол жігіт Қарабурылға мініп, Бопайды жетектеп, ауылдан ұзап шығып бара жатқанын бір-ақ көрді. Қууға ат жоқ әрі бәрібір жеткізбесін біледі.

— Е, — деген Байсейіт. — Менің анадағы сөзіме орай Арыстанбектің істегені ғой, бір жөні болар.

Аттарын іздеп Байсейіттің өзі барған. Арыстанбек ауылы хан келгендей-ақ қарсы алды. Арыстанбек ділмар

жігітін Байсейіт келіп жайғасқан соң сөзбен іл деп дайындап қойса керек. Қысқа амандықтан соң енді сөйлемек боп орнынан көтеріле берген жігітке Байсейіт:

— Әй, сен оттайын деп отырсың ғой, тұра тұр. Мен Арыстанбек сияқты байтал қуып келгем жоқ, іздесем атам Жарылғапты іздеп кеп отырмын, — деген.

Айтарға сөз қалмаған. Байтал шауып бәйге алмас дейтін қазақ бәйгеге ат қосқанда атасының аруағын шақырады. Бүкіл керней Жарылғаптап шабады. Байсейіттің іздегені іші боқты, сырты түкті жүйрік емес, ел ұраны боп шықты.

— Пah, міне, сөз! — деп қалды бір ақсақал

Сөзден жеңілген Арыстанбек Байсейітті аса сыйлап, күтіп, ат-шапан айыбын қоса беріп, аттандырып салған деседі. Мына Байсейіт бүгін де қисынын тауып кетті. Сөз атасын тыюға бола ма, мейлі, өлтіре айтса да енді ешкім қайтып келіп жеріне сұғына алмастай етіп жеткізді. Ел арасының дауын осылай шешкен азаматтан айналмайсың ба.

Құнанбай бастаған топ алды-арттарына қарамай атқа қонды. Жарты ай жатқандарының аяулысы Сарықұс пенен Жібекжал Қалған он бір атты да қосақтап айдай кетуді жанындағылары ұмытпаған. Топтың алдына түсіп ұзақ бүлкекке салған Құнанбай ешқайсына тіл қатып, қарайтын емес, істің мәніне түсінбеген басқалары өзара күңкілдескеніменен де тоқтамы жоқ сияқты. Ақыры шыдамай:

— Құнеке, не болды? Жер алатын болдық па? — десті.

Бүкіл денесімен қараған Құнанбайдың жалғыз көзінен лап еткен от ұшқыны күйдіріп жіберердей. Сұраушы жасқана шегіншектеген.

— Өңкей мисыз... Ана Жарылғаптың Байсейітіне менің енді қалған жалғыз көзімді шығартайын демесеңдер, қойсаңдаршы. Жебірдің де тоятын көзі болушы еді.

Жер дауынан оп-оңай құтылдық деп қуанған қаракесек жағының кейбіреуі бір қыздың қалың малына татырлық Жібекжалды беріп жібергеніміз артық болды деп соқты.

— Бергеніңді қалай сұрайсың?

Ата-бабаң істемеген кәсіпті қойыңдар дегенге тіл алмай Ұзақ шалды соңынан аттандырған. Тарақтың үйіне түстеніп

отырған Құнанбайға жаман тымақ, ескі тонын сүйретіп Ұзақ сәлем бере кірді. Жөн сұрасудың соңында:

— Күнеке, елден біраз сыйлық алып, жолы боп бара жатыр деп естіп келдім. Жалғыз атым жамандатты, қисаңыз бір көлік тастай кет мендей кедей-кепшікке, — деген.

Не дер екен? Бәрі Құнекеңе қарай ақтарылды. Жалғыз көзінде әлдененің мысқылы ойнаған Құнекең бір тілім қағаз алдырып, жылқышыға «мынаның қалаған атын ұстап бер» деп жазған. Пісіп тұрған дәмге қарамай тұра жөнелген Ұзақ есіктен шыққанша жалтақтап, рахметін жаудырған.

— Ә, жарар, — деді Құнанбай, — мына сөзді осы ел иелеріне жеткізіңдер.

Жанғұтты берді құр атты,
Ебімен қайта сұратты,
Білмей кетті демесін,
Біліп те бердім ол атты.

Көңіліндегісін орындап қайтқан Ұзақ желпіне жеткен.

— Уай, не қылдың?

— Не қыласың.

— Е.

— Қатырдым.

— Қайтіп?

— Құнекеңнің діндар екенін білем ғой.

— Сонда аят оқыдың ба? Онан не білуші ең сен жындыбас.

— Құнекең кәріп-қасерге қайыр-зекет бер дегенді қатты ұстаған кісі.

— Әй, сен де соға бересің.

— Нанбасаң айтайын. Басыма жыртық тымақ, үстіме тозған тон, аяғыма ырсиған етік киіп бардым, кайыршыдан нем кем?

— Ал

— Алы сол, берді де салды бір атты өзің таңда деп. Әне Жібекжал жетегімде тұр.

Іле Торақ аулынан келген тағы бір жігіт Құнанбайдың Жанғұттыға сәлемін және жеткізді. Оның айтуына қарағанда Құнекең тіпті істің осылай ауғанына ренжімейтін тәрізді. Енді қысылу кезегі бұл жақтың естімін, жақсымын деп жүрген азаматына ауған.

— Құнекең Байсейітке сөз таппады деп мәзбіз, Құнекеңнен Жібекжалды ебін тауып қайта алдық деп пәспіз, осы істің осылай тынарына сол кісінің өзі себепкер-ау деген еске бір кірмейтіні қалай, — деп салды Еспай ақсақалдың жалғызы Беде.

— Рас-ау, рас.

— Баяғыда Абылай хан қалмақ тұтқынында жатып күзетшісіне маған бір жаман қарғыс үйретші десе, күзетші шал «өзің білме, білгеннің тілін алма» деген екен. Мына Жанғұтты «әй, сол атты сұрауды қойсаңдар қайтеді» деп еді, жауды жапырғандай есіріп болмадыңдар. Құнанбайдың жанашырлығын, ел арасына пәлелі дау жүрмесін дегенін енді түсінгендейсің, — деп ұрса сөйледі Дүйсенбай.

— Енді не істедік?

— Бір тоғызды өзіне сыйға тартсаң, тобықты атаң «Құнанбай пара алды» деп дүрлігеді, реті мешітке соның қарамындай сый апарайық. Өзінің адамгершілігінің тартуына тағы бір реті келер, — деді Кәдір.

Осыған тоқтаған бес атаның атқамінері ас ішіп, дәм қайырысып, бір-біріне игі іс тілесіп, жан-жаққа тараған. Дүйсенбай менен Бөденің бағыты бір әрі жолдары Жанғұтты қыстауының қасынан өтетін болған соң Жанғұтты да осы топта. Жүрісі сәл бұрыстау Кәдірді Жанғұтты бүгін біздің ауылда болайық деп шақырған. Осы топқа Матақ тауының түстік жақ етегінен қысқа шоқпарын тақымына қыстырып, жарау сұр атқа мінген жігіт кездесе кетіп:

— Ассалаумағалейкүм.

— Уағалейкүмаәссәләм, иә жол болсын.

Астындағы елірген атының олай-бұлай ойқастағанына қысылған жігіт ақыры аттап түсіп барып жөнін айтты. Осы маңдағы қалың сарымның бірі екен.

— Көптен ауыл маңын торып топ қасқыр жүруші еді, бір-екі қуғанда шалдырмай кетті. Әбден басынып болды әрі осы қыста қасқыр қуып әуреміз не деп ешкім шықпай қойды. Сонан кеше арашаға түскен айғырды талап, бір байталды тік көтере жеп, буаз биені жарып кетті.

— Беті қай жақ?

— Осы Қарадырда болу керек. Қыстай осыдан ұзамаған.

Аңшылығы ұстап кеткен Дүйсенбай жанындағыларға жалт қарады. Өңінде қусақ қайтеді тұр. Сонан соң шақшасын суырап, насыбайын асықпай атып тағы үнсіз аялдады.

— Ал ендеше сен былай ет, мына біздің жігіттердің бір-екеуін ал да, қаумалап ана Үйтасқа қарай айдаңдар. Алла қаласа, біз сол жерден айқасып көрелік.

— Дүйсеке, — деп Бөде сөз бөлмек еді.

— Әй, қоя тұр. Атқа шабатындай тақымым тартып еді, — деп тағы үстеді.

Жортыңқырап жүріп кеткен топ Үйтастың шығыс бетіндегі сайға аттарын бекітіп, өздері тасты тасалай жасырынған. Аңшылықпен тым әуесқойлығы жоқ Жанғұтты әңгіме айтуға кірісті.

— Біздің ауылдың бір мықты аңшысы, — деп күлді Жәкең, — тазысын ауыздандырмақ бопты. Сонан маяға дұзақ құрып, тірі қоян ұстап, үйінен түлкінің терісін алып, ана Қызылтауға шығыпты.

— О несі әй, — деп мырс етті Бөде.

— Сонан бір жотаның үстіне шығып аттан түсіп, беталды кетіп қалмасын деп ат шылбырына тазысын байлайды ғой.

— Әә, — деді бір гәпті іші сезген Кәдір.

— Сонан манағы қоянды қойнынан шығарып, бір аяғын сындырып, үстіне шұбаландаған түлкінің терісін кигізіпті.

— Аңшы деп осыны айт, біздің есімізге келмес еді мына әдісі.

— Е.

— Сөйтіп отырғанда қоян қолынан шығып кетіп қаша жөнелгенде еріккен ит тұра ұмтылып, елірген ат қоса кетеді. Қамшысын ұстап жаяу қапты әлгі пәтшағар. Ізбенен салмай ма сонан. Бір жерге ауырлап күпісін тастап, енді бірде тымағын шешіп, тақиямен ғана қалса керек. Қарсы кезіккендерден:

— Әй, түлкі киген қоян, ит жетектеген ат көрдіңдер ме деп сұрайды білем. Өзі үсініп-қабынып, бір ауылға зорға жетіпті. Не итіміз жоқ, осы біздікі бос әуре боп жүрмесін.

— Е, әрненің бұйрығын айт. — Дүйсенбай тасты тасалап, ілгеріге ұзақ қарады. — Ә, келер уағы болған сияқты еді.

— Айдап келер қой дейсің бе. Өйтіп-бүйткенше сол болып жатыр да.

Кенет Дүйсенбай санын бір-ақ соқты.

— Әңгімелерің бар болсын, жел ауып кеткенін байқамай қалыппыз. Иісімізді алып қойды о пәлелер.

Жан-жағына бой салып қараған Кәдір бір тұрып, бір отырып, әлденеге ұзақ үңілген. Көзін уқалап, тағы қадалды.

— Өтіп кетіпті, — деді. — Әне ана Байназар менен Матақтың арасындағы жонмен тартып барады. Өздері бесеу екен.

Ылдидағы аттарға жүгірісіп, қайта ізге түсе қуған. Соңына түскен топ аттылыны көрген бөрілер жалғыз тау Матаққа тұрақтамай, Оразайды етектей өтіп, жеңкіле қашқан. Топ қасқырды да, қуғыншы аттыларды да көріп, көп бөрінің бетін қайтармақ боп көлденеңдей қосылған жолшыбайғы ауылдың аттылары маңайласпай қалды. Әрі-беріден соң басқасының бетін қиынға бұрып жіберіп, жалғыз өзі бой көрсете жортақтаған көкжалы жеке шықты.

— Әй, ананы қара, анау жалғыз қалды.

— Е, көкжалы ғой, не де болса соның соңына түсейік. Түйетасқа қарай көсіле салған көкжалды жабыла қуған. Әрі-беріден соң қуғыншылардың арасы сиреқсіп, салпы қарын қара қасқа ат мінген Бөде ғана суырылып жеке кетті. Нақ өзінің соңына түскенін көрген көкжал серттескендей ар етіп, қауып-қауып екі жаққа қар атты да, созыла жөнелді. Арыны тым қатты екен, жуық маңда жақындатар түрі көрінбеді. Бөденің астындағы қара қасқасы қанша мінсе де ішін тартып көрмеген жануар еді және бір қасиеті таңертеңнен шапсаң да сыр бермейтін. Күні бүгін бәйгеге қосып көрмеген, тек өзі мініп, қызығын өзі ғана жеке таныған бас аты.

Түйетастың қиынына бет түзей қашты бері. Оған іліксе, алдырмай кетуі мүмкін. Бөде қара қасқаның көзін сүртіп, «шу» деп сипай қамшылады. Кенет арт жақтан құйысқанның сарт еткен дыбысы жеткен. Иә, сәт. Аттың арыны өскені анық сезілді. Қуғынның жақындай түскенінен сескенген көкжал бірер атқытып ішін босатып, жан сала безген. Бойы қызған ат беріні көздеген қиынына жібермеді. Оң жақ қапталынан алдын орай берген Бөде қасқырды

еріксіз Қызылшоқыға қарай бұрып, әлдебіреулердің шөмелесінің маңында еркін қуып жеткен.

Жетуі жеткенменен қамшыдан басқа еш сайманы жоғы енді есіне түсіп, пұшайман болды. Үзеңгісі арқар мүйізі, онан қолындағы бір тартса да бататын қамшы тәуір. Ағып өте беріп құлақ шекеден осып өткен еді, сілтенген қолға қоса секірген көкжал қамшының жартысын қырқып түсті де, арындаған ат бұрылғанша қайта Түйетасқа салған.

Басқа қуғыншылардан үміт жоқ, әлі орта жолда, демеуі — ащы айқай. Енді не істеді? Кеткені ме мына пәленің? Ат оттата қалсам деп ердің қасына ораған жіңішке қыл шылбыры болушы еді, соны шешіп, ыңғайлап алып, қайта қуды. Қасқыр әлсіреді ме, әлде аттың арыны ашылды ма, әп-сәтте тағы жеткен. Әккі қолмен қашқан аңның мойнына бұғалықты сарт еткізіп тастап жіберіп, бүйірлей тартты. Төртаяқтап өз жөніне тырмысқан қасқыр, иесінің емеурінімен қиыстай тартқан ат екеуінің бір сәт арпалысы боп қалған. Аспанға секірген қара қасқа арқырап жіберіп, жұла жөнелді. Төрттағандаған қасқыр етпетінен түскен қалпы мойны созылып, сүйретіліп кете берді.

Буынған қасқыр жетіп үлгерген көп аттының ортасында қалған. Әлдекім сойылменен қаратұмсықтан сілейте соғып та үлгерді. Көкжал жарық дүниеге аш көзін соңғы рет ашқан еді, қарақұстан тағы бір соққы тиді.

— Майлансын.

— Сәтімен болған іс деген осы.

Кештетіп Құмжондағы Жанғұттының аулына жеткен. Шолақ құйрығы менен қара тұмсығы ат белінен асып жерге сүйретілген көкжалдың терісі сол үйдің сырғауылына ілінді. Түніменен қылаулап тағы қар жауды. Жанғұтты бір жағы қонақтарын шығарып салмақ боп әрі қызық үшін иттерін ертіп Аюлыға шыққан. Сіресіп өскен нуы ат өткізбейтін Аю шаттан үркіп шыққан түлкі Үкілі шатқа еніп, онан тоспалап жүріп зорға алған. Сөйтіп тұрғанда соңдарынан Жанғұтты ауылының тағы бір жігіті жетті. Жанғұттымен жеке сөйлесті де қайтып кетті.

— Ау, не тұрыс бар, ана Қозаны қағайық, — деген Дүйсенбай.

— Дұрыс, бет солай болсын.

Екеу-екеуден бөлініп, Аюлының батыс бетін сүзген. Жанғұтты мен Бөде бірге еді. Былай оңаша шыққан соң:

— Оқыс жағдай бопты. Дүйсекеңнің інісі қайтыпты дүниеден, — деді Жанғұтты.

— Жаңағы жігіт хабаршы екен ғой.

— Соны маған айтып кетті, енді Дүйсекеңе қалай естірттік.

— Мен бетін ауыл жағына бұра берейін, сендер де қостаңдар.

Қозаның желкесіндегі тастан тұра қашқан қызыл алтайы түлкіні иттер ұзақ қуып, ақыры балаққа апарып ұстады.

— Осы қызықты ұйымдастырушы, әрі үлкеніміз Дүйсекең бүгінгі олжаның бәрі осы кісінікі, — деп Бөде екінші түлкіні де қанжығасына байлады.

— Әй, бұларың не?

— Жоқ, Дүйсеке, айта жүрерлік бір сөз болсын да.

— Ал, ендігі бетті айтыңдар.

— Міне, мына ізге түсейік, — деп Бөде Көкбөріге қарай кеткен ізді нұсқады.

— Әй, мынауың ескілеу із ғой, — деп Дүйсекең дау айтқан.

— Ескілеу болғанымен көп ұзамайды, шаршаған сияқты, табаны балпиып кеткен екен.

— Солай, солай, — десіп басқасы да қостаған.

Манатайдың иығына шыққан жұртқа әрідегі Дүйсенбай ауылының нобайы көрінген. Ауыл маңы қарақұрым кісі, бөлек үй тігіліп қойыпты. Әлдебір жағдай барлығы анық. Сол екі ортада жаңа ғана жүріп өткен түлкі ізі кезікті.

— Әй, — деді Дүйсенбай, — атан өлсе сойылар, атаң өлсе қойылар, хатқа түскен қыз сөзіндей қансонар қайдан табылар, тарт мына ізбен.

Бөде Кәдірге, Кәдір Жанғұттыға қарады.

— Дүние қызығы мол күншілік қана жол Онан сұр жебесін сағымға ілген Абылай да, шерменде жыршы Бұқар да, көз көрген Жидебай да өткен. Ата-бабаның мәңгілік көші қайтпас сапарына, Дүйсеке, сіздің жалғыз іниіз де ілесіпті, арты қырсықсыз, алды жарық болсын.

Жанғұттының сөзін естіп сазарып тұрып қалған Дүйсенбайды бірінен соң бірі құшақтап көрісіп, сол бетте

ауылға бауырымдап шапқан. Дүйсенбайға ілесе кірген жұрт күйеуіне арнаған келіннің жоқтауын ұзақ тыңдады. Кім шығарып берді екен, әлде өзінің ақындығы бар ма деп Дүйсекең де таң. Інісінің кей оқыс мінезі келіннің айтуында бүгін батырлық боп естіледі. Мүңкір-нәңкір келе қалса ұрып жығар едім деген інісінің оспадар сөзін өзі де сан естіген. Мықтысынба, мерт боларсың деген осы да.

Келіннің жоқтауын Дүйсенбаймен қатар отырып естіген Жәнібек имам басалқы сөзін айтып, құран оқуға арналған бөлек үйіне кеткен. Өзіне дос пейілдес Дүйсенбай інісінің қазасына жиналған жұрттан кешеден бері естігені де аз емес. Әрі бұл жұрт Дүйсенбай сыйлаған имамнан аспай, намазын шығару үшін соның шешімін күтуде. Бір үйдің ішінде жападан-жалғыз таспығын тартқан Жәкеңнің саусағы жиі-жиі келесі тасынан жаңылып, ішкі ойына ие бола алмағанын танытқан. Есікті айқара аштырып жіберіп, бір мезгіл бүгіндер мұнартып жатқан далаға, құбылған құба жондарға үңіліп, ішкі түйткіліне жауап іздесе де, құбылмалы заманның ендігі бетін толық аңдай алмағандай.

— Әй, мына молла қайтеді, Дүйсекеңнің жалғыз інісінің күнәсыздығына сенбей не сұмдық шығарып отыр. Айдап тастаңдар өзін, — дегенді естісе де, кешеден бері не болса да көруге де, көнуге шыдаған. Жұртқа қойған талабы біреу-ақ.

— Мәйіттің сәждеге бас игеніне құран ұстап үш адам куәлік етсін.

Бұ дүниелік емес жігіттің оспадар мінезі, суыт жүрісті ұрлығы, кейдегі зорлығы естеріне түсе ме, куәлік етуге ешкім шықпады. Еңкейген кәрілер Құдайдан қорқа ма, сақалдарын сипағаннан әріге бармаған.

Жәнібектің ендігі барар жолын танымаған елінің мұндай кәріне ұшырауы жалғыз бұл емес. Өткен жылы Жараста қайтыс болған Қабан байдың жаназасын шығару да оңайға түспеген. Кесапатты шошқа атын атап, иман шығаруға келіспеген. Намазға жиналған жұрт тағы қақ жарылып, өзара айтысты. Сол елдің ес білер деген бір үлкені нығыз-нығыз сөз айтып, қоқан-лоқыға дейін барған. Жәнібек бетінен қайтпады.

— Қабан атына иман шығару Құдайға күпірлік. Ертең аузы түкті кәпірге де ұйы дерсіңдер. Халық ағын су сияқты,

мына уақыт алды бір тұйыққа тірелген шақ. Ендігі беттің оңы да, терісі де бар, қолдан келгенше елдің кейпін бұзбай, түзулікке сілтеу — міндет. Мына жатқан мәйіттің қадірлі ақсақал екенін білемін, бірақ дұрыс есімін тауып беріңдер.

Тағы ду-ду басталды.

— Қабан десе несі бар?

— Доңыз жұртқа ауру-апат таратушы деген құранда.

Күні бойы жұрттың сөзін тыңдап, қалыс қалып отырған Жанғұтты тамағын кенеп, сөзі барын білдіріп, қолын көтерген:

— Уай, ағайын, ата жолын аттап ел болмас, қожадан кетіп көп оңбас. Мына жақта орыс тұр шоқындырамын деп, ана жақта қоқан жүр бағындырамын деп. Бүгін дінімді сақтаймын дегенің денімді сақтаймын дегенім. Жартымыз шоқынып, қалғанымыз қоқан ауып кетейін демесеңдер, имамның айтқанына көн, жұртым.

Сөз осымен тәмам болған. Күні бойғы босқа айтысқандар «ақсақалдың шын аты Иманбай екен. Қабан атандырған жеңгелері» деп жөніне кешкен.

Енді мынау... Сырттағы дүмпу, киіз үйден аулақтау бас қосқан ақсақалдарының бірен-саран ащы сөзі құлағына жетіп жатыр. Жанына жайсыз тисе де, қыбыр етпей, қашқаны мен қуғаны, жетпегені менен үмітке толы көңілін бұлдыр сағымға іліп, иегін сүйеп отыр.

Дүйсекеңнің өзі соңғы кезде малы азайған елдің ұрлыққа ден қойып бара жатқанын, басқа кәсіпке мойын бұру жоқтығын сан айтқан. Дін ұрлық етпе, өсек айтпа, бір-біріңе қайырым ет дейді. Талай ұрлық, нелер зорлық жасаған мына мәйітке енді бәрібір, ақ-қарасын айыру — Алла ісі. Сәждеге бас койды ма деп сұрап, намазын шығармай отырғаны да тыйым болсын, адал кәсіп етсін дегендік, осы өзі араласып жүрген ел ақсақалдарының сан мұңынан туған ниет. Осыны Дүйсекең өз басына келгенде дұрыс түсіне алар ма екен.

Жәнібек ойын осы жаққа келгіштеп, өзінше моллалық танытып жүрген Жәмен белді. Айтары бардай бір тізерлеп қарсы отыр. Не де болса сөзді өзі бастасын деп Жәкең жақ ашпады.

— Иә, сонымен мына пәтшағардың жаназасын шығаруға бет түзеп отырғандайсыз ба? — деді үнсіздікті бұзып Жәмен.

— Куәлік берсе.

— Сіз діннің тазалығы, иманның парызы дегенді неге еске алмайсыз. Мына мәйіттің тірісінде сәждеге басы тимегенін білесіз ғой.

— Мұсылман баласы.

— Ақтан қара да туады. Мынау — нағыз қарапейілдінің өзі. Сәжде түгілі мұның тілін орысша оқып сындырғанын неге ескермейсіз. Кәпірге иман оқылсын деген құранның қай сүресіндс айтылыпты?

— Иә, бір-екі жыл орысша оқыпты, онда тұрған не бар? - деп Жәкең жайбарақат үн қатты.

Жәмен ыршып түсті.

— Онда тұрған не барыңыз не? — Даусында ащы ыза. — Бұл шоқынудың басы. Бір шоқындыға иман шығару мына халық тегіс сол жолға түссін деген сөз, ел діннен де, тілінен де безсін дегендейсіз. Сіз... сіз...

Жәнібек тартып отырған таспиғын тастай беріп, Жәменнің бетіне тіке қарады. Жүзінде ызғар, не тантып кеттің деген жиреніш:

— Тоқтат! — деп ақырып қалды. Басыла қалған Жәменге тағы бір қарап, қайта сабырлы қалпына түсті. — Не деп кеттің? Осы елдің тағдырын ойлар жалғыз сен бе едің. Мынау отырғандардың қабырғасы сен екеумізден кем қайыспайды, — деп есікті ашып жіберіп, сонадай жерде астарына шөп төсеп, малдас құрған ел жақсыларын нұсқады.

— Олар надан. Көбінің не діннен, не орыс оқуынан хабары жоқ. Бірақ олардың өмірден түйгені көп. Ата сөзін көкірегіне құйып, шежіре-аңызды жаттап өскен. Осыны неге түсінбейсің. Заман озды, жалғыз дінмен елдің елдігін сақтау мүмкін емес. Орыс-неміс оқуын да бойға сіңіру керек. Оның өнерін үйреніп алмаса, қазақтың шайқалған шаңырағы ортасына түседі. Тіл мен дін сол орданың қазығы ғана, оған енді ғылым керек, ғылым.

Етегін қағып сыртқа тақаған Жәмен аттандай шықты.

— Мына кісі азды. Хақ дінді ақ ұстағысы келмейді. Дінсізге намаз шығаруға мен карсымын.

«Жоқ мен азған жоқпын» дейді іштей Жәкең. Мәйіттің намаз оқымағанын білемін. Бірақ куәлік алып, ел пейілін адал кәсіпке, дінге де, ғылымға да бұруым керек қой. Мені Алла өзі кешірер. Бәрі де келер ұрпақ үшін.

Үйге асықпай басқан Дүйсенбай кіріп, төрге жайғасты.

— Дүйсеке...

— Мен сенің пейіліңді ұқтым, Жәнібек. Қысылма. Осы ісің де менің айтқанымнан аулақ кеткен жоқ.

Бұл кезде мәйіт сеждеге өлер шағында бас иді деп куәлік беруге құран ұстап үш ақсақал үйге енген еді.

* * *

Бұғылының күншығыс жақ беткейіндегі терең сайдың аузында жалғыз үй отыр. Жалғыз үйден тысқа жиі-жиі шыққан жас келіншек айналаға үркектей қарап, самаурынға от салғанынан мең-зең боп тұрғаны көп. Сонан соң әлденеге селк етіп, терең сайдың түпкі шатқал қуысындағы ит мұрыны өтпес тікенек пен қараған аузын жапқан қараңғы үңгірге қарағыштайды.

— Мені өлтіре қоймас, — деген Серік. — Сенен тірі айырылсам, өлім сол болар. Жау жетер күн болса, алдын ала сол үңгірге тығыл

— Сен не істейсің?

— Талайыма жазғанды көремін. Азар болса таяққа жығар. Келіншек қырлы қамшы қарып өткендей жауырынын қусырып, көзіне жас алды. Бұлай болар деп кім ойлаған. Сүйгеніне қашып кеткен қазақ қызының басы да, соңы да бұл болмас. Ғашықтық емес, елге әкелген пәле бұларың, ағайынның арасына араздық отын тастадыңдар деп атасы Бөде болып ұрсып, ақыры бірбет баласы Серік көнбеген соң, осы жерге жалғыз үй тастап кеткен жайы бар. Серіктің күндіз керінуге ел ақсақалдарынан аспаған бірен-саран жолдас-жоралары түнде келіп, соятын мал, сабамен қымыз әкеп тастаған. Сонан бері аптадай уақыт боп қапты. Кім екені белгісіз, кеше біреу екі жирен биені құлынымен талға байлап кетіпті, сірә, сауып ішсін дегені болар.

Күндіз көзінен таса қылмай арқандап оттатып, түнде белдеуден шешпеген атының арқасынан ерін алып,

желқомын сәл кептірген Серік те қайта ерттеп жатыр. Қайда барса да қақ сойылын тастаған емес, өліспей беріспейтінін Рысжан әбден түсінген. Бойшаң да жауырынды жігіттің бұлшық еттері қимылдаған сайын бұлт-бұлт ойнап, киімінің сыртынан білінген. Бірер адамға беріспес, жаппай жабылса күні не болады? Серікті байлап әкетіп, өзі үңгірді паналап қалғанда табары не? Жауығып келгендердің көзіне түссе, Серікті байлап тастап, мұны тартып әкетеді екен, сол ма еді жетем деген мұраты. Әйел жолы тар деген осы, баспаналап қалып та, дұшпанына көрініп те болмақ емес. Япырмай, қолұшын берер бір ағайынның болмағаны ма?

Қазақтың қай қызының басы бос, қайсы көксегеніне жетіп жатыр, оны тәңірдің өзі білер, сол құндақта жатқанда құда түсіп, ен салып, еншіленген қыздың бірі Рысжан. Әйел бір жігіттік, әйтеуір, бір еркектің көңілін тауып, тап өзі сияқты ноқталап әкеп қосқан бір жігітпен табыса алса болды емес пе. Көзі соқыр, аяғы ақсақ, шошынарлық біреу болмаса жарар да. Түбі барар жерім бар, жағар отым бар деп көңілге тоқ санап, мұңсыз-ойсыз күндері өтіп жатқан.

Сөйтіп жүргенде болашақ күйеуі ағасының жесірін алып қойыпты, мұны енді екінші әйел етпек екен деген хабар жетті. Ә дегенде сене алмады. Өзі түгілі ағасы Мейірман мырза да, басқа етене жақын ағайын да араға от жағудың әдісі деп түсінген. Сонда да қуандық жағындағы құдаларына кісі жіберіп, жансыздап білгізген еді, өсек шындыққа айналды.

— Мұнысы не басынғандық? — десе де қалыңмалы төленіп қойған соң Мейірман мырза іштей тынды.

Әрі көрікті, әрі әнші де домбырашы Рысжанның айналасына қыз-бозбаланың шамға жиналған көбелектей үйірілген шақ. Қызды қылығымен деп танитын жұрт Рысжан атағын талай жерге алып жетіп, талай бозбала сырттай ынтық. Қарқаралыға кетіп бара жатқан жолында ауылға қонып қалған Серік те көптің бірі боп кешкі алтыбақанға барған. Алтыбақан тепкенде өзінше тербелген қос бұрымның шашбауындағы таза күміс сыңғыр қағып, ән салған қыз үніне ерекше жарастық, жағымдылық бергендей еді. Серік әуелі соған елітті. Сонан соң жас

арудың бөтен көзінше әдеп сақтауы, сыпайы мінезі көңіліне қонған. Ұяң ба деп еді, жоқ, әзілге де жарастықты жауабы дайын екен.

Бір кісідей ән айтатын, өжет мінезді көрінсе де көзінде ұстамдылықтың оты жатқан жігіт те Рысжанның назарынан тыс қалмады. Япырым-ай, осы күнге дейін бір көрінбей қайда жүрген деген бір сұрау көмейіне кеп тірелген.

— Мына бейтаныс жігіт кім? — деп сұраған құрбысынан.

— Еспанбайдың Бөдесінің баласы.

— Есімі қалай?

— Есімі... Ұмытпасам Серік болу керек.

Қарқаралыдан қайтар жолында тағы сол ауылға соққан Серік бірер күн аялдап барып аттанды. Енді осы жақта жоғалтқаны бардай елеңдеп, сол маңның ауылында шілдехана, не сүндет тойы бар десе, көңіл жетер жолдасын алып жетіп баратынды шығарды. Сондай жүрістердің бірінде Рысжанмен оңаша кездесудің сәті түсті.

— Рысжан, байқайсың ба, мен осы сіздің ауыл жаққа келгіш боп кеткен сияқтымын.

— Қайда той, қайда қызық дейтін шағыңыз емес пе.

— Ол той басқа ғой, көңілімде менің басқа той бар.

— Онда... онда, — қыз күмілжіп қалды, — шақырарсыз тойға.

— Рысжан.

- Ә у .

— Сол тойдың иесі болсаң қайтер еді.

Қыз үндемей, теріс айналып, түп шидің басын сипай берді. Қыз жауабын күткен Серіктің жүрегі алай-дүлей. Неге үндемейді?

— Әлде... Әлде басың бос емес пе?

— Не десем болар екен?

— Шыныңды айтшы.

— Басым бос десем де, байлаулы десем де болады.

— Мұны қалай түсіндік.

Қыз ілгері жүріп кетіп барып, қайта оралды. Жүзінде мұң да, әлденеге беку де бар. Үнсіз ернін тістелеп біраз тұрған.

— Мен өзіме өзім ерік беріп жүрген жанмын.

— Кешір құрбым, жұмбағыңа түсінбедім.

— Бесікте жатқанда белгі тағыпты, соны күні бүгінге дейін малданып та, алданып та жүрдім. Енді бақсам, әйел үстіне барғандай екенмін. Ең болмаса сүйіп барсам екен, онда он қатыны болса да көнер ем. Ата жолы деп жүрдім ғой, ол ең болмаса мені бірінші қылып босағасынан аттата алмады. Жеңгесін алыпты.

— Иә.

— Барым осы.

— Онда сөз түгел Аға жолының белгі тақса да байлап бермейтін жөні бар. Тек мені ұнатасың ба, соны айт?

— Ұнатпасам оңаша жолығар ма едім.

Бір жеті өткен соң Серік Рысжанды алып қашып кетті. Алып қашқанда тауға сіңіп, бұтаны паналаған жоқ, тура әкесі Бөденің үйіне әкеп бір-ақ түсірген. Шешей бейбақ келінінің бетінен сүйген боп жатыр, көңілі алаң сияқты. Ағайын арасына кеткен Бөде ертеңіне жеткен. Жеткен де қырыс қабағын танытқан.

— Әке баланың қызығын көрсем дейді, бір жағы белді жер әрі жені түзу ұрпақ сүйер адамның тұқымы болғанын тілейді, сенің мына ермегің не?

— Әке-ау, мырза атанған Мейірман тақияңызға тар кеп отыр ма?

— Әуелгі сөзім жалпы жөні. Ал Таңай-Дәулет арамыз бес атадан жаңа астық. Жеті атадан аспай қыз алыспаушы еді, осыны неге ескермедің. Мына қылығың Құдайға да, аруаққа да шет! Тый! Тыйыл! Айыбыңды төлеп, апарып сап.

Баласының көнбесіне көзі жеткен Бөде жалғыз үй тастап, көшіп кетті. Дауыл алдындағы қара бұлттай түйіліп, іштей тынып Мейірман жағы жатыр. Қалыңмалы өтелген, қайтарсын деген қуандық жағының бір сәлемінен соң, ойбай, қол жинап жатқан көрінеді, жақында шауып аламыз депті де жетіп, ел дүрлікті. Сол дүрліккен жұрттың жел жағында жалғыз үй Серік.

Бір шыныаяқ шайларын тауыса бергендері сол еді, «әйт» деген қомақты дауыс естілді. Ертелетіп келетін дос шамалы. Жеткен екен жау. Рысжанның қолынан кесесі сусып түсіп, сасқалақтап Серікке қараған. Өңі суынып жүре

берген Серік аруақтан медет сұрағандай дәм қайырып, бет сипап барып, есікке аттады. Өзін қоярға жері таппаған Рысжан ең болмаса дұшпанымды танып алайыншы дегендей жабықтан сығалаған. Төрт түйеге теңдеген жүгін баласына жетектетіп, пішіні түзу қара кісі таяп қапты:

— Серікжан, — деп дауыстады ол, — мына біздің үйді тездетіп тігіп қойыңдар. Келген жауды мен де көрейін.

— Көз жасымды көрген екен. — Рысжан көзіне іркілген жасты іліп тастап, желек ұшымен бетін сәл көлегейлеп тысқа шыққан. Сонадайдан қарсы жүгірген Серік алдыңғы түйені бұйдасынан алып ырсия күліп келеді.

Үйін түсіріп тастап барып Тұрбек Рысжанға келген. Орта жасқа келіп қалған, жұқалау қияқ мұртты, иек астындағы сақалы ұйысқан қараторы кісі екен.

— Шырағым, қадамың құтты болсын.

Осы ауылға келгелі естіген алғашқы жылы сөзі шығар, келіп қалған өксігін баса алмай қайта-қайта түйілді. Не көрмепті осы аз ғана уақытта. Бәрі бір жаздың ішіне сыйыпты. Рысжан бұрынғы атастырған жеріне бармайтын бопты, енді бас еркі өзінде екен дегенді естіп, өзіне сөз салып, ағайынынан тіл тартқандар аз болмаған. Соның бірі Қоңыртоқты аулының адамдары. Ағасы Мейірманға тіке айтуға батпай, немере-шөбере туысқандарымен әмпей бола бастаған. Ішінара епте беріп те қойғандары бар сияқты.

Біреудің қыз ұзатқан тойына ауыл тегіс кетпек-тін. Түс ауа Қоңыртоқты ауылының екі жігітін ертіп, осы ауылға келгіш Дүйсетай сау ете түсті. Ат басын тірегені Мейірман үйі. Сапырып берген қымызды асықпай шайқап ішіп, екі көздері қызға телмірген. Кенет керегеге ілулі тұрған ердің қайысы үзіліп, салдыр-гүлдір құлады.

— Е, жолымыз болады екен, жақсы ырым ғой, — деп маңғазданды Дүйсетай.

— Жақсы... жақсы, — десіп анау екеуі де бас шұлғысып, көз қысысқан.

Басқа артық-ауыс сөз болмаса да Рысжан бұлардың жүрісінен де, ырым еткен жобаларынан да секем алды. Ырым етерлік жау шауып, аттанысқа бара жатқан жоқ. Не аң қуатын уақыт емес, ыстық шілденің аяғы. Құдалыққа келіп отырғаны және көрінбейді.

— Осылардың жүрісі тегін емес, — деді Рысжан жеңгесіне.

Ауылда азамат жоқ бүгін. Маған қырындаған көптің бірі ғой, тап бүгін ауылға түнемейін.

Жеңгесін ерткен Рысжан еркек киімін киіп, кеш түсе көрші ауылға кеткен. Көз байлана қызды алып қашуға бекінген Қоңыртоқты ауылының жігіттері ауыл шетіне аттарын матастырып байлап, қарсы шығар ешкім жоғын пайдаланып, әбден еркінсіген. Мейірман мырзаның үйінен қызды таппай, тінтпеген жер қоймады. Түскиіз арты, көрпе арасы, әбдіре іші, ши дегенді қотарып тастаған.

— Қырылғырлар, не іздеп жүрсіңдер? Ойбай, жау шапты. Жау, — деп айқалаған қартаң әйелдің даусы бір сембеді. Онысы басқалар да шу көтерсіні.

Ауылда қалған қатын-қалаш, бала-шағаны басынған қыз алып қашушылар үйді-үйдің бәрін ақтарып, ойына келгендерін істеуде. Бүлініп қалған ештеңесі болмаса да әйелдер жағы өрт шыққандай айғайлап, балалар жылап, ит біткен үріп, ұлып, ауыл азан-қазан.

Айқай-шудың сарыны ауыл жағына құлақ түріп отырған жанға да жеткен.

— Біздің ауыл шуласып жатыр ғой, — деді.

— Е, мұндайда қасқыр шабатын әдеті, иттері үріп тұр екен, — деді бір шал дыбысқа ұзақ құлақ түріп барып.

— Не де болса біліп келші, — деп Рысжан малшы жігітті жіберген. Ол желіктіріп жанына тай-құнанға мінген үш-төрт баланы ертті. Сау желіп ауыл шетіне кіргенде көргендері матастырып тастаған аттар, онан соң бақырған бала, қарғап-сілеген әйел даусы. Малшы жігіт мән-жайды тез ұққан.

— Қасқыр ауыл ішінде жүр ме? — деп сұраған баланың бірі.

— Адамның қасқыры жүр.

— Ah, — деп шошып кетті бала.

Бұл ауылдағы болып жатқан жайды өз ұғымынша түсіндірген жігіт енді жау шошытуды да тәптіштеп балаларға ұғындырды. Кейінірек шегініп барып қайта шаппақшы. Әуелі осы аттарды алу.

Төбе басына таман шыққан жігіт.

— Мұнда, мұнда... Қапта! Қапта! — деп айқайлаған.

Араларын сиректеу ұстаған балалар да тасыр-тұсырды көбейтіп, тебінгіні сабалап, дауыстарын өзгертіп:

— Соқ! Соқ!

— Ұр! Ұрласып, ат матастырған жерге келген.

Балалар байлаулы аттарды басы-көзге сабап үркітсе, жігіт қысқа қайың шоқпармен ердің қасын соғып, сатыр-сұтыр қиратып, қырғын төбелестің дыбысын беріп-ақ жатыр. Соққы жеген аттар үзіп-жұлып, дүркірей қашып, ауылға қарай жосыған. Құдды елу-алпыс аттылы кеп қалған дүбірден кем емес.

Байлаулы аттарына қарай баруға жүрегі дауаламай, жау алдыға есептеп, қыз алып қашушылар ауылдан жаяу жылыстады. Қуғын-сүргін басылғанша бой тасаламақ боп құрт жайған өреге шығып кеткен Қоңыртоқты ауылының жігіті Бегендік баспалап қараймын деп тізелей беріп, өзі шайқалақтап тұрған төрт ағашты құлатты. Жолы болмас жігітті түйенің үстінен ит қабады деген осы да, етігінің өкшесі өре астын паналаған ешкінің ішін жарып кетті. Жандәрменімен бақырған ешкі.

— Өлтірді! Өлтірді! — деген әйел бажылына.

— Қайда? Қайдалаған дауыстар қосылып, далбалақтай қашты. Оның үстіне сол үйдің бір жаман сабалақ иті соңынан қалсайшы. Ақыры оған шапанының бір етегін олжа ғып беріп, зорға құтылды.

Ай көзге түртсе көргісіз қараңғы. Ауылдан жосыла шығып, бет-бетімен қашқан қыз алушылар бір-бірінен айырылып қалған. Кімнің қайда кеткенін әзірге бір Аллаға тапсырған. Әйтеуір сойылдан аман қалғандарына шүкіршілік еткеннің бірі Бегендік. Өкпесін қолына алып, талай жер жүгіріп, у-шудан аулақ кетті-ау. Ел бір ұйықтап тұрарлықтай жүріп, тың тыңдап ап тағы аяңдады. Ауылдан шәу еткен ит даусы жетті.

— Я, сәт, — деді күбірлеп, — бір ауылға іліккен екем ғой. Ауылды торуылдап бақса, өз ауылы тәрізді. Әнебір жапырайған үйдің желкесіндегі итіне қалған — өз үйі. Тәп-тәуір-ақ жүгірген екен. Е, бәсе, бала кезінде желаяқ атанған. Жұрт білмесе тегін айтпайды ғой. Келіп-ақ қапты ауылына.

Іштен байлаулы есікті аша алмай, тық-тық қақты. Орнынан есіней тұрған әйелінің:

— Бүгін ұйқы бермеді-ау, — деген наразы үні тарғылдана жетті.

Ұйқышылын мұның, жұрт қияметтен құтылып, тентіреп зорға жетіп тұрса. Әй, ұйқы бермедісі не? Өзі жоқта біреу қол салып жүр ме? Ойпырмай... Есік ашқан әйелге:

— Қолыма түскені осы болды, — деп қыз іздеп ши аралап жүргенде олжалаған бір таба нанды қойнынан суырып берді.

— Бұ қайсың тағы? — бір етегі жоқ шапанын сүйретіп кеш тұрған ұзын қараға көзі түскен әйел шошып кетті. — Ойбай, мынау кім? Аттан, аттан! Мынау Қоңыртоқтының Бегендігі.

Адасып жүріп Мейірман ауылына қайта келгенін енді ғана ұққан Бегендік тұра қашқан. Ел жиналып келгенше ізін суытып үлгерді. Біреу ат сұрап мініп, көбі жаяу-жалпы ертеңіне кешке ауылына зорға жеткен қыз алып қашушылардың хикаясы елге түрлі-түрлі аңыз боп тарап, жаз бойы елді езу жимас күлкіге қарқ етті.

Рысжанның басына түскен қиямет мұнымең» біткен бе. Мұндайда намысына шабатындар табыла кеткен сияқты.

«Әйел ерден кетсе де елден кетпейді», — деген жоралғыны сылтау етіп, сол елдің бір мықтысы Мақажан деген сәлем айтқан секілді. Түп-түбі не өзімді, не інілерімнің бірін таңдасынға саяды. Сап етіп оралған мына дұзақтың мықты екенін, таңдауыңды бердік деген олар сөзінің енді түгелдігін, қалағаның қолыңда деп өз ағайынының да шыға келерін түсінді. Жанашыр жеңгенің де, ақылдасқан құрбының да тауып бергені жоқ. Өзіне салса, көңілі бір суынған жерге енді қайтып барғысы жоқ. Амалы құрып іштей таусылып, көрінер көзге сола берді. Ойын-сауық дегенді де сиреткен.

Анда-санда жылқы күзетіне шығатыны болатын. Биыл жаз оны да қойыпты. Кең далада жалғыз жүріп, жымыңдаған сансыз жұлдызға сыр төгер ме еді бір ойлаған. Сонан дегбірі қалмай қайткен күнде күзетке шығып, көңіл кірбіңі, көз жасына еркін ерік бермек болған. Соңғы кезде

жүнжіп кеткен қыздың мал күзетіне шығамынына ешкім қарсы болмады, мейлі, бір сергісін дегендей.

Еркекше киініп, үстіне қару іліп, жылқы күзетіне жалғыз шықты. Ауыл иелерінің малды тым ұзатпай осы айналаға жай, өзің жалғыз барасың, ұры-қары болса дыбыстауыңа жақсы дегеніне қарамай, оқшаулау кеткен. Былай шыға еркін көсіліп ән салды.

Қарауытқан тау, мүлгіген дала жанын тербеген. Енді айналып келермін бе туған дала саған деген бір тебіреніс жүрегін шымшып, көңіл құсасын әнмен текті.

Жылқының таңғы жусауы еді. Әлде мұның әніне, әлде жол солай ма, бір топ аттылы үстіне келді.

— Ассалаумағалейкүм, — деп сәлем берген бозбала киімді Рысжан.

— Уағалейкүмәссәләм. Е, бәсе, әлі даусы бекімеген бала жігіт қой.

— Қыз ба деген мынау ғой, — деп біреуі қожырайған қараны нұсқады.

— Ал, бала, жөн айт.

— Осы ауылдікімін.

— Ауыл кімдікі?

— Дәулет боламыз.

— Жөн, жөн.

— Аға, жол болсын.

— Қарқаралы тартып барамыз. Түн салқынын пайдаланып, — деп үстеді ол

— Есіміңізді кім дейін?

— Мақажан деген боламыз.

Сасып қалған Рысжанның колынан ат шылбыры сусып жерге түскен. Оны алуға еңкейіп еді, тымағы ұшып кетті. Желкесіне түйген бұрымы ағытылып көкірегін жапты.

— Бәсе, қыз дедім ғой, — қожырайған қара мақтана қарағаң.

— Еліңде күзетке шығар бір жігіт жоқ па еді?

— Тақымын ерге қажатып.

Мырс-мырс күлкі. Тымағын баса киген Рысжанды қараңғыда еркін тани алмай тұрғандары сезілді, әйтпесе бас салып әкетуі де мүмкін. Қыздың жүрегі аттай тулаған.

— Құрбым, азырақ ойнап-күлейік, оңаша кезіктірген Құдай шығар.

— Жол үсті кезігу — біреуге сор, біреуге бақ, — деп қалды Рысжан.

— Соны айтам, соны. Ана әшекейіңді бере тұршы. - Мақажан Рысжан беліндегі қылышқа қолын соза берген. Жалт еткізіп суық қаруын суырып үлгерген қыз баса киген пұшпақ бөріктің сыртынан Мақажанды қылыштың қырымен салып өтті де, басқалары есін жиғанша қыз қара атын тебініп қап, қараңғылыққа сүңгіп кеткен.

Аттан есі ауып құлаған Мақажан біраздан соң тілге келіп, халін болжайтындай болған. Бас зырқ-зырқ. Қозғалып кетсе миы аузына түсердей. Мына бетінде Қарқаралы түгілі ауылына жетсе құлдық айтқандай. Бір қыздан бәрі тұрып таяқ жедік деуге елден ұялып, ауырдым деп қайтып, үйінен шықпай жатып алған. Қолдан келгені Рысжанның Қызқара атын ұрлатып алдырып, әрі өткізіп жіберген.

Бір күні желіге құлын байласып жүрген Рысжанның әлдебір бөтен әніне малшы жігіт құлақ түрген.

Қызқара ел таңданған порымына,
Тап болдың әлде қандай торуылға,
Жеткізбей көп қуғынға кетіп едің,
Мақажанды ұрып жыққан жорығымда.

Естігенін өзі сияқты құрбы-құрдасына айтып еді, сөз елге тарап кетті. Өзінше пысық, ауыздыға сөз бермеген Мақажанды мұқатуға Мәмбетқұл Аманқұл ел аралаған тәуіп боп, көңіл сұрай барған. Мақажан келгендерден қанша сескенсе де, елі болмаған соң тәуіпке тамырын ұстатқан.

— Ойпырмай, — деді тамыршы. — Не деп тұрсың ақ пері, көк перім? Ажалдан... ажал жоқ. Пәле баста дейсің бе? Баста... Аттан жығылған ба, тепкен... ұрған... Кім? Қыз ұрған қылыш қырымен. Мейірман мырзаның қарындасы Рысжан ұрып кетіпті сені. Иелерім солай деп тұр. Дым ауру жоқ сенде.

Келгендер мазақ қылып, сөзбен местей сабап, Мақажанды ел-жұртына масқара етіп кетіпті. Таяқ жеген қызын қатын қылып алам деуге енді аузы бармайтын сияқты, соған барасың деп ағайын да қолқа сала алмаған.

Жалғыз қалған Серіктің жанына үй тігіп, азын-аулақ малын ортаға салған Тұрбек елден аластағандай іспеттес екеуіне жалғанның бар қызығын әкелгендей. Тасыған көңіл аз күнге ғана жетті.

Қуандық жағы Мейірман мырзаға қалыңға алған малды қайтарсын деп жатқан көрінеді. Бұл қиын жұмыс болды. Он бес жылдағы малды түгендеу деген сұмдық қой.

Шауып аламыз деп жатқан көрінеді.

— Қыздарын екі сатып байыйын деген екен.

Келіп-кетушілердің аузында әрқилы сөз. Әзірше шыққан жақсылық жоқ. Бір сөзден бірі асып, онсыз да қам көңілді қамықтырған. Сойыл-шоқпарын сүйретіп, топтанып келе қалса, екі үйден шыққан екі адам не қайрат көрсете алады. Көңілі алаң екеуіне осындайда Тұрбек медеу.

— Оттаған екен. — Тұрбек тік мінезіне басып бір-ақ қайырып отыр. — Қазақта бар малдың көзі, жоғына тұяқ деген жоралғы бар. Қалыңға берген мал не өседі, не осынша уақытта құрып бітеді. Құда қайта сұраса, өсімін емес, сол көзі мен тұяғын ғана алады. Онысы несі ей, малымды түгендеп берсін деп... Мейірманды жалшылыққа ұстап па еді.

— Сүйдеп отыр ғой.

— Зорлығына көнетін елді тапқан екен. Жол-жоралғыны білетін ара ағайын жүрмей ме ортаға. Сөз ұстаған би, ел ұстаған ақсақал жібере ме онысына.

— Қол жиып кеп, тік көтеріп айдап әкетсе ше?

— Ой, балалығың құрығыр. — Тұрбек тізесін шарт еткізіп күліп алды, — ой, сен де айттың-ау. Қаракесек қалың ел, өйтуге ешкім батпайды. Бүкіл қуандықты ел арасын бұзатын мұндай шатаққа ол жақтың да жұртты билеген жақсылары жібере ме? Жібермейді. Қазақтағы ең үлкен шатақ — жер дауы, жесір дауы. Қайсысында болмасын әуелі бүкіл іргелі халықтың іштей бүлінбеуін ойлап, ата-бабаң миға сіңіріп, ескі жол, қасқа жол дегендерді шығарып кеткен.

Тұрбек қанша тігісін жатықтырғанымен де екі ру арасы да, танай мен дәулет бірлігі де шиеленісе берді. Дәулет жағының кейбірі Бөдеге:

— Ұрлатып қыз ала білген екен, ендеше қуандыққа қалың малды айыбымен төлесін, — деген де сөз салған.

Мынау іске әуел бастан қарсы Бөде шоршып түсті. Ең болмаса ағайынның арасын бұзбайық деген менің сөзімді естіп отырып ескермегені ме, Серікті аластап тастағанымды білсе де мұнысы несі деп қатты ашуланды. Осы сөзді жеткізген дәулет жағының Әбділдә деген намысқой жігітін қамшымен тартып жіберген,

— Қуандықпен құда болғаным жоқ. Қыршаңқы тілімен қышыған жерін жаласын, — деп және сәлем жолдады.

«Бөде Әбділдәні сабап жіберіпті» деген сөз тез тарады. Арасы бес атаға зорға толған екі ағайынның әр жерде жігіттері қақтығысып қап, ауыл арасының сасық ұрысы тоқты-торым ұрлап, елден береке кетті. Тұщы етіне ащы қамшы тиген Әбділдә жуық арада кешірім өтінген Бөдені көрмеген соң арызданып, дуанға кеткен. Сол екі арада Бөденің бас аты жоғалып, ізі дәулет ауылдарына қарай шықты. Іздеп барған Бөденің жігітін ол жақтың бір есерсоғы атын тартып алып, жаяу жіберіпті.

— Мұнысы несі? — деп қайта іздеп бара жатқан сол елдің отағасын Талдының шілігінің ішінде белгісіз біреулер сабап кетіпті.

Ел дүрлікті. Қайың сойылын сайлап, жарамды атын арқаннан ұзатпай, күні-түні малға күзетін күшейтіп, әбігерге түскен. Шабыспағанымен де қабақ асты алысып, шошайып көрінген аттылыны жау санап, береке кетті. Ел ісіне араласпай, бес уақыт намазын оқып үйінде жатып қалған Еспай баласы Бөдені сөкті.

— Кінәлі сенсің, басқа сабар Әбділдәнің жазығы не еді? қателескен екенсің, кешірім сұрап, айыбыңды өтемейсің бе?

— Әке-ау, олар мені түсінгісі кеп отыр ма?

— Сонда мықтағаның осы екен ғой, елді дүрліктіріп. Дәулет-танайдың ақсақалының бәрі наразы. Бас жарылса, бөрік ішінде дейтін ел еді, мұндай қылық үлкендердің алдында ғана қалушы еді, ендігілер тура осы емес пе, бүлінді дегенді көзбен көріп, қолмен ұстадық. Бұрынғының жолынан не қалдыласып, бас шайқаса өкінген.

Бір шалдың баласы дәулет пен танай шабыспаса да дүрдараз. Әзірге туысқанына сойыл сілтеуге аруақтан қорқып, елден ұялса да, сөз сайысына түсіп, бірінің үстінен бірі арыз айдап, Қарқаралыға кезек шабысқан. Екі жақтың

да түсіп өтетін жері Саржал бойындағы алшындар. Қояншытағай елінің бір атасы боп кеткен алшын үшін де мына туысқандарының берекесі кетіп, жоқ жерден жау іздеуі көңілге қонар іс емес. Сол елдің естияр үлкендері «Япырмай, мыналарға тыйым болар сөзді кім айтады?», десіп күңкілдесетін.

Кеше ғана Бөдені жамандап, қолынан келсе айдатпақ боп бір топ дәулет өтіп еді, бүгін танайдың сөзін жеткізуге ішінде Серік бар, Ханбатыр бастағандар сау етіп түсе қалып, тыстан рұқсат сұраған. Қоңырлау келген киіз үйдің ішінен дың еткен домбыра үнімен қыз даусы қоса жетті.

Ит үреді, балалар, шығып қара,
Қояншытағай болмасын бұғып қара,
Ат-түйесін аулаға байлап тастап,
Кіріп қана келмесін жүзіқара.

Шоқпармен сілейте басқа ұрғандай мына ащы сөзден кейін сасқалақтап қалған ел жігіттері кірер-кірмесін білмей аңырған. Бес атаға жетпей қыз алысып жүзіқара болғанына орай енді мына шапқыны айналаны да ығыр қылғаны анық. Сен бір ауыз жауап бер деп бәрі ақындықтан дәмесі бар Аманқұлға жабысқан.

Сол екі ортада жасы он сегіз-он тоғыз шамалас қыз үйден шығып:

— Ағайлар, айып етпеңіздер, кіріңіздер, — деген. — Айтсақ, қазақтың бір ауыз сөзге сыйған қалжағын тілге тиек еткен болармыз.

Аз ауыл алшын қыстар Сарыжалды,
Қонады мейман таңдап малы барды.
Жолаушыны жағадан алатұғын,
Үй қорытып қойған ба кәрі қарды.

Қыздың беті ду ете қызарды. Он тоғыздағы қызды отырған десе де кәрі демес еді, жасынан атастыруға ата-анасы көнбей, ес білген соң өзіне лайықтыны көрмей жүрген жайы бар еді, бүгін бетіне шіркеу болғанын қарашы. Бойын лезде жиып алған қыз Аманқұл сөзін аяқтамай тұрып іліп әкетті:

Болысы сіздің елдің шал Тоқсанбай,
Шабады жұма сайын бес поштабай,

Сарым мен кәрсон-керней тыныш жатқанда,
Жүреді дамыл таппай Қояншытағай.

Бір шумақ өлеңді айтып жіберуден өзі де кенде емес Ханбатыр қағазы мен қарындашын алып, асығыс сүйкектетіп жазып ала бастаған. Тыста әжептәуір ел жиналып қапты. "Пәлі, пәлі" десіп, қыз сөзін қостап жатқандар да бар.

Біздің ел дуан жаққа жүріп-тұрған,
Мейманға пейілді адам күліп тұрған,
Қарсы алған қабақ түйіп сіздерде екен,
Пайданы іште жатып біліп туған.

— Пәлі, осы да сөз боп па? Айт, Рахима, жанын шығара — деп қалды бір әйел

Орыстың қыз бара ма қаласына,
Бәрің де жақыннан қыз аласың ба,
Алғанды қарындасты кәпір дейді,
Бар ма екен мұсылманның баласында.

Ойпырмай, мына алшынның Рахимасы Рысжанды қалаға шақырып жатқанын қайдан біліп қалды екен? Қазақ рәсімінде көстеңдеп қыздың бетімен қалада жүруі әдепсіздік, түбі жақсылық емес. Оның үстіне оны ұлық шақыртып жатса не абырой. Аманқұлдың жауабы тағы жеке намысқа тиер «кәрі қыздан» аспады.

Біздің ел Көкдомбақтың тұзын алған,
Қуғыншы қашқан жаудың ізін алған.
Сіздей тәуір жігітке ләзім бе,
Базарға жұма сайын қызы барған

Сасқалақтаған Аманқұлға Ханбатыр сыбыр етті.

Нәпсіге тоқтау бар ма тыймаған соң,
Екі ашық ізденіп жүр қимаған соң.
Сен қыздың айтқанына кім кемиді,
Мизам мен шариғатқа сыйғаннан соң.

Қыз тағы бір сөз айтуға оқтала берген еді, шешесі үлгертпей араға түсіп, екі қолын бірдей көтерді.

— Жә! Жетер! Осындай-ақ болсын. Түсінген адамға жетерлік айтылды. Кеше болмасаңдар, кеш те болса тыйыларсыңдар. Ал, қонақтар, үйге түсіңдер.

Екі күннен соң тап осы жолмен, осы ауылдың үстінен Қарқаралыдағы ұлықтың шақыртуымен Рысжан өткен. Сол үйден сусын ішуге түскен кім екенін білген қыз Рысжанды ұялтпай, жақсы құрбысы келгендей сыйлап қарсы алып, пейілін беріп бақты. Рахиманың қартаң тартқан анасы, өткен-кеткеннен талай әңгімені қозғай отырып.

— Шырағам, бір іс боп қалған екен, Құдай артының қайырын берсін. Тек мына қос бауыр дәулет-танайдың араздығы дұрыс болмай тұр. Біз не десек те қателігін бетіне басып «мазақ емес, түбі бірлігін танысын дегендік қой» деп ел анасының қамқор көңілін танытты.

Ояз Рысжанды жеке қабылдаған. Жанына ертіп барғандар есіктің сыртында қалып, тың-тыңдаудан аспады. Білектей ұзын шашы тобығын каққан, бидай өң, қаракөз, тамызда піскен бүлдіргендей мөлдіреген қазақ қызын көргенде ояз сәл аңырып қалды да, орнынан тұрып, олай-бұлай ойқастап өтіп, бас шайқаумен болды. Сонаң соң тілмашқа:

— Мынадай да сұлу болады екен ғой, деді.

— Керім екен, тақсыр.

Ояз сәл ортада тұрған Рысжанды тағы бір айналып шығып барып орнына отырған. Көзәйнегін бір киіп, бір шешті. Сонан соң суырмасынан тігулі іс қағаздарды алып, көз жүгірткен.

— Қуандыққа кезінде айттырылғаны рас па екен Арадағы сөзді тілмаш жатық тілмен мүдірмей аударып тұр.

— Солай екенін кейін естідім.

— Қазақ заңында қыз ата-анасының нұсқаған жеріне барады ғой.

— Ел жоралғысында қыз ұнатқан жігітіне баруға тыйым салынбаған.

Мынау не деп барады дегендей ояз қағаздан басын көтеріп, таңдана карады. Даланың бейнш еркін самал ғана сүйген қызы ғана ма десе, сахараның заңын көкірегіне түйе біліп, керегіне жаратқандай ғой.

— Мынау арыздар сіздің сол бұрынғы айттырған жерден түсіп жатыр. Қалыңмалды төлегенбіз, қыз біздікі дейді.

Адамның құнын малмен шығару тоқтатылған деп естіп едім.

— Сізді Серік деген тартып әкетті деседі ғой.

— Онысы жалған, тақсыр.

— Өз еркіңіз бе?

— Әрине, өз еркім.

— Ендеше, — деп бұрылды ояз тілмашқа, — мына кісіге өз еркім деген документке қол қойдырып алыңыз. Ал енді қалыңмал деген Ресей империясының заңында жоқ. Не беріп, не қойғанын біз білмейміз. Оны өз зандарымен шешсін.

Осыдан бір жеті өткеннен кейін Дүйсенбай исі Қояншытағай баласын Тесіктастың алдына үй тіктіріп, арнайы жинатқан. Әр үйге түсіп, арнаулы асын жеген жұрт тегіс піл тұмсығындай боп иіліп кеп жерге қадалған алып тастың етегіне алқақотан отырысты. Дәулет жағының қарт Тоқсанбай бастаған тобында Мейірман да жүр. Осы елге танылған Ақтентек сері де бой көрсеткен.

Жұрт ұғымындағы айыпты Танай жағынан кәрі Ботпай, Жапақ, Бөде бастаған қалың тобыры бір бөлек. Бұл күнде мосқал тартқан Кәдір мен Жанғұттыны жанына ерткен Дүйсенбай ортаға шығып, биіктеу тасқа отырған.

— Ал туысқан жұртым, тегіс амансыңдар ма? — деді бөркін шешіп тізесіне қойған Дүйсенбай.

— Аманбыз.

— Саумыз.

Уа, халайық, бір жаман жұмысым бар, соны ортаңа салам, кесік сендердікі. Соны енді оңап бергіңдер.

Айт ісіңді, халық қалт айтпайды, оңай берейік.

Дүйсенбай қалың Танайдың ішінде тұрған Серік пен Рысжанды қолымен нұсқап шақырды. Баршаның назары екеуінде, іштен тынған жұрт Дүйсекең не дер екен деп сақалын ширатып, маңдай терін сүрткен оған қарай берген.

Сендерден сұрарым, оң іс деп тұрғам жоқ, осы екеуін маған беріңдер. Тағы айтарым, мұнан кейін бұндай іс араларыңда қайталанбасын.

Тап мынадай шешімді жұрт күтпеген. Тыныштықты бұзған әр гүлге бір қонған араның ызылы. Біраздан соң:

— Болсын, — деген Тоқсанбайдың үні шықты.

— Дұрыс! Дұрыс! — деп шуласа жөнелді басқалары да.

— Дұрыс болса, онда Бөде Әбділдәға айып береді, қуандық жағының қалың малының өтеуі де мойнында. Ал, енді, — деп Дүйсенбай Жәнібекке қараған, — мына жастардың некесін қиюға болатын шығар.

* * *

Қарашоқының басында үйіріліп ойнаған самал сағымды даланы желпіп, бірде елес қып құбылтып жатыр екен. Көкбөрі менен Бала Аюлының арасындағы Қойкөлдің ойдым-ойдым қара суларынан көтерілген бу көк теңіз боп толқыған. Жаңа бір әзірде солай қарай жосылтып бара жатқан аттылы енді сол теңіздің ортасындағы желқайық боп тербеліп біраз тұрды да, сиқырлы перденің ар жағына өткендей жоғалып тынды. Бүгін бар, ертең, жоқ өмір деген осы да, інісі дүниеден өткеннен бері өмірдің қызығынан біртіндеп суынған Дүйсенбай соңғы кезде ерекше шақырыс болмаса бұрынғыдай ел қыдырып кетуден тиылған. Ендігі ермегі кеш болса қоңыр домбырасын дыңылдату, күндіз үй аралап қымыз ішкендерден құтылған соң осы шоқының төбесіне шығып, тас обаға арқасын сүйеп, өтіп жатқан уақытты сырттай бақылау. Ендігісі бақиға кетіп үлгермесе де, пәни жалғанның ісін мәңгілік тұрғысынан түсіну сияқты.

Тірі адам жалғаннан аулақ болайын десе де, өзі жүріп өткен жолы, жұртының басынан кешкені де, ендігі кешпегі де сүйрелеп әкеп тірлікке тығады екен. Қара тасқа арқасын сүйеп отырып, осы мен өмірде не істедім деп сан ойланды. Көкте Құдай бар дейді ғой, олай болса ол осы дүниеге адамды ас ішіп, аяқ босат деп жібермеген шығар. Сонда қолдан келген жақсылығы, елге сіңірген еңбегі не?

Бойға біткен абырой шығар, болыс боп желпінбесе де, би атанып, қазылық құрмаса да, айнала ағайын аузына қарапты, айтқанын жерге тастамапты. Өмір жүгі ауғыш келе ме, қалай, әлде тез өзгергіш заманға тап болған тағдыры бар ма, әркімнен үміт күткен жағдайы бар екен, үміт еткені жеткізбей кеткені және шындық екен. Ел мен жерге жақсылықты жақсы ұлық, жарамды болыстан күтіпті. Тізгіні патшалықта болғаннан ба, әлде өзекті болған соң аз күнгі дәурен билік қолға тиген соң аза ма, үміт күткеннің көбі елді дай-дай етер қолшоқпар боп шыға берген.

Болыстықтан ел басына тыныштық орнар, қой үстіне бозторғай жұмыртқалар заман туар деп еді, енді қараса онысынан бұлт жуық. Мына елінің жыл өткен сайын көз алдында күйзеліп бара жатқанына таң. Мұның бәрі патшаның жан басы, түтін басы деп салған салығынан дейін десе, онысы бір кездегі қолда бар малға қарағанда құр әншейін жұмыс. Бір пәле төніп келе жатқандай. Пәленің басы қолда бар малдың азая түсуінде. Өрісін орыс алған елдің онысы да тұяқтың кемуіне әкелді десе, тым шапшаң кедейленуге бұл да себеп сияқты емес.

Қарап отырса, сонау Қызылжардан бергі жерде кәсіп жоқ. Елдің үлде мен бүлде киіп, ас-суының да дәмін өзгерткісі келетін сияқты. Кәсіпсіздік епсіздікке, епсіздік қырсыздыққа әкелгендей. Кейбіреулер қыры кеткен шаруасын ұрлықпен толықтырғысы келгендей. Сырымта көбейді. Айдап алған малын сонау Сібірге өткізіп жіберу бар. Бүгін өштескенін алар, ертең ол ел тірлігінің өзектегісі боп шықпай ма?

Әй, дүние-ай, кәрі қойдың жасындай шамаң қалғанда енді кімді тыйып, кімге үлгі болғандайсың. Өмір озды, сен тоздың. Кеше ғасырлар бойы елін ел етіп келген жақсылық, ел сенген қасиет, ел табынған үлгі болған екен. Құдайым келер ұрпақты да сонан айырмасын де. Дүйсенбайдың есіне арғысын аталар құлаққа құйған, бергі шетін көзі көрген бір уақиға оралған.

...Деріпсалы батырдың інісі Кенжебай момын әрі баласы жоқ жан екен. Көптігін көрсетіп, тізесі батқан соң Шабанбайға қашып барып паналапты. Жорықтан келген батыр «онысы несі» деп ашуланып, Шабанбай аулына келіп, Кенжебай шыға қоймаған соң желіні қиып жіберген. Сөйтіп тұрғанда жерошаққа аты сүрініп құлаған Деріпсалыны қатындар тұрғызбай қойыпты.

— Әй, Деріпсалы, бұл қай қылығың? Кенжебай келсе, ағасын пана тұтты. Елдің елдігі дегенді ұқпап па ең? — деп ұрысыпты Шабакең.

Елдің елдігі кем-кетікке пана, қысылғанда қол ұшын беруде ғой. Қырғидан қашқан торғайды бұта да паналатады деген ұғымды ата-баба заң тұтқан. Мына бірін-бірі ұрлауға көшкен елде қазақшылық кетпес пе?

...Деріпсалы батыр інісін тағы бір іздеп келсе, келін:

— Ініңіз Кір қайнағаға кетті, — депті. Кір қайнағасы Шуаш. — Ат-түйесін анада көшке керек деп әкетіп еді, соны іздеп...

— Ә, солай ма, солай ма.

Есебін тауып күш танытып қалуға тырысқан Шуашты Деріпсалы іштей ұғып, налыған. Деріпсалы ұйықтап жатып аяндай түс көріпті дейді ел Сонан Кенжебайды шақырып, екі қонып, үшінші күні ұлы бесінде тезек терген үш қызға кездесесің түстік жақтан. Соның бірі қос бармақ қыз. Соны аласың депті-міс.

Тұрмысқа шыққан қыз:

— Ә, тәңір, перзент берсең, әуелі бәйбішеге бер, — деп тілейді екен. Сонан бәйбіше де, өзі де жүкті боптыы.

Тасқа арқасын сүйеген Дүйсенбай елдің осындай сенімі сақталса, үміті үзілмесе екен деп тілеген. Аға-іниге жау болмаса, бар-жоққа қарайласса, ынтымақ кетпес те еді.

...Кенжебайдың баласы Бөрі әуелі Шуаштан кек алған деседі. Бәйбішеден туған бауырына:

— Жеті мойын, бір бұғалықты аласың ба, жетеуді аласың ба? — депті.

— Жеті мойынды бер, — онысы мойнына пәленше бұғалық іліп, әлі ұстатпай жүрген Ақансұр ат екен. Бөрі Жарастың бір талын түбірімен жұлып алып, Шуаш балаларымен айқасқан екен. Қата тиіп, Абайла жазым боптыы.

Міне, ағайынның бірлігінің ірігені осы да дейді Дүйсенбай. Бөрі мықты-ақ шығар, жапа шеккен апасының намысын жыртқан шығар, бірақ Ақсеркені өлтіруін іштей құптай алмайды. Қазақ бірін-бірі іреп-сойып жатса, арты не болмақ, шілдің боғындай тоз-тоз боп кетпей ме. Жау кеткен соң қылышыңды тасқа шаптың кері де.

Сол Бөріні түйте Мыразбек деген өткелге таласып әрі Бөрі екенін білмей, қапылыста құрық тастап жіберіп, аттан аударып кетіпті. Қаһарына мінген Бөрі өлтіріп кек аламын деп барса, жасырып, көзіне көрсетпеген. Бөрінің қайтпасын білгендер «Қой, болмас, шығарып берейік, өзінің бақталайынан көрсінге» сайса, Жәнібек:

— Атаң Жарылғаптың Қаракерінің тұқымын мініп, сауытын киіп, анау биікке шық. Әруағы жебемес пе екен, — депті.

Қара атқа мініп, қара шоқының басына шыққан еңгезердей кісі жұрт көзіне ерекше түскен.

— Ей, анау кім, анау?

Сол екі ортада аспаннан тырнағын жазып шүйілген қара бүркіт қанатын жаза сабалап кеп Мырзабектің иығына қонып-мыс. Біреулер қоя берген бүркіт еді деседі. Кім білсін, әйтеуір, мұны көргендер:

— Мырзабекке Жарылғаптың әруағы қонды, — деп шу еткен.

— Шақыр ананы? — деген көзіне жас алған Бөрі.

Қан төкпек болып келген Бөрі Мырзабекке батасын беріп кетіпті деп аңыз етеді жақсылыққа сеніп, көктен үміт күткендер. Берекені пейілден күткен де дұрыс шығар. Пейілі тарылып барады-ау мынау елдің, пейілі. Байлық аққан терден дейді кейбіреулер. Онысы дұрыс та, бұрыс та. Ошаққа енген құттың береке боп ұюы пейілде емес пе. Әйтпесе аққан тер бейнеттің суы боп кете береді де.

Онан соң Дүйсенбайдың есіне Жаужан түсті. Атақты Нұрлан жомарт «біздікі мырзалық емес, барлық. Қолымыздың ашықтығы ар жағымыздағы барлықтан. Нағыз мырза Жаужан ғой, осыншама ғана малы барлар елге жөні түзу ас бермек түгілі, біреуде жалға жүр» дейді екен.

Бір жылы жазғытұрым, жіңішкенің үзіліп, жуанның жіңішкерген шағында, соғымның еті азайып, талшықтап жеген асқа туған-туысқандарының балалары місе тұтпай, ашығып жылай бастапты.

— Әй, — депті Жаужан, — Әкеліңдер ана бураны.

— Неге?

— Әкел де сой.

— Оныңыз не, Жәке?

— Мына балалардың ашығып улап-шулауы қалай, сенің маған ақыл айтпағың не? Малды адам үшін жинамас па.

Семіз түйенің етін ағайынға өз қолымен таратып берген Жаужанды Дүйсенбайдың көзі көрді. Кәдірден болыстықты алған Жанұзақ билік құра алмады. Ел ішінде өршіген жер дауы, барымта-қарымта дегендерді тыямын деп біраз көріп

еді, түбі қайыр жұмыс емес екен. Сірә, мына халыққа Кәдірдей беделім, тілімнің өтімділігі болмады-ау деп бір сайлаудан соң өзі тіленіп, болыстықты баласы Мұқырға берген.

Әкесінің ұрысса сөзі, ұрса таяғы өтпеген халқына берген билігі Мұқырға да дәреже боп жарытпады. Жыл аса бере осы болыстықтан кетемге басты.

— О неге?

— Ұрлығын тыя алмай, зорлығына көне алмай, кемтарға қол ұшын беруге шама жетпей, ағаш атқа мінгізген жанды қуыршақ боп жүрер жайым жоқ.

Кезінде ұқпапты. Енді бақса, кісілік екен. Айналмалы қазыққа байланған аттай шылбырдың ұшы біреудің қолында жүрсе, сайтан билігін құрмаққа ол бүлдірем, сен тыям дегенмен, ештеңе шыға ма. Арқа етің араша, борбай етің борша болғандағы еңбегіңді кім көрген. Бұрынғылар Жоңғармен жағаласып, елімді сақтаймын, бала-шағамның тірлігін баптаймын, мыңғыраған мал асырап, жер бетінде жұмақ болмаса да, беймәлім жұмбақ өмір жасаймын деп ұмтылған екен. Ендігінің жөні тіпті басқа сияқты.

Мұқыр ең болмаса болыстықтан қара басына мал жиып, пайда табайын да демепті. Біреу қашқан билікке екінші зар. Болыс болсам дейтіндерден елдің күтері басқа, оның тілегені аз күнгі бақ дәурен. Үміт пен тілек қабыспай жатқан, қырсыздығы көбейіп жапа шеккен менен қырсыздықтан қыруар мал тауып қалуға тырысқан баққұмарлық бар. Осының арты шошытады.

Мұқыр билікке кәнделетін Байпаққа беріп, арада тағы жаңа сайлаудың мерзімі тақалғаннан бері ел іші тағы екіұдай айтыс. Жалпақ Қояншытағай қақ жарылып, бірі Бөдені, екіншісі Жолданды ұсынып, тыныш жатқан елдің берекесін алып, әуре еткен. Сайлаутаста болатын бұл жиынның сойысына, басқа шығынына деп әр руға бөлек-бөлек қосымша салық түскен.

Сияз өткізушілер Берлібайға елу құмалақ беріп жіберіпті. Онысы осы жиынның шығыны үшін елу қой бересіндері еді. Кедейлеу Берлібайлар мұнысын қабақ шыта қарсы алған:

— Тағы бір пәлесі шықты ма?

— Бала-шағаның аузынан жырып... Орыс сөйтеді екен деп бізге не жоқ.

— Оу, баяғы Сығай-Саққай төреміз қайда? Сол жарайды осы әуресіз.

Көптің сөзін Бөрлібайдың ақсақалы Әлекең бір-ақ ауыз сөзбен жеткізген:

— Сиязыңда жұмысымыз жоқ, біз үшін болыс кім болса ол болсын. Біз Ташкенмен екі ортаға кіре тартып күнелткен, тұрағымыз шамалы елміз, сондықтан береріміз де жоқ.

Әлекең ақсақалдың сөзін хабаршы көптірте барды. Оның айтысына қарағанда, аз ауыл Берлібай ақ патшаға да қарсы, Қоқан ауып та кетпек. Бұрынғы кәнделет, ендігі болыс Байпақ қос шабарманын жіберіп, көнбесе зорлап алып келулерін тапсырған. Өз ісін өзі қызықтап мәз болатын, шаш ал десе бас алатын шабармандар Әлекеңнің шабан торысын екі жақтан қамшылап, мені көрдіңдер ме дегендей тымақты оқшырайта киіп, Сайлаутасқа ақсақалды жеткізген.

— Әй, сен қарсысың ба? — деп Байпақ дүрсе қоя берді. Есіктен аттамай жатып ақыра қарсы алғанына қитиып әрі сұрақтың мәнсін түсінбеген Әлекең сәлем де бермей, босағадағы ердің үстіне отыра кетті.

— Итжеккенге айдауың ғана қалды.

— Итжеккенді көрмей жүр екенсің.

— Е, қарғы тақкан екенсің, ... көрсет, ... көрсет.

Дүйім жұрттың көзінше қарғы тақтың деуі әрі болыстың белгісіне мысқыл, әрі итсің дегені еді. Байпақ күйініп, сөз таппай жан-жағын қармай берді.

— Неге сайлау шығынын төлемейсіңдер?

— Бізге сайлауыңның қажеті жоқ, босып жүрген елміз.

— Босығаны несі?

— Қайсың кедей едің Берлібай деп ішке тарттың. Бүгін туысшылай қапсың.

— Сонымен бермейсің ғой.

— Сөзімді бұрын айтқам.

— Қайт пікіріңнең.

— Қайтарым жоқ.

— Әй, — деп айқайлады Байпақ. — Мына шалдың есі ауған екен. Дүре соғып жіберіңдер, есі кірсін. Аюға намаз үйреткен таяқ деген.

Әлекедей жаланған шабармандар сұп-сұр боп тіл қатпаған Әлекеңнің шапанын сыпырып тастап, ақ көйлек-дамбалымен шиге орап, қамшыны сілтей берген. Әлдебір сұмдықты көзі шалып қалған Дүйсенбай мен Бөде лекіте шауып жеткені де сол. Ат үстінен домалай түскен Бөде Әлекеңнің үстіне құлай кеткен. Сілтенген қамшы киімінің сыртынан осып өтті.

— Тоқтат! — Оны-мұныға дауыс көтермейтін Дүйсенбайдың үні қатты шықты. Қаны бетіне шауып, танауы қусырылып кеткен екен. — Елмісің? Жаумысың?

Әлекеңді шиге орап, дүрелеу сабаудан гөрі қорлау еді. Тұщы етіме таяқ тимесе де, «ойбай, сөйтіпті» деген аты жаман. Әлекең жыламсырай тұрды.

— Әй, болыс, осы қорлығың үшін бір баламды орысқа беріп, орыс етем.

Әлекеңнің орыс етемі — орысша оқытамы. Осыдан он-он бес жыл бұрын ояздан әр рудан пәленше баланы орыс оқуына бер деген бұйрық келген. Ел жаман састы. Тоқтамыс пен Едігенің кей ұрпағының шоқынып кеткенін шежіреден айтып отыратын ақсақалдар «енді мына сұмдығы бізге де келген екен» десті. Қояншытағайдың үлкендері кеңесе келе елу тұсақтан әрқайсысына мал беріп, Тағабайдың Нарымбегін, Титақтың Түлігін, түбі төбет Маныбай деген үш баланы орысқа берген. Түлік елге қайтып келмеді, Қарқаралыда першіл. Маныбай елге емдом жасаушы дәрігер боп оралған, шешек ауруын емдейді деп естиді. Нарымбек кәрсөн Құлжанбек болыстың тілмаші боп дүрілдеп тұрған.

Жаңа болыс сайлау екі күнге созылды. Алғашқы күні бірі Бөдені, қалғаны Жолданды жақтаған игі жақсылардың даусы тең түсіп, әрқайсысы он дауыстан алған. Бір мәмілеге келер, сайлаушылар ойлансын деген оймен сол бетте қайта сайлау өткізбей, күн аралатты. Сайлаушылардың қатарында бөлмаса да ел жиналған жерде ақын жүрген. Қояншытағайдың бұл күндегі бетке ұстары, талай айтыста аты шыққан Қақпан ақын осында еді. Қақпан жиырмаға іліккен жас, су қараңғы болуы себепті өзі құрбылас бір жігіттің жетегінде. Ел қасиетті санаған Батырбек қалпенің баласы Мұқатай қажының осы сайлаудың бел ортасында жүргенін естіп, мырс етіп күлген:

Жаужанның күнде жейсің омыртқасын,
Ішесің шөлдегеңде томыртқасың,
Қажеке, Құдай жолын тастай беріп,
Орыстың қолына алдың жұмыртқасын, —

дегені қолма-қол тарап, Жолданды жақтап шар салып жүрген Мұқатайды біраз әжуа еткен.

Екінші күнгі сайлау да нәтиже бермеді. Он шардан қатар дауыс алған екеуі де түңілгендей боп отыр еді, Бөде қонышынан суырған шақшасын саптама етігінің тақасына ұзақ қақты. Сонан соң бір шымшымын іліп алып ернінің астына тастаған. Тағы да алақанын қаққыштап отырды да, Дүйсенбайдың бетіне қарады.

— Уа, ағайын, — деді ол сәл биікке көтеріліп, — сендерге айтар ұсынысым бар. Құп десең аларсың, не қалар.

Өзі сайлана алмай отырып, бұл не айтады деп аңырған жұрт. Мүмкін бір жолға мені қолдаңдар, үйде жатқан кәрі аруақ Еспай риза болсын дер.

— Е, айт.

— Кешеден бері сүзісіп жатқанымыз — болмашы дәреже. Мына бетінде ел болудан қалады екенбіз.

— Дұрыс сөз.

— Уай, Пәлі! Білетін адамның сөзі осы.

Қайда бұрып бара жатыр деп Дүйсенбай да Бөдеге қиыстау қарап қалған. Өзіне тартса, бүйте қоймаса керек еді. Әлде мына бақты бақталасы Жолданға өз еркімен беріп отыр ма.

— Уай, сөзін тыңдайық, қоя тұрыңдар.

— Мен дауыстан шықтым, ағайын. Жолдан сен де бұ жолы қоя тұр. Кеше мына Әлекең ақсақал біраз реніш көріп еді, болыстықты Берлібай Қозыкеге берейік.

— Қозыке?

Бәрін күтсе де Бөденің аузынан мұндай сөз шығады деп күтпеген жұрт бір сәт біріне-бірі жалтақтасып, үнсіз қалған. Қозғалақтасқан Берлібай жағы басқа ағайын не дейді дегендей халде.

— Дұрыс! Дұрыс! — деп шу етті кешеден бергі даудан жалыққан жұрт.

— Ендеше, тағы айтарым бар.

— Е, сөйле! Бүгінгі сөз сенікі боп тұр ғой.

— Болыстың кәнделеті Жолдан болсын.

— Мұныңа да келісейік.

Екі жағынан да сені өткізем деп пара алып, жеңістіре алмай есі кетіп отырған оязға мәселенің бұлай бітуі — қуаныш. Оның үстіне енді сені сайлатамын деп Қозыкеден пайда тауып қалса, көктен іздегені жерден табылғаны емес пе.

Сайлаутастың дәл мұрнындағы тесікке жапсарластыра киіз үйдің есігі тігілген. Екі босағадағы екі урядник өз алдына сес. Ішке кірем дегендерді ерекше рұқсатпен, не көңілі түскенсіп, қыстырғанын қалтасына салып, жіберіп тұрған. Шыр бітпеген Қозыкеге ояз бақырая қарады. Өңінде «мынаның өзі тырнадай тыриып тұр екен, осы беріп те жарытпас» дегендік. Тырысса тыриған да тырналап бірдеме таба ма, ояз алдын көрмеген Қозыке өңі қашып, кенет кеп қалған бақтың салмағын көтере алмағандай дізесі дірілдей тұрып, бірдемесін атап, бірдемесін оязға беріп жатыр.

— Ә, молодец! Молодец. — Ояздың өңі енді жібіген.

— Ләббәй, тақсыр.

— Мал-жаның қалай?

— Бар ғой, бар.

— Ә, енді тез байып кетесің. — Ояз алақаны қышығандай уқалап, күлім қаққан. Онысын тағы бірдеме дәметіп тұр ма деп, «әзірге барым осы еді» деп Қозыке қылп-қылп етеді.

Сайлау басталып кетті. Әр адамға ақ пен қара шардан беріп жатыр. Қарсы болғаны қараны, қостағаны ақты ана екі жәшікке салуы керек. Мұндайда солбырайған ұзын жең шапан киіп, қайда не салғанын білдіртпей кететін жұрт тағы да сол әдісіне көшкен. Мана Қозыкеге дауыс береміз десе де, кім біледі, табан астынан тағы бірдемесінің шығуы мүмкін. Беріп қойғаны кетіп қала ма деп Қозыке, алып қойғанымды жұта алмай қаламын ба деп ояз ежірейіп, жәшіктің жанынан шықпады.

Шеткері отырған Дүйсенбай мана Бөде Әлекеңнің сөзін естіп, жаны ашыған екен-ау деп ойлады. Әйтпесе табан астынан Қозыкені ұсына қояр ойы жоқ-ты. Жалпақ

Қояншытағайда Қозыкеден де басқа сан дәмелі, азуын айға білеген талай жігіт бар. Соның бірін аузына алмағанына қарағанда солай-ау, сірә. Әлекеңнің шиге оралып таяқ жеуі де Берлібайдың елу саулықтай салықты көтере алмағаны емес, ағайын мен сияқты аз ауылға теңдікті бір бермегенің бе деп жатқан сияқты. Әйтпесе оязға барар жолдың парасыз емес екенін түсінген Қозыке құлшынып шыға келмес еді. Мейлі, өзі білсін. Бағып отырса, мына болыстық дегені де — мәмпәсимен баланы алдағаны сияқты арбау.

Дүйсенбайдың жеңінен біреу тартты. Қашан келгенін байқамапты, арт жағын ала Ескене отыр екен.

— Дүйсеке, шаруа бар еді.

Жұрттан аулақтау шыққан соң Ескене:

— Дүйсеке, мына Серікпен мені татуластырыңыз, — деген. — Аузымнан шыққан бірер сөз бар шығар, бірақ еткен жамандығым жоқ.

Иә, Дүйсекең бұл екеуінің араздығынан да хабардар. Серік Рысжанды алып қашып, дәулет-танай боп айтысып, дуанға кезек шабысқанда осы Ескене қалада орысша сауат ашам деп әуре боп жүрген. Қанына тартқансып жамандағанын естіген Серік көшеде қарсы кездескенде:

— Е, Берлібайдың бір жаманы першіл болам деген екен, першіл ме, былшыл ма көрерміз. Ілімнің ініне су құйған сен екенсің ғой, — деп мысқылдаған.

Дәулет-танайдың арасы түзелсе де, Серікпен ортасы оңалмай қойды. Кейін тіпті барымтаға да ауысқандай. Ескене айтты деп біреулер:

— Серік бұзатар әлі құқайын көредіні, — жеткізген.

— Ескене пәлесін тастап жібергенше мен де оған тіземді батыра тұрайын, — деген Серіктің сөзі Ескенеге жеткен.

Серіктікі қоқан-лоқы болмады. Берілбай атаң боп бәйгеге қосамыз деп үміт күткен Ескеннің шұбарын Серік ұрлаттырып алып, жоқ етті. Онда да ұрының ізін Дайрабай ауылдарына қарай салған да, атты өз ауылында жұртқа көрсетіп үш күн мінген. Көрдің бе, міне, қылып ал дегені болар. Іздеп барғандарға жауабы қысқа:

— Із Дайрабайларға шықса, малыңды сонан ізде. Мен мінсем, шұбарымды міндім. Әне жылқы, аралап көр қанша шұбар барын. Ескене мінген шұбар тұқымдас басқаның тақымына тимесін деген обылық жоқ.

Бөде Серіктің ауылының сыртынан байқарсың деп жіберген жігітін және ұстап, Серік ұрысың деп пәле салған.

— Ойбай, ағатай, ұры емеспін.

— Жоқ, ұрысың. Түсің ұрыға келеді.

— Ағатай, жоқ іздеп...

— Ендеше мен тауып беремін, — деп жігіттеріне сабатып қоя бергені де бар. Айласы ешкімнен кем болмаса да, қол жұмысқа да барып, кейде ожар мінез танытатын Серікпен жақын жүруді Ескене жөн санаған.

Ояз жұртты Сайлаутастың етегіне жинастырып жатыр екен. Көңілі күпті Қозыке ояз есігінің алдында тырнадай қылқиып тұр.

Ұзаңқырап кеткен Дүйсенбай мен Ескене келгенше сап-сарала боп киінген ояз өкшелерін сарт-сұрт соғып қата қалған урядниктердің жанынан өткен де, Сайлаутастың үстіне көтерілген. Өзімен бірге жұрт дегенінен үміттенген Қозыкеннің жүзі бал-бұл жанып, бөркін шалқайта киіп, мәз бола қапты. Тас үстіне осы елдің Дүйсенбайдан басқа бар тәуірімін дегені, осы ауылдың молласы да шыққан.

— Жаңа болыстарыңыз Қозыке болды. 18 сегіз шар алды, екеуі қалыс қалған, — деп жариялады ояз.

Қозыке құлдық ұрып, өзінше өкімет өкіліне пейілін білдіріп жатқанда мына дала жақтан дала жұртының салтымен жаңа болысқа қайырыла билік тілеген молла Бұхар мақамымен аят оқуын бастап жіберген. Болыстық тиді деп өзінше қуанған аз ауыл Берілбайларда ес жоқ. Көбі Қозыкеден бұрын Бөдені айналшықтап, соның маңында. Құтты болсын айтып, Қозыкеге тіккен Берлібай үйінен ас ішкен ақсақалдар қазір ауыл-ауылына тарамақ.

Жол жүруге жиналған Дүйсенбайдың алдына Ескене өзінің сарыала атын көлденең тартты. Ат-тұрманы жарастықты, жүзіктің көзінен өткендей атқа Ескене қолтықтап мінгізген Дүйсекең оқшаулау тігілген Серік үйінің алдына көлденеңдей тоқтаған. Аттан түспеді.

— Ау, Серік, барсың ба?

— Аттан түсіңіз, Дүйсеке. - Үйінен жүгіре шыққан Серіктің көзі сары ала атта. Сарыла атты әбден көріп алсын дегендей Дүйсенбай да асықпайтын пейіл танытып, шірене отырды да, насыбайын иіскеді.

— Серкіжан, мынау атты танисың ба?

— Танып тұрмын.

— Ә, онда осы аттың кімдікі екенін білдің бе? Білсең неге келмегенімді түсіндің бе?

— Білдім, Дүйсеке. Түсіндім емеурініңізді.

— Танысаң, түсінсең болды.

Ескене менен Серіктің арасындағы біразға созылған араздық осымен тәмам болған еді. Шіркін, бір ауыз сөзбен азаматтық ақ пейілін танытқан қазағымның салты деп тамсанды Дүйсекең. Заман түрі өзгеріп бара жатқандай. Оны түсіну енді мұның қолынан келмес.

Тек жақсылық сақтала көргей.

Қозыкеннің болыстығы ұзаққа бармады. Апта еткен соң Қарқаралыға болыстық бұйрығын алуға барған жерде кенеттен ауырып, дүниеден қайтты. Берлібай қайғырып жатқанда әлдебіреу жолдан ауылына далаңдап шауып кепті.

— Сүйінші, сүйінші!

Қолындағы жылы суы бар құманын тастай берген Жолдан:

— Әлгі ши аяқ Берлібай өліп пе еді? - деп жымың еткен.

Кісі өлігіне сүйінші сұрап келу қазақ елінде болмаған рәсім шығар. Мына сұмдықтан шошыған Дүйсенбай Жолданның үйіне басын сұқпай кетті. Өзімен кетсін пәлекет. Біреу өлмей, біреудің күні жоқ деген осы заманның бақталастығынан туған деп есептейді. Жен сұрастыра келе бір-бірінен «Қай туысқансың?» деп сұрайтын қазақ кісісі өлсе қаралы үйге танысын-танымасын бауырымдап келетін ел еді, ендігі не боп барады деп түңілді.

Жолданның болыстығы әу дегенде осылай абыройсыз басталып еді. Басқаны қойғанда өз руы Кеубайдың ішіндегі тентектікті тыя алмай, ағайын арасының араздығына жол беріп алды. Сені қорғаймын деп Дүкентайға, қолдаймын деп Оқыраға, сенікі жөн деп Қазбанбетке жақсы көрінгенменен ештеме шықпай, айырылысып тынды.

— Тура биде туған жоқ деген, әділін айта алмай елге ие бола алмадың, - деді Жапақ жерінен Шу бойына ауып бара жатып. — Әділ азамат туған күні келермін.

Жолдан болыс болып тұрғанда Дүйсенбай қатынасқан бір-ақ іс болған екен. Малы аз Жеметтің жеріне Жолдан

жиі-жиі қойын бағатын. Атын тұсап тастап, өрген қой соңынан аяңдаған Жолдан енді қараса, әжептәуір жерге кетіпті. Сол жерде жаяулап келе жатқан сексен жастағы Тәмембайдың баласы Беркімбек кез келген.

— Анау атыма жете алмай тұрғаным.

— Ендеше мен әкеп берейін.

Жолданның семіз аты тақымына түскен Беркімбек асудан асып, өз ауылына бір-ақ келген де сойып алған.

— Әй, мынауың кімдікі? — деген Тәмембай.

— Жолдан болыстікі, болысқа мал табылмаушы ма еді.

Үйіне зорға жеткен Жолдан жігітін жіберіп, болған істі білген соң, Тәмембайды жазаламаққа ел жиналған. Тәмембай ауылының үстіне жиналған игі-жақсының үстіне Дүйсенбай да келген еді. Жиналған топқа көз жүгіртіп, ішінен Кәдірді таба алмады. Азын-аулақ қой-ешкісі, бес алты жылқысы бар сіңірі шыққан кедейден не табам? Кімді мұқатам деді ме екен, қыр астындағы аулынан келмей қапты. Бұл Тәмембайдың Кәдірге де қылғаны бар. Тап осындай жазғытұрым Кәдір аулынан шығып кеткен қысырақтың үйірі жеметтерге келіп, соны жердің шебіне біраз тұрақтапты. Жылқының кімдікі екенін енінен таныған Тәмембай:

— Сой, ананы, — деп екі бірдей байталды жықтырып, етін пышақ үсті бөліп берсе керек.

— Тәме, уа, жылқысын іздеп келсе не дейміз?

— Оған алаң болмаңдар.

Жоғын іздеп шыққан Кәдір қысырақтың үйіріне қотанағаштағы Түкей ауылының маңында кездеседі. Байқаса, екі байталы жоқ. Бұл ауыл жылқының кеткен бетін де, келген жөнін де көріпті.

— Жемет ауылы барған да, қайтқан жобасы да, — деп анық сілтеді.

Жанына бір жігітін ерткен Кәдір Тәмембай үйіне түспек боп жақындағанда-ақ сырғауылға жаюлы теріні көзі шалды. Ат үсті сыртын айналдырып, өз малының түгін анық таныған. Тысқа шыққан Тәмембайға:

— Мына ұрлығың не?

— Қай ұрлық?

— Қос байталдың терісі ұрлық емей немене?

— Өз малым.

— Танып тұрмын ғой.

— Тани бер. Өз балаңа енші бергенде маған неге бермейсің? - деп Тәмембай киімді баласы екеуінің алдына тосқан.

— Тіліңе шоқ түссін. - Сөзге тоқтаған Кәдір тебініп жүріп кеткен еді.

Сірә, Кәдірдің бүгінгі келмегені дұрыс та шығар. Келгенменен өзі жоқ — жұқаналау жеметті тонатып және қоймас. Жолдан шақыртыпты дегенге өзі де келмес еді, әттең, тұмсығынан арғы жерді шолуға шамасы жоқ, жоқтан бар болған болыссымақ тағы бір істі бүлдіре ме деп қинала-қинала жеткен.

— Мына Тәмембайдікі ылғи зорлық. Баласына қоңыр атымды әдейі жұмсап алдырып отырған да, сойдырған да өзі. Бұл маңайдың бұл кужақ шалдан тартпаған зардабы жоқ. Биыл сексеннен асса да, Құдайға тәубә келтіру, күнәдан қайту есіне де келмейді, жазаламасқа амал қалмады, — деп бастады Жолдан.

— Сонда не қыл дейсіз?

Жолдан бүйірден мұндай тіке сауал күтпеген сияқты, аз-мұз тосылып қалды. Бұ қайсың дсгендей сұрақ берген жаққа ежірейе қарады.

— Малын тартып алып, өзін қаңғыртып жіберейік.

Айтарын айтып болсын деп Дүйсенбай қамшысының үзілген бүлдергісін қайта байлап үнсіз отыр. Осы жұртта жөні түзу сөз айтар біреу бар ма екен, соны да аңлағысы келген.

— Ой, онымыз тым қатты ғой, — деді біреу, — осы жақтан көшіріп тастасақ та жарар.

— Тым аспайық. Қоңыр аттың құнын үш есе қып және айыбын телесін.

— Уай, осы бәріміз сырттан тон пішіп жатырмыз, Тәмембай өзі не дейді екен. Көрінсін де мына жұртқа. Неге сойыпты қоңыр атты.

Қояншылар отырған жақтан ескілеу бөрік киген, бойшаң, үкі көз қария түрегелген. Сексенге келді десе де денесі тіп-тік, кешегі сымбатын жоғалтпаған әрі көңілділігі кейпінен танылғандай екен.

— Бар мен жоқты, аш пен тоқты бірдей санап жатырсыңдар. Біреуге Құдай беріп, Қызыр жанайды, біреуді қырсық шалады деген қаперлеріңе келер емес. Жеткізем деп талшықтап ас жесең, бала-шағаның көзі молиіп саған қараса, аштық мына қарайзек шақта атаңды танытпайды. Күн қазір жаз емес, көңіл мәз емес. Айтарым осы.

Жұрт үнсіз қалған. Орнынан қозғалақтаған Жолдан ғана.

— Сонда талай бере ме?

— Менде... менде бір сөз бар, — деп ағасының бетіне жалтақтаған Қарабек қамшысын көтеріп орнынан тұрды.

— Ал..

— Осы әкемнің жаз сауынын, қыс соғымын беріп тұрсақ, сөйтер ме еді. Тәмембайдікі дұрыс. Бар болса, ел де тыныш, жемет те риза емес пе. Айтарым, Тәмекеңнің соғымы менен сауыны Жолданнан болсын. Басқа ағайын қалғанын тағы өзің біл

— Дұр...рыс! — деп қалды күні бойы үнсіз отырған Дүйсенбай. Қарабектің ескі қазақ жолын нұсқаған сөзі көп көңілінен шықты. Жұрт осыған тоқталған. Жас еспей ме, жарлы байымай ма дейді ел. Жарлының жетіліп, байдың кетілмесіне кім кепіл Сондай да күнді көрер ме еді, сонда пенденің бір-біріне деген қайыры қандай болар екен. Арқасын асқа тірей түсіп еңістегі ауылына көз жүгірткен Дүйсенбай тәтті қиялменен тамсанды. Әй, қайдам, жұрттың бәріне байлық жетпес, мына бетінде бәрі бірдей қайыршы боп жүрмесе. Ішкері жақтан келген мұжықтар жерді тарылтып, өрісті азайтып барады. Малым-жаным дейтін қазақ енді қайтіп күн көрмек.

Жолдан болыс мерзімді уақытына зорға жеткен. Енді болыс болам деп өзі де талпынбады, сиқын көрген елі де ұсынбаған. Ояздың бұйрығыменен келесі сайлау үйреншікті Қармыс бойынан алыс, сонау Кәрсоннің Сарыбұлағында өтетін боп белгіленді. Дуаннан әлденеше күншілік жерге апарып жиын өткізіп, ояз қияндағы қазақтарды еркін қарпып қалайын деді ме, «қаракесек-қуандық-тарақтының дауы кеп, сол жер ыңғайлы» дегенді сылтау етіп, шығанға шыққан.

Қозыкөш жерге ру-руымен бөлек-бөлек қонған қаракесек, қуандық, тарақтының да болыс сайлауы осы жерде өткен.

Кандидаттыққа ұсынылғанның бірі Мақыш еді. Көз алды тар, кісіге алақанын ашып көрмеген, қайырымы да, қадірі де шамалы жан екен.

Ояз сұраған бір қасқырдың терісін.

— Мен оны қайдан тауып берем, — деп дүңк-дүңк еткен. Осыншама мал жиып отырып мынаның пейілі қалай еді, түбі жақсылық шықпас деп басқа да шошыды.

Сиязға белсене келген Берлібай. Жиырма қой, екі тай сойған олар Қояншытағай баласын ерекше күткен. Естуінше, Ескене болыстықтан дәмелі тәрізді. Біреулерге Көкбөрі жерін берем деп, мені қолда деп Байқапаққа жүз елу қойға уәде етіп, Сазанбай Тастемірге бес кілемнің түсін көрсетіпті. Сөз піспеген сияқты. Ақыры Ескене Дүйсенбайға тағы оңаша жолықты.

— Дүйсеке, өткен жолы біраз шығындалдық, ақыры қайырсыз боп Қозыке өтіп кетті. Бізді де бір атқа мінгіз, қанымыз бір, туысқанбыз, мына дүниенің билігі кезек болсын. Артын арқан кескен Берлібай кіре тартып өстіп жүре бере ме?

Біз де бір ел болып, ес жиып, мекен-тұраққа ие болайық дегені Дүйсенбайдың көңіліне қонған. Қояншытағайдың үлкендерін жинап, Ескененің тілегін білдіріп еді. Ақжан-жаужан, қапсалаң тұқымдары қисая тартты.

— Әй, ағайын, ол да өзің. Берлібай бір жақтан ауып келді деп пе едің? Билікті сендер сияқты ылғи мықты тұқым ала берсе, ел не дейді. Жұрт түңіліп кетсін демесек нашардың да қолы жеткені дұрыс, — деген Дүйсенбай.

Ел не дейді деген Дүйсенбай аузынан шыққан сөздің ертең бүкіл жұртқа тарайтынынан сескенген жуандар ұрпағы еріксіз көнген.

— Елу үй Берлібай екі жүз үй Дайрабайдың шылауында кетіп ек, енді, міне қатарға қосылып, ата аты аталатын болды, — деп қуанған Әлекең мен Ескене.

Дүйсенбай оба тастың көлеңкелеу тұсына бөстегін сүйретіп әкеп, жайлана жайғасты. Айналада қыбыр еткен пенде көрінбейді. Етектегі қара суларға үйездеген жылқы

шипаң қағып, анда-санда шұрқырасқаны болмаса бөтен дыбыс жоқ. Көкбөрінің тұсындағы сағым-теңіз мазасыз толқып, көрінбес жағаны ұрып жатыр. Анда-санда қылт еткен қарайғанды толқын алып ұрып, қомағайлана жұтқандай, із-түзсіз зым-зия.

Сол теңізден шайқалған тағы бір қайық көрінді. Қалт-құлт етіп, сағым-теңіздің толқынына көнер емес, бері қарай салып келеді. Біраздан соң сол қайықтың бейнесі аттылы адам боп анық көрінген. Теңізден бері шыға берсе де ат тұяғына ілескен сағым — бу ілесіп қалар емес. Енді бір сәтте онысы тайпалған жорғаның шаңына ұласты. Сағымнан шыққан жігіт арман қуғандай бар жорғасына салып еліртіп-ақ келеді. Жетем дейді-ау, жеткізе ме мына жалған. Талайдан тауы шағылып, таусылып, тас паналаған кәрі күшігендей ол да бір күн биікке шығып отырар телміріп.

Өз басына сойыл сілтенбесе де, өзі билікке ұмтылмаса да, отырған жоқ па шалдығып. Еліне осы бір жақсылық етер ме деп кімді сүйремеді билікке. Болыс болған ағайынның жеткізгені не? Өз басынан артылған біреуі болмапты. Қайда барады мына көш, оның ендігі бастаушысы кім?

...Бір сайлау ғана болыстық етіп, абыройын асырғандай болған Ескене енді билікке қайтып баспады.

— Тойған ғой, — деді күндесі.

— Тозған да, — деді жанашыр.

Онан кейінгі Майбастан өз басы үміт күткен емес. Жігіт боп жігерін, азамат боп ақылын танытып көрмепті. Сол Майбастан да бір ауыз сөз қалды. Болыстың мөрін қолына алған күні талайлар кеп құтты болсын айтып жатқан.

— Осы ел не деп жатыр? — деп сұрай беріпті.

Біреу олай, біреу бұлай деп, жаңа да жас болыстың көңілін аулапты. Тек Қарабек:

— Көп ұзамай түседі, — деп жатыр деген.

— Міне, осы шындық. Қалғаны бос сөз.

Осы шындықты айта алған Майбас та әуелде қоқаңдап елге қыр көрсеткен. Ағасы Табанбай «Әуелі біздің үйдің құртын қайнатпадыңды» сылтау етіп, жесір әйел Дәмештің ересін құлатып, ауыл ортасына шаң көтеруге ересі жеткен. Қазақтың сөз іздеп, қалтасын қарманған әйелі бар ма.

Ақ бұйратта Табанбай,
Бұзылуың сабындай,
Майбас болыс болды деп,
Тоғыз соқыр туды деп,
К... Қыс қағынбай, —

деп салған Дәмештің сөзі елге тарап кетті.

Әуелде болыстықтың буына мас Майбас біраз пысықсыған. Оның өзі әлдіге емес, жетім-жесірге көрсеткен күштей. Әр жерде беті қайтып, кейін тіпті жуасып, билікке ел пысықтары ие боп кетті. Майбас атын пайдаланып, қара бастың қамымен зорлық ету, бірді бірге айдап салу, ел арасының алакөздігі қаулады. Майбас айтты деп ақын соқыр Қақпанның күш-көлігі түйесін қуып бара жатқан жерінен ел айырып алып қалды.

Болғанда атаң Лекер, әкең Оңбай,
Еріткен Тәбекеңді сорың қандай,
Жақсылықты өз басынан аяп жүр ме,
Келгенше жетпіс беске жүр ғой оңбай.

Қақпан ақынның Майбасқа жолдаған бұл сәлемі шегіне жеткен елдің ашу-ызасындай еді. Үсті-үстіне кетіп жатқан арыздың ақыры мерзіміне жетпей болыс сайлауын жүргізуге әкелген.

Болыстықтан дәмелінің бірі — Құлжанбек болыстың тілмашы Нарымбек. Жер дауы, барымташылықтың күні туған заманда ағайын тыныш бола ма. Кәрсөн жағы үйірлі мал жоғалтып, оның ізін Қояншытайғаға шығарғанда осы Нарымбек Тұрбек пенен Көшкінбайдың үстінен қағаз жинап, кей- старшиннің қолын қойып, Құлжанбектің мөрін бастырып, екеуін де айдатқан. Тұрбек пен Көшкінбай Қызылжардағы үкіметтен әділдік іздеп барған еді. Бейтаныс ел, көрмеген қаладан осыдан біраз жыл бұрын елге өкпелеп кеткен Балтабас, Балтабек деген Тастемірді сұрай жүріп тапқан. Кеше бұл екеуінің соңынан «сендер сөйтіп барасыңдар-ау» демеген еді, енді кіріптар сияқты. Ағайынды екеуі де қасапханада істейді екен. Қасапхана иесі татар, беретін жалақысы жоқ, тек сойған малыңның ішек-қарыны сенікі дейді. Соны іс қылып жұмысқа барар,

не қайтқан жұмыскерлерге пісіріп те, шикідей де сатып тәп-тәуір тұрмыс құрып алыпты.

Сол ағайынның үйінде екі жыл жатып, ісін оңап барып келген Тұрбек пенен Көшкінбай Нарымбекке қарсы партияның басы боп шыға келді. Соңына ерген ел де аз емес сияқты. Нарымбектің сенгені Кәрсөннен жиған малы, берер парасы.

— Беретіні сол елдің малы ғой, сендікпізді айтып, парасын ала беріңдер, — деген Көшкінбай.

Нарымбек те құр қол емес. Осы елдің бір пысығын салып, білікті дегеннің аузын алуға тырысып бақты. Нарымбек жігітінің келіп-кетуін аңдыған Көшкінбай сайлау ертең болады деген күні тағы бір қулыққа басты. Түн ортасы мезгілінде үйдің Нарымбек жатқан тұсына келіп.

— Нареке! — деген даусын бұзыңқырап.

- Ә у .

— Тағы бір бес мыңдайды бере тұрыңыз. Сонда Қояншытағай түгел көнеді.

— Қолдай көр.., — деп күбірлеген Нарымбек сұрағанын жабықтан беріп, қайырын тілеп қала берді. Кімге бердім деп те ойланбаған.

Сайлауға келгендердің Нарымбекке қас-қабағы түзу. Сап-сарала киінген ояз шиырма астына жасырылған жәшіктің жанында мұртын ширатып, әркімге бір түксиген. Жеңі ұзын, мол шапанды сайлаушылар екі шарды бірдей алып, екі жеңді бірдей тығып жатыр. Анадай жерде Көшкінбай тобының ұсынған адамы Мұса өзінше жымың-жымың.

Кезек шар санауға да келді.

— Мұса он тоғыз тас, Нарымбек үш тас, — деп хабарлады ояз.

— Жоқ, ол менің тасым емес, — деді сасқалақтаған Нарымбек, — болмайды.

— Неге болмасын? Болған, болады, — деп ақыра түрегелді Тұрбек.

— Танай! Танай! — деп ұранын шақырған Нарымбекке.

— Танай — мен, міне... міне.., — деп Көшкінбай кеудесін қақты.

Ояз Мұсаға болыстықтың белгісін тағып жатты. Істің осыншама бүлінетінінен хабарсыз Нарымбек көптің

арасынан жылыстап бара жатқан. Сол Нарымбектің келесі сайлауда қолдау тауып, билікті аларын, төңкеріс заманына дейін он шақты жылдан артық болыс боларын кім білсін.

Дүйсенбайдың күте-күте үміті үзіліп, тамсана-тамсана ғұмыры өтіпті. Тізгіні біреуде қуыршақ болыстардың қолынан не келеді деді екен. Жинағаны итшілеп жүріп өкіметтің салығы, онан қалса көзі ақиған ояз «Еліңді тентек басып кетті, тый» деп ақырады. Ол сорлы қалай тыймақ, өршіген ұрлық-зорлық қалай тыйылмақ. Бұзықтың іргесінен жау іздеп, өз ауыл үйін өзі тонап, пейілінің бұзылуында да тіреп тұрған себеп бар шығар. Әуелгісі оның малдан айырылып, қайыршылана түсуі, шұрайлы жердің келмеске кетуі, онан қалса жаппай кәсіпсіздік.

Заңғар тау Аюлы жақтан үйірілген самал соқты. Желпіп өткен самал қай-қайдағыны тағы қозғап, іші-бауырын езген. Қай-қайдағының басы тарт десе тартысуға, сөйле десе сөзге тұратын үзеңгілесі Жанғұтты. Өз басы емес, азғантай елінің келер күні не болады деп көтеріліске де қатынасып, бекіренің басы тасқа тиіп қайтқанда ең болмаса бірлігі бұзылмаса екен деген адам еді, тауы шағыла-шағыла енді басқа жол іздеп кетіпті.

Қарқаралының қаласын жылда жайласа да, өмірінде Семейге үш-ақ рет барған зарлы ақын Шортанбай сол үшінші жолы кесел тауып қайтып, Жанғұттының үйінде қайтыс боп еді. Сұңғыла ақын өлерінде де елін қияметтен сақтандырып, күнің не болады деп жатып көз жұмған. Сырлас досының көзін егіліп отырып Жанғұтты өзі жауып еді, ендігі не өзінің, не ақынның сөзін ұқпасын көрді.

— Дүние опасыз екен, Мекеге барайық, — деп Құнанбайға сөз салған.

— Биыл реті болмай тұр, келер жылы, — депті Құнекең.

— Ә, мен тоқтар едім, өлшеулі күн аз қалды, Құдай тоқтар ма.

Сол бетінде қажылық сапарға кеткен Жанғұтты қайтпай қалды. Мына жалған шыр айналып өтіп барады. Дүйсенбайға қалғаны өткен күннің сағынышы тәрізді, сол сағыныштан тірлігін де тапқан, сол сағыныш өмірінің талшығы да. Күні еңкейген адамға өткеннің елесі болашақтың қиялынан гөрі тәттірек бола ма, кей-кейде

ғұмырдан баяғыда өтіп кеткендер түсіне еніп, солармен қатар жүргеніне сергіп оянатынды да шығарды.

— Қайран бауырлар-ай, қайтып бір сәтке келер ме едің.

«Келер ме едің» дегенде сан рет тамағын өксік буып, көзіне келген жылымшы суды іліп тастаған.

— Өмір енді айналып соқпайсың-ау.

Айнала-өскен ұрпақ, оның тірлігі де, тілеуі де басқа боп бара жатқандай. Қатары да сиреп, енді дүниенің шолтаң еткен құйрығын көру қалыпты. Жанға сая не бар, саңлау іздеген сананың табары не? Шоқы басындағы жалғыз тасқа арқасын сүйеген Дүйсенбайды жалғыздық үрейі биледі.

* * *

Құсмұрынның Нұраға қараған етегіндегі Төртауылдан сәл жоғарырақ жайлы қоныста қаракесек-қуандықтың жер дауы, жесір дауы дегенін шешетін сияз өтіп жатқанына біраз күн. Құсмұрынның шоқысына соғылған бұлт бытырай қашып, жазы жаңбырсыз, қысы борансыз тұрмайтын Тектұрмасқа қарай жөңкілген. Арқаның жазы да қызық. Қызғалдақ, сарғалдақтан көз тұнған жайлауда қым-қиғаш ұшқан көбелек бұлт болса жасырынып, күн көзі қайта шықса, әп-сәпте жапырлап шыға келеді. Ойнап шыққан бұлт та оңай, жаз күнінің жадырауы да тез.

Он екі қанат ақ үйдің төрінде көшеден бері сайыс тіпті үдей түскен. Әсіресе, екі жұртты соңғы кезде қатты арандатып келген, талай барымта-сырымтаның себепшісі ру-рудың шегін бөлу. Қуандық жағының Қияштың Нұрланы бастаған үлкендері ақ үйдің оң жағына тізілсе, қаракесектің ендігі болысы Нарымбек, кәнделеті Ескене, Көшкінбай, Байсейіт, Бөде сияқты тәуірлері қарама-қарсы тізе қосыпты.

— Уа, бауырым, қаракесектің бүгінгі жақсылары, — деген Нұрлан, — кешеден бері арамтер боп жатқанымыз өспес баланың өнбес дауды кууы. Біздер сөйтпесін деп бұрынғылар екі ағайынның ара жігін бөліп кетпеп пе еді, енді соны жаңғыртудың қажеті не?

— Тілің балдай, сөзің удай, Нұрлан. Аталардың жосығынан аспайық дегенге қай қазақ тоқтамас дейсің.

Көрде жатқан аруақ риза болмаса, жалғанда жүрген тірінің ісі оңбас деген ғой. Қарғыс алған Көбейді айтып отырсың ба, әлде пәресінің үстіне сол Көбейге бір қызының етегін көтерткен өздеріңнің бұрынғыларыңның ісін көлденең тосып отырсың ба? Алтын көрсе жолдан таяр пенденің ісін періштенің шешімі демегің қай жосыққа сыяр екен.

— Тым әріден кеттің, Көшкінбай. Бірлік тапсақ дегенге сонша қатты кеткеніңе не жосық.

— Шыдап бақтым, ағайын. Бір емес, он емес, бір ұрпақтың еңкейер заманындай уақыт жерімді жеп отырсың. Көбей би біздің ауылдың адамы еді деп күні бүгін қате де болса соған тұрып келдім. Оны білген және сен емес. Ендігінің жөні жоқ.

Қаракесек-қуандық арасындағы бұл дау осыдан жиырма шақты жыл бұрын бір шешілгендей еді. Екі жақ та Көбей бидің төбе би боп шекара бөлігін анықтауына келіскен. Қаракесек өзіміз ғой десе, Қуандық жағы Көбейді пендешілігі кебінен үміт күткен. Есептері теріс болмапты. Жең ұшынан жалғасып, түн баласы тіл алысса, Көбей ыңғай танытыпты.

— Сұрайтыны не екен?

— Сұрайтыны үш жүз қой, бір түйе, бір байтал

Ақыры екі жақтың дауына әбден қанған болған төбе бидің шешімі шығатын күн де жетті. Көбейді өзіне санап бұлар, сатып алып олар отыр. Тілі байланғандай жер шұқып Көбей бас көтерер емес.

— Әй, айтсайшы, — деген төзімі таусылған Қарқаралы оязы.

— Атам сайынан болсын.

— Не дейді? — деп қайта сұраған ояз қып-қызыл боп ашуланып, жер тебе күйінді. — По шел... Атамсайы.., Атамсайы...

Ыза болған ояз екі елдің шекарасын, тіпті Көбей айтқан жерден де бері бөлдіртіп беріп, тайып отырған. Көбейдің алған малы да көпке бармады, келер жылы топалаң тиіп қырылған. Түйесі бошалап кетіп жоғалды, байталын ұрлап құртқан. Көбей атын дұрыс атамауға тырысқандар алғаны байтал емес, бір келіншектің етегі екен деп те қауесет таратып жіберген. Көбей көрер күн де қысқа екен, әуелі өзі, сонан соң жалғызы дүниеден қайтқан.

— Ел қарғысы тиді, — десті үлкендер.

Бүгінгі күннің дауында да екі елдің арасындағы сөздің ұтамыз деген жері, тілге тиегі осы Көбей шешімі, Көбейдің пендешілік ісі. Бірін-бірі сөзбен қарпып тастаған екі жақтың да сөзуар шешендері астан ауыз тиісіп, ендігі сөздің түйінін іздеуге үйді-үйіне тарасқан.

Өзара туысқан боп жиналған бес атаның балаларының да қабағы жараспады. Жел жаққа отырып ап, тершіген қолтығын кептірген Ескенеге Бөде жақтырмай қарады. Айтқанына бір қырындап тұрып жауап беретін жігітті «сырғақтау-ау» деп бұрын да ұната қоймаушы еді, бүгін енді қитыға түсті. Оның үстіне сияз ашылған жер өз қыстауларынан алыс емес, дау іздеп пәле қуып келгендердің қалың көлігі жегенін жеп, жемегенін жапырып барады.

— Әй, аналардың атын қайырып тасташы, — деп жігітін жұмсады. — Ең болмаса жерімді қорып шырылдайын, онсыз да ұлтарақтай еткен өрісті қыс қорығы еді деп бір мұсылман ойласайшы.

— Қайтеміз енді, — деп күңк етті Ескене.

— Қайткені құрысын. Дау қуған топыр, қаскүнем тірлікке бала-шағаның қарап отырған тұяғының отын таптатып қойғанымызға іш ашиды да. Бітуші ме еді бұл пәлесі.

— Сонда не қыл дейсің?

Өршіп бара жатқан мына дауды Байсейіт тыйды.

— Әй, қоя тұрыңдар. Бөтенге айтар сөзді бекітіп алмай тұрып шиқылдасқандарыңа не жосық? Қойыңдар әрі.

— Жөн тапсаңыз қой деппіз бе? — деп күңк етті біреу.

— Ә, — Байсейіт оларға қарады. — К... ши жүгіртуге шеберсіңдер ғой, жөн сөз қайда бұл, жөн сөз?!

— Дұрыс, дұрыс. Бөже, жөнін айтыңыз, — деп қостады Көшкінбай.

— Ана жылғы семіз қыз дауын білуші ме едіңдер.

— Сырттай естігенміз.

Бұл да бір ұзаққа созылған жер дауы еді. Өзімдікі деп дауласқан жақтың «менікі емес» еді деген біреу болсайшы. Тебе бидің айтқанына көнбеген соң, өзім анықтаймын деген ояздың миы айналды. Құлаш-құлаш дәлел, құран ұстаған жан беріс. Сонан Керней жағы:

— Тақсыр ана тұрған бейіттің кімдікі екенін, оның ата-бабасын сұраңыз, — деп кеңес берген. «Жер менікі еді» деген озбыр рудың адамы ретін таппай аңтарылды.

— Білмейміз, — десті ақыры.

Семіз қыздың бар тарихын айтып берген кернейлер бұл жердің ата-бабадан бергі жаз жайлауы екенін дәлелдеп, пәлен күннен бері миы айналған оязды құтқарып, ел арасының дауын сап тыйған.

Ертеңіне ақ ордаға жиналған қаракесек-қуандықтың сөз ұстар үлкендерінің ішінен бірінші боп тағы Нұрлан сөз алды. Қаракесекке жиендігін арқа тұтып, кей-кейде асыра айтатыны да болушы еді, бұл жолы да сөзінің бір ұшығын қалжаққа сүйеген:

Иә, Қарқабат анамыздан туған бауырлар, бүгінгі ойлағандарыңды ортаға салыңдар. — Нұрланның бұл сөзінде Қарқабат күң еді, сендер соның ұрпағысыңдар деген астар жатқан. Мейрам сопының қалған төртеуі бәйбіше Момын ана балалары боп есептелетін.

Момын ана шешеміздің туған бауырым, ананың ақ сүтінен ауыр не бар дейсің. Білсең осыны айтпас ең. Шешеміз Момын ана төссіз қалып, Мейрамның төртеуін және менімен бесеуін Қарқабат мамасын беріп асыраған еді. Сол төсті ембедім деші Кәне. — Байсейіт оң жақтағыларға ежірейе қарады.

Нұрлан бөркін шешіп тізесіне қойып, оң бармағының жұмсақ етін сүйіп, анамның ақ сүтінің дәмі аузымнан кеткен жоқ дегеннің белгісін жасаған. Қаракесек-қуандық бір әке, бір шешеден туғандығының айғағын көріп бір жеңілейіп қалған.

— Пендеміз ғой...

— Дүниенің боғы үшін... — деген сөздер де естіліп қап жатыр. Алдарына әкелген қымызды ішіп, ендігі сөзді мына туысқандықтан соң неден бастарын білмей отырғандай.

— Үлкендер де кешегі уақытта арамызға от тастағандай екен, — деді ақыры Қуандық жағының біреуі.

— Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ деген емес пе, — деп тігісін жатықтырды Көшкінбай.

Байсейіттің бетіне бір қарап алып, ендігі сөздің тізгінін Нарымбек қолына алған. Жөткірініп, бір көтеріліп қойып, бұл жақтың көңіліндегісін айтты:

— Мына Нұрлан айтқандай, кешеден бері бітпес даудың сүрлеуіне түсіп кетіппіз. Өткен заманның үлкенінің қателігі де болар, бірақ біз сияқты ағайынның арасы ашылып кетпесін деп ойлағаны да көп. Қазақта бітпес дау жер дауы екен. Сонда сол үлкендер ағайынның жер айрығы болсын деп шекараға не батырын, не біліктісін қояды екен. Солай ма, Нұрлан?

— Оған дау жоқ қой.

— Ендеше біздің дауымызға не жол?

— Көмейіңдегіні айт.

— Жатқан жоқ па арада сол аруақ, соны неге аттай береміз.

— Уау, жөндеп айт ішіңдегіні.

— Айтсам, ағайынның арасында керней Батықтың мазары тұр. Осыны неге көзге ілмейміз? Ұрпағым бір-біріне тарпа бас салмасын деп қаракесек-қуандық үлкендері қолымен қойып, көзбен көрсін демеді ме.

Жер дауының сөзі осымен бітіп, сияз соңында екі жақтың адамы шекараны қайта бөлісуге келіскен. Бұл жиынның ендігі бір шешпек мәселесі — тағы осы жер дауының жалғасы Серіктің уақиғасы. Көптен біраз өрісінен айырылған Қояншытағай жағы күшігін алдырған бөрідей ызалы еді. Нартәуекелшіл Серік қарсы жағын ойсыратып өтсем дегенді көптен айтушы еді, бірақ онысына онша көңіл қойған ешкім болған жоқ. Үлкендер жағы ұрсып тыйып тастағандай, жортуылға барар қол жиғаны да көзге түспеген.

Мұндайда қай-қайдағы еске түспей ме, соңына ерген төрт-бес жолдасына Серік:

— Күңнен туған деп әкемізге енші бермеген бұлар, соның есесі, — деп болашақ қимылының мәнін ескі кекпен түсіндірген.

Өздерінше жау деп түсінген жақтың малын қуып кету саусақпен санағандай адамның қолынан келер іс емес. Ендеше не істеу керек деп көп ойланды. Ендеше деп жүргенде:

— Қоймасын тонау керек, — деді бір жолдасы.

— Қайдағы?

— Жаз жайлауға кеткенде байлар дүниесінің жарымын тығып кетеді, соны алу керек.

Қуандық қоймасы деп Қарамұрындағы төрелердің тығындысының үстінен шыққан Серік және басқалары тоқсан үйді алған еді. Көрші отырған елдің ұрлығы жатпады. Серіктің істегеніне көзі жеткен Жәңгір тұқымдары айыпкерлерінің үстінен Семейге шағым түсіреді. Қаладан Жәңгір тұқымының есесін жоқтап беретін қуғыншы да табыла кетті. Онысы гүбірнәнің ұлықтарымен әмпей, елдің түсінуінше әбден ауыз жаласқан Шорманның Мұстафасы. Көмегін тегін істеп көрмеген неме, жұтқыншағынан айыпкерлердің бірдемесі өтіп кеткен соң гүбірнәторға «Мен Серікті жақсы танимын. Сан былығын көзіммен көргем» деп жан беріпті.

Шорманның Мұстафасы да Серікке қарсы екен деген сөз ел ішіне тез тараған. Мұстафаны білмейтін дала қазағы жоқ, атынан көбі үркеді.

— Іс қиынға айналды, — десті

— Серік гүбірнә қаласына барса, итжеккеннен бір-ақ шығады. Қызығы — бармаған.

— Қашып құтыла ала ма? Онда тіпті сұмдық қой.

— Патшаның құрығы ұзын, онан кім қашып құтыла алады, мойынсұну керек.

Мына тықырдың оңай емес екенін Бөде де ұққан. Бәйбішеден жалғыз еді әрі өзінен әлі тұқым жоқ деп баласы Серікті іштей аяды. Асарын асап, жасарын жасады ғой, не де болса осы салмақты өзіне салар ма еді. Әй, оған кім барсын.

— Бармасаң қайтеді шақырғанына, — деп баласына ақыл салды.

Серік те іштей ойланулы екен, тұнжырап төмен қарап ұзақ отырды. Не демек әкеге? Қан жылаған әке жүрегін танып отыр. Сонда не істемек? Өзі үшін ертең қайта-қайта соққан сойқанды урәдніктерге елін тонатып, ауылын бүлдіртіп қоя ала ма.

— Әке! Барғаным дұрыс шығар. Елден қашып, тағы боп қалай өмір сүрмекшімін. Жазмыштан озмыш жоқ деуші едіңіз ғой.

— Қайдан білейін, Секен. Алдым бұлдыр, көзім ештеңеге жетпейді.

— Мұстафа мені бұрын көрген емес, танымайды ғой.

— Сонда не демексің? — Бөде күрсінді.

— Осының ретін келтірсе, Құдайым, көрер едім.

Губернатор Серік пен оның жанындағыларды ақыра қарсы алды. Мына бетінде сөзге қонақ берер түрі көрінбейді. Итжеккеннің ауылы төбе артынан қылтиып көрініп-ақ қалғандай. Кеткені-ақ шығар шығанға.

— Кәззәп, ұрысың. Бүкіл далаға тыныштық бермейсің.

— Тақсыр...

— Қысқарт! Сібірде шірітем сен итті.

— Жала ғой...

— Мынау да жала ма? - Губернатор бір уыс приговор-қағазды ұстап, үстіне шашып жіберді. — Мойындайсың ба?

— Тақсыр, мұның бәрі қасақана істелген. Бұл — менің жауымның ісі.

— Солай ма? Мүмкін Мұстафа мырза да өтірік айтар. Ол да сені ұры деді.

— Жала тақсыр. Ол мені, мен оны танымаймын. Губернатор қарқылдап күлді.

— Е, солай де. Мені танымайды де. Ал таныса ше?

— Таныса, қай жазаңызға да көндім. Танымаса, құтқарыңыз жаладан.

— Жақсы. Әй, — деп губернатор көмекшісін шақырды. — Мұстафаны келтіріңіздер. Тезірек.

Серіктің жолдастары күбір-күбір. Я, сәт деседі іштей. Серіктің жанында туысы Сіндібай киімінің сәл жұпынылығы болмаса аса көрікті, сұлу мұртын құлағына шиырған, денелі жігіт. Қалғандары осы екеуінің екі жағында.

— Мұстафа мырза, — деді губернатор есіктен кірс берген кісіге, — мыналардың ішінен Серік баукеспені көрсетіңізші.

Сәл шегініп қалған Мұстафа көзбенен әрлі-берлі шолып өткен. Өңінде толқу да бар. Серік пен Сіндібайға қарағыштай берді.

— Кәне, қайсы? Айтыңыз.

— Мынау, — деп Мұстафа Сіндібайды нұсқады.

— Не деп тұрсыз?

— Осы.

— Танымайды екенсіз ғой. Сізге сеніп... Жоғалыңыз.

Зыта жөнелген Мұстафаның соңынан мырс-мырс күліп қала берген дала қазақтарына губернатор зілдене қараған.

— Ну вас...

— Тақсыр, жала ғой...

— Кетіңдер түгі...

— Мұстафаны жазалаңыз...

— Жоғал! — деп ақырды терісіне сыймай ашуланған ұлық.

— Құп, тақсыр.

Серік Семейден ақталып келгеніменен, ел арасының дауы басылмады. Не айыбын төлесін, не тұрысатын жерін айтсын дегенге де барысып қалған. Ел арасының бүлінуінен сескенген ақсақалдар жең ұшынан жалғасып, араға ара ағайын түсті. Соның шешімімен бұл пәлелі жұмыс та осы сиязда шешілмек. Төбе биге қареке Бекқожаны сайлауына қаракесек жағы қарсы болмады. Тап сол күні қаракесек жағы жалпы жұртқа сыйлы кәрі Құлжанбекті кілемге салып көтеріп әкелген.

Ақ ордаға екі жақтың бар жақсысы жиналғандай. Ұзын бойлы, нар кеуделі қызыл шырайлы жігіт сәлем бере кіргенде бәрі серпіліп қалған. Серікті танымайтындар көзбен ішіп-жеп барады. Бір тізерлеп отыра қалған Нұрлан да сұқтанған. Япырай, өңі неткен келісті. Кешегі заман болса Абылайдай ел басшысы болмаса да Ағыбайдай қолбасы болар еді-ау. Енді мына олқын-толқын уақытта ел арасының дауынан малтығып шыға алмай жүр. Еспай тұқымы момын деуші еді, бұл кімге тартты екен. Сонан Нұрланның есіне Еспай байдың Бөдені үйлендірген хикаясы түсті.

...Кедей-кедейді сағалап, бай-байды жағалаған да. Еспай жалғызы Бөде жеті жасқа келгенде мына Айтпай-Опан жағындағы өзі сияқты бір байдың қызына құда түскен. Арадағы алық-берік деген де уақытында өтіп кетіп еді. Бөде он үш жастан асқан шақта Еспай інісі Жарбай болашақ келінін көруге барыпты. Бай інісі дегені болмаса, Жарбайдың үстіне кигені шидем шекпен, жарғақ шалбар. Өзі де аса ұсқынды жан емес еді.

Құдасына сәлем бере келген қыз әкесі ұсқынына көңілі толмай, не әңгімесіне жарымай, біраз отырған да, шығып

жүре берген. Құдасына берген қонақасына да аулының үлкендерін жіберіп, өзі келмей қалды.

— Белінің құяңы ұстап, тұра алмай қапты, — дегізді.

Тышқанның түрін көр де, қалжасынан түңіл деген де есіне түскен. Еспайдың сенері жалғыз інісінің кейпі мұндай болғанда, баласы не жетіскен жан деген сауал да көмейіне тірелген. Осы елдің бір қызы тұрмысқа шығар боп, күйеу жігіт әлденеше күн жатса керек. Әңгүдіктеу жігітке жанашырлары «Не десе де жақ ашпа, балдыздарың басыңа шықса да үндеме» деп қатты тапсырыпты. «Ойбай, пәленшекеңнің күйеу баласы бір маңғаз» деген сөз қыз Әкесіне де жетіп, іштей қуанған шал күйеу баламмен бір жүздесейінші деп оңаша алып шығып, әрнені сұраса, үндемепті. Сол маңғаз күйеу бала бір кез:

— Күн жауады білем, — депті.

— Оны қайдан білдің?

— К... терлеп отыр, — десе керек.

Осыны айтып көп күлуші еді, енді басқа келмесе не қылсын. Ертеңіне еліне қайтуға рұқсат сұраған Жарбайдан:

— Не бұйымтайы бар екен? — деп сұратқан.

— Құда қиса, ана екі арғымақтың бірін берсін, — депті. Жақында ғана алдыртып, өзі де әлі қызығын көре қоймаған екі сәйгүлікті сұрай қояр демеген. Бермеді.

— Ендеше қызыңды тоқалдыққа ғана алдырам, — деп төңтеріс мінез танытып аттанған Жарбай қанды-қараша Қансейіт қызына құда түсе келген де, алды-артына қаратпай келін ғып түсірген. Сол Қалды келіннен мына Серік жалғыз. Серік дүниеге келгенде Еспай бай малын түгендеп кетсе керек. Соңынан қуа жеткен жігіт:

— Шүйінші, Есеке, келініңіз ұл туды, — деген.

— О, жарар. Қалағаныңды ал

— Бопты.

— Ап, қалай, бала қалай өзі?

— Несін айтасыз, балпанақтай ұл, шалқалап жылай туыпты.

— Не дейді? Аттандап туған екен ғой, әй, бұзатар боп ел бүлдірмесе жарар еді.

Сол Серік, міне алдарында бір тізерлеп отыр. Кейпінен ұстамды ақыл сезілсе де, кейде жарқ ете қалған жанары

өжет қимылды да танытқандай. Бүгінгі кейпі «ақсақалдар, сіздер не айтсаңыздар да көндім» дегенді білдірген. Ұсынған сусынды да сол бір тізерлеген қалпы асықпай сарқа ішті.

Кешеден бері осы жұртқа сөзі өтіп, желпініп қалған Нарымбек жөткірініп, көтеріліп қойып айтары бар ниет танытқан. Нарымбектің қисынын байқаған Нұрлан киіп кетті. Кәрі Құлжанбекке бұрыла қарап:

— Құлжеке, мына жалғыз атты көк шолағыңызды тартпайсыз ба, — деді.

Онысы жеті атасынан бері бақ қонған, өзі болған жігіттің тегін меңзегені. Орыс оқуын оқып кеп осы Құлжанбекке әуелі іс жүргізуші, сонан жалпақ елге болыс болған Нарымбекті өстіп бір іліп көрейін де дегені.

— Бұл ел арын ақтаған кедей. Сөзің арлы кедейге тиіп жүрмесін, — Құлжанбек қымыз құйған шараны қолына қайта алған. Арлы кедейге тимесін деген Қарекенің де сол тұстағы болысы кедейлеу тектен шыққан әрі намысқой жігіт екенін еститін-ді.

Сөз кезегі даулы істің мән-жайына қарай ауысқан. Жәңгір тұқымынан сөз алған елулерді орталаған қыр мұрынды қара сұр кісі қамшысын алдына тастап, таусыла сөйледі. Анда-санда көк буырыл шоқша сақалын сипап қойып, өткір көзін Серіктен алмай қадалып бақты.

— Бұл бұрын қазақта болмаған қылық. Жауықса барымта алып, өшіксе шауып алу бар еді, тіміскілеген ит құсап көр-жерді ақтарып, қойма талқандау — шын бұзақылық іс. Бұған тыйым керек, жазасы да қатты болғаны жөн, — деп бітірген.

Тіміскілеген ит құсап дегені шымбайына батып кетсе де, жарқ етіп бір қарағаны болмаса, Серік сабыр сақтап үндемеді. Айыпкердің сөзінен кейінгі сол тыныштықты төбе би Бекқожа бұзды.

— Ал, айыпты ағайын, сіздер не айтасыздар?

— Алдырған ашулы деген. Жаңа Жәңкең тұқымы намысқа тиер ауыр-ауыр сөз тастап кетті. Бірақ осы істің түптамыры қайда, азамат қойма шабардай неге ашулы, соған аузы бармады.

— Оны қайтесің, болған істі айт.

— Мен сөзімді аяқтайын, ағайын. Қыстырылмай тыңдайық. Табанға кірген шөгірді алып тастамаса, адам

жүруден қалады. Әр жаман істің өз шөгірі бар. Бұл ауруды асқындырған да бүгінгі шешіліп жатқан жер дауы. Ендеше, ағайын, біз кінәлі болсақ, сендер де күнәдан пәк қала алмайсың. Жаңылмас жақ, сүрінбес тұяқ жоқ екен, бір сүрінген екен деп азаматты осынша беттен алатын саған не көрінді.

— Дұрыс-ау, — деп қалды Байсейіт.

— Айтарым осы, — деп түйді тағы Нарымбек.

Төбе би Бекқожа Серікке қараған. Манағы бір тізерлеген қалпынан бір аумапты. Бүлдіргісін қарына іліп, таянған тобылғы сапты қамшысы сәл жерге кіргендей екен.

— Ал, Серік, өзіңнің не айтарың бар?

— Не айтайын? — Серік еңсесін түзеп, төрдегілерге жағалай қараған. — Менің ісімді Семейдегі ұлық шешкен, мен ақпын, енді ешкімнің жаласы жүрмейдіге басып үйімде де жата алам. Орыстың ұлығы шешпеген дауды қазақтың биі шешсін деп сонда да келіп отырмын. Әркімнің өз қотырын өзі қасып үйренгені жөн де. Ел арасында дау қалмасын, елдігімізді бұзбайық. Манадан алдарыңызда жүгініп отырғанымнан-ақ қай шешімдеріңізге болса да көндім дегенімді ұққан жоқсыздар ма.

— Пәлі! Сөз-ақ, — деп Құлжанбек қозғалақтап қалды.

— Сабаз! — деді іштей сүйсінген Қияштың Нұрланы.

Бірбет, істегенінен қайтпайтын өжет дейтін Серіктің осыншама салиқалы сөз айтқанына Бекқожа да таң. Сақалын тарамдап отырып қалды.

— Ендеше, — деді біраздан кейін, — шешім былай болсын. Қоймадан алынған тоқсан үйдің сүйегі қайтарылсын, айыбына тоқсан тай төленсін.

Бір дауға екі билік жүрмейді деп санаған қазақ сол арада-ақ құп алып, көне кеткен. Осы биліктің үстінде Байсейіт аулынан шапқыншы келді. Байсейіттің жалғызы Нұрланның келіншегі аман-есен босанған екен.

— Қойшы ма, жылқышы ма, — десті.

— Қойшы! Қойшы!

— Ә, — деді Байсейіт, — жақсы бәтуаның үстінде, ағайынның қабағы жарасқан шақта дүниеге келген екен сәби. Жақсы ырым екен, ел есінде жүрсін, кішкентайдың атын Тоқсантай қоямын.

— Уәп, бәрекелді!

— Ұзағынан сүйіндірсін!

— Бауы берік болғай.

Екі елдің арасындағы негізгі дауды шешкен жұрт сәскеде енді шекараны жаңаша бөлуге атқа қонған. Тамырымен қопарған теректі екі жақтан арқан тартып, тамырымен сүйреткен қос атты темірдің тісі тиіп, ауырмен жаншылып көрмеген құйқалы жерді соқадай жыртып, екі жақтың үлкендері бас қосқан алдыңғы топтың соңынан ерген. Оның үстіне тоқымына шот ілген тағы бір жігіт бар. Көдесі шаштай желбіреген белдің қырқасына келе алдыңғының бірі:

— Әй, — деп оны шақырады да, шотпенен қаздырып, тізеден оба үйгізеді.

Қайда барасыңдар деп бұлар, осымыз қалай деп олар сұрамайды.

Қарамұрыннан қозыкөш жердегі Бесатаның анасы сұлу Бикенің мазарына дұға оқып, Мәдина басында ат шалдырған бұл топ онан әрі жүріп кеткен.

Әуелі Ақойға қарай қиыстай тартқан басшылар бірте-бірте түстікті бетке ала бастады. Қояншытағайдың жиені Нұрлан алда келе жатқан Көшкінбайдың атының басы оңға бұрыла берсе қапталдасып, байқамаған болып Қамшымен жасқап қояды. Тағылының сыртына таяй шекара бөлушілердің беті оңтүстік шығысқа қарай ойысқан. Көшкінбай сонда да өзеуреп, әрірек алғысы келген ниет танытты.

— Оу, ақсақал, иегіңдегі сақалдың бәрі бұл даланың шөбін жейтін жылқы деп келесің бе? Басқаға да бірдеме қалдыр. — Нұрлан әдеттегі қалжыңына басып, күлім-күлім етеді.

— Е, жиенжан, мен жемесем, адамбай Тұрсын жейді. Он жеті ұлым он жеті ауыл, әр күнгі қонағы жүз жетпіс адам. Өскен өріс деген осы болады, өзім түгіл қонағымның да жайын ойлап келем де. — Көшкінбай Нұрланға қарай оқыс бұрылды. — Бір сойқанда жазым бола ма деп жүрек дірілдеген жалғыз ұлдыдан сақтасын.

Көшкінбай атадан жалғыз аяқтап келе жатқан Қияштың Нұрланының өспеген тұқым екенін бетіне бастым десе де,

қапы кеткенін біліп, бармағын тістеді. Нұрлан жауапқа іркілмеген.

— Сұңқар жалғыз жұмыртқа табады, баласын қыран дейді, ит он күшік табады, көп болса жақсысын үй қорыған төбет атайды. Нағашы, осының қай жағына тұрасыз?

— Әп, бәрекелді, іліп түстің. Мына төбе менің айыбым болсын, — деп Көшкінбай Шойынтастан арғы биікті тастап жүре берген.

Жаман Тағылының бір шоқысынан тұсаулы атын сайға тастап, бір тұрып, бір отырған біреу көрінген. Үйелмендей неме екен, сайдағы аты да, өзі де осынау жерден бір қарамдас. Сайдан қоян аңдыған күшігендей қорбиып, жолаушыларды баққан пейілі байқалды.

— Әй, анау Қашқынбай... Қашекең батырдың өзі ғой.

— Оны қайдан таныдың?

— Алаяқ ат со кісінікі. Және анау дене...

— Жарықтық, осы жерден күткен екен ғой бізді. — Көшкінбай ат басын іркіп тұра қалды. — Сұңғыла ғой үлкендер.

Осы топтың ізімен салып келе жатқан жалғызды Серік манадан байқаған. Астындағы жорға екен. Сыпыртып келіп-ақ қалды. Үстіндегі жігіт те бейтаныстау.

— Жүрісі суыттау екен. — Не боп қалды дегенді осы сөзбен білдірген Көшкінбай айналшақтай берді.

Суыт жүрістен ақ көбік басқан атын алқындырып тоқтаған жігіт сәлем берді. Астындағы атының ені қаракесектікі болғанымен, жігітті таныған ешкім жоқ.

— Қай туысқансың, шырағым?

— Қараның аулынанмын.

— Аманшылық па, әйтеуір?

Жігіт аман, не жаман деуге тілі келмей, қиналыс білдірді. Сонан маңдайының терін сүртті де, Серікке тіке қарады.

— Мені сізге жіберіп еді.

— Кім?

— Қаракең.

— Жайшылық па?

Айта берейін бе дегендей жігіт тағы айналаға көз тастады. Ағайын өзара сөйлессін дегендей Нұрлан да өз адамдарына ым қағып, ат оттатқан боп ұзай берді.

— Біреулер Өскеңнің үстінен арыз айдап, біраз старшын қол қойып, болысқа мөр бастырыпты. Әлгі келген приставы да Өсекеңе өштеу ме, қалай, әйтеуір, дігірлеп әкетіп барады. Қағаз қалаға тисе, итжеккенге жібереді деседі.

— Ал, — деді Көшкінбай. Көз қиығымен Серікті бағдарлаған. Серік сазарып тіс жарар емес. Өскенді досы деуші еді, не ойлағаны бар мұның.

— Сосын Секеңе хабар бер деп мені жіберді.

— Көшке, — деді ат тізгінін жиып алған Серік, — менің қайтуым керек сияқты. Ендігі қалған аз-мұз шекараны өзіңіз де бөлесіз. Рұқсат болса осы жерден оралайын.

— Енді өзің біл, — деп Көшкінбай қауқалақтап қалды. — Япыр-ай, Өскен ендігі жастың ішінде елге ие бола ма дегеннің бірі еді. Қастассақ та қарындасты жауға байлап, қағаз домалату ендігінің жетесіз ұлына өнеге бола ма деп шошимын.

— Тырнадан жасауыл қойсаң, төбеңнен қиқу кетпес деген де. — Серік ат айылын қайта тартып мінді.

— Рулы ел ақсақалдан аспай, бір тайпаны көсемі мен шешені жатқызып өргізуші еді. Енді не болдық?

— Қошқар көп болса, қой қысыр, тыңдалмаса, аталы сөз қысыр. — Серік атына мініп, артына бұрылып қарамастан ұзай берді. Былай шыға қара аулынан келген жігітті, — Приставтың қалаға қайтқанын хабарлаңдар, — деп қайырған.

Оңаша қалғаннан кейін де Серіктің ойынан елі үшін қамығып айтқан Көшкінбайдың сөзі қалмады. Не болар екен бұл елдің ертеңгі күні дегенді Жанғұтты мен Дүйсенбайдан да сан естіп еді, енді Көшкең қайталап отыр. Домалақ арыз деген етек алып барады. Сойылдасып жеңер көрінген жау емес, ара би салып бәтуаласар аталы дау емес, елге іріткі бір пәле. Біреу ұлыққа жағынып, орыстың сеніміне кіріп шен тақсам деп жазады, біреу кек алсам деп қағаз түртеді. Бұ несі?

Енді қайтіп халық оңады. Әлде шындық Шортанбай ақынның «ұзын аққан Сарысуды өзің жайлап, жағала» дегенінде жатыр ма. Сонда ақын елінің еркін болуын көксегендей-ау, сірә. Онда патшаға бағынбау керек те.

Кештетіп келіп, аттан түссе де, түніменен тағы ұйқысы келмеді. Кешегі өткен үлкендерден естіген сан сөз миын

шатастырды. Оның үстіне мына Өскеннің жағдайын қайтпек керек? Приставы едірейіп алса, кері кеткен би-болысы тағы соның желеуінде болса, жең ұшынан жалғасам дегеннен де, тізе бүгіп жалынғаннан да ештеңе шықпас. Өскенді шырмаудан құтқару үшін сол маңайдың да жен білері қолдан келгенін істеп жатқан шығар. Сол ауылға барып, көз сүзушінің қатарын көбейткеннен не өнеді. Ендеше қолдан келген не айла, не шара бар?

Серікті мазалаған ойды Өскеннің әкесі Қараның ел арасына тарап кеткен бір уақиғасы ойға түсіп, біраз серпілтті. Қарқаралы дуан боп бекіп, осы болыстық шыққан кезде бөлек кернейге Қаракеңді би қып сайласа керек. Өзімнің аузыма қараттым деген елінің би-болысын ояз жылына дуанға бір рет жинап, жоғарғының указын, өзінің ескертпесін айтып, жиналыс өткізеді екен. Асықпай тұрып, баптап шайын ішіп үйреніп қалған дала қазағының бірі осы Қаракең сол жиналысқа кешігіп қапты. Келсе қызынып алған қызыл ояз сілтеп тұр екен, есіктен кіріп, енді не істерін білмеген Қараға дүрсе қоя береді.

— Неге кешігесің?

— Сағатымыз болмаса қайтеміз? — Қара асықпай-саспай көрші үйден бірдеме сұрай келген кісідей, сақаулап сөйлеп, іш пыстырып-ақ тұр.

— Онда сағат неге сатып алмайсың? Соған да байлығың жетпей жүр ме? — деп күйіп-пісті ояз ежірейе түсіп.

— Танымасақ қайтеміз.

Жиналған жұрт ішінен мырс-мырс күлкі естілген. Аузын басып тұншыққандар да жеткілікті. Сөз сайысына көбінің қыбы қанатын секілді.

— Е, хат білмесең неге би боласың?

— Халқымыз сайласа қайтеміз, — деп тағы қарап тұр. Өзін зорға ұстап отырғандар қыран-топан күлкіге батыпты.

Қарқаралы оязының қазағына ұзақ жылдар күлкілі әңгіме болған уақиға Қараның аты аталса қоса жүруші еді.

Бір сәт көз ілгені болмаса, Серік бүгінгі түн ұйқтап жарытпады. Күн шыға орнынан тұрып, сыбдырсыз тысқа шығып кеткен. Ауыл әлі ұйқыда. Ұйқысы аз бірен-саран қариялар болмаса, тырс еткен ешкім көрінбейді. Сонау

еңістен тайпалған жорға мінген жалғыз атты көзге түсіп еді, ат басын бері бұрғандай. Танып отыр. Кешегі Қара ауылының азаматы. Ауылға таяған сайын ат басын іркіп, Серіктің жанына аяңдатып кеп тоқтаған. Өңінде шаршау да, жабырқаулық та бар.

— Иә, не жаңалығың бар?

— Қоржын толы пригауарын артып, пристав кеше түсте ауылдан шығып, қалаға қарай кетіпті.

Арқандаулы Кербалақ атты суартып, ер салдырған. Ертеңгілік асын асығыстау ішті, сенгені жанторсықтағы сусыны менен қалтасына салған бес-алты сықпа. Кеше түсте кеткен пристав жолшыбай бір ауылға қонарына көңілі сенген. Алды аяңдап, арты бүлкек қаққан Кербалақ ат жер табанын қуырып-ақ келеді. Ат әлденеше тезек тастап, денесі қызды-ау деген шамада жосылтып-жосылтып алды. Жолай кезіккен ауылды айналып өтіп, не малшы, не жүргіншіге жолықпай, Қарқаралы қайдасың деп тарта берген. Кең даланың асуына күн батуға арқан бойы қалғанда зорға ілікті. Жаңадан өткен із бар ма деп ат үстінен еңкейе жүріп шолып, сезікті ештеңе көзіне ілікпеген соң «уһ» деп аттан түсті. Енді ғана жеңілейіп, қанжығадан жанторсығын шешкен. Күні бойы шайқалған бал ішмыздан бірер жұтып:

— Иә, Алла, сәтін бере көр, — деді.

Өскен мен екеуінің достығы да қызық басталған еді. Бірін-бірі бұрын таныса да етене жақын болуы тағы да әкесі Қарамен байланысты. Керней ішіндегі бір тойдан қайтып келе жатқан. Күн кешкіріп кетті. Сонадайдан көрінген ауыл Қаранікі. Жанындағы жігіттердің бұл ауылға түскісі жоқ.

— Қаракең қонақасы бермейді, аш жатамыз ба? — дейді.

Жолдастарының сөзіне Серік сене алмады. Келген мейманға барын беріп, көңілін ашпайтын қазақ болушы ма еді. Шық бермес Шығайбай ертекте ғана деп түсінетін. Қараның қоңырлау үйіне ат басын тіреп түскендерді жеті-сегіздегі жас баладан басқа жөндеп қарсы алған да ешкім болмады. Қотандағы қой сауған қатындарды шыр айналып біреу жүр. Қараның өзі десті жігіттер. Қонақ келді-ау деп мойын бұрған және ол жоқ. Ошарылған жолаушылар үйге

кірерін де, кірмесін де білмей дал. Үлкен адамның қисық мінезінің бірі боларға санаған Серік ақырына дейін шыдауға іштей көнген. Бір кезде бұрылып үңіле қараған шал бері жүрді. Жапыр-жұпыр амандасқан жігіттерге:

— Ә, балалар, кештетіп не ғып жүрсіңдер? — деді де жолаушының жөнін естіп барып, — ә, жарайды, үйге еніңдерді зорға айтты.

Қараңғы түскенше оны-мұны айтып мезі қылған шал

— Ап, енді ақ ішіп жатыңдар, — деп бір-бір шара айран әкелткен.

Күні бойы ат үстіндегі жігіттер ашығып қалған ба, шараны төбелеріне бір-ақ төңкерді. Серік ауыз тиіп қана, Алла разы болсын айтқан. Сол түні де іргеден шілделік шырылдап ұйықтатпады. Әрі Қараның сараңдығына да таң еді. Сонан ел қыдырып, жақсы-жаманды тани жүрген Шөже ақын айтты деген бір ауыз сөзге сенді. Ақын әуелі Қараны мақтапты деседі. Өлең атаулыны жек көретін Қаракең құлағын бітеп, теріс қарап жатса керек. Сонда Шөже:

Атаң Жомарт болғанда, әкең Бәйтік,
Аулыңа келіп қалдық өлең айтып.
Ақынға әр уақыт ел жомарт еді,
Тап өзіңдей кереңді көріп қайттық, —

депті. Ақынның уытты тілінен сескенген Қара еріксіз басын көтеріпті.

— Әй, бәйбіше, ананы қақсатпай бір теңге сөлкебай беріп құтылшы. Содан бері «Кәкеңнің берері жоқ, жаны ашыды» деген мәтел бар еді.

Бір аяқ айранмен жатып, іші ұлыған жігіттер қазан қамдар деп тықыршыды. Ертеңгі асы тағы ақ шалап шайдан аспады. Серік тағы да кесені ауыз тиіп қана қайтарған. Сараң болғанда да мынау ессіз екен ғой деді іштей. Кеше Кенесарының қолында болыпты-мыс. Мына бетінде көтерілген жұртқа еріп неден үміт етіп, нені көкседі екен. Қараға тесірейе қараған Серік осының ұшығына жете алмай отыр. Ірімшіктің шетінен бір сындырып ауызға салып, шыныаяқтағы шайын зорға тауысқан жігіттер Серікке қараған. Серік дәм қайырып атқа қонды.

— Ақсақал, — деп саңқ етті Серік, — қазақ қырықтың бірі Қыдыр деуші еді, қонақасынан жаңылмайтын. Біз

ырысыңды ішіп кететіндей шошыдың, ендеше оны ит жалағандай етем. Төрт күн өтіп, бесінші күні ауылыңды шабамын. Дайындала бер ағайыныңды жинап.

Серік жүріп кеткен соң Қара жаман сасқан. Мейманға қонақасы бермегені үшін шауып жатса, мына ел қол ұшын бермейді.

— Шап! Өскенге шап! Мына Серікті сол ғана тоқтатады,— деп малшы жігіттің бірін жұмсаған.

Түтігіңкіреп келе жатқан Серіктің көзі алдағы асуда олай да бұлай көлденеңдеп жүрген жалғыз аттыға түсті. Жалғыз атты тап осыларды күткендей атынан түсіп, сонадайдан сәлем берді. Өскен екен.

— Серік құрдас, қайтарыңда осы жерден өтетініңді біліп, тай сойып, кешеден бері күтулімін. Замандасың мен тұрғанда қиқар шалдан не табамын деп бардың екен? — өскеннің бұл шыны еді әрі әкесінің шапқыншысы жеткен соң өзі еріксіз жол торыған.

Өскеннің үйіндегі қонақасыға Қара да келген. Кінәсын көп сөзбен жуып-шайғандай болды. Серік аттанарда Қара айыбым деп ат-шапан тартқан.

— Мен сізден ат мініп, шапан кимей-ақ қояйын, — деп Серік атын өзіне қалдырып, шапанды Өскенге жапты. Сонан бері Өскен екеуінің арасы тым жақын.

Күн де батып барады. Кенет Кербалақ ат пысқырып-пысқырып жіберді. Сәлден кейін ат тұяғының тықыры естіліп, қалың ағаштың бұрылысынан жалғыз атты жүргінші көрінді. Бұл соңына ергендерді ауыл-ауылына тастап, енді қалаға жалғыз беттеген пристав еді. Қапылыста шыға келген Серік бас салып, мылтығын тартып алған. Көзі атыздай боп, мұрты едірейіп кеткен приставта ес жоқ, қалт-құлт. Қоржынын шештіріп, ішіндегі бар қағазды өз қолымен өртеттіріп, оғын суырған мылтығын лақтырып тастап:

— Енді осындай жалалы жұмыс жасасаң, ағашқа асып кетемін, — деді де жүре берді.

Арада он шақты күн өтпей жатып Серіктің өзі үстінен арыз жүріп, басын қорғауға мәжбүр болды. Әкесі Бөде үш жүз көкмойын жылқы біткен Мықтыбайменен ежелден араз. Айта берсе бұл араздықтың түбі жігіт-желең шақтағы қыз-

қырқынның ойын-тойына кетеді. Сонан бері қабағы Еспай балаларына бір түзелмеген Мықтыбай Серіктің кейде қол жұмсап жіберетін ожарлығын, ерегіскеннен барымта жасап кететінін де пайдаланып қалғысы келген.

Өзі де зорлықшыл Мықтыбайдың Айбегі қойшысына шу асау ат беріп, осыны мініп мал бағасың деген. Өзі момын әрі жасы келіп қалған кісі еді. Бір жағы ауа жайылған малмен алысып әрі шу асау атпен арпалысып жүргенде басындағы тымағы ұшып түскен. Алайын десе енді қайта атқа міне алмайды. Сөйтіп тұрғанда Серік кез келіп, бас киімін жерден ат үсті іліп алып, сілкіп жіберіп ұсынғанда көзі шатынаған асау оқыс жалт берген. Малшы ат үстінен доптай ұшып, бір аяғы үзеңгіде қалған. Асау малшыны сүйретіп, көрініп тұрған ауылға бір-ақ тартты. Оқыс құлаған әрі ат сүйреткен қойшы тіл тартпай кеткен.

Сылтау іздеп жүрген Мықтыбайдың Айбегі аңдып жүріп тау ішінде Нарымбекті ұстап алып, қол-аяғын байлап, «Серік кісі өлтірді» деп приговор бермесең, өртеп құртамынға салып, мөрлі қағазды қолына түсірген.

Мына сұмдықты Нарымбектің жігітінен естіген Серік Айбекті дуанға бара жатқан жолында ұстап, приговорын жойдырып, өзін сабап жіберген еді. Оның үстіне Айбек ердің қасына ұрып, мұрнын бұзып, оязға барған кейпі қанжоса. Серіктің үстінен ұры, кісі тонаушы, зорлықшыл деген шағым түсірді. Оны осы елдің приставы да қостады.

Серіктің басына қара бұлт үйіріле түсті. Ел арасының даулы мәселелерін шешеміз деген Шербашнай Қызылшоқы сиязына Серік әкесі Бөдемен бірге ояздың ерекше пәрменімен шақырылған. Пристав та қарап жатпай старшын, болыс дегендерден Серікті ұры қып көрсетер қағазды қалың жинап жатқан сияқты. Ел іші дүңк-дүңк. Бәрінің аузында осы жолы Серікті құртады екен, ұлықтар әбден өшігіпті. Мықтыбайдың Айбегі той жасаймын дейтін көрінеді.

Шақырған соң бармасқа болмасын ұққан әкелі-балалы екеуі жолға шыққан. Екеуі де еңкейген кәрі әкесі Еспаймен қоштасып шықты. Енді айналып бұл босағаны аттайтындарына сенім жоқ. Алқақотан тігілген ақбоз үйлердің нақ төріндегі үлкен ақ ордаға ояз түскен. Кіріп-

шығып жатқандары көп. Есік алды толған пристав, урядниктер. Бөденің жүрегі солқ етті. Іші бір жамандықты сезгендей.

— Сен жақындама, мен жалғыз барайын, артын бағарсың, — деді Серікке.

— Мен барайын.

— Жоқ! Сенің ісің қиындау болады. Олай-бұлай болса, бұл жерде қалма.

Ортадағы ақ ордаға таяна берген Бөдені мұртты пристав ақыра қарсы алды. Аттан жұлып түсіргендей етіп, оязға сүйреп, алды-артына қаратпай айып тақкан. «Зорлықшылдың әкесі, ұрының жебеушісі». Осы айыпқа мына приставтың тізерлеуімен талай болыс мөр басыпты. Ендігі сөз өз болысы Нарымбекте. Нарымбек мына пәлелі істен басын күні бұрын алып қашып, сүзек ауруымен жатыр деп, орнына Ескенені жіберген.

— Әкелі-балалы ұры деп мөр бас, — деді ояз.

Сонау бір өткен уақытта әкесі Әлекеңді шиге орап сабағанда үстіне құлап, айырып алған осы Бөде еді. Мөр басуға қимады. Баласы Серіктен де көрген жаманшылығы жоқ. Ертең ел бетіне қалай қарар?

— Жымысқысы бар деп естимін, өзім көргем жоқ, — деп жалтарды Ескене. — Мөр басуға... мөрім ауылда қалып қойыпты.

Ашулы ояз Ескененің мөрінсіз де Бөдені Қызылжарға сол бетте айдатып жіберді. Бес атаның жақсылары боп жиналып енді Бөденің ісін бұзуға ақыл қосқан. Серікті көрінуге болмайды десті. Қуушы келіні Рысжан, атқосшы ретінде Серік, жолбасшысы Көшкінбай боп жандаралға баруға шешкен. Басты сылтау — өз болысының ұры деген пірғауары жоқ.

Қызылжардағы Балтабас арқылы Көшкінбай жандарал маңының адамдарымен жақындасты. Олар Рысжанды жандарал әйелімен жолықтыруды ұұымдастырған. Қазақтың сұлу келіншегі жандарал нақсүйеріне өте ұнады. Оның үстіне «сый» деп тартқан тай тұяқ жамбы да жол ашты. Шығынға деп әйеліне тағы біраз ақша кеткен. Ақыры іс бұзылып, Бөде босап шықты.

Той жасап қарсы алған еліне Бөде аттан түспей тұрып:

— Сендер мына Ескенеге өкпелі шығарсыңдар, осы істің бітуі әуелі Құдай, сонан соң Ескененің мөрінің жоқтығы болды, — деп басалқы айтқан.

* * *

Биылғы жаздың ыстық болатындай түрі бар. Шілдеде басталатын аптап құралай өте-ақ көтеріліп, тіршілік атаулыны қуып тықты. Қыс қыстауынан жылжып кеп осыдан ай бұрын Тастыбұлаққа қонған ауылдың тірі жаны көзге түспеген. Ит екеш ит те көлеңке сағалап ырс-ырс. Басаланың басына шығып, етекте жусаған қозысына көз жүтірткен бала да тайын тұсап жіберіп, түп қарағанды паналапты.

Алқақотан отырған ауылдың төріндегі сегіз қанат боз үйден ғана коп баланың шуылы шығады. Іргелете тігілген әнебір қараша үйден шыққан кемпір кимешегін көлбеңдете келіп боз үйге бас сұғады да, төрде отырған ақсақалдан ишара болмаған соң кәкір-шүкірімен айналысады. Алдындағы қалың кітаптың бетін асықпай аударын қойып кемпірінің жүрісіне көз тастаған Жәнібек ақсақал езу тартты. Елге көк Бибі атанған бәйбішесі кей-кейде өзіне де мінез көрсететініне іштей күлген. Жаратушысы ойдан кенде етпесе де, дәулеттен жарылқай қоймапты. Босағасына біткені он шақтыдан аз-ақ асар жылқы, елу шамалы қой, көш-көліктік қана түйе. Оның өзі әне ана күлге аунап жатқан жапырым оркеш қара атан.

Мына бәйбішесі кейде апталап жол жүріп қайтқанда жетегі болса:

— Әй, Жәкең келе жатыр, карсы алыңдар, — деп дүрліктірсе, кей-кейде әлдекімнің бергенін әлдебір қаріпке тастап бос қайтқанын көрсе:

— Жәнібек келеді, — деп қатулана тіл қатып бала-шағаны бәріктіреді екен.

Дүние бок кімді мұратына жеткізген, тәңірі бергенін баянды қып, берерін тауыспасын де. Әзір аштан өлген қазақтың моласын естіп көрген жоқ. Ел сыйласа, айналаға тәлім беріп, ілімінің шапағатын тигізе алса болды емес пе. Құдайдың сол бергеніне де шүкіршілік. Кедей байға, бай Құдайға жетем дегеннің де дұрыс-бұрысы бар шығар.

Сегіз қанат үйдің ішіне үш жікке бөлініп отырған балаларға барлай қарады. Сәйгелдіге мешіт салдырғаннан бері осы айналаның жасына хат танытып, адамзат ұлын ғасырлар бойы өзара сыйластыққа, тәртіпке шақырған шариғатқа баулып келеді екем. Оқу қонбағаны ең болмаса әліпті танып кетіп жатыр. Бұған да шүкіршілік. Мешітке қыс бойы жақын маңдағы Өтеген, Томамбай, Белгібай, Қойшыбай ауылдарынан келіп оқыған балалар бүгін де сонысын жалғастырып жатыр. Осының біразы түс ауа тайларына міне жарысып, ауыл-ауылдарына тарайды. Күндегісі осы.

Үш топқа бөлінген балалардың сол жақтағысы әліппеге жаңа түскендер. Малдас құрған балалар тізесіне сүйеген кішкене тақтаға борменен жазу-сызудың неше үлгісін салып, машықтанып жатқандай. Онысын Жәкеңе көрсетіп, қайта түзетіп, нобайға келгенінше талай күн әуре. Әр әріптің атын жаттап, таңбасын түсіріп, келесісіне ауыса бермек.

— Әліп — ісін — ә.

— Би үстінде бір ноқат.

Ортадағы топ Әптиекті бітіріп, құранға көшкендер. Солардың ішінде туысы Дүржекеңнің Әбдірахымы да отыр. Оқытамын деп атасы әуре, қисық тартып немересі әлек. Ой, анадан ештеңе шыға қоймас. Бір күні Дүржекең Әптиектің бетінің әр жерін тырналап отырған Әбдіраштың үстінен түсіпті.

— Мұның не?

— Мына бір шоқпарбас неме аузыма түспей, ылғи Жәкеңнен таяқ жеймін, — деп «миым» деген әріпті бүкіл кітаптан өшіріп отырса керек.

Сүйретіп қосқан тазы түлкі алмас деген. Ықылас болмаған соң әрі қарай оқыта беру де екі жаққа бірдей азап. Мүмкін қорыққанынан иілер деп Жәкең бір-екі рет дүрелеп те көріп еді, онысы да ем болмаған сияқты. Қазір ең болмаса намаз сабағын үйренсе деп жүр.

Оң жақтағы топта бес-алты бала отыр. Әліппенің азабын да, құранды қырағыттап оқудан да жаңылмай өтіп, Мұхтасарға іліккендер осылар. Ішінде үміт күтетіндері де аз емес. Тірліктің қысқа жібі күрмеуге келмей қалмаса, ана

Бақтайдың Мұқашы, Байжанның Исасы, Ақмағанбет, Қонжандардан көшелі азамат шығатынына көңілі сенген.

Жәкең «ұранға көшкендердің бір ауық аятты жаппай асықпай, салмақпен дауыстап оқуын талап ететін. Онысы әлі де болса құран сөзіне жаттыға қоймаған, кейбір әріпті жете тани алмағаны ілесе кетсін дегендік. Екі-үш жақсы үйренген балаға аятты қайталатып, сонан үлгерімі нашарына оқытатын да, қатесін шәкірттеріне шығартатын. Онан кейін құранның тәпсірімен жұмыс істейтін, араб тілінің ұңғыл-шұңғылына қанықтырып, әрқайсының өз бетінше дәріс етуіне рұқсат беретін.

Шәкірттерінің сабағын бір мезгіл бақылап барып, көңілі жайғасқан Жәкең жақында ғана Бұхар медресесін бітіріп келген Күмісбектің сыйға тартқан кітабын колына алса да, алғашқы бетін аударған қалпы ойға шомған. Алыстағы осы медресені Күмісбекпен бірге Ысқақ, Кәрібайлар да тәмамдапты. Үшеуі де жұрт аузына іліне бастаған. Иллаһим, Алла алдын оңғарсын. Өзінің әсіресе мына Күмісбектен үміті зор. Дін жолымен қоса ел сөзін де ұстаған азамат болар ма дейді. Кей жерде бірер шумақ өлең шығарып тастайтынын да естіп жүр, онысы да жұрт көңіліне деп келетін сияқты.

Дала толған талас қой. Таласып жатқандардың талапайласа да, ырылдасып жатқаны естілмейді, жұлқысқаны көзге түскен емес. Біреуі жері тарылып, діні мен әдет-ғұрпына дұзақ түсіп, танауы қусырыла дем ала алмай, іштей өксісе, қарсысы айласын тауып, шалқасынан түсіргеніне мәз, енді көңірдегін біржола суырып алуға дайындалғандай.

Күмбірлетіп мешіт салып, киіз үйді күңгірлетіп, шәкірт ұстап жатқаны да сол елінің қамы. Жерін тартып алғаны аздай-ақ ақ патша түбегейлі құртудың тағы бір жолы шоқындыруға кіріскен.

Жұмыр жердің арғы бетінде Әміркан деген ел үндіс жұртын елсіз-күнсізге айдап тастап, жоқ етіп жатыр дегенді сан естіген. Қазақ та соның кебін кие ме деп жаны шошиды. Не қылса да тарылып бара жатыр-ау айнала. Күнін көре алмасқа жеткен кей сорлы, әйтеуір, тірі жүрсін деп баласын мұжыққа берген екен, басына шаш, аузына түк түсіріп,

біржола шоқынды қылып жіберіпті. Онда да шошқасын баққан малайы, құны сұраусыз құлы.

Қайтпек керек деп шошынған ел суға кеткен тал қармайдылап, ең болмаса баламыздың көңіліне өз дінімізді құйып үлгерейік дескендей әр жерде мешіт сала бастаған. Сан ата жүген-құрық тимеген ұлын дүрелеп жүріп, молланың алдына беріп, «еті сенікі, сүйегі менікі» деп кеткен. Дін оқуының тәлімдік өнегесі шашетектен. Молла алдынан өткен сан шәкірт Шаянның, не Бұхардың оқуын тауысып жүр. Анау ноғай арасындағы «Ғалия» медресесіне де түсіп жатқандар аз емес. Сонда жалғыз бұл оқу көш жолынан жаңылған елінің бетін түзер, барын сақтап, жоғалғанын іздер жалғыз сүрлеу бола ала ма.

Мына күнбатыстың жұрты ғылымды бойлап, темір құрсанған неше түрлі тетікке ие бопты. Сонымен-ақ қазақ даласына бойлап кіріп, елге тізесін мықтап батыруда. Ендігі күн не болады деген жұртқа үркіншілік енгендей. Далбаса қылған кейбіреу әуелі баласын молладан оқытып, онан әрі орыс мектебінен жалғастыртып жатыр. Көп оқығанда колы жеткені тілмаштық, не мал дәрігері. Ең асса, иығына шен тағып, қоқиланған әпесер. Ондай әпесердің өзіңнен шыққаны да жаман екен, әлде орысына жаққысы келе ме, әлде болған-толғанын көрсеткені ме, жаудан жаман.

Орыс оқуын оқып та қазақтың жетісе қалатыны көрінбейді. Ол оқу бәріне де жетпес, жеткенінің түрі анау, шала орыс. Өйтем-бүйтем деп жүргенде қайран елдің басына тағы бір түнек орнап кетпесе не қылсын. Әлде Шортанбай ақынның үлгісімен жер-жерге тоған салып, отырықшылыққа айнала қойған жөн бе? Ата-бабасынан бері қарай көшіп-қонып, ат үсті күн көрген сері елі оған көне қояр ма. Отырықшы бола қалған күнде де бұл қазақтың қалыптасқан салт-дәстүрі қайда қалмақ? Қазақ деген сері елдің атын жамылған тексіз тобыр шыға келмей ме? Ертең байыған біреуі жер иесі шонжар боп, ағайынын құлақкесті басыбайлысы етпесіне кім кепіл?!

— Қайран ел, кайда барып күн көрерсің!

Жәнібектің даусы шығып кетті. Кітабына үнсіз үңілген имамның оқыс даусына шәкірт біткен жалт қарасқан да, өзді-өзі жымыңдасып, қайта оқуларына кіріскен. Бірі шарт

жүгініп, бірі малдас құрған шәкірттердің ішінде көзін ашып-жұмып қалғып отырған Әбдірахым ғана. Ұйықтап та кетер еді, Жәкеңнің көк шыбығынан қорыққандықтан теңселіп отыр.

Малтығып шыға алмай отырған қапалы ойын сәлем бере өрлеген Батырбек бөлді. Осы бір сәтте көптен қажытқан жанағы бір көп сұраудың жауабынан адасып отырған көңілі әлі де соның ырқынан босай алмай, кешегі шәкіртіне, бүгінгі осы елдің бір айтулы азаматына аңыра қараған. Осы Батырбек үйінде жатып оқып жүрген шағында-ақ ерекше ыждаһаттылығымен таң қалдыратын. Кей-кейде таңға жақын дәретке тұрғанының өзінде ұшып тұрып, кебісін ұсынатын. Бірер рет мұны аңғарған Жәкең:

— Балам, ұйқыңды бұзба, — десе де.

— Ілтипат ету міндетім ғой, ұйқы қашпас, — деген жауабы әзір. Кейін Жәкең «Батырбек ілімді менен үйренді, тәлімді мен Батырбектен үйрендім» дейтін. Осы шәкіртті де ана Апар асуының бір тұсына мешіт салдырған. Осы елдің байшыкеші жаз жайлауға шыққанда аса ауыр кілемдерін мешіт ішіне сақтауға тастап кететін. Соны естіген тақымы кеппес ұры Шағырай мешіт күзетшісінің ұйықтауын күтіп, есіктен сығалап отырса керек. Әлде кезегі, әлде жазу солай ма, мешіт күзетуге Батырбектің өзі келіп, түн жарымына шейін кітабын оқып, артын дұғамен қайырған да, бірі кәсіпсіздіктен, бірі далақтаған есерсоқтықтан ұрлық-қарлыққа бой ұрған біраз жұрттың келер күнін ойлап, өзінше қайғырған.

— Е, жаббар ием, Шағырайдың халі махшар күні не болар екен? — деген сөз аузынан шығып кеткен.

Есік сыртында күзетшінің ұйықтауын күтіп отырған Шағырай біреу шоқпармен төбеден ұрғандай сілейіп тұрып қап, «Әулие екен мына кісі, біліп қалды мені» деп, кескен теректей табалдырық аттай құлапты.

— Моллаеке, е...ек...інші ұрлық қылмаймын. Міне қолым. Құдайдың алдында мені кешіре көр деп дұға оқыңыз.

Кешегі шәкіртінің жүзіне қарап аз-мұз аңырған Жәкеңді бұрнағы күннің осы елестері бір сәтке желпіп өткен де, келесі мезетте төрге өрлеген азаматтың сәлемін алып, ел амандығына қарай ойысқан. Дәріс үстіне кірген адамға

аландап, шәкірттер де бір мезгіл оқуын тоқтатқан еді, Жәкең:

— Е, балалар, сендер де әңгімені тыңдай отырыңдар. Әркім әр әңгімеден керегін алады, кеше үлкендер солай деген сөзді келесі ұрпаққа жеткізеді,— деп біржола арқа-бастарына кеңшілік берді.

Үлкендердің әңгімесі өрістей түскен. Тәрбиелігі мол Сүлеймен пайғамбардың басынан кешкендерінен бастап, көне кітаптардағы талай сыр ауызекі тірі сөзбен әсерлі құйылып жатыр.

— Ақырзаманның адамдарының аузы от боп кетеді, — деген ғой. Батырбек «не қосасызды» емеурінімен білдіріп, ұстазының бетіне қарады.

Бала Көпжан жанындағы Мұқашты түртті. Адамның аузы от боп кетеді дегенге талай шәкірт шошып қалса керек, елең-елең.

— Аузында от жанып тұрса күйіп қалмай ма?

— Тамақты қалай ішеді?

— Ол сорлылардың халі нешік?

Жас шәкірттердің арасы абыр-сабыр. Қозғалақтап, бір-біріне сұрақ қойып, жауап күтіп, жас көңіл ала құйын ойнаған.

— Тап солай жазылған көне кітапта. Адам ата тұқымы қырылып қалмаған соң ол күйге де бір есеп бар шығар. — Жәкең тура жауаптан жалтарып, бурыл тарта бастаған сақалын тарамдады да, жөткірініп алды. — Заманның соңы таяған сайын өмір тарыла бермек те.

— Оның, себебі қалай?

— Байқайсың ба, күн өткен сайын әркімнің пейілі тарылып, ниеті бұзылғандай. Пейілдің азаюы әркімнің тек өзіме болсам дегеніне әкеліп тірейтін де, ақыры заманның тарылуына соғатын жалғыз жол Молшылық — пейілдің кеңшілігінде, бақыт деген ықыласта.

— Онан шығар жол қандай?

— Е, Батыржан, тығырыққа тірелгендей хал ғой.

— Меніңше әуелі адамның тәліміне күш салу керек. Әзірше діннен басқа жолды көре алып тұрған жоқпын. Ағайынға сауын, қаріп-қасерге қайыр-зекет, азаматтың бір-біріне қайырымы шариғат оқуының негізі емес пе. Сені

мен менің талпынысымыз да осының ауқымындағы жағдай ғой.

Әуел бастан сұрақ беруші Батырбек те, жауап беруші бәрінің ұстазы еді. Енді Жәкең бүкіл денесімен қонағына бұрылып:

— Кейін келер заманда жұрттың бәрі бір қазанға қарайды дегенді естіп пе ең? — деп сұрады.

— Естідік қой.

— Соны қалай түсініп жүрсің?

— Қай қуаныш дейсіз, Жәке, оны. Әркімнің от басы өзінше көңірсімеген соң, не жылу қалады. Бүгінде біреуіміз қуырдақ, екіншіміз жаңа піскен нанға май жағып жеуді тілесек, онда суатқа қаптаған малдай не берсе соны ішіп, жуынды-шәйіндіні ас деп көңіл алдайтын бір уақыт болады да. Тек Аллам соны алыс етсін.

— Е, оған да жетпей қап жүрмесе мына қазағым деп қорқам, — Жәкеңнің жүзін тағы бір қапалық торлап, орамалын суырып, сәл тершіген маңдайын сүртті. — Ал енді көне кітапта сол бір заманда көк жүзінде темір құс ұшады деген де сөз бар ғой.

— Е, Жәке, — Батырбек еңсесін тағы бір салмақ кеп басқандай ауыр дем алып күрсінді. — Пейіл шіркін тарыла-тарыла ақ көңілдің орнын қулық-сұмдық басып, адам ұлы неше түрлі сұрқиялыққа бара ма дейсің іштей. Сірә, сұм билеген заманда әлдекімдер жер бетін ұйпап, тіршілігін құртып, темірмен әуей бола ма, ол арасына көз жетпейді.

— Е, Батыржан, жобаң дұрыс.

Көк темір құс боп ұшадыны естіген шәкірттердің тіпті есі шығып кеткендей, үлкені-кішісі ауыздарын аша аңтарылған. Ол кісілер біз үшін ойнап айтып отырған жоқ па дегендей, кезек-кезек екеуінің жүзіне жаутаң-жаутаң. Ойын түгілі жымың еткен нышаны да жоқ, әжім басқан өң, қатулы қабақ, кісі өлгенін естірткендей жер шұқыған хал Шын болды ғой мына сұмдықтары. Бала біткеннің тұла бойына белгісіз қорқыныш еніп, үрей билеген сана қайдағы бір жауыз күшпен өзінше арпалысқан.

— Көңілге түйген ой осы боп жүр, Жәке.

— Иә, көнені оқисың да, мына өмірмен салғастырып, ендігі беті не мына елдің, барар жол қайсы, тұрағы не, іздеп ми шатысады. Жеке қажисың. Кім түсінер мұңыңды.

— Иә, Адам ата ұлын талай ғажайып күтіп тұрған сияқты.

— Оның рас. Мәселен, сол келер уақытта жұмыр жердің арғы бетіндегі адам бергі беттегі танысымен осы өзіміздей сөйлесе береді дегенді де оқыдық.

Күні бойғы әңгімеден шошынып қалған шәкірттер енді таңдана таңдай қағысты. Қозғалақтасып, бір-біріне жалтақтай тіл қатысқан.

— Рас па екен?

— Айқайламай сөйлесе ме?

— Айқай қаншаға жетеді, сен де соғасың-ау.

— Керемет екен!

Аз-мұз өзара дуылдасқан балалардың жүздеріне қарап, екі үлкен өзара әңгімелерінің жас көңілден орын тауып жатқандарына сеніскен. Бұған да ризашылық дегендей сақал-мұртын сылап біраз отырды.

— Келер заманның осы өзгерісінің қайсысы пайда, несі зиян екенін біле алмай дағдарысады. Шұрайлы жерінен айырылып, елімнің босып бара жатқаны анау. Осы күнгінің бір күндік болыссымақтары мен ауылдың ат артына мініп далақтағаны бүгінгі ішкен-жегеніне мәз. Әйтеуір, алда бір тосқауыл, не бір қатер барын айтып жағы сембеген Шортанбайды «заржақ, пәлені шақырушы" деп жақтырмайды. — Батырбек күні бойы сүйеніп отырған қамшысын алдына тастады.

— Өйткені өзінде бар ғой, басқаның халін көруге көзін шел басып тұр. Сол Шортанбайды орыс ұлығына айтып, итжеккенге айдатып жібермегендеріне таңмын. — Жәкең ұйып қалған тізесін сипап, аяғын созды.

— Өзім болдым дегендей ғой.

— Дұрыс айтасың, ендігінің байы өзімнің ширақтығымнан осы халге жеттімді айтқандай.

— Ата-бабадан келе жатқан «ақ пейілім, адал ісім үшін Қызыр жанап, бақ қонды» деген ұғым бар еді. Қырықтың бірі қыдыр деп көлденең көк аттыны шақырып, үйінен ас беріп, бәйек болған ақ көңіл ел едік. Сонымызға қарай мыңғыраған мал біткен.

— Енді, міне, жерің де, пейілің де құрсауға түсіп барады. Сонда мынау елдің бақ қонған заманына көңіл бөлуі аз. Көне кітап түгілі көненің сөзін жүре тыңдап барады-ау.

Екі үлкеннің әңгімесінің бірде шошытып, кейде таң қалдырған «аузы от адам», «темір құс» туралы тұстарында серпіле құлақ түрген Әбдіраш ендігі сөз қайдағы бір Қызыр, бақ туралы боп бара жатқан соң зеріге бастаған. Ақыры онсыз да қысық көзі біржолата жыртия берді де, қор етті. Әуелде өз қорылынан шошып, басын көтеріп-ақ алған еді, Жәкеңнің көк шыбығының қимылсыз жатқанын көріп, еркін көсіле аяғын созды да, оң жамбасына аунай қисайды.

Үйқыға кіріскен шәкірттің ендігі халіне қарап, Батырбек жымың еткен. Оның езу тартқаны Жәкеңнің көз қиығынан шет қалмаған. Шыбықтың ұшымен Әбдірашты түртіле-генінен мән шықпады.

— Мына немені тұрғызып жіберіңдерші. Ал басқа жалыққандарың болса, кете берулеріңе рұқсат, балалар.

Жәкең қонағына сусын алдыртқан. Биік сабаны пісіп-пісіп құйған қымыз көпіршіп, танауды атып тұр. Жәкеңнің сегіз қанат үйіне жиналған шәкірттердің тым жастауларынан басқасы арқаларын керегеге сүйей-сүйей еркінірек жайғасып, әңгіме тыңдайтын бет білдірген.

— Әйтеуір, мына заманымыз күрт өзгеріске ұшырап бара жатқандай болады да тұрады маған. — Батырбек жартылай таусылған шараны шайқаңқырап тағы ұрттады да, алдына қойды. — Әр елдің заңы басқа, иттері қара қасқа деуші еді, сонан ба... Маған түсініксіз жағдай көп. Бұрын халық бәріне ортақ көне ұғыммен, ерекше қайырым-мейіріммен өмір сүретіндей, енді сонысынан айырылып, жаңа ештеңе таппай, киімінен жұрдай болған кісідей көрінеді де тұрады.

— Е..,— Жәкең бурыл тартқан сақалының ұшынан ұстап, көзін сығырайта алысқа тесіліп, ұзақ отырды. — Е.., несін айтасың. Сол сен айтып отырған қайырым-мейірімің, қонақжайлығың әр елдің тәлім— тәрбиесінен, өмір салтынан болар, соны бала жасынан бойға сіңіруден шығар. Қызыр бар дегенге сенбей, бақ қонды дегенді сарыала шекпен киген ұлықтан деп түсінген заманға жеттік. Ел бүлінді деген осы да. Бұрынғы солай еді деп тағы кімге түсіндіргендейсің.

— Соны айтам-ау. Қарашолақтың арғы атасына байлық бір бақсының айтқанымен бопты, соған басқа түгілі өз

тұқымы бүгін түгел сене ме? Жәке, осы мына Ақбиіктен арғы шоқыны Дәмеке дейді ғой, соның мәнін айтып беріңізші, бәрімізге ғибрат болсын, — деп Батырбек кереге жағалай отырған шәкірттерді нұсқаған.

— Оның дұрыс қой, Батыржан. Біреу нанып, біреу сенбестей көне әңгіме ғой.

— Соны осы жұрт түгел білмеген соң сұрағаным да. Алдындағы қымыздан сәл сусындаған Жәкең тамағын кенеген.

— Сонау ертеректегі заман болса керек. Тіпті қалмақ соғысынан әлдеқайда бұрын осы Тағылыны Керней ұрпағы Түрнияздың бәйбішесі Дәмеке деген кісі қыстапты. Сүйегі шаншар-айбике деседі. Келіншек боп түскен жылы қатты жұт болып, жылқыны шөлге айдап, түйені ғана қалдырып, жас келіншегін ескі қыстауға тастап кетіпті. Жас та болса Дәмеке анамыз қажымай түйеге күрек аршып беріп жүріпті. Аттылы кісі бойы қалың шидің әр түбі бір малға азық.

Жалғыз қалған кісіге әр нәрсе үйір емес пе, күндердің күнінде өзі жалғыз, аяғы ауыр келіншекке шолпы таққан екі қыз келіпті-міс. Бұлардың шайтан екенін Дәмеке де түсініпті-міс. Олар тысқа шығып кеткенде Дәмеке шашын суға малыпты да, орап қояды. Сонан соң шашын ана екі қызға көрсетіп тарайды. Келіншек не істесе, соны қайталап мазақтаған олар да шашын тарайды. Сонан Дәмеке өз шашына от қояды, су шаш жана қоймаса керек. Екі шайтан қыз да шаштарына от қойып, өздері өртеніп, әлекке түсіп жүргенде Дәмеке екеуін де ұстап алып, сабап, сиқырлы шолпыларын табанына тығып алады. Анау екеуінің жалынғанына, енді келмейміз дегеніне де көнбепті. Ақыры ол екеуі келіншек ұйықтағанда, шолпыларын ұрлап алып, қашып құтылса керек. Сол Дәмеке малды жалғыз өзі қыстан алып шыққан деседі. Сол кісінің он екі қарыс қазаны жарыла сынып, ана Дәмеке тауының басына көміп кетіпті дейді аңыз.

— Сол қазан тау басында әлі бар ма екен? — деп қалды шәкірт Көпжан.

Жәкең жауап қатпай, шәкіртінің бетіне тесіле қарап сәл отырды. Өңіндегі «мен барып көрді дейсің бе, іздесеңдер сәтін тілегеннен басқам жоқты» әркім оқығандай еді.

— Міне, солай, Батыржан. Аңыз солай дейді, ел оған сенген. Аңыздан үміт туады, үміт өмірдің жетегі тәрізді. Аңыз өшіп, Қызыр туралы түсінігі азайған ел өмір пәлсапасынан айырылып қалмақ. Адам қарынның тоқтығын тәтті үмітке жетелетіп отырса ғана молшылық болмақ.

— Оныңыз рас, Жәке. Адамға Құдай берерін тауыспасын деген ізгі тілек, барға қанағат, ынсап керек қой. Мына балалардың қояншы Ботпай бай туралы естімегені де бар шығар.

— Е, айта бер, ғибратты сөзден қашпас.

— Сол кісіге жиырма отар қой бітіпті деседі. Әлгі түндік басы салық түскенде орыс мал санауға шығып, қай сайға барса, алдынан Ботпайдың малы кезігіпті.

— Бұл кімдікі?

— Ботпайдікі.

Сонан қой санайтын не шарбақ, не қора жоқ. Бәрін қосақтауға арқан да жетпейді, әрі «балаң менен малыңды аузына бір алған соң алмайды деген немене» деп зарлаған Шортанбай сөзі құлағындағы ел де іштей санауға қарсы. Ақыры ебін таппаған санаушы орыс Ботпайдың таяғындағы кертікті көріпті де қайтыпты.

— Оның рас, Батыржан, айта бер.

— Ботпай жері мына Ақдоңғал ғой. Қой қора дегенді қазақ білмеген, талдың ығы, киіз ықтырмамен қыстай отыра берген ғой. Қазақта қырықтың бірі қызыр деген ұғым бар ғой. Ел Ботпайдың қызыры малшысы Беспай еді дейді. «Құдай Ботпайға Беспайды, Беспайға малды берді» дегенді сан естідім.

— Оның рас. — Жәкең төгіліп сөйлеген кешегі шәкірті, бүгінгі бір мешіттің иесінің райланған жүзіне риза бола қараған. — Жалғай бер сөзіңді.

— Беспайды үй-күйі жоқ, жалғызбасты адам деседі. Соңына ерген қос қара төбеті бар екен. Ботпайға «мен сенің қойыңды бағам» депті. Оның қайдан келгенін, ата тегін де ешкім сұрап жатпаса керек. Сол кезде күнде қосақ арасына кіріп, малды үркітіп, ит атаулыға жеткізбеген қара түлкі болса керек. Беспайдың қос қара төбеті түс кезінде келген түлкіні айналдырып, жібермей ақыры Ботпайдың үйіне қуып тығыпты.

Бұл жанап жүрген қызыр еді, келіп-кетіп тоқтамай жүрген бақ еді, орнады, — десіпті үлкендер.

—Міне, міне, тап осылай деген екен.—Жәкең қуана жымың қағып, айнала ұйып тыңдаған балаларға насаттана қараған.— Иә, иә, айта түс.

— Сонан Ботпайдың малы көбейе берген екен. Малшысы Беспай бел шешіп үйге жатпаған, түйе жабуымен қой шетіне түнеп, түнімен түс көрсе де ырғайттап, малын қайырып жатады дейді үлкендер. Бір жолы мал соңына зорға ерген ақсақ тоқты жоқ боп шығыпты. Беспай сұрастырып көрсе де ешкім жөнін айтпайды.

— Берген де, сойған да оңбасын,— депті назаланған Беспай. Ертеңінде Ботпайдың есерсоқтау бір баласының аты өліп, сойған үйдің иесі іш ауруға ұшырап, кешірім сұрап, зорға құтылыпты.

Кешегі еткен үлкендер малын санамаған, ішіп-жеміне де ие айнала ағайын малшысы болған ғой. Пейілі кең ғой жұрттың онда, енді, міне... — қолын сілтеді.

— Оныңыз рас.

— Пейілі тарылғанның мысалы ана Кенеліні айтшы.

— Ботпай баласы Кенеліге еншісіне жеті жүз қой беріп шығарыпты. Соған риза болмаған Кенелі «мына азғантай қой қораға жатпайды, ана Құттымбеттен тағы бес жүз алып берсін» деп ашкөздік жасапты. Сонда Ботпай «Мен жеке шаңырақпен шыққанда малым жүзге жетпеп еді, мына шіркіннің арты оңбас» деген екен. Сол Кенелі әкесі Ботпай қайтыс болған соң Беспайдың өмір бойы мінгені құлайғырға таласып, Беспайды өкпелеткен.

— Ана Қыпшақбайы ше?

— Ал Ботпайдың кенжесі Қыпшақбай Ботпай елген соң «қара шаңыраққа мен ие, айтқанымды істейсіңдерді» тауып алып, мінез танытса керек. Өзі саулық қойды бағып, Беспайды тоқтыға ие етіп қойыпты. Бір жолы ішінде ақсағы бар, ұзай алмайтын малын ауыл іргесіндегі дөңге жайғаны үшін «бұл жерге мен мал жаям» деп Беспайды сабап тастапты. Назалы Беспай:

— Мен де кетермін, артын да көрерсің, — деп бір түнде жоқ боп шығыпты.

Келер жылы топалаң тиіп Кенелінің, баспақ боп Қыпшақбайдың малы қырылып, екеуі де көгенсіз қалыпты.

Қазақта қазан аузы жоғары деген де жақсы сөз бар. Жұтап қалса да, бұл ел өзегін жалғай алмай қалмаған да. «Аштан өлген қазақтың моласы жоқты» аталар айтып, бізге де жетіпті

Жеке қойылған бақсының бейіті болса да мынау аштан өгендікі дегенді естіп көрмедім.

— Мына Қияштың Нұрланы мың айдаған бай.

— Е, оны көрдік қой.

— Қияштың әкесі бір жұтта азын-аулақ малынан айырылып, әйелін ертіп, баласын жетектеп, нағашы жұтын іздеп келе жатса керек. Сонан көпелі ел орнынан таптырмай, біраз қиналып, ашығыңқырап қалыпты. Өздері әрі аш, әрі қалжыраған, түп тобылғыны пана етіп жата кетіпті де, тәтті ұйқыға берілген. Таңға жақын баласының біреумен сөйлескен үні құлағына жеткендей. Әйелі жанында. Мұнысы кім деп кірпік астынан қараса сақалы белуарынан түскен ақ киімді қария тілі әлі толық шықпаған ұлы Қияшпен тілге келіп тұр.

— Айтпайсың ба? Опа қыласың ба?

— Айтпан. Опан, — дейді тілі келмеген бала қария сөзін қайталап. Бір жақсы жағдайға кез келгеніне іштей қуанған әкесі аз ба, көп пе, біраз жатып, басын көтерген. Жандарында ұлы жоқ. Бұл қайда деп бағдарласа, сонадай жерде жеті-сегіз байтал жүр екен, баласы солардың соңында. Әйелін оятып, көзіне көрінген жағдайды айтып, ерлі-зайыпты екеуі жылқыға жақындаса, байталдар үркетін тәрізді. Баласы Қияш барса, қашпай, жалын сипатады.

— Ә, бұл Қияшқа біткен мал болды, — деседі ерлі-зайыптылар. Сол бақ қонған жердің аты Айтпай-Опаң. Сол сегіз байталдан тараған мал мыңнан асты. Қазақ «бай болғанда бақырып бола ма» дегенді де айтады. Байи түсейін деп елдің апшысын қуырса, бақтың да бетін қайырғаны, қайырым кетіп, ашкөздіктің ескені.

— Тер ше? Тер... — деп қалды Батырбек.

— Тер, — Жәкең сәл түйіліп отырып қалған. — Тер төгіп, мал тапқанды да аталар айтып кеткен. Тек төгілген терден табылғанның тұрары мен құрарын айт. Құралмаса, Құдай құратпаса не істер ең?

«Малды баққанға, отты жаққанға» деген сөз еңбектің зейнет екеніне нұсқаған жол. Тек соның баянды болуын айт.

— Соған, Жәке, мысал келтірсеңіз. — Батырбек ұғып алыңдар дегендей шәкірттерге барлай қараған.

— Осы күні мына Шетпай жұрт қатарлы малды саналып жүр. Сол Шетпай жоқшылықтан жалға да жүрген.

— Кімге?

— Қазір ана Шу бойындағы Шағырлыны қыстаған Жапақ байға. О кісіге ол кезде сегіз мыңға жуық қой бітіпті. Шетпай Жапақта бес-алты жыл жалға жүріпті.

— Ақысы не екен?

— Жапақ мынаны ал деп кесіп айтпаса да «өз көңіліңмен біліп, мынау ақым дегеніңе өз еніңді сала бер» депті.

— Бұл да сенісу, қысқа ғұмырда сыйласу-ау, — деп қалды Батырбек.

— Несін айтасың, ендігінің қолынан сол келсе... Сонымен бес-алты жылдан соң Шетпай енді бөлініп шығуға Жапақтан рұқсат сұрапты. Сонда ен салған малы екі жүз жетпіс шамалы болса керек.

— Қазір қанша екен?

— Құдай құратты деген сол да, қазір мыңнан асады білем. Кейде осы сасық бақты ұқсату да жоқ-ау.

— Неге олай?

— Шетпайды маңайлап талай ағайыны жүр. Қарап отырсаң, кейінің үйі торғай паналамас жыртық қос. Ал ана Шетпайдың қырқылмаған қойларының жүні қайрақты мен Қақпақтастың бар қарағанының басында қалған. Киіз басып алу қолдан келетін жұмыс қой.

— Пәлі, сіз оны айтасыз, — деп Батырбек қарқылдап күліп, бір әңгіменің шетін шығаратын ниет танытты.

— Шетпай ауылының салақ қатындарының қотан басында түсіп қалған жабағы жүнді жағып, құрт қайнатқандарын да көрдім.

— Ең болмаса айна-тараққа айырбастамағаны ма?

— Құдай осы бергенін бере береді дейтін шығар. Байлықтың іріп, бас білмес ұрпақты шірітетінін білмегені де. Түбі қазақтың әркімге жем боп бара жатқаны да осыдан болар.

Ауылдан түс ауа аттанған Батырбектің соңынан іле-шала шәкірт балалар да тай-құнандарына мінісіп, шыға жарысып, ауыл-ауылдарына тараған. Батырбекпен құрған сұхбаты Жәнібектің іште құса боп жүрген талай ойын ортаға салып, сөз түсінер ұрпақ барына көзін жеткізіп, біраз серпілткен. Таспиғын тартып жатып қалғып кетіпті. Сырттан дабырлаған дыбыс жеткен, іле сықырлауық айқара ашылып, сәлем берген үшеудің бойы көрінді.

Төрге өрлегендердің жасы үлкені ұзын бойлы, сәл имек мұрын, сопақ беттеу қара сұр кісі Мәмбетқұл Тұрбек. Оның соңында ат жақтылау, қыр мұрынды, қабағы түйілген қара керней Мергенбай тәуіп, үшіншісі соқыр қақпан ақын.

Төрге жайғасқан Тұрбек ауыл-аймақты, үй-ішінің жай-күйін ұзақ сұрады. Дәулеті шағын, кісісі көп осы үйдің кейде қоңылтақсып қалатынын біліп, қыс ортасы әдейі соғып, шошаласына кіріп, соғымның жайын байқап, жетегіндегісін көзінше сойдырып кететіні де болушы еді. Тұрбек осы ауылдың, осы үйдің өз адамы іспеттес.

— Текішекеңнің жылын берген екенсіздер, уақытында келе алмадық та, жүз көрсетіп шығайық деп келіп едік.

Өне бойы қолдан қолға өтіп, елге ем жасайтын Мергенбай келген жөндерін айтып жатыр.

— Текішекеңнің бәйбішесі Сәлиман марқұмның да қолынан сан дәм татып едік.

Мергенбай тәуіптің аты осы айналаға аңыз боп тараған. Атақты көкала деген ауруды емдеген де осы деседі. Ол үшін күнге кеуіп, қораның үстінде үш жыл жатқан бураның басы керек бопты-мыс. Соны суға қайнатып, ем істепті-міс,

Қымыз ішіп, біраз жайғасқан қонақтарға ауыл адамдарының сәлем берушілері де, әсіресе, бала-шағасын жетектеген ауру-сырқаулар да көбейген.

Осы ауылда Мырза қожа бар емес пе еді. Мұқай да..,— деп, Мергенбай тізіле қалған жұртқа қараған.

— Бар ғой, бар. Мырза қожа өзіңіз сияқты жаздың басында кетсе, күзде бір-ақ қайтады. Колға түспей жүр. Мұқайдікі жын оқитын қара кітап қой. - Жәкең жақын інілерінің жөнін айтып ақталып та жатыр.

— Жә, ендеше көрелік. — Мергенбай тәуіп жеңін сәл түріп, тамыр ұстап, емшілігіне кіріскен. Әбеудің келіншегі Сақып қайнысы Түсіп атын ұмытып қалып, санақшыға Шибұт деп жаздырып жіберген баласын сүйрете келіпті. «Ит тиген» дескен жұрт біраз ем қолданғанын, қасқыр өтін шабына, қолтығына жақса да, оңалмағанын айтып жатыр.

— Өтіп кеткен ғой. Қара тышқанның жүрегін жұтқызды-ңдар ма?

— Жоқ. — Тәуіптің сұрағына жасқана үн қатқан әйел бір адым кейін шегінді.

Мергенбай тәуіп осы маңда өлген иттің орнына баланы аунатып алып, киімін сол жерге жағып, жеті шырағдан қойғызды.

Сонан соң қаңсып қалған иттің басын суға салып ысытып, сол сумен баланы бірнеше күн шомылдыруын тапсырған. Қарандыздан, Тамырдәріден жасаған дәрілерінің талайын емге келгендер үлестіріп алып кеткен.

Кеш бата қонақтар арнаулы асын жеген соң әңгіме тыңдап, ақынның лебізін естуге жиналған жұрт үй-ішін көріп кетті. Сыймағанының көбі жастар жағы, бала-шаға керегені түріп жіберіп, көзінен сығалаған. Сөз кезегі өзіне тигенін сезген Қақпан ақын домбырасын ұзақ баптап алып, әуелі өзі пір тұтқан Шөженің сәлемге бас көтермеген тарақты Сағалға айтқанын төгіп жіберді.

Көктің көлі байлаулы биесіндей,
Лақа балық байлардың түйесіндей.
Әкең байғұс балыққа қақалғанын,
Ұмытпасаң, Сағалжаң білесің ғой.

Удай ащы ақын тілі кейбіреудің кек ала алмай жүрген қотырына тигендей үй-іші қолма-қол ду-ду. «Әп, бірекелді», «сөз-ақ» дескен үн. Мұнан кейін заман туралы Шортанбайдың мұңын қозғап, «ендігі бетің қандай» дегенді ел көңіліне біраз ұялатқан ақын сосын өзінің:

«Руым қояншытағай, атым Қақпан», деп басталатын ұзақ өлеңіне жалғастырған. Осы елдің ел қамын ойламас болыстарының ісін, қылмысын әшкерелеген сан сөз кетіп жатты.

— Қиса айтыңыз, Қақа, қиса..,— дескен дауыстар естілді. Сірә, мына олқын-толқын заманның не боларына

көзі жетпейтін жұрт қысамен көңіл аулағысы келе ме, әлде ел бастар, қисаның батырындай ержүрек жігіт іздей ме, көне дастандарға ықылас қоюы бөлек.

— Қайсын?

— Зарқұмды, не Салсалды.

— Абылай туралы да ұмытпаңыз.

Түн ауғанша жыр тыңдаған жұрт кеш жатса да, ертелеп тұрған. Қонақтар да ауыл ақсақалының «бірер күн дем алыңдарына» қарамай, сәскеге дейін аттанып кетті. Ауыл бүгін қонақ күтумен болар деп шәкірттерін жинамаған Жәкеңнің қолы бос. Балдағы жұмыр, күмістелген асатаяғын алып, ауыл үйді аралап шыққан да, көне кітаптарына үңілген. Далада дыбыс жоқ, торғай екеш торғай да ыстықтан бұғып қалғандай. Осы үнсіздікті бұзып, тасты бұлақтан су алуға кеткен Текіштің жас келіні Ғазизаның даусы оқыс жеткен.

— Жау! Жау! — Шелегін тастай қашқан келіншектің асығыс жүгірісі.

— Кәне! Кәне!

— Әне! қаптап келеді.

Қашқан келіншекті, үрке қараған жұртты көрген қырықтан аса аттылы ес жиғызбай «Қапта! Қапта!», «Ұр! Ұрлап» ат қойып қалды. Ауыл үстін бастыртып өтіп, жаюлы өрені құлатып, қайнаған құртты ақтарып, ақ пейілмен қол көтерген ақсақалды қаға-маға өте шықты да, суда тұрған жылқыға тиіп берді.

Қамсыз отырған ауыл азаматы жаяу. Қолға түскені балалар мінер бірер құнан, малшының аты. Жылқыны судан шығара алмай сойылдап жүргендерге қолына ағаш ұстап алты-ақ жігіт қарсы шыға алды. Көптің ортасына кірмей үріккен жылқының бетін ауылға қарай қайтарып, қаша ұрысып, жанталасқан. Солардың ортасына тарғыл өгізге мініп, кәрі Айна батыр да кірген. Қолында жалақ қанжар, дырау қамшыдан басқа ештеңе жоқ Айнакеңе ешкім батпайтын сияқты. Осы айналаның қандыбалақ ұрысы Соқталықөтке сонау Тағылының бауырында жалғыз қуып жетіп:

— Кімсің? — десе.

— Мен әкең Айна, — деп қамшымен тұра ұмтылып, өзіне сілтенген сойылмен бірге Соқталықөтті де түсіріп,

малын айырып алып қалғаны елге аңыз еді, сірә, жау сонан қауіптене ме:

— Елін тонаған иттің балалары, шаншып тастайын ба? - деп қанша ұмтылса да ешкім маңайлар емес. Не өгізбен ешқайсысына жете алмай, не олар ұрмай, діңкелеген қария екі тізесі салақтап, құр әуре.

Жаудың бір сескенгені — Құттыбай. Осы ауылға жаңа ғана келіп, сусындап отырған. Қара қасқа атын еркіне жіберіп, енді қарсы келгенді қос қолдап ұрып шыдатпаған. Талайдың бөркі мен тақиясын ұшырып түсіріп өздеріне ат жалын құштырған.

Жәкең ауылында бір сұмдықтың болып жатқанын сонадайдан көріп, не де болса көмекке ұмтылған қояншы Әбітай ақыра кірісіп еді, бетпе-бет келген екеуді тіземен кезек ұрып, мұрттай түсіргенін көріп, жетеуі соңына түсіп берді. Ортаға алып, шатыр-шұтыр сойыл сілтескен. Бір сәтте қолындағы сойылы шарт сынып, жалғыз құлаш таяқ ұстап қалды да, сытыла қашты. Араларынан өткенше сан сойыл тиіп, ат жалын құша заулатқан. Сілтегені жандарына батып кеткен бе, соңынан қалмай қуып, жеткені сатыр-сұтыр ұрып келеді. Әйтеуір, бас аман. Астындағы ат жолда кездескен бір ауылдың шеткі үйінің есігінің алдына келіп, шөкесінен түсіп жата кетті. Үйден жүгіріп шыққан әйел:

— Кісі өлтіресіңдер ме? Неткен жауызсыңдар! — деп соққыдан есеңгіреген Әбітайды арашалап, баласымен екеуі үйге кіргізді. Шөкесінен түскен атты алып кетпек болған жау тізгінінен тартып, қамшымен сабап тұрғыза алмаған соң «қырсыққан ит» десіп кете берді.

Төбелес ауыл үстіне біржола ауған, қуғыншыдан үріккен мал да, ауылдағы қотанды паналап, аламын деген де, бермеймін деген де осы жерді майдан етті. Қазандықтың үстіне келіп қалған әлдебір жауға Мәрия келін ожаумен құрт шашып жіберген еді, оның атының тұмсығын күйдіріп, шалқалай құлаған ат иесін жығып, оны әйелдер көсеумен сабап құлатты.

Қарсыласының үшеуін түсіріп, құнаны ауыл ортасындағы жерошаққа құлап, аяғын сындырып, жаяу қалған Бекқожа ортаға үйген тезек, қағылған қадаларды пана етіп, әлі сабаласып жүр.

— Әттең, астыма жөні түзу көлік бұйырмады-ау, — деп кіжінеді ол.

Бір кез әлдебіреудің «бауыр...ем» деп дауыс қойып қалғаны естілді. Жаңа ғана көп жаудың ішіне кіріп кетіп, үріккен қойдай бөріктіріп, быт-шыт қылып жүрген Әбеу қызыл ала қанға боялып, аттан төңкерілген қалпы салақтап келе жатыр екен.

Бауырымдап ұмтылған кәрі-жас аттан түсіріп, үйге саумалап кіргізген.

— Тірі екен.

— Басы жеті жерден жарылыпты.

— А, Құдай, ақсарбас.

— Тәуіптің кете қалғанын қарашы.

— Біссміллә, әкел ана жылы суды. Құрым киіз дайында.

Ауыл үсті азан-қазан. Ақырған да, бақырған да осында. Абалаған ит, қарғаған қатын, бұрқ етіп күлге құлап, жер астынан шыққан құбыжыққа ұқсап басы-көзін аша алмай күл қақырған талай бар. Жау боп тиген ағайының алдын ойламас есерсоғы «Шаңырағыңды құлатып кетейінге» сайып шырылдаған бала-шағаны онан сайын үркітіп, сан үйді сабап уығын қиратқан. Жәкеңнің жанына батқаны осы. Япырым-ау, кімнің шаңырағын құлатпақшы? Тағы да құлаушы қазағымның шаңырағы, тағы да ортасына түсіруші өз қазағы. Ес кірер күн болар ма екен бұл елге. Бастаушысыз — ел жетім. Мына қара тобыр, дүлей күш өзін-өзі құртқанын да білмес. Құртты! Құртты мына елін патшаның билігі. Ел сөзін тыңдаған абыз, соңынан ерген көсем қайда?

Жәкеңнің көзі келесі үйдің босағасынан далаға қарап үңірейген мылтықтың ұңғысына түсті. Мынау не сұмдық. Енді қан төгісу қалып еді. Мылтық ұсынған жаумен жаяу біраз жұлқыласып, таяқ жеп үйді паналаған Түсіп еді.

— Атамын ана атқамінердің баласын. Көрсін жылаған елдің қандай боларын. Тұрмаңдар жолыма. — Көзі қанталаған Түсіп қарсы келген бір-екі әйелді қағып жіберді. Енді көздей берген еді, мылтық ұңғысын тағы біреу төмен басты.

— Ақырын, Түсіп, қан жуктемейік. — Дүржекең ақсақал жұп-жұмсақ алақанымен желкесінен сипап, арқасын сәл қақты.

— Қыра ма мыналар? Тоқтар емес қой.

— Онда оқты асыра ат. Үркер.

Қан төгуден тыйылып қалса да, жау болғандарын қатты үркітуді қалаған Түсіп манағы жігіттің атын көздеп тартып жіберген. Гүрс еткен мылтық үні көбінің төбесінен жай түскендей етті. Сілтенген сойыл орта жолда тоқтап, мойын бұра аңырған қалыпта сілейген. Оқ тиген кек ат шыңғырған қалпы құлап бара жатты.

— Өлді! Өлді! Ойбай, бауырым! — деген үн жау жағынан үрке де, жанұшыра да шыққан.

Құлаған аттың астынан жанталаса шыққан иесі де тұра сала безген. Қайта оқтап үлгерген Түсіп екінші оқты бастарынан асыра атқан еді, әлі де есі кірмей тұрған шапқыншылар жалп етіп ат жалына құлап, сойыл-шоқпары, ұшып кеткен бас киімдеріне қарамай құйындата жөнелді.

Құйындата қашқан жұрттың соңын ала Тағылыдан аса жел азынағандай болды. Азынаған ауыл сыртына барып таяғына сүйенген, кимешегі жерге сүйретілген ана екен. Елдің азғанын айтып, жауын білмей, енді бірін-бірі тонауға көшкенін де зар қып, көктегі Құдайға, қатпар таулардың төрінде жатқан аруақтарға құсасын төгіп тұр екен.

Жәкең сойылға жығылып, қатындар басып қалып, қолға түскен «жау» ағайынның төрт-бес жігітін алдырған. Әуелгі сұрағы:

— Кімсіңдер?

Ат үстінде жыртиған көзі жыланның жанарындай оқ атқан, енді қор боп, далиған езуін жия алмаған шүйкедей жігіт қарауға бата алмай, басын сипай берді.

— Ей, жөніңді айт. Қай жақтансыңдар?

— Лебей аулынан едік.

Жәкең не дерін білмей отырып қалды. Сенуге жол жоқ, сенбесе жігіттің сөзі — мынау. Көрші ел, алты аласы, бес бересі болып көрмеген жұрт.

— Не үшін шаптыңдар?

— Біздің ауылдың мырзасын сіздің ауылдың жігіттері сабап кетіпті.

Енді сұрау ауыл азаматына түскен. Ұрған мына екеуміз деп Түсіп жаралы Әбеуді көрсеткен. Сол ауылдың Қожыкен деген азаматын мырзасы ұстап алып «Кәне, шыныңды айт,

осы ауылдың келіншектеріне келгіштеп жүрген кім? Сен білесіңге» басып, шекесіне асық байлап, қыл бұрау салып қинапты. Сонан ол есінен танып қалған соң далаға тастап кеткен. Шекесіне асықтың ізі батқан, қылбұраудың орны қанталаған Қожыкен есеңгіреп қайтып келе жатқанда Түсіпке жолығыпты. «Момынды азаптағанды саған көрсетейін» деп Түсіп Әбеуді ертіп, мырзаның ауылынан шығар жолын аңдып, тау арасында жігіті мен екеуін ұстап алып сабап, арттарына түйенің құмалағын тығып, жайдақ атқа мінгестіріп жібереді. «Тағы тиіссеңдер, көретіндерің осы» деседі.

— Осының арты бір жаманшылық болады демедіңдер ме?

— Енді өйтпес, дүреміз болмаса да артына қыстырған түйе құмалақ есін кіргізер деп ек.

Шоқпар сілтеп кеп, шапқылап қайтқан ағайынның түрі-түсін танығаң соң тай-құлынға жармасқан екі бала кеш түсе ел амандығын жеткізу үшін екі жаққа кетті. Ертеңіне түс ауа алыс жайлаудағы Қояншытағайдан Серік бастаған, ішінде Қойқыш тәрізді сойылгері бар жүз шақты жігіт сау ете түсті.

— Қайда? Қайда әлгі піріміздің ауылын шабатындар? - деп алакөздене жеткен ағайынға Жәкең «Уа, байқаңдар, ол да бөтенің емес» деген.

Сонау жақсы Жанқұтты аулынан елу шақты азамат атқа қоныпты.

«Лебей ауылын тік көтере шауып аламыз, өздерін ел ортасынан айдап тастаймыз» дейтін көрінеді. Томырық ашуға мінген жұрттың шалт мінезінің қазір немен тынарына көз жетпейді. Мына келген жұрт сусындағанша ертемен Лебей ауылының жайын білуге жіберілген Ыбыш шауып жетті.

— Лебей ауылы тік көтеріле көшіп кетіпті. Көші кеше жөнелгенге ұқсайды, қоламтасы суып қалған.

— Көш жөнін көрген ешкім бар ма?

— Білдік деген жұрт жоқ, сірә, түнделете тартқан сияқты. Қояншытағай жағынан келген жігіттер Сарым азаматтарымен жолда түйісіп, қашқандардың ізіне түспек боп аттануға жиналады. Бұл ауылдың да атқа қонған азаматтарын көріп Серік:

— Жәке, ағайынның бір шатағының алды-артын көріп алуды бізге тапсырыңыз. Елге үлгі пір керек заманда бейбастақтық жасаған екен, енді соған осы ауыл араласпай-ақ қойсын, — деген.

— Оның да дұрыс екен, — деді сәл ойланған Жәнібек.

— Онда біз аттанайық.

— Жолдарың болсын. Бірақ мына Мәтбай Лебей ауылына күйеу еді, тілінің майдалығын көріп жүрсіңдер, сойылға болмаса да, бәтуа сөзге жарар, осыны қостым араларыңа.

Ел ортасынан сырғи қашқан жұрттың ізі Тайатқан-Шұнаққа қарай беттеген. Ағайын арасының қамын жеген Байсейіт мән-жайды қана естіп, ел ісінен қалғанына қарамастан қос атпен жеткен де, қуғыншыларға араласқан. Лебей ауылының беті ертеден құдандал қалың шұбыртпалы екені белгілі болды. Ағыбай батырдың Аманбайы да Жанқұттыға күйеу еді.

— Мынаның барған жерін қарашы, — деп сарым жігіттері де кіжінген.

Елден безген ауылды қуа шыққандар Қалмаққырғанның маңында жетіп, қоршап алған да, жайылымдағы малын аулақтап айдап шыққан. Аулынан арашаға шыққан ешкім көрінбеді. Жүгін енді түсіріп, үйін тегіс тігіп үлгермеген ауыл енді не істейді дегендей үрке қарап, тағдырға мойынсұнғандай. Ортадағы үйден атқа қонып, бері беттеген қаба сақал елулер мұғдарындағы кісіге бәрі де бұрылып қарай қалыпты. Бұл «заманды күн қандай болады» деп күні бұрын алдырған Аманбай еді. Аманбайды танитын көпшілік еріксіз сәлемдескен.

— Қырғидан қашқан торғайды бұта да паналатады. Ағайын, ашуыңды бер, бір білместік кеткен екен. Елінің жөн білері болмағанына бала-шаға кінәлы емес, үркітпеңдер.

— Уа, Аманбай, тілің майда, сөзің балдай. — Қуғыншының сөзін ұстаған Байсейіт ердің қасына қамшысын тіреп сөйлеп кетті. — Мына сұрқиялар сені тапқан соң амал қанша. Елдің өз билігі өзімен кетіп, ақсақалды тізеден қаққан ұлықтың шенді болысы шыққан заманда ең болмаса ел билігіне, не жақсы-жаманды нұсқап

жол сілтесін деп пір ұстаған едік. Мыналар ауыл шапқан жоқ, елдің ұйтқысын бұзғысы келген жау. Жауды кісі аяй ма? Жылайтын тағы қазақтың баласы-ау деп, ара түсем бе деп мен де кеп қап едім. Ойым екі ұдай. Екіншіден осындай ел ойрандағыштарды ұзақтай шулатып, быт-шыт қып, енді мұндай іс істемеске сабақ та болсын деп ем.

— Бәже, ашуыңды бер. Айыбына да, басқа жазаға да мынау ел дайын. Бізден де аз сөз естіп жатқан жоқ,

Сол күні бітім болған. Жарылған бас, шыққан қол, басқа шығын әлденеше үстемесімен төленіп, қалың кілем жапқан нар Жәкеңе жолданды. Әрі мынадай бұзықтыққа барған ауыл ел ортасына қайтып бармай, осы маңның біріне орналасып қалуға билік етілген. Билік соңында алқақотан жиналған жұрт ортасына қолтықтаған қабымен Мәтбай шығып:

— Уай, батырлар, біздің ауылда байқаусызда бөріктерің қалып қойыпты, — деп ат жалын құша қашқанда ұшып кеткен тақия, бөріктерін төгіп, біреуді жерге қаратып, біразын мәз етті.

* * *

Саржанқашқанның жонының үстіндегі жаз бойғы қыбыр-қыбыр жұмыс бітіп, көз ұшынан көзге ілінер, жақындасаң қамшыдай өріліп, өріммен ою салған әсем күмбезді мазар бой көтерген. Мынау істі бітірту үшін Бөде де, Серік те қолынан келгенін жасап бақты. Қолынан мөр тамған қос шебер Семей мен Көкшетаудан алдырылған. Оның үстіне бұл күнде төсек тартып жатып қалған, кеше Қайрақты бойында атақты Кәдірге мазар тұрғызған қараменде Ақтентек серіден де ақыл-кеңесті молынан алған.

Міне, бүгінде осы Еспайдың мазарын тамашалауға, дұға оқып, жақсылық тілеуге келгендерде жік жоқ. Сонау Қармыс бойындағы Сайлаутастан екі-үш шақырым терістікке қаз-қатар әлденеше көше боп тігілген ақ ордалар осы мазарда жатқан аруаққа берілер асқа жиналған көңіл жақын ағайын, кешегі сыйлас дос-жаран. Іргесінен ұшар басына дейін әлденеше құбылып қаланған кірпіш неше түрлі нақыш беріп, еріксіз тамсандырады. Оның үстіне әр

кірпішке қосылған қыл, иін қандыру кезінде құйылған ешкінің майы жылт-жылт көзге түсіп, мазар сыртын арайландыра түскендей.

Ертемен келіп атасының басына дұға оқып, осы маңға үйірілген жұрттың аужайын байқауға шыққан Серіктің көңілі бүгін бейжай. «Дүние опасыз екен ғой, әкем білген екен. Көп болса бұйырары жалғыз там екен» деген ой мазалап, іштей мүжіген. Әттең, уақыт қайта айналып келмейді ғой, қарт көңіліне қаяу салмас еді ғой. Өкініште шек бар ма. Иә, Ескен дүниеден қайтарынан бұрын осы жерге қоюын талап еткен. Өзі таңдаған орын, өзіне бұйырған топырақ. Бақса атасының бүкіл өмірі әділет болса екен, ағайын тату, жетім-жесір жетілсе дегенмен өткен сияқты. Қазанына арам ас салдырмай кетті. Малдың бәрі адал-ау, бірақ ол бір жақтан келген күмәнді жылқыны маңына жолатпай, ошағына астырмай, дәмін татпай өтті. Құдайдан да қорыққан болар, бәрінен де ел арасының бүлінбеуін, халық ырысының шайқалып төгілмеуін тілеген де. Соны түсінбедім-ау деп жазғырды өзін Серік, сан жортуылға қатынасыпты, әй түбі сонысы қазақтың ырысын төгуге әкелмесе.

Өзі мүжіліп отырған Серіктің жанына жортуылшы серіктерінің бірі Әбен келген. Салт бас, сұр бойдақ. Не ішем, не жеймін уайымы жоқ, барымталап кету кәсібі қанына сіңген осы күнгінің адамының бір көрінісі. Баяғыда мұндайды елден аластап жібереді екен, енді мұндайлар тап өзі Серік сияқты біреулерден пана табады. Сонда елде барымта көбейіп, тақымы кеппес ұрыға жол ашылды, қазақ бірін-бірі тонауға көшті деген сөз екен ғой. Япыр-ай, мұны бұрын неге ойламаған. Мынау атасының сөзін сан жер етті-ау.

Атасының соңғы кезде қатты назалануына да себепші осы Әбен екеуі, ауруға шалдықтырған да өздері деуге аузы бармаса да, көңілдің бір қақпасын осы ой қаққылап, маза бермейді. Солай... солай... Өлмес пенде жоқ шығар, бірақ сен оны тездеттің... тездеттің дейді іштен біреу. Бірақ ол Алланың алдына ақ пейілімен жетеді ғой, сен ше?

Иә, өзі біраз іске кінәлы. Атасының шаңырағына біткен үш мың жылқымен қысы-жазы бірге жайылған көк қоян

болушы еді. Бөрі тисе де үрке қашып, ұры келсе де айнала секектеп, баж етіп дыбыс беріп жүрген бір хайуан. Еспайға жанаған Қызыр деп оған жылқышылар да, басқа жұртта тие қоймайтын. Даланың басқа аңы жетпегендей мына Әбен екеуі біраз есерсоқ жігітті топтап, күні-түні қуып, сол қоянды соқты-ау. Денесі зор болғанымен, тыриған тарамыс екен, еті жеуге де келмей лақтырып тастаған. Мұны естіген Еспай атасы қатты ренжіп:

— Айтыңдар ана жынды Серікке, мал енді қайтады, ең болмаса бала-шағаның ырысы қалар, тыйылсын арам ісінен, — деп сәлем жолдапты. Өмірінде өзінің отарына бөтен жылқыны қостырып көрмеген, қосылса ел аралап жүріп иесін тауып берген Еспайдың сол сөзі де тоқтатпады-

Келер жылы «Алыстан мал әкелдім, жүзіктің көзінен өткендей айғыр мен жүйрік, туар мама бие, Бұғылының бір қуысына бекітіп тастадық», деген. Тасына дейін түк шыққан Бұғылыдан бірер қосақ түгілі үйірлі жылқы таптырмасы хақ. Жоғалған мал Түрбектікі боп шықты. Жырынды Әбен алыстан емес, жақынын қармапты. Онда да Серіктің сыйлар кісісі Түрбекті алған соң Серік бетінен басып, амалы құрып, «көрмедім, білмедімге» еріксіз басқан. Бір пәлені іштей сезген Еспай бекітіндіні тауып, елге жария етпей босатып жіберген де:

— Ес кіре ме деп едім, кірмеді. Ақыры жақыны Түрбекті тонады мына немерем. Енді ел бетін қалай көрерсің? Ата сөзі құлағына кірмегені не менің тозғаным, не заманның азғаны шығар. Қайсы болса да енді өмірдің маған қажеті жоқ, — деген ошақ басында.

Қараңғы түсе үй сыртында байлаулы тұрған аттың аяңдап ұзай берген дыбысын бәрі естіген. «О не?» деп ешкім көңіл бөліп, тысқа шығып қарамады. Тысқа шыққан Еспай бай «Қазір келер, үй аралап кеткен болар, япырым-ау, бұ қайдамен» түн жарым болған. Сонда да кәрі көңілге шайтан кірді ме десіп сәскеге дейін жоқтамады. Ат та жоқ, Еспай да жоқ. Еспай жоқ деп айтып жұртқа қарар бет те жоқ. Тізгінін сүйреткен ат кешінде бір-ақ келді.

Бір пәле болдыға жорыған жұрт ертеңіне жаппай іздеп таба алмады. Енді жұрттан жасырар шама да қалмады.

Көрші отырған бес атаның баласы Әлтеке, сарым, кәрсөн, керней, қояншытағайдың бар жақсысы хабарланып, Бесшоқы, Қызылтау, Тағылы, Бұғылыны араға «әй» дерлік қана жер тастап, қатарласа сүзген. Ескең үш күннен кейін табылды. Саржанқашқанның жонында, тобылғының ығында, басын құбылаға беріп жатыр екен. Жұрт үрпиісіп қалған. «Әкелеп» бас салған Бөде мен Серік тірі екеніне көздері жеткен соң, тұрғызбақ еді, бетін мына пәни жалғаннан әрі салғысы келіп, қария басын көтермеді. Сол жерде ат шаптырып, басына ақ ордасын тіктірген. Осыншама жиналған жұрттың қолынан келгені көтеріп, астына сырмақтың шетін салғаны ғана. Осыншама жақсыға жасаған ізеті көзін ашып, басын изеді де, қолын сілтеді. Қолын сілтегені өкпесі ме, «кетіңдер» дегені ме, әлде қоштасқаны ма, оны ешкім айырмаған. Бар жақсы дүние сөзін айтып қарияның басын көтерте алмады. Еспай ас түгілі сусын да ішпей, теріс қарап жатып алған. Елге қадірлі ақсақалдың мына жағдайын естіп, ел пірі Жәнібек те жеткен еді.

— Есаға, — деді жасы кіші Жәнібек, — дені дұрыс пенденің өмірдегі жалғыз тілегі осы ел болса екен, азаматы азбаса екен дегендік болар. Құдайға шүкір, сол шарапатыңыз айналаңызға тиген сияқты, осы қауымның ырысы жаман емес. Алда осы ұрпақты не күтіп тұр, не сынақ бар, ол сіз бен бізге күңгірт. Бірақ талай қиындық бар сияқты. Сонда сол келер зұлматқа шыдай алмай елдің есті азаматы өзін өлтіре берсе жұрт не болмақ? Осы жамандықтың басы сіз неге болуға тиістісіз? Өзін жазым ету Алла алдында күнә, адам ісінен шет. Басыңызды көтеріңіз, Есаға.

— А, не деп кеттің? Мыналар ата жолын ұстамаған соң, көненің мен боп айтқаны өтпеген соң, тірліктің енді қажеті не деп едім. Оным да қате екен ғой. — Талай күннен бетін бермеген Еспай басын көтерген.

Бірақ іштей мүжілген Еспайдың өмірі ұзаққа бармады. Сонан бері, міне, жылы да келіп қалыпты. Исі Сазанбай боп ағайынға «Есекеңе ас береміз» деп сауын айтқан. Шақырылған үш жүздің баласы ғана емес, анау қырғыз бауыры, өзбек ағасы да бар. Келіп жатыр бәрі де, өкпе жоқ.

— Әбен, — деді Серік күні бойы үнсіз тұрған жолсерігіне.

- Ә у .

— Осы біздің тізе қосып енді бірге жүруіміз аруаққа шет болар.

— Оны өзің біл

— Атам марқұм екеуіміздің соңғы екі ісімізге катты налып еді, жүрегінде кетті ғой, ең болмаса аруағы риза болсын.

— Менікі сүйекке сіңді әдет қой.

— Мен енді құрық сүйретіп, түн қатып, түс қашып жүруді біржола қойдым, саған да айтарым, тоқта енді. Ұры мен бөрінің ажалы қолдан деген, кісі ақысы түбі табады қиянатшыны.

— Мекіренің басы тасқа тиген екен.

— Өлемін-ау деп қорқып тұрған жоқпын, жолы жұртқа жаман іс екен.

— Ендеше сау бол, Серік.

— Қош бол, Әбен. Тоқта енді.

— Оны әлі көре жатармыз.

— Атына қарғып мініп, ұзай берген Әбеннің соңынан Серік қиыстай қарап қала берді. Иә, жолы бірге болғанның біреуі кетіп, Әруақ сыйлаған, оның ұрпағына жылы пейілі арылмағандар келіп жатыр. Осы асқа жұрттан бұрын жеткен Шоң еді. Шоң келе жатыр дегенді естіп ауыл ақсақалдары:

— Дұрыс қой. Қаракесек-Қуандық бірге туған. Елдің есерсоғы болмаса, ес тұтқан үлкені өстір болар, — деп желпініскен.

Шоң бастаған көрші ағайынның асқа дайындалған көшін үш қарасудан берірек тоқтатса да, оның өзіне жеке үй тігіп, әуелі ауылға түсірген. Қазақ жолымен алыстан келген туысқан сусындап дем алған соң ас иелеріне құтты қайырлы болсын айтуға тиіс, түсте келген Шоң өзіне тігілген ордадан кешке дейін шықпады.

— Мұнысы несі? — десті ауыл иелері. — Бізге көңіл айтпағаны ма?

— Қой, Шоң ондай білімсіз емес, бір себебі бар да.

— Әлде бізге белгісіз бір ауыр қазасы бар ма? Қой, не де болса барып білейік. Үнсіз жатқанымыз ұят та.

Сәлемдесе келген ауыл ақсақалдарына Шоң «бауырымдап-ақ» көрісті. Кәдімгідей егіліп, ақ кірген сақалынан тамған жасын сілкіп тастаған. Әлдене уақытта мауқын басып, айнала жиналған жұртқа қарап, басын сәл изеп біраз отырды.

— Сендер мені «бізге неге көңіл айтпады» деп сөккен де шығарсыңдар. Біріміз әкеден, біріміз ағадан, ел қадір тұтқан ағайыннан айырылғанда Шоңның мұнысы несі? Үйге түсіп үнсіз жатқаны қай білгені демексіңдер ғой. Қаракесек-қуандық тай-құлындай жарысып та, жарасып та, тістесіп-тебісіп те қатар өскен бауыр едік. Соның ішінде екі бауыр біз түгілі атын естіген үш жүздің баласы сыйлар-ақ Еспай емес пе? Енді менің алдымда кім бар? Кімді үлгі тұтып, кімге назым өткендей? Сондай бауырдан айырылған мен жетім емес пе? Маған неге көңіл айтпайсыңдар?

Жұрт орнынан қайта көтеріліп барып Шоңды кезек-кезек құшақтаған. Мына қайтыс болғанына жыл толған Еспайдың қадірін жаңа білгендей, ол отыратын төрдегі орын үңірейіп бос қалғандай бір-біріне жапақтасып, көздерін сүртісті.

Еспайдың мазарына барып дұға оқыған Шоң Тағылы мен Бұғылының арасында бүк түсіп жатқан осы әдемі боз жонның атын сұраған.

— Бұл жерді Саржанқашқан деп атайды. — Бөде мұны неге сұрады екен дегендей Шоңға бұрылып, бажайлай қарады.

— Саржанқашқан... Неге бұлай аталған?

Үлкендердің айтып жүретін бір әдемі әңгімесі тілге орала берді. Мына орыс аспанды алақандай, жерді тебінгідей етіп қорған-бекет салып, қазақ даласын қыса берген соң көтеріліс шығыпты. Әуелде соның басында Саржан болса керек. Зіркілдеген зеңбірегі, гүрсілдеген мылтығы бар патшаның жасаулы әскеріне қазақ сойыл-шоқпармен ғана қарсы барған. Елім, жерім деген сан еңіреген ер төгіп тұрған оққа қарсы шауып, сан рет жаудың бетін қайырған. Әттең, дүние, мына заманда батыр бір оқтық екен. Күркіреген добы, жаңбырдай сепкен оғы ақыры қазақтың бас көтерген жігіттерін селдіретіп, Саржан шегінуге мәжбүр болған екен.

Қашқан қолға қатын ер деген бар емес пе, дұшпанның кіш-кіштегеніне ерген осы маңның батырсымақ жасы Бөрте

мына Тектұрмастың маңында шегінген қолдан олжа алып қалмақ боп, түнде келіп тиіпті. Өлетін қарға дегендей, Саржанға тап келіп, сілтеген шоқпармен бірге түсіп, тіл тартпай кетсе керек.

Оңай олжаға мәз кейбіреулер Бодық батырды да шаптайды. Олжа алып қалайын демесе де «осы Саржанның ендігі беті не екен, соны білейінші әрі мына ұлықтарға да өтірік те болса жақсы атты болайын» деп Бодық жанына елу шамалы жігіт ертіп шығады. Саржанның қосыны аз ғана жігіт осы жерде дем алып жатса керек.

— Жау кеп қалды, — дейді қарауылшысы.

Жота үстіне боз арғымағын жүгірте шыққан Саржан күн салып қараса Қармыстан бері өткендер қазақ қолы сияқты. «Ендеше тілге келейін» деп шешкен Саржан қарсы қарап тұра қалды.

— Ұрып таста! Ұрып таста! — деп келеді екен шабуылшылар.

— Жекпе-жек! — деп айқайлады Саржан.

Дұшпандықпен келгендер жағынан Бодық батыр ыңғайланып шыға берді. Сойыл-шоқпарын тастап, садағын кезей ұстаған беті еді.

— Кезегімді бер, — деп қалды Саржан.

Көнеден келе жатқан қазақтың дәстүрі бойынша төренің жолы үлкен. Төре де ет пен сүйектен жаралған адам болса да, аталар, біреуі елдің мұңын жоқтаушы екенін білсін, бірін-бірі бекер жағадан алып, итше ырылдаспасын, сыйлассын деген шығар. Сол жолды қатты ұстанған Бодық кезегін беріп тұра қалды. Саржанның жебені екі рет тартпайтынын ел біледі, қатерді сезінген Бодықтың денесі сәл қалтырап, жүрегі дір-дір еткен. «Неге тілге келіп, жөнімді айтпадым» деді іштей. Саржан қорамсақтан сауытбұзар атты жебесін суырғанда «төре аямасқа бет түзеген екен» деп жұрт теңселгендей болды. Зырқырап ұшқан сұр жебе Бодықтың кіндік тұсын меңзей кіргенін бәрі де көрді. Тәуба деді іштей Бодық. «Саржан қапы кетпесе керек еді, аруақ қолдаған болар».

— Кезек менікі, Саржан. — Көзіне қан құйылып шыға келген Бодық аямастық ыңғай танытып, ақырып қалды.

— Әй, Бодық, қорамсағыңа қарашы. Сау оқ болса, мені атарсың.

Саржанның сөзіне сенер-сенбесін білмеген Бодық қорамсағына қол салып, бүтін оқ таба алмады. Бәрі де орта тұсынан опырылып, бір-біріне сүйеніп қапты.

— Ей, Бодық, — деді тағы Саржан. — Сен адасты екен деп алжасатын жөнім жоқ. Қасықтай қаныңды қидым. Мен елімнің шаңырағы үшін жаумен жұлқысып жүрмін, ит те иесін қаппас болар, етегімнен тартпағыңа не жосық. Іздегенің олжа болса, ал мына сасық байлықты. Жаулығың болса, онда маған емес, елге дұшпансың.

— Мен тоқтадым. — Бодық аттан түсіп, Саржанға сәлем берген екен. Сол жолы Бодық төренің жолын беріп, шығарып салыпты. Сонан бері осы боз жон, Саржанның ұзақ сапарға кеткен жолы Саржанқашқан атанып кете берген.

Әбенді көзбен ұзатып салған Серік ас берілер жердегі көше-көше боп тігілген ақ ордаларға келген. Әзірге көңілге бәрі де қонымды. Еспайдың бір қызының ұзатылып барған жері Кіші жүз тама еді, сол елдің өзі алпыс үй тігіпті. Онан әрі жағалбайлылар қатарынан жиырма шамалы киіз үйдің қарамы көрінеді. Қызылды-жасылды дөдеге, көздің жауын алғандай оюлы шым шимен оралған үйлердің сықырлауық есігіне дейін әлеміштеп тастаған. Үш жүздің баласы тіккен ақ ордалар бірінен-бірі өтеді. Жалайыр жағы тіпті есігінің алдына дейін неше түске құбылтып бояған сырмақтарын жайып тастапты. Осының ішінде, әсіресе, көзге түскені ас беруші бес атаның баласының аршылған жұмыртқадай ақ ордалары. Онан қалса исі Қаракесек Майқы-Танас, Бошан ұрпағы көзге түсуге тырысып баққан сияқты.

Көше-көше үйлер жарты ай тәрізді боп иіліп, ортасынан үлкен алаң қалдырған. Сол аланның дәл ортасындағы алуан өрнек салынған қадаға астың бір кезінде шиеленіп нар байланбақшы да, оны осы келген жұрт ішінен денесі сымбатты, өзі сұлу жас келіншек бойына бүкіл мүсіні айқын көрінген шілтері ғана киіп барып, шешіп әкетуге тиіс.

Осы алаңда жамбы ату да, аударыспақ та, моғал-найзамен күш сынасқан ер жігіттің сайысы да өтпекші. Сұлу жорғаға мінген сан сері ән шырқап, жұрт ақындар айтысын тамашаламақ. «Иә, сәт» дейді іштей Серік, аруақ қолдап, мына ісінің бәрі ойдағыдай өткей.

Серіктің көзі осы жарты айшық боп орналасқан үйлердің ең төріндегі өз аулына, онымен қапталдаса тігілген Шәбден бастап келген қырғыз бауырлары менен өзбек ағайындары Бегдарбек топтарына арналған аса әшекейлі ордаларға түсті. Қырғыз, қазақ, өзбектің талайдан бері бұл Арқаның төрінде бас қосуы шығар, солардың жарастықты әзілін құлақ шалғандай.

Ауыл аралап жүрген Серіктің алдынан осы тойдың басқарушысы бас табақшы Байсейіт ақсақал кездесе кетті. Байсейітке қоса көмекші ретінде табақшылыққа Ескене тағайындалған еді. Әрқайсының он-оннан табақ тартар жігіттері, бес-бестен алып кел-барып келге жұмсайтын ширақ азаматтары бар. Оның үстіне асқа келген әр рулы елдің қажетін байқап тұратын ақсақал-қарасақалдар да бекітілген. Әзірге жалпы дайындық жаман емес сияқты, келіп жатқан көптің қабағы түзу, шашау шыққан сөз жоқ. Сәл тоқтап, ас әзірлігіне ризалығын білдірген Байсейіт есік пен төрдей кер атын алшаң бастырып оза берді. Оза берген Байсейіттің соңынан қараған Серіктің көңіліне аяушылық енген.

Мынау өмірдің қызығы өте шығар алдамшы ғана екен. Дүние пәни! Пәни! Бұл жалғанға дүниенің бетіне қарамас жомарт та, «ит айналар жырымға» дегендей сараң да келе бергені де. Өмір мұндай қысқа болар ма. Мына Бәженнің жақсы ұлы, жалғызы, айналаға жомарт Нұрлан атанған көзінің нұры да отыз жасында дүниеден өтіп кеткен.

Сонда қабір басында:

— Жалғызымның жамбасына қара жер батпасыншы, — дем құстөсек салдырып еді.

— Ол жарамайды, — деп молла алдырып тастаған.

— Ендеше басына жасташы, — деп жаны безек қаққан Байсейіт кішкене жастықша әкелген. Оған да рұқсат болмады.

Бір уыс топырақты зорға салған Байсейіт былай шығып отыра кеткен де еңіреп жіберген:

— Жалғызым-ай, дүниенің бетіне қарамай, келгеннің меселін қайтармағанда ғұмырың өтіп бара жатыр екен ғой. Мол байлықтан адамға бір орам ақтан басқа бұйырары жоқ екенін білген екенсің ғой. Құлыным-ай...

Жиналған жұрттың Байсейітке қарап сай-сүйегі сырқыраған «Бәжелеген» талайдың тамағына өксік тығылып, басу айта алмай, көз жасын өзі көл етіп кете берген.

Сол Нұрланға бұл маңайда жоқ ғажайып мазар тұрғызған. Ішінің бәрін сүмбілеп келтіріп, сылағына неше қилы өрнек салдыртып еді. Жалғызының жатқан жері падишаһтың сарайынан кем еместей.

— Не ғажап? — деп таңданбаған жұрт жоқ.

— Шығыстың сәулет өнерінің үлгісі екен, Еуропаның, король сарайларының колоннасын да еске түсіргендей, — деп риза болысқан оқығандар.

— О, қазақ мазар сала біледі, — дескен көрген ұлық орыс. Нұрланның асы былтыр осы уақытта берілді. Бес атаның баласы тағы да өстіп бір шабылған. Нұра өзенінің Кежекке қарай бұрылысында тұрған Қызылшоқы маңына қалың үй тігіліп, Түйетасқа қараған жазықта кешегі Нұрлан көре алмай кеткен, ата-бабадан келе жатқан сан қилы ойын көрсетілді.

Бас табақшы болып Сандыбайдың Боқайы, көмекшілікке Бөде мен Сарбасты ақсақалдар жағы бекітіп тастаған. Сол аста Боқай бұрын қазақ көрмеген бір жаңалықты енгізіп еді. Мынау шаншылған Қызылшоқының үні жерінен белдеулеп арқан тастатып, келген жұрт жүз-жүзімен сол көрмеге аттарын байлап еді. Көз көрген жұрт таусылғанша айта жүрер мұндай жаңалықты тамсанып, асқа жиналған жұрт еліне әңгіме қып ала кеткен. Иә, бұл келер ұрпақ әлдебір нәубеттің салқынынан есінен айырылып, жерінен жөңкіле көшпесе, айта жүрер аңыз боп қалады да.

Серік ас күндері күннің ашық болуын тілеген. Көк желкедегі Бұғылының биігі Бүркіттіге қарады. Бүркіттінің басын бұлт орап тұр екен. Бүркіттіге шалынып, түте-түтесі шыққан бұлт Құсмұрынға соғылып, быт-шыт боп, тозығы жеткен бөздей ыдырап, көгілдір аспанға сіңіпті.

— Иә, Алла, ашық күніңді бере көр.

Онан соң көгілдір аспанда қанат қақпай көз ұшында қалт-құлт еткен қос қыранға көзі түсті. Шіркін-ай, осы құстың не кереметі бар екен. Тіпті, қанатының дір еткені сезілмейді. Сүйсінгенін де, табынғанын да бір-ақ ауыз сөзбен берген.

— Құсты тамашалап тұрсың ба? — деген дауысқа жалт қарады.

Ескене екен.

— Иә, сірә күн ашық болар.

— Биікке самғап бара жатқаны жақсы ырым.

— Солай деседі ғой.

— Күн бұзылар болса, қыран бүйтіп шарықтамайды.

— Құспенен әуестігім болмап еді.

— Мен де ескінің сөзін айтып жатырмын.

Қатар аяңдаған қос атты асқа келген қауымның көбі жиналған Сайлаутасқа беттеді. Бұрын-соңды арада боп өткен кикілжің бүгін ұмыт, бір кезде Дүйсенбай араларына дәнекер болған еді, енді мына ас біржолата көңіл табыстырушы, жарастықты етушідей. Сайлаутастың иығына осы елдің таяқ ұстаған қариялары менен ақ сәлделі Жәнібек көтеріліп қапты. Ас басқарушы Байсейіт сәл қолын көтеріп еді, бал арасының ызыңындай гуілдеген жұрт сап тыйылған. Құбылаға қарап жүгінген Жәнібек бұрын-соңды естімеген аятты Бұхар мақамымен салтанатты әндетіп оқи бастады. Қауым іштей ұйыды. Ел пірі мына көптің атынан пәни жалғанды тастап кеткен марқұмның күнәсін кешіріп, бұлдыр о дүниеде алдының кең болуын тілейтіндей. Күнәсіз адам бола қояр ма екен? Сол себептен оны пенде дейтін болар. Ол пенде, мынау жалған. Осынша жұрт бір сәт дүние ісінен аулақтанып, тәніне тазалық, ойына пәктік тілегендей іштей өз-өзіне есеп беріп кеткен шақ.

Ақ сәлделі молла артта қалған ұрпаққа бірлік, баянды береке сұрап, ақ діндегілердің екі дүниеде жолы болуына қол көтеріп, осы асқа жұмсалар мал мен мүлікті бағыштап, қауым боп:

— Әмин!

— Аллаһу әкбар, — десті.

Орнынан тұрған Байсейіт қазақтың үзілмей жалғасқан ата салты ас туралы айтып, жиналған жұрттан астың ұлы той болып өтуіне қамқоршы болуын сұраған. Байсейіт сөзінің бітуін күткен Тәмембай Қармыс өзенінің жиегіндегі топ-топ жігітке орамалын сермеді Жүген-құрық тимеген асаумен алысқан жігіттер сол сәт әлденеше құр ат, іші-

сырты бірдей байталдарды шыңғырта алып соғып, бауыздай бастады. Сойылып жатқан қойда тап бүгін есеп жоқ. Бұл әлі ас малы емес, мына мазарға шалынған құрбандық тәрізді. Сойыс малының жобасын көруге келген қуандық жігіттері жылап аққан Қармыс суының қып-қызыл қанға боялып кеткенін, иірім-иірім қара сулардың тұншыққан балықтарының тайдай тулап жағаға секіргенін көріп:

— Мынау бір керемет екен, — деген.

Осы астың аяғына дейін ана Үш қарасу бойындағы қалың ошақтың басында мың жарым жылқы, үш мың қой сойыларын олар біліп пе. Ас соңында қолына құрық алған Бөде мен Серіктің тағы үйірлі жылқыны союға қуып келерін, бас табақшы Бәжеңнің:

— Тоқтатыңдар, түге. Бұл төрт аяқты мал емес, ел ортасында жүрген ырыс емес пе, — деп қайта-қайта қуып шығарын кім түйсініпті.

Бүгінгі құрбандық табағы. Сонда да әр елден келген жұрттың атаулы дәмсіз қалмауы қатты көзделген.

— Уау, ағайынға әуелден өкпеші боп қалмайық.

— Мүшелерін түгендеп салыңдар.

— Қырғыз, өзбек ағайындарға табақ жасау қалай болады?

— Ас беруші біз ғой, өз салтымызды ұстаңдар.

Сауын айтылған соң осы келген жұрттың бәрінің асқа қосары бар, саяқ жүрген біреу болмаса, құр қол келген ағайын жоқ. Қап-қап пісасын, басқа шай-жемін, саба-саба қымызын артып кеп түсіргенін көз көрген. Ас бүкіл ел бас қосар той, дәм беру ортақ тәрізді дәстүр. Апталап кететін асқа сауар малын да айдап келіп жатады. Көңіл сыйса деген бар емес пе, басқа уақытта ауыс-түйіс боп, кейде жоғалып кететін мал мұндайда шашау шықпайды.

Асқа жиналған жұрттың дені еркек кіндікті. Бірақ сонау жеке-жеке көше боп тігілген әр рудың ауылынан ақ жаулықты қарт ана, қос етек көйлегі желбіреген қыз-келіншектер де көзге түскен. Олар ен жайлаудың сәнін келтірер сан түсті көбелек тәрізді, жалт етіп көрініп, көптің мойнын еріксіз бұрғызған. Қызық іздеген жұрт:

— Рахима ақын келді ме екен? — дескен.

— Қай Рахима?

— Ой, сен де... Әлгі айтыскер қыз ше.

— Енді кіммен айтысар екен, — деп тамсанған.

Ас берушілер күн шыға атқа қонып, бар дайындықты тағы бір көзбен көруге бет алған. Серіктің жанында Еспайдың әкесі Атабаймен бірге туысқан Әтебек, Сарықұл, Жомарттан шыққанның ең тәуірі. Бұл кезде өздері елу-алпысқа жақын үйге тартқан бұл тұқымның бар ер-азаматы әр руға бекітілген ақсақал-қарасақалдың көмекшісі боп, ас-суға араласып кеткен. Серіктің көзіне бар сенісер азаматты жинап алып, әлдене нұсқаумен жан-жаққа аттандырып жатқан Бәжең түсті. Ол ен жазықтағы жалғыз биікшені таңдап алып керіктей кер атын тұсап жіберіп малдас құрыпты. Бүгінгі жұмыс бір қалыпқа түскенше осы жерден билік құрмақшы, іздеген жұрт та осы маңнан оны таппақшы. Сонау өзенге жақын тігілген ас үйлердің маңынан Ескене мен Тәмембай көзге шалынған.

Бәрі де рет-ретімен тәрізді. Сонда да Серіктің көңілі алаң, әлдекімді іздеген. Келіп қалмас па екен? Әкесі Бөде төрт әйел алған адам еді. Соның бәйбішесі қалдыдан Серік пен қарындасы Балбөпе ғана. Көңілі қалаған жігітпен Көкшетау жағына шығып кеткен Балбөпені Серік іштей сағынған. Ол туралы Көкше жағының ақын-әншілерінің «Сұрша қыз» атты әнін естіген сайын бірге туған жалғыз қарындасын аңсауы көбеймесе басылмады. Шіркін-ау, ең болмаса осындайда келмес пе? Берген жеріне бармай, басқамен кетті дегені болмаса, соңынан қуып, пәле тілеген ешкім жоқ. Ол да осы Серіктің қас-қабағы шығар. Осындайда көрініп, ағайынмен табысып, қыз жасауын, қалаған малын алып кетпес пе деп өкінеді де.

Күн көтеріле асқа келгендердің көбі ортадағы он екі қанат ақ орданың алдына жиналған. Ақ орданың босағасына былтыр ілінген қара ту әлі сол орнында. Сол туды белдеуден жайлап суырған Бөде бес атаның бүгінгі буынының ішіндегі біліктісі, көбі нар мінезіне табына бастаған Боранқұлға берді. Боранқұл ортадағы топтың ішінде қартайса да нардай көрінген Ағыбайға апарған. Осы жерде Серіктің есіне кешегі бір уақиға түсе кетті. Жақсы-жайсаңның біразы:

— Ағеке, сіз көпті көрдіңіз, қол бастадыңыз, мына асқа қанша адам жиналды деп тұрсыз, — деп сұраған.

Молақ найзаны қол созым қойып, Ағыбай үстінен қараған.

— Мына беттің өзінде мыңнан аса адам жүр. — Батыр Қармыстың арғы бетін, өзінің шешесі Қойсананың күмбезі тұсын нұсқаған. — Барлығы осы жұрт он мыңнан асып қалар.

Ұсынған қаралы туды Ағыбай сәл иген қалпында қайта Боранқұлға берді. Сол мезет Еспайдың үлкен келіндері Қалды, Әжім, Тоғжан, Құтыны бастаған топ әйел маркұмның шапаны мен бөркін ұстап тысқа аттанған. Сол әйелдердің ішінен даусы тым ашық, құлаққа жағымды келіншектің үні естілді. Зарлы жоқтау. Бұл Еспайды соңғы жоқтау. Қаралы кемзал киіп, торғын шөлі жамылған жоқтаушы келіншек Серіктің жұбайы Рысжан еді.

...Үш жүзге мәлім болған атам Еспай,
Барады-ау үріккен тайлақ бір жанаспай... —

деген қайырмасы қайта-қайта естілген. Иә, мына тірліктің көшіне енді Еспайдың ауа жайылған тайлақтай теріс бұрылған ауқатты, өткен дәурені қабыса ма. Өлдің-өштің. Ұрпаққа жетер жақсы ісің болса о да көңілге демеу де. Жоқтау аяқталды, қазақтың әнмен басталып, әнмен тәмам болған бір өмірі де бітті. Қаралы тудың шашағы шашылып, сабы қаққа бөлінген.

Осы мезетте жұрт назары безілдеген домбыра үні, онан қосыла шыққан әлдебір жыршының ащы даусына ауды.

— Орынбай.

— Орынбай ақын келіпті ғой.

— Анау жанындағылар кім? Ақтентек сері емес пе?

— Жеткен екен кәрің. Кәрі жыны қозып жатқызбаған да. Әне, ана ат үстіндегі Шортанбай жырау. Әнебіреуі Қақпан ақын. Япырмау, бәрі осында ғой өздерінің. Тіпті естімеген екенбіз, орталарына алғаны Рахима қыз ба? Дәл өзі сияқты. Жатаған торы аттың тізгінін ердің қасына ілген Орынбай ақын ат үстінде бұрылып, жиналған көпке сәлемінің ізетін жасаған да, даусын онан әрі көтеріп, мынау асқа, ас берілген адамның құрметіне арналған толғауын бастап кеткен. Ақын үш жүздің баласының ел аузына

іліккен бұрын-соңды азаматының халыққа еткен қызметін жіпке тізгендей шежіре етіп айта келіп, Еспайдың өз басының қадіріне көп тоқтап, артының баянды болуын тілеп тоқтаған.

—Уа, Пәлі! Пәлі! —десіп жатты жұрт. Еспайдың қамқа тоны ақын иығына жабылып, құндыз бөркі басына кигізілді. Бөденің нұсқауымен Боранқұл көз сүрінгендей қара көк атты жетелеп әкеп, тізгінін ақынның қолына берді.

— Ас дәмі беріледі. Ас дәмі.., — деп хабарлады Ескене.

Ақын жырын ұйып тыңдап, қошемет көрсеткен жұрт әр рулы елге тігілген үйлеріне тарасқан. Сонау етектегі, өзен жағасындағы қалың ас үйлерден бері қарай кілең ақ жейде киіп, тайпалған ақ жорға мінген бір топ табақшы алдарындағы астауларын көтере ұстап, сыдыртып келе жатты. Оның соңынан әй дейтін жерде кілең құла жорға мінгендер көрінсе, онан әрі торы жорғалы жігіттер бой көрсеткен. Өзен мен аралық салтанатты көрініске толып, жайқалған жайлау, сәнді лек-лек жорғалылар әсем үйлесім тапқан.

— Мына қазақтар қалай, қалай? — деп тамсанды Шәбден.

— Пah! Пah! —деп ризалығын білдірді өзбек Бегдарбек.

Әр астауға атаулы мүшені толтыра салып, сарыала қазымен үстін жапқан табақшылар көше-көшені аралап, күні бұрын өздеріне белгінген үйлерге кіріп кеткен. Бас табақшы Байсейттің қос көмекшісі Тәмембай мен Ескене алқақотан қонған қалың үйлердің қақ ортасында. Ортадағы бұл екеуіне әр руға бөлінген ақсақал-қарасақал кем-кетікті қолма-қол жеткізіп жатыр. Қолындағы астауларын бере салып, табақшының көбі келесі кезегіне кетіп жатқан. Бір қапталға тігілген Самырза ауылына барған табақшылар астарын көтеріп қайта шыққан да Тәмембайға қарай беттеген. Астаулары сол қалпы, толы ас.

— Уай, бұларың не?

— Мына Самырзалар түскен үйлер бос тұр. Жан жоқ. Кімге береміз?

— Қайда кетіпті?

— Ағайындармен амандасамыз, ақындардың жүзін көреміз деп кеткен сияқты.

Тәмембай Самырза тұқымынан дегендердің бәтуасыздығына мырс етіп күліп жіберді. Әуелі өзіне жасалған сый-құрметті қарсы алмас па, шіркіндердің ішінде басалқы сөз айтар біреу болмағаны ма. Қазақ «бақ қонбайтын жігіт болмайды, басып отыратын бөксе керек» деуші еді, сірә сол да рас шығар.

— Ер соңымнан, — деп Тәмембай иесі табылмаған табақшыларды бастап көше-көшені кезе жөнелген еді, әр тұстан Самырзаның екі-үштен жүргендері кезігіп қалды.

— Мә, саған, бас-басыңа, қол қолыңа, — деп кезіккеніне табақ үсті мүшелерін үлестіріп бергізді. Сол сәтте-ақ бұл уақиға осынша жұртқа тарап, Тәмембай сөзі мәтел боп ауызға ілікті.

Жұрттың аузынан түспеген тағы бір жаңалық Ақтентек серінің қылығы. Талай әннің, сан пәленше айтты дейтін жақсы шумақтың иесі Ақтентек сері қартайған шағында айта жүрерлік сөз, жастарға үлгі болсын деді ме, аяғындағы құрым етіктен басқа киімі құрым киізден тігілген еді. Жұп-жұқа етіп бастырған құрым киіз матаға бергісіз, келіп тамашалаушыларда шек жоқ. Күміс кесе, күміс таяқ, тіпті атының шідеріне дейін күміс. Бұл маң көрмеген, жарастықты жаңа сән. Сәлем бере кіргендерге арнап өзінің атақты Ақтентек әнінің мақамымен кәрілік туралы бірер шумақты айтқан да, көне жолдасын керегеге сүйеген.

Осы Ақтентектің жеті қызы бар еді. Бір жолы сері Қарқаралы шығып кеткенде ауылына Біржан сал келіпті деген сөз бар. Әкесі жоқта үлкен екі қызы атақты салды қошеметтеп қарсы ала білген екен. Сол жолы риза болған Біржан Ақтентектің өз әнімен осы екі қызға арнап жаңа сөзбен ән айтып кетіпті. Сол ән де осы жұрттың құлағында.

— Қараменде Ақтентек сал осы кісі ме?

— Иә.

— Жарықтықтың аты зор еді, әлі де алапаты басып тұр ғой.

— Ой, кезінде көрмедің ғой.

— Шіркін-ай, ә.

Жұртты тамсандырған сері ас аяғына қарай алмай екі күннен соң ауылына қайтқан. «Кәрілік деген осы да» десті тағы шығарып саған көңіл жетер.

Сонан соңғы жұрттың ерекше атап жатқаны баяғы бір кезде осы Ақтентектің Саржан қолында болғаны. Саржан менен Бодықтын жекпе-жегінде осы Ақтентек те қатысып, уақиғаны көзімен көріп, елге жеткізушінің бірі екен.

— Саржанның мың шұбарды алуы да осы жолы ма? - деп сұраған ескінің әңгімесін ықыластана тыңдаған Шоң.

— Иә, тап осы жолы. — Әңгімеші Бөде болған уақиғаны жіпке тізгендей жеткізді. — Мың шұбар біткен Аққошқар бай Саржанға қабағын бермей жүреді екен. Соған ерегіскен Саржан осы Қайрақты бойында жатқан жылқысын түнде тік көтере айдап кетіпті. Ішіндегі Көкдауыл деген жүйрікке мініп, жылқы іңірттеуге шыққан биеші бала ғана жеткізбей кеткен. Бұйырған қашпайды деген де, түнімен адасқан бала ертеңіне осы қолдың қарауылшыларына жол сұрай кезігіп, ілігіпті. Малының соңынан Аққошқар жеке қуып келіпті. Қуып келсе де төре алдында бүгежектеп сөз қата алмаған Аққошқарға Саржан:

— Иә, байеке, мал ысқырса желдікі, айдаса жаудікі деген кешегі үлкендер. Желге кетті десең, ізін қу, жау алды десең, жекеге шық.

— Айып менен, Саржан. Көкшетауға қарай өткеніңде пейілімді бермедім, қазағымның ықыласын көрсете алмадым. Жау қай жақтан келеді, қайтіп күн көреміз деген ел бар. Мынау соның аз ғана ырысы еді. Бала-шағаның аузындағы асы да, кәрінің көз жасы да осы. Тастап кет.

Бала-шаға мен кәріні алдына көлденең ұстаған соң Саржан ләм-мим демей, мың шұбарды бөлдіріп тастап кете берген. Аққошқар «қосқаным болсын» деп бір үйірін Саржанның алдына салды.

— Саржан да мәрт екен.

— Е, ел бастаған төре тұқымы емес пе, — десті естігендер.

— Ім, — деді қабағын түйген Шоң. — Мұнан кейін бұл жаққа төре тұқымы ат ізін салды ма? Ел не дейді?

— Келді ғой.

Осы ел аңыздай ғып айтатын бір әңгімені Бөде тілге тиек етті.

— ... Байтас батырдың уақыты болса керек. Батырдың атқосшысы ретінде жүрген ағайынының біреуі ертемен

тысқа шықса, құрсанған жау ауылдың сыртында тұр екен. Қарамы қырықтан аса кісі. Сасқан атқосшы жүгіре кіріп:

— Ойбай, батыр аға, жау келіп қалды, — дейді.

— Қайдағы жау? — Басын көтерген Байтас асықпай көйлегін түзеп, төсегінен тұрар емес, — көзіңе бірдеңе көрінген шығар?

Қайта тысқа шыққан жігіт бозамық тартқан таңғы далада ат басын бері беріп, ауыл оянсын дегендей жасанып тұрғандарды көріп, қайта кірген.

— Батыр аға, шын айтам, қаптап тұр.

— Әй, сен де...

Аңыз бұл келген Сыздық төре еді деседі. Сонау ата-баба жері Көкшетауға өтіп бара жатып, кейінгі кезде хабарсыз кеткен Байтастың да ендігі беталысын байқағысы келген сияқты екен. Ауыл сыртына келіп, енді ұран салмақ екен, Байтастың шаңырағынан көк қаршыға шар етіп аспанға ұшып шығыпты-мыс. Оны тек Сыздық көріпті-міс.

— Шаппаймыз ба?

— Не көрдіңдер? Ана шаңырақтан көк қаршыға ұшып шықты ғой. Ол аруақ, тегі рұқсат сұрап түстеніп кетсек те болар, — депті.

Өз батырының абыройын асыра көргісі келетін халық бұл аңызға сенеді. Олай емес-ақ, Сыздықтың басқа есебі бар дегеннің сөзін жер, өзін әңгі етіп жібереді.

Үйге үшінші рет кіріп, әлі Байтастың мәсісін ғана киіп отырғанын көрген жігітте ес жоқ.

— Әй, саспа, — деген Байтас. — Ол келіп тұрған олжа. Жеңілмейтін жау бар, ол, міне. — Батыр кемпірін көрсеткен. — Мықты болсаң осыны жеңіп алшы.

Үй сыртына келген Сыздық жігітін жіберіп, түсуге рұқсат сұрапты. Мейман боп келгендерге жеке үй тігілген. Сусындап сәл дем алған жігіттің біреуі «осы бізге не сый дайындап жатыр екен» деп тысқа шықса, өздерінің бір атын сойып, бұл ауыл мәре-сәре. Көргенін айтып келген жігітіне Сыздық «батырдың бізге бір сыны шығар, тіс жарып, түс бермеңдер» деген. Сыздықтың мұнысына риза болған Байтас:

— Сен жеңдің, Сыздық, — деп, кетерінде бәріне жетек беріп жіберген.

Асқа келген ел ақсақалы, ақсақалдықтан үміті бар азамат ел сөзіне, шежіредей аңызға қанған. Баппен айтып, бас шұлғысқан үлкендер сөзінің бірі ащы, бірі тұшы. Ащысы тыңдаушының жанын қуырса, тәттісі «жалған, шіркін, жақсы ғой» дегізіп, үмітті қиялға жетелейді. Даланың дархан жұртының көтермейтін, көрмеген тауқыметі жоқ шығар. Қайғыңа ортақтаса, қияметті бөлісе алған жұрттың әттең, жақсылыққа деген сол қызғанышы бар-ау. Қасірет атаулыны қыңқ етпей жұтар жұрт мына тарылып, орыс өзінше заң шығарып, қазақшылығының берекесі кетіп бара жатқан уақытта Еспайға ас беруінің өзін ел «қой үстіне бозторғай жұмыртқалады» деп түсінген, бұрынғы өмірінің жалт еткен көрінісі, соны бір аңсау тәрізді. Өлер алдында пенде бой жасайды деуші еді, әлде бұл елдің бұл тамсануы, бүгінгі бір шат-шадыман шағы соның нышаны ма. Дегенмен де талай күнге кетіп жатқан бұл ас келер күннің әкелер әлдебір сұмдығын іштей күтіп, қоқыс басқан көңілді жарысқан ат, тәтті ән, күй үнімен аршып тастаған.

Арқаның әншілері мен ақындары он мен айтыста алдына жан салмаса да, пәленбай күнге созылған балуан күресте жалайыр Зікірге жан шақ келмеді. Осы аста көз көрген жұртты риза еткен, ас берген елдің абыройын көтерген кәрсон Боранқұл күш пен әдісті қабат сынаған сайыста қарсыласының тақымы астына моғал найзаны салып жіберіп, бөріктей атып, ешкімді шыдатпады. Ақыры тап өзіндей жеңіліс таппаған жағалбайлы Құрманмен жекпе-жекке шықты. Астындағы Кержағал ат құлағын тігіп, күрсінді. Тақымын қысып, атына белгі берген де, моғал найзаны кезей ұстап жүз қадамдай жерде тұрған Құрманға тап берді. Екеуі де жол ортасында кезіккен. Қағысып өткен найзаның шыңылы ғана естіліп, шұғыл бұрылысып, тағы айқасқа түскен. Құрман тақымына найза салдырар емес, қолтығынан іліп көтергеніне тағы мызғымады. Қарсыласының найзасын қағып тастамақ болып, кезек ұрысып, аударыса басысып екеуі де қара тер. Денесі қызып, алабұртқан екі ат та бір мезет аспанға қарғыған. Сол сәтте екеуі де моғал найзаны кеудеге тірескен еді, Құрман ат сауырынан аударылып түсті.

Қошеметші жұрт қаптап кетті. «Аруақтасып», «жарадың сабаздасқан» ағайынның, көзін сүзген келіншектердің арасынан тізігінін іліп әкеткен Ескене Боранқұлды бас табақшының алдына бір-ақ әкелді. Иығына шапан жауып, бір тоғызды атап жатыр. Қошеметтей білген жұртына риза Боранқұлдың есіне осыдан бірер жыл бұрын болған жалайыр Өтебай асы түсті. Сонда да Боранқұл апарған балуан Шәкірбекті осы Зікір жығып кетіп еді. Асқа шақырмаса да баруды ойлаған Боранқұл жақыны Әліге Кертөбел мен құла қасқаны жараттырған. Ас пен тойды іздеп жүрген жүз қаралы жігіт жанына ерген. Осы күнгінің көзі тар кей байшыкеші шығын көріп, ас жолынан аулақ қонуды жөн санапты. Ілгері озып кеткен жігіт «алдымыздағы ауыл да көшпек боп жатқандай, қызыл кереге көзге түсті» деген. Ауыл иесі ырысын ішіп кетердей томсырайды. Оңашалау отырған шал-кемпірдің үйіне Боранқұл түсті. Өздерінің асы болса да томсырайған ауылдың қазанын төңкеріп кетуді ойлаған жігіттер сойысқа мал таппады. Жер жұтып кеткендей тұяқтан ештеңе жоқ. Жар астынан тайынша тауып жетелеп кеп еді, онысы осы шал-кемпірдікі боп шықты.

— Талғажауымыз еді, — деген соң тигізбеген.

Ақыры жігіттер томсырайған ауыл иесінің ши ішіне жасырған ту серкесін тауып әкелген. Ертеңіне ас берген елге жетіп, он үйге бөлініп түсті. Соңынан «бізді тонап кетті» деген сөз де ілесе кепті. Әттең деп өкінді Боранқұл мұны білгенде ана томсырайғанды... Қапелімде тонаушы атанып, оның үстіне сол елдің «басындырмайық» дескен әумесер жігіттері үш топ қылып байлап қойған аттарының бірін алып кетіп, ыза болған Боранқұл:

— Асқа келгенше ел Сәдірбек, қайтарда сатпақ деген бар еді, бұл ас бізге мәнсіз болар. Бірнешеуің қамданып, ат ішіне жасырын, — деген.

Аттың біреуін алып, оңай олжаға дәндеген есерсоқтар қайта келіп, матаулы жылқыға тиген еді, күтпеген қарсылыққа кезігіп, біреуі малды боп қалды. «Кек» аламыз десіп, тағы соқтығып көріп еді, тағы екеуі аттан түсіп қап, қалғаны кейін серпілді. Енді оларға «кек» әперуші ақ-қарасына бас ауыртпайтын жемқор пристав.

— Сен басбұзар, ел тонағыш, — деп тиісе қелді жанына ерткен үш солдаты бар пристав. — Кәне, жазаңды өте.

— Бұлар ақыры қазақтың асын да жөндеп бергізбеді ме? — деп налыған Боранқұл жігіттеріне иек қақты. Әпсәтте қаруын сыпырып алып, не болғанын білгенше керегенің көгіне пристав пен солдаттарды байлап тастаған. Оларды босатып алмақ болғандармен төбелес басталып кетті. Боранқұл Торғай деген жігітіне ұран сал деген. Ақ ауыз атқа мінген жігіті сынған уыққа ақ байлап, екі қатар көшелі ауылды бойлай шауып, «Қарқабаттап» өткен еді, қаракесек атаулы соңынан еріп, сонадай төбеге жиналды. Тас-түйнектей жиналған қаракесек жағы ұрысқа дайындалған, әрі «олай болса» дегендікпен қырық атын айдатып алды. Боранқұлдың күрт мінезін білетін ел басты. Төбе басындағы бұларға ақ жорғаға мінген, ақ үкідей тоқсан жастағы ақсақалы басу айтқан. Боранқұл дау айтпады, тек ас біткенше шикіл сары пристав пен солдаттары босатылмасын және өзіміз кінәлі деген қағаз берсін деген.

Өтіп бара жатқан заманның бір алдамшысындай болған Еспай асы ың-шыңсыз еді. Мамырлаған күздей бояуы қанық, суы тұнық бұл тойдан ұрпаққа жетер қанағат алғысы келгендей жұрт ұйи түскен. Шұбыртпалы Сәтқазы сері астындағы атын өрелеп қойып:

— Еспайдың асында жорғаламағанда, атаңның басында жорғалайсың ба, — деп атын өрелеп айдап жүргенін ел тағы мәтел қып іліп әкетті.

Осы салтанаттың шырқын бұза жаздаған болыссымақ Құсқонбас. Сөзі мірдің оғындай Қақпан ақынды әркім қонақ етіп, үйден үйге сүйреп, жақсы-жаманына өлең шығартып жүрген. Осының үстінен түскен әрі болыстықтың буына мас Қареке Құсқонбас:

— Әй, соқыр, маған деші, — деп ақынның мүгедектігін бетіне баса тиіскен. Қақпан ойланбаған:

Дегенде ала тақтақ, ала тақтақ,
Жүрсің ғой әр ағаштың басын боқтап.
Дауа жоқ, бәтуа жоқ, сөзің тырқыл,
Құсқонбас, қайғырасың нені жоқтап.

Ащы мысқыл, ақылсыз бастың тірі суреті естігеннің қарқылымен ұласып кеткен еді. Осы маңға таяп қалған Серік те, күлкіге елеңдеп келген Боранқұл да «ә, бәтуасыз, алдың сазайыңды» деген сөзді естіген. Кенет біреу:

— О, әкең.., — деп тұра ұмтылған, іле ысқырған қамшы сарт етті. Жолындағысын қаға-маға жеткен Боранқұл домбырасын басына көтерген Қақпанды таныған. Екінші сілтеген қамшыны орай ұстап, қатты жұлқып қалған еді, бүлдіргісі қолына ілінген Құсқонбас доптай ұшып, жұлыны үзілгендей бақырды. Болыстың әлдебір жандайшабы:

— Аттан, аттан, қареке! Құскеңді ұрды, — деп дауыстап қалған. Шу шыққан жерге жұрт жиналып-ақ қалды. Ұран естісе делебесі қозатын қазақ ереуілдесіп, елеңдескен сияқты.

— Тоқтат! — деген әмірлі үн қақ төбеден естілгендей бәрі бір сәт тым-тырыс тынған. Ағыбай екен. Жанында Шоң, Байсейіт, сәлделі Жәнібек, Боқай бар.

Мән-жайды енді білген Қареке жағының кісілері:

— Әй, сенің ақынды ұрмағың не? — деп Құсқонбасты сөгіп жатыр. — Тіл кеспек жоқ деген қазақ ек, шығарайын деген екенсің жаман үлгіні.

— Өскен елдің ұрпағы бірін-бірі батыр, өспегені қатын дейді. Біріңді-бірің кіш-кіштеп... Жау таба алмай жүрмісің. Сыртыңнан орап, ішіңнен шалып жатқаны мынау. — Ағыбай батыр түсі сұрланып, тістене сөйлеген. Ағайынның кикілжіңін қамшының ұшымен, білек күшімен шешер ұрпаққа да жетіппіз. Көргенді елдің ісі ме бұл? Ақылгөй ақсақал, шиені шешер шешен қайда? Солардан қалған үлгіні не істеп барасыңдар, түге.

— Тоқтал, халқым, ЖӘ! Тараңдар! — деген Шоң да ренішті үнмен.

— Атшабар! Атшабар! — деген жаршының даусы естілді.

Бәйге — қазақ тойының, үлкен астың ақырғы шарықтау шегі. Серіктің көзі көрген асының ішінде бәйгенің ұнағаны — Бейсеннің асы. Керней Бейсеннің асына тоқсан ат қатынасып, он жеті атқа бәйге тігілген. Сол тоқсан аттан иман жолбарыс Баймұрынның көкаласы шығандай озып кеп еді.

— Әй, бәйгені алмаңдар. Бейсен ұрпағы оның малына емес, арына тікті бәйгені. Ол кедей еді, — деп Баймұрын жүлдені өзі де алмай, басқаға да бергізбеген. Жұрт үш тоқты біткен Бейсен балаларына кедей де болса да ас берген пейіліне риза боп тарасқан.

Еспай асында екі жүзден аса ат шабатыны хабарланған. Сәйгүліктер Шөладырдан жіберіліп, Қайрақтыны өрлеп, Былқылдақты бойлап, Аққояннның ту сыртымен өтіп, Тұмсықты айналып, Сайлаутасқа жетуге тиіс. Берілер жүлде де зор. Бірінші бәйге елу жылқы, тайтұяқ жамбы, сегіз қанат орда. Екіншісі, қырық жылқы, тайтұяқ жамбы, үшіншісі, отыз жылқы, қойтұяқ жамбы. Барлығы он бес атқа жүлде бар еді.

Атын қосқан жұрт гу-гу. Құмалақ тарттырып, жауырын қараттырып жатқандар да жетерлік.

— Бексейіттің Ақайдар керінен ат озбас.

— Баубектің көкшағыры ше?

— Кейкінің сары айғырын айтпайсың ба?

— Байсейіттің көтерем көгі тұрғанда басқаны сөз қып, — дескен әңгіме әр тұстан естіліп, әр жүйріктің мақтауы жеткізіліп-ақ жатыр. Бесін ауа шаң көрінді. «Кеп қалдыласқан» жұрт лап етіп ұмтылысты да, үлкендердің айқайынан жасқанып, тағы кері шегінді. Сонадайдан жеке көрінген торы ат тұяғы жерге тимегендей көрініп, лыпып мәреден жалғыз өзі ғана өткен. Арты будақ-будақ шаң, кезек озысқан жүйріктер.

— Уай, қайсы өтті?

— Тұрбектің ноқтасыз торысы.

— Қай Тұрбек?

— Осы ел, қояншытағай.

Ел жақсылары «ас өзіміздікі» деп бас жүлдеден бас тартып, бірінші бәйгені Ұлы жүзге, екіншісін Кіші жүзге бергізген. Қазақтың үш баласының шаңырағын түгендеген бұл шешімге аты келгені де, келмегені де риза. Көңілі мәре-сәре жұрт көрісуге күн жақсы болсын айтып тарасуға да бет түзеген. Күні өтіп бара жатқан қазақы заманның салтанатты шеруі, аста-төк молшылық, шат-шадыман жұрттың «пай-пайы» қайта айналып келмес елес боп, қош-қош айтты.

Ас өткен жердің желкесіндегі биікте күнге қақталған жүзін жел сүйіп, сағымға сіңіп бара жатқан жұртты қимай, келер күнге үмітін артар-артпасын білмей бір топ ақсақал қалды.

— Ойхой, дүние!

— Құба бел

— Қайта айналып келермісің, жақсы күн.

Қайтар жолында Манатайдың Сандықтасынан құлай беріс батыс бетіндегі терең сайға өскен қалың ағаштың ішіне Ағыбай батыр тағы бір түнеді. Шешесі Қойсананың басына тәуап етіп, келіп-кетіп жүргенде сан тоқтап, ат шалдыртқан, өз көңіліне ұнаған жер еді, сөніп қалған шоққа үңіліп біраз отырды да, жұлдыз санап кетті. Сандықтас жақтан құлжаның шақырған даусы жеткен. Ол үн оған мәңгілік сияқты көрінді. Япырым-ай, шаттық дәурен неге мәңгі болмады екен. Шіркін, енді мынау жұртты қайтып көрер ме еді? Әй, қайдам, уақыт өткінші ғой. Шіркін... шіркін... Адам — арман, өмір — елес.

Ай артынан ай, жыл артынан жыл өтіп, жел айдаған қаңбақтай дөңгеленген заманның әлдене уақытында қазақтың қара баласының «шіркін, Ағыбай батыр осы ағаштың қай жерінде жатты екен, орнына аунар едім» дерін, осы қасиет тұтқан кең сайдың «Ағыбай ағашы» атанарына ол кезде кімнің көзі жеткен.

* * *

Қарақырқаның Бесбала жонына түйісер тұсындағы биік шоқының басына таң біліне шығып, тусырап жатқан далаға тесірейе қарап отырған адамда еш қыбыр жоқ. Тас оба ма деп қонбаққа шүйілген күшіген соңғы сәтте далпылдап қайта ұшқан. Қамшысына сүйеніп, сай-сайдан ұшқан буға сүйсініп, жонына дүрс тимеген, домбыраның шегіндей дыңылдап, ат тұяғының дыбысын күндік жерден естірткен дала үніне құлақ түрген. Әбеннің бұл отырысы, соңғы жылдары тапқан өмір тәсілі. Әуелде «қатын жолда, бала белде» деп жүріп уақытын өткізіп алыпты, сонан соң тақымы кеппеген жортуыл жүріске құнығып, өзімдікі деген шаңырақ болуы керек екенін естен шығарған.

Байқап отырса, мұның әкелерінің сырымтаға бармағаны болмапты. Қайсысының қай жаста, қай алыстан мал әкелгенін бұл біледі, кешегі үлкендер онысын жасырмай жыр қып айтқан. Жеке шаңырақ иесі бола аламын, өз бетіммен жол жүріп, өмір сүруге дайынмын дегісі келген жас түн қатып, түсі қашып, алыстан мал әкеліп, ер жігіт болғанын дәлелдеген екен. Онысы өнер тәрізді. Бір рет мал әкелгенімен, екінші сондай жүріске баруына ауыл үлкендерінен рұқсат жоқ екен.

Әбен сол сырымта-барымтаға, не түн құрғатпас ұрлыққа неге айналып кеткен деп сан ойлады. Сөйтсе ақсақалдардың көздегені жігітті жаугершілікке, қалтасына бес малта салып жүріп, ел пейілін танысын деген мәрттікке тәрбиелеу ғана екен.

Енді мынау елдің көбі болмаса да, біразы атқа міниып, ауыл арасын торып, жеке-жарым жүргіншінің атын олжалап жатқан бір бейберекеттік тауыпты. Кешегі көнені көріп, уайыммен қажыған ақсақалдар, басына сәлде салған моллалар қолынан келер шарасы болмаса да бұған қарсы. Түбі ел азады-ау дегендерін сан естіген. Арам жемейміз деп қазанына салынған асты қадағалағанын да сан көрген. Сөйтіп те елді тыйғандай! Сол ақсақалдар Әбеннің суыт жүрістерінен де хабардар екен:

— Кәсіпсіздіктен туып жатқан кесапат қой.

— Елтең-селтең жүрістің аз уақыт қызығы болғанымен, түбі қайырсыз. Түбі елді аздырып-тоздырып жібереді ғой.

— Сен, Әбен, осы құрық сүйреткеніңді қой, — дескен.

Қойдым деп Әбен уәде етпеді. Уәде — Құдай аты, бердің, орында деген әке қағидасы жадында қалыпты. Тыңдап-тыңдап, түсін бермей салбырап шығып кететін де, кәсібіне кірісетін. Ол қол күші менен құрығына сенген осы өмірінен басқаны көрмегелі қашан, басқаша күн кешуге болатынын ұмытқанына не заман.

Шоқының күнбатыс жақ етегіндегі бұлақ басына жайып тастаған теріні күні бойы жалғыз құзғын шоқып жатыр еді. Кепкен теріні тарс-тарс ұрған құзғын тұмсығы неткен мықты. Құс тұмсығы мықты болғанымен, Әбеннің жүйкесі ондай емес екен, өз жұмысымен әуре боп жатқан құзғынға бір-екі рет төбе басынан тас жіберіп қалған еді, жетпеді ме, әлде зілі етпеді ме, керек қылмады.

— Кіш! — деп ақыры қопаң етіп көтеріліп, құлаштап тас лақтырып құтылды.

Біраз уақыт жолдас болған Серікпен айырылысқаннан бергі көрген күні осы жалғыздық. Анау кәрсөн Боранқұлға барып сіңуді де ойлаған. Онысынан тағы айныды, оның жолы басқа. Отыз үйлі тобырын асыраймын деп арқа еті арша боп жүрген жайы бар сияқты және ауыл арасының тоқты-торымына қызығып, оңайдан олжа тілегенмен, тұзы жараса қоймайтын адам.

Сонан бергі бекінісі осы тау, жатар жатағы ана сай, ішіп жүргені мына бұлақтың суы. Құрығын тастап, құбылаға бет бұрып, сәждеге бас қойған емес, барар жері таусылғандай хал. Бақса, өзінен басқа жортуылшы атаулының арқа сүйері не би, не болыс тәрізді іс түссе қорғап қалары бар екен.

Әбеннің есіне алғашқы бір аламандық жасағаны түсті. Мұрты тебіндеген жігіт кезі, әке мен шешені бірінің соңынан бірін көрмеген көшелеріне аттандырып салып, бес ешкі, екі түйеге ие боп қалған шағы. Әкесі марқұм осындай тым тақыр емес еді, он шақты жылқы, ел қатарлы қой-ешкі ұстаған-ақ кісі. Шаруаның қыры кетті, жылқыны жау боп тиген ағайын алып, қойын топалаңға беріп, басын сауғалап құтылған. «Мал иесімен кеткен ғой» десті үлкендер жағы.

Елтең-селтеңге әуес шақ. Өзі жаяу қалса да, ауылдастан міністұрап, аяғын артып, қайда той-томалақ болса қалмаған. Өстіп жүріп жазда ауылы аралас қонатын үйсін елінің бір қызы көңіліне ұнап-ақ қалғаны. Қазақтың жіп тағып жіберген көп қызының бірі екен әрі болашақ күйеуі ұрын келіп кетіпті. Көңіліне сайтан енген қыз да кет әрі болмай, сол ауылдан көңілдес жігіт, епті жеңге де тауып, тар төсекте табысып жүрді.

Сөйткен уақыты да тез өтіпті. Қыз бетіне ноқта түсіп, іші білініп қалған соң ауылда шаң-шұң шыққан. Әбеннің бес ешкісінің құнын алған жеңге таяқ жеп, қыз үйінен шықпастай етілді. Қызының ендігі халін түсінген бәйбіше «келіндерін алсын» деп хабар айтып, мерзімінен бұрын ұзатып тынды. Суық жүрістіні тануды мақсат еткендей:

— Бұ кім өзі басынып жүрген?

— Кім де болса көкесіне көрістіру керек, — дескендерге сол ауылдың үлкендері:

— Ау, атаң ұл, анаң қыз болмап па? Қойыңдар түге, ағайын елдің арасын ашпай, — деп басу айтқан.

Қоңыр күз келді. Шырқау биікте қаз-қатар тізіліп тыраулап ұшқан тырналар елді қыстауына шақырғандай. Жаздай араласып, бірі құда, бірі жегжат боп табысқан арғын-үйсін елі жыласып қоштасқандай ата-мекендеріне қарай жылжысқан. Олар әрі, бұлар бері көшіп, көш үш күншілік жолға кеткенде Әбеннің мал дегеннен қалған екі түйесі ұшты-күйлі жоқ боп шықты. Із кесіп еді, беті ескі жұртқа қарай шықты. Ұры алды-ау дегенге көңіл сеніп-ақ тұр. Бошалар уақыт емес.

— Кекшіл екен, — деді бір үлкен.

Осы сөз-ақ ұрының бетін танытқандай. Қыздың әпербақандау ағасы бар еді, соның өзі болмаса да «ұрлық қайда» деп тұрғанның заманы емес пе, жұмсаған шығар сондайдың бірін.

— Сен енді ізге түсем деп әуре болма, олар шығандап кетті, сонау Буырлы-Байталдан әрі, кол жиегінде.

— Қалың қамыс қой, таптыра да қоймас әрі нудың іші толы жыртқыш. Жолбарыс талайды жазым еткен.

— Келер жылы көрерсің, — дескен ағайын көп-ақ.

Көлік сұрап ала алмасына көзі жетті. Бірі қолға түсіп қаласыңды сылтаулап, өзін аяғансыды, кейі «жоқ іздеймін деп жүріп аттан айырылып, шығынға батырасыңды» емексіткен. Енді кешке ілесетін де жағдайы қалмады, үй сүйегін, оны-мұнысы артар түйе де жоқ. Ақыры басындағы шаңырағын ауылдастың біреуіне өткізіп, «кейін келіп алармынды» айтып, жолға шыққан. Мұның қайда барарын, қалай күн көрерін сұраған да ешкім жоқ. Әкесі марқұм «туа біткен жалғызсың, ауырсаң бас сүйерің жоқ, күнің не болар екен» деп отырушы еді, рас екен. Ең болмаса немере де жоқ, шөбере, немене дегендердің іші жылығаны болмаса, жанына батырып беліп берері жоқ па, әлде мына заманның әкесі айтпақшы, «пейілі кетіп» бара ма, әйтеуір, «сенімен біргемізі» шамалы.

Ауылдың сыртына шықты да, артында қалып бара жатқан қоңыр үйлерге қарап ұзақ отырды. Бірдемесін

қимағандай, әйтпесе тымағы жалбаңдап әкесі шауып келердей, «құлыным, қайда барасың?» деп шешесі дауыс көтерердей-ақ елегізіген. Соңынан қуған да, ерген де ешкім жоқ. Соңына ілескен тіршілік иесі ала төбет еді, ол сорлыдан не көмек, қайта аяққа тұсау, көрінген итпен таласып, көптен таяқ жегенін көргенше ауылда қалсын, ие болар кісі табылар, табылмаса өлімтігін көрмей-ақ қойды. Соңынан қалмаған ала төбетті тас алып қуып, жанына тигізе ұрып:

— Кет, — деп жекіріп қуып тастаған.

Әбеннің көзі қолындағы дорбаға түсті. Кеше ғана бір үйдің мүлкіндей-ақ дүние, ел қатарлы мал біткен, ешкім қорсынбайтын шаңырақ еді, енді соның жалғыз мұрагері, сол ұрпақты жалғаушы деген бұған жөні түзу дорба да бұйырмапты. Тағдырдың тәлкегі ме, заманның әлегі ме, ол арасына көз жеткізейін деген ниеті жоқ, әйтеуір, сол дорбадағы аздаған пісасты талғажау еткен. Жұлдызға қарап түніменен жүреді, күн ыси көзге елеусіз ойпаңды, тас қуысын пана еткен. Жалғыз-жарым көзге түсіп жүруге қауіптенсе де, бір жағы ұзынқұлақтан сескенген. Не қылса да барар жері мұны күні бұрын білмеуін, жүзі таныс әлдекім көрмеуін іштей тілеген. Жалғыз да жаяу жоя шеккенде тістеп, ұртына салып қойған малтадан артық ас болмайтынына көзі жетті. Қарныңды да аштырмайды, сусының да қанық, көңіл күйің де орнықты.

Балқаштың жиегін жағалап, нуына бойлап кірмесе де, суының дәмін татып, әлденеше күн жүрді. Жалғыз рет жаңа жаһаннамға кететіндей қорықты. Көл суына бетін жуып, сол сүрлеуімен кері қайтқан еді, баттиып жатқан мысықтың ізін көрді. Көзін жұмып, басын шайқап қалып, қайта қараған, тап өзі. Өзі қайда? Қай тұста мұны аңдып жатыр. Қолдағы қаруы құлаштай таяқ, онымен итті жасқаған болмаса, қасқырды да үркіте алмайсың. Сонан қамыс ішінен шыққанша өкпесін қолына алып жүгірген. Жүгірген сайын арылдап қуып келе жатқандай керініп, кішкене төбешікке шыққанша жаны қалмады.

Іздеген ауылына жетінші күні жеткен. Осы ауылдың тігілу тәртібі, әр үйдің ұсқын-нұсқасы, ортадағы ақ ордаға қатынасы көңілге қатты жатталған, үріп шығар итіне дейін

таныс. Ауыл сол айнымаған қаз-қалпында екен, жері ғана басқа, жайлауы ғана өзгеше. Әйтпесе анау ақ ордаға кіріп-шығып жүрген сыпсыңдаған келіншектердің де жүрісінде, істеген ісінде еш өзгешелік жоқ. Құдды осы ауылдан Әбен ертемен ғана шыққандай таныс көріністер.

— Иә, сәт! — Тап іздеген аулы екеніне көзі жеткен соң шалқалай түсіп көзін жұмған. — Шаршағанын енді ғана сезінгендей. Дел-сал екен, аяқ-қолы қорғасын құйғандай салмақтанып, тыныс тілеп жатыр. Өстіп жатып көзі ілініп кетіпті. Әлден уақытта бас көтерді. Енді не істемек керек? Іздегені өзінің екі түйесі. Оны алып, қай мұратына жетпек. Әлемді басына көшірген бақылдақ қара атан «мен кеттім, менмұндалап» қор етпей ме. Не де болса осы елдің жанына батар басқа бір малын алған дұрыс. Ойлай келіп, осы екі-үш жылдың мұғдарында қыр менен сырдың дәмелі деген жүйрігіне сипатпай жүрген текежәуміт болушы еді, соны іліп кетуді жөн көрді. Иесі ауыл ақсақалымен немере, ана ақ ордамен қатар тігілген үйде.

Әбен сол күні кеште мал қайырып жүрген, кеше өзімен көңілі жақын болған жігіттің бірін кездестірген. Сәлем сонынан сұрағаны қыз болды.

— Қайда қазір?

— Ой, кеш қалдың ғой. — Жігіт болары «болған ғой», енді оны қайтейін деп едің, осынша алыстан әуре бопты кейпіменен түсіндірген.

Ауылдың әр жаңалығын сұрап, аужайын байқаған соң қыздың ұзатылып кеткеніне өкінген сыңай танытып қала берді. Ел жатып, некен-саяқ жүріс тоқтап, күзетшінің айқайы да самарқау шыққан түн жарымында текежәуміт тұрған үйге келді. Күндіз көз жазбай ұзын арқанмен шалдырып, суға түсіріп, балаша мәпелеген атты түн баласы шал өзімен бірге үй ішіне алушы еді. Тың-тыңдап біраз тұрды. Онан кейін шал жатқан тұстан мал сияқты боп бір сүйкеніп өткен, оянып дыбыс та бермеді ешкім. Үйдегілердің қапысыз ұйқысының үні ғана жетеді. Айқара ашылатын есік қайыспен шандулы екен, оны шешіп жату бір жұмыс әрі білініп қалуы мүмкін. Жабық пенен екі босағадан кезек-кезек қол жүгіртіп жүріп өткір бәкінің ұшымен бар қайысты кесіп тастады. Үй іші ала көлеңке,

шидің бір бұрышына қойылған шам өлеусірей жылтыраған. Сол жақтағы ағаш төсекте ыңқылдап қойып ұйықтаған кемпір-шалдан басқа бөтен ешкім жоқ екен.

Ұрланып кірген кісіге «сен кімсің» дегендей жоңышқа жеп тұрған ат күрт-күрт шайнағанын қоя қойып, оқшырая қараған. Күндіз кісі көзінен оқшау кетпей, түнде адаммен бірге жусаған жануар жатырқамайды екен, осқырып үрікпеді. Сондада Әбен құйысқандығын қасып, бөтен ниеті жоғын білдіріп, сипап, бірте-бірте таяй берді. Бойы әбден үйренді-ау деген шамада шоқтығына қол жүгіртіп, алқымынан мәпелеп, кісеніне еңкейген.

Есігіне құлып тақпаған қазақ атына кісен салуға жарапты. Бұл да болса жолаушыны «біздің үйге соға кет» деп шақыратын қазақтың ақ көңілінен заманның озғаны шығар. Үш түрлі кісен болушы еді, бәрінің де кілті қолда. Алакөлеңкеде ат бауырында кісі барын аңдап болмас, асықпады. Түртпелі кісенді ашып, сылдыр еткізбей шашадан сыпырып алған соң ғана шамды үрлеп сөндіріп, айқара ашқан есіктен атты артымен шығарып бара жатып, босағадағы су жаңа саптамаға көзі түсті. Оны да іле шыққан.

Талып ұйықтаған ба, ұйқысырауы жиі шал осы тұста ғана аунап түсіп, көзін ашқан сияқты.

— Әй, шам қайда, — деп кемпірін түртті. — Ат бар ма? Ойбай-ау, есік ашық қалыпты ғой. Аттан! Аттан! Жау әкетті! Әкетті...

Атты шығарып үлгерген Әбен секіріп мініп, із тастай қашты. Аламан күтпеген бейқам ауыл оянғанша, ат тауып мінгенше әлденеше шақырым кетіп те үлгерді. Әрі жаудың санын білмеген, кеткен бетінен хабарсыз ел де жеті қараңғы түнде тұра қууға жасқанған сияқты. Былай шығып қараса, екі етіктің бірі түсіп қалыпты, екіншісін және лақтырып кетті.

Жүйрікті алып, іштегі қызылын басқандай болғаныменен, баратын жері шамалы еді. «Мәрт» екен деген жұрт сөзіне қанық көңілі Боранқұлға бұрған. Жүрісін жасырмады. Орақ тұмсық, атжақты, еңгезердей қара кісі екен.

— Ә, жарар. — Боранқұл көп сөйлемеді. — Пана тұтып келген екенсің, болсын. Енді бірақ мұндай ауыл арасының ұрлығын қой.

— Айтқаныңыз болсын.

Келер жылы жаз жайлауға шыққан үйсіндермен тағы қоса қабат араласа жайғасқан. Текежәуміттің қайда кеткенін білген ат иелері Боранқұл ауылына кісі салып, жатып алды.

— Жарайды, — деген Боранқұл — Атыңыздың көзін береміз. Сендер екі түйені қайтарып, айыбына ат-шапан қосасыңдар.

Бітім осы болған еді. Атын алдыртқандар:

— Осыны жасаған жігітті бір көрсетіңдерші, неткен жан екенін білейік, — дескен еді, Боранқұл онысына көнбеді.

— Көзге түспей кетіп қал, бірде болмаса, бірде жазым етіп жүрер, — деген.

Ол да бір өткен күн екен. Әбен осы маңдағы таудың жақыны Шетшоқыны көзбен сүзіп өтіп, суыт жүрісті ешкімді байқамады. Ана Аюлы, Манатай, Тағылы жағынан да бұлай беттеген ешкім көрінбейді. Сәске болмай-ақ ыстық көтеріліп бара жатқандай, шекпенін жамыла түсіп, бөркін милықтата киді де, тобарсыған ерніне жанторсықтан құйған сусынын апарды. «Әй, ысып барады-ау». Бұлақ желкесіндегі шоқ талдың көлеңкесіне тіккен күркесінің алдында мосысы тұр. Онысын өзі қайнатпаса, осындайда шайын әзірлер қатын дегенді білмей кетіпті. Қорбаңдап тау басынан түсіп, мосының астына от қойды да, тезекті тықсыра қалап, қайта тауға шықты. Биікке өрлеген иесінің соңынан «мені ұмыттың ба!» дегендей аты оқыранды.

— Тұра тұр, қазір шай ішерде суарамын, — деді Әбен атына бұрылып. Шыбындаған ат бас изеп, «ұқтым, ұқтымды» білдіргендей сипақтап қала берген.

Иә, сонымен Боранқұл сөзімен жау көрген ағайынның көзіне түспеймін деп нағашы жұртын паналаған болды. Нағашысы дүниеден қайтып кеткен, әңгүдіктеу баласы осы ауылдың мықтысының малшысы. Мұны да қарап жатпа деп жылқыға шығарған. Жаяу барып аламандық жасаған ісіне түнгі күзетте ауыл арасының бір-екі ұрысымағын сойылға жыққаны қосылып, аты дабырайып тұр, бай пейілі де дұрыс сияқты, бәйбішесі сусынын молынан құяды.

Әбен осы ауылға келерден бұрын табындар он жылқысын барымталап кетіп, ізімен қуып барған жұртқа

теңдік бермей, сонша малдың бодауына үш түйе, екі сиыр айдатып, мазақ еткендей қайтарыпты. Қали екені білініп қалған еді. Сонан осы ауыл Қалиға тістенгенмен, тісі өтпей, жіберер азаматының жені келмей жүрген. Орталарына Әбен келгеннен бері қуанулы сияқты, кек әперер деген бәрінде сасық үміт. Онысын бай айтқыза ма, әлде тілдегі сөзі ме, әрқайсысы қыңқылдап қалып жүрген.

Өзі көңіліне ұнаған сұр құнанды тағы да ұстап мініп жатқанын көріп бай:

— Атшылын мұның. Атшыл болсаң, ана Қалида кеткен малды неге әкелмейсің, — дегенді айтып қалды. — Сені жиен дейді... Тепеңдеп ат үстінен бір түспейсің. Қашан көрем пайдаңды.

Мұны естіген ауылдың үлкен-кішісі қатарласып:

— Байекеңдікі дұрыс қой. Айбының бар, несіне жасқанасың, — деп шаптады.

Сұр құнанды мініп, суық жолға тағы түсіп кетті. Іздегені Қали. Әбен құнанға мініп, қиынға кетіп бара жатқанда:

— Жас мал ғой, белдірек ат мін, — деген де жөнді ешкім болмапты.

Өзі білетін Қалидікіне емес, көршісінің үйіне түсіп, «мына жақтан келе жатыр ем» дегенді ғана айтып, сусын ішсе де, көзін Қалидың үй жағынан алмаған. Желідегі жалғыз құлынға қос күрең бие бірдей төніп, телі екенін танытып тұр. Үй көлеңкесіндегі ырсылдаған иттің үстіне мінердей Көккасқа аты байлаулы. Бұл жүйріктің төл малы емес екенін де біледі. Қали осыдан үш-төрт жыл бұрын көктем шыға көтерем шолағын мініп, тентіреп кеткен. Айлап жүрсе де мәстегі тыңайғанмен, қоржыны толмапты. Сонан таманың жылқысына түнде ат жалына жабысып үұлана кіріп, көзге түсер жылқы іздесе, осы Көккасқа ат кезіккен. Қай жағынан барса да жануар артын көрсетпей, бұрыла беріпті. Соған құрық салып, шоқ тал ішіне жасырынып қалыпты.

Сусынын тауысып, дәм қайырған Әбен атқа қонды. Беті өз ауылы. Ауылдан ұзап шығып, ат бойы көрінбес жыраға түсті де, сұр құнанға сілтетіп алып, Келіншек тауының бекіністі сайына енді. Осы жерден кешкұрым Қали ауылының жылқысының өріс бетін баққан. Сөйтіп отырып

қамшысын таянған қалпы қалғып кетіпті, біреу түрткендей селк етіп оянды. Түннің біраз уағы болған тәрізді. Желдің лебімен жылқының бетін бағдарлап, іздеуге шыққан. Кісінеген құлын даусы, малдың жусауға кіріскенінен хабар бергендей. Жусау ішін еркін аралап, Қалидың қос күреңін бұғалықтап жетелеген. Соңынан ілескен құлыны жылқыдан былай шыға азынап, таңғы әлемді басына көтерген. Ат үстінде қалғыған бала жігіт те оянып:

— Жау! Жау! — деп ауылға атой салды.

Құлыны ермеген қос биенің ілгері аттаған аяғы кейін тартып, сұр құнан күшпен сүйреткендей еді, ақыры таң ата сыр берді. Амалсыз бұлақ басына тоқтап, ат шалдырды. Сүт пісірімдей шамада арт жақтан «қайда, қайдалаған» дауыс та жетті.

Сұр құнанға мініп үлгерген Әбенге қақ сойылын оңтайлай ұстаған екеу таяп-ақ қапты. Алғаш жеткенімен ұрысып өтті. Әбен сойылға жылдам еді, қарсыласы бір ұрғанша бұл үш-төрт рет сабалап үлгеретін. Алғашқы жетушінің жүрегі шайлығып шыға келген. Әбенді мықтап-ақ ұрдым ғой деп еді, құдды үш адамның ортасына түскендей сартылдаған сойылдың астында қалып, сойылы қолынан ұшып, кеудеден тиген соққыдан тәлтіректеп, ат жалын құшып, зорға түрегелген. Енді қапталдан сес бергені болмаса, таяй қояр түрі жоқ.

Екінші жеткен Қали о жағынан бір, бұ жағынан бір шығып сойыл сілтегенмен ала алмады, қайта қосақта тартылған биенің жүрісі ширап, бір табан ауылға жақындаған. Күн шыға орнынан тұрған ауыл үлкендері сонадайдан сабаласып, ауылға келіп қалған үшеуге күн салып қарап, кім екенін таныса да «Әбен ғой, Әбеннен» асып, ешқайсы атқа ұмтылмаған. Қызығын көрейік дейтін сияқты. Ала алмасын білген екеу ат басын бұрып, кейін тартты.

Сәскеде көрші ауылдың ақсақалын ертіп, Қали аттан түсті. Құлжа мүйіз ожаумен сапыра құйған сары қымызды іше отырып ақсақал:

— Уа, ағайын бітімшілікке келдім. Ел шауып байығанды көрмедім, ырыс көзі сол болса, мына Қали байыр еді, отырған түрі анау. Мұның сендерге қылғанын да білемін. Шоқ-шоқ дер едім, әттең, белдеуінде шырқыраған құлын,

мұнда желіні сыздап азынаған қос бие тұр. Қасиет тұтқандарымыз да, тірлігіміз де осы мал Ақты қадірлеген ел едік, қос биенің сүті үшін кешіңдер деп келіп отырмын, — деген.

— Мұның көзі неге ақпайды, — деді ауылдастың бірі.

— Сөзің дұрыс, ұрлықпен жылатқанның несі оңсын, көзі аққандай боп отыр ғой өзі де. Малдың желіні, жас құлынның шырылына тоқтайық. Қос күреңнің орнына қос бие, айыбына бір қой береді Қали.

Бір-біріне есесі кеткен екі ауыл осылай келісті.

Әбенді жан-ау деп есепке алғаны болсайшы. Екі адаммен сабаластырып қойып қызықтағаны және анау. Ау, сонда мұны ет пен сүйектен жаралған тірі адам демегені ме? Жақынсынып жүрсе, жат екен ғой мынау ел. Есектің күші адал, еті арам деуші еді, сонда мыналардың әңгі кек есегі болғаны ма? Жоқ, бұл елде тиянақтап тұрар жері емес екен.

Осы жерден кетсе-ақ бар шаруаны тындырып, іздегеніне жететіндей болған. Не іздейтінін өзі де білмейтін еді, әйтеуір, көңіл мазасыз, табан тірегені жоқ. Қайда барса да алдынан шыға келген ашкөздік, ел билігін қолына алып, орыс ұлығынан шекпен кигеніне мәз болыстың атып кел, шауып келі болу. Ел сыйлаған ақсақалдар «мына жол қасқа жол, сенікі басқа жол» деп тілін өткізе алмай сақалын сауып қалған хал. Ә дегенде бірер жыл сол билеушілердің айтқанын орындап жүрген, сонан алғаны «Әбен баукеспе» атағы ғана. Сонан жалғыз жортты. Аш өзек те дегенін қылады екен, жеке-жарым шыққан малды жетектеп кету де, тоқты-торымды өңгере салу да бойына сіңді. Сөйтіп жүріп Серікпен аз күн табақтас болып еді, баянсыз тірлік тағы жолын айырды.

Жаюлы жатқан Көккасқа айғырдың терісіне құзғын тобымен қоныпты. Құнжыңдасып, барқылдасып талтаң қаққан немелерде сескену жоқ, атаулы асына келгендей емін-еркін. Өткен күн қайтып келе ме, Көккасқа айғырды алғанына да, сойғанына да өкінеді. Жануар бауыздап жібергеннен кейін де үйірін шақырғандай арқырап, тұла бойын түршіктірген. Қолынан сапысы түсіп кетіп, жануар ақтық демін сарыққанша жанына бара алмай, меңзеңбоп отырған.

— Әй, бекер жасадым-ау, киелі мал екен, — дегенді айта берді. Сонан бері тобылғыға ыстап кептірген еттен аузына салғаны да шамалы, тамағына кептеліп жұтылмайды. — Әй, бекер...

Бұрын біреуді ашкөз деуші еді, енді өзінікі не? Адам жамандық пен жақсылық өз басына келгенде осынша дәрменсіз болар ма, өзінікі жөн, қисық та болса өз ісіне ақтау табады. Кісі өлтірсе де «міне, солай болды» дер-ау. Әттең, бәрі кеш. Көккасқа айғырды бекер-ақ сойған. Әлгі молла айтатын киімді шайтанның азғыруы да көңілді соған бұрған. Ана Жәңгір малында өмірі жүген, құрық тимеген, маңына жан жуытпайтын айғыр бар, шіркіннің раң майы үстінде деп сілекейі шұбырғанша жыр қылғанды сан естіді. Біреуі бұғалық салғанда ат-матымен өзімді домалатты десе, екіншісі сілтеген құрығымды аспанға қарғып, аяғымен қағып жіберді деп соғып, төрт аяқты малды осы заманның батырындай аңыз еткен.

«Мен оны қайтсем әкелем» деп уәде етпесе де, ішінен бұл неткен мал, көрер ме еді деген ой түйген. Көрер ме едінің арты Қарамұрыннан бір-ақ шығарды. Естуінше Жәңгірге біткен он жеті мыңның басы Көккасқа айғыр үйірі, соның соңынан жауынды түн, түк көрінбес боранда бар жылқы ереді. Айғыр өз үйірінің ылғи алдында жайылады екен. Көзге түртсе көргісіз айсыз түнді, тоқтамай жауған ақ жауынды таңдап алып, жылқының алдын күтті. Осы бетінде арты пәленше жерге созылған мал Нұраның екі жағын ағаш басқан өткелінен өтуге тиіс.

Көп күттірмеді. Анда-санда арқыран үйірін шақырған айғыр өткелдің орта тұсынан аса бере Әбен бұғалықты сілтеп қап, сарт еткен қыл арқан мойнына түсіп, айғыр секіріп үлгергенше арқан үшын жуан ағашқа орап та жіберді. Ышқына ұмтылып аспанға қарғыған жануар тамырлы ағашты жұлып кете алмай шалқалай құлаған. Сазға жығылған айғыр қайта ұмтылғанша лып етіп тақымға алып та үлгеріп, енді мөңкуіне жол бермей аралықты қысқартып тастады да, тұщы етіне қамшы тимеген малды осып жіберіп, тарта жөнелген.

Үйір-үйір қалың жылқының басындағы атақты айғырға сенген жылқышылар алдыңғы жақтағы үріккен малдың

шуылына назар да аудармаған екен, қуғыншы шықпады. Сол қуғыншының шықпағанына өкінеді де. Ана мыңнан табан шығар сан семіз табылатын еді ғой, неге алды Көккасқаны? Жарайды, басында мықтылығын көргісі-ақ келген шығар, айласы мол пендеден төрт аяқты айуанның жеңілмегені бар ма, босатып-ақ жіберуі керек еді. Шіркін, ажалының жеткенін сезді ме, от оттап, су ішпей, құлағын тігіп, көзін алысқа қадап тұрды да қойды. Тіпті жығуға аяғына тұсау салып жатқанда да тыпыр етпей, тек қана әлдене тырс етіп, Әбеннің иығына тамған. Жасы екен. Айғырдың көзінен үш-төрт тамшы жас ақты. Сонда да Әбен «мұнысы несі» деп ойламапты.

Әй, адам, жаманшылықты қолыңнан жасасаң да, осымның түбі не болар екен деп неге ойланбайсың? Бармағыңды тістегенше өзіңдікі дұрыс, өз бетің жөн. Өмір керген, кененің жолын ұстанған ақсақалдар сөзін қалт жібермес ұрпақ келгенше жер бетіне бозторғай жұмыртқалар заман орнамас. Әй, ол қайда, біз қайда?

— Әй, бекер істеген екем.

Сонан соң Әбеннің есіне Жәңгір туралы ел аңыз қылып айтар әңгімелер түсті. Он жеті мың біткен Жәңгір пенде боп кеудесін көтеріп көрген жан емес деседі. Жылына бір рет қаріп-қасерге зекет береді екен. Он тұяқтан біреуін, жүз жылқыдан ретімен келгенінің бетіне қарамай қай момынға дәл келсе де атақты бие, арқыраған айғыр болса да жетектетіп жібереді деседі. Әлде онысы тал бесікке түскен жер бесіктен құтылмас деп Құдайдан қорыққан мұсылманшылығы, шариғат ұстағаны ма, әлде құрық сүйреткен ұрысы көбейген мына заманда ағайынның басын пышыратып, Алла берген ырысты ұстағанның қолында, тістегеннің аузында жібермейін деп жұрттың басын қосқан айласы ма, ол арасын Әбен танып-білмеген.

Бір жолы, деседі айтушылар, мыңын айдап келіп, жүз жылқының біреуін осы маңның нашарына үлестіріп беріп жатқанда алу кезегі қаңғыған диуанаға келіп, ұстау реті Жәңгірдің бас атына дәл түскен. Зекеттің адал болуын қадағалаған Жәңгір бас атын кейін қақпайлап жатқан малшысына:

— Әй, Құдайдан әділ болмайсың, бұйырғанына жібер, — деген екен.

— Қайтесің, бұл Жәңгірден басқаға тоқым салдырмайтын асау, — дейді диуанаға жылқышылар. Былай шығарып, жалынан сипап, ат құлағына әлденені сыбырлаған диуана қарғып мініп, алақанымен қақпайлап жүре беріпті. Барар жер, басар тауы белгісіз, бұл жалғанды тәрк қылған ол келесі ауылға Жәңгірдің атын тастап:

— Жәңгірге сәлем айтыңдар, дүние жалғанда қалады. Мен риза ісіне, — депті.

Сол Жәңгірге қуандықтағы бір аста қобызын бәйгеге қосқан Қоңырбай Бәкеш бақсы келген екен. Қобызын сарнатып-сарнатып, ұзын аққан Сарысуды бойлап бақырып, қара бұқа кетіп барады. Мына жерде көккөз сары бала толып кетті, — деп тұра қашса керек. Бақсыны бақ деп білмесе де болашақты айтадысына сенген көп қазақтың бірі Жәңгір.

— Бақсым, маған бал ашшы.

— Сенің өзіңе ме? — деп қайта сұраған Бекеш.

— Иә, өзіме.

— Айтқаның болсын, Жәңгір.

Қара қобыз баяу ызыңдап, жел үрлеген кәрі еменнің қуысындай дыбыс шығара бастады. Бірте-бірте үні қатайып, ысқырған жел, ойнаған құйын боп, онан қара дауыл алдындағы тыныштықтай жаймашуақтанып, алыстан күркіреген найзағайдай дауыс, сарт-сұрт екен әлденемен ауыса берді. Бір басылып, бір қозып, үні денені түршіктірген. Әуелде көзін сығырайта ашып отырған бақсы енді біржола тарс жұмып алыпты.

Ай астында ақ перім,
Күркіреген көк перім.
Жын билеген қара мес,
Ақиқатын маған шеш.

Көзін жұмып, өңі қашқан бақсы бір кез:

— Уай, не дейсің? — деп ақырып қалды.

— Аттан, — деп баж еткен бір әйел

— Жөніңді айтшы, жөніңді...

— Жәңгір, сен аштан өлесің, — деп көзін ашып алған бақсы бір жағына құлай кетті.

— Не дейді мынау? — Жәңгір мырс етті. — Менің сан мыңым жұтқа ұшыраса да, жинаған жиһаз мүлкім үрім-бұтағыма жетеді.

Қара су боп терлеп есін жиған бақсы:

— Әй, Жәңгір, мен саған айт дегенін айттым, ендігісін өзің біл, — деген де ұсынған сусынға қарамай қобызын арқалап жүре берген.

Сонан бес жыл өткен соң Жәңгір тамақ өтпейтін ауруға ұшырапты. Салқын қымыздың лебімен ғана дем алып отырып, бақсының айтқаны есіне түсіпті де қос ат жіберіп Бөкешті алдыртқан.

— Бөке, айтқаның келді, мен астамшылық етіппін, кешір, — деген.

— Жәке, мен тек Құдайдың көрсеткенін жеткізуші ғанамын. Маған да зіл ойлама.

— Ендеше, Бөке, менен қалағаныңды ал.

— Жоқ, дүние қуып жүрген жан емеспін. Маған ештеңе қажет емес.

Жалғыз шимен жер шұқып, төмен қараған Жәңгірдің көңілі қапа еді. Қайран өмір осылай бітер деп кім ойлапты. Болжағанның сөзіне және сенбеген.

— Бөке, мен енді жалғаннан өкінбей өтсін десеңіз қысырақтың үйірінен алыңыз, маған бұл дүниеден бұйырғаны сол деп кетейін.

Айнала ат шаптырым алақанға салғандай көрінетін қарауылшоқының басындағы аласа обаға арқасын сүйеп отырған қалпы мызғып кетіпті. Қанша ұйықтағанын кім білсін, тасыр-тұсырдан оянып ұмтыла тұрғанша жонына қамшы сарт етті. Топ атты қоршап қапты, тізеден тиген сойыл қайта жерге алып ұрған.

— Ә, иттен жаралған, — деп боқтықты қардай боратқандар үстіне міне түсіп, қамшымен сабап, тепкілеп, есі жиғызбады.

— Көккасқа айғырдың құнын жаныңды жаһаннамаға жіберіп бір-ақ алайық.

— Ұр! Ұр итті.

— Соқ! Соққыла.

Елірген топ мыж-мыж қып тепкілеп, жүндей сабап, заманға кетіп жатқан кегін Әбеннен алып жатты.

— Өлді. Өліп қалды, — деді біреу.

* * *

Таң намазын тәмамдап, борышынан құтылған Бөде әлі де болса ұйықтап жатқан бала-шағаның көрпесін қымтап «иә, Құдая» деген де, таспиғын санап кеткен. Көңіл алаң. Таспиқтың тасын жылдамдата жүгірткен саусақтары кейде жүрісінен жаңылған аттай кібіртіктеп барып тоқтап, қимылсыз сарсылып біраз тұрды да, қайта жыбырлай бастайды. Қайда барса да қолынан түспеген таспиғына, мінезінің тақуалығына қарап Бөде пірәдар атанған. Жұрт қойған лақап есімі бір басына жетерлік. Нұрлан сияқты көңіл жықпас мерген болмаса да, ағайынның бір тілегін орындарлығы бар еді, сонысына қарап мырза атағына да ие. Мейлі, бұл дүниеде мәңгілігі жоқ қара ниет кәпір демесе, Құдайға да, адамға жөн.

Бұл жасында құлағы үйренбеген батыр Бөде дегендері. Қалмақ шапқан заманда тумапты, қазақ жерін жебір сиырдай жалмап бара жатқан патша өкіметінің шеріктерімен жұлқыласпапты, ендеше осы батырына не жосық! Жігіт кезінде малға тиген біреулерді түсіргені бар еді, ау, онысы жау емес, ағайының ғой. Сонда айналаны ұрып жыққан батыр қатын-қалашқа әкіреңдеген әкім болмақ па?! Ел аузына не деп қақпақ қоясың, не жөн айтасың. Жөн айтқанға түзеліп кетер ағайынды және көрмей жүр. Ес біліп, етек жапқалы ойлағаны әкесі Еспайдың ізімен ел бүтіндігі, түтіннің түзу шығуы екен. Сондағы жеткен межесін білмей дал боп отырысы мынау. ойлап отырса, тірлігі бар болғырды өз шаруасын түгендеуге ғана жұмсамай, әуелі ойлағаны басқаның мүддесі екен, одан тапқан бар қадірі де жоқ, осы елге жаппай борышкер көрініп, ел мойнынан түспейтіндей сезінеді де тұрады. Сақал-шашы ағарғанша сонда да жеткен елді түзеу жолын тауып, енді адаспастай болған жұртты көрмеді. Оның үстіне мына жерін алып, тізгінін тартып тастаған өкімет пен сарыала шекпен ұлықтың тас құрсауы да діңкелеткен.

Ана қотыр Қызылтаудың шұрайлы тұсын мұжыққа ойып бергеннен бері де іште бір қауіп өсіп, маза кеткен. Қазақта ендігі тартып алатын жері қайсы болмақ? Мәйегі тамған Тағылы мен Бұғылыны сыпырып алса, мына жұрт қайда

барып сыймақ, көрер күні нешік? Әлгі Қотырдың бауырына келген мұжықтар бірер жылда байып шыға келіпті. Айдалаға соқа салып, шекара белгілеп, мұндай сұмдықты көрмеген қазақ сорлының ойнақтаған бұзауы, оқалақтаған сиыры, желдеген жылқысы кіріп кетсе, «потраво» деген заң шығарып, тапа-тал түсте тонап жатқан көрінеді. Не өзінің билеушісі, не қорғаушысы жоқ елге мұртын шиырған сары орыстың бәрі бастық, бәрі зорлық жасағандай. Әлгі Нарманбеттің:

Қолыңның келер де жоқ, өнер де жоқ,
Баласы байғұс қазақ қалдың мыжып,

— дегені сірә да жөн шығар. Оу, өстіп отырып бір-бірімен араз мына қазақ. Бірінің малын бірі сойып жеп, ру-ру боп сойылдасып жатқаны өлерін білмегені де. Әй, дейтін ақсақалда билік жоқ, тәшімайын жапқанына мәз баладай орыстың шекпен кигеніне, мөр ұстағанына, өлерін білмей тұрған халқына бір күн болса да әкіреңдегеніне риза болыстан не шығады?! Қолдан не келеді, жұрттың алдына шығып, септігі тие ме деп орыс оқуына берген бала-шағаның, көбі тілмаштықтан аспай, қалтасын қалыңдатудан басқаны ойламағандай. Әр жерде «елім, жерім» деп шошаңдаған бірен-саран оқығанның қолында ештеңе жоқ, оны тыңдар құлақ та шамалы. Молланың сөзін басы ауырып, балтыры сыздағанда ғана еске түсіріп жүрген жай. Ана Шортанбай ақын кезінде:

Ұзын аққан Сарысуды,
Өзің жайлап жағала.
Жүйрік пен жорғаңды,
Өзің мініп бағала, —

деп кеткен екен.

Оны ұғып жатқан және аз. Тірліктің түрі осы екен деп, болмашы үшін сойылдасып, сөз асырмай әкіреңдесіп жатқаны. Осыған қой деп жатқан өкіметті және көрмеді. Үріккен қой жеуге жақсы, беріккен шабуға жақсы дегені ме, ел арасы бүліне түскен сайын ұлықтардың қарны жуандап барады, не шара бұған, не шара?

Басқаны қойғанда мына ағайыны Тастемір ауылдарымен арасының өзі оңбай қойды. Баласы Серік сойыл сүйреткенін

қойған сияқты еді, ағайыны ауыл үдете түсті. Кезек шапқан елде мал өсе ме, «жаудікі» деп анау, «кегім үшін» деп мынау сойғанын сойып, сатқанын сатып, быт-шыт қып жатқаны.

Еспай асының үш жүз түгілі бауыр ел қырғыз ағайын ел өзбекке аңыз боп тарап кеткені болар. Ал соңын кім біліпті. Е, жақсылық пен жамандық бірдей жүреді деген осы да. Нөпір жұртты аттандырып салып, осы атқарған ісінің жеткені мен кем-кетігін оңаша бір ойланайықшы деп шатқалы көп Тесіктасты аралаған. Соңына ерген алакүшік ат бауырын соққан қалың шөптен иісін сезіп, тіміскілегенімен, зытып кеткен қоянды көрмей аласұрып, шапқылап жүр. Тамыз айының соңы тамылжып тұр екен. Ызыңдаған шыбын, ми қайнатар ыстығы жоқ, түу, рақат-ай.

Озып кеткен ала күшік шәу етті. Айырылып қап ыза боп тұр да, е, мейлі. Тас арасынан көлбең еткен етек көрінеді. Көлбең еткен етек қалақ тастың артына жасырынып, көйлек иесінің басы қылтың етіп қайта жоқ болған. Уай, мынау не? Өзі әйел жыныстыға ой, перінің қызы ма, шайтаны ма?

— Уа, бұл қайсысың?

— Мен ғой, ата. — Отызды игеріп қалған келіншек жасырынған жерінен созалаңдап тұрды.

Бөде енді байқады, тастың көлеңке жағына жіпке тізіп ет жайып қойыпты, шамасы бір қаранықі болар. Астына тобылғы жағып, ыстаған да сияқты.

— Не қып жүрсің?

Келіншек ұялыс тауып, жаулығының ұшын тарқатып, төмен қарай берді. Жүзін көтермеген қалпы:

— Ет жайып, — деді.

— Бұл не ет?

— Мертіккен мал еті, соны сойып.

— Ә, солай де, қай ауылдансың?

— Тастемір боламыз.

— Жарар ендеше. — Бөде атын тебініп қап, жүріп кетті. — Былай шыға тағы ойланды. Осы келіншек не деп кетті өзі, мертіккен малын өз аулында соймаушы ма еді? Тал ішінде жасырынып бұл не қылған іс. Ұрлық дейін десе, ер-азамат көрінбейді және ет қақталып, кеуіп қапты. Кемі

сойылғанына аптадан асқан мал еті. Маңайынан қан-жын тағы көрінбейді. Алға кеткен иті шабалана үрді, әлдекімнің боқтап, тас лақтырғаны да естілген. Мұнысы тағы кім? Атын айдаңқырай түсіп, бұрылысқа шықты. Итпен әуре боп жүрген жігіт мұның келгенін байқамай да қалған.

— Әй.

Аңырған жігіттің қолынан кесегі түсіп кетті. Аузын сәл ашқан қалпы екі-үш қадам кейін аттаған. Сәлем де бермей тасқа отыра қалып, басын сипады.

— Әй, неғып жүрсің?

Жігіт тілі байланғандай тас жаққа қарай берген. Мұнда да тізіп қойып кептірген ет, ана бір тас қуыстың алдындағы қапқа салып қойғаны да ет болар.

— Ет кептіріп, малым мертігіп. — Жігіт сол отырған жеріне үйелеп қалғандай Бөденің соңынан қарап қала берген.

Малы мертіккеннің бәрі тас ішіне жиналған екен. Осының түбінен бір шикілікті сезген Бөде ауылына қайтуды ойлап, қапталындағы қырқадан асып түсіп еді, жаюлы етке тағы кезікті, мына Тастемірге келген бұл не індет, әлде аспаннан құймақ жауғандай не олжа? Алыстан жортуыл жасап алып келе қоярлық жөні жоқ, ру боп аттанғанын және естімеген. Қалай болса да түбі ұрлық, бірақ қырып алғаны кімнің малы, қай момынның көз жасы деп көңіл алаң.

Іле-шала қайтқан Бөдені ауылдың ақсақалдары төбе басында қарсы алды. Көбінің сұраулы жүзіне қарап, ертерек қайтуын күтпегенін, бұл жүрісінен жауап тілейтінін ұқты.

— Тас арасы қақталған ет.

— Не ет? — Мына кісі не айтып тұр деген сөз өзі ауырып қалғаннан есенбемен ұштасып тұрған сияқты.

Бөде көрген-білгенін тегіс айтып, жігіттің де, келіншектің де Тастемір ауылдарынан екенін жасырмады. Жанына бес жігіт ерткен Серік тау ішіне шауып кеткен. Кеш түсе тең-тең қапты ат беліне артып, жаяулаған жігіттер ауылға қайтқан. Осыншама қайдан келген ет екенін қысып сұраған екен, жігіт те, келіншек те шындарын айтыпты. Мынау Еспайдың асында есепсіз сойылған малдың қолға түскен еті, онысын біраз күнгі күздікке жарар болды деп

қақтап алыпты. Тастемірге қараған ауылдың бүйтіп ұрлық етпегені жоқ деседі.

— Мынау бір сұмдық екен, — деп Бөде іштей налыды. — Қазақ ас пен тойдан тойып жесе де, желінбегенін итке салса да ұрлық етпеуші еді. Жаман ырымның басы болмаса игі еді, түбі қайыр болғай.

Пірәдар Бөде Құдайына жалынғанымен, жалын атқан Серік жалбарынып тілегеннен қамшымен иіргенді артық көрді. Бұл ісін жөн көрер-көрмесін білмей, ерер-ермесін шешпей толғанғандарға:

— Аюға намаз үйреткен таяқ. Әкем заман бұзылып бара жатыр деуші еді, енді жетті көзім. Көзім жеткен жамандыққа жамандықпен ғана жауап берем, әке-көке дегеннен түзелер болса, осы қарттардың айтуы аз ба еді. Оны тыңдар құлақ та, ұғар ниет те жоқ, — деп берген.

Таң ата Серік бастаған топ Тастемірге қараған біраз жылқыны ауыл ортасына айдап келді. Көрші ауылдарға хабар жіберіліп, «япырмайласып», сенер-сенбес боп келген қарияларға қап-қап қақталған ет көрсетілді.

— О, тоба.

— Азған заманның ісі, — деп көпті көрген қарттар сақал сипасқаннан басқаға бара алмаған. Ауыл ортасы шұрқыраған жылқы, іздеп келген де ешкім жоқ, иелерінің «нақақ малым кетті» деуге беті бармай отырғандай. Баланың жылағаны менен құлынның мезгілсіз кісінегеніне шыдамайтын Бөде:

— Бекер істедің, — деді Серікке.

— Сонда не қыл дейсіз? Осындай сұмдық елге жаман үлгі болсын, бірін-бірі тонаудың тағы бір түрі шықсын дейсіз бе? Аштықтан жасап отырған жоқ бұл ағайын, бассыздық қой. Аштан өлген қазақтың моласы жоқ, бар болса, Кәне, көрсетіңіз.

Баласының сөзіне жауап таппай Бөде жер шұқыды. Ағайынның малын тал түсте айдап әкеп қосып алғанды жөн таппай ақбас шалдар өзара күңкілдескен. Серіктің де жауабы дұрыс, мынадай іске осындай сабақ та керек. Бірақ та, оу, онда осы малдың бетіне қараған бала-шаға бар ғой, не істемек керек. Өгіз өледі, арба сынадының жол айырығына кезігіп, тығырыққа тірелген шалдар дәрменсіз бір-біріне жапақтасты.

Ертеңіне сәскеде.

— Шөже келді, Шөже, — деген сөз бәрін елең еткізді. Шортанбайға соғып, Қарқаралы жағына қайтып бара жатқан ақынға Тастемір ауылдарының үлкендері болған істі айтып, ара түсуін қолқалапты. Жанында Тастемірдің еңкейген екі кәрісі бар Шөже сәлем соңынан домбырасын шертіп жіберіп:

Ассалаумағалейкүм, мырза Бөде,
Аз ауыл Тастемірді шаптың неге?
Құлын сүті, құнанның берсең майын,
Алданып жүрмес пе еді ондай неме.
Жамандық жақсылықтан болса тәуір,
Әкең Еспай қылмаған мұндай неге? —

деп төгіп жіберген еді.

— Болды! Болды! — десіп үлкендер шу етті.

— Пәле, билік осындай-ақ болсын.

— Әкет малыңды өзіңе, уай, үлгісіз ағайын.

— Ат-шапан айыбымыз бар. Осы күнгінің жасының не істеп жүргенін біле де бермейсің, — деп Тастемір қарттары да өтініп жатқан.

Жаласы да, наласы да мол осы істің өстіп те басылғанына көңіл жадырап, түбі қайыр тілескен. Келер жылға дейінгі әңгіме Шөженің билігі, мүгедек ақынның көкірегінің ашықтығы. Шіркін-ай, дүниенің құбыласын қаз-қалпында танытатын қос жанары аман болса, ұлтаныңды да, сұлтаныңды да аузына қаратып, дүшпанын табындыратын-ақ кісі болады екен деп тамсанысқан.

Иә, бүгінгісі баянсыз боп, ертеңгісіне сенбеген шақта жұртқа тамсанғаннан басқа ештеңе қалмайды екен. Тамсанғанмен, ауызға түсер, көңілді тоғайтар ештеңе жоқ, аш баланың емінгені тәрізді, түбі көрініп тұрса да, көргісі келмей, алдамшы елес қуған шақ та. Сонан бірер жыл өткен соң Бөденің ақ түйесі ұшты-күйлі жоқ боп шықты. Жар жағалап жатып қалар тоқты-торым емес, бошалайтын уақыты өткен, ауа ашық, күн жарықта түйенің жоғалуы күдікті еді.

— Өзі семіз еді, — десті.

— Ауа жайлып кетпесе, — деді жамандыққа қимағандар.

- Қолды болмаса игі еді, — дескендер із кесіп, мән шығара алмады. Ауа жайылдыға санаған Бөденің бар әйелінен туған балалары ат тұяғы жетер жерге барып, тағы көзге ілігер жеке-жарым жүрген қара таппай қайтты. Сонан апанға түсіп, не құдыққа құлаған шығар десіп үшінші күн әуре болысты. Дерек жоқ. Дерек болмаған сайын күдік көп. Соңғы кезде бірен-саран тоқты-торым болмаса, ірі мал жоғала қоймаған еді, ағайын арасы да тыныштау. Тағылы-Бұғылыдан асып, алыстан келген біреу болса, көптің бірінің, әйтеуір, көзіне түсер еді.

— Мұны бір жерге бекітіп тастады, — деді ағайынның бірі.

— Осы маңдағы ұры сай, қиын шатқал көз алдымызда. Сонда оны қайда апарып тықпақ. Әншейін сөз.

— Біз білмейтін де қуыс бар шығар.

— Ұрының ісі бұл, — деп Серік тікесінен қойып қалды.

— Әй, қоя тұр, — деп баласының мінезін білетін Бөде «тағы бір шатақ шығып кетпесіннің» алдын алып, басу айтты. — Не із, не сол күндері жүрген жеке-жарым кісі көзге түспеді, байыбына бармай байбалам салғанымыз жөн болмас. Аз күн шыдайық, бір беті білінер.

Беті білінермен апта өтті, дым жоқ. Бөде «келмеске кеткен мал болды» деген де қойған. Насыбай ататыны болушы еді, оның күлі де Бұғылының қылшасынан еді. Атын ерттетіп, қылша жұлып, айналаға да көз қырын салмақ ойымен Қарсақпайдың теріскей жағымен аяңдатып келе жатқан. Қарсақпайдың осы бір тұсында терең шатқалдар бар-тұғын. Сол қуыстың бірінен ірелеңдей көтерілген жіңішке түтін көзге ұрды. Ел қонатын жер емес, қойшы қойыртпақ қайнатты дерлік жайылып жатқан мал жоқ. Көңіліне еріксіз күдік кірді. Көңіл күдігі қалтарыста байлаулы тұрған үш атты көрген соң ұлғая түскен де, атын бұл да тастап, түтін шыққан жерге бұқпантайлай аяңдап, тың тыңдаған.

Аузы тар, арғы жағы даңғырлап кете беретін түпсіз үңгір болушы еді, соның аузында үшеу отыр. Соның бірі — ағайын ауыл жігіті Сапы.

— Қапта! Қапта!

— Бөде біздің ақ түйені сойып жеп отырғанымызды қайдан білсін, — деп өзінше сәуегейси берген.

— Не дейсің? — Мұнан әрі жасырынбақ ойнауға шыдамаған Бөде тас артынан шыға келді. — О, найсап.

Шап еткен қамшы Сапының жонын тіліп өтті. Ауыз жиып алғанша аспаннан түскендей алдарынан табылып, қамшы сілтеген Бөдеден жасқанып та үлгермеген. Шайнап отырғандары жұтылмай, қылғынып қалған хал.

— Сен екенсің ғой тағы бөріктіріп жүрген. Шөже күнде келмес, келсе де ендігі билігіне көнбеспіз, ертең ауылыңды шауып аламын.

Атына мініп жөнеп берген Бөденің соңына ілесіп кешірім сұраған, не кішілік етіп, қолтықтаған біреуі болмады. Тасобадай мелшиіп, кірпіктерін ашып-жұмған қалпы, қыбыр етпеген беттерінде сілейген. Ұзай беріп артына көз салып еді, манағы түтін ізім-ғайым жоқ. Үйіне қалыптағысынан ертерек келіп, бүк түсіп жатып қалған Бөдемен ешкімнің ісі болған жоқ. Бұл ауылдың жас-желеңі, орта жастағысы мен кей кәрі-құртаңы Кешубай Мұқырдың немересі үйленеді десіп, тойға жиналып жатқан, абыр-сабыр.

— Неге ерте қайттың? — деген бәйбішесіне.

— Басым ауырды, — деп сылтау айтып бүркене түсті.

«Не істеу керек» дейді іштей. Үндемеске де болмайды. Үндемесең ұзын сойылға тыйым бола ма. Көргеніңді айтсаң, тағы ел бүлінген шабыс, бірін көрсетіп, бірін көрсетпей істеген ұрлыққа созылып, ел берекесі кетпек. Үнілеп түнімен кірпік қақпады. Не болды деп мазасы кеткен бәйбішесіне де жөнін білдірмеді. Күн көтеріле алыстан шапқан аттың... Уа... У... у-лаған үстіндегі кісінің дауысы жеткен. Бөде сонда да басын көтермеген еді.

— Әкетті! Қуып барады, — деген жылқышы есік аттап, сылқ етіп отыра кеткен.

Мал ашуы жан ашуы деген де. Кешеден бері ішқұста боп отырған Бөде көйлек-дамбалшаң емпеңдей далаға шығып, белдеудегі атқа бір-ақ қонған. Ауылда ерер ешкім жоғы өзіне белгілі.

— Бекболат, Сапыға хабар беріңдер.

Ат жалын құша ұмтылған Бөденің бұйрығын орындауға әлдебір бала тайымен шапқылап Тастемір ауылдарына қарай кетті. Ауылдың бейқамдығын аңдығандар болды бұл

Сырттан торыған екен де. Жосылған малдың шұбырындысына түсіп, ізбен қуған Бөде Тектұрмастың бергі сілемінде аламанды қуып жеткен. Оншақты кісі екен. Жалғыз өзінің шамасы келмесі де белгілі, ең болмаса жолын бөгесін, ең болмаса ата малының, ел-жұртының ырыс-несібесі жолында қате тиген сойылдан осы далада қалсын. Жетер арттан біреу деген үміті үзілмеген Бөде қаша ұрыс салып, қанша ортаға кірмесе де сан сойыл денесіне дарыған. Ішінде найзалы біреуі бар екен, өлтіре шаншып тастамаса да, қашып кетсін дей ме, қоң етінің әр жерін жырым-жырым етті. Қансырай бастаған Бөденің артына жалтақтауы кеп еді.

— Өзім араз болсам да, намысым араз емес, — деп атқа қонған Сапы мен Бекболаттың жанына топ жігіт ертіп келіп қалғанын Бөде аңдамады. Балта сабындай қырқадан олар шыға келгенде Бөдені аламан ортаға алып, найзагері балтырына сүңгісін сұғып тұрған.

— Қапта! Қапта!

— Ұр! Ұр!

Тың келген жігіттерге талай түн жортуылда боп аты қажыған, өздері шалдыққан аламан қарсылық көрсете алмады. Теңселіп ат үстінде зорға тұрған Бөденің алдына қақпалап әкеліп ұрыны салып:

— Ұр! Ұр! Бөде батыр, — деген Сапы қуып әкелгенін өзі ұрып түсіріп, есі кеткен аламанды сүт пісірімге жеткізбей быт-шыт қылды. Құтылып кеткен аты әлі тың найзагері еді.

Сойыл тигені, найза ұшы кіргені бар Бөде он жеті жарақат алыпты. Сол жерде сүйемелдеп аттан түсіріп, Сапы ту биені сойдыртқан да, Бөдені терісіне орап тастаған. Жақын маңдағы ауылдың бірінен басына киіз үй әкеп тіктірді.

— Қайда? Қайдалап? — Серіктің тобы келгенде бәрі де біткен еді.

Ту биенің еті тегіс асылды. Сазанбай-Тастемір боп дуылдасып, кімнің не ерлік еткенін жыр ғып айтқан әңгіме таусылар емес. Әсіресе Сапының аты болдырып, әлі кеткен ұрының бірін Бөденің алдына айдап әкеліп, «ұр, Бөде мырза» дегенін қайта-қайта айтып, тауыса алмаған. Өз есімі

аталған сайын Сапы төмен қарап, жасқаншақтай беретінін Серік байқап қалса да, тап бүгін оның мәнісін сұрауды жөн көрмеген.

Ту биенің терісіне оранып, ыстық сорпа ішкен Бөденің ас ішіп, ел тарағанша-ақ беті бері қарай бастаған. Елдің алды атқа қонғанда, Сапы қайта кіріп, қибыжықтап ұзақ тұрды да, Бөденің қолын ұстады.

— Кешір мені, Бөде пірәдар.

Нені кешір дегенін түсіне алмай Сазанбай-Тастемір жігіттері жалтақтасқан еді. «Не үшін?» десіп, бірін-бірі түрткілесе де, ұқтырған да ешкім болмады, түйсінгендері де шамалы.

— Жарар! Мен риза саған, Сапы.

— Енді түн қатып, түс қашып, сойыл сүйретпеспін.

— Уәдеңде тұрсаң болды.

Сонан бері де тағы сырғып төрт-бес жыл өтіп кетті. Мынау ел тыныштал-ды-ау дегенде тағы бір пәлесі шығып жатады. Тыныштық көріп те мандытып жатқаны шамалы. Сазанбай-Тастемір аз күн тишыққанменен ана бес атаның кәрсөн-кернейі, әлтеке-сарымына орнай қалған бейбіт күн жоқ. Өз ошағының күлі шашылмады, Өз уығымды ешкім сындырмады деген алдамшы уақыт та. Сойылдасып, шоқпарласып қалмағанымен осы екі ру да осы күннің ішінде сан дүрдараз болған. Ауыл ішінің жаяу ұрысы және бар. Енді соның ұшқыны елге тимесе игі.

Бөде тартып отырған таспиғын былай қойып, баптап мәсісін киді де, үй айналып келіп, әлі де тұра қоймаған бала-шағаға түрткі салды.

— Әй, тұрыңдар, түге.

Оған бас көтерген де шамалы, сірә, қартая бастағанда адамнан құн кете ме, сөздің өтуі азайған сияқты. Үйі түгілі осы ауылда қыбыр аз.

— Тұр! Күн көтерілгенше түңлік ашылмауы жаман ырым, тұрыңдар!

Таспиғын қайта қолына алған Бөде кәлимасынан жаңыла берді. Кешегі бір уақиға есінен кетер емес, онсыз да беймаза көңілі тіпті алаң. Жас көңілде шек бар ма, тастемірлік күйеуі өлген жас келіншекті Бөдеге төрт атадан қосылатын жігіт алып қашып кетіпті. Естігеннен бері бұл

ауыл да іздеу салса да, он шақты күн ішінде ізін суытып үлгерген қашқындардан дерек жоқ. Араға жесір дауы іліккен тастемірлер оң қабағын бермей, тоңтеріс жатқан. Кеше екі ауылдың біраз жігіттері Қармыс бойында кездесіп, болмашыға ілігісіп, төбелесіп қалыпты. Тастемірдің бір жігіті аттан оқыс құлап, мертікті дегенді естіген.

— Ағайынның арасы ушықпасын, біз де іздеу сап жатырмыз, — деп Бөде сәлем айтқан еді, оған сол жақта отағасының бірі:

— Жесірімізді әм алып, жігітімізді тағы мертіктіріп басынған екен. Дүрені сағынған екен, — деп доңайбат жасапты.

Қозышы бала қозы-лағын ергізіп, ауыл таңғы асын асықпай ішуге кіріскен. Тыстан дүрсілдеген ат тұяғының дыбысы естілді. Не қылса да қатты келген асығыс жолаушының кейпі бар.

— Бармысыңдар? — деп дауыстады.

— Ау! Ау!

— Тастемір жаушысымын. Ағайын аяғыңды байқап баспадың, ендігісін білектің күші шешеді. Күн сәскеде Қарсақпайдан бергі жазықтан табыл Тұрысатын жер сол, болмаса ауылыңды шаң қыламыз.

Тыстағы кісі «шүу» деп атын тебініп қап, шаба жөнелген. Үйдегілер аңырып, бірі бірінің жүзін аңдысқан. Бұл жақ та қарап жатпаған сияқты еді, кеше мертіккен жігітке ат-шапан айыбын және әзірлетіп қойған. Алды-артына қарамағаны несі ағайынның. Көнгісі, бітіскісі келмегенде мұндай іс барымтадан басталушы еді, тіке тұрысуға шақыру елісейін деген жаулық, басбұзарлық та. Япырым-ай, адам баласының тұрпатының өзгеруі-ай.

Қамсыз ауыл қатты састы. Күн сәскеге бие сауымдай-ақ уақыт қалған. Мал өрісін қуып, алшақ-алшақ, шашырап қонған сазанбайларға хабар тигенше не уақыт. Ең жақын деген екі ауылдан жиырмаға тарта жігітті зорға атқа мінгізіп, тұрысамыз деген жерге беттеді.

Аралары әй десетін екі төбешіктің басына жиналған екі жақ жауыға қарасып, бір-бірінің күш мөлшерін сынасқандай. Қанша үңілсе де Серік қарсы жақтың ішінен

Сапыны таппады, оған да шүкіршілік, Қарқаралы кетті деп еді, рас екен ғой. Бірақ мына келгендердің өзі Серіктің соңына ергендерден екі еседей артық екен. Қиындық боларына дау жоқ, жамсатып салмаса да, жаппай дүре жемей кетсе де шүкіршілік.

Кеу-кеулесіп, ұрандасып, енді қоза бастаған екі қолдың арасына ақ сәлделі ақсақал кірген де, ақ орамалын жайып, тоқтам сұраған. Ел пірі Жәнібек қонып жатқан ауылынан мына уақиғаны кездейсоқ естіп, жеткені осы еді.

— Уай, екі бауырлас ағайын ел, сойылыңа әділдік берердей не күн туып еді? Мылқау күш жүгінерліктей елде жөн сілтер, дау шешер ақсақал қалмап па еді, тыйыл мына сұмдықтан.

Енді өрекпи бастаған сазанбай жағы сойылдарына сүйеніп, ел сыйлаған ақсақалды ұйып тыңдаған. Оның үстіне сазанбай Әбділда бір жортуылға барайын деп жиналғанда, Жәнібек сәлем айтыпты: «Жортуылға бармасын, қолды болады» деп. Қамқор тілін қаперіне алмаған жігіттің аты сиырдың жапасына тайып жығылып, жерошақ басында қалған еді. Қазір көбінің есіне осы уақиға түсіп, Жәкеңнің сөзінсіз, рұқсатынсыз қыбыр етер емес, «Аруақты адам ғой, назасына ұшырамайық» дескен.

Жәнібек сазанбай жағы сөзіне көнгенін таныған соң, Тастемір жігіттеріне:

— Ашу-үстірт, ақыл-дос, ағайын. Бітіспес іс, бітпейтін жара жоқ, ел бүліне бергеннен ұтарымыз не. Жұлқыссаң, жау жетеді жеріңді алған, әуелі береке-бірлік тілейік, —деген.

Қол санының көптігіне сенген жағы ыңғайға келер ниет танытпады, тіпті әумесерлеу біреуі жұлқынып:

— Мына сазанбайларды баяғыда жамсатып салатын ек, мына шалдың мылжыңдап уақыт алғанын қарашы. Әй, өзіңе не керек? Өзін сойылмен итеріп тастаңдаршы, — деген.

Көнбесіне көзі жетіп, ауыр-ауыр сөз естіген Жәнібек сазанбай жігіттеріне «бердім батамды» деген де, оңашалау кетіп, дұғасын оқып, «ендігінің теріс ісін көрмейіншілеп» теріс қарап, сақалынан алты тарам жас ағып отыра кеткен. Сарт-сұрт соғылған сойыл өз денесіне тигендей сай-сүйегі сырқырап, ащы дауыс жеткен сайын бір уыс боп бүгіліп, құса болды.

Саны басым жағы лап қойды. Қақ сойылын төбесінде ойнатып, бәріне дем беріп, ершелене ұмтылған жігіттің аты қатарын бұзбай не де болса осы жерде тұрып айқасуға бел шешкен. Серік тобына жете беріп, қарағаң ішіндегі інге аяғын тығып алып, төңкеріле құлады. Құйысқан тістесе келе жатқан екі аттың бірі үстіне сүрініп, екіншісі оқыс жалт етті де, иесін жер қаптырды. Жер сүзгендерін таптап кетуден жасқанып, шабуылшылар түйдегін жазып алған еді, жекелеп келгендері жапырлай соғылған сойыл астына түсіп, аттары ойнақтап шыға берген. Оның үстіне тисе терекке, тимесе бұтаққа деп сойыл сілтеген кейбіреулері алдындағы өз адамдарын ұрып жыққан жағдайы және бар. Алғашқы бір айқаста-ақ он бес шақты азаматынан айырылған қол кейін серпілген еді, арасынан әлі де есі кірмеген әумесер табылды.

— Тұрамыз ба өстіп? Қапта! Қапта! Қыр!

— Тоқта! — деп ақырған дауыс тағы шықты. Қырықтан асқан қаба сақал қара жігіт алға озған. — Ісіміз әділетсіз дегенге көндіңдер ме? Ана жығылып жатқандар аз, тағы біразымыз бас жарайық дегендерің барыңдар. Мен шықтым мына пәлесі мол, пайдасы жоқ істеріңнен.

Тебініп қап теріс қарап, Құдайға жылаған Жәнібекке қарай ат басын бұрды. Бұл тілектегі жалғыз емес екен, суырылып соңынан тағы жеті-сегізі ерді. Ат төбеліндей боп қалған шабуылшыларға аттан түскеннен басқа шара жоқ, сойыл, шоқпарын лақтырып тастап, аттарына тұсау салды.

— Аруақ!

— Әулие! — десіп.

— Кешіре көр, — деген екі жақтың да жігіттері пірлеріне қол қусырып, көңілдегі кірбіңі кетіп, бір-бірімен де жарқырай амандасып жатты. Басы жесір дауы боп басталып, көрместей түңіліскен ағайынның Қарсақпайдағы текетіресі осылай шекісіп, табысумен бітті.

* * *

Дүржекең Әбдіраштың қойнына қатын салып, басына үй тігіп, жеке шаңырақ қылып шығарғанына да біраз уақыт өткен. Жасында ынжық еді, әптиектен аса алмай, құранға жете алмай, ақыры «бар» оқуды тауысып, молла біткенді

шаршатып тоқтаған. Өз ошағы, өз түтіні болған соң жұрт қатарлы азамат боп-ақ кетер деп үміт күткен. Онысынан әлі бұлт жуық. Итжонның Бесікпен арадағы сайындағы қыстауда мұнан берекесізді әлі ешкім көрмеген. Күздей күзекте отырған жұрт қыс қамын жасап, ойылған қиды қораға тасып, орман ішінең қу ағаш дайындап әлекке түсіп жатқанда, бұл қаперсіз. Келіншегі қаппен тезек тергендей, онысы қораның бір бұрышынан асқан емес. Сонан қыс бойы тал басына қонған сауысқанмен бірге шықылықтап, ауылды қоршаған алқакотан талдың басын орып жүргені. Жас тал жана ма, үй іші көзіңді шығарардай ащы түтін, тонға орап тастаған баланың қиқ-қиқ жөтелісі.

— Әй, не істеп жүрсің? — деп сұрайды құрбысы ағаш басынан аса жүріп кетуге айналған қарды омбылап, әлек-шәлек боп жүрген оған. Жауап алып жатқан және олар жоқ, біреулер ызадан тіл қатса, біреуге мазақ керек.

— Біздің үйдегіге сауысқан аңдып түлкі жүр десем, — деп жеңгелері жаман тымағы басынан түспей қорбаңдаған қайнын әжуа етіседі.

Сары күз бола қатты жұмылар жұрт тірлігінің бірі — пішен шабу. Бұл ауылда қыс бойы малын өріске айдамайтын үй жоқ. Қой екеш қой да қыс бойы тебінмен шығады. Ана Кенжекең үйінің төрт мүйізді қойы қақаған аязда қарсы жайылып, наурыз аяғында бірен-саран арамзасы қар үстіне балалап, қозысын жалап-жалап ертіп кететіні таң емес. Қыс бойы айнала жайылымды күтіп жейді, ат құлағы көрінбес боранда бар мал қалың ағаштың ішіндегі қамысақты азық етіп, неше күн жата береді. Қолмен шауып, түйемен тасыған бірер шөмеле шөп жас төл, жарақатты мал үшін ғана.

Ел қолына шалғы алғанда, сылтауын тауып сырғып кетіп, ай соңында бір-ақ оралатын Әбдіраш үйінің бұл қамы ағайын мойнында. Отын түсіріп бермегенімен, малмен көзі шыққан ел тірлігінің басы малға келгенде қолғабысын аяған емес. Ең болмаса сөйткен жұртқа бір тоқтысын сойып, көңіл білдірмеген соң, отағасына не айтасың, күйеуінің бетіне жалтақтаған келінде не бар?

Атадан үлеске алып, маңдай терін төгіп жүріп өсірген осы үйде біраз мал бар сияқты еді, ұры алды, өйтіп-бүйтіп қыры кетіп, Дүржекеңде қос ала бие қалған. Әйтеуір,

тоқты-торымның барлығына да шүкіршілік, әзірге ас-судан тарығып көрген жоқ. Ертемен шығарған осы ауылдың жылқысын бастап Төргі талға дейін жол бұзатын да қос ала бие. Қырға іліге қойшы малын жотаға салып, жылқы өз бетімен жайылымға түседі де, кеш бола үйреншікті жеріне қайтып, әркім өз малын өз қорасының түбіне тығады. Ұзақ жылдар бойғы мал қыстатудың үйреншікті жайы, басқа көрші ауылдар сойыл сүйретіп, таланып та, талап та жатқанда, табан жолын ғана білген елдің тіршілік қарекеті. Сен ешкімге тимейсің, біздің де саған зәбіріміз келмесін дейтін олар жоқ, қайта жуас түйе жүндеуге жақсы дей ме, соңғы кезде бұл ауылдың аз дәулетіне көз алрту көбейіп барады.

Әбдіраштың келіншегі бүгін ғана орып әкелген су отынды тұтата алмай иттей әуре. Қазандықтың астындағы қоламтаны үре-үре кеше жаққан тезектің күліне шашалып, кейін серпілген еді, жаңа жүріп жүрген кішкентайы екі көзі жылтыраған шешесін танымай, баж ете қалды. Онан үлкені шек-сілесі қата күліп, оранған тонымен бірге аунап мәз. Келіншек қазандықтың аузына көлденең салған тасқа сүйене түрегелген еді, ыстық-суықпен борыған қара тас және опырылып ортасына түсті.

— Қараң ғана қалғыр-ай, осы үйде еркек бар ма?!

Төргі үйде шалжиып жатқан Әбдіраш келіншегінің назалы даусын естісе де, көзін тарс жұмған қалпы тәтті қиялына беріліп бас көтермеді. Реніш үдей түскен.

— Апа, тоңдым, — дейді жыламсыраған бала.

— Бар, ана әкеңе, жау түсіріп келгендей жатыр ғой. Пеші мынау ортасына түскен, отынның түрі кісі күлерлік.

— Әй, о не? — деп отағасы еріксіз үдеуге бет алған дауылдың алдын алған.

— Өл де маған.

— Не боп қалды?

— Бір үйдің басы емессің бе, кел де көр.

Орнынан зорға тұрған Әбдіраш қазандық аузына керекті көлденең тасты, төбешік басындағы биыл ғана салынған Әбішкеннің үйінің қорасынан тауып, олжалы қайтқанына екі езуі құлағына жете ыржалақтаған. Пеш те қайта қаланды, су отынды алып тастап, тезек тұтатқан әйел байғұс

та асын істеп, от басына баласымен таласа итінген күйеуіне қарап мырс-мырс. Осы жазғанда үлкендіктен түйсік, ертеңім не болады деген уайым бар ма екен.

— Әй, қайдам?

— О не? О не? — деп елең етті ері.

— Жай ғой.

— Е, жай болса болғаны.

Әйелі істеп берген көжені сораптап ұзақ ішті. Пора-пора боп терлеп, құрыс-тырысының бәрі жазылған. Ар жағына ел қонған соң ер көңілі көтеріліп, қуат пайда бола ма, қалай, шынтақтап жата кетіп, қайны Жұмашпен қалжыңдасып отырған әйеліне қарай аяғын созып:

— Өткен күнде белгі жоқ, жау жылқысын қуған шағым-ай, — деді.

Жұмаштың қызықты әңгімесін тыңдап отырып аңғармай қалған әйелі:

— Не дейсіз? — деп қайыра сұрады.

— Е, сен не білесің? Жаумен жұлқысқан уақыт та болды ғой.

— Кімнің, бейшара-ау?

— Мына менің де.

— Сіз бе? — деп таңдана ернін сылп еткізді әйелі.

— Иә, мен. Сенбегендейсің-ау өзің.

— Е, бұ кісіде біраз батырлық болған, — деп шаптады Жұмаш жақын ағасының көңілін жыққысы келмей.

— Әне, Жұмаш та біледі оны. Сен ғой естігің келмейтін.

— Нанайын ба? — деп таңдана түсті әйелі.

— Жау шаппай жүр ғой, жекеге шығатын.

— Әй. Әй, қойшы сен де.

— Міне, бұл сөйтеді.

— Бәтір-ау, әуелі өзің тысқа жалғыз шығып дәрет сындырып келші, сонда ерлігіңе сенейін, — деп әйелі жүрексіздігін бетіне басты.

Әбдірахымды ашу қысты, не деп оттап отыр мына қатын. Қамшымен салып өтер еді, онысын кешеден бері таба алмай жүр. Осындайда ғой еркектің абыройының кететіні. Төбелесіп жатса, Жұмаштан да ұятты, қап, бәлем, тұра-тұр, оңашада сәті болар. Көрсетер сонда бұған көрешекті. Тәубасын анда-санда есіне салып қоймаса,

қатын деген ит басынып кетеді, қарашы қылығын. Өзін сабап-сабап, үйіне апарып тастаса ғой, тағы қалың малсыз қатын жоқ. Қу тірлік-ай, ә.

— Бәсе, сен неғып қараңғы түнде тысқа шыға қойдың, — деп күйеуі үндемегеніне бел алған келіншегі сықылықтап күле бастады.

— Батыр ғой ағаң.

— Киіндір, — деп ширықты әйелінің сөзіне қорланып, қаны басына текпен Әбдіраш. Мәсісін жалаң аяғына сұға салды да, қайта шешті. — Әкел шұлғауды.

— Жатыр ғой әне, алсайшы.

Әр жерде бір шашылған киімін жиып, үстіне ілген сайын қимылы баяулап, «қой, әй, жетер» деген дауыс шыға ма деп, зайыбына көз қиығын тастағанымен, ондай жақсылықтың шеті көрінбеді. Саптама етігіне қолқ еткізіп аяғын сұғып:

— Тымағым қайда? Қайда кеткен? — деп зірқілдеді. Сыртынан шапанын киюі мұң екен, жұбайы қолма-қол белдігін тас қып байлап, қолына таяғын ұстата қойған. Әлгінде шығып бара жатқан қайны Жұмашқа бірдеңе деп сыбырлап, жымың етіскендерін көзі шалған. О иеменің де қара көрсетіп тұрмай, кетіп қала қойғанын қарашы, жалғанда жазым көп, кім біледі, қараңғы түнде жас та болса сес қой. Қатын жау деген де осы да, тіпті шімірікпестен мұны жеті түнде далаға айдап тұрғанын қарашы. Шіркін, қамшымен жосылтар ма еді.

Әйелінің итермелеуімен сыртқы есіктен зорға шығып, «осы соңғы кезде көзім көрмей жүрді» сылтаулап, тас қылып қолынан ұстап, әудем жерге жеткен.

— Осы ара жетер, асықпай отырып қайт, — деп жаны ашымастан жүре берді.

Түн көзге түрткісіз екен. Сонау биікте әлдеқалай жылт ете қап, қайта сөнген жұлдыздан басқа көзге түсер бір жарық болсайшы. Ең болмаса өлеусіреген шамы жоқ, қараңдап қана көрінген жақын маңдағы үй-қораның өзі тұманмен араласып, көшіп-қонып, құбыжықтың ұясындай елестеді. Әлдеқайдан у-улеген үн жете берді де өшті. Сонан соң байғыз шақырған. Ойпырмай, байғыз шақыратын уақыт боп қалды ма, әлде бұл не пәле? Мына

айналаның қараңғылығы тіпті қоюланып бара ма өзі. Әлгі қатын да ұшты-күйлі жоқ, ең болмаса өлі-тірісін бір білмей ме. Әй, қатын жау, қатын жау.

— hэ...й...й, — деп бақырды әлдене.

— Кеп қалды, ойбай, кеп қалды — деп жанұшыра қышқырды біреу.

Шалбарын көтере жүгіруге халі келген Әбдіраш шұбатылған белбеуін басып, неше сүрініп, неше жығылып, есікке де келіп қалған. Сыртқы есіктің белдемше сырығын өткізіп, саңылауынан сығалаған әйелде шек жоқ, ішін басып жақтауға сүйеніп, зорға тұрған.

— Аш, ей, аш.

Іште үн жоқ еді. Күлгенін естісе, заты еркек қой, ең болмаса қамшы сілтеп қалар деп, жақсы әйелден жаман еркек бір елі артық деп түсініп, қанына сіңген ата салты да дыбысын шығартпаған.

— Қыздай қосылған қосағым ең, өлтірді ғой мені, — деген Әбдіраштың жан дауысы шықты. — Аша гөр есікті, тез аш.

Сырығы алынған есік сарт ашылып, есікке жабысқан батырың тыраң етіп етпеттей құлап, шалбарын жинай алмай жатты.

— Жаным қалды ма, — деді ұшып кеткен бас киіміне қол созып.

Жаны қалғанына жаны тыншып, асықпай оянған Әбдіраш Жұмаштың үйінен шыққан шуға елең етті. Бетқолын шала шайып, есіктен сығалаған да, солай беттеген осы ауылдың адамдарына ілесе кеткен.

— О не? Ненің шуы?

— Әй сен де. Естімеп пе ең?

— Құлағым керең болсын.

— Мыж-мыж боп жаңа тұрып тұрсың, қайдан естисің.

— Айтсаңшы енді үзілдірмей, ұл тапқан біреу бар ма?

— Тамақтан қалған екенсің.

Теке қалжыңмен осы ауылдағы ең алғашқы шаңыраққа да кеп жетті. Бір кезде ауыл иесі Түкей қыстау салдырғанда өзі кірген осы үйді киіз үйдей дөңгелете қалатып, шошайған төбесінен түңліктің бір ширегіндей тесік қалдырған екен. Сол көне үй бүгінде шошала. Шошаланың төбесіндегі сол

тесікті ендігілер бір бума шөппен жауып, ішінен сырыққа іліп қоятын. Ертемен тұрған Қазиза шешей малын жайғап боп, енді бала-шағаға ыстық істеп берер ет алайын деп, шошала есігін ашса әлдене ар еткен. Жесір қап, бір үйдің еркегі де, әйелі де өзі боп, әр уақытта қайрат шақырып, бекем жүретін әйел сарт еткізіп есікті жауып үлгерді. Созалаңдаған ақсұр аң жабық есіктің босағасын қапқан. Енді байқады, шошала төбесіндегі бума шоп шашылып, көлденең ағашқа іліккен сырығы ғана салбырап тұр.

— Жұмашжан, — деді үйге қайта кірген Қазиза.

— Әу, апа.

— Қасқыр түсіпті.

— Қақпанға ма?

— Әй, балам-ай, қақпан құрар мені қайбір аңшы деп ең.

— Енді қайда?

— Шошалаға. Бар жұртқа хабарла.

Қамауға түскен көкжал жалғыз әйелге сес көрсеткенімен, жиналған жұрттың мысы басып, құтылудың жолын іздеп, төбедегі тесікке сан секіріп, ілулі сырық басына тиіп барып басылған. Есіктің саңылауынан сығалап:

— Мынау әйдік қасқыр екен.

— Азуын қарашы ақсиған.

— Босағаның жармысын жұлып түсіпті, — десіп тұрған жұрттың көзінше кенет жоқ боп кетті.

— Ойбай, шығып кетті анау.

— Қойшы.

— Рас айтам.

Далаға жұрттан бұрын жүгіріп шыққан Әбдіраш үй айналып із кескен болды. Мұқайдың үйінің ала төбеті тауға қарап арпылдап тұр екен. Тегін болмады деп ұқты. Сонан соң ғана шошаланың төбесіндегі шөптің шашылып жатқаны көзіне түскен.

— Қашып кетіпті, — деп кірді.

— Өзін көрдің бе, әлде ізін бе?

— Қашпай жаны екеу ме оның, — деп үстеді Әбдіраш. — Сен, Жұмаш, түнде мен тысқа шыққанда кетіп қалдың. Осы дәуперінің өзі, дәл танидым. Бүкіл ауыл ұйқыда, арылдап аралап жүр екен. Әй, мына күшікті-ай деп ыза болғаным.

— Сен бе? — деп езу тартты Әбеу. Жұрттың көбінің жүзінде де жымысқы күлкі.

— Иә, мен. Сонан қолыма ештеңе түспей, отыра бердім. Пәлекет исімді сезіп қапты, жер бауырлап, бір тұрып, бір жатып, әбден жақындады да, атылды кеп бір кезде.

— Е, е, сонан.

— Мен болмасам осы ауылдың мал-жанын қырып кететін.

— Ал, бөс.

— Бөсетін түгі жоқ, тұмсығы осы тұс-ау деп жұдырықпен қалпитып жіберіп едім, қалпақтай ұшты. Өзімнің де зәрем жоқ, құр қолмын. Сонан үйге қашып кіргенмін. Сұраңдаршы нанбасаңдар анадан, — деп әйелін көрсетті.

— Қашып кіргені рас. — Әйел аузын басып мырс етті.

Ха ха-халаған күлкі шошаланың аузындағы тар жерді дүр сілкіндірген.

— Қашып кіргені рас болса болды. Ха-ха-ха.

Тысты бағдарлап келгеннің бірі ит ізінен басқа ештеңе жоқ екенін айтып оралған. Не де болса есікті ашып көруге шешкен. Күлкі құмар жұрт байқамағансып Әбдірашты есіктің тап көзіне дейін сырғытып апарып, енді жаппай ұмтылысқан боп иінтіресе қалған. Бәтірдің жаны шығып кете жаздады, қоршаған жұрттың арасынан сытылып кетпек боп олай-бұлай итеріп, табанымен есікті тіреп, жанталасып, қара терге малшынды. Сонан төрт аяқтап, жұрттың бұтын сүзгілеп, борбайын ашқан біреудің аяғының арасынан шықты-ау. Буы бұрқырап тұр, әйтеуір, тымағын қолынан тастамапты, жапырайтып басына жапсыра қойды.

Алакөлеңке шошаланың ішінен расында да қасқырды көру қиын еді. Жаны қысылған жыртқыш тең-тең буылған киіз үйдің жүгінің астына кіріп кетіпті.

— Әй, Әбдірашты шақырыңдар, жүрегіміз дауаламай тұр, өзі суырып алсын.

Әбдіраш біреу ұстап алатындай жалт беріп табалдырықтан бір-ақ шықты. Жүк астынан суырып алған бөріні әлдекім қолағашпен тұмсықтан соққан.

— Өлді, — десті.

— Кәне өзі, — деп өлдіні естіген Әбдіраш кимелеп алға шықты.

— Ал, қайсың соясың?

— Әбдірахымға беріңдер, кешегі кегін толық алсын.

— Жо-жоқ. Қолым ауырып тұр, — деп ол без-без.

Кең жерге сүйретіп шығарған дәу көкжалды Әбеу союға кіріскен. Арт жағын түсіріп боп қап еді, қарап тұрғандардың бірі:

— Әй, мынау тірі жатыр, — деп қалды.

— Бәсе, манадан көріп тұрмын, кірпігі қимылдайды.

— Тағы бір соғып жібер тұмсықтан.

Брінің терісін түсіріп бітер-бітпестен даладан есі шыға жүгіріп жемет Әлібек бала келген.

— Ойбай, ауылдың сыртында көп қасқыр тұр.

Қотанағаштың ту сыртындағы Дөңгелекте он үш қасқыр ұлып тұр екен. Ылғи қызылшолақ бөрі әлдекімге жоқтау айтқандай тұмсығын көкке көтеріп, ұзақ аңырасты. Оған көп қасқырға бата алмай арпылдасқан ауыл иттері қосылып, Итжонның осы тұсын азан-қазан еткен. Ұлып шақырғандарына іздегендері келмеген соң, көп бөрі Жалқарабастың бергі бетіндегі Шекелінің қыстауына қарай жосылды. Олардың соңынан «Айт! Айт!» — деп ит қосқан да жалғыз Әбдіраш. Бала-шағаның басы боп, жосылған қасқырды соңынан ит айтақтап тұрған Әбдіраш қайнына қарап Қазиза таң. Бұл шіркінде не ой бар екен. Көңіл тоқ, жағасы жайлау бір жан, ертеңім не, бала-шағаның келер күнгі халі қалай-ауды ойлап көрген жан емес. Осы шаңырақтан шыққан аруақтарға бата жасап, соғымның шекесін мүжіп кететін Жәкең бастаған ақсақалдар, не қыдырып көп түстенетін орта жастағы отағаларының айтуына қарағанда өмір сүру қысылтаң боп жатқандай. Өз топшылауы да солай.

— Өмір өзгерді. Жер Құдайдыкі, қоныс бұйырғандікі деп малын түстіктен терістікке не кері айдаған заман анау орыстар кош жолына салған бекіністермен кетті, енді біз де өзімізше талпыныс жасамасақ болмайды, — деген Жәкең.

Естуінше, патша ішкері жақтан мұжықтарды топ-тобымен әкеп, жақсы қоныстар беріп жатқандай.

«Ботақара, Шешенқараны алып қойды» дегенді сан естіген. Осының айласына осы ауыл көш-қонынан жаңылмаса да егін егуге көшті. Үлкендер айтуына қарағанда, осы әр шаңырақтың үлесі болуға тиіс, оны ана жер өлшейтін шенеунікке заңдастырып алу керек екен. Шортанбай ақын баласына тоған салдырып, су диірмен орнатыпты, айналасы нанға молығып қапты десіп жүр.

«Ал сонда, дейді іштей Қазиза шешей, мына босбелбеу қайным сияқтылар қалай өмір сүрмек. Өз қолы өз аузына зорға жетіп отырған ағайын ертең тап бүгінгідей бұған қарайласа ала ма? Сондағы күн не болмақ, әсіресе, өзі сияқты жетім-жесірге қол ұшын ұсынар ағайын қала ма? Уһ, өмір не боп барады өзі».

Сонан соң Қазизаның ойына өзі туып-өскен Маутан таулары түсті. Заңғар-заңғар биігіне қонақтап тұрған бұлтқа сан қызықтап тұрушы еді бала күнінде. Сол тауда бойжетті, сол таудың жалғасы Түлкілінің батыс жағындағы бұлақта отырғанда, осы үйге келін боп ұзатылды. Атасы мен енесі жыл аралатып қайтыс болған шаңырақ бос екен. Ендігі иелері жұбайы Ыбырайым екеуі еді. Ол күндер де өте шығыпты.

Сол балалығы өткен жерге де патша ішкері жақтан мұжықтар әкелгенінің шет жағасын көрген «Коваленко, Семененко деген біреулер кепті, түстері суық» деп, жұрт өзінше үріккен. Шошайған мылтықтан зәресі ұшқан момын елді келімсектер аямай тонады. Тап соған әкім атаулы айтақтайтын сияқты. Бір арбаға қатын-баласын салып жеткен еді, енді шетінен қарын сипаған жуан. Осыған ерегіскен Ермек Семененконың бір атын ұрлап алып, түгін қыл шылбырға қажатып түсіріп, тарғыл ала жасаған да, тап өзіне сатыпты.

— Өз атымдай екен, аумайды, әттең, жолбарыс сияқты ала-ала, — депті бай мұжық атты әрі-бері айналдырып.

— Малға мал ұқсайды да, сол аттан бұл кем емес,— деген мырс еткен Ермек.

Басқадай емес, айтқанына көніп, айдауына жүре қоймайтын жігіт орыс байларына жақпаған. Ақыры інісі Рысбек екеуінің үстінен пірғауар жасап, Қарқаралыға айдатып тынды. Қоңыртөбеде дәретке сұранған Ермек інісіне:

— Мен ана екі айдаушыны ұстайын, сен жалғызды алып ұрып байла да маған көмектес, — депті.

Екі бірдей саржағалыны қапсыра құшақтап алып ұрып, есінен тандырып тастап артына қараса, інісі әлі алысып жүр екен.

— Әй, ез ит-ай, неменесіне жағаласып жүрсің, — деп онысын да бір қойып құлатып, бар қаруларын тартып алып қашып кеткен. Сол жолы ағайынды екеуі талай күн Қазизаның әкесінің үйінде жасырынып еді. Ақыры қолға түспей, алыстап кетсе де туған жеріне жылына бір соғып жүрген жайлары бар деп естиді.

Не қолынан осындай ерлік келмейтін, не еңбек етіп күн көре алмайтын Әбдіраш секілділердің күні қараң да. Басқаның барына көзін сатқаннан басқаға жоқ сорлы мана шошалаға кіргеннен бері ала қаптағы астықты ішіп-жеген.

— Әбдіраш.

Шақырған дауысты естісе де естімегенсіп, Қазиза жаққа мойын бұрмады. Ауыл тып-тыныш бір күйге енген. Қарқылдасқан қарға болушы еді, ол да жоқ.

Ұли-ұли жосылған көп бәрі де көзден таса, арп-арп үрген ауыл иті де басылған. Таңертеңнен бері жарытып тамақ іше қоймаған Әбдіраш шегіне қашқан мен қуған кіріп кеткендей шуылдап, іші ұлыды. Осы ауылдағы салдыр-салақ, береке кірмеген үй жалғыз болса осы Әбдірахым екенін Қазиза шешей білетін. Жесір де болса мұның күйі артық. Биыл күзде он екі қанар астық алып еді, соның екі-үшеуі әлі бастаусыз. Соны көзімен тескілеген қайнына бір дорбасын арқалатып жіберген.

Әңгірлей кірген Әбдіраш дорбадағы олжасын көрсетіп:

— Қатен, қуыр мынаны, терлеп отырып бидаймен шай ішейік, — деген.

Зайыбы «мұны кім берді» деп сұрамады. Айналасы шебереден аса қоймаған туысқанның арасында отырып ашығып көрген жоқ. Өне бойы қоңылтақсып тұратын шошаласын толтырып тастамаса да күнкөрістен қалдырған емес. Күйеуінің қырсыздығына «шолжыңдау өскен неме еді, бала-шағалы болған соң иілер» деседі абысындары. Жамандамағандарына да шүкіршілік.

Үйлдеген баласын алдына алып ойнатқансып, кеудесіне қондырып атқа мінгізгенсіп, кішкентайын да, өзін де

алдарқатқанмен, Әбдірахымның көз алдынан жеңгесінің шошаласы кетпеді. Тіреліп тұр деді іштей. Бұл ауыл астығы жетпей басқаға емінген емес. Көшіп-қонып ел қатарлы мал баққан туысқандарын Жәнібек бастаған үлкендер жаз астық салуға бетін бұрған. Әуелде Орталаның маңындағы көне байламның алдына астық еккен еді, кейін Жәнібек өзі тоған байлатып, әр үйге жер бөлгізіп, тоғанбасылыққа жас Әбеуді қойған. Әбеу міндетін адал атқарып бақты. Жерге терін төккен отағаларына бір құлақ деп, әркімнің аз егінінің тұсындағы арығын әбден толғанша су босатқан. Бейнетіне қарай зейнеті де жаман емес, жаз бойы жайлау қуалап көшкен ел күз күзекке жақындап егінін орған. Текебұрқыл өткенше қыстауға қонбаған жұрт сол маңнан ұра қазып, астығын көметін де, Арқаның алғашқы атақты бораны біте қыстауға жылжып, қап-қап бидайын түйенің беліне сап таситын.

Осы бейнеттен ада Әбдіраш. Осы ырыстан да шеттеп қалатын осының үйі. Жәкең тоғанынан кейін салынған қара тоған еді. Сол тоғанды осы ел боп жабылып, асар жасап күні-түні сабылғанда онда кеткен боп, мұнда шаруасы бітпегенсіп қол ұшын бермеген де өзі. Түйе беліне салып шым тасушы еді, ауырлау тиеп жіберген бе, ағайыны Құрманқожаның қара атанының белі үзіліп елді. Өлген түйенің ауыл үйге таратқан етінен құр қалмаған да Әбдіраш.

— Осы жұрт күнін көре алмағандай тырмалап несі бар? Қарашы енді, пілдей атанды шымның астына көмгендерін, — деп табақтағы еттің дәмдісіне қолын созып отырып әйеліне ақылдымсыған.

— Жәкемнің бастауы ғой.

— Әй, сен де. Жәке. Жәке. О шал да алжиын деген екен.

— Қой енді өрекпімей, біреу естіп қалар.

— Естиді деп ауыз жабар жайым жоқ, айтпаса сөздің атасы әледі. — Әбдіраш тауып айттымсып, өзін-өзі ризалықпен желпініп біраз лепірген.

Күз жұрт астық алғанда, ең асса бұл қаптың аузын ашысқан боп жүреді. Әйтеуір, «қолғабысқа» санаған жұрт біреу дорбалап, біреуі қоржын басылап дегендей, үлесін бергенсиді. Соған бұл разы.

— Қатен, топырақ қаппасақ та, астықсыз емеспіз. Мына жаман байың абыройсыз емес, Құдайға шүкір. Биыл астықтан қыстауға көше алмай қалармыз. Біразын сатсақ қайтеді?

— Неге, бейшара-ау?

— Саған көйлек керек, менің де ыстаным тозып жүр.

— Қой, отағасы, бала-шағаға қыста нан керек қой.

Енді ғана лепіре бастаған Әбдіраш көңілі осымен су сепкендей. Өзіне салса, осының бәрін сатып, дүркіретіп базаршылап-ақ қайтқандай. Әттең, қатын деген қара қазанға ие пәле көне ме? О шіркін, Қоянды жәрмеңкесінің жарым дүниесін әкеп, осы жерде пұлдап отырса ғой. Шығар еді-ау аты.

— Ой, бұ кім? — десе жұрт.

— Білмеуші ме ең? Бұл Әбекең ғой.

— Қай? Қай Әбекең?

— Ой-бой, атақты Қояндыны шапқан бай емес пе, сол ғой, сол Жәрмеңке шапқан байсынып жатып Әбдіраш өз өзінен селк ете түсті. Дүржекеңнің қос ала биесінен туған қос ала құлын бар еді, онысы осы үйдің еншісі. Ертемен есікті ашып, «айт, шу» деп жібергені болмаса, о жарықтықтарды суын беріп, отын салып күтіп көрген емес. Өз шоты өзінде, омбы қарды қопарып, тіршілігін жасағанына, кешке қораға келгеніне мәз. Биыл қыс аяғы ұзайтындай түрі бар ма, қалай, әйтеуір, түске дейін мүйіз, түс ауа киіз боп жататын шақтың ерекше мандытып тұрғаны шамалы. Оның үстіне ұрлық кіріп қала ма деген қауіп бар.

— Ауыл шетінен бөтен аттың ізін көрдім, — деген Оспан.

— Қалайша бөтен?

— Емшек тағамен тағалапты, бөтені сол. Сірә, алысқа жортуылға дайындалған біреу бар шығар, ондай неме кейде қосақ іле кетеді, қамсыз болмайық.

— Сол ізді мен де байқадым, — деді бала жігіт Көпжан. Манадан бері насыбайын шырт-шырт түкіріп отырған Әбеу айтары бардай қақырынып, шынашағының ұшымен ерніндегі бұлтиғанды ытып тастады. Бойын түзеп, жан-жағына оқшырая қарап біраз отырды. Әбеу аузына келгенін

айтқанша Әбдіраш шыдар емес, атша мініп отырған жаңғырығына екі шығып, екі түсті.

— Айнакемнің мына Көпжандай бозбала шағы болса керек, — деп ескіні бастаған. — Жырыққұдықта отырған ауылға жылқыны айдап келмей, Қақпақтастың қара суына үйездетіп тастап, сырттай бағып ел отырған. Тысқа шыққан кәрінің де, жастың да көзі ауыл берекесі осы малда. Шабады деген бөтен-бастақ сыбыс жоқ, жеке-жарым және бата алмас деп тоқмейілсіген шақ. Бөрі жоқ деме бөрік астында, жау жоқ деме, жар астында дегендей, кіші бесіннің шамасында жерошаққа құрт қайнатып отырған әйелдің жан дауысы шықты.

— Әй, мынаған не болды?

— Байқамай күйіп қалмасын.

Жаңағы әйел енді тіпті үдетіп, «Аттан! Аттан!» деген.

— Не дейді мына бейбақ?

— Әй, шықсаңдаршы түге.

— Әкетті! Әкетті!

Орнынан тұруға ерініп, қисайып жатқандар енді ғана әр шаңырақтың көлеңкесінен атып-атып шыққан. Тезекбай жақ шаңнан көрінбейді, дүркірей шапқан көп тұяқтың дыбысы, шұрқыраған бие, шырқыраған құлын даусы да жеткілікті. Түстігін ішіп, қалғанын қимаған еркектер.

— Ұмтыл! Ұмтыл!

— Ат! Ат қайдаласып әбігер болды да қалды.

Белдеудегі Салмойын атқа Үсен ғана мініпті. Дәу қара шалды бір кезде жеңгелері үңгіл атандырған екен, бүгін қауқары қайтса да, мол пішілген денесін осы Салмойыннан басқа мал көтермегендей. Үсеннің соңынан тай-құнанға мінген төрт-ақ жігіт ере алды. Таяқ ұстап қалған басқа азаматтың қолынан жау соңынан ит айтақтағаннан басқа келмеген. Қарғыс айтқан қатындардың шуылынан құлақ тұнғандай.

Жан-жағынан қаумалай айдаған жылқыны Тағылыдан асырып барады. Денесі ауыр Үсенді Салмойын ат зырылдауық тартып, үркіте айдаған аламанға зорға жеткізді. Қуғыншыны байқап, кейіндеп қала берген аламанның басшысы Үсен ақсақалда найзасымен жан ауырта шаншып тастағысы келмей, атын жасқап жүргізбей, найза ұшын

тізесіне қадаңқырап тоқтатып кеткен. Сол жерде құнан мінген Айна да жетіпті.

— Үсеке, атты маған беріңізші, — деп өтінді.

Бозбала жігіт Айнаға алая қараған Үсен атын тебініп қап тағы ілгері тартып кетті. Жау соңынан жеткенінен не пайда, не малды айырып, не біреуін түсіре алмай, тағы найза ұшына іліктірген аламаннан өте алмай аты тұрып қалған. Арттан құнанымен екпіндетіп тағы Айна жеткен.

— Салмойынды маған беріңізші, мен көрейін әуселесін.

— Жоқ, атты берме, — деді арттағының бір ересегі. Сірә Айнаны жассынған болуы керек. — Айырсаң малды өзің ғана айырасың.

Жау соңынан тағы жеткен Үсеннің қылар айласы болмады. Ауыр денені көтеріп шапқан Салмойын да барлығып қалған секілді, жау жолын найзамен кескестеген бетте-ақ тұрып қалды. Аламан малды Тағылыдан асыра айдап өтіп те кетті. Енді бұл малдан аспандағы бұлт жуық та.

— Әкетті-ау! Әкетті енді. Ең болмаса сойыл сілтесіп қалайын, беріңізші атты маған. Кеткені ме қайран малдың? — деп Айна жете бере құнаннан секіріп түсіп, Салмойынның тізгініне жармасқан.

— Болмадың ғой, алшы міне. Өлсең ажалдан кім құтылған, — деп Үсен де төңкеріліп түскен еді. Сәл де болса денесі жеңіл жігітті Салмойын лезде жеткізді. Жете айқасқан жігітті аламанның найзагері найзамен көтеріп аударып тастамақ еді, оқша атылып шап етіп сабынан ұстай жұлып, өз иесінің жеңіне тағып жіберіп, итерген қалпы аударып тастады.

— Сол жолы қашқан жаудан құйрығын шанышқан құнан ғана жеткізбей кетіпті, — деп созды Әбеу. — Айнакең құнан ізімен барса, жапанда жалғыз үй тұр екен, соның жанында құнанды кекілінен сипаған бір сұлу қыз күлім қаққан екен.

— Әй, ол кім екен?

— Қай жақтан өзі?

— Ол арасын жіктеп мен сұрамадым, ол кісі айтпады, — деп құтылды Әбеу.

Белгісіз біреу ауылды сырттан торығандай дегенге Әбдіраш шошынып, бейтаныс малын алып, өзін сойылға

жыққандай көрген. Осы ауылға жау келсе тап өзінен де басқа бар ғой деп көңілін алдаусыратты. Сонда да:

— Қатен. Әй, әлгі биелер келді ме? — деді.

— Е, оны қайтейін деп ең?

— Міне, осы ғой. Қатен иттен жөн сұрасаң өстиді. — Отағасының жүзінде әжептәуір қынжылған сыңай. — Қайткені қалай мұның.

— Қорада тұр ғой.

— Ың.

— Соңыра ауыз сенекке кіргіземіз.

— Ә... дұрыс, дұрыс.

— Сол ма айтарың? Мен бір жаңалығы бар екен десем.

— Сенде ми бар ма, осы ауылды біреу торып жүр дейді, атының тағасы бөтен, алыс жолға жиналған кісі тәрізді.

— Не дейді? Онда биелерді мана ертерек айдап келмейсің бе?

— Өзі келді ғой.

— Жолдан іліп әкетсе қайтесің? — Әйелінің реніші дауысынан белгілі боп, жүзі де күреңітіп сала берген. — Сен де мал иесісің-ау.

— Біздің ауылға кім батушы еді, өлгісі келген біреу болмаса. Сөзді осымен тұжырымдап, қаңғыған қарақшыға тілмен тосқауыл қойған Әбдіраш тағы бір тәтті қиялға берілген. Манағы бір Әбеу айтқан Айнакеңнің ерен қимылына сүйсініп, шіркін сол маңда өзінің де болмағанына өкінген. Сәті келмей жүр ғой, әйтпесе осы маңға аты шыққан дыңдай батыр атанып-ақ кетер еді. Е, е, шіркін, жау шапса, жұрт жаяу қап, бұл бір қара қасқаға мініп қуса.

Асын ішіп, сенекке қос ала биені кіргізіп байлап жүрген әйелінің салдыр-күлдір жұмысына көз қиығын тастап, сығырая қараған.

— Әй, осы үйдің есігі-ай. Қиюына бір келмейді, — деп ренжіді ошақ иесі.

Сыртқы есікті қыстауға қонғанда бір жөндеген, Жөпелдемде тақтайы түскір табыла қоя ма, барын құрап, сыртынан шетен жапсырып, қой терісімен қапсырып қойған, ішкі есіктің де жәйі сондай, әйтеуір іштен іліп байлайтыны бар.

Сығырайып жатып ұйықтап кетіпті. Ауыз сенек жақтан әлдененің құлаған дыбысы жетті. Шошып оянған қызы жылады.

— Апа, қорқамын.

— Кел, жақын жата ғой.

Ауыз сенектегі дыбыс өшкен, сірә бие тебіскен болар. Біраздан соң бөтен дыбыс қайталап, биенің осқырынғаны қосылды. Не қылса да ауыз үй жақтағы тасыр-тұсыр көбейіп барады. «Ә, қойшы, қасқыр кірді дейсің бе, сырттағы бірдемеден үркіп тұр дағы». Әбдіраш қайта қалғыған. Әйелі бүйірін түсіре жаздады.

— Апа, ана жақта бірдеме жүр, — деп жыламсырады қызы.

— Әй, оянсайшы.

— Е, не боп қалды?

— Ана жақта бие үркіп тұр.

— Мал болған соң үркеді де.

— Жоқ, біреу малды шешіп жатқан сияқты, байқасайшы.

— Жау келді деп пе ең, болса қызыл бөрік шығар. Қызыл бөрік дегенге екеуі де біраз тоқталған. Ұлық пен болыстың лауға деп ешкімнің рұқсатын сұрамай қолға түскен жылқыны мінетіні болушы еді, сол шығар. Әбдіраш басын бүркей түсті. Ауыз жақтан жетектелген малдың аяғының дыбысы жеткен.

— Әй, ең болмаса жөн сұрасайшы.

— Әй, қызыл бөрікпісің?

Ауыз жақ мырс етті. Енді тіпті жасқанбай екінші биені де шешіп шығарып барады. Бие тартыншақтап оқыранды да, бүйіріне қамшы тиген соң ытқып кеткендей босағаны соқты.

— Әй, қызыл бөрікпісің?

Әбдіраш қос биенің құмалағын санап қала берді. Исі жат біреулерден осқырып, тартынып иесін оятқан жануарлардың соңынан ең болмаса шығып қарамаған іис алмастығы жұртты түңілткен. Тіпті, оны-мұнысын теріп қалжақтай беретін жеңгелерінің өзі мазақ етуге аруақтан қорқып, тілдеуге жөні түзу сөз таппай ауыздарын жапқан. өстіп жүргенде наурыз да жетіп, үлкендермен бірге

қайырлы береке тілеп, үй аралап жеті түрлі дәм қосып пісірген наурыз көжені тойып ішіп, іш сипаған екі күндік Ұлыстың ұлы күні де өте шықты. Соның артынан іле тағы үш күннен соң кенет жылып, аттылыны көтеріп кететін қар асты суға толып, түс ауа сай-сайды қуалап сарқырап аға жөнелген. Малға күрек аршимыз деп шыққандар соқасын, күрек-шотын арқалап, аға жөнелген судан зорға өткен.

Қыстай ұры-қарыдан сескеніп, суық қол әбден азайтқан малын енді жұрт қора-қорадан шығарып бағынға салған. Әр үйден жетектеп әкеп табынға қосқан жылқыны көріп, Әбдіраштың бала-шағасы көзін сықса, өзінің іші ашыды. Осы табынға бас иегер Әбеу мен Бікір, оларға көмекшілікке тағы екі бала жігіт қосылған. Соның бірі Жұмашқа Әбдіраш қайта-қайта келгіштеп, қос ала биені тапсырған. «Көзіңе түсер, мүмкін қашып келер» дейді. Мал иесінің ендігі есек дәмесіне көңілі сенбесе де Жұмаш сөзін жықпады, келер, табылар деген үмітін кеспеді.

Ауыл қыстаудан әлі шыға қоймаса да жылқыны күннен-күнге ұзатып бағып, қыстан қысылып шыққан малды соны өріске салып, тез күйлендіре бастаған. Таңғы жусауда сан рет ер қасын құшақтай қалғыған бозбала Жұмашқа Әбеу:

— Үйрен, өмір сүру тәсілі осылай басталады, біз де бір кезде тап сен сияқты ат үсті мүлгіп, сан құлап тұрғанбыз, — дейді.

— Әкең Ыбырайым марқұм аңғал адам еді, осындай таңғы жусауда ат үсті қалғып тұрғанда «Жау! Жау!» деп аттан салатынбыз. «Кайда, қайдалап!» тұсаулы атына қамшы басып сан жығылады, — деп Бікір мырс-мырс күледі.

Бала кезінен «алып кетті, із-түзсіз жоғалттыны» естіп өскен Жұмашқа жау тиюі таң емес. Үлкен әкелері Түкей, Асан, Өтегеннің ортасында бес жүздей жылқы болған екен, сонан ұрпағына қадау-қадау мал жетті. Үлкендер «елден нысап кетті, жау болып бір-бірінің қазанын шапты. Өлісейін десең ағайының, енді не шара?» деп түңіліскенін сан мәрте естіген.

Өткен жылы Сазанбай ауылдарынан қайтып келе жатып жар астынан шыға келгендей қос аттыға тап болғанын өзі де байқамаған.

— Бала, атыңды бер, — деді жастау біреуі.

— Өмай-ау, келіп көріңдер, — деп Жұмаш мойнына іліп берген мылтығын көрсетті де, астындағы жүйрік керге сеніп ыта жөнелді. Көсіле шапқан кер кенет сүрініп, ат мойынына кеткен ерден түсіп қала жаздаған Жұмаш зорға түзелген еді, арттағы дүсір таяп қапты. Бойын жиып үлгергені де сәтті екен, ата білмесе де мылтығын кезеген. Үңірейген мылтық аузынан сескенбеген ел бар ма, екеуі жалт берді.

— Өй, әкеңнің! — деп біреуі сілтеп жіберген.

— Ұры мен бөріні қарақаттама, жолың болмайды деген, — деп екіншісі тыйған боп жатыр.

Дәмекеден өте бере астындағы кер ат осқырына жалт қарады. Астындағы дәу шқбар мәстектей көрінген, зор денелі, ақ киімді біреу келіп қапты.

— Бала, атыңды терлетпей бер.

Жол торыған аламанның жалғыз емес екенін таңытқандай жанағы екеу де анадайдан қара көрсетті. Атына қамшы басқан Жқмаш сытылып-ақ кеткісі келген, торуылшылар жанамалап жіберер емес. Бұл маңайдың жерін танымайтын Жқмаш сасқалақтап келе жатып милы бқлаққа түсіп, айналшақтап қалған. Қоса жеткен қуғыншыға не дәрмен етерін білмей қармаиып жүріп барып мойнындағы мылтығы есіне келді. Кезеулі қаруға үшеуі қарсы келмеді. Манағы дәу жөн сұрады.

— Ә, бала, пір ауылынан екенсің ғой, жә, насыбай бер.

— Ұстап аласың. — Әлі қорқынышы басылмаған Жұмаш сенбестігін жасырмады.

— Ендеше шегініп кетейік, жапырақтың үстіне сал, мына Шоқты барып алады, — деп жас жігітін көрсетті.

Насыбай атып, көңілі көншіген дәу сонадайдан:

— Әй, бала, атыңды ұрлыққа берші, — деді.

— Атты ондайға берме, бағы қайтады деген үлкендер.

— Иә, солайы солай. — Өзара бас шұлғысқан үшеуі ұзай берген. Жылт етіп жаздың шығуын асыға күткен ел Күзекадырға жылжып кеп қонған. Наурыз өте-ақ «Күзекадыр, Күзекадыр» дескен жұрттың аузында жылына екі келіп жайлайтын жеріне деген бір жылылық, сағыныш жатқандай. Кереге жайылып, шаңырақтар көтеріле бір-біріне құтты болсын айтқан туысқан құрт-ірімшігін шашып, мерекеге айналдырып жіберген.

Осы жерде жарым айдың шамасындай отырып әр үй шамасы жеткенінше жер жыртып егін салады. Қыста екі бөлініп қонатын бұл ауылда барлы-жоғы жалғыз тілді екі-ақ соқа бар. Оның бірі Жәкең үйінікі де, екіншісі Дүржекеңдікі еді, ендігі ие Әбдіраш біреу «мынау сенің мүлкің, жөндет» деп айтаманы күні бұрын ойлап, айнала қашатын. Елеубек ұстаға күренін түзетіп, тісін таптатып, қажетке асырып жүрген Мырзакең тәуіп.

Күзекадырға қонған соң екі-үш күн бойы сергіген жұрт үлкендердің айтуымен қайыра жер бөлісіп, танабын жыртуға кірісті «Соқаң тоңға тисе, аузың нанға тиеді» деген көне мәтел әркімнің аузында. Ауылдың аз жылқысын осы күндерде үнемі бағуды Әбеу, Бікір, Жұмаш үшеуіне тапсырып, Әбдірашты араларына қосқандай еді, ол күніне бір сылтау тауып сырғақтап жүр. Күнде кешке Жұмашқа «Әй, байқай жүр, әлгі ала биелер кеп қосылып қаларынан» бір жаңылмаған.

Жылқыны бүгін Қожаның ақ даласына салған. Түн тып-тыныш, маужырап тұр. Аз жылқыны кезек-кезек айналып, қоғалаған үшеу анда-санда тың тыңдап қойып түн ортасы ауа кезек-кезек қалғыған. Біраздан соң тойынған малдың жүре жайылуы бәсеңдеп, құлын-тайлар жата бастады да, арты жусауға айналды. Тек Жәкеңнің сары бауыр айғыры ғана бөлектеніп, ақ даланың аттылы кісі көрінбес шиіне бойлай еніп кетті.

Түн жұлдызын аударып барып аттан түсіп, шылбыр байланған құрықты астарына басып аз-кем дем алған Әбеу мен Бікір қалың ши ішінен кісінеген сары бауыр айғыр үніне құлақ түрісіп, ат үстінде ер қасына маңдайын сүйеген Жұмашқа:

— Аяңдап барып сары бауыр айғырды қайырып келші, тым шеттеп кетті-ау өзі, — деген.

Жылқының шамасын дыбыстан ғана болжап, таң қараңғысында соқыр адамдай түртінектеген Жұмашты бір жағынан ұйқы басып мең-зең. Жылқы сарынына қарай алшаңдай басып келе жатқан кер аты кенет аяңынан жаңылып, үркектеп тұра қалды. Тебініп еді, жүрмеді.

— Не болды жануарға? Шу, ей шу!

Құлағын тіккен жануар жалтаңдап, басар емес. Тас лақтырым жердегі сары бауыр айғыр үйіріне жақындап-

ақ қапты. Аты жүрмеген соң «ит-құстан сескенді ме» деп тың-тыңдады. Еміс-еміс жеткен бір үзік дыбыс адам сөзіне ұқсап, мең-зеңдігін сейілтіп, есін жидырды. Ат үсті еңкейе құлақ салған:

— Таяй түссін, — дегенді енді анық естіді.

— Аттан! Аттан! — Айқайға басқан Жұмаш кері шауып, қайда, қайдалаған Әбеу мен Бікірге барып қосылған.

Зырылдауық тартқан аламан Сарыбауыр айғыр үйірін үркіте бөліп әкетпек еді, әккі айғыр арқырап үйірін жиып алды да ауылға бір-ақ тартты.

Қараңдаған төрт-бесеуге алдымен жеткен Әбеу «Қайт! Қайттап» тұрған мықтысын сойылын сілтеген бетте түсіріп кеткен, қалғаны қалың ши арасына жасырынып, быт-шыт боп қашты. Артына қарайлай-қарайлай зытқан біреуінің соңына Жұмаш та түсіп берген. Кер аты еркін жетті. Мұндайды көрмеген бала жігіттің сойылы қашқын атының сауырын сабалады. Таяй түсуге өзі де жүрексінген. Соңына ілескеннің тәжірибесіз жас екенін ұққан ұры ат үсті бұрыла беріп сойылын сілтеп қалған еді, еркін жетпей ат омырауына тіреліп, қақ бөлінді.

Қашқынның құр алақан қалғанын көрген Жұмаш еркінси түсті. Кер атты тебініп қалып жақыннан сілтеген құрығы ұрының белуарына былш етті. Тағы ұрғаны жауырын ортадан тиді. Әйтеуір ұрғанның жені осы да деп сойыл сілтегені болмаса, жаңа батырар жерін тауып, дәлдеп соққаны шамалы. Арқасына таяқ тиген сайын аламан басын шайқап, ер қасына жабысып, атын тепкіштегені болмаса дәрменсіз. Бұрылуға тағы шама жоқ, бала жігіттің айқайына сонау жақтан «қайда, қайдалаған» дауыстар ілесіп, шапқан аттың дүрсілі естілген. Сойыл бүйірінен қаттырақ тиген ұры басын көтеріп.

— Өлтіресің бе? Қойсайшы енді, — деген.

Ат үстінде теңселген ұрының «өлтіресің бе» дегені сан малынан айырылған осы ауыл, қос ала биенің құмалағын ұстап қалған бейкүнә Әбдіраш үшін түйілген жас көңілдегі ашуды дар-дар айырып тастады. «Адамға зәбір, құмырсқаға жәбір көрсетуге болмайды» деп үйретуші еді Жәкең. Жұмаш еті қызған кердің тізгінін тартып, болдырған аттың үстінде соққыдан тәлтіректеп бара жатқан ұрыға аяй қарады.

* * *

Ақбұлақтың өне бойы шым-шым қайнап, ондаған көзінен жуылған тарыдай қып-қызыл құм желпіп жатқан кәусарынан ғана ішкен Серік желкедегі төбенің қара тасына атша мініп отырған. Ауыл абыр-сабыр. Тіршіліктің күндегі күйбеңі емес екенін әркім-ақ танығандай. Бұл әбігерге көңіл бөлмеген тек Серік Бұғылының биігіне сәлдеше оралған ақша бұлтқа еміне қарап ойға батқан. Неге екенін өзі де білмейді, бүгін әйтеуір көңілі ерекше алаң. Жүріс жөнін сұрай келгендерге де мардымды жауап бермей «бар ғой үлкендер» деп әкесі Бөде жақты нұсқаған.

Жігіттіктің бірер желпініп қалар қыз-келіншекпен таныстығы, әлдеқалай кездесуі де бар шығар, бірақ әуелден көңілі қалаған, онан кейінгі өмірде де іштей ұнасып, қимас жанына айналған жанының жанына жара саларына қиналған. Мына жалғанның бұралыңы көп-ау, осыдан жеті-сегіз жыл бұрын сол ғашығының үстіне әйел аласың десе аттай тулар еді. Жо-жоқ. Көп қатын алуды тыйдырушы қазақтың басы болғысы келгендіктен емес, өзінше ынтық жанның тірегі болсам екен деген жас көңіл тілегі еді, оны да өмір тоздырып барады.

Жә, осынша не болды, бәрі де келісілген шаруа еді ғой. Ендігі көңілді осымен аулаған Серік ауыл жаққа көз тастаған. Ортадағы үлкен ақ орданың алдындағы көгалға малдас құрған көп ішінен әкесі Бөдені таныды. Сол үймен қатар тігілген өз үйіне ұзақ телмірген. Мұндайда далаға ытып шығып, жан-жағына қуана қарайтын Рысжан әлдене уақытта табалдырықтан зорға тысқа аттап, самарқау басып үй айнала берді.

Рысжан осы үйдің босағасын аттағанына аттай сегіз жыл екен. Кеше екеуі қосылғанда ел бүліне жаздаған, топырағың торқа болғыр Дүйсекең ара түскен шақ бүгінде ұмыт. Сегіз жылда жар төсегінен суынып көрген жоқ, ынтықтығы сол баяғы қалпы. Әттең, дүние, ақ отаудың сәні кірмей қойды. Ана боп бесік тербетуге оны, әке боп шарананы иіскеуге мұны жазбапты. Соңына ерген тұяқ болмаған соң не қадір? Әсіресе мына содыр заманда сойыл ұстар жұртқа беделіңді арттырғандай.

Жылдар таусылып, күндер өткен сайын ағайын арасында күңкіл көбейе бастады. «Ау, осы Серіктің не білгені бар? Мөлдіреген келіншегінің бетіне қарап отыра бере ме, әлде ұрпақ жалғастыруды ойлай ма» дегенді басында ымменен, кейін күңкілменен сездірсе, енді ашық айтуға кірісті. Ол да ағайынның өз білгендігі шығар, жасаған қамқорлығы болар. Солай айттың деп жазғыруға, қалай айттың деп кінә таға қояр не жол

Жә! Бәрінен де қиыны әкесі Бөдемен әңгімесі болды. Шақыруын шақырып алса да әңгімені неден бастарын білмегендей, не аузы бармай қиналған шал қонышынан шақшасын қайта-қайта суырып әуре. Жайсыздау сөзді іші сезген Серікте де үн жоқ.

— Балам, — деді әлдене уақытта Бөде.

— Әу.

— Келінге тағар кінәм жоқ. — Бөде тағы тоқтады. Әкесінің көмейі белгілі болған соң «не деп болса өзі айтсынға» басқан Серікте үн жоқ. Мейлі, әкесінің де көңілін тырнаған ғой. - Иә, иә, ...тағар кінә жоқ. Осындай-ақ болсын адамның баласы. Бірақ тұяқсыздық адамға жараспаған. Тірі адам тап өзіндей тірі ұрпағының болуын тілеген. Ұғып отырсың ба?

Әкесінің бетіне тіктеп қарамаса да «сөз саптауыңызды білдім» дегенді сәл басын изеп білдірген. Бөде шақшасын тағы суырып, саптамасының тақасына қаққыштаса да бұл жолы атпады, тығынын ашып иіскеді де қонышына қайта тықты.

— Ата-бабаң екіден, үштен әйел алған. Мына далаға кез алартушылар, мыңғырған малға ие болсақ деушілер аз болмаған. Сол жеріңді де, ырысыңды да сақтау үшін ұрпақты тез өсіру қамымен көп қатын ала берген де. Әйел үстіне әйел алушының басы сен емессің, тағы бір үйлен, қыз таңда, құда түсіп алып беремін.

Сол күннен кейін Рысжанның жүзін мұң шалғанын байқаған. Не деп жұбатсын? Білсе де білмегендей, мына дүниеде ештеңе өзгермегендей ішінен тынып бұл жүрді. Тек кейде келіншегі әлденені күткендей, не әлдебір сағынышы бардай уайым енген көзін қадап, ұзақ үңілгенде қолайсызданған жай-күйіне орын таппайтын. Әлденеше рет

Рысжанның жастығының су боп қалғанын біліп, шырт ұйқыда жатқанда ah ұрғанын естіген. Қолынан келері оның ып-ыстық денесін бауырына тартып, құшырланған сезімін бөлеу еді.

Ай өтті. Отау үйде екеуден-екеу таңғы астарын ішіп отырған. Рысжан күндегісінен бүгін сөзуар көрінді. Қайындарының оқыс істерін айтып, ауыл арасының жаяу өсегіне күліп мәз.

— Естіп жүрмін, — деді бір кез Серікке тура қарап.

— Нені?

— Атам.., — Рысжанның лезде жүзін мұң торлап, лып еткен ыстық жасын теріс қарап сүрткен. Бір уыс боп бүгіліп, ауыр күрсінген келіншегін аяп кетсе де, не айтқысы келгенін түсініп үндемеді.

— Неге үндемейсің?

— Не айтам?

— Атамның сөзі менің де құлағыма сол күні жеткен. Сенің жауапсыз кеткеніңді де естігем. Саған рахметтен басқа айтарым жоқ. Қанша күңкілді естіп жүрсең де мені ренжіткен жоқсың.

— Қояйықшы осы сөзді.

Келіншегі «осы рас айтып отыр ма» дегендей Серіктің бетіне таңдана қарап, ерінің жүзіндегі реніштi танып, «мені сүйеді екенсің, рахмет» деген ризалығын көзімен білдіріп, иығына басын сүйеген. Баяғы бір өтіп кеткен шақтардағыдай Серіктің алақанын бетіне басып, үнсіз отырды.

— Өмір деген қатыгез екен. — Рысжан өкінішін жасыра алмай жайсыз әңгімені қайта бастады. — Бір кезде саған жетсем арманым жоқтай еді. Әлі де соған тәубе етемін. Тәубе, Құдай, тәубе. Сенімен төсек бөліскеніме, тағдырыма ризамын. Жә! Жарар, не айтып кеттім.

— Қойсаңшы.

— Енді қоюға болмайды.

— Не боп қапты сонша? Осы үйдің еркегі мен бе, сен бе?

— Сенсің. Сенің көлеңкеңде жүргеніме мәңгі разымын.

— Жанымды ауыртпашы ендеше. — Серік үстелден кейін шегінді.

— Өмір көшінің өз талабы болады екен. Көп ойландым, көп қиналдым, жанымдай жақсы көрген ерімді басқаға қиғым келмей бақты. Бірақ сені ұрпақсыз етуге еш хақым жоқ екенін түсіндім.

— Әкем Бөде сені үйретіп жіберген екен.

— Олай деме. Атамның бұл жерде жазығы жоқ. Ойлап отырсам, қай қатыннан туса да сенен туған ұрпақ сенің де, менің де қуанышымыз екен. Сені ұнатқаным шын болса сенің нәсіліңнен жаралған бала мен үшін жат емес екен. Ұмырдың ор тұсының сыйлар бақыты бар сияқты, онан қашқанымыз адамзатқа жат, Аллаға күпірлік деп білдім.

— Осы сен мен не ойлар деп кәперіңе алдың ба?

— Көп қатын алған қазақтың басы сен емессің.

Серік осы сөзден не дүзде, не үйде құтыла алмас халге келгенін түсінді. Көңілі ұнатпаған суық төсек көрдей емес пе, тірісінде көрге кіріп басына не күн туыпты. Біреу мастанғанынан қатын үстіне қатын алатын шығар, өзіне кеп тірелген тап ештеңені көрген жоқ. Құдай бермеген баласын тартып ала ма? Келесі қатынның қысыр қалмасын біреу міндетіне алып, жыл сайын бала ызғытатынына шартқа отырып па. Қос қатын алатындай Рысжанға көңілі қалған жоқ, сұлулығы тамсандырған келіншегінің ең болмаса біреуге қызыға көз тастағанын сезген емес.

— Осы сөзді тоқтатайық.

— Бұл ағайын жұрт тілегі сияқты, мен соны ұқтым.

Тұрып кетіп бара жатқан Серікті тағы тоқтатып, омырауына бетін басып сәл тұрды. Сонан соң кейін серпіліп:

— Мен саған ризамын, Серік. Сенің өз бетіңмен «маған қатын әпер» демесіңді де ұқтым. Ендеше осы сөзді атама өзім жеткіземін, — деген.

Өткен күннің белгісіне шырматылып отырған Серікті жылқышылардың қиқуы бүгінгінің тірлігіне әкелген. Қақпанбел, қара жал сары дөнен соңынан қуғандарды шаңына ілестірмей, серіппедей серпіліп бұл отырған төбеге тура салып келеді екен. Енді болмаса басардай. Серік қопаң етіп бөркін аспанға атқан, сары дөнен от шашқан ақылды көзін бұрыла тігіп, «сен қайдан кеп қалдың» дегендей сәл іркіліп, қиыстай тартты.

Мүсіні неткен сұлу еді жануардың, осы жұрт көрместі көреді-ау. Күздігүнгі сарғайған жапырақтай меңсіз сары. Осы маңайға атағы шыққан сары айғырдың бір тұқымын берсін деген соң, Бөде ойланып-толғанып «Қой, бәрібір беретінім сырты түкті, іші боқты бір мал екен, ендеше апарған атымызға лайық болсын» деп осы дөненді ұстауға бұйырған. Қимастық білдірген туысқан менен бала-шағаның айтқанына көнбеді, «Сары айғыр аман болса сан құлын туарменен» бәрінің бетін қайтарды.

Серіктен үркіп жалт берген сары дөнен қаумалап кеп қалған қуғыншылардан жасқанып ауыл ортасына қарай шауып, жер ошақтағы буы бұрқыраған қазанның үстінен бір-ақ секірген. От басындағы әйел:

— Көтек, — деп шалқасынан түсті.

Онан әрі қаптаулы тезекті құлатып, құрт жайылған сөрені қаға-маға далаға шығып кетті.

— Жау алғыр.

— Қартаң шірігір.

— Мыналарда ми жоқ, ауыл ортасына қарай айдап, — деп әйел біткен қарғысын да, ренішін де жаудырып жатыр.

Ауылдың бүгінгі әбігері аздай ақ үйлердің үстіне қырғи үйіріліп, тауық біткен бақырып-шақырып жан сауғалаған. Бір айналып өткен қырғи кенет сап етіп қайта соқты. Кәрі мысықтың зәресін алды ма, о бейшара да созыла қашып, сонан соң айбат шегіп, дүрдиіп тұра қалды.

— Ойбай, әкетті. Әкетті ана пәлекет.

— Үркіт! Үркіт!

— Әлгі балалар қайда?

Тас атып, садағын тартқансып балалар уласып-шуласқанша ә дегенде балапанын бауырына алып, қамқорлық көрсетсе де тап өзіне тұяғын жазып кеп қалған ажалдан тұра қашқан тауықтың жан-жаққа безген ұрпағының бірін қырғи іліп әкетті. Күркешенің астына жетіп тығылған тауық қыт-қыттап жанұшырған балапандарын қайта шақырды.

— Менің тасым тиіп кете жаздады қырғиға.

— Иә, ол менің тасым.

— Жоға, мен атып ала жаздадым ғой.

Балалардың ендігі дауы Серіктің көңілін біраз аулады. Мергенсініп үйдегі мысықтың көзін шығарғаны әлі есінде.

Сонан атасы Еспай марқұм қатты ұрсып, жәбірленіп теріс қарап керегеге сүйенген немересіне қайта мейірімі түсіп, тірі заттың иесі тек Құдай екенін, жан беруші де, алушы да сол екенін, ал пенденің тіршілік иесіне еш қажетсіз өлтіруге хақысы жоғын асықпай түсіндірген. Сонан бері бұл ойынды тастап кеткен еді.

Садақшасын мойнына іліп, ши жебесін қолтығына қысқан бір бала бері беттеді. Сиыр соқпақтың шаңын жалаң аяғымен бүрк-бүрк басқан бала ықылдап өн салып, көзімен Серікті ішіп-жеген.

— Аға.

Айта берсейші дегендей Серік отыра берді.

— Аға, қымыз ішсін дейді.

Серік жауап қатпаған соң жалаң аяғын бір-біріне үйкелеген бала қақырынған болды. Байқамай отыр деді ме жетелгісі келмесе де жөткірінді.

— Сізге қымыз ішсін деген.

Тағы не айтасыңды емеурінімен танытқан Серік балаға қарап иегін көтерді.

— Қымыз.

— Бара бер.

— Келеді дейін бе?

— Келмейді де.

— Неге, аға?

— Шөлдемепті де.

Ақбұлақтың шекеден өтетін мұздай суынан қана ішкен Серіктің шөлдей қоймағаны да рас, дәл осы сәтте тамсандырған тіл үйірген тәтті қымыз емес, ұстаның жалынан аса кеп, үйіріле аймалаған леп сайын даланың самалы еді. Өмірдегі бар қызық тіршіліктің бітпес дауының астында қала беретін сияқты, ал құба белдерден аса соққан жазираның лебі, бұлдыраған сағымы мәңгі. Ол болмаса кейде жабырқаған жаныңа ем табар ма ең.

Серікті өткен күннің елесі тағы билеп кете берді. Иә, сол Рысжанмен болған әңгімеден кейін үйге түнегенінен түзде жүргені көп боптыы. Әкенің әңгімесінен қаша ма, әлде жарының мұң шалған қабағын көргісі келмей ме, әйтеуір бірер қонып, жолаушылап кеткенді тәуір көрген. Қарқаралыға баруы жиілеп, Ақмолаға ат басын бұруы ол жақтағы ағайындарды сағындырмағандай. Мұнысын жұрт:

— Әке сөзінен аспай, көңіліне жағар қыз іздеп жүр ғой, — дегенге сайған.

Сапарынан оралған сайын аттан өзі түсіріп алып, еріне сынай қараған Рысжанның кейпін таниды. Тар төсек табыстырған ерлі-зайыптылардың арасында әрі «сен не айтасың» дескен сөз жоқ.

Қарқаралыға барғыштап жүріп жолдағы Дайрабай-Жайықбай ауылдарындағы тойдың үстінен шықты. Сыртынан атына қанық жұрт «жалғыз атты ие қып жүр» демей сыйлы қонағындай күткен. Әрі-беріден соң той-думанды қыздырған жастармен араласып кетті. Қыз-жігіттің қайым айтысына қатынаса қоймаса да «Хан қалай» ойынында төрешінің нұсқауымен талай ән орындаған. Ойын басталғаннан біраздан кейін осы маңға поселка салған мұжықтардың бір топ жасы той тамашалауға бес-алты қыздарын ерте келген. Ішіндегі мойылдай қара көз қыз тоқпақтай қара шашын оң иығына асыра алдына тастап, көзін төңкере қарайды екен. Әзірше араласып кетпесе де жылы ниет танытып тұр.

Серік айғайшыл қыздырма әндерден гөрі өмір туралы мұңы мен екініші қатар жүретін Біржанның, әсем де сұлу Ақанның әндерін жаны сүйе айтушы еді. Зор да ашық дауысымен:

— Әудем жер жүре алмаймын аяғымнан, — деп әлдене ырғақпен нақышына келтіріп қайырғанда сол қыз:

— Ой... Жақсы, жақсы, — деп қалды.

Қазақ мұндайда «Ой, пәлі» десіп, қыздары ризалығын жалғыз рет шарт еткен алақанын айқастыра төсіне ұстап білдіретін. Орыс қызы шапалақтап жіберді.

— Ну, что Лиза, — деп біреуі тыйғансыды.

— Не деді? — десіп сұрасты қазақтың шала тіл білетінінен.

— Қыздың аты Лиза екен, соған таңданба деп жатыр.

— Өздері әртүрлі екен, ә?

— Иә, иә Лизасы қара қас, қара көз.

— Әнебіреусі аспан көз әрі шикіл сары.

Әлі араласа қоймаған екі жұрт сынай қарасып, таңданысып жатыр, Лизаның қайдан үйренгені белгісіз бірер ауыз қазақшасы бар екен.

— Жігіт, тағы айт, — деп, Серікті нұсқаған.

— Серік... Серік де.

— Серик, — деп күліп жіберді қыз.

Қыз тілегін Серік жерде қалдырмаған. Ән біте жастар «ұры ұстадым» ойынын бастап жіберді. Орыс жігіттерінің қағілездеу екеуі болмаса, басқасы сырттай бағуды жөн көретін тәрізді. Қыздар бұл ойынға араласып кетті. Сақасы шігесінен түсіп, айыпты боп қалған Лизаның алақанынан бес рет шертуге бұйырылған. Жазаны орындаушы Серік еді. Қыздың жұп-жұқа үлбіреген алақанына шертісі батып кетті ме, өңі өзгеріп, сасқалақтап қалса да алақанын қайта тосты. Онан арғы жазаны Серік те майда шертіспен бітірген еді, қыз көзінен өзіне деген ризалықты ұқты.

Қазақ тойына орыстар да өнерін қосқысы келген тәрізді. Әлдебір гармоны белгісіз әуенге басқан. Манағы қағылез екі жігіт ортаға секектеп, екі қыздың алдына барып майысып тұра қалды. Алаңға төртеу боп шыққан екі жұп желдірте билей жөнелген. Әсіресе екі жігіт бір отырып, бір тұрып билеп аяғы-аяғына жұқпай жорғалаған.

— Пәлі! Пәлі!

— Пау дерсің.

— Су төгілмес жорға ғой мыналар.

— Қыздары да қалысар емес.

Серіктің биді көргені болса да мынадай өнерге назары түсуі бірінші. Бала кезінде бастаңғы жасаған қыз-келіншектердің шаң қобыз бенен домбыра сазына қосылып билегенін сығалағаны бар еді. Қыз-келіншек айдында жүзген аққудай мамырлап, әлдебір ізетпен аңсағанын шақырғандай майыса қол бұлғап, сағымға оралғандай асықпай бұралып, бала көңілін жетелеп кеткені есінде. Мына орыстардың қызы да, ұлы да желпіне билейді екен. Е, онан соң бақсының ойнын да тамашалағаны бар. Әбден қызынған бақсы тап осындай жорғалақтап, жер тепкілесе де сарнаған қобызын бір түсірмеген еді.

Өзінше екі жұрттың осы өнерінен ұқсастық пен айырма тауып тұрған Серіктің алдына шыр айналып кеп Лиза тұра қалғанын бір-ақ көрді. Биге шақыратын ишарат білдірген. Ат үстінде ұршықша үйіріліп, бауырынан кіріп, сауырына шығатын, домбыра тартып, ән айтудан жаңылмаған Серіктің маңдайынан тер шықты.

— Шық Серік, қыз шақырып тұр.

— Ха-ха-ха. Болды қызық, жігітіміз сүрініп жығылмаса.

— Бұ халықта қыз жігітті шақыра береді екен-ау.

Өлімнен ұят күшті деген де, намыс қысқан Серік ортаға қалай шыққанын өзі де байқамай қалды. Ұршықша айналып, желпінгенде шашы көзіне түскен қызға:

— Билеп көрмеп едім, бірақ сіз үшін, — деп күні бойғы орыс жігіттерінен көргенін, ішіне түйгенін істеп, буын-буыны былқылдап, ән әуенімен ырғатыла жөнелген. Дұрыс-қисығын біліп пе, әйтеуір Лизаның жасағанын қайталап, саусақ ұшынан ұстасып дөңгеленіп, кей-кейде жер тепкілеп ұятқа қалмауға тырысқан. Айнала тұрғандардың таңданғаны да жетерлік, мазақ қылып күлгендері де аз емес, талайының дауысы құлағына жеткен.

— Бөденің мына ұлынан өнер аспас.

— Қайда жүріп үйрене берген?

— Аттылыға ерем деп жаяудың таңы жыртылыпты дегендей, биші қызға ілесем деп ала өкпе боп өлмесін.

— Өзінің даңғойын көрдің бе.

Бір би біткен еді. Лиза құрбыларының арасына бармай Серіктің жанында қалды. Қазақшасы тәп-тәуір. Қалаға жасынан барып жүретін Серіктің бір қақпай орысшасы да болушы еді, соның бәрі қазір кәдеге асқандай. Арада тағы бір би басталып кеткен еді, Лиза Серікке жүр демесе де қиыла қарады. Жолы жіңішке қыз шақырғанда ер адамның тосылып қалуы арға сыя ма, Серік Лизаны қолынан тартып, ортаға шыққанда қыз жүзінің мақтанышпен жарқырағанын көріп, өзі де разы болған.

Серіктің маңайынан үйіріліп шықпаған қызды орыс жігіті:

— Лиза, бері кел, — деп қайта-қайта шақырған. Қыздың мойын бұра қоймағанын көрген сайын ызадан тұтығып, шикіл сары жүзі күреңітіп, қолағаштай мұрны қусырылып аузына түскендей.

— Лиза!

Байқамаған боп ол Серікті қағыңқырап та өтті. Бойы Серік қатарлы болғанымен, аса мығым, еңгезердей екен. Онымен ойда жоқта белдесудің кезегі ат ойының үстіне дәл келді. Теңге ілу, жамбы атудан да алдына жан салмаған

Серік аударыспақтан да ешкімді шақ келтірмеген. Жеңіске жеке жеттім деп тұрғанда:

— Давай, мне давай, — деп жүрген орыс жігіті бір кезде әлдекімнің жуан торы атын сұрап мініп, белсеніп шыға келді.

— Вася! Держи его крепко, — деп айқайлады серіктестері.

Қарсыласының аты Вася екенін Серік бірінші рет естіді. Қазақ жігітіне ызаланып алған ба, түсі суық, қара құстай қомданып-ақ келеді. «Кім біледі, денесі мығым екен» деген Серік айлаға көшіп, бірер тартысса да еркін ұстаспай жауының шама-шарқын бағдарлаған. Уысы қатты, қолы әлеуетті сияқты. Атқа отырысы қопси-қопаң, сірә тақымы бос болар.

— Но! Но! — деп атын тепкілеп Вася тағы таянды.

Шап етіп айқаса кеткен қос алақан бірін-бірі сығымдап қол-күштерін сынасты да, әрқайсы өз жағына тарта жөнелді. Сілки тартқан Вася тағы бір күштене өзіне қарай жұлқығанда Серік шапшаң итеріп қалып, қолын жазып жіберген. Вася атының сауырынан аса әрмен аунап түсті. Ат үстінен оқыс құлаған адам көрмесе керек, серіктестері үрке шу етті.

— Вася.

— Вася, аман қалдың ба? — десіп үрпиісе ортаға алған.

Ә дегенде аттан жығылған ауылдасының жанына жүгіріп барған Лиза да амандығын көрген соң көптің арасымен жайлап аулақтанған сияқты еді, енді қараса Серіктің атының жалын сипап тұр.

— Мықты екенсіз. Барлық ойында да табысқа жеттіңіз ғой, аттан құлаймын деп қорықпайсыз ба?

— Әкем үш жасымнан ат жалына жабыстырып өсірген. Қайта мен би үстінде жығылып қалам ба деп қауіптендім. Онда, Лиза, саған ұят қой.

— Рахмет оныңызға.

Лизаның Серікпен еркін сөйлесіп тұрғаны Васяны тағы қоздырғандай.

— Мұндай тойда жеке сайыс — жұдырықтасу болады, — деп білегін сыбанды.

— Қой, Вася, ұят болады, — дегендерге қарар емес.

— Бұл ел білмейді ғой оны, кіммен жұдырықтасасың?

— Ең мықтысымен. Болжауымша мына қырғыз сол сияқты.

Орыс қалаларында кейде сондай да ойын болады дегенді Серіктің естуі бар еді, атын жігіттерге беріп, ортаға тағы шығуға тура келді.

— Ал, — деді енді не істерін білмей.

Төбелескіш қораздай ыңғайланып, Серікті ту сыртынан Вася айнала берген. Сарт еткен жұдырық құлақ-шекеден тиіп есеңгіреп барып бой жазды да, қарсыласын көк желкеден отырғызып жіберді. Жер қаба құлап, қайта тұруға шамасы жетпеген Васяны жолдастары сүйемелдеп, енді төбелес шығып кетуден сақтанып, поселкаларына қайтқан. Солардың соңын ала аяңдаған Лиза әлденеше рет Серікке әлдене үмітпен қараған еді.

Қарқаралыда айға жақын уақыт өткізіп, елге қайтар жолында тағы осы ауылға соққан. Түс ауа келген қонақты әрі әнші сері жігітті жастар жағы жібермеді. Кешінде алтыбақан тіккен. Пысықай жігіттің біреуі поселканың орыс қыз, бозбаласына да хабар жеткізген сияқты. Қарауытқан таудың қойнауына тіккен бақан маңы үрке қарасқан екі халықтың өкіліне толы. Қонақжай қазақ әдептілігін тағы танытты, ауылдың екі жұбы алтыбақаннан түскен соң бүгін қонақ ретіндегі поселка жастарын бақанға шақырды. Тербелген бақанда тұрып ән салуды үйренбеген орыс жастары жаңыла берген соң жердегілері қосылып құтқарған. Келесі кезек те қонақтардікі еді, бақанға беттеген Лиза Серікті қалап тұрып алды. Қыз тілегін өтесе де айналадағы жұрт «не дейді» деп қысылған Серік шеткері шығып, кәрі ағаштың түбіріне отыра кеткен.

— Сіз мұнда екенсіз ғой. — Келуі келсе де Лиза ыңғайсызданып-ақ тұр. Серік ысырылып орын босатты. — Не ойлап отырсыз?

— Тыңдаңызшы, неткен тамаша.

Ауылдың сырты терең сай,
Тасыған өзен гүрілдеп.

Біреуі бастап, қалғаны қостаған ән қарауытқан Таңқараның тасына жаңғырығып, сонау тау сыртынан, алыс-алыстан бүкіл ел боп жырлап тұрғандай еді. Дала

перзентінің өмірге деген құштарлығы да, қимастығы да көз алдыңа келіп тірелген, жүрек шымшыған. Атадан балаға мирас — қазақ өмірі, қазақ сәні. Батып бара жатқан аймен бірге ақ сүт әлемнің мына жырына үнсіз құлақ тіккен. Лиза да еліткен сияқты. Әлдене уақытта басын көтеріп:

— Неткен сән еді, мен даланы да, сіздерді де жаңа түсінгендеймін, — деді.

Ай батты. Даланы қою қараңғылық басқан. Таңқараның қойнауынан ескен жып-жылы леп жып-жылы қан боп бүкіл денеңді баурап, еріксіз бейжай күйге салып маужыратқан. Мүлгіген түн, маужыраған тіршілік иесін:

— Ақсүйек! Ақсүйек ойнаймыз, — дескен дауыстар серпілткендей.

Ақсүйек лақтырушы жігіт топтан жырылып, алыстап кетті де «лақтырдым» деп айқайлады. Қыз-жігіт тым-тырақай іздеуге шыққан. Әлдебір тұстан «мен таптым», «ал лақтырдым» деген дауыс жетті. Соған ілесе әр жақтан «мен таптым» дескендер да көбейді. Қайсы шын, қайсы өтірік екені белгісіз, не қылса да жіп тағылған сүйекті іздеп жосылған жастар жан-жаққа кезек жүгіріп екіден-үштен қойнау-қойнауға сіңген.

Серік жырылып жеке кеткендей еді, әлдебір жеңілдеу адамның аяқ дыбысы соңынан қалмады. Жеке кетіп барқадар таппасын білген соң тоқтаған. Соңына ілескен жан да қараң етіп қасына келді.

— Түу, жүгірем деп шаршап қаппын.

Серік қою қараңғылықта тек дауысынан таныды. Лиза. Япырмау, бұл қыз неге соңымнан қалмайды деп таңданды. Сонан соң ел арасындағы бір әңгіме есіне түсіп, езу тартты. Қарқаралыдағы Ақбайдың Петрушке атты песірі бар екен. Сол песірінің көмегімен Ақбай поселкадағы мұжықтың қызымен тамыр болған екен. Екеуін оңаша кездестірген песірі өзін суға түсіп алдаса керек те, әбден болмаған соң «Ақбай қызға барады, Петрушке суға түседі» деп елге жайыпты.

— Неге ерді деп айыпқа бұйырмаңыз. Сіздің ел салтында қыз жігіт соңынан жүгірмесін білемін.

Не дерін білмеген Серік шын састы. «Менде шаруаңыз бар шығар» деу өрескел, үндемеуге тағы болмайды. Арада екеуін жалғаған бір қыл бары анық.

— Маған сенген шығарсың, оныңа рахмет.

— Мен.., — Лиза айтар сөзін жеткізе алмай мүдірді. — Ой, қандай қиын. Адамның аузы бармайды екен ғой, шешем «сен өткірсің» деуші еді, жалған екен.

— Сені жасық деуге де болмас.

— Мүмкін. — қыз тағы үндемей қалып, бір қырындай берді де, — сенсеңіз, мен сізді ұнатамын, — деп салды.

Сұлу-сыпайы тарасармыз, арадағы көрінбес жіпті уақыт үзер деп тұрған Серік еріксіз селк етті. Не деп кетті мына қыз? Енді не жауап беруге тиіс. Қыз жүрегін ұсынғанда оны аяламау деген қорлау емес пе, арын таптау ғой. Кенет:

— Лиза, — деп барқыраған Васяның даусы жетті.

— Кетсінші әрі. Осы албасты-ақ соңымнан қалмай қойды. Байсыз өтсем де саған бармаспын. Суқаным сүймейді өзін. — Бір уыс боп бүрісіп тығыла түскен Лизаның Серік шашынан сипады.

— Лиза жоғалып кетті деп бүкіл елді шулатып жүрер, үн қатқаның жөн еді.

— Қызық екенсіз, осы жерде төбелес тілейсіз бе?

— Оның да рас, жаңағы алтыбақаннан алған тәтті ләззатты бүлдірмегенге не жетсін.

— Сіздердің өмір салттарыңыз ұнайды маған. »

Өзінің күнде көріп жүрген тіршілігі қым-қиғаш, дау-дамайда, кісі өліспесе де сілтескен сойыл, арыз-құрызы көбейген айналасының мына қызға несімен ұнамды көрінгеніне іштей таң. Сонда да көңілдегі түйткілін сұрағанды жөн есептеген.

— Бізді басқа жұрт тағы ел деп түсінеді ғой, саған несі ұнап жүр?

— Бір дархандық бар сияқты.

— Сіздер де қонақжай емессіздер ме?

— Әр елдің қонақжайлығы әртүрлі болар. Бізде дегенмен есепке жүгіну күшті. Сонан соң мынадай той қайда? Гармошка тартқан бес-алты жігіттің басы қосылса әлемге жария той. Қойшы, соны, әйтеуір маған ұнамайды. Қол арағын ішіп-ішіп алып, қызара бөртіп айтатындары масаң ән. Құлаққа жағымсыз мас дауыс та дар-дар ғой. Күні бойы бойы сергімей жұмыс істеген әйел байғұстардың үні айнала ну орманда батпақтан шыға алмай шарылдаған шарасыз жанның қиқуы сияқты.

— Тым қатты айтып тұрған жоқсың ба?

— Несін жасырайын. — Лиза алақанын жайып күрсінді. — Біздің өмір тырмалап жер жырту, онан қалды пішен шабу, егін ору. Жаздың қызығы да, жастың қызығы да сонымен өтеді. Қыс болса апанына кірген аюға ұқсап айнала шарбақтап тастаған үйден көршінікіне кірмей, бұрқыратып арақ қайнатып, соны ес танғанша ішкенге мәзбіз.

— Еңбек еткен дұрыс сияқты ғой.

— Сол тырбаңдаған тірліктен адам тәрізді өмір туса ғой. «Анау жетпейді, мынау жоқ» мұжықтың аузынан түспейді. Сендерге қарап «осы біз береке қонбаған елміз бе?» деп те ойлайсың.

— Қазақ береке-бақты ақ пейілдіге Қызыр береді деп түсінеді.

— Міне, міне. Біздің жалаңаяқтар біреудікін тартып алуға әзір. Осы шағымда бір тойдың жөні түзу өткенін көрген жоқпын. Ән-күйді, сері көңілділікті Құдай сіздерге беріп, бізге бейнет пен дөрекілікті жазғандай.

— Қой, олай деп түңілуге болмайды ғой, әркім пешенесіне жазғанын көруге тиіс те.

— Оныңыз рас та болар. Тек жас көңіл құлазиды да. Той болса ішіп алып құсып, жығылып, қым-қиғаш төбелессіз тарамайтын өз қатарымнан безгендеймін.

— Қазақ бір білген біліс, екі көрген таныс деуші еді, сырыңды ақтаруға сенгеніңе рахмет. Іштегі арман-мұңды сөзбен емес, әнмен орындап, сыртқа төгуге үйренгеннің мен де бірі едім. Сенсең маған ерте көктемде ұшып келген адасқақ бала үйректей көріндің. Қолына түскенді қаузай беретін көптің бірі емеспін, қызға қырындап, ұнап қалуға тырысатын да жағдайым жоқ.

Серікті үнсіз тыңдаған Лиза иығынан қапсыра құшақтаған оның икеміне ыңғай білдіре өзімен-өзі боп, жаңағы бір сөзуарлығынан сап тиылып, қою қараңғылықтан күтері бардай көзін тіккен. Әлдене уақытта:

— Ұқсайды, — деді.

— Не ұқсайды?

— Жаңағы адасқақ үйрекке теңеуіңіз.

— Артық айтсам ғафу өтінем, Лиза. Адамның кей-кейде жандүниесін ағытып, сырын төккісі келетін сәттері болады

да. Сондай күй менің де басымда еді, сонау қаладан бері шыққалы «Шіркін, жеке отырып сырласар бір әдемі, жаны пәк әйел жыныстыкездесер ме» дегенмін. Сені көргеннен осы кездесудің боларын әбден ұқтым, бірақ өмірдің салар жарасы аз емес қой, аулақ болайыншы дегенім де рас.

— Соңымнан қалмадың деп...

— Жо-жоқ, Лиза. Ондайды айта көрме. Мүмкін жақсы дос боп тарармыз.

— Мүмкін.

— Сенің жаныңды ауыртып жүрген соншама сыр бар деп кім ойлаған. Бір кісіге бақыт боп қонардай-ақ жан екенсің, адасқақ үйрек.

— Рас па?

— Әрине.

Қыз тағы томсырайып үнсіз қалды. Тобылғының бір түп бүршігін сындырып алып, құмарлана иіскеп, өр жапырағын тарам-тарам етіп бөлшектеп шашып жіберген. Айтары бардай Серікке әлденеше рет бұрылса да, ернін жымқырып төмен қарай берген.

— Өкпелеп қалмайсыз ба?

— Сауалың барын түріңнен танып тұрмын. Қазақта «бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ» деген мәтел бар, не сұрасаң да ренжуге орын жоқ.

— Сіздер көп әйел аласыздар ғой.

— Ондайдың бары рас. — қыз сұрағының астарын түсіне алмай Серік ендігі әңгіменің бетін күткен.

— Сіздің..,— деді де Лиза мүдіріп қалды.

— Енді түсіндім, менің әйелім жалғыз. - «Жалғыз». Япырау, осы сөзді қалай айтты. Әлде «жалғыз» сөзімен анау кең сарайдай ақ отауындағы оның алдында бесігі жоғын білдіргісі келді ме, өйтетін де жөні жоқ еді. Осы «артыңда ерген тұяқ жоқ» ұғымы көптің аузына ілігіп, өз ойына да сіңісіп бара жатыр-ау.

Әлдекімдердің сыбыр-сыбыры, кең шалғынды судыратып жүгірген аяқ дыбысы, әлденеге сүрініп құлағаны естілді. Боқауызын былш еткізді. Жарасып тұрған екеудің көңіліне түкіргендей еді. Жаңағы бір оқыс дыбыстардан үркектеген қыз Серікке тығыла түсіп, жігіт те оны қаусыра құшақтаған екен. Енді қозғалған сайын

кеудесін қыздың қос анары түрткілеп, ып-ыстық демі тұншықтырып, басы айналған. Беті де өртеніп тұр екен. Сол өртенген бетке еріні тиіп, тамағының астынан нәр іздеген ерінін қыз құшырлана сүйгенін бір-ақ білді.

— Мен сізді ұнатамын.

Серіктің айтары жоқтай еді. Тілін байлаған көңілде арпалысқан екі ұшты ой. Сонда мұның арты немен тынбақ. Қыз арын таптап кете ала ма, болмаса... Болмасаның арғы жағына көзі жетпеген.

— Ұнатамын.., — дейді талықси сыбырлаған Лиза.

Мынау қыз махаббаты ғой. Сірә осы қыз пәк те шығар, айтуына қарағанда өз қатарластарынан көңілі қалған, дархан елдің сері жігітін көкейіне арман етіп түйген жан сияқты. Алғаш махаббаты да осы болар, қайтпек керек. «Қайтпек керекке» енді жол қалмағанын да түсінді. Ғасырлар бойы шалғы тимей, мамық төсектей шалғыны төселген қалың шөптің үстіне буын-буыны босаған қызды жатқыза берген. Қыз тілінен бал іздеп жатып:

— Еркек көріп пе ең? — деді.

— Жоқ, — деуге қыздың зорға тілі келді.

Таң білінуге жақын шама еді. Кенет тап қол созым жерден саршұнақ шақылдап қоя берді. Қолтығына кірген қызды тағы бір аймалап, Серік оны орнынан көтере тұрған. Сонау поселке жақтан:

— Лиза, — деп бақырған дауыс жетті.

Қыз мырс еткен:

— Бұйырмайтынын білу керек еді, енді бұйырмағаннан да дәмелі.

— Өзіңе қатер төндіріп жүрмей ме?

— Қолынан келмес, өлер жерімді білемін ғой. — Лиза етегін сілікті.

— Бір ауылда тұрып араласпау да мүмкін емес қой.

— Менің қамымды ойламаңыз, ол сезе қалса, сізге қатер екенін ескертейін. Ол малұын неден болса да тайынбайды. Қаны бұзық антихристің нағыз өзі.

— Антихрисіңді ұқпадым, — деп күлді Серік.

— Енді не дейін? Біздің Құдайымыз Исустың жауы да.

— Исусың біздің Иса пайғамбар боп жүрмесін, молладан сұрау керек екен.

Поселканы айналып өткен екеу Лизаның үйінің маңындағы шоқ шіліктің артына кеп тағы ұзақ сырласты. Поселка тып-тыныш, некен-саяқ жүріс те басылған сияқты. Анда-санда шәу еткен ит, дәретке шыққан шал-кемпірдің ашқан есігінің сықырынан бөтен дыбыс жоқ. Әлгі Вася осы үйдің маңын торып жүр ме деп сескенген еді, іздеуден жалықты ма, әлде ішіп-ішіп құлады ма, әйтеуір көзге көрінбеді.

Шығыс жақтан таң біліне бастады. Кенет Лизаның үйінің есігі сықырлап, шешесі далаға шыққан. Әуелі жан-жағына ұзақ үңілді.

— Қайда жүр? Құдай-ау осынша кешіге ме? - Күңкілдеген кемпір сонан соң дауысын тым шығармай «Лиза» деп шақырды да аз-кем тұрып үйіне еніп кетті.

— Қайтайын, енді кешігуге болмайды.

«Қайтайын» десе де қиып кете алмай қыз тағы біраз бөгелді. Ақыры Серіктің енді тағы келетін уәдесін алып, хабарласудың жөніне келісіп барып тарасқан.

— Сау бол, Лиза.

— Күтемін сізді.

— Жақсы, келемін.

Жан тәнімен сүйсе де жарым бола көр деп жалынып, етегіне жармасудың нышанын сездірмеген қыз Серіктің жатса-тұрса көңілінен кетпеді. Өз басы дал боп жүріп, айналасынан түңілген жас аруға жанашырлық танытамын деген ниетінің ақыры пендешілікпен тыныпты. Қыздікі ерлігі де, серілігі де бойынан табылар жігітті аңсау болар, өзінікі не? Рас, қыз жақсы екен. Шіркіннің сыртқы өңіне ішкі сарайы мұндай сай келер ме, әттең мына жалғанда тірліктің тырбаңы болмай серіліктің дәурені ғана бой көрсетсе.

Оңаша қалса көз алдына Таңқараның тауы келіп, қою қараңғылықта терезеден түскен сүттей боз сағымға боялған қыз бейнесі елестеп, көкірегін тырналаған сезім маза бермеді. Пәк екен ғой. Пәк болған соң да Серіктің мойнына ерекше жүгін артып, көтеріп көр, белің шыдар ма екен дегендей. «Келесің бені» айтқанмен, «әйелің болайын» демеген қыздың мінезіне таң. Сонда күткені не екен, әлде жолға тастамас серілігіне сенгені ме?

Қыз мұны қанша ұнатқанымен, өзінің қызды сұлу да сырлы екен дегеніменен бір қос боп түтін түтете алмайтынын түсінді. О заманда, бұ заман әзірге бұл елде орыстан қатын алған ешкім жоқ және орыс қазақтың екінші әйелі боп келе ме. Ондай күнге қыз мойынсұғанымен даланың тағысына қарағанда өзін керемет санаған ел-жұрты, ағайыны көне ме. Күш атаулының бәрі солардың қолында екен, ендеше «қызға зорлық етті» деп жала жауып, өзі түгілі елін тентіретіп жібермей ме. Қайтсем қазақты шұрайлы жерінен қуам деп ұйықтаса түсінде, өңінде ісінде пәлелік іздеп жүрген ояз бенен қаптаған шенеуніктеріне өзі сылтау тауып бергендей екен. Жоқ, онысы бола қоймас, бұл Ақбайдың Петрушканы суға салып, қызды мазақ етуге барған жолы емес. Лиза да жанына рақат тілесе де, тәніне ләззат тілеген адамға ұқсамайды.

Осы ісіме ел не дейді деген де көңілінде. Жалпақ жатқан даланы ұлықтар өкіметі кеп мылтығына сүйеніп тартып алып, сонау ішкері жақтан келгендерге үлестіріп беріп жатыр. Қазақ ұғымында бұл жаулық. Ендеше жау ішінде мынасы дос, мынасы қас деп кім бөлген, сары орыстың бәрі орыс. Оның үстіне ояз бен приставтарға арқа сүйеген кей қоныс аударушы мұжық та солардың айтақтауына еріп, өзін даланың қожасы санап, қоқаңдап дұшпан ниет танытқан. Сондай жат жұрттың қызын ала қалған күнде де өз елі бетіне түкіргендей екен. Мына өкімет қазақтың дініне де, тіліне де таласып жатқаны қазақты құртпақ ойы да. Ендеше сүйген екен деп жаттан қыз алу да әбестік, онан туған баланың да казақ болары күмәнді. Ел намысын кеше батыр Баян да махаббаттың қанжығасына байлап жібермеген, Серік те сол жолдан таймас.

Араға екі аптадай уақыт салып Серік орыс поселкасының маңынан Лизаны тосты. Қаракөк аспанды кезген бұлттардың тасасынан шыға келіп, қайта сүңгіген ай балықшы қармағының қалытқысы сияқты қалт-құлт. Айнала да бірде сүттей жарық, бірде күңгірт. Судан секіріп шыққан ақ шабақтай жарқ еткен қыз боз сағыммен бірге күліп келіп, баяғы шіліктің түбінде тосқан Серікке қос қолын ұсынды. Өздерін табыстырған, өз көңілдері жаратқан, мүмкін мәңгі есте ұстайықшы деген сол

қойнауға тағы келіп, мамық қауданды жамбастап жатып, махаббат тұңғиығына батқан.

Таң жақын-ау деген шамада поселкаға оралды. Арадағы жіпті осымен үзуге бел шешсе де Серікте үн жоқ, «енді не істейміз» деп қыз да сұрамады. Енді кездесе берудің жөні жоқтығын екеуі де ұққандай, жәй ғана қол ұстасып, шіліктің түбінде ұзақ тұрды.

— Қош айтысайық. — Лизаның дауысы күңгірттеу шықты.

— Солай еткеніміз жөн болар, басқа жол жоқ сияқты.

— Екеуміздің бір үйдің түтінін түтетуімізге сенің де, менің де елім көне де қоймас, жұрт басына пәле де шақырармыз.

Қыздың сұңғыла екенін Серік тағы түсінгендей. Уақыт, заман дегенге пенде құл, кей талпыныстың ертелеуін ұғар өзі ғана емес, талай өзекті жанның көкірегінде жүрген ой екеніне көзі тағы жетті.

— Мені сөгуге хақың бар, Лиза. Сенің тағдырыңды ойлауым керек еді.

Қыз тәуеп еткендей еңкейіп, Серіктің табан астынан бір шөкім топырақ алып маңдайына басқан да, жігіттің шапанына жабысқан шөпті алып тастаған.

— Мені сенімен кездестірген тағдырыма ризамын. Өзекті жан болған соң оның бір арман-тілегі болады да. Өткінші дүниеде не нәрсе байланып қалар дейсің, осы сәт менің ең бақытты шағым. Сені қарғар, өкініп өтер деме.

— Менің сөзім таусылды, Лиза.

— Жоқ, сөзің емес жасар шараң таусылған.

— Көрінкенше күн жақсы болсын. Әлдеқалай мені көргің келсе мен сені әр уақыт күтуші адамыңмын, Серік. Енді аман бол

Адамды билейтін нәпсі мен ақыл деуші еді, нәпсі махаббат, ақыл намыс боп тартысып, жүректі ойға жеңдіріп Серік тоқтағандай еді.

Талайдан бері үйден шықпай оматылып, енді түзге елегізіген ұлына әуелі сүйсінген Бөде, кейін осының тымтырыс жүрісінен шошып, Керней ішіндегі қажының қызына құда түсіп те үлгеріпті. Әуелі әкесінің қабағынан, онан соң ауыл ағайыннан, онан қалды Рысжанның тұжырымынан

аспаған Серікті бір топ жолдас ертіп, айлы түннің бірінде ұрын жіберуді де ұмытпапты. Соның бәрі көрген түстей апыл-ғұпыл өтіп жатыр.

Енді мынау... Иә, мына ауылдағы бүгінгі сапырылыс осы шаңыраққа келесі келін боп түсуші Нұркені алып келудің қамы. Нұркені Серік сол ұрын барған жолы бір-ақ көрді. Мінезіне көркі сай, байсалды да сұлу қыз жаман әсер қалдырмаған. Өзі Серікке тоқалдыққа баратынына ренжімейтін де сияқты, ата жолы, көне дәстүр дегеннің ауқымындағы түсінік.

— Аға, сізді атам шақырып жатыр, жүреміз дейді, — деп тағы бір бала келген.

Қажының аулына түсте аттанған жұрт араға бір қонып ертеңіне сәскеде жеткен. Алдарынан қарсы алуға шыққан жұрттың көбі жас. Сол көптің көңілінде Серікпен жезде деп ойнау бар. Сонадайдан түсіріп, атын мініп шапқылап кеткен жасөспірімдер мініске жуас шабдардың үстіне екіден, кейде үштен мінгесіп, сайқымазақ сан ойын көрсетіп жүр.

Өз құрбылары үйленгенде күйеу жолдас боп мұның санын көрген Серікке не істесе де таңсық емес, үйленуі бірінші болмаса да тап күйеуге көрсетер қорлыққа үйренуі бірінші. Баста бөрік, қолда қамшы, қалтадағы айна-тараққа дейін күлдіргі жұрттың олжасы, қой деуге шама жоқ, сойған қасқырдай ыржаң-ыржаң етеді.

Бәрінен де қиыны мұрыны омсырайған аузына түскен кемпірдің:

— Әй, балалар, мынау әлі күліп жүр ғой, апарып суға салыңдар, — дегені болды.

Қызыққұмар жұрт Серікті керіп әкетті.

— Құдыққа ма? Бұлаққа ма?

— Ой, арамдама суды, апар ана өзенге.

Өзен алыстау еді. Алыстау өзенге арқалап апарғанша не заман, манағыдай емес суға салушылардың беті қайтып, демі басылғандай. Абырой болғанда тап осы тұста жеткен Нұркенің жеңгесі де:

— Әй, қойыңдар, түге онан да ырымын алып босатпайсыздар ма, — деп ара түскені болды.

«Жаным қалды ма» деп Серік алғаш рет үһіледі. «Үһ» деп жүріп сол ауылдағы қыз ұзату тойын да өткізіп елге

қайтқан. Араға тағы бір қонса да, артқан жүгі бар қыз көші келер күнінің бесіні ауа ел шетіне ілікті.

Қажы қызының жасауына барын салған. Қысып бара жатқан заманда бар салтанатымен ұзатылған қыздың соңы осы боларын білгендей-ақ жұртты тамсандырды. Шымқай құла қысырақтың үйірінен бөлек, барған еліңе деп он түлкі, он қарсақ, он пұшпақ ішік, отыз кілем арттырған еді. Онан басқа он әбдіренің аузы ашусыз, кілті Нұркенің өзінде ғана. Жолда қонған жерде Нұрке іші өрнекті шатырлы үй, бір ағашы әр түсті сырлы, оюлы киіз үй тіктіріп, алып келе жатқан жұртты таңдандырған.

Артқан жүк он алты түйеге теңделіп, жүк бурауы күмістен келтіріліп, әр түйенің мұрындығына күміс сақина, аяғына білезік тағылған еді. Мұны көрген қыз апушылардың аузы жеңілдеу, іші тарлау біреуі:

— Е, қалыңмалы да осал еместі, — деп қалды.

— Не сұрап еді?

— Мың жарым қой, мың жарым сом ақша, сексен жылқы, елу киіз апарып бергенбіз. Соны апарғандардың ішінде өзім бармын.

Салтанатты кешті бұл ауыл да естіп отыр екен. Осы ауылдың жөн біледі деген келіншектері пәуескейен шығып, малына киініп қарсы алса, жігіт-желеңі де сыпыра сұлу ат мініп, ән шырқап, пейіл көрсеткен. Серіктің жақын жеңгесінің бірі күміс мұрындығы жарасып, күміс білезігі сирағында жарқыраған он алты түйенің бірін жүгімен шешіп алған еді.

— Осыны да жеңешем дүние деп алып жатыр ма, — деп Нұрке езу тартқан.

Жас келіннің осы ұстамдылығы ауыздан ауызға тарап, әлі босаға аттамаған әйелдің абыройын арттыра түсті. Қыз абыройы ел әбүйірі де, көшке ілесе келгендерді де хандай қарсы алысты. Үлкендер жағы Бөденің өз үйіне, орта жастағылар Рысжанның отауына, жастар жаңа шаңыраққа жиналған. Той ертең ертемен күндіз берілетін болса да бүгін жиналған жұрт шілдехана есепті томалақ өткізіп, түннің бір уағына дейін отырды.

— Әй, қайтпаймыз ба? — дескенімен тәтті ән мен әңгімені қиып кете алмағандай еді, ақыры үйді-үйіне бет алды.

Рысжанның отауында айналсоқтап қалған жалғыз Серік. Айналсоқтаған күйеуінің өзінің көңіліне қарап жүргенін келіншек те түсінді. Жыпылықтаған жаяу шамды әрірек қойып, алакөлеңкелеу үйге тіреу болғандай Серіктің мойнына асылды да, абдырағаң күйеуінің бетінен сүйді. Сонан соң әлдебір сылтаумен тысқа ертіп шықты.

— Шаршап тұрғаным, жатып дем алайын, сен кіші отауға бар, — деп нұсқап, әлі де абдырағаны басылмаған Серікті арқасынан итеріңкіреп жіберді.

* * *

Шалтастың жотасынан асып келіп, Бүркіттің биігіне оралған ақша бұлт, сүйіп қонған жартасын қиып қоштасқысы келмегендей, жұлқылаған желге көнбей-ақ бақты. Ақыры сабақтай суырылып, түте-түтесі шыға тозып, көзден ғайып болған. Көз жетер жердің селеуі желменен желбіреп, теңіздей толқып жатыр. Үйіріліп келіп қалған құйын іліп әкетер ештеңе таппай жер сабалап, көк долы әйелдей бұрқырап бақса да, тұяғына қармағаны болмаған соң, маң даланы бойлай безіп, кей-кейдегі киік жатқан ақ тақырдың шаңын ғана қаққан.

Тап-таза саумал ауаны тоймай жұтқан Боранқұл сонау Шомақ жақты бетке ұстап кетіп бара жатқан қос аттылыға ұзақ қарады. Сонан соң осы өзінің қыстағының маңына үйме-жүйме қонған қоңыр үйлерді көзбен сүзіп кетті. «Несібесіз пенде жаратпаған» дейді қара кітапты қоймай оқығандар, сірә бұл бейшаралардың ендігі татар дәмін осылай жазса Алла алдында айыпты, адам алдында ұятты болғаны ма.

Шіркін-ай, шіркін, бұл өмірде басқа лаж қалмағанына не шара. Шалтастың осы сырты мыңғыраған малға толып, қой үстіне бозторғай жұмыртқалар заман болса бүйтер ме еді. Түу, мына боз даланың көдесінің мұрты да сынбапты ғой. Тусыраған кеде, бітік бетегелі бет болған жерде сыңсыған мал да біткен, әттең соның азайып бара жатқан шағына дәл келіпті. Жылқыға жаманат, қойға топалаң келген жоқ, ақша мен қып-қызыл сауданың соңына түскен жұрттың пысықай тобына ен пайданың көзі момын елдің

малы боп елестесе не дауа. Барымталап та, сырымталап та онсыз да өрісі тарылған малды азайтып талайдың торсығын керегеге ілдіртіп, бала шағасын нәпақасыз қалдырды.

Мына өз қыстағының маңына бей-берекет қонған қараша үйлер әр рудан келген, тігерге тұяқ қалмаған соң жансауғалап жеткендер. Дені қаракесек, қуандық болғанымен Шу бойының үйсінінен де бар. Әзірге бұл қаңғып келген жұртқа берері бірер сауын, жетім лақ дегендей болмаса, жасап тастаған жақсылығы шамалы. «Боранқұл бар, бала-шағаңа қамқор, намысыңды қорғайды екен» дақпыртымен келгенге «кет әрі» мінез көрсетіп, кеудеден итермеді. Бейшара болған өз қазағы, өз қандасы, не көрсе де бірге көрер.

Бұл берген бірен-саран тұяқ ұзаққа талғажау болмасы белгілі. Егін себе қояр не сайманы, не мына келгендердің ебі жоқ. Сонда да ойпаң жерге күрекпен бастырып аздаған егін салған. Базарға шығарып, базарлық әкелуге жарамаса да өздерінің ашығып қалмауларына жететін сияқты. Бұл шарасы қаншаға барады, ол арасына сенімі аз, түбі көрініп тұрған құр дәмедей болған соң осы жұрттың біразын Қарсыбек байға жалдануға қосқан.

Әзірше Қарсыбектің тасы өрге домалап тұр. Жұман бұлағындағы қыстауында дирмен салдырып, құяң-сұяңды жазар тас монша тұрғызған да сол Сонан соң анау Киіктінің ту сыртындағы кен орнын ашып, кіре тартқан да, Ташкенмен екі ортаға сауда жүргізген де өзі. Талапты өрге нұр жауар деген, қораш дәулеті бар қаршадай бала еді, Құдай берген де деседі ел Боранқұлдың онда несі бар, кім болса да мына аш-жалаңаштың тобырына азық табуына, еңбегінің өтеуін беруіне жараса болды да. Осы елдің кей көре алмасы Қарсыбекті «тақия сатып байыған» деп мұқатқандай. Ол да адал еңбегі, ата салтын, қазақпын деген елдің бірлігін, туысқандығын бұзып, берісі оязға, арысы патшасына сүйеніп ұры ұстап ел тонаған, үйінде жатып арам ас ішіп, өзінен басқаны ырқ-ырқ күліп мазақ еткен кей шонжарға қарағанда Қарсыбек ісі екі дүниеде алғысты.

Боранқұл көз ұшында кетіп бара жатқан екеуге тағы үңілді. Алыстаған екеу желқайыққа мінгендей қалт-құлт етіп, сағымға оранып, буалдыр көк теңізге бір батып, бір

шығып барады екен. Екеуінің жасы үлкені Мақаш, үлкендігін пайдаланып Боранқұлға ұрысқан.

— Кезеген аяқ боқ басар. Тек жүрмейсің. Осы барымтадан тиыл дедік, көнбейсің. Ендігі мына сиязға жиналған кең көмейлер ақ-қараңа жете ме, не өзіңді айдайды, не исі кәрсөнге жаза кесіп, салық салады, — деген.

Е, мына сиязы жаза салады екен. Қаралмақшы да Боранқұл, қараланбақшы да өзі. Қарқаралы Ақмола дуанының елді еңіреткен жалмауыздары аман қалмақшы да, оққа байланғаны Боранқұл бопты. Ұрыдан қол жинап момынды талағандар төрде отырып, солардың тепкісінен босып кеткендердің аузына ақ тамызған Боранқұл босағада мелтеңдеуге тиіс. Қаны басына шапқан ол сілкініп, ашуы тасып, көзі қарауытқан. Сонан соң өзін-өзі тағы басты. Мына пәлелері жалғыз басына төнген жала болса, ақтық демі сарқылғанша айқасып өтер еді. Қазақ даласы кең, орманы да, жартасы да мұны жасырып бағуға жетеді. Әттең, не кешке ілесе алмайтын, не өз бетімен көшіп кете алмайтын ылғи жаяу мына тобырды не етеді? Тірі дозақ, қол байлау деген осы да. Осылар болмаса ана сиязына бұл барар ма, сыртынан сот құрмақшы болғандардың да тәубасын есіне түсіруге жарар еді-ау.

Осы жиынның түп-тамырын қозғаған әлгі Итболды Имаштың әлегі. Бергі жағы бес ата боп бөлініп жататын Әлтеке-сарымменен шекшектің ортасындағы бір дауға бұл да барған, Жаяу ұры, жесір дауы деген мәселелер еді, соның өзі пәлен күнге жырға болды. Сол Имаш бар мәселенің түйіні енді шешілер-ау деген шақта өзінше ісінді. Әлде Боранқұлды танымады ма, әлде «айтып қалайын, жер етейін бес атаның ұлын» деді ме.

— Әй, бес атаның азаматы, осы өзіңді-өзің неге тыймайсың. Бүгін кеп елге үлгі айтқандайсың, пәле тап өзіңде. Боранқұлың қабаннан жаман, тұмсығымен сүзеді. Тарпа бас салар баскесер. Осыны неге көрмейсің, көрсең қой деуге шамаң жетпей ме? — деп салған.

Басынан сөз асырмайтын Боранқұл Имашты сабап тастар, қазір бүлік туар деп отырған туысқандарының жүзі сазарып, тіс жармай қалған. Түбі жақсылық тілемеген Имаштың сөзін естіп отырған Боранқұл қап-қара боп

өзгерді. Бітімші боп келіп, төбелескер боп тарқағысы келмеген.

— Әділдікке әлі ерте екен, кетейік мына жерден, — деп шыға жөнелген оның соңынан ергендер аз болмады.

Кешінде сол ауылдың малын шығаруын күткен Боранқұл Имаштың қырық жылқысын айдап кетті. Айырып қалмақ болған қос жылқышысын бәйтерекке байлап, аттарын тұсап жіберген. Алынған малдың Боранқұл ауылына біреуі де келмеген, сол үйірімен Ертістен өткізіліп, сонау Омбы жақтағы Қошманға айдатып жіберген. Малының ізі Шалтасқа бұрылмаса да осының Боранқұл ісі екенін таныған Имаш мал иесі қылып екі-үш кісісін жіберген еді, оларға «не алдым, не алмадым малыңды» деп ақталмай, киім сыртынан дүре соқтырып, қуып тастаған. Әуелде неден шатысқан іс екенін естіген ара ағайын да араға жүрмеді, көбі «ойбай, Боранқұлдың көк мылтық жасанған қолы бар, жанымызды тастай алмай жүргеніміз жоқ» деп безді.

Осы жұрттың көбі малынан айырылып, босып кеп, Боранқұлдан пана тапқандарды мұның жасағы, шаш ал десе бас алар баскесері санайды білем. Мейлі. Басқа қорғаны жоқ қаражаяуларға мұндай қорқынышты атақ та қорған. Кей-кейде айналамен ұстасудан жалыққан өз басы да осы қауесеттің тарауына көмектесетін. Бір жылы бұл жаққа ізі түсіп көрмеген байталын жоқтап Жаманның отағасы қайта-қайта келген. Өзін шіріген бай, үйінен дәм татырмас сараң десетін. Сөзден жалыққан Боранқұл тысқа шығып, оңаша айтқансып, естірте.

— Мынаны тамаққа бөктіріп ұйықтатыңдар да, түнде сыртынан отын үйіп өртеп жіберіңдер, — деп жігітіне тапсырыс қылған болатын.

Іші ауырып, жар жағалап кеткенсіген жоқшы сол күйінде жоғалды. Ер-тұрманы мен аты ауылға олжа. «Ойбай, жоқшыны сөйтеді екен» деген сөз гу-гу. Қай ауызға қақпақ қоясың, әйтеуір ары таза, кісі қанын жүктемегені өзіне аян. Өз тілінен тапқан әрі Боранқұлға келіп малын сұрауға батпаған Имаш ұлық атаулыны қоймай арыз боратты. Қарқаралы дуанындағы жоқ малдың ізінің бәрін Боранқұлға апарып, Ақмола дуанынында халқын зар илеткен осы

қылып шығарып, оның да ұлығына үсті-үстіне хат жолдап, ол елдің өзі сияқты мықтыларымен астыртын сөз байласып жатты. Ендігі сөздің түйіні осы арызды дәлелдеп, бір кісідей қол көтеріп, итжеккенге айдатып тынбақ.

Ру-ру елдің қай-қайсының болмасын шонжарына Имаштың арызы жағатын сияқты. Малынан айырылып, мұзға отырғандай болған ағайынын енді ас-су беріп қана тегін жұмысқа салмақ ойлары бар еді, Боранқұл деген пәлені тауып, уыстан шығып кетіп тұрған. Енді соны жазалаудың сәті кепті.

— Қайдан шыққан пәле өзі?

— Ағайын аш болса да өзімізбен бірге еді.

— У ішсең руымен деген ел едік, — десіп, кеше өтіп кеткен дәуренде кедейленген туысқа тегін сауын берген көне жолды еске алғансыған. Беруге келгенде аузын қу шөппен сүртіп, бүтіндікке келгенде бауыры езілгенсіген ендігінің орыс ұлығына арқа сүйеген мықтылары өзі ұрлатып құрттырған момынның малын енді Боранқұлдан өндіріп пайда тауып, өзін айдатуға бет алған.

«Мейлі, — дейді іштей Боранқұл, сияз жасағандардың да беті жүзін көрген дұрыс, айтқандарын естісе де, айдауларына көне қоймас». Қолым таза демейді, мына аш-жалаңаш тобырды асырау атадан орта ғана дәулетке ие боп қалған оған оңай соқпады. Орта дәулеттен қазір өзі ішіп-жерлік қана сарқынды бар. Өзінен берері болмаған соң елге тісі батқан ұлықтың итаршысы кей болысты қан қақсатқаны да рас. Арқаның шұрайлы жерін тартып алып, айналасына зорлық көрсетіп байып, ісінген кей мұжықтың малын айдап кетіп, сонау Омбыға өткізіп жібергені де шын. Сол пайдадан өз шаңырағына тышқақ лақ жолатқан емес, бәрі де ел ішінің қарып-қасеріне кетіп жатыр.

Алдында малы жоқ, істер кәсіпті және таппаған, өзін іздеп, «ең болмаса тірлігімізді сақтар» деп келген жұрт үшін ағайынмен де кейде араз, кейде тату. Әкесі Сарбастан біраз тұқым бар еді, мұның зорлығы әуелі сол бірге туғандарға жүреді. Бір құрсақтан шыққан, бір ананың төлі емес пе, бұл қанша зорлық етсе де өкпелеген туысы қайта айналып тағы өзін табады. Құдайдың бұл бергеніне де шүкіршілік, қазақтың бауырмалдығынан да айналды.

Өткен қыс ауыр да ұзақ болды. Онсыз да ішерлігі аз тобыры ашыға бастаған. Әр үйден жылаған баланың қыңқылы, ішерлігі таусылып отқа қарағандарды көріп, іштей тынған. Сойып тастарлық қоңы бар ештеңе көзге түспеген. Үй-үйді аралап келе жатып бауыры Әбділданың қорасынан мөңіреген сиыр даусын құлағы шалды. Бұл үйде артық сиыр жоқ еді, жалғыз сауыны сүйек кеміріп есік алдында тұр:

— Бұл не мал?

— О не? — деді танданғансып Әбділда.

— Қораңнан сиыр мөңіреді ғой.

— Қой, саған солай естілген шығар. Тұр ғой әне ала сиыр.

— Жоқ, анық естідім. Жүр қораңа.

Далаға шыққан Әбділданың келіншегі де соңдарына ілесіп, үшеулеп жаппа қораға кірген. Ішінен ештеңе көзге түспеді.

— Жоқ десем сенбейсің, — деп ыржиды Әбділда.

— Ә! Япырым-ай, анық естіп едім.

Сөйтіп тұрғанда қораның түкпіріндегі бір шөмеле шөптің ар жағынан сиыр тағы дыбыс берді. Тепкі тиген үйінді шөптің бұрышы опырылып түсіп, ар жағынан байлаулы сиыр пыс-пыс етіп бері ұмтылды. Әуелі көзге түскені жайындай семіздігі. Ашыққан бала-шағаға біразға нәпақа.

— Ойбай, бұған тиме, — деп Әбділда бас жібіне жармасты.

— Сатып бала-шағаға киім-кешек аламыз ба деп қыстай күттік. — Келіншегі жылармен болып, басындағы орамалының шетін тартқылай берген.

— Тиме бұған.

— Әй, әрі тұр. Ел ашыққанда сен сиыр саудаламақ екенсің ғой. Бөгеме жолды.

Сиырының бас жібіне жармасып, даңғаза шу көтерген Әбділданы тіпті болмаған соң бұзау тіс қамшымен жон арқадан осып жіберген. Қатты батып кетті ме, бауыры кірелең етіп, көзі бағжиып қала берді.

— Бізді де құртасың.

— Не дейді мынау? «Елмен көрген селебе, селебені елеме» деп Шортанбай жырау зарлап кетті. Сол селебесі

осы шығар. Осымен тынып, арты қайыр болса, оған да шүкіршілік. Әй, қайдам зекетсіздің малы сүннетсізге, аузы түкті кәпірге бұйырады деген екен. Бардың жоққа пейілін бұрған қайыр-зекет дегенді ендігінің байы ұмыта бастағандай, арты бір қырсыққа соқпаса игі .

Әбділданың сиыры бала-шағаның жылауын біразға тыйған. Жаз да шықты, барлы-жоқты аққа ауыз жеткен соң кешегі қиындық та ұмыт. Боранқұлдың қолынан келгені, сиыр етін бөліп алғандар күзде аз егінінен шама-шарқынша Әбділдаға да астық беруді тапсырған. Онысы әрі оны тобыр еңбексіздікке дағды алмасын, алғанның берері барын ұмытпасын, түбі жатып ішер, «әкеле бер» азғын болмасын да дегендік.

Сиязға шақырып жатқан хабары келген соң Боранқұл өзіментілеулес ағайынның бетін көріп, халін біліп шығайыншы деп атқа қонған еді. Алғашқы барғаны Масабай үйі. Есік алдында итаяқ шауып отырған Масабай сәлемін алса да бас көтере алмай итаяғына телмірді де қалды.

— Оу, халің қалай?'

— Өлдім.

— Өлгені несі?

— Өлмегенде нем қалды? Сен ат басын үй деп тірегенде ұсынарасым болмаған соң тірліктің несі сән. Атам қазақ өстіп пе еді. Менің отырысым мынау, түс деуге шама жоқ, тірідей өліп отырмын.

Шомақтың шоқысынан асып кеткен жолаушылардың соңынан неге екені белгісіз әлі қарап тұрған Боранқұл күрсінді. Мына сиязда бес атаның ұлы ел намысын қорғауды Көппайдың Садуақасының Мақашына тапсырған екен. Қыздарбек күйшінің ізбасары Мақаш бұл өңірге өнерімен танылған, кісілігімен құрметке ие болған азамат. Бұл Қыздарбек күйін Тоқаға жеткізіп, сырттай сәлем-айтыста арада жүрген жігіті болғанын күні бүгін жырдай қып айтады.

Мақашты шығарып салып, сағымға оранған көгілдір тауларға жанарын ілген Боранқұлдың есіне сонау мұрты тебіндеген жігіт шағы «ел қорғар азамат» дейтін ел сөзіне ілігуге ұмтылған сәт оралған. Алғаш рет өз бетімен алыс

сапарға шығып, жол тауып жүріп, жөн тауып сөйлесіп, олжалы қайтуды мақсат тұтқан. Міне қоятын жарамды ат та табыла қоймай, ағасы Райымқұлдың тақымына басқан жарау торысына тілек етті. Інісінің қандай жолға сұрап тұрғанына көзі жетпеген Райымқұл.

— Сен ұрлық қылып, мені де істі етесің, — деп бермеген. Боранқұлда үн жоқ. Қабағы түсіп, айтарға уәж таппай, бір шыны шәйін зорға тауысқан. Қайнысына жаны ашыған жеңгесі:

— Отағасы, иіліп келіп тұрғанда меселін қайтарма, қораңды бұзып сұраусыз мініп кете берсе не істер ең? — деп күйеуін көндірген.

— Әй, сен өзің добалдау едің, аттан айырылып қалма, тез орал, — деп жүріп ақыры Райымқұл інісін аттандырып салды.

Сонау Ұлытау жағына өтіп кеткен Боранқұл сол елдің Омар деген ақсақалының қолында ала жаздай болып қайтты. Барымтаға келген жауды түсірді, ерлігіне де, серілігіне де сол елді риза еткен. Балаң жігіттің алғаш сапары екенін, оның шашау жүрген малды іле кетпей ел танығандай мінез көрсеткеніне риза Омар ақсақал қайтуға рұқсат сұраған Боранқұлға:

— Шырағым, жорытқанда жолың болсын, Қызырдың шылауында бол Алғаш осындай сапарға шыққанда көне жолдың екі тармағы бар еді, бірі — түн қатып, түс қашып жүріп мал әкелу. Екіншісі, ел танып, ермен білісіп, аузында ілімі бар ақсақалдан сөзге қанып, жол алу. Сен соның білікті, ізгі жолын таңдап алған екенсің, — деп құлынды қара төбел биені жетектетіп жіберген.

Ел танып, дос тапқанға не жетсін. Омбыдағы Қошманға жолығуы да бір хикая. Е, өткен күннің белгісі. Тобықты қарпық байменен құдандалығы бар еді. Қазаққа бұрын жылқы бітсе, енді босағасына сиыр оралған қазақ байы осы Қарпық. Жылқы деген оншақтыдан аспаған. Қарпықтың ауылына жүретін түні ұйқысы қашып, таңды көзімен атырды. Әлденеден жүрегі сескенген, таң ата тұрып шай іздеп таппай, бос шәй қалта қолына іліне берген соң лақтырып тастап, саптыаяққа құрт езіп ішкен де төбеге шыққан. Сәскеде күн тұтылды. Түйе сауып отырған әйел

күн шықпай жатып кеш болғанынан шошып, көнегін тастап, үйіне қашқан. «Ырымы нашар екен, алда қиындық болмаса игі еді» деп қарауыл төбеден түскен Боранқұл «кіш» етіп тұрған байлаулы секті көріп, «осымен кетсін, бауыздашы» деген.

Қарпық ауылына іліге жаман хабар да жетті. Түнде малына жау тиіпті де, бар жылқысын қуып кетіпті. Жылқы іңірттеуге шыққан қарпықты астындағы үркек аты жығып, біраз сүйретіп, мертіктіріпті. Жау айдаған жылқының кес-кестеп алдынан шығуға тырысқан, әйтеуір үлгерді. Бар малдың алдында бір кезде Қарпыққа өзі берген тақыр торы секектеп басып, жалғыз ойқастап келеді екен, «пфрт» деп шақырған иесінің дауысын танып жануар тұра қалды. Болдырған атын тастай беріп, тақыр торыға жайдақ мініп жөнелген. Артына қарайлаған еді, жылқы ішінде тағы біреу ат жалына жабысып келе жатқандай. Таяған соң таныды. Қанаш.

— Әй, астыңдағы қай ат?

— Қамысқұлақ.

— Астында қамысқұлақ, өзің Қанашсың, намыс қайда? Жылқының бетін бұра бер.

Жылқыны бөріктіріп айдаушы аламан екі-ақ кісі екен, басқасы ілгері жақты шолуға кеткендей. Екеудің бірін Боранқұл, бірін Қанаш түсіріп тұрғанда арт жақтан Қарпық ауылының басқа қуғыншысы да жеткен. Байлаулы екі жігітті көріп, мал түгеліне көзі жетіп лепірген топ:

— Қайда? Қалғаны қайда? Енді келместей етіп жіберелік, — деп ілгері озды.

Ілгері кеткеннің де қарамы екі-ақ адам екен. Тар өткелде қуып жеткен еді, алғашқы барған жігітті тулақша сілкіп аттан лақтырып жіберді. Өзеннен өте екі аламанды ортаға алып-ақ айқасқан. Берісетін түрлері жоқ. Қасқа атқа мінген отты көз жігіт Қарпық ауылының үш жігітін бірінен соң бірін допша ұшырды.

— Қошман! Қошман! - деп айқайлады кеп сойылдың астында қалып, аттан құлап бара жатқан серігі.

Қалың топқа жалғыз өзі ұмтылған Қошманның жолын Боранқұл кес-кестеді. Бірақ сойыл сілтесулеріне тәңір жазбапты, қосаяқтың ініне аяғын тығып алған Қошманның аты төңкеріле құлап, иесін басып қалды.

— Әп, бәлем, — десіп сойылын көтеріскендерді Боранқұл тыйды, «мына көпке жалғыз ұмтылу тегін емес-ау, текті жігіт болар» деген іштей.

Тырнағына іліккенін ініне жинаған сасық қоңыздай ендігі бай баласының дүниеқоңыздығын Боранқұл осы жолы тағы таныды. Өз малына мына аламан жұрттан қосылған азын-аулақ жылқыны көзіне ілмей, мертіккен әкесінің атын айтып сұңқылдай берді. Кетік тіс әрі сақау секілді.

— Қай-ан әкем, Қайпық, — деп қояды.

Әрі беріден соң Боранқұл артына мінгестіріп алған Қошманды «қолыма бер» дегенді шығарып, қиқалақ салды. Онысы түбі босатқандай болса, құнын арттыру екенін Боранқұл көмейінен таныған.

— Әй, қайтейін деп ең?

— Қолыма бер, өлтірем.

— Қан жүктерлік не көрінді, әкең тірі еді ғой. Өле қалса да мынау олжа бір кісінің құнынан артық.

Кекілдінің ашкөздігіне ыза болған Боранқұл өзі туралы қанша сөз боп жатса да тырс етіп сыр бермеген Қошманға таң. Қаны бірге қазақтың бірін-бірі өлтірем деген сөзі ауыздан шықпауға керек еді, айтыла қалса тегін емес. Осыны есті тұра артындағы жігіт міз бақпағаны қалай? Әлдене уақыт өтіп, малды қаумалап айдағандар тараңқырап, екеуі оңашалау қалған.

— Боранқұл, ризамын саған. Ана иттің қолына бергенде сен де аман қалмас едің, — деп қоншынан қанжарын суырып, атып жіберді. — Бұрын да атыңды естуші ем, сол ма, сол емес пе деп үндемедім.

— Бауырым, кім едің? Өз жөніңді айтшы.

— Омбы жағынанмын.

— Әй, сен Мәди айта беретін Қошмансың ба? - Таңданған Боранқұл артына бұрыла қараған.

— Дәл өзімін.

— Ой, бауырым! — Мінгескен екеу айқара құшақтаса кеткен. Енді бір сәтте аттан секіріп түсіп, көптен кезікпеген сағыныш бардай-ақ, сондайдан бұларға қарағыштағандардың көзінше бетегеге жайғасып, қызу әңгімеге кіріскен еді.

— Сасық байды қайтемін, — дейді Қошман. — Көздегенім басқа еді, бұл жақтың жері белгісіз ғой маған,

адасып барып алыппын мына малды. Әнебір сұңқылдағанына соны ұқтыршы. Әкесі өлсе құнын да төлейін.

Қарпық үйіне бір түнеп аттанған Боранқұл Қошман мен оның серіктерін әз ауылына ұзақ конақ етті. Талай түнге ұласқан сырласудың бірінде Қошман да өз басынан өткенді баян етті. Зорлығы көп заманда әділет іздеу не әбестік, не ерлік. Әй, әділетке ұмтылған азаматқа қай заман да құқайын әзірлеп отырар, ол тағдырдың тепкісінде шірір, артында ел тамсанған аңыз ғана қалар. Әттең, болашақ ұрпақ көрер жақсылықтың нышанын тағдырың таразыға салған ер өзі көрер күн болар ма. Тағдырға түңілген сайын даласынан сайғақ құрлы пана таппай қуғын көрген Қошман түнере бас шайқап, күрсінген.

Омбы, Томбы қазақтың кең даласы. Ішкерінің мұжығын жаппай аударып әкелу әуелі сол жақта болған екен. Сарыарқаның шұрайлы тұсын тартып алғандай онда да тұрғылықты қазақ жұртын сырғытып, бейшара күйге түсірген. Иен даланы емін-еркін иемденген келімсектің көбі ырғалған бай, көрдең құлақ боп шыға кепті.

Солардың жаппай мас боп ішетін бір тойында поселкасына барған екі қазақ жігітін қуып жүріп ұстап алып, бетіне қара май жағып мазақ қылған.

— Әй, қараңдар! Бекзадалар келеді. Ха-ха!

— Біздің қатындарға қырындайтын шығар.

Ішкіліктен есірген топ әуелі қара май жақса, кейін түйгіштеп, көше-көшені аралай арқан тағып сүйретіп, ақыры:

— Бұлардың әлгісін молласы нетуші еді ғой, ал біз олардан да асырайық, — десіп соққыдан ессіз жатқан екеуін де піштіріп тастапты. Екеуі де сол түні қансырап өлген. Естіген жұрт жағасын ұстады, ыза буған Қошман сол поселканың старостасының үйленген баласын сойылмен сілейтіп өтіп еді, мертігіп қапты. Ертеңінде қарулы казактар Қошманның үйін тонап, әйелін жас баласымен айдап кеткенін жұрттан естіген. Жолда әйелінің әлігі қапты, анасының төсін искелеп зарлаған баласын әлдекім алып кетсе керек.

Көкірекке кек қатты. Дүние боқтың құлы сасық кулактарды аяусыз жазалауды ойлаған. Мен сөйтемін деп

ешкімге айтпады, көмектес деп жанына жан ертпеген. Екі қоржын басын құйрығына кәресін жаққан, шүберек байлаған мысыққа толтырып, поселкаға түн жарымда кірді. Бақырған мысықтарды бірінен соң бірін суырып, шүберегіне от тұтатып қоя беріп, поселканы гегіс аралап өткен. Жаңа біраздағы жым-жырт поселка өрт жалынының астында қалып, ұзақтай шулады. Ішінде жазықсыз жан бар ма еді, бекершілік болды ма деп көзін қан басқан Қошман да ол тұста ойланбаған. Міне, сонан бері сырттай мәңгілікке кесілген Қошман ел кезіп, ұшарын жел, қонарын сай білсе де әділет туын өзінше көтеріп, дұшпанға сес беріп жүр.

Жаз ортасында Қошманнан «келіп кетсін» деген хабар жетті. Қазаққа тізесі батып, момынға күш көрсеткеннің зауалын берсе керек, үш үйірдің жобасындай қулық пен байталды елеусіз жерге айдап тастап, сырттай бағып отыр екен. Қайда барса да жеріне қашатын ат-айғырға жоламағанға ұқсайды. Қанша жасырып айдағанымен поселканың казак-орыстары қыруар малдың ізіне түсе қуып, Ертістен өтіп жатқанда жетті. Бұлар үшеу, қуғыншы жетеу. Малдың алды өзенге түсіп-ақ қалған. Соны қайтаруға тырысқан төртеудің үшеуін жанындағы серігі мен екеуі лезде доптай ұшырып еді, төртіншісі жалт берді. Ат үстінде қоқаңдағаны болмаса, сойылдасқан қол ұрысқа казак-орыстың жоқ екеніне сонда көзі жеткен.

Екеулеп арғы бетке аман-есен малды өткізіп, артына қараса арғы жағада қалған жолдасын төрт қуғыншы ортаға алып жүр екен. Араларынан қанша сынаптай сырғып шықса да, астындағы аты сыр берген бе, қоршауға қайта-қайта түсіп, жанталасқандай. Боранқұл өзеннен қайта өтті. Өзеннен өткен қазақ қайта соғады демесе керек, төртеуінің де есілдері ортадағы жалғызда. Ту сыртынан тиіп, ес жиғанша екеуін қалпақтай түсірген еді, қалған екеудің қарақасқа аттылысы ерен қайрат көрсетіп, берісер сыңай танытпады. Боранқұл қолтығын жаза бере тізеден соққан. Өзеннен қайта өткенде аты сыр беріп, қатар жүзіп демеуге тура келді.

Әуелде Қошманның Боранқұлмен достасып, ұзақ жатып аттанғанынан сескенген осы маңайдың болыс, старшын дегендері, енді үйірлеп жылқы әкеп, тобырына да, айнала

сауға сұраған басқа кедей-кепшікке де таратып жатқанын біліп, «мынауың не» деп сұрауға батпаса да сырттай күңкілдесіп, іштей тынған. Берісі ұлығына, арысы көк мылтық қоршаған патшасына сүйенген жаудың тезінен сескеніп, «не болады заманы» деп інісі үшін қам жеген Райымқұл:

— Осы аламандықты қой, — деп қақсай берді.

— Қояйын.

— Әй, қайдам? Шын сөзің бе?

— Момынға тізесі батпаған, қазаққа қастық істемегеннің тышқақ лағына тиіспеймін. Ал ашкөз обырдың өз обалы өзіне.

«Боранқұл адал бай-болысқа тимеймін деп ағасына ант беріпті» деген сөз ел арасына тез тараған. Осы пәледен жырағырақ болайықты ойлаған біраз обыр сәл-пәл тиылғандай. Заманың түлкі болса тазы боп шалды ұстанған, баю үшін елді жеп, ұрлық істеткен мына заманның жаңа түстес байына пірадәр бола қалу да қиын еді. Олар да аңысын аңдыды.

Жыланның тілеуіне торғай ұшады да. Жалғыз жол шегіп бара жатқан Боранқұлға бейтаныс екеу келіп соқтыққан.

— Аттан түс! — десіп, кезек-кезек сойылмен нұқып, мазасын алды.

— Әй, қойыңдар.

— Қойды көрсетейін саған. — Қамшысынан басқа түгі жоқ Боранқұлды әрі өтіп, бері етіп екі рет сілейте соғып жіберді. Есеңгіреп көзі қарауытты. Ат жалын құшқан оны итеріп аударып тастағысы келіп біреуі сойылын кеудесіне тірегені сол еді, намысы қуатын оятқан Боранқшл шап етіп сойылгердің қолынан қаруын жшлып алып, жалт берген зорлықшылға сілтеген сойылы бетіне тиді. Қан бұрқ еткен.

— Көзім, — деп бақырды аламан.

Бір ауылдың мырзасы екен. Таяқ жеп, көзі шыққан мырзаның ұлыса табысар берісі де жеткілікті екен. Жабылып жүріп пірғауер жасап, мөрі бар атқа мінерге қол қойдырып «ұры, кісі сабайды, жол торыған бұзық» дегізіп, ақыры Қарқаралыға шақыртып, жауып қойды.

Боранқұл шақырумен қалаға келгеніне өкінген. Не әділдік табам деді екен? Қарға қарғаның көзін шұқымайды

дегенді қазақ бұрын айтқан, сөйте тұра аранға өзі түскеніне таң.

— Жоқ қылдық.

— Енді айдайды. Әй, құтылдық-ау, — десетін сияқты жауы. Соңынан іздеп ат сабылтып жеткен Райымқұл менен Әбділдаға.

— Әуре болмаңдар. Сендер сияқты іздеушіге мені босатпайды. Құдайдың жазғанын көрермін, бір амалы болар, — деген.

— Пара берсек ше?

— Пара жинап, бала-шағаның аузынан жырмаңдар. Оларың өтсе жақсы, әйтпесе құр арамтер боп не керек. Тіпті өздеріңді «пара ұсынды» деп айыптаудан тайынбас, — деп кері қайтарды.

Естуінше баяғыда Көппайдың бәйбішесі Талмойын ана баласы Сәдуақас кірпіш үй салып, енді соған кірмек болғанда:

— Өлгенде кірер тамыма тірімде барар жайым жоқ, — деп қыс бойы бұрынғы ата салтымен киіз үйін қыстап шыққан екен. Сәдуақастың салдырғаны саңғыраған төрт бөлме, іші жарық, ауасы таза еді. Боранқұлға есігі темір, терезесі тор, дәрет алатын жеріне жарым бөшке қойған сасық бөлмені бұйыртыпты. Онда да жалғыз емес, соқыртеке ойнайтындай қара көлеңке үй ішінде тағы үшеу жатыр. Тағдыры айдап әкеп өмірі түзде кездессе жөн сұраспайтын талай қарасақал, қабасақалдармен дәм-тұзын бөлістірді.

— Не үшін? — деді татар жігіті.

— Өзің ше? — деген сақтық ойлаған Боранқұл

— Мен айдау Түсіптің інісімін. Естуің бар ма? Әлгі ояздың қызын...

Ұзынқұлақсыз жатпайтын дала жұртына бұл хабар да жеткен. Иә, сондай бір кісі зорлық еттің деп ояздан солай кек алыпты дегенді естіген. Е, онда бұл жігітке сенуге болады екен, ондай адамның тұқымы кісі сатпаса керек. Боранқұлдан мән-жайға қанған жігіт.

— Ойбай-ау, өзің келгенің не бұ жерге? «Айналайын, аш-арықты асырап жүр екенсіңді» айтып басымнан сипайды дедің бе? — деп біраз ыза болды.

Оның айтуынша, бұл елден әділдік кетіп, қара халыққа зорлық-зомбылық өскен. Шыдамы таусылған ел де енді қарап жатпағандай, анау ішкері жақта орыс та, татар да, басқа талай ұлт та көтеріліп, патшаның өзін қысып тастапты. Алдап-сулап қана патшаның әйтеуір жаны қапты. Дүниенің сол шайқалысы қазақтың оқығындарын да толқуға салған сияқты, қаладағы Құнанбай мешітіне біраз зиялылар жиналып, болашақта «Алашты» құрамыз десіп тарасыпты.

Мүмкін, мүмкін. Ішкері жақтың мұжығы бір тектес емес дейді ғой, зорлықшылына арқасынан таяқ кетпегені қарсы шығып жатыр да. Бірақ онан қазаққа келер не пайда? Кең далада бытырап малын бағып, жоққа жаға жыртысып жатқанына да енді көзі жеткендей. Бұрын жау келсе елді бастар не ханы, не батыры, дау келсе бітістірер не биі, не ақсақалы болушы еді, енді оны да құртқан. Ұлық орыстың сөзін екі етпейтін болыс дегені шыққалы ел бүлініп бітті. Өзара сойылдасқан елде не болашақ?

Жақсылық үшін деп жақ-жақ боп төбелескенінен Боранқұл қазаққа тиер пайданы көрмеді, бәрі бос сияқты.

Арада күндер өте берді. «Баскесер, баукеспе» деп әкеп қаматқан Боранқұлдан оғаш қылық көрмеген соң «осылары рас па, қой аузынан шөп алмайтын даланың кең қолтық, терісі қалың қазағы ғой» дегендей бұған түрмебасының көзқарасы да өзгерген. Кей-кейде далаға айдап шығып, оны-мұны ауыр жұмыс та істетіп алатын болды. Түрменің қапасынан гөрі бір мезгіл таза ауа жұтып, көңіл бөлгенді өзі де теріс көрмеген.

«Ат ойны болады» екен деген хабар елең еткізді. Не өнер көрсетеді, шіркін-ай, қатынасар ма еді. «Қатынасар ма едінің» ақыры түрме бастығынан сұрануына апарып соқты.

— Қашып кетпейсің бе?

— Жоқ, тақсыр, Алла атымен ант етемін.

— Ендеше дайындала бер, — түрмебасы шығып бара жатқан Боранқұлды тоқтатып, — Ат қайда? Атың бар ма? — деп сұрады.

— Атым қала шетіндегі таныс үйде тұрған шығар.

Ат ойыны осындағы қазақ-орыстардың ең ширақ деген жігіттерінің өнер көрсетуінен басталған. Обалы нешік, атқа

шабыстары түйенің қомында туып, ат үстінде өскен қазақ жігіттерінен бір кем емес. Аттарын аспанға секіртіп, бөренеден қарғытып, қылыш сілтеулерін көру тамаша. Көрермендер де у-шу.

— Вася!

— Иван! — десіп қолдағандары ма, шұбырта жөнелген тілдеріне қарап, сонау жерде оңаша отырған Боранқұл өзінше күлген. Көптен бері ешкім мінбей, байлауда тұрып жараған Сыныққұлағы мана иесін танып оқыранып, қоймай иіскелеген. Сыныққұлақтың тұмсығы әлі Боранқұлдың иығының үстінде. Бар өнер сәтті өтті, әттең жерошаққа тастаған теріні ешкім ала алмады, тіпті бір епті-ақ деген жігіт иіліп-ақ келіп еді, аударылып түсіп, ат сүйретіп кете жаздады.

— Қап! — деп қалды өкінген Боранқұл да.

— Қазір ат ойын казақ Боранқұл көрсетеді, — деп хабарлады жаршы.

«Йә, сәт! Жабығып жүргенде жер ете көрме, Тәңірім» деп сиынып, атының жалын қасып, сауырынан сипаған Боранқұл алаңға шықты. Енді байқады, егер бұл қашып кетем десе де мүмкіндік жоқ екен. Алаңды айнала жайғасқан халықтың ту сыртында аттылы казактар әр тұста сыңсып тұр. Аты жетпегенімен оғы құтқармайды ғой, тегі ондай іске баруы ертерек сияқты.

Алаңды айнала шауып бір өткен Боранқұл келесі жолы ат үстінде тік тұрып, екі қолын жайды, онан соң ерге басын қойып екі аяғын көкке көтерген. Мұндайды сан көрген Сыныққұлағы бір қалыпты, шабысынан да танбады, үрікпеді де.

— Міне сабаз, — деген қартаң қазақтың үні жетті.

Лып етіп аттың бауырына енген Боранқұл ердің екінші қапталынан ерлеп ер үстіне қайта қонған. Денелі жігіттің мұндай шапшаңдық көрсетуі түгілі ат бауырына сыйғанына сенбегендейсің. Орыстар жағы ду қол шапалақтап, қазақтар құптағанын «Пәлі, Пәлі» десіп білдіріп жатыр. Сәл бетінде ағызып келіп жерошақтағы теріні іліп әкетіп, шенеуніктер отырған тұсқа лақтырып тастаған.

— Оу, жаса! Жаса! Жаса! — десіп алаңға жүгіріп шыққан халық тізгініне жармасып, қолын қысып Сыныққұлақты сауырынан сипап, қошемет көрсетті.

Ойын да өтті. Ойын соңында тірліктің шындығы бар екен, ол сый-сыяпат боп көрініп, оны бөлісу боп кеңірдек жыртысқан. Біреудің көзі, екіншінің өзі жақсы, тегі, нәсілі деген де ұмыт қалар емес. Соны шешуші жуан қарын ояз, сарала киімді шенеуніктер, қайта-қайта аузы-басын шоқыған поп.

— Бірінші бәйге даусыз әлгі қазақтікі, — деді біреуі. Сірә аузы жеңілдеу біреу ме, әлде әділет арқалап, айналаға жақпаған сорлы ма, ешкім қолдау айтпаса да теріс деп және қарсы шыққан да көзге түспеген.

Поп қақырынды. Сірә аузын шоқыса әулие тілінде сөйлейтін болар, екі саусағын танауының астына әрлі берлі жүгірткен. Теке көз екен. Ашуы басылмаған лақ текедей ежірейіп:

— Ол казак емес қой әрі қайдағы бір даланың тағысы, әрі үлкен жолдың баскесері көрінеді, оған сый беруге Құдай қоспайды, — деген. Сөйлегенде кәрі ешкінің сақалындай иегінің астындағы сирек қыл жалп-жалп етіп, адам сөзін тастай беріп, маңырай жөнелетіндей көрінген.

Сөз байлауы осы. Артынан айдаған стражниктің алдына түсіп кетіп бара жатқан Боранқұлды қайта шақыртты. Бұл жолғы сөз иесі жуан қарын ояздың өзі көзін сығырайтып ұзақ қарады.

— Тағы не өнерің бар?

— Бүрге тағалай білемін.

— Как так? — деді тілмаштан түсінген ояздың қатыны.

— Әй, анау көтек, — деді деп тыңдаған қазақтар мәз.

— Шының ба?

— Тақсыр, бір аптаға мұрсат беріңіз, керекті құрал босатыңыз. Жатағы түрме болғанымен, сырттай бақылауы қалмаса да, Боранқұл біраз кеңшілікке ие еді. Біреуден аздаған желім алып, қандаласы мен бүргесіне таршылық көрсетпейтін түрменің бүргесін ұстап, егеумен түсірген темір қиқымын қансорғыш пәтшағардың аяғына жапсырған. Айтылған күні мен дайын деген хабар берді.

Ояздың кең кеңсесіне зиялымыз деп есептейтіннің бәрі жиналыпты. Бәрінің алдында ояздың желөкпелеу қатыны менен кресін арқалған поп. Боранқұл сіріңкенің қорабын ашып, ішіндегісін үстелге төңкерді. Табанына темір ұнтағы

желімделген, секіріп кетуге шамасы жоқ қос бүрге әйгілі алаңда маршта жүргендей тақ-тұқ басып, аяңдап берген.

Тақ-тұқ! Тақ-тұқ!

Қарқылдай күлген де, шегін түйе таңырқаған да осында. «Жарайсың» деп Боранқұлды арқадан қаққандар ішінен:

— Осы неге босқа отыр түрмеде, босатайық, — деген сөз де шыққан.

— Болмайды. Бұл басурмен тәңір алдында жазасын өтеу керек, — деді тағы теке көз поп.

Бүрге тағалаған өнерінен кейін Боранқұлдың жағдайы тіпті жақсарған. Бақылау да аз, тамағы да тоқ. Сірә, босатар деген үміт те өсті. Қашып кеткеннен гөрі ақталғандай боп шыққанының айтар сөзге ілкімі бар деп есептеген. Пенденің пайымдауын тағдыр өзінше шешеді де. Жатқан жеріне поп келген. Сақалы селтеңдеп, көзі ежірейіп біраз уағыз айтты. Бұлардың Иусусы Алладан мықты деді, өз діні де артық деп соқты. Құдайы Мәрия деген әйелден туыпты, соның дініне кірген жөн деп үгіттеді.

— Әйелден туған бала Құдай емес, адам гой. Мүмкін ол әулие болар, бірақ тәңірі қайдан болсын, — деп қойып қалды Боранқұл.

Келісім сөз таппаған поп ақыры доңайбат көрсетіп:

— Осы күніңді көп қылам, түрмеде шіріттірем, — деп кетті.

«Қап, сені ме» деп Боранқұл да іштей қитықты. Бұл кезде поптың қаланың қай тұсында тұратынын да біліп қалған. Осы сөзден екі күннен кейін түн ішінде поптың мал қорасының есігін ашты. «Сүзеген бұқасы бар екен, тірі жанды маңайлатпайды-мыс, ұры-қарыны жолатпайды-мысты» естіген. Сүзеген тарғыл бұқа қораның қордасын бір-екі рет көсіп лақтырып, өкіріп тап берген. Мүйізінен ұстап үлгерген, бұрай соққан бұқа тау құлағандай гүрс етіп, орнынан есеңгіреп тұрса да тағы ұмтылды. Он сегіз өрім, өзегі қорғасын қамшы құлақ шекеден тиген, құламаса да тәлтіректеп, басын шайқап тұрып қалған бұқаны жон арқадан екі тартып айдап шығып, еркіне еріксіз көндіріп, танысынікіне апарған. Сонда сойдырып, етін ертеңіне саттырып жіберді. Тағы төрт күннен кейін бұқаның терісін

түн ішінде поптың есігі алдына апарып тастаған. Сықыр етіп ашылған есіктен сығалаған көрші кемпірді байқамады.

Ертеңінде шақырып жатыр дегенге барған. Қақ жарылған топтың төріндегі поп қолын сілтеп қалды. Аңдаусыз келе жатқан Боранқұл етпетінен түскенін ғана, көптің жабыла кеткенін біледі. Керіп салып, басып отыр.

— Жиырма шыбық дүре, — деді поп.

Шып еткен көк шыбық тумысында тұңғыш рет етке тиді. Ысқырған екіншісімен бірге Боранқұлды дүлей ашу да қысқан. «Қарашы иттің баласын». Бұлшық еттері жиырылып, темірдей қатайған ол үстінде отырғандарды сілкіп тастап, қолына түскен құлаштай таяқпен оңды-солды жайпап өтті. Сасқалақтап қашқан поп етегіне сүрініп, жаңбырдан кейінгі қаққа былш ете түскен. Әлдекімді атынан жұлып тастап, қарағайы сірескен бұйра тауға сіңіп жүре берді.

Бұл жақта індетіп қуатындар жеткілікті болғанымен, бауыры елжіреп іздейтін ағайын шамалы. Індетіп қуатындарды да тағы бір сілкіп көргісі бар. Оқтау жұтқандай иілмейтін шенеунік, қарғысымен елді үркітетін поп сықыр-сықыр киініп жер баса алмайды, солардың «ар жағы қандай», танысам дейді. Поптың қаладан аптасына бір шығып, Көрпешке поселке салған мұжықтарға барып қайтатыны болушы еді. Осы жолы әдеттегісінен көп кешіккен поп кешкі салқынды түсіре жолға шыққан. Наурызбайдың тар кезеңінде талай күн бекініс құрған Боранқұл қапталдаса ілесіп кеп, орман ішінің тар тұсында Сыныққұлақты тастай беріп арбаға секірген. Аспаннан үстіне құлаған кісіден есінен танған жәмшікті лақтырып жіберіп, тау қойнауына сіңді. Поптың ұзын шапанының етегін бұрап-бұрап астына салып, қыбыр еткізбеді.

— Ты, — деді көзі аларған поп.

— Иә, менмін, саспа, енді кеңінен сөйлесеміз.

Қалың таудың жынысты тұсына тоқтап, от жақты. Қашып құтыла алмасын білген попта үн жоқ, әлі арбаның үстінде, өзін-өзі тоқпақтап, басын шайқайды.

— Ал әулиесінген сайтан, түс арбадан.

Әлденесін күбірлеген поп от басына келіп жүрелеп отыра кетті. Минут сайын шоқынған, көзінен өмір елесі

қашып кеткен еді. Дір-дір еткен саусақтарымен «осы мен бармын ба» дегендей үсті-басын сипалақтап әлек.

— Ал әулие, қай дін мықты екен? — Боранқұл мырс етті. — Мен түрмеде отырғанда сенің дінің үстем еді, енді ше?

Попта үн жоқ, жалбыраған шашын да жинауға шамасы келмеген.

— Мүмкін енді сен мұсылман дініне кірерсің. Онда қолма-қол босатамын, әйтпесе өзің айтқандай осы жерде шірисің.

Боранқұлдың қолындағы жалт еткен пышақты көріп:

— Өлтіре көрме, — деп жалбарынды. Маңдайын бұршақ-бұршақ тер басқан.

— Тіфу, — деді Боранқұл, — өлсе де таймас екен десем. Уыстап тұрып сақалын дәл иек астынан қырқып алды, онан соң жалбыраған шашын айнала күзеген. Ұзын шапанының етек-жеңін шолтита кесіп:

— Міне, енді адамға ұқсайсыз, әйтпесе, Құдай сақтасын, түнде кездесе қалсақ албасты деп қашар ек, — деген.

Попты күзеп жібергенін өкімет халықтан жасырғанымен, өз тарапынан шара қолданған. Тамыз айының кешінде он алты солдатты бастап мұрты едірейген офицер сау ете қалды. Әр уақыт сақ отыратын қазақ ауылы жалма-жан қыз-келіншектерінің басына бөрік қоқырайтып, үстіне жалба шапаң жауып, жалшы кейпіне енгізді. Сасқан Боранқұлды жерошаққа жасырып, үстіне үюлі тұрған тезекті құлата салды.

«Қайда? Қайдалап?» келген офицерге Райымқұл кімді іздегенін біліп:

— Бүгін жоқ еді, ертең келеді, — деді.

— Ендеше ертеңге дейін сен тұтқын боласың.

Мал қайырған, отын шапқан боп ауылдан ұзап кеткен қыз-келіншек тау-тауға жасырынып үлгерді. Байқаусызда қолға түсіп қалған Райымқұлдың өз қызы ғана. үйлерді тінтіп, кемпір-сампырдан басқаны таппаған солдаттар шортуласып, дүңк-дүңк мылтық атып, осы ауылға мол жасақ орнағанын білдірісіп, айналаны үркітіп бақты.

Әуелі әкелген қымызбен қоса бір-бір ащы суларынан тартып жіберіскен. Онан әріге бастығы рұқсат етпеді. Қолға

түскен Райымқұлдың қызын жанынан шығармай, қит етсе қол жүгіртіп, әке-шеше отыр-ау демеген мына орысқа Райымқұлдың қанша зығырданы қайнаса да дәрменсіз.

— Шыда, балам, — дейді анда-санда.

Бұрқыраған дәу табақ етті екі жігіт зорға көтеріп, ортаға тартты. Мұртын шиырып, әлденеден сескеніп, иіс алып отырған офицер:

— Әй, калбит, әуелі өзің же, — деп бұйырды.

— Міне, тақсыр, біз жамандық ойламаймыз.

Апыр-жұпыр етке кіріскен солдаттарына қарап:

— Тағы бір стопкадан рұқсат. Тек жалғыз стопка, — деді көзін алартып.

Райымқұлдың қаға берісте қолынан келгені «сорпаға меңдуана қос» дегені ғана болды. Етті тоя жеп, кекірініп кейін шегінгендерге сорпа ұсынылды.

— Әй, әуелі өзің іш.

— Міне, тақсыр.

Құрт қосқан сорпаны қазақ ауылынан бұрын да сан ішкен офицер:

— Вот, хорош — деп мақтаған,

Бастығы мақтаған соң басқаға не жол, бәрі де тауыса ішіп, қайта-қайта тостаған жүгіртіп, кемі екі аяқтан сімірді. Меңдуана қанына тарағандар есеңгіреп, қалғи бастаған.

— Әй, ұйықтама! — деп ақырды офицер.

Біраздан соң есік алдындағы жалаң қылыш жалғыз солдаттан басқасы тегіс отырған жерлерінде қылжиған. Түн ортасы мезгілінде ас-су тасығанның біреуі ретінде үйге кіріп, мән-жайды ұққан Боранқұл есеңгіреп жатқан ағасы Райымқұлды біреуіне тапсырып, өзі сақтығын ұмыта бастаған күзетшіні төбеден бір-ақ ұрды. Офицер жасағы ертеңіне сәскеде есін зорға жиды. Қол-аяғы байлаулы, қару-жарақтан жұрдай. Қу медиен даланың бір шетіне келіп, ендігі жайынан түңіліп, көзіне ажал елестеген кейбіреудің көзінде жас бар.

— Көзі неге ақпайды, көзің аққырдың.

— Кеше шетімізден зорлағысы келді ғой.

— Алла әбүйір беріп, зорға құтылдық, — десіп әйелдер қолына берсе бейшара кейіптегі солдаттарды жұлып жердей.

— Босат! Мынау ісің тегін қалмайды, оязға арыз етем, — деп біраз әкіреңдеген офицер әрі-беріден соң сөзін тыңдар қатын-қалаштан басқа ешкім жоғын көріп басылды.

Боранқұл тұтқындармен ертеңіне бірақ сөйлесті. «Осы пәлелерден аман-есен құтылайық, зәбір көрсетпе, тағы бір сұмдығын шығарар» деген ағасы Райымқұлдың тілегін орындады. Әйтпесе Бетпақтың шөліне апарып тастау да ойында бар еді, мейлі, тағдыр жазғаны ғана жол тауып шықсын.

— Иә, мырза, жөніңді айт, — деді офицерге.

— Не сұрайсыз?

— Қаланың мәтүшкелері жетпей, даланың аруларын іздеп шықтың ба?

— Жо-жоқ. Атамаңыз. Ол мына бұзықтар ғой үй тінтіп жүрген.

— Солай де. Менің қарындасымды солардан қорғап, қасыңызда ұстап отырған екенсің ғой. Тағы не айтасың?

— Бұйрық... Бізге бұйрық берген. — Ақ тер-көк тері шыға бастаған офицер қалтасынан орамалын алып, сүртінді.

— Қатын-қалашты зорла, мылтық атып жұртты үркіт деп пе?

— Олай емес, әлгі Боранқұл қарақшыны ұста деп.

— Қарақшыны де. Оны танушы ма ең?

— Түрмені күзеткен солдатым жақсы таниды.

— Сол қарақшы мен болам. Сөйтіп мені қарақшы деп біледі екенсің.

— Ох! Тақсыр...

— Қарақшының колынан ешкім тірі кетуге тиіс емес. Әсіресе сіз сияқты мырзалар жұмаққа тезірек барғаны дұрыс.

— Кешіріңіз, құлың болайын, жазығым жоқ.

— Жақсы... жақсы. Саспаңыз, темекіңізді тартуға рұқсат.

«Шоғы қызған темекіні Боранқұл алып, қызыққансып әрі-бері қарап:

— Тәп-тәуір дүние екен, ыстық шығар өзі, Кәне көрейінші, — деп офицердің аузына таяй берді.

— Тақсыр.

— Қорықпа! Кәне, Кәне! — Едірейген мұрттың бір жақ қанаты үйітіліп шыға келді. — Міне тамаша болды.

Танауының астын сипалаған офицер мұртын үйіттіріп аман қалғанына риза сияқты. Бар қаруынан айырылып, қолынан «бізге еш зәбір көрсеткен жоқ» деп қолхат берген офицер босанып кеткендеріне мәз еді. Боранқұл енді маңымнан жүре қоймас деген. Келер жылы Қоянды жәрмеңкесі әбден қызған кезде мал айдаған көптің бірі боп барған. Қанша бой жасырғанымен танып қойды ма, әлде итаршысы жеткізді ме, таң қараңғысында орнынан басты. Әкеліп тыққандары баяғы түрме. Аса қауіпті адам есептелгендіктен жанына жан отырғызбады. Баяғы айдау. Түсіптің інісіне де зар.

Өзіне тағылған айыптың бірін мойындамады. «Поп өгізінің ұрланғанын менен көріп сабатқан соң қорқып қашып кеттім, ал өзін көргем жоқ», деген. Сыртынан ғайбаттағаны болмаса, поп та мойындауға бетпе-бет келмеді. Тергеудің тағы бір күні тергеушімен бірге отырған баяғы офицерді көрді.

— Сен мына кісіге зорлық қылыпсың ғой?

— Не істеппін?

Офицердің бетіне жалтақтап, қипақтаған тергеуші ақырды:

— Мұртын күйдіріпсің. Бұл ауыр қылмыс, — деген.

— Темекі тартып отырып ұйықтап қалғаны рас. Біз оятуға батпай шығып кеттік, соның салдарынан үй өртенген, мұртын сонда күйдіріп жүр де.

— О, найсап, — деп атып тұра келді офицер.

— Қыз-қатындармен қылжақтаспақ боп, ішіп мас болғаны да бар. Оны мойындарсыз, офицер мырза.

— Мен саған көрсетемін.

— Иә, әрі сіздің бізден еш зәбір көрмедім деген қолхатыңыз да бар. Оны дер кезінде ер жігіттер тиісті жеріне көрсете алды. Қолхат бергеніңізді растайсыз ба?

Үнсіз қалған офицерге қайта-қайта қарағыштаған тергеруші мұрын астынан бірдемені күбірледі. Офицер сазарып отырып-отырып, бас изеді.

— Рас еді, — дегенін Боранқұл да естіген.

— Мен кінәсіз отырмын бұл жерде. Қойныма қатын салмады деп мүмкін бас араздық ететін олар, соны ескеріңіз, тергеуші мырза.

Боранқұлды соттатып жіберуге әлгі жоғары жаққа кетер қолхаттан тергеуші тайғақтап, босанып кетуге оның шамасы келмей, әрі-бері күн туған. Тыстан келер тамақ пен тілдей арабша қағаз да жетті «қапы қалмасын, түрмені бұзып босатамыз» депті. Жазу Мәдидікі. Боранқұлға жеткен хабар ұлықтардың да құлағына тиген сияқты. Қарулы күзет күшейтіліп, түні бойы хабарласып, күзетші біткен маза көрмейтінді шығарды.

Құрулы мылтық, қорғанысты шепке шабудың бекерлігін Мәди де түсінген екен. Әлі тарап болмаған Қоянды жәрмеңкесіне келушілерден ақша жинап, өздері не істерін білмей отырған ұлықтармен келісіп, кепілге босатып алды. «Бес мың сомнан беріге келіспейміз» деген шенеуніктердің көмейін айтқанымен бекітіп, азаматты аман-есен шығарғандарына той қылған еді.

Түрмеден босанған Боранқұлды Мәди қонақ етіп, ел аралатып жібермеді. Сонау бір жылдары Мәди үйсін жаққа барып жүз елуге тарта жылқымен қайтқан. Біреуі ерлігіне, екіншісі серілігіне сый-сыяпат жасаса керек. Сарым Боқайдың үйіне түскенін естіп, Боранқұл іздеп барып, Тағылы-Бұғылыны аралатып, серуен құрғызған еді. Сол Мәди қайтар жолында шығарып салған Боқайдың жылқышысы Бәлтекейден көк дөнен алып, қарымжысына бұйра жал, өзі де бұйра торы айғыр берген. Естуінше, сол айғырдан қазір біраз ұрпақ тараған, шетінен қастерлі мал болса керек.

Мәди ауылында айлап жатып қайтқан Боранқұлдың көтеріңкі көңілі елге жете су сепкендей басылды. Ел аман, жұрт тыныш. Дауыл өз үйінің ішінде, жын өз шаңырағына ойнапты. «Әйеліме қадірім аз, етімді көреді» деген осы да. Келмеске кетті дегені ме, әйелі Жанғаным өсекке ілігіпті.

— Құрт мынауыңды, — деп ар жағын айтуға аузы бармаған Райымқұл дір-дір етіп, сөз таппағандай жан-жағын сипақтаған.

— Осы ауылдың әркімінен әнебір үш жігіт сәлем айтатын көрінеді. Естіген ел жалғыз мен емес, бұл не сұмдық?! - деп Әбділда жер сабады.

Боранқұлдың сұрағына Жанғаным оны-мұны айтып бұлталақтап, көңілге қонымды жауап бермеген. Әйелдің көкірегіне сайтан кіргенін сезді.

— Ендеше маған өкпең жоқ шығар?

— Неге? Неге? - деді сасқалақтаған Жанғаным.

— Шаңырағымды ластауға менің хақым жоқ. Жігітшілігіңді енді үйіңе барып істе. — Сөз осымен тынып, ертеңіне Жанғанымды өзімен келген мүлкімен ауылына апарып тастады.

Жанына екі жігіт ертіп Сырлытам бойына келген. Боранқұлды қарсы алған ешкім жоқ. Әуелде бұл сиязды Бастамақтан арғы Үшбұлақта өтеді дескен. Ақмоладан да, Қарқаралыдан да қашық иен даланың ит өлген бір пұшпағында өткізуге екі дуанның да адамы қарсы боп, осы Сырлытамды «ел ортасы» десіп таңдап алған. Екі дуанның елін де мезі еткен талай даулы мәселенің ең түйіндісі осы Боранқұл айналасында өрбімек. Бір-бірімен дүрдараздау рулар іргелес қонса табысып кетуден сақтанғандай жеке-жеке ауыл. Сияз болатын жердің өзі ат шаптырым жер, Қайрақты өзенінің екі жағасын алып жатыр.

Осы даудың басы, бар пәлені ұйымдастырушы Имаш өте көңілді. Қайтсе де осы жолы Боранқұлды тізе бүктіріп, елге қарабет қып айдатып тынатынына сенімі мол Ақмола жағының даугері Құтжанның Мұсасымен жең ұшы табысып, дегендері болып тұр, қайда барса аузына қараған атқамінер. Екі сөзінің бірінде:

— Әй, әлгі қарақшы келіп пе? — дейді. Боранқұл мына жырғаға бас көрсетпей қашып кетер деген де ойында бар сияқты. Онда мына елді жаппай кінәлы жасап, тонап кетуден тайынбас.

Қарқаралы дуанының сөзін ұстаған, осы елден оқыған Сапақтың Рақымбайы, сөзге шешен, қарсыластың көздегенін айтпай біледі дескен Нарымбек. Бұл жақтың бар тәуір азаматы «қорғай» алмай қалсақ, сөзден ұтылсақ елге не бетімізді айтамыздан» қашқан да, жауап сөзді тапқыр десіп Мақаш күйшіге жүктеген. Мұның бір жағы Мақаш та, Боранқұл да кәрсөн. Сөзден жеңілгендей болса басқа ағайынға елдің өкпесі өтпесін деп еді.

Сыныққұлақты аркандай салып үйге кірген Боранқұл:

— Асалаумағалейкүм, — деп сәлем берген.

— Ә, сен бе? Есенсің бе? — деді Райымқұл

— Төрлет, — деп иек қаққан Мақаш домбырасын шертіп, оюлы сықырлауық есіктен көзін алмаған қалпы басқамен жұмысы жоқ бейжай күйде.

— Мақаш, не ойлап отырсың? — деді бір кез Сембек. Мұның да Қыздарбек күйші мектебінен өткен домбырашылығы бар еді.

— Ертең мына сияз басталады, сонда мән-жай қалай болады деп отырмын да.

— Жазудан қашып құтылмаспыз. «Осы күйге қалай түстік» сары уайымға салына бергенше ғибратты бір әңгіме айтпаймыз ба? — деген Райымқұл

— Секең айтсын, — деп бәрі Сембекке бұрылды.

— Не айтайын? Әуелі жіктеп сұрасаңдаршы.

— Осы бес атаның тарихын білетін-білмейтініміз бар, шежіре шертіңіз.

Арша домбырасын жайлап шертіп, көңіл күйін баптап келтіріп алған Сембек сәл күрсініп, анда-санда аспабының шегін іліп тартып, ұзақ әңгімеге кеткен. Иә, бұл Боранқұлдың сан естіген тарихы, мына жұрттың әлі де ести қоймағандарына ғибратты шежіре. Өзінің жаймашуақ үніне домбыра шегінің әсерлі шертісін қосып қойып әңгімелеген Сембек хикаясы еріксіз еліткен тыңдаушыға қатпар-қатпар уақыттың ар жағынан әлдекімдер елесін көрсетіп қалғандай.

Иен даланы мекен еткен исі қазақтың баласы бір-ақ шалдың ұрпағы. Кешегі өтіп кеткен заманда қазақты хан билеген, қарақазақ хан тағына қол созбаған. Арасынан Бұқардай жырауды, Қазыбектей шешенді, Бөгенбайдай батырды шығарған халық хан болғаннан кем ұл туғызбас еді, бірақ хан тағын Шыңғыс ұрпағына беруде де мән бар, «билік үшін қырқысып, бүтіндігімізді бүлдіріп алмайық» деп жатқан сияқты. Хан ел басшысы болса да дау-дамайды шешуші ел қазысы, ондай іске хан да араласа қоймаса керек. Ал ел еркесі ақын-жыршы ханға да, биге де көңіліндегісін жасқанбай айтып, халық сөзін жеткізуші екен.

Бауыры бүтін, бірін-бірі туысқан санаған қазақ руларының арасы мына орыс келгеннен бері бүлініп кетті.

Тұтасып отырып, өз ісін өзі шешіп жатқан елді бөтен жұрттың билеуі де қиын, сол себептен ханды құртып, ақсақалдық жолды бұзды да, басшысыз руларды бір-біріне айдап сап, араға ши жүгіртіп, шабыстырып қойды. Ел мұңы Шортанбайдың зарында, қақпан сияқты ел кезген ақынның жырында қалды.

Жеті атасынан бері қыз алысып-берісқен жұрт нағашыжиен боп бауырмалдық танытып, барын алдына салып, жайраңдаған ел ек. Жақындығымыз ескіріп бара жатыр деп, сүйек жаңғыртысып мәз боп қалатынбыз. Арғы атасы Адаматадан тараған қазақтың мына бертін келгендегі осы маңдағы ұрпағы Мейрам сопының нәсілі. Мейрам сопы үйсін Мойын апаны алған екен. Ұзатылған Мойын апаның кешіне Шұбар есімді бір келіншек, түбі әулие ата Қарқабат атты қыз ілесе кепті. Қайтар жолын жау алып, елін дұшпан тоздырып жіберген келіншек қайта алмаса керек. Мойын апа төссіз екен, алғашқы туған баласы шетінеп кетіпті. Сонан Мейрам сопыға:

— Сен ана Қарқабатты да ал, шетінен ұл туатын қыз екен, дәреті жерді қарыстай қып жыртып кетіпті, — деп ақыл қосқан деседі кешегі өткендер. Мейрам сопы Шұбар келіншекке өзі аяқ салған, онан Шұбыртпалы туған екен. Қарқабат өз баласы Болатқожамен бірге төссіз Мойын апаның төрт ұлын да бауырына салып, ақ сүтін беріп асыраған дейді шежіре. Бір жылы арқада жұт болып, Мейрам сопы жылқысын оңтүстікке айдап, сол жақтағы өзбек шалының жалғыз қызымен жақындасса керек.

Егер ұл туса атын Кәріжас қой деп тапсырып кетіпті. Сан жыл өткен соң анасынан тегін білген, кәрі мен жастың өшпес белгісіндей Кәріжас ата жерін іздеп келіп, осында қалған. Одан мына арғынның бір бұтағы Кәріжас тарап отыр, — деп созды Сембек.

Бұл ол жақтағы — біраз елдің түбі Бошанның баласы Машайдан тарайды. Машай ағасы Тырым өліп, басқалардан бұрын ағасының жыл уағын жеткізбей жеңгесімен жақындасып қойыпты. Оны білген үлкендер:

— Ата жолын бұздың, әдептен аттадың, — деп елден аластап жіберіпті.

Басқа барар жері жоқ Машай немере ағасы Майқыға кеп паналапты. Сол жылы жаугершілік болып, қолға түскен

өзбек қызы Айсұлу бикені Майқы немере інісі Машайға қосыпты. Оған наразы болған ағайындарға:

— Әй, сендерден бұның... асыл, сол себептен жаудың өті, желдің бетіне қоямын, — деп тоқтатқан. Сол Машайдан Кәрсөн, Керней, Қояншытағай тарап жатыр.

— Ойпыр-ау, ана Қарамұрын жақта Сұлу бике, Мәдина деген жер бар, сол болмаса игі еді — деп қалды жастың бірі.

— Ол жақта екі мазар тұр. Бірі — Сұлу бикенің, екіншісі Мәдинаның тамы. Мәдина Қояншытағай келіні.

— Бір атаның балалары жаттай жауласамыз, — деп тамсанады жаңағы жас.

— Елдік дәстүрің бұзылған соң жеткен жерің бұл

— Әдейі жасайды да мына орыс ұлығы.

— Мойын апаның Қарқабат асыраған ұлдарын атаңыз, естісін, — деді Райымқұл

— Ол ағаларымыздың есімі Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік қой. Бір атадан ербіп, бір ананың сүтін ішкенімізді біреу білер, біреу білмес уақыт та.

— Мен таптым, — деп санын соғып қалды Мақаш.

— Нені?

— Ертеңгі дауда тілге тиек етер сөзді маған мына көне шежіре көңіліме құйып отыр. Тек сәтін тілейік.

Екі дуан елдің дауын шешпестен бұрын билікке сайланған екі жақтың игі жақсылары күндегісінен намаздарын ұзақ қайырысып, Алладан медет сұрап бата істеген. Сонан соң осы маңға белгілі Қадыр батырдың мазарына барып дұға етіп, «кешегі Кәдекең ғой» десіп, түбі кор қойнына баратындарын үнсіз мойындап күрсініскен.

Боранқұл осы билікті сырттан қадағаласа да негізгі тізгінді қолдан шығармаған ұлыққа жолықпақ еді. Боранқұлды танып сәлем беріп, айдынына сүйсінген жұрт қоса ілесті. Осыншама топтың беттеп келе жатқанынан сескенген урядник абыр-сабыр боп:

— Тоқта! Тоқта! Атамыз! — десіп мылтықтарын кезеді.

— Ұлықта шаруа бар, жолықпақ едім, — деген жұрт алдына шыққан Боранқұл.

Боранқұлды таныған да болса керек, өзара сыбырласқан қарулы жасақтың басшысы мұртын шиырып:

— Жоқ, болмайды. Мәселені өз билерің қарап, ұлық бекітеді, — деп беттетпеді.

— Ойбүй, осылардан бірдеме күтеміз бе? Тастаңдар, кеттік билер сотына, — деген дауыс та шығып қалды.

— Кеттік.

Сәскеде басталған билер соты әуелі елді ығыр қылған жесір дауын қарады. Біреудің қалың малын өткізіп қойып, айттырған келіні қашып кетіп, не келініне, не малына жете алмай, ақыры барымта-сырымтамен жұрттың берекесін алып болған, екіншінің келіні айттырған күйеуін менсінбейді, не күйеу қалыңдығынан жеріген май-шатпақ дау.

Келіні қашып кеткенге берген қалың малын қайтарып, күйеуін менсінбеген қызға «бесікте жатқанда атастырып, кімнің кім боларын білмеген тұста жасалған шара, сол себептен бостандық» делінген. Ең қиыны қалыңдығынан жеріген күйеу екен. Қалың малы өтіп кетіпті, оны әкесі «жұмсап қойғанмын» деп бастырмады.

— Қызға тағар кінәң не? — деді төреші жігітке.

Жігіттің жанындағы жолдасы төрешінің құлағына әлденені сыбырлаған.

— Ендеше малың толық қайтпайды, сілекейін ғана аласың.

Бидің сөзі екі емес, оның шешімімен дауласып жатқан да ешкім жоқ. Жиналған жұрт көңіліне қонған билікке деген разылығын гу етіп білдірісіп отыр.

Боранқұлға жабылған жалалы іс түстен кейін қаралды. Төрде төбе би, екі жағында екі кеңесші би отыр. Билердің оң жағында дау қуған Құтжанның Мұсасы, Имаш, сол жағында Мақаш, Нарымбек бастаған біраз адам. Төбе би «кім сөйлесе де айтарын бір-ақ айтады, екіншіге жол жоқ» деп жариялаған. Әуелі сөз алған Имаш:

— Қонағым боп отырып, іргемді түріп, малымды шауып кетті. Екі дуан елді қан қақсатқан кәззап, елдің малын тегіс осыдан өндіріп, өзін айдату керек, — деп бітті.

— Әй, Имаш, аспанда Құдай, адамда иман бар демейсің. Үйінен жыланға да ақ құйып шығаратын ел едік, қонақ етіп отырып, ит қосқандай етіп Боранқұлды сөктің. Осың қай жөнің? Оныңа шыдамай күні бұрын кетіп қалғаны рас.

Сонда-ақ бас араздығыңды таныттың. Жоғалған малыңның ізі біздің жаққа келмегенін білесің. Бас араздықпен азаматқа жала жапсақ, кезек екеумізге келеді, — деп тоқтады Нарымбек.

Төреші қол көтеріп, келесі жоқшыға сөз беретінін танытты. Бұл жолы сөз алған Мұса:

— Тыныш жатқан, құт қонған ел едік. Сол елді бөріктіріп, ырысын төккен тақымы кеппес ұры осы Боранқұл Құтты басқа тепті. Ата-бабамнан бізге үйірілген құт еді, соны үркітті. Шаңырағыма оралған бақты кетірді, — деп ұзақ сөйлеп барып басылған.

— Болдың ба? — деп сұрады Мақаш.

— Иә, — деп Мұса тершіген бетін сүртті.

— Әй, құт саған қай заманнан, қай атаңа қонтан еді? Сен кеше бірге туған бауыр болмай, арғы атамның бар жылқысын айдап кетіп, жылаған ел бар демей шетінен сойғанда Қарқабат анамыз тау басына шығып құраулап жылқы шақырған. Сонда тірі қалған жылқыны бастап, құйрығын тіккен торы төбел айғыр қайтып келген жоқ па еді? Құт сол заманнан бізге оралған, бақ сенде емес, менде. Құт бәрімізді асыраған Қарқабат анамызда,— деген Мақаштың сөзін тыңдап Мұса жерге қарай берді.

Айнала Мақаш сөзін қоштап у-шу. «Сөз-ақ», «Айтсаң осылай айт» деген дауыстар басып кеткен.

— Болды! Болды! — деп орнынан ұшып тұрған Нарымбек Мақашты құшқан.

Халық шуы басыла бере төреші қол көтеріп:

— Боранқұл не айтады? — деп сұрады.

— Отыз үйлі тобыр, қара табан баланың қамы үшін алсам обыр мен жебірді алдым. Өзім үшін тышқақ лақ пайда еткен емеспін, — деп қысқа қайырған Боранқұл қайта отыра кетті.

Өзара ұзақ кеңескен билер екі жақтың да игі жақсысын жинап, барымта-сырымтаны тоқтату үшін кәрсөн еліне аздаған мал кескен. Оны Бес ата балалары сол жерде жиып беріп кеткен еді.

* * *

Былқылдақта отырған ауылға жылқы сәскеде ғана айдалып келген де, үлкен-кіші желі басына жетіп, бала-шаға тай-құнанға жармасса, осы ағайынның жасы үлкені, бүгінде тоқсанға жуықтаған Жәкең аласа кер атқа ырғып мініп, өзі бас боп шашау шыққан мал қайырысқан. Жәкеңнің әлі де ширақ қимылы жұртты таңдандырған. Сүйегі асыл ғой деседі үлкендер. Өзіне тетелес Ермұхамбетті, Дүржекеңді әлденеге ашуланып тондарының сыртынан аса таяғымен сабағанын, қос шалдың «мына кісі қайтеді» деп сырт айнала қашқанын айтып, көздерінен жас аққанша күледі, «қайран бауырлық, үлкен сыйлағандық» десіп тағы бас шұлғысады.

Желі басына жиналғандар жылқышыдан оны-мұны сұрап, ала көбелегі көз тұндырып, бал жинаған арасы ызылдап гүл иіскеген жайлауды қызықтап, дәруі бұрқыраған саумал ауаны құмарлана жұтып, шіңгірлеген құлынды сөз қып әжептәуір бөгеліскен. Сонан соң жұмыр басты, күміспен өрнектелген аса таяғын қадай басып Жәкең үйіне беттеген соң үйді-үйіне тарасты. Енді бір сүт пісірім уақытта сол үлкендер келісіп қойғандай ортадағы қоңыр да болса кең, көнетоздау болса да әшекейі мол үйге бет алып, жас шамасына қарай ортадағы аласа үстелді айнала отырған. Үй иесі Жәкең үстелдің сол жақ шетінде, онан сәл төмен бәйбішесі Бибі уық тіреген сабадан қымыз төңкеріп алып, құлаштай сапырып отыр. Төрдегі үлкен Беймен, орта жастағыдан Әбеу, ендігі жастан Көпжан, бозбаладан Жұмаш, Мақыш осында. Бұлардан кейін келген үлкен-кішіге де орын табылған.

Сырлы аяққа құйылған қымыздан сәл дәм татқан бәйбіше әуелгісін Жәкеңе ұсынып, онан соң қалған ақсақал-қарасақалға тегіс үлестірген. Тіл үйірген қымыздан бірер шарасын тастап алған жұрттың енді беттеуге шамасы жоқтай. Қымызын әшекейлі арқар мүйіз ожаумен асықпай сапырған бәйбіше «ішіңдер» деп қояды. Біраздан соң асы өтпегеніне налыды ма, ожауын тастай салып, кимешегін түзеп:

— Неге ішіп қоймайсыңдар түге? Осы биені ел ішсін деп байлап отырған жоқпыз ба, әйтпесе несіне әуре болар

ек. Мына қымыз ертеңге қалса ақырып кетеді, — деп ренжіп, сөзін жерге тастамайтын ақсақалы-қайны, басқасы баласы есепті жұртқа тағы құйды.

Қымызды басып, асықпай әңгіме құрған жұрт бірден бірге көшіп, Қоянды жәрмеңкесіне қарай ауысты.

— Япырым-ай, сол жолдағы тастың ауыры-ай, — деді Бәймекең.

— Өзін «мен мықтымын» деген жұрт тегіс көтеріп шамасы жеткен жерге апарып тастайды. Қайтарда тағы сол. Сонда тас жылда бір орнында жатады да қояды. Тас көтеру жәрмеңкеге бара жатқан жұртқа бір дәстүр боп енген, енді біраз заманда тіпті қасиетті тас та атанар.

Өлең сөзге жаны құмар Әбеу қақырынды:

Жолында Қоянның балуан тас,
Шығады көтере алмай көзімнен жас,
Сол тасты еңсере алмай жатқанымда,
Жақсы екен демеу берген бір бауырлас, —

депті осы бес атаның біреуі. Сол сөз осы күнгі Қоянды көрген елдің бәріне тараған екен. Менен бір жолы «сол тастарыңды көрсетші» деп мына Сүйіндік жағының жігіттері де сұрады.

— Япырмай, ә.

— Түу, өзі көп жерге тараған екен ғой.

— Осы Қоянды жол Қарақаралының қай жағымен етеді? — деп сұрады Көпжан.

— Е, сен әлі барған жоқ екенсің ғой. Арқаның бұл тұсынан жәрмеңкеге баратындар таудың батыс жақ сыртынан айналып, Көрпешті сол қолға тастап жүреді. Сонда атқан оқтай тузу барасың, — деді жігіт ағасы боп қалған Әбеу.

— Әбеу, сен осы сол жақта біраз болдың-ау, осы, — деп сөз қосты Жәкең.

— Оныңыз рас. Әуелде Шортекеңе ілесіп...

— Соныңды айтшы, Кәне, мына жұрт естісін.

— Онда сол он сегіз-жиырма жас мұғдарында едім. Шортанбай жырауды ауылға келгенде көргенім бар. О кісі Әкеймен сырлас, сыйлас. Сонан бір жылы «Әбеуді жіберсін, атқосшы болады біраз» депті. Жаздай бірге болдым, екі

рет Қарқарылға, бір рет Кереку жаққа бардық. Келер жылы Семейге барам деп отыр еді.

— Түрі-түсін айтсайшы мыналарға. Бірі болмаса, бірі ұғар.

Жұрт назары өзіне ауған Әбеу көсіліңкіреп отырып, сырлы аяқты әрменірек сырғытып, қонышына қол жүгіртті де, Жәкеңнің ондайды жаратпайтыны есіне түсіп, суыра берген шақшасын қайта тықты.

— О кісі мына Әшім сияқты жалпақ бас, қасқалау болатын. Жүзі дөңгелектеу, шықшытты, көзі үлкен, доғалдау қыр мұрын еді. Сақал-мұрты сәл жирендеу еді де, сол себепті құрдастары «қызылбас» деп қалжақтайтын.

Әбеудің сөзін есіктен сәлем бере кірген екеу бөліп кетті. Екеуі де батыс үлгісімен шаш қойған, киімдерінде де ауыл қазағынан гөрі сәл езгешелік бар. Жиырмадан жаңа асқан екі жігіттің алдыңғысы осы ауылға бөтендігі жоқ Ахмет те, екіншісін Жәкең қанша бағдарласа да танымады. Сусын ішіп, сәл дамылдаған соң Ахмет жолдасының жөнін айтты.

— Қаракесек, қарқаралдық. Ақбайдың Жақыбы.

Жақып сөзге тез екен. Жаңағы бір әңгіменің шет жағасын есті сала:

— Ә, Шортанбай жырау ма, ол кісі туралы естуіміз мол «Кейінгі байға мал бітсе, ит кәпірдің олжасы» деген де сол кісі емес пе, — деп жалғай жөнелді.

Жәкең енді жыға таныды. Иә, Ақбайдың бір оқыған баласы бар, өзі бұқарашыл әрі ана «Апаш» деп, «ел-жер» деп атқа қонған ат төбеліндей оқыған зиялылардың қатарында деп естуші еді. Мына сөзінің дәл келуін қарашы. Ей, Алла. Халық айтса қалт айтпайды деген осы да. Ағасы Ыбырай суық жүріске де түскен болса керек, соны естіп «келер заманда төңкеріс боп, байдың малын алар уақыт туса қазақта малын елге бөліп беруге осы бірінші Ыбырай жатады» дегенін ел жыр қып айтады. Ағасы:

— Осы неме оттап.., — дейді де қояды екен.

Бір жолы Жақып жүз төрт жасқа келген табын Алатай ақсақалдан бата алуға келіпті. Жас жігіттің тілегін естіген ақсақал:

— Құдай рахмет, пайғамбар шапағат қылсын, — деп бата берсе керек.

Мұндай батаны қазақ өлген адамның артынан жасаушы еді. Сасқан Жақып:

— Жүр! Тез, қайтайық. Бізге ажал таяған екен, соны әулие сезді ғой, — деп атып тұрыпты.

— Әй, тоқта, — депті Алатай. — Сені Жақып, Жақып деуші еді, неге жеңілдеп кеттің? Құдай рахмет айтса, пайғамбар жебеп жүрсе мұнан артық саған не керек, аптықпа, арыныңды бас.

— Жеңілдім, ақсақал. — Сасқалақтаған Жақып қойнынан дәптерін суырған. — Ендеше, сіз айтты деп айта жүрер тағы бір сөз айтыңыз, жазып алайын.

— Ә, жаз ендеше. Бір теңге бие болмас, бие түйе болмас, өзіңдікі тұрып өзгенікіне қызыққан өз малына ие болмас.

— Паһ, — деп санын соғып қалған Жақып. — Осы айтқан аумалы-төкпелі заманыңыз келе жатыр. Жебір, обыр енді өз малына ие болмас.

Жақыптың сөзіне құлақ түріп, осы жігіттің көздегені не, ендігінің азаматының тілегені не деп болжам жасауға тырысқан Жәкеңнің есіне осы жігітке байланысты тағы бір ел аузына тараған уақиға түсіп кетті. Әлтеке Басшығұлдың сегіз ұлы бар екен. Басшығұл зорлықшыл да болса керек. Ол туралы қой баққан Бабас шалдың:

«Мейірімсіз жауыңнан сақта,
Мезгілсіз жауыннан сақта,
Бітпейтін дауыңнан сақта,
Берекесіз ісіңнең
Басшығұлдай кісіңнен сақта», —

дегенді ел білетін.

Сол Басшығұлдан кернейдің ақысын алып беруге осы Жақып шығыпты. Дау иелерінің келе жатқанын естіп Басшығұл қора төбесіне жүк үйіп, бекініс жасап, гүрс-гүрс мылтық атып, жан жуытпай қойыпты. Малыңды әперем деген Жақып Басшығұлға сонадайдан тіл қатса, мылтығын оқтаған ол:

— Өлім іздесең бері кел, Жақып, — деп сөзге келмепті.

Уақыт кешкіріп барады. Бітістірем деп кісі өлім дауға қалмаса игі деп Жақыпты да уайым басса керек. Сол кезде Басшығұлдың үлкені Жүнісбек қобызшы қобызын

алдыртып, сарната тартқан. Әрі-беріден соң азынаған күй жан-жүйесін балқытқан Жақып әлдебір әділетсіздікті, шарасыз мұң, қолдан шығып кеткен біртұтас бауыр елдің көне жолын аңсауды сезіп:

— Әй, кейін қайт! Қайтыңдар, түге. Мына қобыз не деп кетті? Ойпырмай, әділет қайда, қазақтың көксегені осы ма еді, — деп жүріп кетіпті. Сол күйді сарнатқан Жүнісбектің отыз екінші жылы аштан өлерін кім біліпті.

Жетелеген қойдың басын есіктен көрсетіп, қонақтардан бата алған жігіт жерошақтың қасына алып ұрып, жайғап жатты. Көрші-қолаңның жас та, жасамыс та әйелдері бас үйтісіп, ішек аршысып, итінген итке айқайласып біраз абыр-сабыр. Тыстағы шу молайған сайын бәйбіше де жақтырмай қарағыштап отырған. Шыдамады:

— Әй, азан-қазан болмай жұртқа маза берсеңдерші,

Манағы әңгіменің ұшығын Бәймен тағы жалғап жіберді. Күні бойы тазалап отырған бәкісін қалтасына салып:

— Кейінгінің малынан қайыр болмас та. Оқыған азаматсыңдар ғой, осы сендер айтыңдаршы түзуін. Біз айтсақ қара кітаптың сөзі деп сенбейтіндер де бар. Кей-кейде келгендерден ғана дүние жаңалығын естиміз. Осы ішкері жақтың орысы тыныш емес дейді ғой.

— Бәймеке, естуіңіз рас. Халқы патшасына сенбейді, — деді Жақып.

— Бәсе, мына іргедегі Нілдіде ана жылы біраз жұрт ту ұстап көшеге шықты. Оны басып тастаған секілді еді.

— Ол әлгі бесінші жыл ғой, — деп қостады Ахмет. — Онда осы маңайдың талай қазағы атқа мінді, бірі қызықтауға, бірі бұрқ еткенге қосылуға дайын еді. Сонан соң ғой «қазақ үйлерінде мылтық түгілі сынық найзаның ұшы, қылыштың қынабы қаламасын» деп патша бұйрық етіп, тінтіп жүріп сыпырып әкеткені.

— Япырай-ә, өзінің кез келген мұжығының үйінде мылтық тұр, — деп таңданды Әбеу.

— Е, ол өзі ғой, бізге сенім жоқ, сенім болмас та олардан. — Бәймен осым дұрыс па дегендей Жәкеңе қарап қойды.

— Нілді сіздерге таяу ғой, онда жұмыс істеп жүргендеріңіз бар ма? — Жақып қалтасынан қағазын алып, әлдебірдемесіне үңілді.

— Бар ғой, тұрақтап істемесе де жаздың екі-үш айында тер төгіп, мал тауып жүргендер бар. Еңбегіне төлемі де төзерліктей. Мына Көпжан да екі жаз істеп келді, бұғанасы қата Жұмаш та оны көрер дейміз. Ел көріп, жер танып, ысылғанға не жетсін.

— Бәймеке, жастарды онан әріге сүйреу керек, оқыту қажет. Ертеңгі күні, елдің тізгініне ие болатындарды дайындамасақ тырбанудың бәрі бос әуре. Заман да қысып барады.

— Иә, — деп сөз қосты күні бойы үнсіз тыңдаған Жәкең.

— Айнала әйтеуір қысылып, дем алысың тарылып бара жатқандай. Жақсы сөз жарым ырыс, мына Жақыптың ел болайық дегені көңілге қонады да, сондай азаматтың шыға бастағаны қуаныш. Әттең, қолда не билік, не қажетіне жұмсар қаражат жоқ.

— Ол ана осы күнгінің доңыздай арам болысында, — деп қалды Көпжан.

— Е, төгілер ол да, Шортекең арамның малы арамның олжасы деп тегін айтты дейсің бе? - Жәкең аса таяғын алып, жұп-жұмыр сабындағы жазуды оқып, сипалай берді.

— Мына болыста нысап жоқ, - Бәймен қозғалақтап қойды.

— Малы азайып, енді көше алмасқа бет түзеген қояншының Шамғын ауылына зорлық еткенін көзім көрді. Атасы Қарабек елдің жоқ-жұқанасына сауын беріп, соғымын көтеріп алған жан еді, жақсыдан жаман туады деген рас екен. Ұрлық ерістеп, шариғаттан шеттеп, өзінше өмір сүрем деп жүріп, тақыр кедейге айналуға шақ қалған ағайынға қол ұшын беріп көрмеген озбырдың ісіне түңілдім.

— Иә, не істепті? — деп сұрады Ахмет сөз аяғын күтпей.

— Не істеді дерің бар ма? Бұл көз көрген ғана, көрмегеніміз қанша. Былтыр жаз шыға кедейленген жұрт егін салғанда басында болмап еді, егін жиналып біткен соң ерткен ұрдажықтары бар қырманның қасынан табылыпты. Барсам қым-қиғаш айқай, жылаған әйел

— Оу, не болды? — деп сұрадым.

— Заманақыр, — дейді кіжінген біреу.

— Ненің заманақыры?

— Тартып алып жатыр.

Енді түсіндім. Анадай жерде қанар-қанар бидай, қасында жындысүрейлері бар Асанбек тұр. Маңына жан жуытар емес, тартып алып жатыр ел астығын.

«Мен Құдайыңмын» деп шөлтиіп тұрғанын көрдім. Оның ақыры тіпті қызық. Баласының қиянатын естіп, төсек тартып жатып қалған Қарабек таяққа сүйеніп тұрыпты да Асанбекті шақырып, жұрт көзінше:

— Әй, иттен туған жармес ит, Құдайдың көзі сен сияқты қылый, шабы тыртық, аяғы ақсақ бола ма екен? — деп таяқпен салып жіберіпті. Міне, елдің ендігінің болысы мен атқамінерінен көргені осы. Қайда барып күн көріп, қалай өмір сүрерін білмеген жұрт. Олқын-толқын бір уақытқа келіп тұрғандаймыз.

Әңгімеге анда-санда ғана болмаса араласпай, айналадағыларды жіті тыңдаған Жәкеңнің көзі бұлдырап, маңайы тұманданып, ендігінің азаматының қиянаты көз алдына құбыжықтай елпеңдеп, қызығы таусылмас дүниенің шеті көрінгендей елес берді. Үңірейген қуыстан жақсы-жаманды талғамай қылғыта беретін құбыжық жаюлы дастархандай жалғанның бір шетінен тартып, обыр өңешіне тыға бастағандай денесі түршікті. Адам баласынан мейірім кете бастаған ба, Құдая, пендеңе тауфық, нысап бере көр деп іштей тіледі. Орыстың өкіметі бар, басқасы бар қазақты әлімсақтан бері қарай ата-бабасы жүріп келген жолдан қақпалап жүріп қуалап, көнбегенін айдап-асып, шығарған екен. Құдая, бір өзіңе тапсырдым, халқымды отқа түсіре көрме.

Жарықтық Шортекем: «Шоштаңдаған би шығар» деп тегін айтпаған да, заманының ел бастар дегені сол-ақ болғаны да», — деп өкініш білдірген.

— Пәлі, мен бір қызық айтайын, — деді Көпжан. — Мына керней Бижан байдың сараңдығынан елі түңіліп отыр. Жылқы деген жетеді, жүген-құрық тимеген он жеті құр аты бар екен, сонан ауылдасының қажетіне мінуге бір ат бермейтін көрінеді. Ұрлыққа малын алдырып, кедейленген туысы көлік сұраса «майын төле» дейтін көрінеді.

— Не дейді? — деп шошып қалды Жәкең.

— Елдіктен кеткен екенбіз. — Ахмет түрі бұзылып, малдасын қайта құрып отырды. — Ел бүлінді деген осы да.

— Тәй-тәй басқан баласын ат жалына жабыстырып, ат үстінде жан тапсырған қазақ ек, жегіп-жегіп ыңыршағы шыққан өгіздей мәңгіртіп бітті. Қайран қазақты қаңғытып құрту үшін мына арам патша, көк көз ұлық ыңыранып ішкенінен басқаны білмейтін, «біз де бірдемені білеміз» деп шіреніскен сорлыны болыс-би қып, құйыршық етіп алып, елімді бір-біріне итше талатты. Мұны ұғар кез болар ма, әлде айдағанына жүре беріп сырыла-сырыла Бетпақтың шөліне қамалып қырыламыз ба?! — Жақып бір тұрып, бір отырып тершіген маңдайын орамалымен сүрткіштеп тыз-тыз еткен. — Сахараны жылдап кезсек те ас іздемей, ат сұрамай, жалғанның қызығына тоймай жатқан ел ек. Не болдық? Енді не істедік, Жәке-ау?

«Не істедік?» дейді мына Жақып. Не істерін білсе қартайса да отырмас еді-ау. Дуалап жаза алмайтын, дұғалап алдын ала алмайтын бір кеселге мынау жұрт тап болғаны рас. Сойылдасып жеңе алмас, сөз сарқып айтып тоқтата алмас халде. «Жұртпен көрген ұлы той» да бұл болмаса керек, япырым-ау, шығар жол қайда? Әлде шынында да жерін жау алып, пана құрлы пана таппас кезеңнің туғаны ма. Ана Мәдидің «сайыңнан сайғақ құрлы пана таппай» дегені де еңіреген елдің басына түскен хал, елінің тығырыққа қамалған шағы да.

— Ойбай-ау, оны айтасың, осы мына көрші ауылда Жаманбай ана көк жетім Құрмашты сабады ғой. Кінәсі тал түсте шөп шауып жүріп, аздап мызғып алса керек. Ми қайнар ыстықта бала түгілі үлкен шыдай ма сондай жұмысқа, тіке зорлыққа көштік қой енді біз, — деп үстеді Бәймен.

— Сабағанын мен де көрдім, — деп қостады бозбала Жұмаш.

— Шешесі бейшара «ойбай-ай, мені сабашы" деп шырылдап араға түсіп еді, өңменінен қойып жіберіп, шалқасынан түсірді.

— Ә, бізге де келген екен бұл сұмдық.

— Айналып өтер деп пе ең.

— Жаратқан ием, сақтай гөр, — деген шалдардың қат-қабат дауысы да естіліп қап жатыр. Күбір-күбір дұға оқығандар да баршылық.

— Ап, ана Беркімбай би өзінен туған баласына тілі өтпей, баласының зорлығын көріп, жұрт көзіне түсуден жасқанып, таза үйкүшік боп қапты. Сұраған жұртқа «өз қисығымды түзей алмай отырып, енді кімге жөн айтам» дейтін көрінеді, — деп Бәймен жаңа бір әңгіменің шетін шығарды.

— Е, оны естіп отырмыз ғой.

— Қарсыбектің ақын інісі Төлеген соны естіп былай депті:

Әділ би қол жетпейтін жүйрік пырақ,
Көп момын ағылады ақыл сұрап.
Быржық бет, қыржық мойын, қабан құлақ,
Әкесін мынау Ақан қойған тұсап.

Бәймен жеткізген Төлегеннің ащы сөзі бәріне келе жатқан бір сұмдықтай сезіліп, бір мезгіл төмен тұқырайысты.

Әңгіме желісін екі жігіт көтеріп кірген астаудағы дәм онан әрі біраз тоқтатты. Тұтас асылған қойдың үйме астау етінің үстіне қойдың басын салып, ортаға тартқан. Көтеріп келген екі жігіт білек сыбанды. Кішірек ағаш табаққа аударылған бастың шүйдесінен ауыз тиген Жақып оны Бәйменге қарай сырғытты. Бәйменге тұрақтамаған бас үй иесі де, ауыл иесі де, үлкені де Жәкеңнің алдынан бір-ақ шықты. Тиісті мүше-мүшені мұжып, онан соң астауға бәрі жабыла қол салса да, есіктен сығалаған бала-шағаға асатып жатса да мына отырғандар мол дәмді еңсере алмай кейін серпілген.

— Мынаны білгенде Мәсетті алдыратын едім ғой, — деп күлді Жәкең.

— О кім? — деп сұрады бұл елмен таныстығы шамалы Жақып.

Әңгіме беті енді той-тойда ерегіспен апаратын жемпаздарға ауысты. Әуелі сонау өтіп кеткен Мыңмешкей еске алынып, сөз желісі Мәсетке ауысты. Мына кәрсөн Ақбұзау бай «Мәсет бізге келсінші, тойдырмақ түгілі ішін жарып жіберейін», деген екен. Қар кеткен жазғытұрымғы қара суық шақ болса керек. Мәсет те Ақбұзау үйіне кеш түсе жетіпті. Осындайда біреу келер деп байлап отырған үш жасар сегі бар екен. Ақбұзау соны сойдырып, шек-қарнына дейін астырып, Мәсеттің алдына қойса керек,

Мәсекең саса ма, сәл суытып, ұп-ұсақ етіп туратып, кірісіп беріпті. Көп шайнамай, толғап жұтады екен. Туралған етті сыпырып-сиырып, астауды босатыпты да, басыртқысына бір торсық қымыз ішіп:

— Тағы нең бар? — деп сұрапты.

— Енді ертең болсын, — депті сасқан бай.

Мәсет ауыл сыртындағы бұлаққа түсіп жатқан екен. Денесіндегі қызуды су сорып, рақаттана ұйықтаған жерінен ауыл адамдары оятыпты. Бұлақтың бетіне еліге жақын май тұрған екен. Мәсеттің бетін қайтаруды мақсат тұтқан Ақбұзау бір қазан палау істетіп, майға шылқытып қойыпты. Түскі асқа соны тегіс жеп алған Мәсет:

— Ақбұзау, енді нең бар? — депті.

Сасқан байда үн жоқ.

Сонда Мәсет:

— Ақбұзау бай, Ақбұзау бай дейді сені. Менің жұдырықтай қарнымды тойдыра алмаған не қылған бай? — деп сөксе керек. Сол Мәсет «өмірімде екі-ақ рет тойдым, бірі бала жігіт кезімде Еспай асында, екіншісі Қарабек соғым сойдырып, «Мәсеттің сыбағасы деп» бүрулі қой етінің үстіне табан шыққан қос қазыменен телшікті қосып астырды. Соны тауысып атқа мініп кеттік, ат желгенде аузыма кеп-қап, кеп-қап отырды» деген екен.

— Иә, әйтеуір жалпы етек, босбелбеу боп жүріп жатырмыз ғой, — деді әңгімені үнсіз тыңдаған Жақып.

— Барымызды ұқсату жоқ.

— Оны неге айттың? — Ахмет күміс тіс шұқығышын қоя салып, Жақыпқа бұрылды.

— Күш-жігерді, қыруар малды босқа шашып жатқанымыз да.

— Бір қойда тұрған не бар? — деп қалды Әбеу.

— Бір қой болса жарар еді-ау. Былтыр Боранқұл аулына бардым. Ағаларының біріне ас беріп жатыр екен. Күтуінде өкпем жоқ. Тіпті, ат мінгізіп қайтарды. Бірақ ас аяғына дейін шыдамадым. Есіл қазақтың тапқан-таянғаны аз ғана күнгі қызық үшін шашылып жатыр.

— Көнеден қалған сол ғана ғой, — деді Жәкең.

— Көненің мұнысы бүгінде көнеріп қалды, Жәке. Өзіңіз «Мал азайды, пейіл кетті, жер тарылды» дейсіз ғой, ендеше

осы тұсқа кез келгенде барымызды баяғыша шашуға не жол? Осыны айтып, сол асқа кеткен қаражатты мектеп-медресе салуға, бала оқытуға, келелі іске жұмсаса деп газетке жазып едім, соған, естуімше, Боранқұл өкпелі сияқты. «Асымды ішіп, атымды мініп, мұнысы қалай» дейтін көрінеді.

— Ә, өкпесінің жөні бар да, — деді Бәймен.

— Мен жалғыз Боранқұлды көздеппін бе? Оның ашарық тобырға жасаған қамқорлығын білем ғой, басқалар ше? Пәленшекең сөйтіпті деп атын шығару үшін мына қысылып-қымтырылған елінің ертеңін ойламай мал шашқан қазақ аз ба, соған ашынам, надандығынан түңілемін.

— Өлерін білмеген жас баладай елміз ғой, — Ахмет теріс айналып күрсінді.

— Бір-бірімізге қу болғандаймыз, ұсақ ыржақайлыққа жеткізбейміз, бөтен жұрттың сұмдығын ұғынуға шама жоқ, торына түсіп тыпырлап жатқанымыз. Ертеңін ойлап, көз жетпей, ми шірітіп жүрген алаштың ат төбеліндей азаматымыз да, — деп Жақып күңірене түсті.

— Сонда тапқан жол бар ма? — деді Бәймен.

— Ой бар. Ой жол бола ма?

— Сонда да айтарың не?

— Адам баласының жүріп өтер жолы біреу, сонан өту керек. Біз неғұрлым Еуропаның классикалық жолына түссек, соғұрлым тез дамимыз, — деп тұжырды Жақып.

— Ол қырғын ғой, — деп қалды Ахмет. — Елін, фабрика-зауыт орнатып, жұмысшы-капиталист болуға әзір емес қой. Күрт өзгеріс қазақтың мәдениетін жоюға әкелетін жол. Мен өз басым оны құптай алмаймын.

— Ендеше, бөтен жұрттың құлы боп, тоз-тоз боп бітесің, — деп қасарысты Жақып.

Күрт өзгеріске қазақ елінің әр азаматының Құдай жаратқан психологиясы да, организмі де дайын емес. Өмірі ат үсті күн көріп, аз еңбек етсе де соның рахатына ие болып келген елге кенет түскен ауыр еңбектің не қыларын ойладың ба, Жақып? Оның организмі ауыр еңбекке төселгенше қанашама жұрттың ауруға ұшырап қырыларын ойладың ба, Жақып?

— Мен сені түсінем, Ахмет. Қашсаң құтыла алмас жағдайға тап болғанымызды, халқыңды сол күтіп тұрғанын сен де түсін.

— Жоқ, Жақып, мен халқымды қырып алмас үшін эволюциялық жолды жақтаймын, соны ұғындыра алсаң еді елге.

— Болашақ сен екеуміздің сұрар болса, мен де сені қостар едім, қайтейін, — деп Жақып түнере түңілді.

Екі оқыған азаматтың дауының сарынын жалпы ұққан Жәнібек ақсақал іштей жақсылық тілеп, бата еткен. Манағы бірде көз алдына елес берген құбыжық тарпа бас салардай, тағы ажал тырнағын созып, жер-жаһанды жалмап жұтып жатқандай көрініп, жаны түршікті.

* * *

Күркіреген керман-орыс соғысы қияндағы момын қазақ ауылдарын да уайымға түсірген. Болыс-билердің дігірлеуі жиілеп, алатын алым-салығы да көбейіп бара жатқаны момын елдің тіршілікке тырбанған тірлігін ауырлатып жіберген. Бірде орыс қуып барады екен, бірде керман жеңіп келеді екен деген қауесетке де ел елең-елең. Елеңдеген жұрттың күтері де «арты не болады» деген уайым. Онсыз да шықпажаным-шықпалап отырған момын жұрт күркіреген соғыс түгілі түйілген қара бұлттан қатер көріп, Алланы аузынан тастамайды. Сонау соғыстағы әскерге керек деп жарамды атты да бірер рет сыпырып әкеткеннен бері, не берген көк тиыны жоқ, не алғанымды түбі төлеймін деген уәдесі жоқ мына сарала шекпен ұлықтар бала-шағасының аузындағысын жырып әкете ме, әлде қалайласқан қайғы бәрінде бар.

— Ойбай, солдат Адамбай-Тұрсынның жылқысын қуып әкеле жатыр, — деген хабар күн ашықта жай түскендей етті. — Әскерге ат керек дейтін көрінеді.

— Бар малын айдап кетіп пе?

— Жарымына жақын. Қалғанын жылқышылары Кәріғұл, Омарлар сонау Бетпаққа қуып тастап, таптырмапты. Айдаған жылқыға жан жуытпайды, көк мылтық, гүрс-гүрс атып шошытып қуып келеді, — деді жолаушы жігіт.

— Ойпыр-ай, бұл не сұмдық?

— Апыр-ай, адамның тілегіне берсе Адамбай-Тұрсын мұндай халге ұшырамаса керек еді, — Бәймен шал қабағы түйіліп, шоқша сақалының ұшын қайырып тістеп, ойлана берген. — А, бұл не боп кетті дүние. Адал дегенге осындай бір кәп кездесе берсе мына жалғанды арам жайлар. Кеше Адамбай-Тұрсын малы он жеті мыңға жеткенде «Әй, Керней ұлы, қыдыр жанап, бақ қонды. Мына малды даланың бөрісі менен ауыл ұрысы енді тауыса алмайды. Бет беріп тұр, тек ала бөтен бір пәле келмесе. Бұл елдің ырыс-несібесі, қолыңнан қағарым жоқ, керней. Өзің бақ, өзің жұмса, же, өзің ие бол Малдың аты менікі, ырыс-несібе сенікі» дегенін естіген ек. Сөйткен Адамбай осыған ұшыраса, мына қыры кеткен заманнан исі қазаққа енді опа болмас.

— Жолдағы ауылдар қашып жатыр, малымызды қосып әкетеді деп.

— Енді оған үлгере аламыз ба?

«Астыңдағы атқа тимейді екен» дегенді естіп, қатын-қалаш, бала-шағаға да бір-бір тай-құнан, сәурік мінгізіп, қалған аздаған жылқыны Тағылы-Бұғылы бытқылына жасырып, әр тұстан қарауыл қойысты. «Ә, Құдай, сақтай гөр, пәлекетіңді аулақ әкет» әркімнің аузында. Сөйткенше болмады, Қойтастан бері жосылған жылқының шаңы көрініп, Ақдала шұрқыраған, кісінеген дауысқа толды. Қара терге түскен қарамы алты-жеті мың жылқы гүрс-гүрс мылтық атып, ені үш-төрт шақырымға созылған малды үркіткен жүз шақты солдаттың қамауынан шыға алмай соқтығып келеді. Сол жылқының соңынан кимешектері жер сызған келіншектер сонадайдан зар айтып, сұңқылдап, ара-арасында құраулап қалмай келеді екен. Ауылдан сусын ұстап жүгіріп шыққандардан бір-бір шараны асыға ішіп, Тағылыға сіңіп бара жатқан мал соңынан жүгіре басып жөнеліскен. Соңынан қараған үлкен-кіші әйелдер:

— Қайран мал-ай!

— Ырыс-ай!

— Кәпірге олжа болды-ау, — десіп көз сығысқан. Тағылының ну ағашы менен өткел бермес асуларының ішінде талай кәрі бие жүре алмай, тай-құлын адасып қап

қойды. Ағайынға жаны ашыған момын ел соларды жинасып, оз малына қоспай бөлек бағып, иесіне табыс етуді тілеген. Ауыл арасының ұры екеш ұрысы да мынадай тік көтере шауып алудан шошыған сияқты, майдан жүре алмаған нелер ту биені өз қолдарымен әкеліп қосып жатты.

Сахараның алыс түкпіріндегі ауылдың әлі көрешегі алда екен. Шыжыған шілденің нақ ортасында «он тоғыз бен отыз бірдің арасы солдатқа алынсын» деген сары сақал патшаның жарлығы дүңк етті. Ел састы. Мына патшаның арғы атасы ит терісіне мөр басып, «балаңа, малыңа, жеріңе тимеймін» деп ант ішіп келісіпті. Мынасы не сұмдық? Жеріңе тимеймін дегені жайына қалды, ит тартқан тулақтай қайран жерді жұлмалап мұжығына беріп жатыр. Қолдан қайран кеткенін сол кезде-ақ ақындар айтып еді-ау, ақсақалдан айырылып, көсемінен жаңылған етекбасты ел сол тұста сілкініп қала алмады. Мал дегені ит патшаның меншігі. Қазақ соның құлақ кесті құлы, бақташысы екенін мына сыпырылып қалғаны тағы көрсетіп жатыр. Бұл аз дегендей енді баласына жармасты. Оу, осы қазақ не үшін, кіммен соғыспақ? Өзіне-өзі қожа емес, барынан айырылып отырып та осы өкімет үшін жан беруі керек не? Ол не қылған тастай алмай жүрген жан? Жан беріспек болса осы өз даласында-ақ өліспей ме. Ол үшін ит өлген жерде белгісіз елмен жауласудың қажеті жоқ шығар.

Дүрліккен жұрт қақ сойылын сайлап, бастаушы болса тап бүгін-ақ соғыса кетердей. Қарудың басы қақ сойыл, үй-үйді тінтіп жүріп қарағанда талай атасы батыр болған жұрттан не бір сауыт, қылыш-найза шықпады. Дүйім елдің ұстанғаны жалғыз шиті мылтық. Елубек ұста соққан төрт-бес сапы ғана екен. Илалап қару жасап алатын темір екеш темір де таптырмады. Мына өкіметтің тұяқ серіппестей етіп, еш айласыз қалдырғанын ел енді түсінгендей, ер деген азамат лаж таппай санын соғып қала берді.

Нілді жағында Күмісбек молла халықты көтеріп жатыр екен деген әңгіме тез тарады. Күмісбекпен хабарласып бірге көтерілуге, не ауа көшіп таптырмай кетуге бел шешіп, бала-шағаны теңдеп алар киіз қоржын жасатып, өзінше қам жасаған ауыл кенет тағы дағдарды. Ертемен желі басына барып, жылқыны көріп үйіне қайтқан қарт Жәнібек

тосыннан қайтыс болды. Жарықтық тоқсан үш жасқа келген екен десті жыл қайырушылар. Жәкеңнің жетісін, онан қырқын бергенше күз де кеп қалған. Осы ауылдың елеңдеген азаматы сияқты айналаның да атқа мінген жастары қару таппай тығырыққа тіреліп, аттан түскен екен.

Болыстық тізіміне іліккен талай жастың бірі боп Көпжан солдатқа алынып жүре берді. Мұндайды көрмеген ел қан жылап Көпжанды шығарып салған. «Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді» деген ескі мәтел әйтеуір көңіл жұбанышы. Бүгіндегі мерейі үстем болыс Асанбек қана. Халық көтеріліп бергенде зым-зия жоғалып, ел басылғанда қоржыннан шыққандай табылып еді, енді ұзын тізімнің иесі, жарылқаушы да, жазалаушы да өзі боп, өмірін ат үстінде жүргізген.

Осы елдің қобалжуын басу үшін әрі сонау Ұлытау жақтағы көтерілісті жаныштауға Қарқаралыдан солдат шығыпты деген хабар тағы дүңк етті. Бір-бір баламызды құрбандығына беріп, енді тыныш боламыз ба деген елден тағы маза кеткен. Оны-мұны, қымбат-ау дегенін тас арасының қуыс-қуысына тығып, үрке көшуге дайындалған жұрт ауылды екіге бөліп, Тай басы мен Шошқа түрткенге жасырған.

Хабар рас боп шықты. Көк мылтық асынған жиырма шақты солдат тұра қап дүрбі салып, тау ішін сүзіп жүргенін қарауылшы жігіт жеткізген. Ертеңіне Тірашен деген бастығы бар сол әскерлер Өтегеннің Қойбағарын қуып жүріп атыпты, Қояншытағай ішінен тағы алты адам шығын деген ұзынқұлақ хабар.

Тау басының елеусіз қуысына тығылған ауыл баласын жылатпай, итін тұмылдырықтап «ә, Құдайлап!» күнді де батырған. Сонау шығыстан түн шымылдығын көтерген сайын үміт артып, «сойқаныңнан сақтадың баласын», тәубе келтіріскен. Ерте екен. Тасырлатып итжонның жотасына шыға келген аттылы ағаш арасына итіне тігілген оншақты үйді көзі шалды. Мылтық гүрс етті. Андыздап шыға келген әскер қой көрген қасқырдай тап берген. Жалаң қылыштары жарқылдап, мылтығының ұңғысын үңірейтіп кеп қалған пәлеге ешкім қарсы шыққан жоқ. Алғашқы мылтық дауысымен-ақ әзір отырған қыз-келіншек іргедегі

талға сүңгіп үлгеріп еді, енді қалған кемпір-шал келіп қалған ажал болса босағамда жан тапсырайын дегендей ең озғаны есіктен ғана сығалаған.

Дүрліктіре келді әскер. Жолына оралған бала-шағаны бықпырт тигендей сабап, кемпір-шалды домалатып тастап, көктей бір өтті. Іздегені мазағына жарар қыз-келіншек тәрізді. Екі баласына қарайлап ауылдан шығып кетуге үлгере алмаған Қазиза шешей пышақпен алақанын тілді де, маңдайы мен екі бет ұшына, иегіне қара қотыр қан жағып қойған. Есіктен одыраңдай кірген орыс бет аузы қанталаған қотыр әйелді көріп:

— Тіфу! — деп кейін атқыды.

Іздегенін таппаған солдаттар қотандағы қойдың семізін таңдап алып, сойып та жатыр. Қып-қызыл ала қаннан шошыған малда зәре жоқ, дүр-дүр үркіп, маңырап тұрар емес. Әрі-беріден соң әбден басынған олар ши ішін тінтіп, көр-жерді ақтарып керегін алып, қымызға арақ қосып ішіп, думандата бастады.

— Өлтірді! Өлтірді! — деген кенет шу шықты.

Ауыл ортасындағы алаңға Бөймен мен Мырзаш шалды желкелеп айдап шығып барады екен. Сүрініп кеткен Мырзашты бір солдат мылтық дүмімен тағы бір қойып, бөркін сона құрлы ұшырып түсірді. Кешкі алаң-елеңмен өң-түсі қашқан екеуінің де жүзі сұп-сұр боп, жаңа жан тапсырған өліктей көрінген. Көр-жерді ақтарып, күміс білезік, сақина-жүзік іздеген солдаттар шиті мылтықтың сынған сирағын тауып алған екен, сол сынар сирақ пәле боп жабысты.

— Бүлікшіл! Атамыз! — деп жатыр дейді тілмаш.

Сыртқа шығуға батпаған бала-шаға есіктен сығалап, көз жасын бұлап ыз-ыз. — Ағатай-ау! Әкетей-ау! — дейді дауыс сала алмай сыбырлап сыңсыған ауыл. Құбылаға қаратып екі ақсақалды да жүресінен отырғызған. Жиырма шақты қадам кейін шегініп, мылтығын кезеген екі әскер қоса гүрс-гүрс атты. Әлдебір әйелдің шыңғырған үні құлақ тұндырды. Оқ тимепті.

— Алла! — деп еңкейіп қалған екі шалда түс жоқ.

Екі шалды теріс қаратып қойып басынан асыра оқ атып, ермек еткен солдаттар да мәз. Тау ішіне жасырынған өзге

ауылдардың «Жәкең ауылын қырып кетті» десіп, ертең ат қойып Келерін қазір кім білген. Солдат біткен тамашалап, қарқ-қарқ күліп тұрған бейғам шақты пайдаланып Қазиза екі баласын жетелей қашқан. Сүріне-қабына жүгірді. Түн көзге түрткісіз. Арт жақтан ауқым-ауқым атылған мылтық үні желкелеп қуғандай. Қайда келгенін, қанша жүргенін білмейді, әйтеуір тауға өрмелеп, шаршап барып жақпар тасқа арқа сүйей тоқтаған.

Әрі қорқып, дір-дір еткен, әрі көйлекшең ала қашқан екі баланы бауырына басып, көрер таңды көзімен атырды. Өзінің келген жерін де күн шыға ғана таныған. Жалқарабастың терістік беткейі екен. Сонадайдан Тайбасының сілемі көрінді. Күн сәскеге таянғанда ауылдан салт аттылар өріп шықты. Алдарында екі жаяу бар еді. Екі жаяуды қамшымен сабап қуып берген. Беттері бергі Белгібайға қарай сияқты. Қос жаяуды сарт-сарт ұрғаны естілмесе де ана атты кәззаптар қамшы сілтеген сайын Қазиза ұшы өзіне тигендей имеңдеген. Сабалап қуған қос жаяу Дөңгелекке жете бере етпеттей құлады. Қайырылып кеп тағы да бір-бір көститіп өткен аттылар өлді деді ме, әйтеуір мылтық суырмай шаба жөнелді. Қазиза енді байқады, мына атты әскердің өтер жері өзі отырған жартастың тұсы екен. Көзге түсіп қалуы әбден кәдік. Ептеп сырғып етекке түскенше сатырлатып олар да кеп қапты.

— Аруақ! — деп қараған ішіне құлай кеткен. Даусы шығып кетті. Сатыр-сұтыр келе жатса да адам дауысына елең еткен топ тұра қалып айналаға көз тастап, мылтық кезесті. Сонан сезікті ештеңе байқалмаған соң жартасқа қарай бірер оқ жіберген. Шақ еткен оқ, гүрс еткен мылтық үнін айнала қағып алып қайталап, алыс-алысқа жеткізіп жатты.

Болыстығына кіретін жұртқа мықтылығын көрсетіп қою үшін Асанбек болыс «Әскер менің шақыруыммен келді, оң қарамағаныңды оңдырмаймын» деп қоқиланды. Әсіресе өзімен бақас Оқыра ауылына одыраңдап, күндес қатындай билігін жүргізуге тырысып бақты. Итжон атты бас-аяғы екі-үш шақырымнан аспайтын қырқаның ортасында Тайбасы, онан төмен Қотанағаш болса, енді қол созым

аяғында Оқыралар тұрушы еді. Тайбасындағы ауылдың шабылып, ақсақалдары өлімші боп сабалғанын көрген Оқыралар ежелден қас болыстан үміт үзгендей еді, сол уақығадан соң апта өтпей-ақ бір түнде көшуге жарағаны жылжи қашты. Беттері сонау Шу бойындағы ағайыны Қазбенбеттер, Шағырлыға қыстау салып, соңғы кезде сол жақты мекен етіп жүрген Маясар ауылы. Сонда барып паналасақ бөтен ел, мына болыстың билігі отпес, ендігі күніміз тыныштау бола ма деген үміт.

Оқыраның тік көтеріле көшіп кетуі болыс Асанбекке де оңай тимеді. Бүгін Оқыра түра қашса, ертең Әйменбет, бүрсігүні Сармантай жылжып кетпесіне кім кепіл, сонда озімен туысқан Дүкентайлардан да наразылық шықпасына кәз жете ме. Елі бүйтіп жұртына тастап жүре берсе, қаңқиған Тағылының тасына болыстық етпесе, кімге билік жүргізбек. Елінен айырылған болысты ояз да басынан сипай қоймас, айдатып жіберуі де кәдік-ау. Асанбек тілін алар деген бар жанашырын жинады.

— Қуып соңынан барыңдар. Ағайынның арасындағы аз өкпе үшін бөліне жөнелмесін, мекенін тастамасын. Туысқан көңіліндегі назын айтсын, болыс райынан қайтты, қолынан келген көмегін аямайды, қайтсын елге деңдер, — деп жиырма шақты кісіні бір-ақ жұмсаған.

Қуғыншылар Оқыра ауылын Жүндінің бергі сілемінде қуып жетті. Артынан келе жатқан топты көріп ауыл да тоқтап, жүкті түйелерді алқақотан иіре шөгеріп, бала-шағаны соның ортасына тығып, соғыса кетуге дайындалған.

— Уай, елміз! Елміз! —деп дауыстады келе жатқан топ.

— Е, өзіміз екен ғой.

Өзіміз екен ғойды айтса да ақсақалдар қулық жасап, «мына келгендер көшті еріксіз бұра жөнелмесін» деп жүк түсіріп, жағалай үй тіккізген.

— Ел сөзін ұстай келген екенсіңдер, дұрыс-ақ. Ал, енді қазақ атам қай істі болмасын ас үстінде шешкен, «құрғақ қасық ауыз жыртар» деген де осы ел Бел шешіңдер сендер де, — дескен.

— Болсын! Болсын! — десті қуа келгендер де кеше қашқан ауылдың жылы қабағын танып.

Мал сойылды. Түйенің теңімен бірге сабаға шайқалған қымыз әкелінді. Бала-шағаның аузына «елге қайтамыз» деген сөз де қыстырылған. Осыларда қулық болмасын десе де қуа келгендер «ұрлығы жатпайтын» бала-шағаның қайтамыз дегенді қуана айтысқандарын естіген соң сенгендей болған.

— Жарайды. Ағайынды табыстыра келген екенсіңдер, меселдерің қайтпасын, осы арады аз-маз аялдап, көшті кері бұрамыз, — деді Оқыра ауылының сөз ұстағандары.

— Ал, уәде осы болсын.

— Келістік.

— Асакеңе солай деп барамыз біз де.

— Е, жарар.

— Сау болыңдар.

«Көріскенше» деп олар кетті, «көреміз» деп бұлар қалды. Ауылдың естияры қайта кеңескен. Қайтпек керек? Ағайынның іздеп келгені рас, оларға қояр кінә жоқ, біртұтас ел болсақ дейді де. Ал, болысқа сеніп бола ма? Өзінде кісілік, сөзінде бәтуа жоқ еді, тағы тақыр мұзға отырғызып кетпесіне кепіл де жоқ. Қой, осы бетімізден қайтпайық, заман түзелсе, болыс өзгерсе, елге келу қашпас дескен де, ертеңіне ертемен жүкті қайтадан артып, түстікке қарай үдере көшіп, Ешкіөлместен асып аялдаған. Осы уақытта бұл маңға есен, аман, дүзей, бөлек кернейлер де келіп қонушы еді, тағы қуғын жетсе де соларға сүйенерміз десіп үш күн еру жасап барып, ары қарай жылжыды.

Алғашқы қонған Жүндінің сілемінде үдере көшуге түйелері жарамай Кедек, Бағыбек, Тілеукеннің үйлері қалып қойған. Сонау Шу бойына жете алмаспыз, әйтеуір Асанбектің қол астынан шығып кеттік қой, енді тие алмас дескен. Оқыра ауылының дені көшіп кеткенін естіген болыс жұртта қалған үш үйге бір топ жындысүрейлерін жіберіп, бас салып сабатып, жүгін сиырға артқызып, өздерін жаяу айдап кері қайтартты. Болыстың көрсеткен құқайы мұнымен де бітпеді.

— Айыбың, — деп жалғыз түйесін тартып алды.

Үш үйді бөлек қондырып, кінәларын тексерген боп отыз-қырық аттылыны ертіп кеп бетіне қарап отырған аз ғана тұсақтың біразын сойдыртып, мына елдің билік айтқанына

деп сиырын, жақсылар жөнімен аттансын жолы деп, әйтеуір жөні түзу киімі болса оны да тартып әкеткен.

Үш үй ұлып қалды. Жау дейін десе жат емес, ағайын деуге тұттай шешіндіріп, бала-шағаның нәпақасын да сыпырып кеткені анау.

— Ал, кош. Туыс ізде... — деп жылады әйелдер.

— Енді қалай күн көреміз.

— Ел аман, жұрт тыныштa ала бөтен аштан өлдік те енді.

— Әй, — деп ақырды өр мінез Бағыбек. — Тоқтат! Аштан өлген қазақтың моласы жоқ. Арғы атаңда аштан өлгені болса, көрсетші соның бейітін? Онысы несі ей, сұңқылдап.

— Ел іші ғой.

— Е, қазан аузы жоғары деген, — десіп Көдек пен Тілеукен де сөз қосқан.

Жылаған қатын-қалашты тыйған болғанымен «енді не қылдық» деп үшеуінің іші қылп-қылп. Нілдіге барып жалдана қоюға кектенген болыс жібермес, ауыл арасында істей қояр жұмыс жоқ. Сауын берер дейтін ағайын да болыстың ызбарынан аса алмас. Қайтіп күнелттік?

— Енді не де болса мен көрейін, сендерге тимес, — деген Бағыбек.

Түнделетіп болыс ауылы айдап кеткен өз түйесін өзі ұрлап әкеліп, бала-шағаны кебежеге салып, түйеге артып, биесін ерттеп мініп, Қарқаралыға қарай жолға шыққан. Күндіз Мұстақтың талына жасырынды да, ертеңіне сонау Ұста жалынан бірақ шықты. Бала-шағаның шөлін басу үшін жеке отырған алты қанат қоңыр үйге енген. Бағыбек үңіліңкіреп барып таныды. Бұл күнде жүріс-тұрыстан қалған, кешегі өткен күнде бір кісідей ел сөзін ұстаған Тұрбекті мына әппақ қудай шүйкедей шал деп кім ойлар. Жасы тоқсанның жуан ортасына іліккен ақсақал ымменен келінін жұмсап сусын алдыртқан. Бір үйлі жанның ошарылып кеп, дем алмай сусын ішкеніне қарап, бұл жүрістің тегін еместігін таныды. Сонан шараны төбесіне төңкеріп барып, терін сүрткен Бағыбектен суыртпақтап жөн сұрады.

— Е, солай де, шырақ. — Ақсақал түйіліп көп отырды. — Кетіп барам де.

— Иә, Түреке, әділдік бар ма деп.

— Әділдік іздейтін жерің ол емес қой.

— А? — Бағыбек қағыс естідім бе, мына кісі не дейді дегендей аңырды. — Енді қайда барам?

— Барар жер, басар тау азайды ғой.

— Енді...

— Онда барсаң анау қаша көшкен еліңнің соңынан әскер жібермесіне көзің жете ме? Елінен ел кетіп жатқанына ояз да риза болмас.

— Енді не етем?

— Қайт еліңе. Таланған мал-мүлкіңді орнына салдырам. — Әлі бұл Қояншытағайға сөзім өтеді. Мені өлді деп жүрген шығар. Өлгем жоқ. Әзірге ел талатып та қоя алмаспын. — Түрекең сөзінің ақырын ызғармен бітірген.

Сол күні баласы Қалыбекті шақырып алып, жанына осы елдің әр руынан бір-бір білікті азамат қосып:

— Айт, ана жақсыдан туған итке, атасы басқа өзі жау тұрғанда жақыннан жау іздемесін. Шайқалған дүниеге бір кепиет, мен білсем, таяу. Таламасын өзін-өзі, талауға түсер күні жақын, — деген.

Елге ел қосылса құт, ел кетсе жұт деп ұғатын жұрт Оқыраның ауылына бүйідей тиген болыс енді не ойлап отыр екен десетін. Таяқтан жасқанған жабыдай мойнын тонының ішіне алып, жағасынан сығалай қараған Асанбектің ендігі жаманшылығының қалай шығарын ысқырған бишіктен запыланған жауыр өгіздей күтіскен. Болыстық қолына тимей жүр екен, тиді бітті елді аз уақытта ығыр етті. Осылай озбырлық жасау өзіне ұнай ма, әлде қазақты даланың тағысы деп түсінетін ұлықтарға мына елдің бірін-бірі жегені жаға ма, кім білсін, «мынасы теріс» дегенді жоғары жақ білдірген емес.

Баяғының болыстары да өзгешелеу екен. Осы бес атаның алғашқы тізгініне өкімет тәртібімен ие болған Кәдір ата жолымен ел басқарып, тентектікті тыя алмаған соң болыстығын өзі тастап кетті. Мұқыр ұлық айтты деп өз еліме өзім жау, сарала шекпендердің итаршысы болар жайым жоқ деп, бір сайлаудан соң өзі шықты. Ау, ендігінің болысы не боп барады деп сақалын сауған қариялар таң.

Пішен шабу маусымы да басталды. Таяп-таяп кеп қонған ауылдар шабындықтарын қорып, өз малын да, өзгенің

жылқысын да қос күдіктің бойындағы ен шалғынға жібермеуге тырысқан. Айналасына тізесін батырып қалуға тырысатынын иесінің емеурінінен танитын болыстың ұрдажық жылқышысы:

— Мыналар өрісті тарылтып жіберді, осымен мал семіре ме? — деп күңкілдеп, не айтар екенін қабағынан аңдып Асанбекке қараған.

— Е, не істеп жатыр? — Асанбек білмегенсіп жылқышысын бақты.

— Ойбай-ау, Асеке-ау, осы сіз аңқаусыз. Шабамыз дей ме, жинаймыз дей ме, әйтеуір мал өрісінің бәріне қарауыл қойып бастырар емес.

— Ойпыр-ай, қазақ істемеген шаруа екен.

— Аяқты мал өзі жаз жайылып, қыс тебіндеп шығушы еді.

— Мал өрісін тарылтқаны қиын екен... Аяқты мал түн баласы қайда кеткенін таптыра ма... Түн де қазір қараңғы.., — деп болыс былқ еткізді.

— Иә, соны айтам-ау.

Болыстың көмейін таныған жылқышысы түн жарымында жылқының бетін шабындықтарға бұрып, өзі Тағылының бір биігіне шыққан да аттан түскен. Ертемен шалғыларын өңгеріп шабындыққа келген Әйменбет ауылының азаматтары белуардан келетін шалғынның ортасына кіріп алып, күрт-күрт шайнаған қалың жылқыны көріп аңырысты.

— Ой, мынау кімнің малы?

— Кімдікі болса да оңдырмапты. Жапырып кетіпті ғой, жапырып.

— Енінен танып тұрмын, Асекең ауылының малы. Туысқан деп жүрсек.

— Ой, құрып кетсін. Туысқанды тапқан екенсің.

Ашулы жігіттер әлдекімнің бұйрығымен таңдап жүріп екі нән семіз байталды ұстап алған да, қалғанын сойылдап қуып шыққан. Екі байтал сол жерде сойылды.

— Көріп алайық енді әуселесін, — дескен.

Түс ауа жылқысын жоқтап жылқышы келді. Бұрқырап піскен дәмнен дәмелі боп, ыржалақтай жетіп еді. Аударылып түсе беріп жаюлы теріні көзі шалды. Бір аяғы үзеңгіде, көзі теріде. Аңырған қалпы мойнын бұрып дым

білмегендей әжік-күжікпен айналысқан жігіттерге көз тастады. Сонан соң өз көзіне сенбегендей атын жетелей келіп жас терінің қылын тартып көрді. Мәселе бүйтіп насырға шабады деп күтпесе керек, сөйлейін деп еді аузы қисаңдаса да үні шықпады. Әлдене уақытта:

— Әй, мыналарың не? — деген.

— Көріп тұрсың ғой.

— Бұл Асекеңнің малы ғой.

— Мен Асекеңдікімін деп айтқан жоқ.

— Асекең білсе...

— Қорқа-қорқа бұғып болдық.

— Жетер.

— Әй, өзін түйгіштеп жіберіңдерші.

Ашуы қоза бастаған жігіттердің бері бет алғанын көріп жылқышы атына қарғып мінген. От басынан былай шыға беріп қайрыла бұрылды.

— Әй, аталарыңның... Көрешекті көрерсіңдер.

— Қап, мына итті-ай, ұстаңдар өзін.

Жылқышы ат үстінен борбайын саптады.

— Ой, әкеңнің...

— Мін атқа! Қуыңдар өзін.

Жігіттердің ызасы боқтық боратудан аспады. Екі байталды сойып алып, жапырылған шабындықтың өтеуі санаған ел қаннен-қаперсіз еді.

Жылқышысының хабарын естіп жағадан сығалап қарайған болыстың басы ысқырынған жыланның мойнындай қақиып шыға келгенін Әйменбеттер білмеген. Болыс айнала жақынын жинап ұзақ күңкілдесті. Басқа жұрт қол жинап Әйменбетті тас-талқан қып шауып алар дескен. Аттандаған ұран да естілмеді, сойыл сүйреткен болыстың жындысүрейлері де көрінбеді. Есесіне қос ат мінген шабарманның бірі түү күн шығысқа жөнеп берген. Сол шабарман үшінші күні түсі жылтыр, сақал-мұрттан жұрдай біреуді ерте келіп, түсіп жатты.

— Ой, мынау Әлтен ғой,— десті сырттай танитындары.

Сыртта көп айналмай жып етіп үйге кіріп кеткен бадырақ көз, ақсүр жігітті торге өрлеткен Асанбек ауыл адамдарының үстеріне кіруін жақтырмағандай ниет танытты. Қымыз сапырған жігіт те қанша құлағын түрсе

де аманшылық-саулықтан озбаған Әңгімеден артықты естімей қор. Мына Әлтенді болыс сонау жерден аттай қалап әкелгенде сый-сыйпат жасап, асымды көр дегенге ғана алдырғандай бөтен сөзге басар емес. Сусындап, аз-кем тыныққан соң есіктен көрсеткен қара қойға бата жасатты. Бата жасаған Әлтен:

— Қойларыңыз ірі екен, — деді, күні бойғы бөтен сөз де осы. Келген қонақ мына болыстың айтары болса өзі бастасын дегендей сөзін сыртқа салып отыр.

— Е, Құдайдың берген малы да. Малсыз емеспіз, малымыз келісті де.

Әңгімеге жари қоймаған Әлтеннің көзі үй ішін кезіп кеткен. Алты қанат ақ орданың іші жиһазға малынып тұр. Есікке таман, үйдің сол жағында қызыл ағаштан жасалған асадал, онан жоғары бетіне нешетүрлі нақыш салған кебеже, сандықтар, төрге таман қасбетін сүйекпен өрнектеген ағаш төсек. Ағаш төсектің ту сыртына ақ-қарасын келістіріп ойып, түйе жүнімен әдіптеген түскиіз көздің жауын алғандай. Дәл төрде адалбақан. Адалбақандағы ілулі ішіктер менен аң терілеріне көз жүгіртіп үлгермеді.

— Әлтенжан, тысқа шығып келейік, — деді болыс.

Аяғын сылти басқан болыстың жүрісі тез екен. Көзіне қарай кептеле берген сусар бөркін қайта-қайта түзеп, өзен бойын жағалай кезіп, көр-жерді айтып ұзай берді. Алдарынан қарасудан балық аулаған бір топ бала кезіккен. Жаңа ғана тұзақ салып судан суырған құлаштай шортан әлі бұлқынып жатыр екен.

— Әй, мына балықты біздікіне апар, — деп бұйырды болыс. — Қонақты көріп тұрсың ба, ауыз тисін.

Жақтырмаса да бұйрығын екі етуге батпай қисаландап ұзай берген баланың соңынан қарап тұрып, әңгіме бетін тағы бұрып кетті.

— Осы иірім-иірім қара суларға балық қайдан келеді десем, о шіркінде кейде аспаннан жауады екен ғой. Ана жылы осы Тағылыны мекен еткен жұрт құдығына дейін балық толып кетіп, бір қарық болғаны бар.

— Иә, — дей салды Әлтен. Бұл әңгімені оның да естуі бар еді. Осы елдегі оқыған жігіт болған соң да елдегі

жаңалық бұған жетіп жатады. Оқығанда да елге керек адам атбекет. Қисынын тауып әзірге екі жақты да еміп жүруге жарап тұр. Байқауынша мына болыс та тегін шақыртпаған шығар. Бірақ ұзақ жортаққа салып, әлі әңгімесінің ұшығын білдірмеуі қызық көрінген.

Ауылдан аулақтанып, оңаша шыққан Асанбек оқалы шапанын жайып, етігін шешіп, асықпай әңгімелесетін ниет танытты.

— Ал, Әлтенжан, жайласып отыр. Отыр да мына ағаңның саған түсіп тұрған жұмысын тыңдай бер. Мынау ел азды, ағайынды бір тұқыртып тастамасақ, түбі өзімізге шабудан тайынбас.

— Құлағым сізде, Асеке. Қолдан келері болса аянып қалмаспыз.

— Саған қолдан келеді деп айтып отырмын. Келмесе де келтір. Ағаң қарыздар болып қалмас. Ер мойнына қыл арқан деген бар ғой... Соны тақтағы менің де алақанымның қалай ашылғанын көрсейші.

— Мен сөзіңізді тастамас ініңізбін, — деп кішілік танытқан болды Әлтен.

Асанбек сөзінің төркінінен Әлтеннің ұққаны осы Әйменбеттерге түтін басы он сомнан салық салған екен. Оны ауырсынып, төлемей қойыпты. Бұл патша заңына тікелей қарсылық. Онысы аздай патшаның тікелей өкілі болыстың екі бірдей малын сойып алып отыр, мұнысы тіпті қол көтергендік қой. Мұны қатты жазаламаса болмайды. Сол үшін үйезден аздап әскер әкеліп, елді біраз үркітіп басса дейді. Шығынның да орыны молынан толуға тиіс.

Әлтен ойланған болды. Ойланатын да жөні бар. Батыста қырғын соғыс жүріп жатыр, әскер біткеннің басы артық дегені сонда жөнелтілген. Аздаған урядниктерді Асанбек ерікті екен деп ояз ұстата қоймас әрі тыныш жатқан елді дүрліктіріп, арты бір пәлелі іске апарып соғатын жұмыс жасап жүрсің, арандатушысың деп өзіне пәле саулы мүмкін. Ояздың халі де бұл күнде қылп-қылп. Созылып кеткен соғыс, анау ішкергі жақтағы халықтың дүмпуі жалғыз оязға ғана мәлім емес, ел арасына да күбір-күбір әңгіме боп тарауы мол. Әй, осы болыстың қол артуы орынды бола қойса игі еді.

Болыс әлі сөйлеп отыр екен. Осы базыналығын орындап берсе, Әлтеннің де көңілін таппақшы. Базыналық деуін қарашы, исі бұрқырап тұрған қылмыс қолында күші бар үшін ойын тәрізді-ау. Мысыққа ойын, тышқанға өлім деген осы да. Дегенмен, мол пайданың көзі келіп-ақ тұр. Әскерді қайдан ала қоймақшы? Оязға «осымды істейік» деу тап бүгін әбестік, әбестік емес қып-қызыл пәле. Мол олжаның түсіп тұрғанын қарашы. Іздесең мұндай іс табыла бермес.

— Қиын-ау, — деп қалды.

— Е, оңай болса өзім де істемеймін бе? Сені әдейі жұмсап тұрмын, оқығансың, білгірсің, жол табасың. Басындырып қоямыз ба?

Осы күні бұ қазақ та тұтас боп тұр ма. Бұдан он шақты жыл бұрын оқыған атаулы бірін-бірі көзге шұқи қоймаушы еді. Тілмаш, атбекет дегендер ел үстінен күн көретін жан екені заңдастырылғандай көрінетін. Ақ дегені алғыс, алдын кесіп өтер пенде болмаушы еді. Енді, міне, көрдің бе, әне бір Алаш дегендер шығыпты. Елім-жерім деп зар илеп, әділдік деп ішкен асын жерге қоятын бопты. Солар мына істі біле қалса, абыройын айрандай төккені былай тұрсын, елден қумай тынбайды. Абырой болғанда әлі саны аз. Аз ғой, аз. Бір түкпірдегі осы істі біле қояр да дейсің бе, болысқа көмектесіп, ретті олжаны алған да дұрыс шығар.

— Ал, сонымен не істейсің? — деп тықыршыды болыс.

— Ояз көне қояса, жағдай ауыр.

— Түсіндіріп айтпайсың ба, тәртіп керек деп.

— Асеке, ішкергі жақтың өзі де былығып жатыр. Сондай бір пәле туа ма деп оязда да қазір зәре жоқ.

— О қайдан келсін сахараға. — Асанбек дегенмен сәл ойланып қалды.

— Мына Алаштың азаматымыз дегендер де пәле боп тұр.

— А, солай ма?

Асанбек манағыдай емес өңі өзгеріп, бастаған істен сәл тартынғандай суынып сала берді. Болыстың өзгерген түсіне қарап Әлтен енді «мол олжадан құр қалдым-ау, несіне бәлдендім, қайдағыны айтып осы надан итті қорқытпағым не» деп өкіне бастаған.

— Иә, Асеке, ел бүлінді. Оныңыз рас. Мықтап бір тұқыртып тастамаса болмайтыны да шын.

— Иә, иә! Соны айтам да.

— Әскер күшін көрсетіп қойса жымдай болады ғой.

— Соны әкелсең деп отырмын ғой күні бойы.

— Көп шығын ғой, Асеке.

— Ойбай-ау, мына жұрт тонап алар ертең. Онан да мен оларды нығыртып ұстайын. Қай шығынынан қашып отырмын. Бар ғой атадан қалған ырыс, соның бір шеті кетілер азар болса.

— Сізге ескертіп жатқаным ғой.

— Оның дұрыс, бірақ не керек, жасқанбай айт. Осы жолы неге болса да тұрдым. Ішіңді ұрайын, барында бір жырғап қалғанға не жетсін.

— Кемі он-он бес адам әскер керек. Онан аздың халыққа қораш көрінуі мүмкін.

— Оның қанша тұрады?

— Ояздың жемсауын да ойлау керек.

— І...

— Сонда әзірше бір үш жүз сом бере тұрасыз, қалғанын кейін көрерміз.

Бақ пенен сорды қатар теңдеп, болыстың жақсы атының бірін мінген Әлтен Қарқаралыға жетті. Қалтасына түскенді бақ деп есептеген ол сол «бақ» шіркіннің қалың елдің қанша төріне түсерін ойлап көріп пе, «алсам, жесемнен» басқаға көкірегін ашып, көңілі сеніп пе. Баяғы бір «ой, қазақта бәрі бар» деген дақпырт титықтауға айналған елінің бүгінгі халін көрсетпей, көзіне шымылдық. Тұяғы тиген жерді ойып, көзіне іліккенді кесіп түсуді өткірлік санаған. Кесіп түскен май қарын ақтарылып жатсын, өзінікін алса көңіл тоқ, қалғанын ит жесе де мейлі.

Қалаға келген күннің ертеңіне өзі сияқты пысықайларды іздеді. Көшеден пәледен қашпайтын, ізгілікке баспайтын Шурин деген танысы кездесе кеткен. Арғы түбі шоқынған татар, дінін сақтамаса да қазақ арасына сіңіп, шала-пұла тілін сақтаған, бармағына жұққаны болмаса да тыңдаушыға сөзін емізген пәтшағар еді. Әкесін көргендей ол, жездесіне кезіккендей бұл қуанысып қалды. Әскер керегін, пайдалы іс екенін Әлтен жасырмады.

— Әскер болмаса да әскердің киімін табу керек, — деді ол

— Киім табылса адамы қайда қашушы еді. Кәмендірі боп өзім-ақ барамын.

— Ол ақылың дұрыс екен. — Әлтен қуанғанынан бөркін шешіп, маңдайын сүртті. — Енді оны қайдан табамыз?

— Сөйлесіп көрмейсіз бе, өзіңіз, — деп сырғақтатты Шурин.

— Соған да өзің кіріссеңші, мен саған қарыздар болмаспын.

— Қиын іс қой. Өскер киімін іздеймін деп пәлеге де ұшырауға болады мына заманда. — Шурин мәселені тіпті ауырлатып, оп-оңай қолға түсер ниет танытпады.

— Айттым ғой, менен сұрағаныңды аласың әрі барған жерден мелдектетіп пайдаға кенелтемін, — деп Әлтен де қалмады.

— Жарайды іздеп көрейін.

Араға-екі күн салып Шурин Әлтен жатқан үйге уездік полиция басқармасының қоймашысын ертіп келді.

— Ал, Алеша, — деді Шурин Әлтенге, — сен ақша, біз киім табайық. Уәде, сен ескі деп қорсынба, жаңасын қымбатсынба, мына уақытта қолға іліккеніне разысың. Мына кісі он кісінің киімін дайындап, бір-бір обоймалы оқ пен он винтовканы қолхатқа береді. Оны сол көрсетілген уағында әкеліп тапсырамыз. Іздегенің осы өзі, қазір жетпіс бес сом ақшаны суыр, қымбатсынсаң жүре береміз.

— Ләббәй! — деп ұшып тұрған Әлтен қолдарына сексен сом санап берді де қару-жарақты алатын жеріне келісіп, қоймашыны шығарып салған.

— Енді тездетіп жүріп кетейік, — деді Шурин әскерді сайлап қойған кісідей.

— Ей, әскерің қайда?

— Оны да табамыз. Маған соны жалдау үшін кісі басына сегіз сомнан ақша бер әрі өз шығынима он сом қос,— деп Әлтеннен тағы тоқсан сом алып кеткен.

Әлтенді үміт ұясына қамап тастап, әскери болмаса да үстіне шекпен киіп, мойнына мылтық асынып, мұртын ширатуға жарамды адам іздеп Шурин де қаланың қуыс-қуысына барған. Жәрмеңкенің кезінде көтерме сауда жасап, көп мал сатып алып, осындағы қаңғыбастарға тиын-тебенге бақтырып қоятындар болушы еді, соларды

маңайлады. Басы батқан жер баспана, шайнауға жарағанды тамақ етіп жүргендермен әңгіме де қысқа.

— Бас пайдаларыңды білмейсіңдер. Тегін олжа кеп тұр. Маған он бес күнге жалданасындар, жалақыларың бес сом.

— Жұмыс не? — деп сұраған мұндай ақшаны ұстап көрмегендер бір-біріне қарап.

— Әскер киімін киіп, алыс ауылға барып қайтамыз. Мылтық ата білуші ме едіңдер? Білмесеңдер уақасы жоқ, торғай үркітуге үйретемін.

— Тамақ ше? — деп сұрады, тапқанымды жеп қоямын ба деп қорыққаны.

— Бәрі де ел үстінен, қымыз, ет деген тегін. Құр курортқа барғандай ғана серуен. Уайым-қайғы жоқ, серпіліп қайтасыңдар.

Ың-шыңсыз келіп кеш түсе Асанбек ауылына қонақтаған жалдамалы байғұстар анадан шыр етіп жерге түскелі көрмеген құрметті, жеті атасы жемеген асты жеп, атқорадан жаңа шығарып шалғынға жіберген ыңыршағы шыққан мәстектей аунақшыды. Жамбасы жайлы төсекті сезбеген байғұстар түнемелдегі мамық тесеніштен шошып:

— Жо... Далаға құлай кетеміз, — деп сұмдықты шығарды. Әскер деп әкелгендерінің шикілігі шығып қала ма деп Әлтен мен Шуринде зәре жоқ. Кез келген жерге қисая кетіп қорылдаған «солдатын» түртіп жүріп оятып, үгіттеп әлек.

— Жолдан қажыған ғой, — деп ақтаған боп жатыр Әлтен әскерінің көзге қораш ісіне таңдана қараған болысқа.

— Ә, бәсе.

«Ә, бәселеген» Асанбекке де бәрібір. Сап-сарала киімі, мойнында мылтығы болса жарап тұр, соғысқа салайын деп жатыр ма о немелерді. Өзіне қарсы келген ауылдың еркегін үркітіп, бала-шағасын шулатып беруге осылар да жарайды.

Әскерін киіз үйге қамап, «уһ» деп дем алған Әлтен таң сыза тұрған. Мына пақырлардан тағы бірдеме шығып қалмай тұрғанда осы ауылдан аулақтау әкетсе екен, мейлі аш бола берсін, аштық ашу туғызады. Өзі нойыс немелер ашулы болса Әйменбет ауылына қырғидай тиер. Ондай істе «әп, бәрекелді».

— Кеттік! Ұят аналарды, — деді Шуринге.

— Неге осынша ерте? — таңқалған Шурин Әлтеннің қулығына өзінің астар бола алмайтынын көрді. — Тамақ ішпей ме?

— Ішпейді. Аш қасқыр азулы келеді. Енді ұқтың ба?

Сүйретіп жүріп оятып, сүйретіліп жүріп ат ұстап, біреуі ердің қасын алдына, біреуі көтеншегіне қаратып ерттеп мінгенше де күн найза бойы көтерілген. Ашкөз немелер сонда да аттанып кеткісі келмей, қазандықты айналшықтаған.

— Тарттық! Тамақ келесі ауылда, —деп Шурин бұйрық бергенсіді.

Бүлкілдеген аттың үстінде жалбақтаған, ердің қасынан ұстаса да көтеншегі үзілерден түйгіштелген әскер Әйменбеттер бие байлап жатқанда сау ете түсті. «Бұл кім?» деп үлгергенше гүрс-гүрс мылтық атып, ауылды қоршап, еркек біткенді айдап әкеп, ауыл ортасына қойша иірді.

— Ақыр! Боқта! Боқта деймін, — деп Шурин «әскеріне» үйретіп-ақ жүр.

Мұндайды көрмеген сорлылар шашау шыққан ауыл қазағына:

— Әй, былайырақ тұр, — деп қабақ түкситкені болмаса қатты сөзге жоқ.

— Мылтық кезен! Кезен мылтықты, — деп кәмәндірі дір-дір. Сөйтіп тұрғанда бір әскердің қолындағысы атылып кетіп, жұрт жиналған жерді тіміскілеп жүрген ала қаншық ойбай салды. Ойбайын сала қашып еді, ақыры ыңырсып, үні біржолата өшті. Атылып кеткен мылтығына ие бола алмаған әскерде де ес жоқ, көзі шарасынан шығып, қалшиған да қалған.

— Көтер қаруыңды!

Бұйрық миына жетер емес, екі көзі тәсілім етіп, аяғын сермеген ала қаншықта. Бірдеме дегісі келгендей аузын қисаңдатты. Шурин орыстың тұздықты сөзін аямай боратып жіберген. Етіне қамшы өтпейтіндей еді, миына тұздығы мықты сөз кірді ме, жалт беріп қарап, мылтығын жып еткізіп ала қойған. Мына неме біреуімізді жайратып тастамаса игі еді десіп басқалары оған үрке қарап, әрірек кетіскен.

Осы абыр-сабыр тұста ерекше киініп, басына жаулық бүркеген қатын ортадан оза берді. Әйелдері еркекше

киінетін орыс жұртына бұл таң емес, оған мойнын бұрған ешкім болмаған. Қолына көнек ұстап желі маңындағы жылқы ішіне кірген қатын кенет жайдақ аттың жалын құшып, тау ішіне қарай безген. Басында жаулығы жоқ еді, еркек екенін енді таныған әскер басы атуға бұйырып, өзі бас боп тапаншадан оқ жаудырды. Оған қосыла үн шығарған екі-үш винтовканың оғы маңайдағы тасқа тиіп шақ-шақ. Жалтара қашқан ұзай берді де, қараған ішіне еніп бой көрсетпей кетті. Оны қуар мына әскерде дәрмен жоқ еді.

— Кетті! Құтылып кетті. Пері, — деді ортадағы бір қазақ.

— Кім? О кім? — деп сұрады Әлтен.

— Ойбай-ау, атақты Райымбек пері емес пе, осында қонақтап жатқан.

Қазақтың біреуін қашырып алып, жұрт көзінше беделіне нұқсан келді деп түсінген Шурин ақырып-жекіріп ебедейсіздеу киім, қолқылдаған етік киіп, қолапайсыз көрінген әскерін жинаған. Ортадағы жиырма шақты ауыл адамының тұс-тұсына қарауыл қойып, тілмашқа:

— Қыбыр еткенің атыласың, — дегізген де, қалғандарына: — Аямаңдар мыналарды, бұлар тағы халық әрі кәззаптар, ел тонағыш қарақшылар, қазір үй-үйге кіріп тамақтарын тартып ішіп, үй-мүлкін шашыңдар, — деген. Өз бетімен кетіп бара жатқан әскерінің біріне жолда тұрған құманды теп» деп бұйырды. Қаңғалақ ойнаған құман тағы біреуінің аяғына тиіп, допқа айналып, ақыры қазанда қайнаған сүтке түсіп, отты шашып барып құлаған. Енді бірі көлденең тұра қалған тайынша бұқаның санына істігін шаншып, өкіре қашқан тайынша самауырынды құлатып, құрт жайылған сөрені соғып тынды. Мына халді өрепкіте түсуді ойлаған Шурин аспанға мылтық атып еді, әйел біткен жер бауырлап, бүркеніп, бала-шаға ұлардай шулады.

Тасыр-тұсыр мана момын көрінген әскерді де өзгерткен. Елдің осындай шошығанына шегі қата күліп, бірін-бірі құшақтап, жасаған есерлігін дабырайтып мақтасып, есірік билеген тентек баладай ерепкіп кетті. Үйді-үйдің шиін ақтарып, ішкенін ішіп-жеп, қалғанын аударып тастап мәз. Сонан тал түске жақындай ортаға иірілген ауыл адамдарын

Өтегеннің Бесігіндегі қораға айдап барып қамауға бұйырды. Исі қазақ қой деп шал-шауқан Әлтенге жалтақтаған.

— Әй, болмады, болмады. Манағы ит қашып кетіп бүлдірді. — Әлтен өкінгендей бас шайқап, бармағын тістеген. — Сендерді осы жерде сұраққа алып, ауылға тимей кетуге келісіп едім, көрдіңдер ме, ана пері иттің қылғанын. Енді қолдан не келер? Әйтеуір, қырын келе көрмеңдер.

Жиырма адамды шым қораға қаматып тастап, алдына жалғыз күзетші қойып, бейқам елге билігін асырғанына айдарынан жел ескен. Қора алдындағы көгалға ауылдан тағы төрт үй алдырып тіктіріп, әр үйге қой сойғызып, қымыз сапыртып бір дәурен сүріп қалған. Әр үйге екі-үштен жайғасқан қаланың панасыз сорлылары керзі етікті лақтырып тастап, шуаш исі мұңкіген шұлғауын босағаға жайып, күлімсі иіскеп отырудан жиренбеген. Үсті-басы қолаңса сасып, бұтындағы шалбарының ауы желіндеген сиырдың емшегіндей жер сызса да бүгін бір бек боп қалғанына мәз, кеше қаланың көшесінде бұралқы иттей әркімнің бетіне жалтақтағанын ұмытқан.

— Әй, сен...

— Е, сен өзің — деп бірін-бірі жұмсағандары ғана төре болған түрлеріне шіркеу сияқты. Ана ауылдың қыз-келіншектері бұлар ит атып, өгіз қуалап жүргенде жасырынып үлгеріпті, ең болмаса кемпір-сампыр болса да алдырмағандарына өкінген. Бастық екенсің, бастық боп қал, бұл дүние өте шығады. Ех, шіркін, мына ауылдарға бұларды бір-бірден бастық қып қояр ма еді, сонда көрсетер еді мына түземдіктерге көрешекті. Ондай күн боп тұр ма, ондайды ойлайтын уездной начальник пе. Қалада бұлар қаңғып жүр, ал ауылда ит май жемейді екен. Орыс өкіметін далада нығайту үшін бұларды крепостной етсе ғой.

Адам қамаған шым қораға торғай қамаса бірі тұрмайтындай еді. Сырғауылмен жапқан төбесінің сабан-шөбі ұшып шұрық-шұрық, қаданың іргебасарға түскен жері ойдым-ойдым тесік. Арт жағынан кесек шымды суырып алған Жампейіске:

— Ойбай, тиме. Зиянымыз бала-шағаға тиеді, — десіп үлкендер ұрысты.

Талай аттанысқа қатынасып, талайды зар қақсатқан Шоқты әр қаданы бір ұстап, ырғап көріп:

— Біреуін суырып алып, ана күзетшіні ұрып жығып та кетуге болар еді, — деп күш көрсеткенсіді.

— Атама! Қайдағыны айтып... Манағы пері қашпағанда тұтқынға түспейтін едік, енді, міне, отырғанымыз қамалып, — деп үлкендер зыр-зыр.

Жауын шайып арты шөмейген, түртіп қалсаң сыртқа шығатын, жыртық-тесік қорада жиырма адам кеш батырып, таң атырды. Қолы жеткені қидың қалыңдау, кебулеу жеріне түнеп, тумысында бір жайлы ұйықтағандай боп, жайсыз жатып «а, Құдайлап» шыққанға күлімсірей жылтыраған.

Тал түске дейін бұларды тірі жан бар-ау деп тексерген және ешкім жоқ. Кешеден нәр сызбаған аш өзектер сазып, тобарсыған ерінге тапқан ем тілмен жалау ғана. Батылы жеткені қиюы кеткен есіктің тақтайының арасынан сығалап, көк қасқа бұлаққа көз сатудан озбады. «Әй, өлтіресің бе, су берші» деуге де бармаған.

— Ораза ұстап, іштегі жыланды басып үйренген елміз ғой, шыдайық, тілге келер, — дейді үлкендер.

Ораза ұстамақ түгілі басы сәждеге тиіп көрмеген тақымы кеппестің бірі Шоқты шұрылдаған шектің әлегін баса алмай қалқа қып жапқан қайыңның қабығын сорып көрді. Тым ащы екен. Былтырдан қалған төбеге жапқан сабанның жалғыз масағын тауып үккен де, алақанға түскен бес бидайды күтір-күтір шайнап, қазы-қарта жегендей тамсанған.

— Мынау иттің ашқарағын, — деп сөкті жасы үлкен Жанпейіс.

Түске жақындай алдыңғысы ақсақ, соңына ергені жертістеген екі кемпір сүйретіліп жеткен. Бізге не істейді деп ауылдан белсеніп шыққан осы екеуі болса керек. Біреуінің құрт-ірімшік салған түйіншегі бар, екіншісінікі жанторсық.

— Әй!

— Әй! —деп есік күзеткен түкті ауызға ымдап, мынаны берейік дегенді білдірген.

— Марш! — түкті ауыз арс етіп, екі кемпірді мылтығымен жасқады.

— Қайтеді-ей, мынау. — Шалқалап барып отыра кеткен ақсақтың жанына бүкірі кеп жайғасып, жаулық ұшымен көзіне үйірілген жасты сүртті.

— Қырылғаны ма мыналардың аштан. Қазақтың да күні туар заман болар ма? — Осы елді азат етер перзентке қазақтың бір қатыны жерік болмағаны ма, Құдая.

Кемсеңдеген қос кемпірді сырттай бақылаған Әлтен Шуринге сыбырлаған еді, ол есіктегіге ақырды. Сол-ақ екен түкті ауыз қос кемпірге қол бұлғап, қолындағыларын ішке өткізген.

— Бар екенсің, мейірімді Құдая.

— Ата-баба аруағы...

Қамауда жатқандардан жауап алу түстен кейін басталды. Жеке-жеке айдаған адамды ызғар үшін екі солдат екі мылтықтың арасына салып айдап, ерекше сұстанған Шуриннің алдына алып келген. Шурин ақырып қалса:

— Ләббәй, тақсыр, — деп Әлтен елпең қаққан. Қолбасының сөзін аударып жеткізіп жатыр. — Неге болыстың малын ұрлап сойдыңдар? Бұл өкіметке қарсылық, шетіңнен жер ауасыңдар.

— Бір білместік болды. Мұсылман баласысың ғой, мына орысқа бізді жем етпе, көмектес, — деп жалынды алдымен кірген ақсақал.

— Ақсақал-ау, бұл айтқанға көнсе.

— Екі дүниеде ұмытпаспыз жақсылығыңды. Білеміз ғой, қарыздар қалмаспыз.

— Мен қолдан келгенді жасармын, ол үшін ақы аларым жоқ. Орысқа қазақты айдатып не көріпті?

— Е, сөйдеші.

— Бұлардың да іші қуыс қой, бірақ көмейлері кең.

— Не деп жатыр? — деп ақырғансыды Шурин.

— Ләббәй, ләббәй, — деп Әлтен тағы құрақ ұшқан.

— Шырағым, ісімізді түзей көр.

— Ойбай-ау, болыстың малын сойып тастапсыздар, соған не дейміз?

— Өзің таба көр жауабын.

— Мен білсем осыны ана қашқын періге жабу керек. Сойған сол деу керек.

— Обал емес пе, — деп шал шошып кетті. — Ертең ұстап алып оны да шырылдатады ғой.

— Ой, ақсақал-ай! Ол пері емес пе, бүгін Арқада, ертең Шуда, бүрсүгіні Алатауда. Кім оның соңына түседі. Істі өстіп жаппасақ болмайды

— Ә, онда мейлің.

— Ал, шығын мынандай, болысқа бес жылқы, сонан соң әрқайсыңыз бір-бір жылқыдан тағы атайсыздар. Әйтпесе мына ұлық көнбейді.

Қинала отырып, басын шайқай-шайқай шал көнді.

— Ендеше, келесі жауапқа келетіндерге де осыны айта барыңыз. Бәріңіздің сөзіңіз бір жерден шықсын, әйтпесе іс бұзылады.

Қыруар малды төлеп, шым қорада екі күн жатып аман-есен шыққандарына мәз Әйменбет ауылының үлкен-кішісі ертеңіне таңертең ауылына қарай емпеңдей жосылды.

* * *

Көгілдір аспанның көші түзу екен. Құбыладан күншығысқа қарай жылжыған әредік ақша бұлттар маң даланы маң-маң басқан жеке жарым көштей асықпай жылжып, көз тоқтатып қарамасаң бір орнында қалықтап, мынау қызығы мол, қасіреті де жетерлік жалғанды сонау биіктен сүйсініп тұрғандай. Сарысудың бас жағындағы Қазыбайға қонған ауылдан шәйнек ұстап дүзге барған шал әр бұлтқа өткенін сағынған өкінішпен емініп, келер уақытқа деген үмітін және іліп, бетін сипаған.

Қазыбайдың терістік жағындағы тай шаптырым жердегі аласа шоқыны дол басына қалқиған тас құрылыс, ағылшын зауытының сонадайдан зор көрінген қабырғасына, көшкен бұлттың көлеңкесі тіреліп қалғандай кетпей қойды. Осы маңның жұмысшысы боп жарытпаса да, анда-санда жұлып-қашып жалданып, табыс тауып, шай-қантын айырып отырған жері еді, бүгінгі мына көлеңкемен қарауытып тұрғаны қара бояу жаққандай көңілге дық.

Көлеңке Қазыбайдағы ауылдың төріндегі ақ орданың іргесін бір сүйкеп өтті. Есік алды абыр-сабыр. Сойылған малдың етін тегіс асқан әйелдер отты сырып, бабымен қайнауын қадағаласа, пышағын сүрткен жігіттер жеңгелерінің қағытпасына ыржаң қағып, іштегі үлкендердің сөзіне құлақ түрген. Есік алдындағы өзеннің

жиегіне қалмақша байлаған үш жұп ат ебін тауып бір-бірімен тебісіп, шұрқыраса берген соң, қайтадан жеке-жеке бөліп байлап, үй іргесіне таяу келіп отырған да, жігіттер қайтадан сыртта отырып сөз тыңдаған.

Бұл жұрт соңғы кездің хабарына елең-елең. Ұзын құлаққа толы дала әсіресе жаз айында дүниенің бір шетіндегі жаңалықты қаз-қалпында жеткізеді. Көлденең өткен көк аттыдан танымаса да кезіккен кісі «иә, не хабар» деп сұрайды, ал ол естіген-білгенін бүкпесіз айтып шығады. Бейхабар жігітке «әлгі пәленшенің малғұны» деген атақ жабыса кетеді, сонан сескенген әр пенде ұзын құлаққа құлағын тігуді қанына сіңірген.

Дала елінің хабарға ерекше елеңдеуі жазғытұрымнан басталған еді. Қар сөгіліп, жылт етіп жаз шыққанда атын борбайлата шапқан жігіт құлақ естір жерден «... рият» деп айқайлап, шалшықты шашырата, сүріне-қабына жеткен. Әйелі ұл тапқандай ыржаң-ыржаң. Ауыл ортасына тізгін тартып «жамһүррият» деп атой көтерді. Үй-үйден шыққандар «жамһүриятының» не екеніне түсінбей, осы не деп тұрды жүзімен білдіріп, ат үстіндегіге сұраулы көзбен жақындаған.

— Жамһүррия! — деп елпілдеді ол

— Әй, қай баласың?

— Ойбай, мына Қарақойлы ауылынанмын.

— Не деп тұрсың?

— Жамһүррият.

— Е, оның не, шырағым-ау?

— Осыны айт деп жіберді. Жаңа хабар, қаладан келгендер жеткізді. Патша тақтан құлапты. Енді жамһүррият боламыз деседі.

— Астапыралла, — деді патша құлаптыны естіп шошынған кемпір.

— Не дейді? Патша құлағаны қалай?

Дүние мәңгілік болса, оны жаратқан Алла ай мен күнді қандай берік орнатса, патшаны да сондай табан аумас деп түсінген елге мына хабар жай түскеннен кем емес еді. Ел түсінігінде патша дүниенің тірегі, ол олай-бұлай бола қалса топан су қаптайтындай.

— Әй, өтірік болмасын.

— Мынаны естісе біздің болыс мойныңды жұлып алады.

— Оллахи, білләһи шын! Бүкіл ел дүрлігіп отыр.

Алыстағы уақиғалардың сарыны ауылға күнде болмаса да жетіп жатты. Ауыл итіндей құйрығы қайқы Асанбек те жымдай, бұрынғы мықтылық жоқ, есігін аттаған ағайынның алдында құрдай жорғалаған. Соған қарап-ақ былайғы ел әйтеуір күрт өзгерістердің барлығына көңіл сеніп, «енді немен тынар» деп елеңдескен. Патшаны құлатқан мықтылар да тіректі болмай шықты. Енді біразда олардың орнына тағы біреулер кепті десіп ел шу-шу. Өзгеріп жатқан өкіметтердің басшыларын танып болмаған жағдай, патшаның аты Мекалай еді, ендігілерінің аты-жөнін ұққанша құқай көрген шегірткедей ытқып әкетіп жатыр.

Ұзын құлаққа қарағанда ішкі Ресей жағы жар-жар. әлденеше партия бірімен-бірі қым-қиғаш. Партия десе болыс сайлауы кезінде араздасып қалған кешегі досының қасына жүйткіп шығып, қутыңдаған пысықай атқамінерлер есіне түсетін қара халық «е, сол ширақсығандар ғой, араздасып жүрген» деседі. Бұл қазақ та қарап жатпаған сияқты, оқығандар ақыры жиылып жүріп «Алаш» партиясын құрыпты. Ел арасына келіп «біз Алашпыз» деп мақсат-арманын түсіндіріп кеткендер де аз емес. Қазаққа теңдік әперіп, жер-суын қайтарып, дін мен тіліне жол ашсақ дейді екен. Жақсы сөз жарым ырыс та, айтқандары келсін.

Киіз үйдің төріндегі ақсақалдар күбір-күбір. Есікке жақын кеп отырған Жанпейіс пен күні бойы мал сойысып қолғабысын тигізген Жұмаш пышақ қайрағансып, әңгімеге құлақ түрген. Осы ауылдың иесі Серік. Дәл төрдегі осы елге кешеден келіп жатқан Мәдидің екі жағында Күміспек ақын менен тоқа ішінен жеткен Шоңның Ахметжаны, онан төменде сырым Боқай, кәрсөн Боранқұл, кешегі Жәкеңнің дін оқуын бітірген інісі Оспан.

Май жүзген сары қымызды арқар мүйіз ожаумен құлаштай сапырған Тоқмағанбет асықпай ішілген сусынға көз жүгіртіп, босаған ыдысқа толтырып, сыпайы ғана ұсынып отыр.

— Осы әлгі он алтыншы жылдағы әскерге алынғандардан не хабар бар? — деді Боқай.

Бұл туралы ұзын құлақ әлі ештеме жеткізе қойған жоқ еді, жұрт «сен не білесің?» дегендей бір-біріне қарады. Төрдегі Мәди жөткірінді.

— Әзірге Қарқаралы жағынан келген ешкім жоқ, бірақ естуімше ана Қызылжар маңынан алынған жігіттер босап жатыр дейді.

— Е, алды босаса келеді де.

— Осы маңнан көп адам алынды ма? — деп сұрады Ахметжан.

— Талай азамат кетті ғой, мына Жәкең аулынан Көпжан деген үмітті азаматымыз бар еді, тізімге ілгіпті ол да. — Серік Көпжан өз аулының күйеу баласы болса да сырт адамдай ғана таныстырған.

— Ауылда етек басты боп отыра бергенше өстіп те жол көріп, ел танып келгені жақсы. Азамат оң-солын танып ысылмай, көсеу ұстаған қатыннан басқаға басшы болмайды, — деп түйді тағы Мәди.

Бұл күнде буырыл тартқан Серік орнынан қозғалып қойып, үстел үстіндегі кесеге қолын соза берді де, тартып алды.

— Жол көргенге не жетсін, бірақ құлындай матап-байлап әкеткендерін айтсайшы. Ақ патша деп жүрген қарғылы төбет нағыз кәпір екен гой. Малыңа, жеріңе, балаңа тимеймін деп ант ішіпті, енді сонан не қалды?

Ойып-ойып шұрайлы жеріңді алды, өзіңді қу тақырға айдап тастады. Мал оныкі, ал балаңды тағы дозағына салып қойды. — Түтігіп барып тоқтаған Серік аяқтағы қымызын қайта алып, бір жұтып үстелге қойды.

— Иә, оның бәрі рас. Патшасы кетті ғой төңкеріліп, ендігі мына өкіметтері осы қазақ жерін жапа шеккен иелеріне қайтарып бере ме екен, сонан не хабар? — Боқай не айтасыңдар дегендей айналаға аңтарыла қарады.

— Әй, қайдам, — деді Ахметжан. — Өз байларының жерін біреулері «тартып алып кедейге таратып берейік» десе, басқасы «әуелі заң қабылдайық, сонан соң заңдастырып алып берейік» дейтін көрінеді. Ол бізге жеткенше қай заман әрі жетсе де ана мұжықтарға тиген жер сол заң бойынша тағы солардың иелігіне қала береді. Сонда қазаққа тиер пайда не?

— Онда өкімет ауысты деп несіне малданып жүрміз? Қайсы келсе де қазақ жері қазаққа тимейтін болса, төңкерісінен не пайда. Бұл мұжық итініп кеп еді, енді иттен де бай. «Ағатай, жеріме кел» деп шақырған жоқпыз, қалай

келді, солай кетсін. Бізге көрсететіні зорлық, ол жақта патшасын төңкерсе, бұл жақта біз де қарап жатпаспыз, қару алып күресу керек жер үшін, — деп күні бойы әңгімені үнсіз тыңдаған Боранқұл өр мінезіне басты.

Сөйте қояйық деуге аузы бармай, мына олқын-толқын заманда өз жеріне ие боп қалудың басқа жолын таппай, «осы күндерде енді бет қалай болуға тиіс» деп ақыл-кеңеске жиналған Қаракесек-Қуандықтың бір топ үлкендері жер шұқыды. Сол үнсіздікті Тоқмағанбет бұзды.

— Менің естуімше Петербор жағындағы жұрттың біразы ақ ту көтерсе, оған қарсылар қызыл ту көтеріп, өзді-өзі тартысып жатқан сияқты. О қалай?

Сен не айтасың дегендей жұрт Қарқаралыдан келген Мәдиге аңтарылды. Мәди саптама етігінің қонышынан сан бүктелген ескі газет шығарған. Осы отырғандардың алдарына тастап еді, ауызекі сөзге болмаса, орысшаны қиналып барып оқитын жұрттың Күмісбектен басқа қол соза қойғаны болған жоқ.

— Не дейді газетің, өзің айта берсейші, — деді Боқай.

— Газеттегі тіл әртүрлі. Тура жолды тап басып жатқаны қайсы, оны айырып болмағандайсың, қай-қайсының болмасын айтқанының қисыны бар, дәлелдері түгел

— Сонда да?

— Мына жұртты жалықтырған да, титықтатқан да сұрапыл соғыс. Біреулері соғысты жүргізе беру керек, өйткені одақтастарды жеке тастап кетуге болмайды, ол адамгершілік арға сыймайды, уәде қайда деседі.

— Онысы да дұрыс-ау. Уәде — Құдай аты деген, — деп қалды Ахметжан.

— Солайы солай-ау... — Серік сөзі екі ұштылау шықты. Көмейінде айтылмай қалған тағы бір сыр жатқан.

— Енді біреулері «соғысты қолма-қол тыю керек, ел қажыды» дейтін көрінеді. — Мәди сөзді созыңқырап барып тоқтады.

— Сонікі дұрыс қой, — деп қалды Оспан.

— Соны жақтаушылар көбейіп бара жатқан сияқты. Әрі орыс байының жерін де жалғыз атты шаруаларына бөліп берілсін дейтін көрінеді. — Жаңалық осындай дегендей Мәди айналаға қарап «не ұқтыңдарды» жүзімен сұрап барып тоқтаған.

— Сонда қызылы қайсы? Осы соңғысы ма? — Боранқұл шара түбіндегі қымызды шайқап отыр.

— Иә, осыларды қызыл дейтін көрінеді.

— Әйтеуір қым-қиғаш заман боп тұр ғой, артының қайырын берсін. Бір-бірімізбен жоққа сүзіссек те тыныш жатқан ел едік, екі арада шыбын еледі деп қазаққа кесірі тиіп кетпесе, — Тоқмағанбет осым дұрыс па дегендей Мәди мен әлі сыр аша қоймаған Күмісбекке қарай берді.

Әрі ақын, әрі Бұхар оқуын тауысқан, орыс жерін де біраз шарлаған, дүниеден мол хабары бар Күмісбектің осы ел арасында беделі де зор. «Күмісекең айтты» деген сөз талайдың көкірегінде жатталып, ауыздан-ауызға тарап жататын.

— Иә, — деді қоңыр дауыспен Күмісбек. — Оқығаным бар. Сонау Батыстағы Фаран, Керман жұртында Маркс деген оқымысты болған екен. Сол кісі осы Жауыропа елінің ендігі болашағына жол салған. Батыстағы хал бізден басқаша ғой, тақыр кедей мен алпауыт бай бар, оны мына қазақтың түсінуі қиын. Сол екеуінің арасында бітіспес жаулық жүріп жатыр. Маркс бай-кедей болмасын, байдың байлығына кедейлер ие болсын дейді. Бұл енді «байлық қызырдан» дейтін қазақ ұғымына келе қоймайды»

— Сонда бүтін отырған мына қазақ қалай, бір-бірімен жағадан алысып, ағайын-туғандықты тастай беріп, бай-кедей боп ұстасуы керек пе? — Ахметжан шошып түскендей үстелден кейін жылжыды.

— Иә, ондайлар табыла кетеді. Жау жоқта жау іздеген Әлтендер жүрген жоқ па арамызда. Елді қайтеді олар, бүгінгі тойғаны, қызығы болса жетеді ондайларға. — Боқай күрсінді.

— Ойпырым-ай, тәубәсіздің малы сүндетсізге бұйырады деген осы болмаса игі еді, — деп шошынды Тоқмағанбет.

— Не істеу керек? — деді Боқай. — Ақ дегеніңнен қайыр жоқ, қызылын тағы білмейміз. Халықты көтереміз бе, әлде қалай?

— Кеше он алтыншы жылы халықты көтеруге құрал таппадық, ал қызыл деген бүгін бет алып тұрған көп. Көпке қарсы топырақ шашуға болмайды. Қолдан келсе, елдің елдігін сақтап, бірлігін ұстауға тырысу керек. Бай, кедей

деп бөлісіп, бір-біріміздің малымызды тартып алсақ, түбі жақсылыққа соқпайды. Осы қатерді ұғындыра алсақ жөн болар еді.

Біраздан кейін Қазыбайдағы ауылға жиналған ел сөзін ұстаған үлкендер келер заманның қым-қиғаш уақиғаларының салмағы еңсесін басқандай үн-түнсіз маң далаға сіңіп бара жатты. Құба белдердің үстінен самал желпіп өтіп, селеуі толқын боп ойнап, бетегесі желбіреп, ойпаң жердің бу боп ұшқан сызы сағым боп тұнған еді.

Ауыл үстіне тағы бір көлеңке жылжып келе жатты.

1989 жыл
Ақсу-Аюлы.

МАЗМҰНЫ

Аңыз мезгіл. *Бірінші кітап*.....3

Әдеби-көркем басылым

КӘМЕЛ ЖҮНІСТЕГІ

ҚҰБА БЕЛДЕР

Трилогия

Аңыз мезгіл

Бірінші кітап

(қазақ тілінде)

Баспа директоры
Қайырды Назырбаев

Редакторы *Қ. Таңбин*
Техникалық редакторы *С.Бейсенова*
Компьютерде беттеген *С.Назырбаева*
Корректоры *Э. Тоғайбекова*

Мұқабаны безендіруге суретші
Қалиолла Ахметжановтың суреттері пайдаланылды.

ИБ № 15
Басуға 25.03.2009 ж. Қол қойылды. Пішімі 84x108 $^{1}/_{32}$. Қағазы офсеттік.
Қаріп түрі KZ Times NR. Басылымы офсеттік. Шартты баспа табағы 21,0.
Есептік баспа табағы 22,5. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 2167.
"Нұра Астана" баспасы,
010000, Астана қаласы, Ы.Дүкенұлы, 13-48.
"Астана Полиграфия" АҚ,
010000, Астана қаласы, Брусиловский көшесі,87.

КУБА БЕЛДЕР

трилогия

1